

Еуразиялық экономикалық одақтың Фармакопеясы туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 11 тамыздағы № 100 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 30 және 56-баптарына, Санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 12 қосымша) 14-тармағына, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде дәрілік заттар айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімнің 5-бабының 3-тармағына және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 22 қыркүйектегі № 119 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің фармакопеясын үйлестіру тұжырымдамасына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақтың Фармакопеясы бекітілсін және ол 2021 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізілсін.

2. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап медицинада қолдануға арналған дәрілік заттардың және ветеринариялық дәрілік заттардың тіркеу дерекнамалары осы Шешіммен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Фармакопеясының талаптарына сәйкес келтірілуге тиіс деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 180 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2020 жылғы 11 тамыздағы
№ 100 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одақтың ФАРМАКОПЕЯСЫ

1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

101000000-2019

1.1. Жалпы ережелер

1. *Жалпы мәліметтер* бөлімінің ережелері Еуразиялық экономикалық одақ фармакопеясының бүкіл мәтініне қолданылады.

Еуразиялық экономикалық одақтың фармакопеясы Еуразиялық эконмоикалық одақтың фармацевтикалық нарығындағы дәрілік заттар сапасының шекіт жол берілетін деңгейін белгілейтін өңірлік талаптар мен ережелердің жиынтығын білдіреді. Фармакопеяның мәтіндерінде оның қысқартылған атауы келтіріледі — Одақ фармакопеясы. Бірқатар жағдайларда Одақ фармакопеясын білдіретін "фармакопея" деген сөз пайдаланылуы мүмкін.

Одақ фармакопеясының мәтіндері жалпы мәліметтерді, жалпы бөлімдерді, фармакопеялық мақалаларды және қосымшаларды қамтиды, олар орыс тілінде жарияланады әрі ресми болып табылады.

Фармакопеялық мақала (фармакопеялық монография) фармакопеяның дәрілік заттарға, қосалқы заттар мен материалдарға, сондай-ақ сынақтарға және оларды жүргізу әдістеріне қойылатын талаптары мен ережелерін белгілейтін мақала (монография) болып табылады.

Фармакопеялық мақалалар жалпы және жеке болуы мүмкін.

Жалпы фармакопеялық мақала (жалпы фармакопеялық монография) дәрілік заттардың, қосалқы заттар мен материалдардың сапасы мен қауіпсіздігіне, сондай-ақ сынақтарға және оларды жүргізу әдістері мен пайдаланылатын реактивтерге қойылатын талаптар мен ережелерді белгілейтін *фармакопеялық мақала (фармакопеялық монография)* болып табылады.

Жеке фармакопеялық мақала (жеке фармакопеялық монография) нақты дәрілік заттардың, қосалқы заттар мен материалдардың сапасына қойылатын арнайы талаптарды белгілейтін *фармакопеялық мақала (фармакопеялық монография)* болып табылады.

Фармакопея материалдарындағы *фармакопеялық мақалаға* және (немесе) оның бөліміне сілтеме дәрілік заттар, қосалқы заттар мен материалдар аталған *фармакопеялық мақаланың* талаптарына сәйкес келеді дегенді білдіреді. Сілтеме келтірілетін *фармакопеялық мақаланың* атауы және оның нөмірі курсивпен беріледі.

Фармакопеяның дәрілік препараттарға талаптары олар сақталатын бүкіл мерзім бойы орындалуға тиіс. Фармакопеялық мақала ашылған қаптама үшін дәрілік препаратты сақтау мерзімін және (немесе) оның ерекшелігін регламенттемейді, бұлар уәкілетті органмен келісілуге тиіс. Фармакопеялық мақалалардың кез келген басқа материалдарға (белсенді фармацевтикалық субстанция, қосалқы зат және т.б.) талаптары олар пайдаланылатын бүкіл кезең бойы орындалуға тиіс. Сақтау мерзімі және сақтау мерзімі есептеле бастайтын уақыт тұрақтылықты зерттеудің эксперименттік нәтижелерінің негізінде уәкілетті органмен келісілуге тиіс.

Фармакопеялық мақалалардың талаптары міндетті, ұсынымдық және ақпараттық сипатта болуы мүмкін. 1. *Жалпы мәліметтерде* немесе жалпы фармакопеялық мақалаларда жазылған басқа нұсқаулар болмаса, жеке фармакопеялық мақалалардың талаптары міндетті болып табылады. Егер жеке фармакопеялық мақалада жалпы

фармакопоялық мақалаларға сілтеме келтірілсе, олар міндетті болады, бұған сілтеме ақпараттық немесе ұсынымдық сипатта болатын жағдайлар кірмейді.

Көрсетілген салалардың біреуінде ғана пайдалану туралы ерекше нұсқау болмаса, фармакопоялық мақалаларда сипатталатын белсенді фармацевтикалық субстанциялар, қосалқы заттар, дәрілік препараттар мен басқа да материалдар медицинада да, ветеринарияда да қолдануға арналады.

Сапа жүйелері. Қаралатын дәрілік заттар, қосалқы заттар мен материалдар тиісті сапа жүйесінің шеңберінде шығарылуы шартымен ғана оларға фармакопоялық мақалаларда белгіленген сапа стандарттары қолданылады. Сапа жүйесі дәрілік заттардың, қосалқы заттар мен материалдардың фармакопоялық стандарттар талаптарына ұдайы сәйкес болуын қамтамасыз етуге тиіс.

Балама әдістемелер. Фармакопояда келтірілген барлық сынақтар мен әдістемелер ресми болып табылады және фармакопоялық сапа стандарттарының негізін құрайды.

Дәрілік заттардың сапасын бақылау кезінде уәкілетті органмен келісу бойынша балама әдістемелер пайдаланылуы мүмкін. Өндірушінің сапа ерекшелігіне және (немесе) сапа жөніндегі нормативтік құжаттарға қосылатын балама әдістемелер ресми әдістемелер пайдаланылған кездегідей дәрілік заттың фармакопоялық мақала талаптарына сәйкестігі туралы бір мәнді шешім қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс. Ұсынылған әдістемелердің баламалы болуы фармакопоялық әдістемелердегідей валидациялық сипаттамалар бойынша валидация жүргізу жолымен расталады. Талдамалық әдістемелердің валидациясы жалпы фармакопоялық *Талдамалық әдістемелердің валидациясы* мақаласының талаптарына сәйкес жүргізілуіне тиіс. Күмән туындағанда және келіспеушіліктер болған жағдайда талдаудың фармакопоялық әдістемелері ғана негіз қалаушы болып табылады.

Фармакопоя талаптарына сәйкестікті растау. (1) Дәрілік зат, қосалқы зат және материал жеке фармакопоялық мақаланың барлық талаптарына сәйкес болса ғана, ол фармакопоялық сападағы зат болып табылады. Бұл шарт дәрілік зат айналысқа шығарылғанға дейін фармакопояға сәйкестігін бағалау кезінде өндіруші жеке фармакопоялық мақалада сипатталған сынақтардың бәрін орындауы қажет дегенді білдірмейді. Дәрілік затты бақылау стратегиясымен және мысалы, өндірістік процесс валидациясы кезінде алынған деректермен бірге жүретін өзінің әзірлемесі деректерінің негізінде өндіруші дәрілік заттың фармакопоялық сапасына сенімді болуы мүмкін.

(2) Сапаны бақылаудың жақсартылған тәсілі нақты уақыт режимінде шығарған кезде (өндірістік процесс параметрлері бойынша шығаруды қоса алғанда) процестік-талдамалық технологияларды және/немесе сынау стратегияларын дайын өнімді сынаудың бірден-бір баламасы ретінде көздеуі мүмкін может. Осылайша, нақты уақыт режимінде шығарған кезде уәкілетті орган қолайлы деп таныған шарттарда сынау фармакопоялық талаптарға сәйкес болу қажеттігін жоққа шығармайды.

(3)Жануарларда сынауды қысқарту: фармакопеяда жануарлар пайдаланылатын сынақтардан Эксперименттік және басқа да ғылыми мақсаттарда пайдаланылатын омыртқалы жануарларды қорғау жөніндегі еуропалық конвенцияның ережелеріне сәйкес сынақтарды алмастыру, қысқарту, жетілдіру жолымен біртіндеп бас тарту көзделеді. Фармакопея талаптарына сәйкестікті растау үшін жоғарыда (1) көрсетілгендей өндірушілер өндірістің тұрақтылығын бақылаудың қосымша жүйелерін орната алады. Уәкілетті органмен келісу бойынша фармакопея талаптарына сәйкестікті бағалау үшін жануарларда сынауды қамтитын сынақтарды таңдау оларды пайдалануды барынша азайтатындай түрде жүзеге асырылады.

Материалдарды жіктеу. Қойылатын талаптарды жеке фармакопеялық мақалаларда келтіруге болатын кейбір материалдар атауларына қарай әртүрлі сапада шығарылуы мүмкін. Жеке фармакопеялық мақалада басқа нұсқаулар болмаса, оның талаптары материалдардың барлық сыныптарына (санаттарына, нысандарына, маркаларына, сыныптарына) қолданылады. Кейбір жеке фармакопеялық мақалаларда, мысалы қосалқы заттарға арналған, қосымша ақпарат ретінде затты пайдалану үшін маңызды функциялық сипаттамаларының тізбесі келтірілуі мүмкін. Бұдан басқа, жеке фармакопеялық мақалада ақпарат үшін осындай бір немесе бірнеше сипаттаманы айқындау әдістемелері келтірілуі мүмкін. Қосалқы заттарға арналған мәліметтердің ақпараттық немесе ұсынымдық сипаты *Қосалқы заттардың функциялық сипаттамалары* жалпы фармакопеялық мақаласында көрсетілген.

Фармакопеялық әдістемелердің валидациясы. Жалпы және жеке фармакопеялық мақалаларда келтірілген сынау әдістемелері жалпы қабылданған ғылыми практикаға және талдамалық әдістемелердің валидациясы жөніндегі заманауи ұсынымдарға сәйкес валидацияланған. Жалпы және жеке фармакопеялық мақалаларда басқа нұсқаулар болмаса, талдамалық әдістеменің валидациясы талап етілмейді.

Фармакопеялық әдістемелерді орындау. Фармакопеялық әдістемелерді орындау кезінде орындаушы әдістеменің шынайы пайдалану жағдайларына келетін-келмейтінін және жеке және жалпы фармакопеялық мақалалардың, сондай-ақ сапа жүйелерінің талаптарына сәйкестікті растау үшін қаншалықты жарамды екенін бағалауға (верификациялауға) тиіс. Фармакопеялық әдістеменің жарамдылығы мен оның жарамдылық дәрежесін бағалау *Фармакопеялық әдістемелердің верификациясы* жалпы фармакопеялық мақаласының талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс.

Қабылданған терминология. "Уәкілетті орган (ұйым)" термині дәрілік заттардың айналысы мәселелері бойынша шешім қабылдау құқығы берілген органды (ұйымды) білдіреді.

"Басқа негіз және уәкілетті органның рұқсаты болмаса" деген тіркес фармакопеялық мақаланың талаптары орындалуға тиіс дегенді білдіреді, бірақ уәкілетті органның рұқсаты бойынша бұл талаптарға белгілі бір жағдай үшін негізді өзгерістер немесе алып тастаулар енгізілмеуі шарт.

Кейбір фармакопоялық мақалаларда немесе басқа мәтіндерде реактивті, микроағзаны, сынау әдістемесін және т.б. сипаттаған кезде "келетін" немесе "жарамды" деген терминдер пайдаланылады. Егер бұл ретте олардың жарамдылық критерийлері фармакопоялық мақалада сипатталмаса, жарамдылық уәкілетті органның алдында расталуы мүмкін.

Фармакопояда мынадай негізгі терминдер мен олардың анықтамалары пайдаланылады.

Дәрілік зат — адам ағзасымен қатынасқа түсетін, фармакологиялық, иммунологиялық немесе метаболиттік әсер ету арқылы адамның ауруларын емдеуге, алдын алуға немесе оның физиологиялық функцияларын қалпына келтіруге, түзетуге немесе өзгертуге немесе адамның ауруы мен жағдайын диагностикалауға арналған зат немесе заттар комбинациясын білдіретін немесе құрамында солар бар зат.

Дәрілік препарат — дәрілік нысан түріндегі дәрілік зат.

Дәрілік нысан — дәрілік препараттың оны енгізу және қолдану тәсілдеріне сәйкес келетін және қажетті әсерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін күйі.

Фармацевтикада қолдануға арналған субстанция — дәрілік препараттарды өндіруге және жасауға арналған субстанция.

Белсенді фармацевтикалық субстанция (фармацевтикалық субстанция) — фармацевтикада қолдануға арналған, құрамында химиялық түрде, өсімдіктен, жануардан және адамнан алынған әрекет ететін зат (заттар) бар субстанция.

Қосалқы зат — осы дәрілік препарат үшін *белсенді фармацевтикалық субстанция* болып табылмайтын және белгілі бір қасиеттері бар дәрілік нысанды жасауға арналған субстанция.

Реттеушілік құжаттарға сілтемелер. Жалпы және жеке фармакопоялық мақалаларда Одақтың нормативтік құқықтық актілеріне сілтемелер қамтылуы мүмкін. Бұл сілтемелер фармакопояны пайдаланушыларға ақпарат үшін берілген. Мұндай сілтеменің енгізілуі көрсетілген құжаттың міндетті немесе ұсынымдық сипатта болуы мүмкін мәртебесін өзгертпейді.

102000000-2019

1.2. Жалпы және жеке фармакопоялық мақалаларға қолданылатын өзге ережелер

Заттың саны. Сандық берілген шектері бар сынақтарда немесе сандық анықтау әдістемелерінде сыналатын сынаманың жақын саны көрсетіледі. Фармакопоялық мақалада көрсетілген мөлшерден 10%-дан аспайтын шекте ауытқуы мүмкін заттың мөлшері дәл таразыланады немесе өлшенеді және барлық есептеулер алынған нақты санды пайдалана отырып жүргізіледі. Егер сынақтағы шектер санмен берілмей, сол жағдайларда стандартты үлгімен салыстыру арқылы анықталса, сынақтарда фармакопоялық мақалада қатаң көрсетілген талданатын сынама саны пайдаланылады. Реактивтер әрқашан көрсетілген сандарда қолданылады.

Заттың саны көрсетілген дәлдік деңгейіне сәйкес таразыланады немесе өлшенеді. Таразылау дәлдігі фармакопоялық мақалада көрсетілген соңғы цифрдан кейін ± 5 бірлікті құрауы тиіс (мысалы, 0,25 г өлшеп алу 0,245 г-дан 0,255 г-ға дейінгі шекте алынуы тиіс). Көлемдер мынадай түрде өлшенеді. Егер ондық үтірден кейін 0 немесе 0-мен аяқталатын сан болса (мысалы, 10,0 мл немесе 0,50 мл), қажетті көлем тамшуыр, өлшеуіш колба немесе бюретка көмегімен өлшенеді. Қалған жағдайларда межелеген өлшеуін цилиндрді немесе межелеген тамшуырды пайдалануға болады. Микролиттерде көрсетілген сұйықтық көлемі микротамшуыр немесе микрошприц көмегімен өлшенеді.

Алайда, кейбір жағдайларда заттың саны көрсетілетін дәлдік берілген сандық шектерде көрсетілген маңызды сандардың санына сәйкес келмеуі мүмкін. Бұл жағдайларда таразылау және өлшеу неғұрлым жоғары дәлдікпен жүргізілуі тиіс.

Жабдықтар және талдамалық операциялар. Өлшегіш ыдыс Халықаралық стандарттау ұйымының (ISO) тиісті стандартының А сыныбының талаптарына сай келуі тиіс. А сыныбының өлшеу ыдысын 1-сыныптың өлшеу ыдысына ауыстыру сынақ нәтижесінің кеңейтілген белгісіздігінің мәнін арттырмайтындығы расталған жағдайда, Одаққа мүше мемлекеттің тиісті стандартының 1-сыныпты өлшеу ыдысын пайдалануға жол беріледі.

Жеке фармакопоялық мақалада басқа нұсқаулар болмаған кезде талдамалық операциялар 15 °С-ден 25 °С-ге дейінгі температурада жүргізіледі.

Жеке фармакопоялық мақалада басқа нұсқаулар болмаған кезде салыстырмалы сынақтар жалпақ негізі және ішкі диаметрі 16 мм болатын түссіз мөлдір бейтарап шыныдан жасалған ұқсас пробиркаларды пайдалана отырып орындалады, өйткені көрсетілген сұйықтық көлемі осы диаметр үшін есептелген; үлкен ішкі диаметрі бар пробиркалар пайдаланылатын сұйықтық көлемін түзету шартымен қолданылуы мүмкін (2.1.1.5-жалпы фармакопоялық мақала). Сұйықтықтардың тең көлемін салыстыруды ақ немесе қажет болған жағдайда қара фонда түтіктердің тік осі бойымен төмен бағытта орындайды. Сынақ шашыраңқы жарықта өткізіледі.

Егер сынақ немесе сандық анықтау жүргізу үшін онда ерітілген индикаторы бар еріткішті пайдалану талап етілсе және бұл ретте бақылау тәжірибесі көзделмесе, еріткішті осы индикатор бойынша алдын ала бейтараптандырады.

Су моншасы. "Су моншасы" термині судың басқа температурасының жеке фармакопоялық бабында нұсқаулар болмаған кезде қайнаған суы бар моншаны білдіреді.

Егер температура 100 °С-ге жақын, бірақ одан жоғары болмайтын немесе басқа көрсетілген температура қамтамасыз етілсе, қыздырудың басқа тәсілдерін қолдануға рұқсат етіледі.

Тұрақты массаға дейін кептіру және қыздыру. "Тұрақты массаға дейін кептіру" немесе "тұрақты массаға дейін қыздыру" деген терминдер қатарынан екі өлшеудің

нәтижелері 0,5 мг-ден аспауы керек дегенді білдіреді; екінші өлшеудің алдында қосымша кептіру немесе қыздыру ұзақтығы кептірілетін немесе қыздырылатын қалдықтың қасиеттерімен және санымен анықталады.

Эксикаторда немесе вакуумда кептіру талап етілетін жағдайларда кептіру жалпы фармакопеялық мақалада сипатталған шарттарға сәйкес жүзеге асырылады. *Кептіру кезінде салмақ жоғалту.*

Реактивтер. Фармакопеяда сипатталған талдамалық операциялардың тиісінше орындалуы және алынатын нәтижелердің анықтығы, атап айтқанда, қолданылатын реактивтердің сапасына байланысты. Реактивтерге арналған ерекшеліктер *Реактивтер* бөлімінің жалпы фармакопеялық мақалаларында келтірілген. Сынақтарды жүргізу кезінде "тазалықтың талдамалық дәрежесі" деген біліктіліктегі реактивтерді пайдалану болжанып отыр, кейбір реактивтер үшін жарамдылықты анықтау үшін ерекшелікте сынақты қамтиды.

Еріткіштер. Егер фармакопеялық мақалада еріткіштің атауы көрсетілмесе, "ерітінді" термині сулы ерітіндіні білдіреді.

"Су" термині тазартылған суды білдіреді. Фармакопеяда сипатталған талдамалық операцияларды жүргізу немесе реактивтер дайындау үшін бактериалдық эндотоксиндердің (*Тазартылған су буып-түйілмеген өнім*) және микробиологиялық тазалықтың (*Орамадағы тазартылған су*) құрамына қойылатын талаптарды қоспағанда, *Тазартылған су* жеке фармакопеялық бабының талаптарына сәйкес келетін су пайдаланылады. "Дистилденген су" термині дистилляция әдісімен алынған тазартылған суды білдіреді.

Біліктілігі көрсетілмеген "этанол" термині сусыз этанолды білдіреді. Біліктілігі көрсетілмеген "спирт" термині 96 % (*айн/айн*) этанолды білдіреді. Араластырудың басқа дәрежелері көлемдік пайыздарда этанолдың (C₂H₆O) құрамын көрсете отырып, "этанол" немесе "спирт" терминімен белгіленеді.

Құрамын білдіру тәсілдері. Құрамды анықтау кезінде "пайыз" мәні үш мәннің біріндегі шарттарға байланысты қолданылады:

- дайын өнімнің 100 граммындағы заттың грамм санын білдіретін массалық пайыз (м/м);

- дайын өнімнің 100 миллилитріндегі заттың миллилитр мөлшерін білдіретін көлемдік пайыз (*айн/айн*);

- дайын өнімнің 100 миллилитріндегі заттың грамм санын білдіретін масса-көлемдік пайыз (*м/айн*).

Миллиондық үлесті немесе миллионға бөлікті (немесе ppm) және миллиардтық үлесті немесе миллиардқа бөлікті (немесе ppb) белгілеу жеке фармакопеялық мақалада басқа нұсқаулар болмаған кезде массалық арақатынасты білдіреді.

Қоспаларды дайындау кезінде қолданылатын сұйық заттар мен ерітінділердің мөлшері көлемі (*айн/айн*) бойынша арақатынас түрінде көрсетілуі мүмкін.

Температура. Егер талдамалық әдістемелерде температура мәндері көрсетілмесе, мынадай жалпы терминдер қолданылады:

Мұздатқыш камерада -15 °С төмен

Тоңазытқышта 2 °С-ден 8 °С-ге дейін

Суық жерде 8 °С-ден 15 °С-ге дейін

Жылы 40 °С-ден 50 °С-ге дейін

Ыстық 80 °С-ден 90 °С-ге дейін

"Ыстық монша" температурасында 98 °С-ден 100 °С-ге дейін

"Мұздай монша" температурасында 0 °С

103000000-2019

1.3. Жалпы бөлімдер (тараулар) және жалпы фармакопеялық мақалалар

Жалпы бөлімдердің (тараулардың) және жалпы фармакопеялық мақалалардың атаулары орыс тілінде беріледі. Бірқатар жағдайларда (мысалы, дәрілік формаларға арналған жалпы фармакопеялық мақалаларда) латын тіліндегі атауларды қосымша көрсетуге жол беріледі.

Жалпы бөлімдер (тараулар). Фармакопеяның жалпы бөлімдері (тараулары) фармакопеялық стандарттау объектілерінің типтері, сынақтардың түрлері және оларды жүргізу әдістері, талаптардың сипаты және т. б. бойынша біріктірілген бірнеше жалпы фармакопеялық мақалаларды қамтуы мүмкін. Мысалы, жалпы бөлімдерде (тарауларда) физикалық және физикалық-химиялық сынақ әдістеріне, биологиялық сынақ әдістеріне, орамаға және орама материалдарына, реактивтерге және т. б. жалпы фармакопеялық мақалалар болуы мүмкін.

Жалпы фармакопеялық мақалалар. Жеке фармакопеялық мақалаларда сипатталған фармацевтикалық қолдануға арналған субстанциялар, дәрілік препараттар және басқа да материалдар да тиісті жалпы фармакопеялық мақаланың талаптарына жауап беруі тиіс.

Жалпы фармакопеялық мақалалар осы қолдану жеке фармакопеялық мақалалардағы немесе жалпы фармакопеялық мақаланың кіріспе бөлігіндегі нұсқаулармен шектелген жағдайларды қоспағанда, фармацевтикалық қолдануға арналған барлық субстанцияларға және осы жалпы мақалаларды қолдану саласына сәйкес дәрілік препараттарға, мысалы, жеке фармакопеялық мақалада сипатталған фармацевтикалық қолдануға арналған субстанциялар мен дәрілік препараттар үшін ғана қолданылады.

Қандай да бір дәрілік нысанға арналған жалпы фармакопеялық мақала осы дәрілік нысанда өндірілген барлық дәрілік препараттарға қолданылады. Нақты дәрілік

препарат үшін тиісті жалпы фармакопоялық мақаланың талаптары толық болуы міндетті емес және уәкілетті органмен келісім бойынша толықтырылуы мүмкін.

Жалпы және жеке фармакопоялық мақалалар бір-бірін өзара толықтырады. Егер жалпы фармакопоялық мақаланың талаптары белгілі бір дәрілік препаратқа қолданылмайтын болса, бұл туралы жеке фармакопоялық мақалада көрсетіледі.

Орама. Орама үшін қолданылатын материалдар *Одақ Фармакопоясының* жалпы бөлімінде сипатталған. Ораманы, әсіресе полимерлі материалдарды өндіру үшін қолданылатын материалдар үшін жалпы атаулар қолданылады, олардың әрқайсысы негізгі компоненттің қасиеттерімен де, қолданылатын қоспалармен де ерекшеленетін бірқатар материалдарды қамтиды. Сынақ әдістері мен сапа көрсеткіштерінің рұқсат етілген шектері материалдың нақты құрамына байланысты және осылайша құрамы оның сипаттамасының кіріспе бөлігіне сәйкес келетін материалдарға ғана қолданылады. Басқа құрамы бар материалдарды, сынақ әдістемелерін және олардың сапа көрсеткіштерінің жол берілетін шектерін пайдалану уәкілетті органмен келісілуге тиіс.

Одақ Фармакопоясының жалпы бөліміне енгізілген орамаға арналған ерекшеліктер барлық көрсетілген санаттардың орамалары үшін әзірленген. Алайда, қолда бар орамалардың алуан түрлілігін және жаңа орамалардың пайда болу ықтималдығын ескере отырып, уәкілетті органмен келісу кезінде басқа ерекшеліктерге сәйкес келетін орамаларды пайдалану мүмкіндігі жоққа шығарылмайды.

Фармакопоялық мақалаларда Орама бөлімінде қамтылған орамалардың анықтамалары мен ерекшеліктеріне сілтемелер келтірілуі мүмкін. Дәрілік нысандарға жалпы фармакопоялық мақалаларды Анықтама және Өндіріс бөлімдерінде ораманың белгілі бір типін пайдалану талабы болуы мүмкін. Кейбір фармакопоялық мақалаларды Сақтау бөлімінде ұсынылатын ораманың типі көрсетілуі мүмкін.

104000000-2019

1.4. Жеке фармакопоялық мақалалар

Жеке фармакопоялық мақала мынадай бөлімдерді қамтуы мүмкін.

АТАУЛАРЫ

Жеке фармакопоялық мақалалардың атаулары орыс тілінде, сондай-ақ латын және ағылшын тілдерінде беріледі.

Фармацевтикалық қолдануға арналған субстанциялардағы жеке фармакопоялық мақалалардың атауларында халықаралық патенттелмеген атауы (ХПА), ал ол болмаған кезде әсер етуші заттың жалпыға бірдей қабылданған атауы көрсетіледі. Қажет болса, ол анионның немесе катионның атауымен және ылғалдану дәрежесімен толықтырылады.

Дәрілік препараттарға арналған жеке фармакопоялық мақалалардың атауларында дәрілік нысанның түрі қосымша көрсетіледі.

САЛЫСТЫРМАЛЫ АТОМДЫҚ

ЖӘНЕ МОЛЕКУЛАЛЫҚ МАССАЛАР

Салыстырмалы атомдық массалар мен салыстырмалы молекулалық массалар фармацевтикалық қолдануға арналған субстанциялардағы жеке фармакопоялық мақалаларда көрсетіледі.

Салыстырмалы атомдық масса (A_r) немесе салыстырмалы молекулалық масса (M_r) қолайлы болған жағдайда жеке фармакопоялық мақаланың басында көрсетіледі. Салыстырмалы атомдық және салыстырмалы молекулалық массалар, молекулалық және графикалық формулалар ақпараттық мақсаттар үшін беріледі.

ХИМИЯЛЫҚ РЕФЕРАТИВТІК

ҚЫЗМЕТТІҢ ТІРКЕУ НӨМІРЛЕРІ

Химиялық реферативтік қызметтің (CAS) тіркеу нөмірлері қолданылған жағдайда қолданушыларға оған ыңғайлы қол жеткізуді ұсыну мақсатында ақпарат үшін фармацевтикалық қолдануға арналған субстанциялардағы жеке фармакопоялық мақалаларға енгізіледі. CAS тіркеу нөмірлері Американдық химиялық қоғамның тіркелген сауда белгісі болып табылады.

АНЫҚТАМА

Жеке фармакопоялық мақаланың *Анықтама* бөлімінде көрсетілген ережелер фармацевтикалық қолдануға арналған субстанцияның, дәрілік препараттың немесе жеке фармакопоялық мақаланың мәні болып табылатын басқа да материалдың ресми анықтамасын білдіреді.

Құрам шегі. Жеке фармакопоялық мақалада көрсетілген құрам шектері *Сандық анықтама* бөлімінде келтірілген әдістемені пайдалана отырып алынған шектерді білдіреді.

Дәрілік өсімдік шикізаты. Дәрілік өсімдік шикізатына арналған жеке фармакопоялық мақалаларда *Анықтама* бөлімінде мақаланың мәні, мысалы, тұтас шикізат немесе ұнтақталып ұсақталған шикізат көрсетіледі. Егер жеке фармакопоялық мақала Дәрілік өсімдік шикізатына бірнеше жай-күйде, мысалы, бүтін немесе ұнтаққа ұсақталған шикізатқа қолданылса, онда бұл анықтамада көрсетіледі.

ӨНДІРІС

Жеке фармакопоялық мақаланың *Өндіріс* бөлімінде келтірілген ережелер өндіріс процесінің кейбір маңызды аспектілерін бөліп көрсетуге арналған және толық болуы міндетті емес. Бөлімде басқа нұсқаулар болмаған кезде өндірушіге қойылатын міндетті талаптар қамтылады. Олар, мысалы, бастапқы материалдарға, технологиялық процеске, оны валидациялау мен бақылауға, өндірісішілік бақылауға, сондай-ақ өндіруші шығарар алдында әр серияда немесе дайын өнімнің таңдалған сериясында өткізуі тиіс сынақтарға қатысты болуы мүмкін. Бұл талаптар дайын өнім үлгілерін тәуелсіз

бақылау кезінде расталуы міндетті емес. Уәкілетті орган талаптардың орындалуын, мысалы, өндірушіден алынған деректерді тексеру арқылы немесе өндірісті инспекциялау немесе тиісті үлгілерді сынақ кезінде белгілеуі мүмкін.

Жеке фармакопаялық мақалада *Өндіріс* бөлімінің болмауы өндіріс процестеріне қойылатын талаптар, мысалы, жоғарыда көрсетілгендер орындалмауы тиіс дегенді білдірмейді.

Вакциналық штамды таңдау. Вакцинаның құрамын таңдау. Жеке фармакопаялық мақаланың *Өндіріс* бөлімінде вакцинаға вакциналық штамның сипаттамалары немесе оның құрамы көрсетілуі мүмкін. Басқа нұсқаулар болмаған кезде осы сипаттамаларды растау үшін бөлімде сипатталатын сынақ әдістемелері қолайлы әдістемелердің мысалы ретінде ақпарат үшін келтіріледі. Уәкілетті органның рұқсаты бойынша валидация жүргізбестен, оларды жеке фармакопаялық мақалада сипатталған әдістемелермен салыстыру шартымен сынақтардың басқа да әдістемелері пайдаланылуы мүмкін.

ЫҚТИМАЛ БҰРМАЛАУ

Дәрілік заттарды бұрмалау жағдайлары санының көбеюіне және осындай қызметті жандандыруға байланысты фармакопаяны пайдаланушылар үшін жалған материалдарды (яғни, белсенді фармацевтикалық субстанцияларды, қосымша заттарды, аралық өнімді, өлшеп-оралмаған өнімді және дайын өнімді) табуға жәрдемдесу мақсатында кез келген ақпарат қолжетімді болуы тиіс.

Осы мақсатта ықтимал жалғандықтарды анықтау әдістемесі және мазмұнның тиісті шектері шикізат пен материалдарды өндіру мен жеткізудің барлық сатылары тиісті сапа жүйелерінің нысанасы болып табылатынын көрсете отырып, әдейі контаминация қаупі орын алған немесе бар фармацевтикалық қолдануға арналған субстанциялардағы жеке фармакопаялық мақалалардың осы бөліміне енгізілуі мүмкін. Өндірушілер немесе пайдаланушылар (мысалы, тиісінше аралық өнімді, буып-түйілмеген өнімді және дайын өнімді өндірушілер) жүргізетін сынақтардың жиілігі жеткізілімдердің толық тізбегі және өңірлік талаптар туралы мәліметтердің деңгейін ескеретін тәуекелдерді бағалауға байланысты болады.

Бұл бөлім өндірушілерден пайдаланушыларға дейін жеткізудің толық тізбегі үшін талаптарды белгілейді (мысалы, тиісінше аралық өнімді, буып-түйілмеген өнімді және дайын өнімді өндірушілер). Жеке фармакопаялық мақалада осы бөлімнің болмауы, мысалы, жоғарыда көрсетілген талаптар орындалмауы тиіс дегенді білдірмейді.

ҚАСИЕТТЕРІ

Қасиеттері бөлімі фармацевтикалық қолдануға арналған субстанцияларға жеке фармакопаялық мақалаларда келтіріледі.

Жеке фармакопаялық мақаланың осы бөлімінде келтірілген мәліметтер, әдетте, міндетті нұсқаулар ретінде қаралмауы мүмкін және ақпараттық сипатта болады.

СӘЙКЕСТЕНДІРУ

Сәйкестендіру бөлімі фармацевтикалық қолдануға арналған субстанцияларға да, дәрілік препараттарға да жеке фармакопоялық мақалаларда келтіріледі.

Қолданылу саласы. Жеке фармакопоялық мақаланың осы бөлімінде келтірілген сынақтар дәрілік заттың немесе қосалқы материалдың химиялық құрылымын немесе құрамын толық растауды қамтамасыз етпейді. Олар дәрілік заттың, қосымша заттың немесе материалдың заттаңбада келтірілген ақпаратқа сәйкес келетіндігінің қолайлы сенімділік дәрежесімен растауға арналған.

Бірінші және екінші сәйкестендіру. Кейбір жеке фармакопоялық мақалаларда *Бірінші сәйкестендіру және Екінші сәйкестендіру* кіші бөлімдері бар. Барлық жағдайларда *Бірінші сәйкестендіру* кіші бөлімінде келтірілген сынақ(тар) қолданылуы мүмкін. *Екінші сәйкестендіру* кіші бөліміне енгізілген сынақ(тар) фармацевтикалық қолдануға арналған субстанцияның немесе жеке фармакопоялық мақаланың барлық басқа талаптарына сәйкестігіне сертификатталған сериядағы дәрілік препараттың толық тиістілігінің дәлелдемесі болған кезде дәріханаларда пайдаланылуы мүмкін.

Кейбір жеке фармакопоялық мақалаларда бір-бірін алмастыратын және бір-біріне тәуелсіз қолдануға болатын алғашқы сәйкестендіруге арналған екі және бірнеше сынақтар бар. Әдетте, осындай сынақтардың біреуі немесе бірнешеуі жеке фармакопоялық мақаланың *Сынақ* бөлімінде көрсетілген сынаққа айқас сілтемені қамтиды. Бұл сәйкестендіруді және көрсетілген сынақтарды орындайтын талдаушының жұмысын жеңілдету үшін пайдаланылуы мүмкін. Мысалы, бір түпнұсқалық сынақта энантиомерлік тазалық сынағына сілтеме бар, ал екіншісі үлестік оптикалық айналымның анықтамасын білдіреді, бұл ретте екі сынақтың да мақсаты бірдей: тиісті энантио өлшемінің болуын растау.

Ұнтаққа ұсақталған дәрілік өсімдік шикізаты. Дәрілік өсімдік шикізатына арналған жеке фармакопоялық мақалаларда ұнтаққа ұсақталған дәрілік өсімдік шикізатының диагностикалық анатомиялық белгілерінің схемалық бейнесі (суреттер, микрофотографиялар) болуы мүмкін. Мұндай суреттер тиісті түпнұсқалық сынақта келтірілген сипаттаманы толықтырады.

СЫНАҚТАР ЖӘНЕ САНДЫҚ АНЫҚТАМА

Сынақтар және Сандық анықтама бөлімдері жеке фармакопоялық мақалаларда фармацевтикалық қолдануға арналған субстанцияларда да, дәрілік препараттарда да келтіріледі.

Қолданылу саласы. Жеке фармакопоялық мақалада қамтылған талаптар барлық ықтимал қоспаларды бағалауға арналмаған. Атап айтқанда, егер қоспа жеке фармакопоялық мақалада келтірілген сынақтардың көмегімен анықталмаса, ал практикалық орындылық пен тиісті фармацевтикалық практика оның болуына жол бермесе, мұндай қоспаны рұқсат етілген деп санауға болмайды (сондай-ақ төмендегі *Қоспалар* бөлімін қараңыз).

Есептеулер. Егер сынақтардың түпкілікті нәтижесін немесе сандық анықтаманы алу үшін құрғақ немесе сусыз субстанцияға немесе қандай да бір басқа жағдайға қайта есептеуді орындау талап етілсе, кептіру кезінде массадағы жоғалтуды, судың құрамын немесе өзге көрсеткішті жеке фармакопоялық мақалада сипатталған сынақ әдістемесі бойынша айқындайды. Егер қалдық еріткіштерді сандық анықтау жүргізілсе, бірақ кептіру кезінде массадағы шығынды анықтау жүргізілмесе, қалдық еріткіштердің құрамы негізгі заттың сандық құрамын, меншікті оптикалық айналууды және сіңірудің үлестік көрсеткішін есептеу кезінде ескеріледі.

Шектер. Жеке фармакопоялық мақалада көрсетілген шектер талдамалық эксперименттің қателіктері, өндіріс пен дайындау кезінде жол берілген шашыраңқылық, сондай-ақ сапаның сақтау кезінде қолайлы дәрежеде нашарлауы ескерілген кезде әдеттегі талдамалық практика шеңберінде алынған нәтижелерге негізделген. Дәрілік заттың, қосалқы заттың және материалдың жеке фармакопоялық мақаланың талаптарына сәйкестігін айқындау кезінде көрсетілген шектерге ешқандай қосымша рұқсат қосылмауға тиіс.

Шектің сандық мәніне сәйкестігін белгілеу кезінде сынақ немесе сандық анықтама кезінде алынған нәтижелерді жеке фармакопоялық мақалада басқа нұсқаулар болмаған кезде шекте көрсетілген маңызды сандар санына дейін дөңгелектейді. Шектер, олардың пайызбен немесе абсолютті шамада берілуіне қарамастан, соңғы белгіге дейін маңызды болып саналады (мысалы, 140 санында үш маңызды цифр бар). Бұл ретте нәтиженің соңғы цифры, егер дөңгелектеу кезінде тасталған цифр бестен үлкен немесе оған тең болса, бірлікке көбейтіледі; егер дөңгелектеу кезінде алынып тасталған цифр бесеуден аз болса, онда соңғы цифр өзгеріссіз қалады.

Қоспалар құрамының шектерін нормалау. Жеке фармакопоялық мақалаларда туыстық қоспалар құрамының қолайлылығы критерийлері шындар аудандарын салыстыру (салыстырмалы сынақтар) жолымен не сандық мәндер түрінде көрсетіледі. Салыстырмалы сынақтар кезінде қоспаның немесе қоспалар сомасының шамамен рұқсат етілген құрамы жақшада тек ақпарат үшін көрсетілуі мүмкін. Материалдың немесе дәрілік препараттың сапасы туралы шешімді жеке фармакопоялық сынақ бабында келтірілген талаптарға сәйкестігі немесе сәйкес келмеуі негізінде қабылдайды. Егер осы қоспа үшін стандартты үлгіні пайдалану көзделмесе, оның құрамы жеке фармакопоялық мақалада көрсетілген салыстыру ерітіндісін дайындау үшін пайдаланылатын заттың номиналды концентрациясына сүйене отырып, басқа нұсқаулар болмаған кезде көрсетілуі мүмкін.

Дәрілік өсімдік шикізаты. Дәрілік өсімдік шикізаты үшін сульфат күлі, жалпы күл, суда еритін қоспалар, спиртте еритін қоспалар, судың құрамы, эфир майларының құрамы және белсенді заттардың құрамы жеке фармакопоялық мақалада басқа нұсқаулар болмаған кезде арнайы кептірілмеген дәрілік шикізатқа есептегенде есептеледі.

Баламалары. Жеке фармакопоялық мақалаларда келтірілген эквиваленттердің мәндері осы фармакопоялық мақалада талап етілетін маңызды цифрлар санымен көрсетілген.

Қоректік орталар. Жалпы және жеке фармакопоялық мақалаларда сипатталған қоректік ортаны таңдау олардың болжамды қолданылуына негізделген. Алайда, қоршаған ортаның компоненттері, әсіресе биологиялық шығу тегі, әртүрлі сапада болуы мүмкін, сондықтан сынақты жақсы орындау үшін кейбір ингредиенттердің, атап айтқанда:

- пептондардың, сондай-ақ олардың қоректік қасиеттерін ескере отырып, ет немесе ашытқы сығындыларының;
- буферлік заттардың;
- өт тұздарының, өт сығындысының, де - зоксихолаттың, селективті қасиеттеріне қарай бояғыш заттардың;
- белсенділігіне қарай антибиотиктердің концентрациясын өзгерту қажет болуы мүмкін.

САҚТАУ

Жеке фармакопоялық мақаланың *Сақтау* бөлімінде келтірілген ақпарат пен ұсынымдар міндетті болып табылмайды, алайда уәкілетті органмен келісу бойынша орындауға міндетті сақтаудың нақты шарттары көрсетілуі мүмкін.

Фармакопояда сипатталған дәрілік заттар, қосымша заттар мен материалдар олардың ластануын және мүмкіндігінше сапасының нашарлауын болдырмайтындай етіп сақталады. Егер ораманың типін (*Жалпы бөлімдер* мен *Жалпы фармакопоялық мақалаларды* қараңыз) және температуралық шектерді қоса алғанда, сақтаудың ерекше шарттары ұсынылса, олар жеке фармакопоялық мақалада көрсетіледі.

Төменде Жеке фармакопоялық мақалаларда *Сақтау* бөлімінде қолданылатын терминдердің мағыналары келтірілген.

"*Ауа өткізбейтін орамада*" деген талап дәрілік заттар, қосымша заттар мен материалдар ауа өткізбейтін орамада сақталуға тиіс дегенді білдіреді. Ораманы ылғалды атмосферада ашқан кезде сақ болу керек. Қажет болса, ылғалдың төмен мөлшерін, егер олардың ораманың ішіндегі затпен тікелей байланысы болмаса, құрғататын заттардың көмегімен сақтауға болады.

"*Жарықтан қорғалған жерде*" деген талап үш шарттың бірін білдіреді:

- дәрілік зат, қосалқы зат және материал актиникалық жарықты жеткілікті дәрежеде сіңіретін материалдан жасалған орамада сақталуы тиіс;
- дәрілік зат, қосалқы зат және материалы бар орама актиникалық жарықтың әсерінен қорғауды қамтамасыз ететін сыртқы орамаға салынуы тиіс;
- дәрілік зат, қосымша зат және материал актиникалық жарықтың түсу мүмкіндігін болдырмайтын орында сақталуы тиіс.

ТАҢБАЛАУ

Фармакопеяның таңбалауға қойылатын талаптары жалпыны қамтитын болып табылмайды, оның үстіне фармакопеялық мақсаттар үшін дәрілік препараттың жеке фармакопеялық мақаланың талаптарына сәйкестігін немесе сәйкес еместігін растау үшін қажетті ережелер ғана міндетті болып табылады. Барлық басқа ережелер ұсынымдық сипатта болады. Фармакопеяда "затбелгі" термині пайдаланылатын жағдайларда, уәкілетті органның шешімі бойынша тиісті ақпарат орамада, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықта, дәрілік препараттың жалпы сипаттамасында (қосымша парақта) немесе дәрілік затқа, қосалқы зат пен материалға ілесіп жүретін талдау сертификатында келтірілуі мүмкін.

САҚТАНДЫРУЛАР

Фармакопеяда сипатталатын материалдар мен реактивтер, егер қажетті абайсыздық шаралары қабылданбаса, денсаулыққа қауіпті болуы мүмкін. Барлық жағдайларда сапаны бақылауда тиісті зертханалық практика принциптерін, сондай-ақ тиісті қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтау қажет. Кейбір жеке фармакопеялық мақалаларға қажетті сақтық шаралары туралы арнайы нұсқаулар енгізіледі. Бірақ мұндай нұсқаулардың болмауы ешқандай қауіптің болмауы ретінде қарастырылмауы керек.

ҚОСПАЛАР

Қоспалар бөлімі фармацевтикалық қолдануға арналған субстанцияларға жеке фармакопеялық мақалаларда келтіріледі.

Жеке фармакопеялық мақалада осы фармакопеялық мақалада сипатталған сынақтардың көмегімен анықталуы мүмкін барлық белгілі және ықтимал қоспалардың тізімі келтірілуі мүмкін (сондай-ақ *Фармацевтикалық қолдануға арналған субстанциялардағы қоспаларды бақылау* жалпы фармакопеялық мақаласын қараңыз). Қоспалар латын әліпбиінің әріптерімен белгіленеді. Егер әріп жоқ болса, бұл осы әріпке сәйкес келетін қоспа жеке фармакопеялық мақаланы әзірлеу немесе қайта қарау кезінде қоспалар тізбесінен алынып тасталғанын білдіреді.

ҚОСЫМША ЗАТТАРДЫҢ

ФУНКЦИЯЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Қосымша заттарға арналған жеке фармакопеялық мақалаларға функционалдық сипаттамаларды сипаттайтын бөлім енгізілуі мүмкін. Осы бөлімде сипатталған сипаттамалар, оларды анықтау үшін сынақ әдістемелері және ауытқудың жол берілетін нормалары міндетті талаптар болып табылмайды. Алайда, олар көмекші заттарды қолдану кезінде маңызды болуы мүмкін және ақпарат үшін беріледі (сондай-ақ *1.1. Жалпы ережелерді* қараңыз).

СТАНДАРТТЫ ҮЛГІЛЕР

Кейбір жеке фармакопеялық мақалалар стандартты үлгілерді қолдануды талап етеді, оған химиялық заттардың стандартты үлгілері, өсімдіктердің стандартты үлгілері,

биологиялық препараттардың стандартты үлгілері, стандартты спектрлер кіреді (сондай-ақ *Стандартты үлгілер* жалпы фармакопеялық мақаласын қараңыз).

Одақ Фармакопеясының стандартты үлгілері ретінде Одаққа мүше мемлекеттер фармакопеяларының және Одақ Фармакопеясы үйлестірілген негізгі фармакопеялардың стандартты үлгілері қабылданады.

1050000000-2019

1.5. Қысқартулар мен белгіленімдер

A	Сіңіру (оптикалық тығыздық)
$A_{1\text{cm}}^{1\%}$	Сіңірудің үлес көрсеткіші
A_r	Салыстырмалы атомдық масса
$[\alpha]_D^{20}$	Үлестік оптикалық айналу
BRP	Биологиялық препараттың стандартты үлгісі
CRS	Химиялық заттың стандартты үлгісі
d_{20}^{20}	Салыстырмалы тығыздық
л	Толқын ұзындығы
HRS	Өсімдіктің стандартты үлгісі
M	Молярлық концентрация
ME	Биологиялық белсенділіктің халықаралық бірлігі
M_r	Салыстырмалы молекулалық массасы
nD20	Сыну көрсеткіші
Ph. Eur. U.	Еуропалық фармакопея бірлігі
ppb	Миллиардтық үлес немесе миллиардқа бөлік (бір килограмға микрограмм)
ppm	Миллиондық үлес немесе миллионға бөлік (бір килограмға миллиграмм)
P	Реактивтер бөлімінде көрсетілген зат немесе ерітінді
RF	Баяулау коэффициенті (2.1.2.36-жалпы фармакопеялық мақала)
Rst	Хроматографияда қолданылатын зат өткен қашықтықтың стандартты үлгі өткен қашықтыққа қатынасы
PO	Көлемдік талдауда бастапқы стандартты үлгі ретінде пайдаланылатын зат (2.2.2.1-фармакопеялық мақала)
$T_{\text{кай}}$	Қайнау температурасы
$T_{\text{бал}}$	Балқу температурасы

МАҚАЛАЛАРДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ИММУНОГЛОБУЛИНДЕРГЕ, САРЫСУЛАРҒА ЖӘНЕ ВАКЦИНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

KOE LD ₅₀	Колония құрушы бірліктер Статистикалық анықталған субстанция саны, ол көрсетілген енгізу жолы кезінде белгілі бір уақыт кезеңі ішінде сыналатын жануарлардың 50%-ының қырылуына әкеп соқтыруы мүмкін
MLD	Минималды өлім дозасы
L +/- 10 дозасы	Уыттың ең аз мөлшері, ол 0,1 МЕ антитоксинмен қоспада көрсетілген енгізу жолы кезінде сынақ жағдайында белгілі бір уақыт кезеңі ішінде сыналатын жануарлардың қырылуын туындатады
L+ дозасы	Уыттың ең аз мөлшері, ол 1 МЕ антитоксинмен қоспада көрсетілген енгізу жолы кезінде сынақ жағдайында белгілі бір уақыт кезеңі ішінде сыналатын жануарлардың қырылуын туындатады
Iг/100 дозасы	Уыттың ең аз мөлшері, ол 0,01 МЕ антитоксин қоспасында тері ішіне енгізу кезінде сынақ жағдайында сыналатын жануарларда белгілі бір уақыт кезеңі ішінде енгізу орнында сипатты реакциялар туғызады
Lp/10 дозасы	Уыттың ең аз мөлшері, ол 0,1 МЕ антитоксинмен қоспада көрсетілген енгізу жолы кезінде сынақ жағдайларында сыналатын жануарларда белгілі бір уақыт кезеңі ішінде сал ауруын тудырады
Lo/10 дозасы	Уыттың ең аз мөлшері, ол 0,1 МЕ антитоксинмен қоспада көрсетілген енгізу жолы кезінде сыналатын жағдайларда белгілі бір уақыт кезеңі ішінде сыналатын жануарларда уытты реакция тудырмайды
Lf дозасы	Ең қысқа мерзімде 1 МЕ антитоксинді байланыстыруға қабілетті уыттың немесе анатоксин мөлшері
CCID ₅₀	Жасушы дақылына енгізу кезінде енгізілген жасушалардың 50%-ын жұқтыруға қабілетті вирустық бөлшектердің статистикалық анықталған саны
EID ₅₀	Тауық эмбриондарына енгізу кезінде енгізілген эмбриондардың 50%-ын жұқтыруға қабілетті вирустық бөлшектердің статистикалық анықталған саны
ID ₅₀	Жануарлардың организміне енгізу кезінде енгізілген дарактардың 50%-ын инфекциялауға қабілетті вирустық бөлшектердің статистикалық анықталған саны
PD ₅₀	Сынақ жағдайында жануарлардың 50 %-ын осы вакцина белсенді болатын микроорганизмдердің немесе уыттың инфекцияланған дозасынан қорғауға қабілетті вакцинаның статистикалық анықталған дозасы

ED ₅₀	Сынақ жағдайында жануарлардың 50 %-ында вакцинаның тиісті антигендеріне ерекше антиденелер шығаруын индукциялауға қабілетті вакцинаның статистикалық анықталған дозасы
PFU	Шешек түзетін бірліктер немесе түйін түзетін бірліктер
SPF	Ерекше патогенді микрофлорадан бос

МИКРООРГАНИЗМДЕР КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫ МЕН ДЕПОЗИТАРИЙЛЕРІ

ATCC	Американдық типтік мәдениеттер жинағы American Type Culture Collection 10801 University Boulevard Manassas, Virginia 20110 - 2209, USA
C. I. P.	Пастер институтының коллекциясы (бактериялардың штамдары) Collection de Bacteries de l'Institut Pasteur, B. P. 52, 25 rue du Docteur Roux, 75724 Paris Cedex 15, France
IMI	Халықаралық микология институты International Mycological Institute Bakeham Lane Surrey TW20 9TY, Great Britain
I. P.	Микроорганизмдер дақылдарының ұлттық коллекциясы Collection Nationale de Culture de Microorganismes (C. N. M. C.) Institut Pasteur 25, rue du Docteur-Roux 75724 Paris Cedex 15, France
NCIMB	Өнеркәсіптік және теңіз бактерияларының ұлттық жиынтығы National Collection of Industrial and Marine Bacteria Ltd 23 St Machar Drive Aberdeen AB2 1 RY, Great Britain
NCPF	Патогендік саңырауқұлақтардың ұлттық коллекциясы National Collection of Pathogenic Fungi London School of Hygiene and Tropical Medicine Keppel Street London WC1E 7HT, Great Britain
NCTC	Типті дақылдардың ұлттық жиынтығы National Collection of Type Cultures Central Public Health Laboratory, Colindale Avenue London NW9 5HT, Great Britain
	Ұлттық ашытқы коллекциясы

NCYC National Collection of Yeast Cultures AFRC Food
Research Institute Colney Lane
Norwich NR4 7UA, Great Britain

NITE Биологиялық ресурстар орталығы
Биотехнология департаменті
Ұлттық технология және сараптама институты
Biological Resource Center
Department of Biotechnology
National Institute of Technology and Evaluation
2-5-8 Kazusakamatari, Kisarazu-shi, Chiba, 292-0818,
Japan

S. S. I. Мемлекеттік сарысу институты
StatensSerumInstitut
80 Amager Boulevard, Copenhagen, Denmark

БЕЛАРУСЬ РЕСПУБЛИКАСЫ

БЕМК Адамдар үшін патогенді Вирустар мен
бактериялардың мамандандырылған коллекциясы:
Беларусь Республикасы Денсаулық сақтау
министрлігінің "Эпидемиология және
микробиология республикалық
ғылыми-практикалық орталығы" ММ

БМИ Белоруссия патогендік емес микроорганизмдер
коллекциясы:
Беларусь Республикасы Ұлттық ғылым
академиясының "Микробиология институты" МҰУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

АҚИҚК Аса қауіпті инфекциялар қоздырғыштарының
коллекциясы:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
министрлігінің
"М. Айқымбаев атындағы Қазақ карантиндік және
зооноздық инфекциялар ғылыми орталығы" ШЖҚ
РМК

ӨМК Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігінің "Ветеринария бойынша ұлттық
референттік орталық" ШЖҚ РМК

ӨМК Өнеркәсіптік микроорганизмдер коллекциясы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Ұлттық биотехнология орталығы" ШЖҚ РМК

АҚИҚД

Аса қауіпті инфекциялар қоздырғыштарының депозитарийі:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "М. Айқымбаев атындағы Қазақ карантиндік және зооноздық инфекциялар ғылыми орталығы" ШЖҚ РМК

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты" ШЖҚ РМК;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталық" ШЖҚ РМК

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

ПММК

Патогендік микроорганизмдердің мемлекеттік коллекциясы:

Ресей Федерациясы Денсаулық сақтау министрлігінің "Медицинада қолданылатын құралдарды ғылыми сараптау орталығы" федералдық мемлекеттік бюджеттік мекемесі ("МҚҚҒСО" ФМБМ);

"Микроб" ("Микроб") Ресей обаға қарсы ғылыми-зерттеу институты

ӨМБК

Өнеркәсіптік микроорганизмдердің бүкілресейлік коллекциясы:

Өнеркәсіптік микроорганизмдердің генетикасы мен селекциясының мемлекеттік ғылыми-зерттеу институты.

ПЕМБК

Патогендік емес микроорганизмдердің бүкілресейлік коллекциясы:

Г.К. Скрыбин атындағы Микроорганизмдер биохимиясы және физиологиясы институты. РФА;

Қолданбалы микробиология және биотехнология мемлекеттік ғылыми орталығы (ҚМБ МҒО).

РПСК

Ресейлік патогендік саңырауқұлақтар коллекциясы:

Санкт-Петербург медициналық жоғары оқу орнынан кейінгі білім академиясы;

П.Н. Кашкин атындағы Медициналық микология ғылыми-зерттеу институты.

ГМОБЖ

Қауіпті, аса қауіпті, оның ішінде зооантропонозды және елдің аумағында кездеспейтін жануарлар аурулары микроорганизмдерінің мемлекеттік коллекциясы:

"Вирусология және микробиология федералдық зерттеу орталығы" федералды мемлекеттік бюджеттік ғылыми мекеме ("ВМФЗО" ФМБҒМ)

ПжВШБК

Жануарлардың жұқпалы ауруларын қоздыратын микроорганизмдердің патогендік және вакциналық штамдарының бүкілресейлік коллекциясы:

Я.Р. Коваленко атындағы Бүкілресейлік эксперименттік ветеринария ғылыми-зерттеу институты ФМБҒМ

АМПЕМК

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы патогендік емес микроорганизмдер коллекциясы:

Бүкілресейлік ауылшаруашылық микробиология ғылыми-зерттеу институты (БАМҒЗИ)

ВГКШМВЖ

Ветеринарияда және мал шаруашылығында пайдаланылатын микроорганизмдер штамдарының бүкілресейлік мемлекеттік коллекциясы:

"Жануарлар мен жемге арналған дәрілік заттардың сапасы мен стандарттаудың бүкілресейлік мемлекеттік орталығы" федералдық мемлекеттік бюджеттік мекемесі ("ЖЖБМО" ФМБМ).

Вирустардың мемлекеттік коллекциясы:

Д.И. Ивановский атындағы Вирусология институтының бөлімшесі

Ресей Федерациясы Денсаулық сақтау министрлігінің

Н.Ф. Гамалеи атындағы ЭМҰЗО. Бруцеллалар ұлттық дақылдай музейі; Legionella және Listeria тектес бактериялар дақылдарының коллекциясы; Патогенді және сапрофитті лептос-пир эталондық штамдарының халықаралық коллекциясы; Микоплазмалар коллекциясы;

ВМК

Borrelia тектес бактериялар коллекциясы;
 francisellatularensis дақылдар коллекциясы;
 Бүкілресейлік риккетсиоздық дақылдар музейі:
 Ресей Федерациясы Денсаулық сақтау
 министрлігінің
 "Н.Ф. Гамалеи атындағы Эпидемиология және
 микробиология ғылыми-зерттеу орталығы"
 федералды мемлекеттік бюджеттік мекемесі " ЭМҰЗО" ФМБМ).

КО

Коллекциялық орталық:

Волгоград обаға қарсы ғылыми-зерттеу институты (ВолгОҚҒЗИ).

ТДМ

Тірі дақылдар музейі (патогендігі I-IV топтағы
 бактериялардың жұмыс коллекциясы – әртүрлі
 вибриондар мен иерсиниялар):

Ростов обаға қарсы ғылыми-зерттеу институты.

1060000000-2019

1.6. Одақтың Фармакопеясында пайдаланылатын халықаралық жүйенің (СИ) бірліктері және олардың басқа бірліктерге сәйкестігі

БІРЛІКТЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Халықаралық бірліктер жүйесі (СИ бірліктердің үш сыныбын қамтиды: негізгі бірліктер, туынды бірліктер және қосымша бірліктер. Негізгі бірліктер және олардың анықтамалары 1.6.-1-кестеде келтірілген.

Туынды бірліктер тиісті сандарды байланыстыратын алгебралық қатынастарға сәйкес негізгі бірліктердің тіркесімі арқылы құрылуы мүмкін. Осындай туынды бірліктердің кейбірінің өз атаулары мен белгілері бар. Одақтың Фармакопеясында пайдаланылатын СИ бірліктері 1.6.-2-кестеде келтірілген.

1.6.-1-кесте – Халықаралық бірліктер жүйесінің негізгі бірліктері

Шамасы Атауы Белгіленуі		Бірлік Атауы Белгіленуі		Анықтама
Ұзындығы	l	метр	м	Бір метр секундтың 1/299 792 458 бөлігі үшін вакуумдағы жарық жолының ұзындығын білдіреді
Массасы	m	кило-грамм	кг	Бір килограмм халықаралық прототип

				килограммының массасына тең
Уақыт	1	секунд	с	Бір секунд цезий-133 атомының негізгі жай-күйінің екі өте жұқа деңгейі арасындағы ауысуға сәйкес келетін 9 192 631 770 сәулелену кезеңінің реакцияларына тең уақытты білдіреді
Электр тоғының күші	I	ампер	A	Бір ампер – бұл тұрақты ток күшін білдіреді, ол шексіз ұзындықтағы және вакуумда 1 метр қашықтықта орналасқан екі қатаң параллель өткізгіштен өтіп, осы өткізгіштер арасында әр метр ұзындыққа $2 \cdot 10^{-7}$ Ньютонға тең өзара әрекеттесу күшін тудырады
Термо-динамикалық температура	T	кельвин	K	Бір Кельвин үштік су нүктесінің термодинамикалық температурасының 1/273, 16 бөлігін құрайды
Заттың саны	n	моль	моль	Бір моль – бұл 0,012 килограмм көміртегі-12 қанша құрылымдық бірлік (атомдар, молекулалар, иондар, электрондар және басқа бөлшектер), қанша атом болса сонша зат мөлшерін білдіреді
Жарық күші	I_v	канделла	кд	Бір кандела – жиілігі $540 \cdot 10^{12}$ герц және бір стерadianға 1/683 ватт болатын монохроматикалық сәулеленудің

1.6.-2-кесте. — Одақтың Фармакопегясында пайдаланылатын Бірліктердің Халықаралық Жүйесінің бірліктері және олардың басқа бірліктерге сәйкестігі

Шама		Бірлік				
Атауы	Белгіленуі	Атауы	Белгіленуі	Негізгі СИ бірліктеріндегі мәні	Басқа СИ бірліктеріндегі мәні	СИ бірліктерінің басқа бірліктерінде
Толқынды сан	n	1 метрге бірлік	1/м	м ⁻¹		
Толқын-ның ұзын-дығы	л	микрометр нанометр	мкм нм	10 ⁻⁶ м 10 ⁻⁹ м		
Алаңы	A, S	шаршы метр	м ²	м ⁻²		
Көлемі	V	текше метр	м ³	м ⁻³		1 мл = 1 см ³ = 10 ⁻⁶ м ³
Жиілігі	n	герц	Гц	с ⁻¹		
Тығыздығы	с	шаршы метрге килограмм	кг/м ³	кг·м ⁻³		1 г/мл = 1 г/см ³ = 10 ³ кг·м ⁻³
Жыл-дамдығы	n	секундына 1 метр	м/с	м·с ⁻¹		
Күші	F	ньютон	Н	м·кг·с ⁻²		1 дин = 1 г·см·с ⁻² = 10 ⁻⁵ Н 1 кгс = 9,806 65 Н
Қысымы	p	паскаль	Па	м ⁻¹ ·кг·с ⁻²	Нм ⁻²	1 дин/см ² = 10 ⁻¹ Па = 10 ⁻¹ Н·м ⁻² 1 атм = 101 325 Па = 101,325 кПа 1 бар = 10 ⁵ Па = 0,1 МПа 1 мм рт.ст. = 133,322 387 Па 1 Торр = 133,322 368 Па 1 psi = 6,894 757 кПа

1.6.-2-кесте – (соңы)

Шама		Бірлік				
Атауы	Белгіленуі	Атауы	Белгіленуі			СИ бірліктерінің

				Негізгі СИ бірліктеріндегі мәні	Басқа СИ бірліктеріндегі мәні	басқа бірліктерінде
Бос пикнометрді өлшейді, содан кейін *сумен P* толтырылған сол пикнометрді өлшейді. Содан кейін су алынып, пикнометр кептіріледі. Барлық операциялар 1-әдісте көрсетілген шарттарды сақтай отырып жүргізіледі.

Пикнометрге тамшуырдың немесе ұсақ ұшы бар кішкене воронканың көмегімен пикнометр көлемінің 1/3-тен 1/2-ге дейін болатындай мөлшерде балқытылған май немесе балауыз құяды. Пикнометрді ыстық суда тығынсыз 1 сағат бойы ұстайды, содан кейін 20 °C температураға дейін салқындатады, өлшейді, 20 °C температурада *P сумен* белгіге дейін жеткізеді, құрғатып сүртеді және қайтадан өлшейді. Екі фазада да, олардың бөлімінің жоғары бөлігінде ауа көпіршіктері болмауы тиіс.

Тығыздығы

ρ_{20}

(г/см³) мына формула бойынша есептеледі:

$$\frac{(m_2 - m) \cdot 0,99703}{(m_1 + m_2) - (m + m_3)} + 0,0012,$$

мұндағы: m – бос пикнометрдің массасы, г;

m_1 – су *P* бар пикнометрдің массасы, г;

m_2 – сыналатын үлгісі бар пикнометрдің массасы, г;

m_3 – сыналатын үлгісі және су P бар пикнометрдің массасы, г.

3-әдіс. Сұйықтықтардың тығыздығын $0,01 \text{ г/см}^3$ дейінгі дәлдікпен анықтаған жағдайда қолданылады.

Сыналатын сұйықтықты цилиндрге салып, $20 \text{ }^\circ\text{C}$ сұйықтық температурасында таза құрғақ ареометрге мұқият түсіріледі, оның шкаласы күтілетін тығыздық шамасын анықтауға мүмкіндік береді. Ареометрді оның жүзетіні анық болғанға дейін қолдан босатылмайды; бұл ретте ареометр цилиндрдің қабырғалары мен түбіне тиіп кетпеуін қадағалау қажет. Тығыздықты есептеу сұйықтықтың төменгі менискусына сәйкес келетін шкала бойынша ареометрді батырғаннан кейін 3-4 минуттан кейін жүзеге асырылады (қара түсті сұйықтықтарды анықтаған жағдайда, жоғарғы менискус бойынша есептеледі). Санау кезінде көз менискус деңгейінде болуы тиіс. Қатты ұшатын заттардың тығыздығын гидрометрмен анықтауға жол берілмейді.

201020006-2019

2.1.2.6. Сыну көрсеткіші (рефракция индексі)

Ауаға қатысты ортаның сыну көрсеткіші ауадағы жарық сәулесінің түсу бұрышы синусының осы ортадағы жарық сәулесінің түсу бұрышының синусына қатынасына тең болады.

Жеке фармакопепялық мақалада басқа нұсқаулар болмаған кезде сыну көрсеткішін анықтау натрий спектрінің D сызығының толқын ұзындығы ($\lambda = 589,3 \text{ нм}$) кезінде ($20 \pm 0,5$) $^\circ\text{C}$ температурада жүргізіледі; мұндай жағдайда анықталған сыну көрсеткіші символмен белгіленеді.

Рефрактометрлер әдетте сындарлы бұрышты анықтайды. Мұндай аспапта негізгі бөлігі сыналатын сұйықтықпен байланысатын белгілі сыну көрсеткіші бар призма болып табылады.

Аспапты калибрлеу үшін сертификатталған стандартты үлгілер қолданылады.

Ақ жарықты пайдалану кезінде рефрактометрлер компенсациялық жүйемен жабдықталуы тиіс. Аспап кем дегенде үшінші ондық белгіге дейінгі дәлдікпен көрсеткіштер беруі және берілген температура кезінде операциялар жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Термометрдің бөліну бағасы $0,5 \text{ }^\circ\text{C}$ -тан аспауы тиіс.

201020007-2019

2.1.2.7. Оптикалық айналу

Оптикалық айналу дегеніміз – бұл заттың поляризацияланған жарықтың поляризация жазықтығын айналдыру қасиеті.

Оптикалық айналу оңынан айналатын заттар үшін оң (+) (яғни поляризация жазықтығын сағат тілімен бұратындар) және солға айналатын заттар үшін теріс (–) болып саналады.

Радианмен (рад) көрсетілген үлестік оптикалық айналу

$$[\alpha_m]_{\lambda}^t$$

t температурасында l толқын ұзындығымен поляриланған жарық ол арқылы өткен кезде оптикалық белсенді заттың 1 кг/м^3 болатын қалыңдығы 1 м сұйықтық немесе ерітінді қабатын шығаратын оптикалық айналу. ($\text{мрад} \cdot \text{м}^2 \cdot \text{кг}^{-1}$).

Фармакопеяда мынадай жалпыға бірдей қабылданған анықтамалар қолданылады.

Сұйық заттардың *оптикалық айналу бұрышы* 20°C температурада өлшенген натрий спектрінің D сызығының толқын ұзындығы ($\lambda = 589,3 \text{ нм}$) градуспен ($^\circ$) көрсетілген поляризация жазықтығының α айналу бұрышын білдіреді. Ерітінділер үшін дайындау тәсілі жеке фармакопеялық мақалада көрсетіледі.

$$n_D^{20}$$

s ұйықтықтың *үлестік оптикалық айналуы* 20°C температурада өлшенген, сыналатын заттың 1 дм қабатының қалыңдығы үшін есептелген және текше сантиметрге грамммен көрсетілген тығыздыққа бөлінген натрий спектрінің D сызығының толқын ұзындығы ($\lambda = 589,3 \text{ нм}$) градуспен ($^\circ$) көрсетілген поляризация жазықтығының оптикалық α айналу бұрышын білдіреді.

Ерітіндідегі заттың *үлестік оптикалық айналуы*

$$[\alpha]_D^{20}$$

натрий спектрінің D сызығының толқын ұзындығымен ($\lambda = 589,3 \text{ нм}$) градуспен ($^\circ$) көрсетілген, сыналатын заттың ерітіндісінде 20°C температурада өлшенген және ерітіндідегі 1 г/мл заттың құрамына қайта есептегенде 1 дм қабаты үшін есептелген поляризация жазықтығының оптикалық α айналу бұрышын білдіреді. Ерітіндідегі заттың нақты айналуы үшін қолданылатын еріткіш пен ерітіндінің концентрациясы әрдайым көрсетіледі.

Фармакопеяда үлестік оптикалық айналу өлшемсіз көрсетіледі; нақты өлшем дециметр граммына градус-миллилитр [$^\circ \cdot \text{мл} \cdot \text{дм}^{-1} \cdot \text{г}^{-1}$] түрінде көрсетіледі.

Халықаралық жүйе бойынша бірліктердегі үлестік айналымды Фармакопея пайдаланатын бірліктерге қайта есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$[\alpha_m]_{\lambda}^t = [\alpha]_{\lambda}^t \cdot 0,1745.$$

Жеке фармакопеялық мақалада көрсетілген жекелеген жағдайларда айналу бұрышы 20°C -тан басқа температурада және басқа толқын ұзындығында өлшенуі мүмкін.

Пайдаланылатын поляриметр өлшеу дәлдігін $0,01^\circ$ дейін қамтамасыз етуі тиіс. Шкаланы әдетте сертификатталған кварц тақталарымен тексереді. Шкаланың сызықтығын сахароза ерітінділерінің көмегімен тексеруге болады.

Әдістеме. $(20 \pm 0,5)$ °C температурада натрий спектрінің D сызығының ($\lambda = 589,3$ нм) толқын ұзындығы кезінде поляризация жазықтығының нөлдік поляриметрін және оптикалық айналу бұрышын анықтайды. Оптикалық айналымды өлшеу басқа температуралар кезінде, егер жеке фармакопоялық мақалада температураны есепке алу тәсілі көрсетілген жағдайларда ғана жүргізілуі мүмкін. Аспаптың нтыныш уақытжабық түтікшемен анықталады; сұйықтықтар үшін – бос түтікшемен; қатты заттардың ерітінділері үшін – тиісті еріткішпен толтырылған түтікшемен.

Үлестік оптикалық айналу мынадай формулалармен есептеледі.

Сұйықтықтар үшін:

$$[\alpha]_D^{20} = \frac{\alpha}{l \cdot \rho_{20}}$$

Ерітіндідегі заттар үшін:

$$[\alpha]_D^{20} = \frac{1000 \cdot \alpha}{l \cdot c}$$

мұндағы: c – ерітіндідегі заттың концентрациясы, г/л.

Еріген заттың c (г/л) немесе c' (% (м/м)) құрамы мынадай формулалармен есептеледі:

$$c = \frac{1000 \cdot \alpha}{l \cdot [\alpha]_D^{20}}, \quad c' = \frac{100 \cdot \alpha}{l \cdot [\alpha]_D^{20} \cdot \rho_{20}}$$

мұндағы: α – $(20 \pm 0,5)$ °C температурада өлшенген оптикалық айналу бұрышы, градуспен;

l – поляриметриялық түтікшенің ұзындығы, дециметрмен;

ρ_{20} – 20 °C температурадағы тығыздығы, текше сантиметрге граммен.

Фармакопоялық талдауда тығыздық салыстырмалы тығыздықпен ауыстырылады.

201020008-2019

2.1.2.8. Тұтқырлық

Динамикалық тұтқырлық немесе тұтқырлық коэффициенті η – бұл үстіңгі бірлікке әсер ететін тангенциалды күш, оны паскальдарда (Па) көрсетілген ығысу кернеуі t деп те атайды, оны алаңы 1 м^2 сұйықтық қабатын секундына 1 метр ($\text{м} \cdot \text{с}^{-1}$) (v) жылдамдықпен, сырғанау бетіне параллель басқа қабатқа қатысты 1 м (x) қашықтыққа жылжыту үшін қолдану керек.

dv/dx шамасы жылдамдық градиентін білдіреді және кері секундтарда көрсетілген ығысу жылдамдығын D анықтайды (c^{-1}). Осылайша, $\eta = t / D$.

Динамикалық тұтқырлық бірлігі паскаль-секунд ($Па \cdot c$). Ең жиі қолданылатын үлестік бірлік — миллипаскаль-секунд ($мПа \cdot c$).

Секундына шаршы метрмен ($м^2 \cdot c^{-1}$) көрсетілген кинематикалық тұтқырлық ν динамикалық тұтқырлық η шамасының бір температурада өлшенген текше метрге килограммен ($кг \cdot м^3$) көрсетілген сұйықтығының ρ тығыздығына қатынасы ретінде қарастырылады: және $\nu = \eta / \rho$. Кинематикалық тұтқырлық әдетте секундына шаршы миллиметрмен көрсетіледі ($мм^2 \cdot c^{-1}$).

Ньютондық сұйықтықтардың тұтқырлығын анықтау үшін капиллярлық вискозиметрді қолдануға болады; ньютондық және ньютондық емес сұйықтықтардың тұтқырлығын анықтау үшін айналмалы вискозиметрді қолдануға болады. Өлшеулердің дұрыстығы мен дәлдігі осы бапта көрсетілген вискозиметрлерден кем болмайтындығын ескере отырып, вискозиметрлердің басқа да түрлерін пайдалануға жол беріледі.

201020009-2019

2.1.2.9. Капиллярлық вискозиметрия әдісі

Тұтқырлықты анықтау жеке фармакопепялық мақалада басқа нұсқаулар болмаған кезде ($20 \pm 0,1$) °C температурада қолайлы капиллярлық вискозиметрді қолдану арқылы жүргізіледі. Вискозиметрдің бір белгісінен екіншісіне дейінгі ағу уақыты секундомермен секундтың бестен біріне дейінгі дәлдікпен өлшенеді. Алынған деректер қатарынан екі өлшемнің нәтижелері 1 %-дан аспайтын жағдайда дұрыс деп есептеледі.

Сыналатын сұйықтықтың ағу уақытын кемінде үш өлшемнің ортасы ретінде анықтайды.

Миллипаскаль-секундтарда ($мПа \cdot c$) көрсетілген динамикалық тұтқырлық η (2.1.2.8) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\eta = krt,$$

мұндағы: k – вискозиметрдің секундына шаршы миллиметрмен ($мм^2 \cdot c^{-2}$) өлшенетін тұрақты мәні,

r – сыналатын сұйықтықтың тығыздығы, салыстырмалы тығыздықты

d_{20}^{20} .

0,9982-ге көбейтіп алынған текше миллиметрге миллиграммен ($мг \cdot мм^{-3}$);

t – сыналатын сұйықтықтың ағу уақыты, секундпен (c).

Тұрақты k вискозиметрлерді калибрлеу үшін тиісті сұйықтықты қолдану арқылы анықталады.

Секундына шаршы миллиметрмен ($мм^2 \cdot c^{-1}$) көрсетілген кинематикалық тұтқырлықты мынадай формула бойынша есептейді:

$$u = kt.$$

Тұтқырлықты анықтау 2.1.2.9.-1-суретте және 2.1.2.9.-1-кестеде берілген аспаптың көмегімен жүргізілуі мүмкін (Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым ұсынған).


2.1.2.9.-1-кесте – Вискозиметрдің аспалы деңгеймен сипаттамалары

Мөлшері	Номиналды тұрақты вискозиметр	Кинематикалық тұтқырлықтың диапазоны	R түтікшенің ішкі диаметрі	Кеңею көлемі C	Түтікшенің ішкі диаметрі N
	мм ² ·с ⁻²	мм ² ·с ⁻¹	мм (±2 %)	мл (±5 %)	мм
1	0,01	3,5-тен 10-ға дейін	0,64	5,6	2,8-ден 3,2-ге дейін
1A	0,03	6-дан 30-ға дейін	0,84	5,6	2,8-ден 3,2-ге дейін
2	0,1	от 20 100-ге дейін	1,15	5,6	2,8-ден 3,2-ге дейін
2A	0,3	60-тан 300-ге дейін	1,51	5,6	2,8-ден 3,2-ге дейін
3	1,0	200-ден 1000-ға дейін	2,06	5,6	3,7-ден 4,3-ке дейін
3A	3,0	600-ден 3000-ға дейін	2,74	5,6	4,6-дан 5,4-ке дейін
4	10	2000-нан 10 000-ға дейін	3,70	5,6	4,6-дан 5,4-ке дейін
4A	30	6000-нан 30 000-ға дейін	4,07	5,6	5,6-дан 6,4-ке дейін
5	100	20 000-нан 100 000-ға дейін	6,76	5,6	6,8-ден 7,5-ке дейін

Ең аз ағып кету уақыты 1 өлшем үшін 350 с және қалған өлшемдер үшін 200 с болуы тиіс.

Әдістеме. 20 °С температурадағы сыналатын сұйықтықты жеке фармакопоялық мақалада басқа нұсқаулар болмаған кезде вискозиметрге түтікше (L) арқылы кеңейтуді (A) толтыратындай мөлшерде толтырады, бірақ бұл ретте кеңейтудегі (B) сұйықтық деңгейі желдеткіш түтікшеге (M) шығу жолынан төмен болып қалуы тиіс. Егер жеке фармакопоялық мақалада өзгеше температура көрсетілмесе, вискозиметрді температуралық тепе-теңдік орнату үшін тік жағдайда кемінде 30 минут ұстап тұрып, осы қалыпта (20 ± 0,1) °С температурада су моншасына батырады. Түтікшені (M) жабады және түтікшедегі сұйықтық деңгейін (N) белгіден (E) шамамен 8 мм жоғары болатындай етіп арттырады. Түтікшені (N) жауып, түтікшені (M) ашып, сұйықтықты осы деңгейде ұстап тұрады. Содан кейін түтікшені (N) ашып, және сұйықтық деңгейі белгіден (E) белгіге (F) дейін секундомермен секундтың бестен бір бөлігіне дейін төмендейтін уақытты өлшейді.

Жоғарыда сипатталған аспаппен жұмыс істеу параметрлері 2.1.2.9.-1- суретте келтірілгенге ұқсас аспалы деңгейі бар капиллярлық әйнектің вискозиметрлерін (мысалы, ВПЖ-1 типті капиллярлық шыны вискозиметрлер) пайдалануға жол береді. Тұтқырлық вискозиметрді қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес өлшенеді.



2.1.2.9-1-сурет — Аспалы деңгейі бар вискозиметр. Мөлшері миллиметрмен келтірілген

Сұйықтықтың салыстырмалы тұтқырлығын анықтау үшін өлшеу η қат. жүргізілетін сұйықтықтың вискозиметрінің жоғарғы және төменгі белгісі арасындағы ағып кету уақыты $t_{0(ср)}$ өлшенеді. Содан кейін, сол таза және құрғақ вискозиметрде, сол жағдайларда, сыналатын сұйықтықтың ағып кету уақыты $t_{0(ср)}$ анықталады.

Сонымен бірге зерттелетін сұйықтықтардың тығыздығын пикнометрмен (ρ_0 және ρ) тұтқырлық анықталатын температурада өлшейді және салыстырмалы тұтқырлықты мынадай формула бойынша есептейді:

$$\eta_{\text{кат.}} = \frac{t_{\text{ср}} \cdot \rho}{t_{0\text{ср}} \cdot \rho_0}$$

Сипаттамалық тұтқырлықты анықтау үшін әр түрлі концентрациядағы кемінде бес сынақ ерітіндісі дайындалады. Бұл ретте келтірілген тұтқырлықты нөлдік концентрацияға сызықтық экстраполяциялау мүмкіндігінің шарты толық болуы тиіс, яғни өлшеу әдісінің сезімталдығы мен дәлдігі шегінде ерітіндінің минималды концентрациясын таңдау керек. Ерітіндінің әр концентрациясы үшін $t_{\text{ср}}$ анықтайды және келтірілген тұтқырлықты есептейді. Содан кейін $\eta_{\text{прив}}$ с концентрациясына тәуелділігін құрады және ең аз квадраттардың графикалық немесе сызықтық әдісімен келтірілген тұтқырлықты нөлдік концентрацияға экстраполяциялайды, яғни сипаттамалық тұтқырлықты табады.

201020010 2019

2.1.2.10. Ротациялық вискозиметрия әдісі

Әдістің принципі сұйықтықтағы тұрақты бұрыштық жылдамдықпен (айналу жылдамдығы) айналу кезінде роторға (айналмалы кез) әсер ететін күшті өлшеу болып табылады. Ротациялық вискозиметрлер ньютондық сұйықтықтардың (тұтқырлық ығысу кернеуіне тәуелді емес) және ньютондық емес сұйықтықтардың (тұтқырлық ығысу кернеуіне байланысты, көрінетін тұтқырлық) тұтқырлығын өлшеу үшін қолданылады. Ротациялық вискозиметрлерді екі топқа бөлуге болады, атап айтқанда: абсолютті вискозиметрлер және салыстырмалы вискозиметрлер. Абсолютті вискозиметрлерде қолданылатын геометриядағы ағып кету уақыты жақсы белгілі. Өлшеу нәтижелері кез келген басқа абсолютті мәндермен салыстыруға болатын абсолютті тұтқырлық бірліктерінде ұсынылады. Салыстырмалы вискозиметрлерде қолданылатын геометрияда ағып кету уақыты анықталмаған. Өлшеу нәтижелері салыстырмалы тұтқырлық бірліктерінде ұсынылады, оларды абсолютті тұтқырлық

мәндерімен немесе сол аспапта алынбаған салыстырмалы тұтқырлық мәндерімен байланыстыруға болмайды.

Бұл тұтқырлық диапазоны үшін және әртүрлі айналу жылдамдығы үшін әртүрлі өлшеу жүйелері қол жетімді.

АСПАП

Аспаптардың мынадай типтері неғұрлым қарапайым болып табылады.

КОНЦЕНТРЛІК ЦИЛИНДРЛІК ВИСКОЗИМЕТРЛЕР (АБСОЛЮТТИ ВИСКОЗИМЕТРЛЕР)

Концентрлік цилиндрлік вискозиметрлерде (коаксиалды қос цилиндрлік вискозиметр немесе жай коаксиалды вискозиметр) тұтқырлық сыналатын сұйықтықты ішкі және сыртқы цилиндрлер арасындағы саңылауға қою арқылы анықталады. Өлшеу кезінде тиісінше 2.1.2.10.-1 және 2.1.2.10.-2-суреттерде көрсетілгендей не ішкі цилиндрді (Сирл типті вискозиметр (*Searle*)) немесе сыртқы цилиндрді (Куэтта типті вискозиметр (*Couette*)) айналдырады. Ламинарлық ағын үшін паскаль-секундтарда (Па·с) көрсетілген η тұтқырлығы (немесе көрінер тұтқырлық) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\eta = \frac{1}{\omega} \left(\frac{M}{4\pi h} \right) \left(\frac{1}{R_i^2} - \frac{1}{R_0^2} \right) = k \frac{M}{\omega},$$

мұндағы: M – цилиндр бетіне әсер ететін айналатын кез, ньютон-метрмен;

ω



– бұрыштағы жылдамдық, секундына радианмен;

h – ішкі цилиндрдің сұйық ортаға бату тереңдігі, метрмен;

R_i – ішкі цилиндрдің радиусы, метрмен;

R_0 – сыртқы цилиндрдің радиусы, метрмен;

k – аспаптың тұрақты мәні, текше метрге радианмен.



2.1.2.10.-1-сурет 2.1.2.10.-2-сурет

Ньютондық емес сұйықтықтар үшін тұтқырлық өлшенетін ығысу кезіндегі кернеуді (t) немесе ығысу жылдамдығын (g) көрсету қажет. Талаптар интервалы жақын болған кезде (абсолютті вискозиметрлер үшін қолайлы) M және t , сондай-ақ w және g арасында пропорционалды байланыс байқалады:

$$t = AM; g = Bw,$$

мұндағы: A және B – тұрақты аспаптар, олар мынадай формулалар бойынша есептеледі:

- концентрлік үстіңгі қабат үшін:

$$A = \frac{1R_i^2 + R_0^2}{4\pi h R_i^2 R_0^2}; B = \frac{R_i^2 + R_0^2}{R_0^2 - R_i^2},$$

- конус-плита құрылғысы үшін:

$$A = \frac{3}{2\pi R^3}; B = \frac{1}{\alpha},$$

мұндағы: M – конустық немесе цилиндрлік үстіңгі қабатқа әсер ететін айналу кезі, ньютон-метрмен;

w – бұрыштағы жылдамдық, секундына радианда;

R_i – ішкі цилиндрдің радиусы, метрмен;

R_0 – сыртқы цилиндрдің радиусы, метрмен;

R – конустың радиусы, метрмен;

h – ішкі цилиндрдің сұйық ортаға бату тереңдігі, метрмен;

α – жалпақ диск пен конус арасындағы бұрыш, радианда;

t – ығысу кернеуі, паскальмен (Па);

g – ығысу жылдамдығы, кері секундтарда (c^{-1}).

ВИСКОЗИМЕТРЛЕР КОНУС-ПЛИТА

(АБСОЛЮТТИ ВИСКОЗИМЕТРЛЕР)

Конус-плита түріндегі вискозиметрлерде сұйықтық жалпақ диск пен белгілі бір бұрышы бар конус арасындағы аралыққа орналастырылады. Тұтқырлықты анықтау тиісінше 2.1.2.10.-3 немесе 2.1.2.10.-4-суреттерде көрсетілгендей конусты немесе жалпақ дискіні айналдыру арқылы жүргізіледі. Паскаль-секундтарда (Па·с) көрсетілген тұтқырлық (немесе көрінер тұтқырлық) η ламинарлық ағын үшін мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\eta = \left(\frac{M}{\omega} \right) \left(\frac{3\alpha}{2\pi R^3} \right) = k \frac{M}{\omega},$$

мұндағы: M – конустық үстіңгі қабатқа немесе жапақ дискінің үстіңгі қабатына әсер ететін айналу кезі, ньютон-метрмен;


ω – бұрыштағы жылдамдық, секундына радианда;

α — жалпақ диск пен конус арасындағы бұрыш, радианда;


R — конустың радиусы, метрмен;

k – аспаптың тұрақты мәні, текше метрге радианмен.


Аспаптың тұрақты A және B центрлік цилиндрлік вискозиметрлер үшін де дәл осылай анықтайды.




2.1.2.10.-3-сурет



2.1.2.10.-4-сурет



2.1.2.10.-5-сурет



2.1.2.10.-6-сурет

ШПИНДЕЛЬДІ ВИСКОЗИМЕТРЛЕР (САЛЫСТЫРМАЛЫ ВИСКОЗИМЕТРЛЕР)

Шпиндельді вискозиметрде тұтқырлық сұйықтыққа орналастырылған айналмалы шпиндельдің көмегімен анықталады (мысалы, тиісінше 2.1.2.10.-5 және 2.1.2.10.-6-суреттерде көрсетілгендей цилиндр немесе диск тәрізді). Тұтқырлықтың (немесе көрінер тұтқырлықтың) салыстырмалы мәндері берілген айналу жылдамдығы кезіндегі аспаптың көрсеткіштері негізінде қайта есептеу коэффициенттерін пайдалана отырып тікелей есептелуі мүмкін.

Жалпы жағдайда аспаптың тұрақты мәнін k вискозиметрді калибрлеу үшін сертифициталған сұйықтықты қолдана отырып, әртүрлі айналу жылдамдығы үшін анықтауға болады. Осыдан кейін тұтқырлық η мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\eta = k \frac{M}{\omega}$$

ӘДІСТЕМЕ

Тұтқырлықты (немесе көрінер тұтқырлықты) ротациялық вискозиметр өндірушісінің нұсқаулықтарына сәйкес өлшейді. Тұтқырлық өлшенетін температура жеке фармакопоялық мақалада көрсетіледі. Ньютондық емес жүйелер үшін жеке фармакопоялық мақалада қолданылатын вискозиметрдің типі және егер абсолютті вискозиметрлер қолданылса, өлшеу жүргізілетін бұрыш жылдамдығы немесе ығысу жылдамдығы көрсетіледі. Егер қажетті ығысу жылдамдығын дәл алу мүмкін болмаса, ығысу жылдамдығының мәндерін қажеттіліктен жоғары және төмен қолданады және интерполяциялайды.

Салыстырмалы вискозиметрлер жағдайында ығысу жылдамдығы үлгінің бүкіл көлемінде тұрақты болмайды және, осылайша, оны анықтау мүмкін емес. Мұндай жағдайларда жоғарыда келтірілген формула бойынша анықталған ньютондық емес сұйықтықтардың тұтқырлығы салыстырмалы сипатқа ие, ол шпиндельдің типіне, бұрыш жылдамдығына, сондай-ақ үлгілерге арналған контейнердің мөлшеріне ($\emptyset =$ кемінде 80 мм) және шпиндельді батыру тереңдігіне байланысты болады. Алынатын нәтижелер қатаң бірдей эксперимент шарттарын сақтаған жағдайда ғана салыстырылады.

201020011-2019


2.1.2.11. Айдаудың температуралық шектері

Айдаудың температуралық шектері – бұл 101,3 кПа (760 мм сын.бағ.) қысымына әкелген температура аралығын білдіреді, оның шегінде сұйықтық немесе оның кейбір фракциясы мынадай жағдайларда айдалады.

Аспап. Аспап (2.1.2.11.-1-сурет) айдау колбасынан (А), айдау колбасының бұру түтікшесіне қосылған тік тоңазытқыштан (В) және тоңазытқыштың соңына қосылған алмалы-салмалы түтікшеден (аллонж) (С) тұрады. Балама ретінде, аллонжды болдырмау үшін тоңазытқыштың төменгі ұшы бүгілуі мүмкін. Термометр айдау колбасының мойнына термометр шарының жоғары ұшы айдау колбасының бұру түтікшесінің төменгі шетінен 5 мм төмен болатындай етіп орналастырылады. Шкала диапазоны кемінде 50 °С және бөлу бағасы 0,2 °С болатын термометр қолданылады.

Сынақ кезінде колба, оның ішінде мойны, қолайлы экранмен салқындатудан қорғалады

- Айдаудың температуралық шегін анықтауға арналған аспап. Өлшемдері миллиметрмен көрсетілген.



2.1.2.11.-1-сурет.

2.1.2.11.-1-кесте – Қалыпты қысымға келтіруге арналған түзету коэффициенті

Айдау температурасы	Түзету коэффициенті k
100 °C-ге дейін	0,30
100 °C артық 140 °C дейін	0,34
140 °C артық до 190 °C дейін	0,38
190 °C артық 240 °C дейін	0,41
240 °C артық	0,45

Әдістеме. 50,0 мл сыналатын сұйықтық және кеуекті керамикалық материалдың бірнеше кесегі колбаға (А) салынады. Айдауды жинау үшін сыйымдылығы 50 мл цилиндрді 1 мл бөлу бағасымен қолданады. 150 °C-тан төмен температурада қайнап жатқан сұйықтықтар үшін айналмалы сумен салқындату қолданылады. Колбаны тез қайнатуға болатындай етіп қыздырады және цилиндрге айдаудың алғашқы тамшысы түсетін температураны белгілейді. Минутына 2-ден 3 мл-ге дейін айдау жылдамдығын қамтамасыз ететін қыздыруды орнатады және барлық сұйықтық немесе оның кейбір фракциясы, көлемі 20 °C температурада өлшенетін температураны белгілейді.

Мынадай формула бойынша қалыпты қысымға келтіру үшін байқалатын температураға түзету енгізеді:

$$t_1 - t_2 + k (101,3 - b),$$

мұндағы: t_1 – түзетілген температура;

t_2 – атмосфералық қысым b кезінде байқалатын температура;

k – 2.1.2.11.-1-кестеге сәйкес түзету коэффициенті, егер басқаша көрсетілмесе;

b – айдау кезіндегі барометрлік қысым, килопаскальдарда.

201020012-2019

2.1.2.12. Қайнау температурасы

Қайнау температурасы деп сұйықтықтың бу қысымы 101,3 кПа тең болатын түзетілген температураны атайды.

Аспап. Бұл жағдайда термометр шаригінің төменгі ұшы айдау колбасының төменгі ұшының деңгейінде болатындай және колбаның өзі диаметрі 35 мм болатын өтпелі саңылауы бар окшаулағыш материалдан жасалған тақтайшада орналасатындай етіп термометрді колбаның мойнына енгізуді қоспағанда, айдау шегін анықтау үшін бірдей аспапты қолданады (2.1.2.11.).

Әдістеме. 20 мл сыналатын сұйықтық және бірнеше кеуекті материал колбаға (А) орналастырылады. Колбаны тез қайнатуға болатындай етіп қыздырады және сұйықтық ағызу түтігінен тоңазытқышқа ағып кететін температураны белгілейді.

Мынадай формула бойынша қалыпты қысымға келтіру үшін байқалатын температураға түзету енгізеді:

$$t_1 - t_2 + k (101,3 - b),$$

мұндағы: t_1 – түзетілген температура;

t_2 – атмосфералық қысым b кезінде байқалатын температура;

k – 2.1.2.11.-1-кестеге сәйкес түзету коэффициенті;

b – айдау кезіндегі барометрлік қысым, килопаскальдарда.

201020013-2019


2.1.2.13. Айдау әдісімен суды анықтау

Аспап (2.1.2.13.-1-сурет) градусталған қабылдағышпен (Е) және кері тоңазытқышпен (С) жабдықталған цилиндрлік түтікше (В) бар түтікшемен (D) жалғанған түбі дөңгелек шыны колбадан (А) тұрады. Қабылдағышты бөлу бағасы (Е) 0,1 мл. Тиісті қыздыру үшін реостат немесе май моншасы бар электр жылытқышын қолданған жөн. Колбаның жоғары бөлігі мен байланыстырушы түтікше жылуоқшаулағышпен жабылуы мүмкін.

Әдістеме. Аспаптың қабылдағышы мен тоңазытқышы тазаланады, сумен жуылады және кептіріледі.

200 мл толуол Р және шамамен 2 мл су Р құрғақ колбаға салып, 2 сағат бойы айдайды. Колбаны 30 минут бойы салқындатады және су көлемін 0,05 мл дейінгі

дәлдікпен жазып алады. Колбаға шамамен 2-ден 3 мл су бар 1%-ға дейінгі дәлдікпен өлшенген заттың мөлшері орналастырылады. Егер зат паста тәрізді консистенцияда болса, оны металл фольганың кесегімен өлшейді. Колбаға кеуекті материалдың бірнеше кесегін салып, 15 минут ішінде мұқият қыздырады. Толуол қайнай бастаған кезде, судың көп бөлігі айдалғанша секундына шамамен екі тамшы жылдамдықпен айдайды, содан кейін айдау жылдамдығын секундына төрт тамшыға дейін арттырады.



2.1.2.13.-1-сурет – Айдау әдісімен суды анықтайтын аспап. Мөлшері миллиметрмен берілген.

Су толығымен айдалған кезде тоңазытқыштың ішкі түтікшесі толуолмен жуылады. Қыздыруды тағы 5 минут жалғастырады, содан кейін қыздырғыш алынып тасталады, қабылдағыш бөлме температурасына дейін салқындатылып, қабылдағыштың қабырғаларындағы барлық су тамшылары шайқалады. Су мен толуол

толық бөлінгеннен кейін судың көлемі жазылады және оның құрамы бір килограмға миллилитрмен мынадай формула бойынша анықталады:

$$\frac{1000(n_2 - n_1)}{m},$$

мұндағы: m – сыналатын үлгінің массасы, граммен;

n_1 – бірінші айдау кезінде анықталған су көлемі, миллилитрмен;

n_2 – екі айдау кезінде анықталған айдалған судың жалпы көлемі, миллилитрмен.

201020014-2019

2.1.2.14. Балқу температурасы – капиллярлық әдіс

Капиллярлық әдіспен анықталған балқу температурасы – бұл капиллярлық түтіктегі заттың тығыздалған бағанының соңғы қатты бөлігі сұйық фазаға өтетін температураның білдіреді.

Егер жеке фармакопоялық мақалада нұсқама болса, сол аспап пен әдістеме балқу кезіндегі заттың әрекетін сипаттайтын менискустың пайда болуы немесе балқу диапазоны сияқты басқа көрсеткіштерді анықтау үшін қолданылады.

Аспап. Аспаптың құрамдас бөліктері:

- монша ретінде пайдаланылатын және тиісті қыздыру құрылғысымен жабдықталған сұйықтық (мысалы, су, вазелин немесе силикон майы) бар қолайлы шыны ыдыс;

- монша ішінде біркелкі температураны қамтамасыз ететін араластыруға арналған құрылғы;

- батыру белгісі бар және бөлу бағасы 0,5 °С-ден аспайтын термометр, Өлшенетін температура саласындағы термометрдің жоғары және төменгі бөліктері арасындағы айырмашылық 100 °С-ден аспайды;

- бір ұшымен дәнекерленген диаметрі 0,9 мм-ден 1,1 мм-ге дейін және қабырғасының қалыңдығы 0,10 мм-ден 0,15 мм-ге дейін сілтілі емес берік шыныдан жасалған капиллярлық түтікшелер.

Әдістеме. Жеке фармакопоялық мақалада басқа нұсқаулар болмаған кезде ұсақ ұнтақталған зат сусыз Р силикагелінің үстіндегі вакуумда 24 сағат бойы кептіріледі. Заттың жеткілікті мөлшері биіктігі 4 мм-ден 6 мм-ге дейін тығыздалған баған алынғанға дейін капиллярлық түтікшеге орналастырылады.

Олар ваннаның температурасын болжанған балқу температурасынан шамамен 10 °С температураға дейін көтереді, содан кейін шамамен 1 °С/мин жылдамдықпен қыздыруды жалғастырады. Температура болжанған балқу температурасынан 5 °С-ге төмен болған кезде, капиллярлық түтікше затпен бірге аспапқа орналастырылады.

Жоғарыда сипатталған аспап үшін капиллярлық түтікше оның дәнекерленген ұшы термометр шаригінің ортасына жақын болатындай етіп орналастырылады, оның батыру белгісі сұйықтық бетінің деңгейінде болады. Соңғы қатты бөлшек сұйық фазаға өтетін температураны белгілейді.

Аспапты калибрлеу. Аспапты калибрлеу үшін осы мақсаттарға жарамды қолайлы заттар қолданылады.

Егер өлшеулердің дәлдігі мен дұрыстығы жоғарыда сипатталған аспапты қолданған жағдайдан гөрі нашар болмайтындығы көрсетілсе, капиллярлық әдісті қолданатын басқа аспаптарды қолдануға жол беріледі (мысалы, 2.1.2.42-мақалада көрсетілгендей).

201020015-2019

2.1.2.15. Балку температурасы – ашық капиллярлық әдіс

Бұл әдіс кейбір заттардың балку температурасын (ығысу немесе көтеру температурасы не сұйылту температурасы деп те белгілі) анықтау үшін қолданылады.

Екі ұшынан ашық, ұзындығы шамамен 80 мм, сыртқы диаметрі 1,4 мм-ден 1,5 мм-ге дейін және ішкі диаметрі 1,0 мм-ден 1,2 мм-ге дейін шыны капиллярлық түтікше қолданылады.

Алдын ала өңделген зат, жеке фармакопоялық мақалада көрсетілгендей, бес капиллярлық түтікшенің әрқайсысына әрбір түтікшеде биіктігі шамамен 10 мм болатын бағанды қалыптастыру үшін жеткілікті мөлшерде орналастырылады. Түтікшелер жеке фармакопоялық мақалада көрсетілген температурада белгілі бір уақытқа төтеп береді.

Жеке фармакопоялық мақалада басқа нұсқаулар болмаған жағдайда, балауыз тәріздес консистенциясы бар заттар капиллярлық түтікшелерді толтырмас бұрын су моншасында мұқият толығымен ериді. Түтікшелер 2 °С-ден 8 °С-ге дейінгі температурада 2 сағат бойы ұсталады.

Капиллярлық түтікшелердің бірін бөлу бағасы 0,5 °С термометрге зат термометр шаригіне тікелей жақын болатындай етіп бекітеді. Бекітілген капиллярлық түтікшесі бар термометр стақанның түбі мен термометр шаригінің төменгі бөлігі арасындағы қашықтық 1 см болатындай етіп стаканға орналастырылады. Стакан қабаттың биіктігі 5 см болатындай етіп сумен толтырылады. Судың температурасын 1 °С/мин жылдамдықпен көтереді.

Балку температурасы деп зат капиллярлық түтікше арқылы көтеріле бастайтын температура түсініледі.

Бұл операцияны басқа төрт капиллярлық түтікшемен қайталайды және нәтижені бес көрсеткіштің орташа мәні ретінде есептейді.

201020016-2019

2.1.2.16. Балку температурасы – шапшаң балқыту әдісі

Шапшаң балқыту әдісімен балқу температурасы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{t_1 + t_2}{2},$$

мұндағы: t_1 – төменде келтірілген шарттарда анықталатын бірінші температура;
 t_2 – төменде келтірілген шарттарда анықталатын екінші температура.

Аспап. Құрылғы жоғары жылу өткізгіштігі бар және сыналатын, мысалы, жезден жасалған затпен өзара әрекет етпейтін материалдан жасалған металл блоктан тұрады. Блоктың үстіңгі беті тегіс және мұқият жылтыратылған болуы тиіс. Блок бүкіл массасының бойымен микрореттеуі бар газ қыздырғышымен немесе жұқа реттелетін электр қыздырғышымен біркелкі қызады. Блокта термометрді орналастыру үшін жеткілікті кең цилиндрлік қуыс бар, ол калибрлеуде де, сыналатын заттың балқу температурасын анықтауда да бірдей күйде болуы тиіс. Цилиндрлік қуыс блоктың жылтыратылған жоғарғы бетіне параллель және одан шамамен 3 мм қашықтықта орналасқан. Аспап белгілі балқу температурасы бар қолайлы заттарды қолдана отырып калибрленеді.

Әдістеме. Блок болжанған балқу температурасынан 10 °С төмен температураға дейін тез қыздырылады, содан кейін қыздыру жылдамдығы шамамен 1 °С/мин. *Сусыз Р силикагельдің* үстіндегі вакуумда кептірілген жұқалап ұсақталған заттың бірнеше бөлшегін әр сынақтан кейін бетін тазартып, 24 сағат ішінде термометр шаригіне тікелей жақын блок бетіне тең уақыт аралығында лақтырылады. t_1 температурасын жазады, онда зат металмен үйкеліске түскен кезде бірден балқиды. Қызуды тоқтатады. Салқындату кезінде блоктың үстіңгі бетін әрбір сынақтан кейін тазарта отырып, заттың бірнеше бөлшектерін блоктың үстіңгі бетіне тең уақыт аралығында лақтырады. t_2 температурасын жазады, онда зат металмен үйкеліске түскен кезде бірден балқуды тоқтатады.

Аспапты калибрлеу. Аспапты калибрлеу үшін осы мақсаттарға жарамды қолайлы заттар қолданылады.

201020017-2019

2.1.2.17. Қатаю температурасы

Қатаю температурасы – бұл асыра суытылған сұйықтықтың қатаюы болатын ең жоғары температураны білдіреді.

Аспап. Аспап (2.1.2.17.-1-сурет) диаметрі шамамен 40 мм және ұзындығы шамамен 160 мм болатын басқа түтіктің ішіне орналастырылған, диаметрі шамамен 25 мм және ұзындығы шамамен 150 мм болатын анықтау жүргізуге арналған түтіктен тұрады. Ішкі

толығымен ерігенше шамамен белгілі бір температурадан 5 °С жоғары температурада су моншасына орналастырылады. Содан кейін ыдысты сумен немесе натрий хлоридінің қаныққан ерітіндісімен 5 °С температурада күтілетін қатаю температурасынан төмен толтырады. Ішкі пробирканы сыртқысымен бірге ыдысқа орналастырады, кристалдану орталықтарының бар-жоғына көз жеткізеді және сыналатын үлгіні қатаю кезінде мұқият араластырады. Қатаю кезінде байқалатын ең жоғары температураны белгілейді.

201020018-2019

2.1.2.18. Амперометрлік титрлеу

Амперометриялық титрлеу – бұл сандық талдау әдісі болып табылады, онда титрлеудің соңғы нүктесі қосылатын титранттың мөлшеріне байланысты талданатын ерітіндіге батырылған электродтар арасындағы токтың өзгеруімен анықталады. Электродтардың бірі – индикатор, екіншісі – тұрақты әлеуеті бар салыстыру электроды. Электродтарға қолданылатын кернеу индикаторлық электродтың әлеуеті титриметриялық реакцияға қатысатын электрохимиялық белсенді қосылыстардың разрядына негізделген шекті диффузиялық токты қамтамасыз ететіндей болуы тиіс.

Әдістің бір түрі – ерітіндіде тотығу-қалпына келтіру буы болған кезде катодты және анодты процестердің жүруіне жеткілікті кернеулі шағын беттік (әдетте платина немесе алтын) бірдей индикатор электродтарының жұбын қолдану болып табылады. Титрлеудің бұл түрі йодометриялық және нитритометриялық анықтамада, сондай-ақ К.Фишер әдісімен суды анықтау кезінде ұсынылады.

Жабдықтар. Амперометриялық титрлеуге арналған аспап реттелетін кернеуі бар тұрақты ток көзінен, микроамперметрден және электрод жұбынан тұрады. Индикаторлық электрод ретінде инертті электродтар қолданылады – платина, алтын, сынап тамшылары, графит немесе шыны көміртегі, сондай-ақ осы материалдардан жасалған айналмалы дискілі электродтар. Салыстыру электроды ретінде әдетте каломель немесе хлор күміс электроды қолданылады.

Үлкен кедергісі бар ортада титрлеу кезінде үш электрод схемасы қолданылуы мүмкін. Кернеу индикаторлық және қосалқы электродтарға қолданылады, ал индикаторлық электродтың қажетті әлеуеті салыстыру электродына қатысты орнатылады.

Әдістеме. Амперометрлік титрлеу кезінде электрохимиялық реакцияның жүруін қамтамасыз ететін индикаторлық электродтың әлеуеті орнатылады және қосылған титрант мөлшеріне байланысты ток шамасы тіркеледі. Титрлеу болжамды эквиваленттік нүктеге жеткеннен кейін жалғасады. Эквиваленттік нүктенің екі жағындағы кем дегенде үш нүкте түзу сызықта жатуы тиіс. Титрлеудің соңғы нүктесі екі түзу сызықтың қиылысу нүктесі болып табылады.

Екі индикаторлық электродпен амперометриялық титрлеу кезінде титрлеудің барлық қисығы тіркеледі және титрлеудің соңғы нүктесін анықтау үшін қолданылады.

Жеке фармакопоялық мақалаларда көрсетілетін параметрлердің тізбесі. Нақты параметрлер – индикаторлық электродтың типі, индикаторлық электродтың әлеуеті (немесе екі индикаторлық электродтың әлеуетінің әртүрлілігі), салыстыру электроды, талданатын заттың массасы, титранттың типі мен концентрациясы жеке фармакопоялық мақалаларда көрсетіледі.

201020019-2019

2.1.2.19. Потенциометриялық титрлеу

Потенциометриялық титрлеу кезінде (соңғы нүктені потенциалометриялық анықтаумен көлемді титрлеу) соңғы нүкте титранттың қосылған көлемінің функциясы ретінде сыналатын ерітіндіге батырылған 2 электрод (немесе 1 индикаторлық электрод және 1 салыстыру электроды немесе аралас электрод) арасындағы әлеуеттің өзгеруін тіркеу арқылы анықталады.

Аспап. Аспап милливольтметрді білдіреді. Титрлеудің сипатталған типі үшін ұсынылатын электродтарды қолдана отырып, өндіруші зауыттардың нұсқаулықтарына сәйкес пайдаланылатын коммерциялық қол жетімді автоматты титраторларды қолдануға болады.

Анықталатын заттың табиғатына байланысты шыны немесе металл болуы мүмкін (мысалы, платина, алтын немесе күміс) қолайлы индикатор электроды таңдалады.

Қышқыл-негізді титрлеу үшін әдетте аралас шыны электродтар қолданылады.

Әдіс. Үлгі ерітіндісін жеке фармакопоялық мақалада көрсетілгендей дайындайды. Қосу жылдамдығы мен соңғы нүктеге жақын қадамның шамасына ерекше назар аудара отырып, титранттың қолайлы аликвоттарын қосады. Титрлеуді оны нақты анықтау үшін болжанған соңғы нүктеден асырып жалғастырады.

Титрлеудің соңғы нүктесі әлеует мәнінің титрант көлеміне тәуелділігі графигіндегі әлеуеттің барынша өзгеруіне сәйкес келеді және титранттың тиісті көлемі ретінде көрінеді. Бірінші немесе екінші туындыны тіркеу соңғы нүктені анықтауға ықпал етуі мүмкін.

Әлсіз қышқылды немесе негізді сулы емес еріткіштерді пайдалана отырып потенциалометриялық титрлеу кезінде қажет болған жағдайда не бақылау тәжірибесін жүргізеді, не еріткіштердің қоспасын алдын ала бейтараптандырады. Егер осы мақсаттар үшін потенциалометриялық детекторлау орынды болмаса, еріткіштердің қоспасын тиісті индикаторды қолдана отырып титрлеу арқылы алдын-ала бейтараптандыруға болады. Кейбір мысалдар 2.1.2.19.-1-кестеде келтірілген.

2.1.2.19.-1-кесте – Еріткіштер қоспасын бейтараптандыруға қолайлы индикаторлар

Титрант	Индикатор
Хлор қышқылы	Кристалл күлгін ерітінді Р
Тетрабутиламмония	3 г/л тимол ерітіндісі
гидроксид	метанолдағы Р көк Р

201020020-2019

2.1.2.20. Флуориметрия

Флуориметрия - сыналатын зат сәуле тарататын флуоресценцияның қарқындылығын стандартты үлгі сәуле тарататын флуоресценцияға біршама өлшеуге негізделген талдау әдісі.

Әдіс. Жеке фармакопоялық бөлімде аталған еріткіште немесе еріткіштер қоспасында сыналатын затты ерітеді. Алынған ерітіндіні астаушаға немесе флуориметр камерасына салады және жеке фармакопоялық бөлімде аталған толқын ұзындығы кезінде мүмкіндігінше көп біртүстілігі бар қоздыратын жарықпен сәулелендіреді.

Шығатын сәуленің қарқындылығын ең жоғары флуоресценция толқынының ұзындығымен таңдамалы сәуле өткізетін сүзгі арқылы өткеннен кейін қоздыратын сәулеге қатысты 90° бұрышта өлшейді. Егер ұқсас нәтиже алынатын болса аспаптардың басқа да түрлері қолданылуы мүмкін.

Сандық анықтаулар жүргізген кезде аспапқа сыналатын затты ерітуге қолданылатын еріткішті немесе еріткіштер қоспасын салады және аспаптың тіркейтін құрылғысын нөлдік мағынаға орнатады. Сосын стандартты ерітіндіні салады және аспаптың сезімталдығын көрсеткіштер үні 50-ден жоғары болатындай етіп орнатады. Егер басқа реттеу саңылау енін өзгерте отырып жүргізілген болса тіркейтін құрылғыны қайтадан нөлдік мағынаға орнатады және тағы да стандартты ерітіндінің флуоресценция қарқындылығын өлшейді. Сосын аспапқа белгісіз концентрациялы болатын сыналатын затты салады және аспаптың көрсеткіштерін тіркейді. Ерітіндідегі сыналатын заттың концентрациясын (c_x) мына формула арқылы есептейді:

$$c_x = \frac{I_x c_s}{I_s},$$

мұндағы: c_x — сыналатын ерітіндінің концентрациясы;

c_s — стандартты ерітіндінің концентрациясы;

I_x — сыналатын ерітіндінің флуоресценция қарқындылығы;

I_s — стандартты ерітіндінің флуоресценция қарқындылығы.

Егер флуоресценция қарқындылығының мағынасы ерітінділер концентрациясының мағынасына аса дәлме-дәл пропорционалды болмаса өлшеулер дәлме-дәлдеу кестесін қолдана отырып жүргізілуі мүмкін.

Кейбір жағдайларда өлшеулер бекітілген стандартты қолдана отырып жүргізілуі мүмкін (мысалы, флуоресценттеуші шыныны немесе флуоресценттеуші сұйықтықтың

ерітіндісін). Мұндай жағдайларда сыналатын заттың концентрациясы тура сондай жағдайларда құрылған дәлме-дәлдеу кестесін қолдана отырып анықталуы мүмкін.

201020021-2019

2.1.2.21. Атомдық-эмиссиялық спектрометрия

НЕГІЗГІ ПРИНЦИП

Атомдық эмиссия - қозған атомдармен немесе иондармен электромагниттік сәуле шығару процесі. **Сыналатын үлгі атомдық-эмиссиялық спектрометрияда сыналатын үлгі сыналатын үлгінің атомдарын қоздыруға және ионизациялануға апаратын атомдарға ыдыратуды да, елеулі соқтығысуларды да шақыратын жеткілікті жоғары температураның әсеріне түседі.** Қоздырылған жағдайда болатын атомдар және иондар жылулық немесе сәуле шығаратын энергияны бере отырып және электромагниттік сәулені шығара (эмиссиялай) отырып негізгі энергетикалық жағдайға қайта келуге қабілетті. Элементтің эмиссиялық спектрі тиісті абсорбциялық спектрге қарағанда біршама көп сызықтардан тұрады.

Атомдық-эмиссиялық спектрометрия – элементтің атомдық буының эмиссиялық сызықтарының бірінің қарқындылығын өлшеу арқылы сыналатын үлгіде химиялық элементтің құрамын анықтау әдісі. Анықтауды таңдалған эмиссиялық сызыққа сәйкес келетін толқын ұзындығы кезінде анықтайды.

Осы жалпы фармакопоялық бөлімде тек қана жалынды атомдану қаралады. Плазмамен индуктивті байланысқан **атомдық-эмиссиялық спектрометрия** әдісі (ПИБ-АЭС) басқа жалпы фармакопоялық бөлімде сипатталған.

АСПАП

Аспаптың басты құрамдас бөліктері мыналар болып табылады:

- үлгіні енгізу және шашырату жүйесі;
- атомдық будың жалынды генераторы;
- монохроматор;
- детектор;
- деректерді жинау блогы.

Жалынды алу үшін оттегімен немесе ауамен үйлестіре отырып сутегі, ацетилен, пропан немесе бутан қолданылуы мүмкін. Атомдық будың генераторын таңдау күрделі кезеңі болып табылады, себебі ол атомдарды қоздыру және шашырату үшін жеткілікті энергиямен қамтамасыз етуі қажет. Атомдық будың жалынды генераторын қолдана отырып алынған атомдық спектрлердің басқа типті атомдық будың генераторларын қолдана отырып алынған спектрлермен салыстырғанда қарапайымдау болғандықтан артықшылықтары бар, бірақ оны қолдануды негізгі лимиттейтін фактор болып көптеген элементтердің атомдарын қоздыру үшін қуаттылығының жеткіліксіздігі табылады. Сыналатын ерітінділерді және салыстыру ерітінділерін дайындау үшін қолайлы еріткіш қышқылтылған су болып табылады, бірақ егер олар жалынның

тұрақтылығына әсер етпейтіні дәлелденген болса, органикалық еріткіштер де қолданылуы мүмкін.

ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ

Спектрлік интерференцияны спектрдің қолайлы сызығын өлшеу немесе тесіктің енін іріктеу үшін таңдау жолымен азайтады немесе алып тастайды. Физикалық интерференцияны сыналатын үлгінің ерітіндісін араластыру, қалыпты іріктеу немесе стандартты қосындылар әдісін қолдану арқылы түзетіледі. Химиялық интерференцияны химиялық түрлендіргіштерді немесе иондаушы буферлерді қолдана отырып азайтады.

ЖАДЫ ӘСЕРІ

Аспаптағы анықталатын элементті тұндырумен шартталған жады әсерінің ықпалы сынақтар арасында аспапты мұқият жуу, егер мүмкін болса, осылайша тұздың құрамын төмендету үшін өлшенетін ерітінділерді араластыру және мүмкіндігінше тезірек ерітінділерді бүркіп енгізу арқылы төмендетілуі мүмкін.

ӘДІС

Анықтау анықталатын элементтің белгілі концентрациясы бар стандартты ерітінділермен салыстыру жолы арқылы калибрлеу графигі әдісімен (I әдіс) немесе стандартты қосындылар әдісімен (II әдіс) өткізеді.

Атомдық-эмиссиялық спектрометрді өндіруші-зауыттың нұсқаулығына сәйкес режимге әкеледі және толқынның қажетті ұзындығын орнатады. Үлгінің қалыбын ескере отырып талданатын элементті анықтау үшін қажетті (жалын температурасы, шілтерді күйге келтіру, иондық буферді қолдану, ерітінділер концентрациясы) тәжірибе параметрлерін орнатады. Атомдық бу генераторына бақылау ерітіндісін енгізеді және тіркейтін құрылғыны нөлдік мағынаға немесе бақылау тәжірибесінің мағынасына келтіреді. Ең жоғары концентрациясы бар анықталатын элементтің салыстыру ерітіндісін енгізеді және өлшеулердің оңтайлы диапазонында тіркелетін дабыл алуға болатындай етіп аспапты күйге келтіреді.

Ерітінділер концентрациясы калибрлеу графигінің сызықтық бөлігінде орналастырылғаны қолайлырақ. Егер бұл мүмкін болмаса, ыңғайлы бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдана отырып қисық сызықты калибрлеу кестелері қолданылуы мүмкін.

Тәжірибені жүргізудің барлық кезеңдерінде мүмкіндігінше полимерлік зертханалық ыдысты қолдану ұсынылады.

I ӘДІС - КАЛИБРЛЕУ ГРАФИГІ ӘДІСІ

Әдетте өлшеулер үшін анықталатын элементтің үш салыстыру ерітіндісін және бақылау ерітіндісін дайындайды және қолданады.

Сыналатын үлгінің ерітіндісін (сыналатын ерітінді) жеке фармакопоялық бөлімде көрсетілгендей дайындайды. Анықталатын элементтің кем дегенде үш

салыстыру ерітінділерін сыналатын ерітіндіде бұл ерітінділер концентрациясының диапазоны анықталатын элементтің концентрациясының күтілетін мағынасын қосатындай болып дайындайды. Сандық талдау үшін калибрлеудің оңтайлы мағыналары анықталатын элементтің күтілетін құрамынан немесе жеке фармакопоялық бөлімде көрсетілген шектен 0,7-ден 1,3-ке дейінгі диапазонда орналасуы қажет. Құрамында қоспалардың болуын талдау үшін калибрлеудің оңтайлы мағыналары анықталатын элемент үшін табу шегінен шекті мәннен 1,2-ге дейін диапазонда орналасуы қажет. Сыналатын ерітіндіні дайындаған кезде қолданылатын кез-келген реактивтерді бақылау ерітінділеріне және салыстыру ерітінділеріне сыналатын ерітіндіге қосатындай мөлшерде қосады.

Тұрақты нәтижелерді алу үшін бірдей қайталаулар санын қолдана отырып ерітінділерді енгізеді.

Есептеу. Салыстыру ерітінділерінің эмиссиясының орташа мағыналы тәуелділік калибрлеу қисығын ол бойынша сыналатын ерітіндіде элементтің концентрациясын анықтайтын концентрациядан құрады.

II ӘДІС - СТАНДАРТТЫ ҚОСПАЛАР ӘДІСІ

Сыналатын үлгінің ерітіндісін (сыналатын ерітінді) жеке фармакопоялық бөлімде көрсетілгендей дайындайды. Сыналатын ерітіндінің бірдей көлемін үштен кем емес бірдей көлемді шыны сауыттарға салады. Біреуінен басқа барлық колбаларға оның эмиссиясының мағынасы, егер бұл мүмкін болса, калибрлеу графигінің сызықтық аймағында орналасатын элементтің тұрақты ұлғаятын концентрациясынан тұратын ерітінділер сериясын ала отырып анықталатын элементтің белгілі концентрациясы бар салыстыру ерітіндісінің бара-бар ұлғаятын көлемін қосады. Әрбір шыны сауыттың ішіндегісін еріткішпен белгіге дейін жеткізеді.

Тұрақты нәтижелерді алу үшін бірдей қайталаулар санын қолдана отырып ерітінділерді енгізеді.

Есептеу. Ең кішкентай шаршылар әдісімен кестенің сызықтық теңдігін және ол арқылы сыналатын ерітіндіде анықталатын элементтің концентрациясын есептейді.

ӘДІСТЕМЕНІҢ ВАЛИДАЦИЯСЫ

Жеке фармакопоялық бөлімде суреттелген белгілі бір уақыт аралықтарынан кейін әдістеменің қанағаттанарлықтай орындалғанын верификациялайды.

ЖЕЛІЛІК

Концентрациясы калибрлеу диапазонының шегінде болатын кемінде төрт салыстыру ерітінділерін және бақылау ерітіндісін дайындайды және талдайды. Кемінде бес өлшеу жүргізеді.

Барлық алынған деректерді қолдана отырып ең кіші шаршылар әдісімен калибрлеу қисығын есептейді. Регрессия қисығын орташа мағыналарды, өлшенген мағыналарды және калибрлеу графигінің сенімді аралығын белгілей отырып құрады. Мынадай талаптарды сақтаған жағдайда әдіс жарамды болып табылады:

өзара байланыстылық корреляциясы 0,99-дан кем болмау керек;

калибрлеу графигінде әрбір калибрлеу деңгейінің қателіктері кездейсоқ тәсілмен бөлінуі қажет.

Ең кіші және ең үлкен калибрлеу деңгейі үшін орташа мағынаны және салыстырмалы стандартты ауытқуды есептейді.

Егер ең кіші және ең үлкен калибрлеу деңгейінің есептелген стандартты ауытқуының қатынасы 0,5-тен кем немесе 2,0-ден артық болса, онда калибрлеу графигінің ең дәл бағалауы өлшенген сызықтық регрессияны қолдана отырып алынуы мүмкін. Сызықтық және квадраттық салмақ функциялары алынған деректерге салмақ функциясын қолдану үшін ең қолайлысын табу үшін қолданылады. Егер орташа мағыналар калибрлеу графигімен салыстырған кезде сызықтылықтан ауытқулар көрсетсе, екі өлшеуішті сызықтық регрессияны қолданады.

ДҰРЫСТЫҒЫ

Дұрыстылығын сертификатталған стандартты үлгілерді қолдана отырып верификациялаған қолайлы. Егер бұл мүмкін емес болса ашылатындығын тексереді.

Ашылуы. Сандық анықтау әдістемелері жағдайында ашылатындығы 90 %-дан 110 %-ға дейін болуы қажет. Басқа анықтаулар үшін, мысалы элементтің іздік санын анықтау үшін ашылатындығы теориялық мағынадан 80 %-дан 120 %-ға дейін болуы қажет. Ашылатындығы анықталатын элементтің белгілі бір мөлшерінен (калибрлеу графигінің орташа концентрациясы) тұратын қолайлы салыстыру ерітіндісін (қалыптық ерітінді) қолдана отырып анықталуы мүмкін.

ҚАЙТАЛАНУЫ

Қайталану сандық анықтау үшін 3 %-дан аспауға және қоспалардың бар-жоғын сынау үшін 5 %-дан сапауға тиіс.

САНДЫҚ АНЫҚТАУ ШЕГІ

Сандық анықтау шегі (мысалы, 10а шамаласты қолдана отырып анықталған) өлшенетін мағынадан төмен екеніне көз жеткізеді.

201020022-2019

2.1.2.22. Атомдық-абсорбциялық спектрометрия

НЕГІЗГІ ПРИНЦИП

Атомдық абсорбция — толқынның ерекше ұзындығының электромагниттік сәуле шығаруын атомның негізгі жағдайдан қозу жағдайына ауыса отырып жұту процесі. Атомдар негізгі жағдайында энергияны резонанстық жиілікпен жұтады және мұндай резонанстық жұту салдарынан электромагниттік сәуле шығарулар әлсірейді. Жұтылған энергия іс жүзінде бар атомдардың санына тікелей бара-бар.

Осы жалпы фармакопоялық бөлім жалпы ақпаратты ұсынады және элементтерді **атомдық-абсорбциялық спектрометрия** арқылы немесе жалынды қолдана отырып атомдау, графиттік пеште электротермиялық буландыру арқылы немесе сынапты анықтау үшін суық бу тәсілімен анықтау кезінде іс-қимылдар тәртібін анықтайды.

Атомдық-**абсорбциялық** спектрометрия — сыналатын үлгінің элементінің атомдық буымен электромагниттік сәуле шығаруды жұтуын өлшеу жолымен сыналатын үлгідегі элементтің концентрациясын анықтау әдісі. Анықталатын элементтің жұту сызықтарының бірінің (резонанстық сызықтар) толқынының ұзындығы кезінде сынақты өткізеді. Жұтылған сәуленің саны, Бугер-Ламберт-Бер заңына сәйкес, элементтің концентрациясына бара-бар.

АСПАП

Аспаптың басты құрамдас бөліктері мыналар болып табылады:

- сәуле шығару көзі;
- үлгіні енгізу және шашырату жүйесі;
- атомизатор;
- монохроматор немесе полихроматор;
- детектор;
- деректерді жинау блогы.

Аспапты әдетте фонды түзету жүйесімен жабдықтайды. Сәуле шығару көзі ретінде қуыс катоды бар шамдарды (ҚКШ, *HCL* — *hollow-cathodelamp*) және электродсыз газразрядтық шамдарды (ЭГШ, *EDL* — *electrodeless- dischargelamp*) қолданады. Мұндай шамдардың сәулесінде шамамен 0,002 нм жартыені бар өте тар сызықтардан тұратын анықталатын элементтің спектрі бар.

Атомизаторлардың үш түрі бар:

Жалынды әдіс

Жалынды атомизатор аэрозоль алуға арналған пневматикалық құрылғысы бар тозандату жүйесінен, газ реттеушісінен және шілтерден тұрады. 2000 К-дан 3000 К-ға дейін температураны алу үшін жанатын газдың (пропан, сутегі және ацетилен) және тотықтырғыштың (ауа және азот оксиді) әртүрлі қоспаларын қолданады. Шілтердің конфигурациясын қолданылатын газға бейімдеуге болады, газды жіберу жылдамдығы реттеледі. Сыналатын ерітінділерді және салыстыру ерітінділерін дайындауға арналған қолайлы еріткіш ретінде қышқылдандырылған суды қолдана отырып үлгілерді тозандатады. Егер жалынның тұрақтылығына әсер етпейтіні кепілдендірілген болса, органикалық еріткіштер де қолданылуы мүмкін.

Электртермиялық атомдау әдісі

Электртермиялық атомизатордың негізгі құраушысы болып графитті түтікшелі пеш және электр энергиясының көзі табылады. Графитті түтікшелі пешті қолданған кезде үлгінің толық атомдануы болады және атомдық бу ұзақ уақыт ішінде сәуле шығару жолында ұсталып тұрады, бұл анықтау пегін жақсартады. Үлгілерді (сұйықтықтар және қатты заттар) графитті түтікшелі пешке тікелей енгізеді, ол алдымен үлгіні кептіріп, сосын күйдіру жолымен матрикстің негізгі құрамдауыштарын алып тастап, содан кейін барлық анықталатын элементті атомдандырып берілген бағдарлама бойынша біртіндеп қызады, ол алдымен үлгіні кептіреді, сосын күйдіру жолымен матрикстің негізгі құрамдауыштарын алып тастайды, содан кейін барлық анықталатын элементті атомдандырады. Пешті атомдандыру температурасына қарағанда оны жоғарырақ температураға дейін қыздыра отырып тазартады. Күйдіру кезінде графитті пешті инертті газбен үрлеу атомдану процесінің сапалырақ болуына әкеледі.

Суық бу әдісі және гибридік тәсіл

Атомдық бу спектрометрден тыс та алынуы мүмкін. Атомдық буды алудың мұндай әдісін сынапты анықтаған кезде немесе күшала, сүрме, висмут, селен және қалайы сияқты гидридтер түзетін элементтерді анықтау үшін суық бу тәсілінде қолданады. Сынапты анықтаған жағдайда хлоридтің қалайысы немесе натрийдің натрийі көмегімен атомдар химиялық қалпына келтіру арқылы өндіріледі, содан кейін шам шығаратын сәуленің жолында орналасқан суық кварцты астаушаға инертті газдың көмегімен атомдық буды тез ауыстырады. Мұндай жолмен өндірілген гидридтер инертті газдың көмегімен ыстық астаушаға ауыстырылады, онда олар атомдарға ыдырайды.

ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ

Атомдық абсорбцияны өлшеулер кезінде химиялық, физикалық, иондаушы және спектрлік интерференциялар орын алуы мүмкін. Матрикстің немесе босатып жіберетін агенттердің модификаторларын қолдана отырып немесе азот оксиді – ацетиленнің жалынының жоғары температураларын қолдана отырып химиялық интерференцияның орнын толтырады. Арнайы иондаушы буферлерді (мысалы, лантандық немесе цезийлік) қолдана отырып иондаушы интерференцияның орнын толтырады. Тұздың жоғары құрамымен немесе тұтқырлығымен шартталған физикалық интерференцияны стандартты қоспалар тәсілі немесе матриксті іріктеу арқылы үлгіні араластыруды қолдана отырып орнын толтырады. Спектрлік интерференция резонанстық сызықтарды қалқалау кезінде орын алады, және оны болдырмау үшін басқа резонанстық сызықты қолданады. Зеeman фонын түзетуді қолдану да спектрлік интерференцияның және молекулалардың шығарылған сәулелерді, әсіресе электртермиялық атомдау әдісін қолданған кезде, жұтуымен байланысты орнын толтырады. Сонымен қатар спектрлік интерференцияға қуысты катоды бар көп элементті шамдарды қолдану да әкелуі

мүмкін. Спецификалық немесе спецификалық емес сәулені жұтуды монохроматор тесігінің таңдап алынған енімен (0,2 - 2 нм) анықталатын спектрлік диапазонында өлшейді.

ФОНДЫ ТҮЗЕТУ

Шашырату және фон жалынмен атомдау кезінде немесе электртермиялық атомдау кезінде өлшенетін жұтудың мағынасын ұлғайтады. Фонмен жұту толқындардың ұзындығының кең диапазонын қамти тұра, атомдар 0,005 – 0,02 нм қатарындағы өте тар диапазондарында жұтады. Анықталатын элементті ескермегенде, тура үлгінің ерітіндісінің құрамындай бақылау ерітіндісін қолдана отырып фонмен жұтуды түзетеді, бұны бірақ көбінесе жүзеге асыру мүмкін емес. Электртермиялық атомдау кезінде күйдіру температурасы фондық сіңірілуге әкелетін матрикстің шіру өнімдерін алып тастайтындай етіп таңдалуы қажет. Фонды түзету әртүрлі екі энергия көздерін қолдана отырып та өткізілуі мүмкін: қуысты катоды бар шамдардың көмегімен жалпы жұтуды өлшейді (элемент + фон) және үздіксіз эмиссиясы бар дейтерий шамдарының көмегімен фондық сіңірілуді өлшейді. Фонды түзету үшін дейтерий шамынан алынған дабылды қуысты катоды бар шамнан алынған дабылдан алып тастайды. Бұл әдіс дейтерий шамының спектрлік диапазонымен (190 нм-дан 400 нм-ға дейін) шектелген. Фондық сіңірілу толқынның екі ұзындықтары кезінде: резонанстық сызықта және резонанстыққа жақын, бірақ онда үлгінің сіңіруі бақыланбайтын болған кезде, толқынның ұзындығында сіңірілуді өлшеу жолымен табылуы да мүмкін және кейіннен жұтудан толқынның екінші ұзындығының сіңірілуінің резонанстық сызығының сіңірілуін алып тастайды.

Фонды түзетудің тағы бір әдісі – Зеeman әсері (магниттік алаңда сіңірілуі сызығының Zeeman бөлшектенуіне негізделген). Бұл әдіс егер фонның құрылымы жұқа болған жағдайда әсіресе пайдалы, сонымен қатар 185 нм-дан 900 нм-ға дейін диапазонында фонды түзетуге елеулі мүмкіндік береді.

СЫНАУДЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫН ТАҢДАУ

Анықталатын элемент үшін қолайлы толқынның ұзындығын және тесіктің енін таңдағаннан кейін келесі кезеңдерді қарастырады:

спецификалық емес фондық сіңіруді түзету;

үлгіге, сондай-ақ бақылау ерітіндісіне және салыстыру ерітінділеріне химиялық модификаторларды немесе иондаушы буферлерді қосу қажеттілігі;

үлгіні араластыру (мысалы, физикалық интерференцияны барынша азайту үшін);

температуралық бағдарламаның бөлшектері, алдын-ала қыздыру, кептіру, күйдіру, атомдау, сызықтық өсіп кету уақытымен және ұстап тұру уақытымен постатомдану;

инертті газдың шығыны;

электртермиялық атомдау (пеш) үшін матрикстің модификаторлары;

суық буы бар астаушаның температурасымен немесе қыздырылатын астаушаның температурасымен бірге сынапты немесе басқа гидрид түзгіш элементтерді анықтау үшін химиялық қалпына келтіретін реагенттер;

- пешті орындау бойынша техникалық талаптар (камера, Львов платформасы және басқалар).

ӘДІС

Анықтауды анықталатын элементтің белгілі концентрациясы бар стандартты ерітінділермен салыстыру жолы арқылы калибрлеу графигі әдісімен (I әдіс) немесе стандартты қосындылар әдісімен (II әдіс) өткізеді.

Атомдық-абсорбциялық спектрометрді өндіруші-зауыттың нұсқаулығына сәйкес режимге әкеледі және толқынның қажетті ұзындығын орнатады. Атомдық бу генераторына бақылау ерітіндісін енгізеді және тіркейтін құрылғыны максималды өткізуге келтіреді. Бақылау ерітіндісіне арналған мағына аспаптың нөлдік мағынаға орнату үшін еріткішті қолдану жолымен анықталуы мүмкін. Ең жоғары концентрациясы бар анықталатын элементтің салыстыру ерітіндісін енгізеді және максималды тіркелетін дабылды алуға болатындай етіп аспапты күйге келтіреді. Ластанудың және жады әсерінің ықпалының алдын алу мақсатында аспапты мұқият жуады. Талдауды аяқтағаннан кейін аспапты *P сумен* немесе қышқылдандырылған сумен жуады.

Егер қатты үлгілерді енгізу техникасын қолданған жағдайда сынауды өткізудің барлық шарттарын жеке фармакопоялық бөлімде сипаттайды.

Ерітінділер концентрациясы калибрлеу графигінің сызықтық бөлігінде орналастырылғаны қолайлырақ. Егер бұл мүмкін болмаса, ыңғайлы бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдана отырып қисық сызықты калибрлеу кестелері қолданылуы мүмкін.

Тәжірибені жүргізудің барлық кезеңдерінде мүмкіндігінше полимерлік зертханалық ыдысты қолдану ұсынылады. Үлгінің матриксін тазарту үшін және/немесе құрамында көміртегі бар заттарды алып тастау үшін үлгіні дайындау үшін еріту, шіріту (әдетте, микротолқынды пеште) күлдену немесе осы аталған операциялардың барлығын үйлестіру қажет болуы мүмкін. Жеке фармакопоялық бөлімде басқа нұсқаулар көрсетілмеген жағдайда, егер үрдіс ашық жүйеде өткізілсе кейбір металлдардың ұшқыштығына байланысты қыздыру температурасы 600 °C-тан аспауы қажет.

I ӘДІС — КАЛИБРЛЕУ ГРАФИГИ ӘДІСІ

Әдетте өлшеулер үшін анықталатын элементтің үш салыстыру ерітіндісін және бақылау ерітіндісін дайындайды және қолданады.

Сыналатын ерітіндіні жеке фармакопоялық бөлімде көрсетілгендей дайындайды. Анықталатын элементтің кем дегенде үш салыстыру ерітінділерін сыналатын ерітіндіде бұл ерітінділер концентрациясының диапазоны анықталатын элементтің концентрациясының күтілетін мағынасын қосатындай болып дайындайды. Сандық

талдау үшін калибрлеудің оңтайлы мағыналары анықталатын элементтің күтілетін құрамынан немесе жеке фармакопоялық бөлімде көрсетілген шектен 0,7-ден 1,3-ке дейінгі диапазонда орналасуы қажет. Құрамында қоспалардың болуын талдау үшін калибрлеудің оңтайлы мағыналары анықталатын элемент үшін табу шегінен шекті мәннен 1,2-ге дейін диапазонда орналасуы қажет. Сыналатын ерітіндіні дайындаған кезде қолданылатын кез-келген реактивтерді бақылау ерітінділеріне және салыстыру ерітінділеріне сыналатын ерітіндіге қосатындай мөлшерде қосады.

Тұрақты нәтижелерді алу үшін бірдей қайталаулар санын қолдана отырып ерітінділерді енгізеді.

Есептеу. Салыстыру ерітінділері сіңірілуінің орташа мағыналы тәуелділік калибрлеу қисығын ол бойынша сыналатын ерітіндіде элементтің концентрациясын анықтайтын концентрациядан құрады.

II ӘДІС - СТАНДАРТТЫ ҚОСПАЛАР ӘДІСІ

Сыналатын ерітіндіні жеке фармакопоялық бөлімде көрсетілгендей дайындайды. Сыналатын ерітіндінің бірдей көлемін үштен кем емес бірдей көлемді шыны сауыттарға салады. Біреуінен басқа барлық колбаларға оның мағынасын, егер бұл мүмкін болса, сызықтық аймағында орналасатын анықталатын элементтің тұрақты ұлғаятын концентрациясынан тұратын ерітінділер сериясын ала отырып анықталатын элементтің белгілі концентрациясы бар салыстыру ерітіндісінің бара-бар ұлғаятын көлемін қосады. Әрбір шыны сауыттың ішіндегісін еріткішпен белгіге дейін жеткізеді.

Тұрақты нәтижелерді алу үшін бірдей қайталаулар санын қолдана отырып ерітінділерді енгізеді.

Есептеу. Ең кішкентай шаршылар әдісімен графиктің сызықтық теңдігін және ол арқылы сыналатын ерітіндіде анықталатын элементтің концентрациясын есептейді.

ӘДІСТЕМЕНІҢ ВАЛИДАЦИЯСЫ

Жеке фармакопоялық бөлімде суреттелген белгілі бір уақыт аралықтарынан кейін әдістеменің қанағаттанарлықтай орындалғанын верификациялайды.

ЖЕЛІЛІК

Олардың концентрациясы калибрлеу диапазонының шегінде болатын төрттен кем емес салыстыру ерітінділерін және бақылау ерітіндісін дайындайды және талдайды. Бестен кем емес өлшеулер жүргізеді.

Барлық алынған деректерді қолдана отырып ең кіші шаршылар әдісімен калибрлеу қисығын есептейді. Регрессия қисығын орташа мағыналарды, өлшенген мағыналарды және калибрлеу графигінің сенімді аралығын белгілей отырып құрады. Мынадай талаптарды сақтаған жағдайда әдіс жарамды болып табылады:

өзара байланыстылық корреляциясы 0,99-дан кем болмау керек;

калибрлеу графигінде әрбір калибрлеу деңгейінің қателіктері кездейсоқ тәсілмен бөлінуі қажет.

Ең кіші және ең үлкен калибрлеу деңгейі үшін орташа мағынаны және салыстырмалы стандартты ауытқуды есептейді.

Егер ең кіші және ең үлкен калибрлеу деңгейінің есептелген стандартты ауытқуының қатынасы 0,5-тен кем немесе 2,0-ден артық болса, онда калибрлеу графигінің ең дәл бағалауы өлшенген сызықтық регрессияны қолдана отырып алынуы мүмкін. Сызықтық та, квадраттық та салмақ функциялары алынған деректерге салмақ функциясын қолдану үшін ең қолайлысын табу үшін қолданылады. Егер орташа мағыналар калибрлеу графигімен салыстырған кезде сызықтылықтан ауытқулар көрсетсе, екі өлшеуішті сызықтық регрессияны қолданады.

ДҰРЫСТЫҒЫ

Дұрыстылығын сертификатталған стандартты үлгілерді қолдана отырып верификациялаған қолайлы. Егер бұл мүмкін емес болса ашылатындығын тексереді.

Ашылуы. Сандық анықтау әдістемелері жағдайында ашылатындығы 90 %-дан 110 %-ға дейін болуы қажет. Басқа анықтаулар үшін, мысалы элементтің іздік санын анықтау үшін ашылатындығы теориялық мағынадан 80 %-дан 120 %-ға дейін болуы қажет. Ашылатындығы анықталатын элементтің белгілі бір мөлшерінен (калибрлеу графигінің орташа концентрациясы) тұратын қолайлы салыстыру ерітіндісін (қалыптық ерітінді) қолдана отырып анықталуы мүмкін

ҚАЙТАЛАНУЫ

Қайталану сандық анықтау үшін 3 %-дан артық және қоспалар құрамына сынау үшін 5 %-дан артық болмауы қажет.

САНДЫҚ АНЫҚТАУ ШЕГІ

Сандық анықтау шегі (мысалы, 10а шамаласты қолдана отырып анықталған) өлшенетін мағынадан төмен екеніне көз жеткізеді.

201020023-2019

2.1.2.23. Инфрақызыл саладағы абсорбциялық спектрофотометрия

Инфрақызыл спектрофотометрлер 4000 см^{-1} - 650 см^{-1} (2,5 мкм 15,4 мкм дейін) аралығындағы, ал кейбір жағдайларда 200 см^{-1} (50 мкм дейін) дейінгі саладағы спектрлерді жазу үшін қолданады.

АСПАП

Спектрлерді жазуға арналған спектрофотометрлер тиісті сәуленің шығу көзінен, монохроматордан немесе интерферометрден және детектордан тұрады.

Фурье-түрлендіруі бар спектрофотометрлерде полихроматикалық сәуле шығару қолданылып, бастапқы деректерді Фурье-түрлендіру арқылы берілген жиіліктер саласындағы спектр есептеледі. Сондай-ақ өлшенетін саладағы монохроматикалық сәуле шығару қабілеті бар оптикалық жүйемен жабдықталған спектрофотометрлер пайдаланыла алады. Әдетте спектр өткізу функциясы, яғни өткен сәулеленуден үлгіге

түсетін сәуле шығару қарқындылығының арақатынасы ретінде беріледі. Дегенмен де сіңіру функциясы ретінде де берілуі мүмкін.

Оптикалық тығыздық (A) кері өткізу шамасының (T) ондық логарифмі ретінде айқындалады:

$$A = \log_{10} \left(\frac{1}{T} \right) = \log_{10} \left(\frac{I_0}{I} \right),$$

мұнда

$$T = \frac{I}{I_0};$$

I_0 – затқа түсетін сәулелердің таралу қарқыны;

I – зат арқылы өткен сәулелердің таралу қарқыны.

ҮЛГІНІ ДАЙЫНДАУ

ӨТКІЗУ НЕМЕСЕ СІҢІРУ СПЕКТРЛЕРІН

ШЫҒАРУ ҮШІН

Сынақтан өткізілетін үлгіні мынадай әдістемелердің біреуі бойынша дайындайды.

Сұйықтықтар. Сұйықтықтар инфрақызыл сәулелендіру үшін мөлдір екі пластина арасында орналасқан қабыршақ түрінде немесе инфрақызыл сәулелендіру үшін мөлдір болып табылатын тиісті қабат қалыңдығы бар кюветте зерттеледі.

Сұйықтықтар немесе ерітіндідегі қатты заттар. Сынақтан өткізілетін үлгінің ерітіндісі тиісті еріткіште дайындалады. Қанағаттанарлық спектрге қол жеткізуге мүмкіндік беретін заттың шоғырлануы мен кювет қабатының қалыңдығы таңдалады. Әдетте жақсы нәтижелерге 10 г/л – 100 г/л шоғырлануында және 0,5 мм – 0,1 мм-ге дейінгі қабат қалыңдығында қол жеткізіледі. Еріткіштің сіңірілуін салыстыру арнасына таңдалған еріткіш салынған ұқсас кюветті орналастыру арқылы өтейді. Фурье-түрлендіруі бар аспапты қолданған кезде кезек кезекпен еріткіш спектрі мен үлгі спектрін жазып, өтеу коэффициентін ескере отырып, еріткіштің сіңіруін шегереді.

Қатты заттар. Қатты заттар лайықты сұйықтықты бөлшектеу жолымен алынған суспензиялар түрінде немесе қатты күйінде (галогенидтенден тұратын дискілер) зерттеледі. Жеке фармакопепялық мақалада көрсетілсе, инфрақызыл сәулелендіру үшін мөлдір екі пластина арасындағы балқытылған массадан қабыршақ қалыптастырылады.

а) Суспензия. Сынақтан өткізілетін заттың шағын мөлшері вазелин майының Р немесе басқа да жарамды сұйықтықтың ең аз көлемімен ұнтақталады; әдетте сынақтан өткізілетін заттың 5 мг-нан 10 мг-на дейінгі көлемі вазелин майының Р бір тамшысын қолдану арқылы жарамды суспензия алу үшін жеткілікті болады. Алынған суспензия инфрақызыл сәулелендіру үшін мөлдір екі пластина арасында сығылады.

б) Дискілер. Сынақтан өткізілетін заттың 1 мг-нан 2 мг-на дейін, жеке фармакопоялық мақалада басқа нұсқаулар болмағанда, мұқият ұнтақталған және кептірілген калий бромидінің Р немесе калий хлоридінің Р 300 – 400 мг ұнтақталады. Әдетте бұл мөлшерлер диаметрі 10 – 15 мм дискіні және тиісті қарқындағы спектрді шығару үшін жеткілікті болады. Егер зат гидрохлорид болып табылса, калий хлоридін Р қолдану ұсынылады. Қоспа әбден ұнтақталып, біркелкі етіп пуансонға орналастырылады және 800 МПа (8 т·см²) жуық қысымда престеледі. Қалыпты атмосфералық жағдайларда тұрақсыз немесе ылғал тартқыш заттардан тұратын дискілер вакуумда престеледі. Жеткіліксіз немесе аса ұнтақтау, ылғалдық немесе дисперсиялық ортадағы өзге де қоспалар және бөлшектердің жеткіліксіз ұсақталуы секілді факторлар сапасыз дискілердің түзілу себебі болуы мүмкін. Егер көзбен тексергенде, олар мөлдірлігі бойынша біркелкі емес болса немесе 2000 см⁻¹ (5 мкм) өткізгіштігі затты сіңірудің арнайы жолағы болмағанда, өтеусіз 60 %-дан кем болса, диск сынақтан өткізуге жарамсыз болып табылады.

Газдар. Газдар инфрақызыл сәуле шығару үшін мөлдір, оптикалық жолының ұзындығы шамамен алғанда 100 мм болатын кюветте зерттеледі. Кюветтен ауа айдап шығарылады да кран арқылы немесе кювет пен сынақтан өткізуге арналған зат салынған контейнер арасындағы тиісті газ желісі арқылы ине ұшты клапанның көмегімен талап етілетін қысымға дейін қажетті газбен толтырылады.

Қажет болғанда, кюветтегі қысым инфрақызыл сәуле шығару үшін мөлдір газды (мәселен, азотты Р немесе аргонды Р) қолдана отырып, атмосфералық қысымға дейін жеткізіледі. Суды, көміртегі диоксидін немесе басқа да атмосфералық газдарды сіңірудің бөгет жасайтын ықпалы салыстыру арнасына вакуумделген не болмаса инфрақызыл сәуле шығару үшін мөлдір газбен толтырылған ұқсас кюветті орналастыру жолымен жоққа шығарылады.

ДИФФУЗИЯЛЫҚ ШАҒЫЛЫСУ СПЕКТРЛЕРІН ШЫҒАРУ ҮШІН

Қатты заттар. Сынақтан өткізілетін заттың ұсақ ұнтақталған және кептірілген калий бромидімен Р немесе калий хлоридімен Р қоспасы ұнтақ болып үгіледі. Жеке фармакопоялық мақалада басқа нұсқаулар болмағанда, құрамында шамамен 5 % зат қамтылған қоспа дайындалады. Қоспа ұнтақталып, үлгіге арналған ыдысқа салынады және шағылысу спектрі жазып алынады.

Кубелка-Мунк функциясы бойынша жазып алынған спектрді математикалық өңдегеннен кейін затты сіңіру спектрі шығарылуы мүмкін.

БҰЗЫЛҒАН ТОЛЫҚ ІШКІ ШАҒЫЛЫСУ СПЕКТРЛЕРІН ШЫҒАРУ ҮШІН

Бұзылған толық шағылысу (көп ретті шағылысуды қоса алғанда) әдетте өткізуші ортамен көп рет ішкі шағылысқан жарыққа қатысты болады. Бір ғана шағылысу орын

алатын аспаптар бар. Сынақтан өткізілетін зат, мәселен алмаздан, германийден, мырыш селенидінен, талий бромидінен – талий йодидінен (*KRS-5*) немесе жоғары сыну көрсеткіші бар басқа тиісті заттан тұратын ішкі шағылыстыратын элементке (*BOЭ, IRE*) орналастырылады және қысым арқылы немесе затты осыған жарайтын еріткіште ерітіп және алынған ерітіндіні ішкі шағылыстыру элементінде кептіріп, ішкі шағылыстыру элементі кристалының бүкіл үстіңгі бетімен тығыз және біркелкі жанасуына қол жеткізеді. Бұзылған толық ішкі шағылысу спектрін (*БТШ, АTR*) қарап шығады.


СТАНДАРТТЫ ҮЛГІЛЕРДІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП СӘЙКЕСТЕНДІРУ

Сынақтан өткізілетін зат пен стандартты үлгі түрлері бірдей әдістеме бойынша дайындалып, бірдей жағдайларда $4000\text{ см}^{-1} - 650\text{ см}^{-1}$ аралығындағы (2,5 мкм-нен 15,4 мкм-ге дейін) спектрлер жазып алынады. Сынақтан өткізілетін зат спектрлеріндегі өткізу минимумдері (сіңіру максимумдары) ережесі және салыстырмалы шамасы бойынша стандартты үлгі спектріндегі осыларға сәйкес болуы тиіс.

Қатты күйінде шығарылған спектрлер өткізу минимумдарының (сіңіру максимумдарының) ережесі бойынша өзгешеленсе, онда сынақтан өткізілетін зат пен стандартты үлгі олар кристалданатындай немесе бірдей пішінде болып шығатындай етіп бірдей тәсілмен өңделеді немесе жеке фармакопоялық мақалада көрсетілген тәсілмен өңделеді, одан кейін спектрлері шығарылады.

СТАНДАРТТЫ СПЕКТРЛЕРДІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП СӘЙКЕСТЕНДІРУ

Айыру қабілетін бақылау. Монохроматорлары бар аспаптар жағдайында, қалыңдығы 35 мкм жуық полистирол қабыршағының спектрі жазып алынады. 2870 см^{-1} (3,48 мкм) болғандағы А өткізу максимумы мен $2849,5\text{ см}^{-1}$ (3,51 мкм) болғандағы В өткізу минимумындағы өткізу пайызы арасындағы x айырмасы (2.1.2.23.-1-суретті қараңыз) 18-ден жоғары болуы тиіс. 1589 см^{-1} (6,29 мкм) болғандағы С өткізу максимумы мен 1583 см^{-1} (6,32 мкм) болғандағы D өткізу минимумындағы өткізу пайызы арасындағы y айырмасы 10-нан жоғары болуы тиіс.



2.1.2.23.-1-сурет.

Фурье-түрлендіруі бар аспаптар жағдайында өндіруші ұсынатын тиісті аподизациясы бар тиісті айыру орнатылады. Айыру қабілетін бақылау үшін жарамды әдістер қолданылады, мысалы қалыңдығы 35 мкм жуық полистирол қабыршағының спектрі жазып алынады. 2870 см^{-1} болғандағы өткізу минимумындағы және $2849,5\text{ см}^{-1}$ болғандағы өткізу максимумындағы сіңіру арасындағы айырма 0,33-ден жоғары болуы тиіс. 1589 см^{-1} болғандағы өткізу минимумындағы және 1583 см^{-1} болғандағы өткізу максимумындағы сіңіру арасындағы айырма 0,08-ден жоғары болуы тиіс.

Айыру қабілетін тексеру үшін пайдаланылатын полистиролдың үлгі спектрі.

Толқындық сандар шкаласын тексеру. Толқындық сандар шкаласы 2.1.2.23.-1-кестеде келтірілген толқындық сандардағы (см^{-1}) өткізу минимумы (сіңіру максимумы) бар полистирол қабыршағы пайдаланыла отырып, тексеріле алады.

Әдістеме. Сынақтан өткізілетін зат сынаққа стандартты спектрге/стандартты үлгіге қоса берілген нұсқаулыққа сәйкес дайындалады. Айыру қабілетін тексеру жүргізілген және стандартты спектр шығарылған жағдайларды пайдалана отырып, сынақтан өткізіліп жатқан заттың спектрі жазып алынады.

Сынақтан өткізілетін заттың спектрі мен стандартты спектрдегі ережелер мен жолақтардың салыстырмалы шамалары өзара келісілуі тиіс.

Су буларының және атмосфералық көміртегі диоксидінің ықпалын өтеу. Фурье-түрлендіруі бар аспаптар пайдаланылған кезде су буларынан және көміртегі диоксидінен болатын спектралды интерференция өндірушінің нұсқаулығына сәйкес

жарамды алгоритмдерді қолдану арқылы өтеледі. Сонымен қатар спектрлер тиісті тәсілмен тазартылған аспаптарда не болмаса бірсәулелі фон спектрі мен үлгі спектрін жазудың әбден ұқсас жағдайларында шығарыла алады.

ГАЗДАРДАҒЫ ҚОСПАЛАР

Қоспаларды талдау үшін инфрақызыл сәуле шығару үшін мөлдір және оптикалық жолының тиісті ұзындығы (мәселен, 1 м-ден 20 м-ге дейін) бар кювет пайдаланылады. Кювет "Газдар" бөлімінде көрсетілгендей толтырылады. Қоспаларды айқындау және мөлшерлік бағалау үшін жеке фармакопоялық мақалаларда көрсетілген әдістемелер қолданылады.

2.1.2.23.-1-кесте – Полистирол қабыршағына арналған өткізу минимумдері мен рұқсат етілетін ауытқулар

Өткізу минимумы (см ⁻¹)	Рұқсат етілетін ауытқулар (см)	
	Монохроматоры бар аспап	Фурье-түрлендіруі бар аспап
3060,0	±1,5	±1,0
2849,5	±2,0	±1,0
1942,9	±1,5	±1,0
1601,2	±1,0	±1,0
1583,0	±1,0	±1,0
1154,5	±1,0	±1,0
1028,3	±1,0	±1,0

201020024-2019

2.1.2.24. Ультракүлгін және көзге көрінетін салалардағы абсорбциялық спектрофотометрия
Оптикалық тығыздықты айқындау.

Ерітіндінің оптикалық тығыздығы (A) біртүсті сәуле шығару үшін кері өткізу шамасының ондық логарифмі (T) болып табылады және мына арақатынаспен көрініс табады:

$$A = \log_{10} \left(\frac{1}{T} \right) = \log_{10} \left(\frac{I_0}{I} \right)$$

мұндағы:

$$T = \frac{I}{I_0};$$

I_0 — түсетін біртүсті сәулелену қарқындылығы;

I — өткен біртүсті сәулелену қарқындылығы.

Басқа физикалық-химиялық факторлар болмағанда, өлшенген оптикалық тығыздық (A) сәулелену өтетін жол ұзындығына (b) және келесі теңдеуге сәйкес ерітіндідегі заттың шоғырлануына (c) пропорционалды болып келеді:

$$A = \varepsilon \cdot c \cdot b,$$

мұндағы: ε — мольдік сіңіру коэффициенті;

b — оптикалық жол ұзындығы, сантиметрлерде;

c — ерітіндідегі заттың шоғырлануы; литрге моль.

$$A_{1\text{ см}}^{1\%}$$

шамасы үлестік сіңіру көрсеткішін, яғни қабатының қалыңдығы 1 см болатын кюветтегі 10 г/л шоғырлануымен зат ерітіндісінің оптикалық тығыздығын білдіреді:

$$A_{1\text{ см}}^{1\%} = \frac{10 \cdot \varepsilon}{M.M.}$$

Жеке фармакопоялық мақалада басқа нұсқаулар болмағанда, оптикалық тығыздықты өлшеуді 1 см кюветін пайдаланып, көрсетілген толқын ұзындығымен өткізеді. Жеке фармакопоялық мақалада басқа нұсқаулар болмағанда, өлшемді зат ерітілген дәл еріткішпен немесе еріткіштер қоспасымен салыстыра отырып жүргізеді. Көрсетілген толқын ұзындығындағы ауаға қарсы өлшенген еріткіштің оптикалық тығыздығы 0,4 аспауы тиіс және оның 0,2-ден төмен болғаны дұрыс. Сіңіру спектрін оптикалық тығыздық немесе оның белгілі бір функциясы ординаталар осі бойынша, ал толқын ұзындығы мен толқын ұзындығынан белгілі бір функция – абсциссалар осі бойынша өткізілетіндей тәсілмен көрсетеді.

Егер жеке фармакопоялық мақалада сіңіру максимумының ережесі үшін бір ғана мән берілсе, онда ол максимумның шығарылған мәні көрсетілгеннен ± 2 нм артық өзгеше болмауы тиіс екендігін білдіреді.

Аспап. Спектрдің ультракүлгін және көзге көрінетін салаларындағы өлшемдерге арналған спектрофотометрлер 200 нм-нен 800 нм-ге дейінгі салада біртүсті сәуле шығаратын оптикалық жүйеден және оптикалық тығыздықты өлшеуге арналған құрылғыдан тұрады.

Толқындар ұзындығы шкаласын тексеру. Толқындар ұзындықтарының шкаласын тексеру үшін сутегі немесе дейтерий қуатсыздану шамының сызықтары немесе сынап буларының сызықтары, сондай-ақ 2.2.2.24.-1-кестеде берілген *гольмий перхлорат*

ерітіндісінің *P* сіңіру максимумдары пайдаланылады. Жол берілетін ауытқу ультракүлгін диапазон үшін ± 1 нм және көзге көрінетін диапазон үшін ± 3 нм құрайды. Сондай-ақ басқа да сертификатталған стандартты үлгілер пайдаланыла алады.

Оптикалық тығыздық шкаласын тексеру. Жарайтын сүзгілерді немесе 2.1.2.24.-2-кестеде көрсетілген толқындар ұзындықтарында *калий дихромат ерітіндісі P* қолданыла отырып, оптикалық тығыздықтардың мәндері тексеріледі. 2.1.2.24.-2-кестеде үлестік сіңіру көрсеткішінің дәл мәндері мен толқындардың әрбір ұзындығы үшін жол берілетін шектері келтірілген. Кестенің деректері сіңіруді өлшегенде, $\pm 0,01$ рұқсат етілетін қателігіне негізделген.

2.1.2.24.-1-кесте. Толқындар ұзындықтарының шкаласын тексеруге арналған сіңіру (немесе шығару) максимумдары

241,15 нм (Ho)	404,66 нм (Hg)
253,7 нм (Hg)	435,83 нм (Hg)
287,15 нм (Ho)	486,0 нм (Db)
302,25 нм (Hg)	486,1 нм (Hb)
313,16 нм (Hg)	536,3 нм (Ho)
334,15 нм (Hg)	546,07 нм (Hg)
361,5 нм (Ho)	576,96 нм (Hg)
365,48 нм (Hg)	579,07 нм (Hg)

Оптикалық тығыздықтар шкаласын тексеру үшін *калий дихроматы P* ерітінділері пайдаланылады, олар алдын ала 130 °С температурасында тұрақты массаға дейін кептіріледі. 235 нм, 257 нм, 313 нм және 350 нм толқындар ұзындықтарындағы оптикалық тығыздықтар шкаласын тексеру үшін *калий дихроматының P (57,0-63,0) мг күкірт қышқылының 0,005 M ерітіндісінде* ерітіп, дәл осы еріткішпен 1000,0 мл көлеміне дейін жеткізеді. 430 нм толқын ұзындығындағы оптикалық тығыздықтар шкаласын тексеру үшін *калий дихроматының P (57,0-63,0) мг күкірт қышқылының 0,005 M ерітіндісінде* ерітіп, дәл осы еріткішпен 100,0 мл көлеміне дейін жеткізеді. Сондай-ақ басқа да сертификатталған стандартты үлгілер пайдаланыла алады.

Шашыраңқы жарықтың шекті деңгейі. Шашыраңқы жарық тиісті сүзгілерді немесе ерітінділерді қолдану арқылы берілген толқын ұзындығында айқындала алады. Мәселен, қабат қалыңдығы 1 см болатын кюветте *калий хлоридінің P 12 г.л* ерітіндісінің оптикалық тығыздығы 220 нм мен 200 нм арасында күрт өсіп, суды өтемдік ерітінді ретінде пайдаланған кезде 198 нм-де 2,0 артық мәнге ие болады. Сондай-ақ басқа да сертификатталған стандартты үлгілер пайдаланыла алады.

Айыру қабілеті (сапалы талдау үшін). Егер жеке фармакопоялық мақалада көрсетілген болса, спектрофотометрдің айыру қабілеті мынадай тәсілмен айқындалады. *Гександағы P толуюл P* ерітіндісінің 0,02 % (айналым/айналым) спектрі жазып алынады. 266 нм болғандағы сіңіру минимумындағы оптикалық тығыздыққа 269 нм болғандағы сіңіру максимумындағы оптикалық тығыздық қатынасының ең аз жол берілетін мәні

жеке фармакопоялық мақалада көрсетіледі. Сондай-ақ басқа да сертификатталған стандартты үлгілер пайдаланыла алады.

2.1.2.24.-2-кесте. Үлестік сіңіру көрсеткішінің мәндері және оның жол берілетін шектері

Толқын ұзындығы, нм	Үлестік сіңіру көрсеткіші, А 1 %	Жол берілетін шектері А 1 %/1 см
235	124,5	122,9-дан 126,2 дейін
257	144,5	142,8-ден 146,2 дейін
313	48,6	47,0-ден 50,3 дейін
350	107,3	105,6-дан 109,0 дейін
430	15,9	15,7-ден 16,1 дейін

Спектрлік саңылау ені (сандық талдау үшін). Тандалған толқын ұзындығында спектрлік саңылауының ені өзгеріп отыратын спектрофотометрді пайдаланған жағдайда, осы саңылаудың енімен байланысты қателіктер болуы мүмкін. Оларды болдырмау үшін спектрлік саңылау ені сіңіру жолағының жарты енімен салыстырғанда аз болуы және сонымен қатар I_0 жоғары деңгейін шығару үшін барынша көп болуы керек. Осылайша, саңылау ені оның әрі қарай азаюы өлшенетін оптикалық тығыздықтың шамасын өзгертпейтіндей болуы тиіс.

Кюветтер. Пайдаланылатын кюветтер қабатының қалыңдығындағы жол берілетін вариациялар $\pm 0,005$ см аспауы керек. Сынақтан өткізіліп жатқан және өтеуші ерітінділерге арналған кюветтер бірдей еріткішпен толтырылғанда, олар бірдей өткізуі (немесе оптикалық тығыздығы бірдей болуы) керек.

Кюветтерді тазалау және оларды пайдалану тиянақты болуы керек.

ТУЫНДЫ

СПЕКТРОФОТОМЕТРИЯ

Туынды спектрофотометрияда бастапқы сіңіру спектрінің (нөлдік реттілік) бірінші, екінші және одан жоғары реттіліктегі спектрлердің туындыларына түрленуі пайдаланылады.

Бірінші реттіліктегі туынды спектр сіңіру қисығы градиентінің (оптикалық тығыздықтың толқын ұзындығымен өзгеру жылдамдығы, dA/dl) толқын ұзындығынан тәуелділік кестесін білдіреді.


Екінші реттіліктегі туынды спектр сіңіру спектрі қисығының толқын ұзындығынан тәуелділік кестесін (d^2A/dl^2) білдіреді. Екінші туынды толқынның кез келген X ұзындығында шоғырлануымен мынадай арақатынаста байланысты:

$$d^2A/dl^2 = d^2A \cdot 1\% \cdot 1 \text{ см} / dl^2 \cdot c' \cdot b / 10 = d^2A \epsilon / dl^2 \cdot c b / 10$$

мұндағы: c' — сіңіруші ерітіндінің шоғырлануы, литрге шаққанда граммдарда.

Аспап. Жоғарыда көрсетілген талаптарға сай келетін және аналогтық резистент сыйымды саралаушы модульмен, цифрлық саралағышпен немесе туынды спектрлерді шығарудың басқа да құралдарымен жарақтандырылған спектрофотометр

пайдаланылады. Екінші реттіліктегі туынды спектрлерді шығарудың кейбір әдістері оларды нөлдік реттіліктегі спектрге қатысты ығыстырады, осыны қолданылған жағдайда ескеру керек.



2.1.2.24.-1-сурет. Метанолдағы Р 0,02 % толуол Р ерітіндісінің (айналым/айналым) екінші тәртіптегі туынды спектрі

Айыру қабілеті. Егер жеке фармакопаялық мақалада көрсетілген болса, метанолды Р өтеуші ерітінді ретінде пайдаланып, метанолдағы Р 0,02 % толуол Р ерітіндісі (айналым/айналым) үшін екінші тәртіптегі туынды спектрді жазып алады. Спектрде 261 нм мен 268 нм болғандағы екі үлкен теріс экстремум арасында, яғни 2.1.2.24.-1-суретте

көрсетілгендей шағын теріс экстремум орналасуы тиіс. Жеке фармакопаялық мақалада басқа нұсқаулар болмағанда, А/В арақатынасы (2.1.2.24.-1-суретті қараңыз) 0,2 кем болмауы тиіс.

Әдістеме. Сынақтан өткізілетін заттың ерітіндісін дайындап, аспапқа берілген нұсқаулыққа сәйкес түрлі құрал-жабдық сипаттамалары орнатылады және жеке фармакопаялық мақалада көрсетілгендей айқындалатын заттың мөлшері есептеп шығарылады.

201020025-2019

2.1.2.25. Қағаз хроматография

Қағаз хроматография жылжымалы фазаның капиллярлар мен сүзгілеуші қағаздың үстіңгі беті бойынша жылжуына негізделген бөлу әдісін білдіреді.

Қағаз немесе оның талшықтарына алдын ала жағылған заттар жылжымайтын фаза болып табылады. Қағаздағы хроматография тегігі үлестіруші немесе адсорбциялық болуы мүмкін. Жылжымалы фазаның орын ауыстыруы не капилляр күштерінің (жоғарылаушы қағаз хроматографиясы) әсерінен, не болмаса капилляр күштерінің және ауырлық күшінің (бәсеңдеуші қағаз хроматографиясы) әсерінен жүзеге асады.

Хроматографиялау кезінде айқындалатын заттар қағаз бетінде жағу тәсіліне орай (нүктесіне немесе жолақпен) дөңгелек немесе сопақ дақтар немесе жолақтар түріндегі адсорбциялау аймақтарын түзеді.

Хроматографиялау кезіндегі заттың жылжымалылығы баяулау коэффициентімен (R_f) сипатталады (2.2.2.36. *Хроматографиялық бөлу әдістері* жалпы фармакопаялық мақаласы).

Қағаз хроматографиясы сәйкестендіру, тазалығын сынақтан өткізу және сандық анықтама үшін қолданыла алады.

ЖОҒАРЫЛАУШЫ ҚАҒАЗ ХРОМАТОГРАФИЯСЫ

Жабдық. Жабдық тығыз жонып тегістелген қақпағы бар, көлемі бойынша пайдаланылатын хроматографиялық қағазға сәйкес келетін шыны камерадан тұрады. Камераның жоғарғы бөлігінде хроматографиялық қағазды ілулі күйінде ұстап тұратын және оны камера жабық болғанда, түсіру қабілеті бар арнайы құрылғы болады. Камераның түбіне жылжымалы фазасы бар қайықшаны орналастырып, оған қағаздың шетін салады. Жарамды сүзгілеуші қағазды білдіретін хроматографиялық қағаз бітімінің бағыты бойынша ұзындығы жеткілікті және ені кем дегенде 2,5 см болатын жолақтарға қиып кесіледі.

Әдістеме. Қайықшаны тереңдігі 2,5 см қабат түзілгенге дейін жылжымалы фазамен толтырады. Жеке фармакопаялық мақала көрсетілгенде, камера мен қайықша қабырғаларының арасына хроматографиялық қағаз орналастырылады. Қанықтыру үшін камераны қақпақпен жауып, әдетте 20 °С-тан 25 °С-қа дейінгі температурада 24 сағат бойы ұстайды. Камераны осы температурада бүкіл сынақтан өткізу кезеңі бойынша

термостаттайды. Шетінен 3 см бос жер қалдырып, хроматографиялық қағазда қарындашпен көлденең сызық сызады (старт сызығы), оның үстіне шағын тамшуырмен жеке фармакопоялық мақаладағы сипаттамаға сәйкес ерітіндінің мөлшерін тамызады. Дақ диаметрі 10 мм аспауы тиіс болғандықтан, ерітіндінің үлкен мөлшерін бірнеше рет жағады, келесі жағудың алдында әрбір порцияның кебуіне уақыт беріледі. Бірнеше ерітіндіні бірлесіп хроматографиялаған кезде старт желісіндегі дақтар арасындағы арақашықтық 3 см кем болмауы тиіс. Қағазды камераға орналастырып, оны қақпақпен жабады да 1 сағат 30 минут бойы ұстап тұрады. Жеке фармакопоялық мақалада көрсетілген уақыт бойы немесе арақашықтыққа дейін хроматографиялайды. Хроматограмманы камерадан алып шығып, ауада кептіреді. Хроматографиялық қағазды бүкіл бөлу процесі бойы жарық сәуледен қорғайды.

ТӨМЕНДЕУШІ ҚАҒАЗ ХРОМАТОГРАФИЯСЫ

Жабдық. Жабдық тығыз жонып тегістелген қақпағы бар, көлемі бойынша пайдаланылатын хроматографиялық қағазға сәйкес келетін шыны камерадан тұрады. Қақпағының ортасында ауыр шыны пластинамен немесе тығынмен жабылған диаметрі 1,5 см-ге жуық тесік болуы керек. Камераның жоғары бөлігіне жылжымалы фазаға арналған қайықша ілінеді. Қайықшаның әрбір жағында параллельді түрде және оның үстіңгі шеттерінен сәл жоғарырақ қағазды камераның қабырғаларына жанаспайтындай ұстап тұратын екі шыны реттеуші өзек орнатылады. Жарамды сүзгілеуші қағазды білдіретін хроматографиялық қағаз бітімінің бағыты бойынша ұзындығы жеткілікті және ені кем дегенде 2,5 см болатын жолақтарға қиып кесіледі.

Әдістеме. Камераның түбіне тереңдігі 2,5 см қабат түзілгенге дейін жеке фармакопоялық мақалада көрсетілген жылжымалы фазаны орналастырады, қақпақпен жауып, 20 °С-тан 25 °С-қа дейінгі температурада 24 сағат бойы ұстайды. Камераны осы температурада бүкіл сынақтан өткізу кезеңі бойынша термостаттайды. Қағаздың шетінен сызық реттеуші өзектен бірнеше сантиметрге жоғары және қағаздың ұшын қайықшада бекіткеннен кейін оған параллельді болатындай арақашықтыққа бос орын қалдырып, оның бір шетінде қарындашпен старт желісін салады. Қағаз парақтың қалған бөлігі реттеуші өзектің үстінен еркін салбырап тұруы тиіс. Старт сызығына шағын тамшуырмен жекеше монографияда көрсетілген ерітінді мөлшері жағылады. Дақ диаметрі 10 мм аспауы тиіс болғандықтан, ерітіндінің үлкен мөлшерін бірнеше рет жағады, келесі жағудың алдында әрбір порцияның кебуіне уақыт беріледі. Бірнеше ерітіндіні бірлесіп хроматографиялаған кезде старт желісіндегі дақтар арасындағы арақашықтық 3 см кем болмауы тиіс.

Хроматограмманы камераға орналастырып, оны қақпақпен жабады да 1 сағат 30 минут бойы ұстап тұрады. Одан кейін қақпағындағы тесік арқылы қайықшаны жылжымалы фазамен толтырып, тесікті жабады да жеке фармакопоялық мақалада

көрсетілген уақыт бойы немесе арақашықтыққа дейін хроматографиялайды. Хроматограмманы камерадан алып шығып, ауада кептіреді. Бөлу процесінде хроматографиялық қағазды жарық сәуледен қорғайды.

201020026-2019

2.1.2.26. Жұқа қабатты хроматография

Жұқа қабатты хроматография (ЖҚХ) адсорбциялау, бөлу, иондық алмасу процестеріне немесе олардың комбинациясына негізделген бөлу әдісін білдіреді және жұқа қабатта (жылжымайтын фазада) ерітіндіде немесе ерітінділердің тиісті қоспасында (жылжымалы фазада) ерітілген айқындалатын заттардың (аналиттердің) орын ауыстыру арқылы жүзеге асырылады. Жылжымайтын фаза жұқа қабат түрінде жағылған және шыныдан, металдан немесе полимерден жасалған төсеніште (пластинада) бекітілген тиісті материалдан тұрады. Хроматографиялау алдында айқындалатын заттардың ерітінділері пластинаға жағылады.

Неғұрлым ұсақ көлемдегі сіңіргіш бөлшектері бар арнайы пластиналарды қолдану есебінен сезімталдық пен бөлу тиімділігінің барынша жақсы көрсеткіштеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін жетілдірілген әдіс жоғары тиімді жұқа қабатты хроматография (ЖТЖҚХ) деп аталады.

ЖАБДЫҚ

Пластиналар. Хроматографиялау 2.2.1.1. *Реактивтер* деген жалпы фармакопепялық мақаладағы нұсқауларға сәйкес алынған пластиналарды пайдалана отырып жүзеге асырылады. Сынақтарды сипаттаған кезде силикагель бөлшектерінің көлемі оның атауынан кейін көрсетіледі.

Пластиналарды алдын ала дайындау. Қажет болғанда, пластиналар қолданар алдында не жарамды ерітіндіде хроматографиялау арқылы жуып тазартылады не элюирлеу, батыру немесе бүрку арқылы ылғалдандырылады не болмаса қажет болған кезде 120 °С температурасында 20 мин бойы кептіру шкафында қыздырылып активтендіріледі.

Тік элюирлеуге арналған **хроматографиялық камера** тығыз қиюластырылған қақпағы және тегіс түбі немесе көлемі бойынша пайдаланылатын пластиналарға сай келетін инертті мөлдір материалдан жасалған екі астаушасымен түбі бар сыйымдылықты білдіреді. Көлденең элюирлеу үшін хроматографиялық камераның жылжымалы фазаға арналған астаушасы болады және қосымша жылжымалы фазаны жылжымайтын фазаға беруге арналған құрылғысы болады.

Шағын тамшуырлар, шағын шприцтер, калибрленген капиллярлар немесе ерітінділерді жағуға жарамды басқа да құрылғылар.

Сәулеленуін анықтауға арналған құрылғы. Тікелей сәулеленуді өлшеу немесе сәулеленуді сөндіруді анықтау үшін.

Айқындаушы құрылғылар мен реактивтер. Бөлінген заттарды айқындау үшін реактивтерді пластинаға жағуға (бүрку, батыру немесе булармен өңдеу арқылы) және, қолданыла алатын жағдайда, қыздыруға жарамды тиісті құрылғылар пайдаланылады.

Құжаттау. Көрнекіленген хроматограммаларды тіркеуді, мәселен, фотоға түсіруді немесе компьютерлік файлды жасауды қамтамасыз ететін құрылғыларды пайдалануға жол беріледі.

ӘДС

Жағу. Пластинаның төменгі шетіне параллель сызыққа оның төменгі шеті мен жақтарынан тиісті арақашықтықта көрсетілген ерітінділер мөлшерлері жағылады; дөңгелек дақтардың орталары арасындағы арақашықтық кемінде 10 мм (ЖТЖҚХ арналған пластиналар үшін 5 мм), жолақтардың шеттері арасындағы арақашықтық – кемінде 5 мм (ЖТЖҚХ арналған пластиналар үшін 2 мм) құрауы тиіс. Ерітінділер диаметрі 2 – 5 мм (ЖТЖҚХ арналған пластиналар үшін 1 – 2 мм) дақтарды немесе ұзындығы 10 – 20 мм (ЖТЖҚХ арналған пластиналар үшін 5 – 10 мм) және ені 1 – 2 мм жолақтарды жасау үшін ең аз порциялармен жағылады.

Егер жеке фармакопоялық мақалада қалыпты пластиналармен қатар ЖТЖҚХ арналған пластиналарды қолдану көзделген болса, жоғары тиімді жұқа қабатты хроматография үшін жұмыс шарттары қалыпты пластиналарға арналған шарттарды көрсеткеннен кейін төрт бұрышты жақшаларда [] көрсетіледі.

Тік хроматографиялау. Хроматографиялық камераның қабырғаларына сүзгілеуші қағаз төселеді. Жылжымалы фаза сүзгілеуші қағазды сулағаннан кейін камераның түбін хроматографиялауға қажетті сұйықтық қабатымен жабу үшін жететіндей мөлшерде құйылады. Қанықтыру үшін жылжымалы фазалы хроматографиялық камераны қақпақпен жауып, 20 °С-тан 25 °С-қа дейінгі температурада 1 сағат бойы ұстап тұрады. Жеке фармакопоялық мақалада басқа нұсқаулар болмағанда, хроматографиялау қанықтырылған камерада өткізіледі. Ерітінділердің көрсетілген мөлшерлерін жоғарыда сипатталғандай жағады. Жағылған сынамалардан ерітінділер буланғаннан кейін пластинаны хроматографиялық камераға дақтары немесе жолақтары жылжымалы фазаның үстіңгі бетінен жоғары болуын қадағалап, барынша тік орналастырады. Камераны жауып, оны тікелей күн сәулелерінің түсуінен қорғалған жерде 20 °С-тан 25 °С-қа дейінгі температурада қалдырады. Жылжымалы фаза жеке фармакопоялық мақалада көрсетілген арақашықтықтан өткеннен кейін пластинаны алып шығып, кептіреді және жеке фармакопоялық мақалада көрсетілген тәсілмен дақтарды анықтайды.

Екі өлшемді хроматография жағдайында бірінші хроматографиялаудан кейін пластинаны кептіріп, екінші хроматографиялауды біріншіге перпендикуляр бағытта орындайды.

Көлденең хроматографиялау. Ерітінділердің көрсетілген мөлшерлерін жоғарыда сипатталғандай жағады. Жағылған сынамалардан ерітінділер буланып шыққаннан

кейін хроматографиялық камераның астаушасына шприцтің немесе тамшуардың көмегімен жылжымалы фазаның жеткілікті мөлшерін енгізіп, оның көлденең орналасқанына және өндірушінің нұсқаулықтарына сәйкес жылжымалы фазаны беруге арналған құрылғыға жалғанғанына көз жеткізіп, пластинаны салады. Егер жеке фармакопаялық мақалада көрсетілген болса, пластинаны екі ұшынан бірден бастап элюирлейді. Камераны жауып, 20 °С-тан 25 °С-қа дейінгі температурада хроматографиялауды жүргізеді. Жылжымалы фаза жеке фармакопаялық мақалада көрсетілген арақашықтықтан өткеннен кейін пластинаны алып шығып, кептіреді және көрсетілген тәсілмен дақтарды анықтайды.

Екі өлшемді хроматография жағдайында бірінші хроматографиялаудан кейін пластинаны кептіріп, екінші хроматографиялауды біріншіге перпендикуляр бағытта орындайды.

Сатылы хроматографиялау. Ерітінділердің көрсетілген мөлшерлерін жоғарыда сипатталғандай жағады. Хроматографиялау процесінде жылжымалы фазаның құрамын немесе хроматографиялаудың өзге де шарттарын сатылы түрде өзгертеді. Мәселен, түрлі жылжымалы фазалармен сатылы хроматографиялауды талданатын қоспаны бөлу үшін бір ғана жылжымалы фазаны пайдалана отырып, хроматографиялау жеткіліксіз болған жағдайда қолданады.

КӨЗБЕН ШОЛЫП БАҒАЛАУ

Сәйкестендіру. Сынақтан өткізіліп жатқан ерітінді хроматограммасындағы негізгі дақтың түсін, көлемі мен баяулау коэффициентін (R_F) немесе R_{st} негізгі коэффициентін салыстыру ерітіндісіндегі хроматограммадағы тиісті дақпен көзбен шолып салыстырады.

Баяулау коэффициенті сынама жағылған нүктеден дақтың ортасына дейінгі арақашықтық пен ерітінді мөлшерінің сынама жағылған нүктеден бастап өткен арақашықтықтың арақатынасы ретінде айқындалады (2.1.2.36. жалпы фармакопаялық мақаласын қараңыз).

Сәйкестендіру үшін жылжымайтын фазаның бөлу қасиетін тексеру. Әдетте жарамдылығын бағалау үшін 2.2.1.1. *Реактивтер* жалпы фармакопаялық мақаласында сипатталған жылжымайтын фазаның жарамдылығына өткізілетін сынақ жеткілікті. Ерекше жағдайларда қосымша талаптар жеке фармакопаялық мақалада көрсетіледі.

Тектес қоспаларға сынақтан өткізу. Сынақтан өткізіліп жатқан ерітінді хроматограммасындағы қосымша дақты (тарды) қоспасы (қоспалары) бар салыстыру ерітіндісі не болмаса сынақтан өткізілетін ерітіндіні айыру жолымен дайындалған салыстыру ерітіндісі хроматограммасындағы тиісті дақпен (тармен) салыстырады.

Бөлу қасиетін тексеру. Бөлу қасиетін тексеруге қойылатын талаптар тиісті жеке фармакопаялық мақалада келтіріледі.

Сезімталдығын тексеру. Неғұрлым айырылған салыстыру ерітіндісінің хроматограммасында дақ немесе жолақ айқын анықталса, сезімталдығы қанағаттанарлық болып есептеледі.

САНДЫҚ ӨЛШЕМДЕР

Рұқсат ету мен бөлуге қойылатын талаптар тиісті жеке фармакопоялық мақалаларда келтіріледі.

Жұқа қабатты хроматография әдісімен бөлінетін заттар ультракүлгін немесе көзге көрінетін жарықта сіңіретін немесе сәулелендіретін жағдайда, оларды сандық түрде тиісті жабдықты қолданып, тікелей пластинада айқындауға болады. Ол үшін пластинаны немесе өлшеуші құрылғыны жылжытып отырып, түсетін жарықтың шағылысуын немесе өткізуін өлшейді. Осыған ұқсас тәсілмен жарамды оптикалық жабдықты пайдаланып, флуоресценцияны өлшеуге болады. Құрамында радионуклидтер бар заттарды сандық түрде үш тәсілмен айқындауға болады:

тікелей пластина үстінде – пластиналарды тиісті радиобелсенділік есептегіші бойымен немесе радиобелсенділік есептегішін тілім бойымен жылжыту арқылы (*Радиофармацевтикалық препараттар жалпы фармакопоялық мақаласын қараңыз*);

пластиналарды жолақтарға қиып кесу және тиісті радиобелсенділік есептегішін пайдаланып, әрбір жолақтағы радиобелсенділікті өлшеу арқылы;

жылжымайтын фазаны қырып алу, оны тиісті сцинтилляциялық коктейльде еріту және сұйықтық сцинтилляциялық есептегішті пайдалана отырып, радиобелсенділігін өлшеу арқылы.

Жабдық. Тікелей пластинада өлшемдер жасауға арналған жабдық мыналарды қамтиды:

пластинаның белгілі бір жерінде заттың қажетті мөлшерін дәл жағуға арналған құрылғы;

X немесе Y осьтері бойынша пластинаны немесе өлшеу құрылғысын жылжытуға арналған механикалық құрылғы;

тіркеуші құрылғы және интегратор немесе компьютер;

ультракүлгін немесе көзге көрінетін жарықта сіңіретін немесе сәулелендіретін заттар үшін: шағылысуын немесе өткізуін өлшеу үшін жарық көзі бар фотометр, монохроматты жарықты өндіретін оптикалық құрылғы және тиісті сезімталдықтағы фотоэлемент пайдаланылады; флуоресценция өлшенген жағдайда, сәулелендіретін жарықтың тиісті спектрлік саласын таңдау үшін қосымша монохроматты сүзгі талап етіледі;

құрамында радионуклидтері бар заттар үшін: жарамды радиобелсенділік есептегіші; ол үшін диапазонның сызықтығын тексеру керек.

Әдістеме. Жеке фармакопоялық мақаладағы нұсқаулықтарға сәйкес сынақтан өткізілетін үлгі ерітіндісін (сынақтан өткізілетін ерітіндіні), қажет болғанда, сынақтан өткізілетін ерітіндіні дайындауға арналған дәл сол ерітіндіні қолдана отырып,

талданатын заттардың стандартты үлгілерінің ерітінділерін (салыстыру ерітінділерін) дайындайды. Пластинаға әрбір ерітіндінің бірдей мөлшерлерін жағып, хроматографиялайды.

Ультакүлгін немесе көзге көрінетін жарықта сіңіретін немесе сәулелендіретін заттар. Шоғырлануы сынақтан өткізілетін ерітінді шоғырлануының болжамды мәнін (осы шоғырланудан 80 %, 100 % және 120 %-ға жуық) қамтитын кемінде үш салыстыру ерітіндісі дайындалып жағылады. Қажет болғанда, көрсетілген реактивпен өңдеп, сынақтан өткізілетін ерітінді мен салыстыру ерітінділерінің хроматограммаларындағы шағылысу, өткізу немесе флуоресценция тіркейді. Алынған деректер бойынша сынақтан өткізілетін ерітіндідегі заттың мөлшері есептеп шығарылады.

Құрамында радионуклидтері бар заттар. Шоғырланудың болжамды мәнінің 100 %-ға жуығын қамтитын сынақтан өткізілетін ерітіндіні дайындап жағады. Радиобелсенділігін жол ұзындығының функциясы ретінде өлшеп, жиынтық радиобелсенділіктен әрбір қол жеткізілген үдемелі кездің радиобелсенділік мәнін пайыздарда жазып алады.

Жүйенің жарамдылығын бағалау критерийлері *2.1.2.36. Хроматографиялық бөлу әдістері* жалпы фармакопепялық мақаласында көрсетілген. Аталған құжатта жарамдылық критерийлеріне сәйкес болу үшін хроматографиялық жүйенің параметрлері түзетіле алатын шектер келтірілген.

201020027-2019

2.1.2.27. Газды хроматография

Газды хроматография (ГХ) жылжымалы фаза болып табылатын тасымалдаушы газ бағанда орналасқан жылжымайтын фаза арқылы өтетін екі жылжымайтын фазалар арасында заттарды түрлі бөлуге негізделген хроматографиялық бөлу әдісін білдіреді. Әдіс ұшпалы немесе қыздырған кезде ұшпалы болатын заттарға не болмаса олардың туындыларына қатысты қолданыла алады.

Газды хроматография адсорбциялау, салмақтары немесе көлемдері бойынша бөлу тетіктеріне негізделген.

АСПАП

Аспап сынамаларды енгізу блогынан (инжектордан), жылу тұрақтандырғыштың ішіне орналастырылған хроматографиялау бағанынан, детектор мен тіркеуші құрылғыдан (арнайы бағдарламалық қамтылымы бар интегралдаушы құрылғы немесе өзіжазғыш) тұрады. Тасымалдаушы газ берілген жылдамдықпен немесе қысыммен баған арқылы, одан кейін детектор арқылы өтеді.

Айқындау бағанның тұрақты температурасында немесе берілген температуралық бағдарламаға сәйкес жүргізіледі.

СЫНАМАЛАРДЫ ЕНГІЗУ БЛОГЫ (ИНЖЕКТОР)

Жеке фармакопепялық мақалада басқа нұсқаулар болмағанда, ерітінділерді тікелей енгізу сынамаларды енгізудің қалыпты тәсілі болып табылады. Сынамаларды енгізу шприцті немесе инжекторлық клапанды қолдана отырып, баған басына тікелей не болмаса ағынды бөлгішпен жарақтандырылуы мүмкін буландырғышқа жүзеге асырыла алады.

Бу фазасын енгізу статикалық немесе динамикалық қосфазалы енгізу жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырыла алады.

Динамикалық қосфазалы енгізу жүйесі (үрлеп тазарту және тұту) барботажа құрылғысын қамтиды, оның көмегімен ерітіндідегі ұшпалы заттар жоғары емес температурада сіңіргіш түтікше арқылы үрленіп тазартылады. Одан кейін ұсталып қалатын заттар сіңіргіш түтікшені тез қыздырған кезде жылжымалы фазаға десорбцияланады.

Статикалық қосфазалы енгізу жүйесі үлгілерге арналған жылу тұрақтандырғыш қыздырушы камераны қамтиды, оған үлгінің ұшпалы құрамдас бөліктеріне газды емес және газды фазалар арасында тепе-теңдікке қол жеткізуге мүмкіндік беретін қатты немесе сұйық үлгілер бар жабық құтылар тіркелген уақыт кезеңіне орналастырылған. Тепе-теңдікке қол жеткізілгеннен кейін бу фазасының берілген көлемі құтылардан газды хроматографқа енгізіледі.

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН ФАЗА

Жылжымайтын фазалармен толтырылған бағандар түрлері:

ішкі қабырғалары жылжымайтын фазамен бүркелген капиллярлы, әдетте, кварцты бағандар;

жылжымайтын фаза ерітіндісі сіңірілген инертті бөлшектермен толтырылған толтырмалы бағандар;

қатты жылжымайтын фазамен толтырылған толтырмалы бағандар.

Капиллярлы бағандардың ішкі диаметрі, әдетте, 0,1 мм – 0,53 мм аралығында және ұзындығы 5 м – 60 м аралығында болады. Ішкі бетімен химиялық түрде байланысып тұруы ықтимал сұйықтық немесе жылжымайтын фаза қалыңдығы 0,1 мкм – 5,0 мкм бола алатын қабыршақты білдіреді.

Шыныдан немесе металдан дайындалған толтырмалы бағандардың әдетте ұзындығы 1 м – 3 м аралығында және ішкі диаметрі 2 мм – 4 мм аралығында болады. Әдетте жылжымайтын фаза кеуекті полимерлерден немесе сұйық фаза ерітіндісі сіңірілген қатты тасымалдағыштардан тұрады. Артқы көлемі созылған ("құйрығы бар") үдемелі кездердің түзілуіне жол бермеу үшін сыйымдылығы төмен және полярлығы төмен жылжымайтын фазалармен толтырылған бағалардағы поляр қоспаларды айқындаған кезде инертті тасымалдағыштарды пайдаланған жөн.

Тасымалдағыштардың реакциялық қасиеті сұйық фазаны жағудың алдында болатын силанизация жолымен төмендетіле алады. Әдетте қышқылмен өңделген және қатты қыздырылған диатомит пайдаланылады. Бөлшектер көлемі әртүрлі болуы мүмкін

, алайда неғұрлым жиі 150 мкм – 180 мкм және 125 мкм – 150 мкм аралығындағы көлемдегі бөлшектер қолданылады.

ЖЫЛЖЫМАЛЫ ФАЗА

Тасымалдағыш газ ағынының жылдамдығы ұстап тұру уақытына және үдемелі кез сипаттамаларына әсер етеді; ұстап тұру уақыты баған ұзындығына тура пропорционал, ал рұқсат ету баған ұзындығының шаршы түбіріне пропорционал болып келеді. Толтырмалы бағандар үшін тасымалдағыш газ ағынының жылдамдығы әдетте атмосфералық қысым мен бөлме температурасындағы бір минуттағы миллилитрлерде көрсетіледі. Ағын жылдамдығы калибрленген механикалық құрылғының немесе көбікті өлшеуіштің көмегімен детектордың шығаберісіндегі бағанның жұмыс температурасында өлшенеді. Толтырмалы баған арқылы өтетін тасымалдағыш газдың сызықтық жылдамдығы берілген ағын көлемі үшін бағанның ішкі диаметрінің шаршы түбіріне кері пропорционал болып келеді. Бағанның ішкі диаметрі 4 мм болғандағы 60 мл/мин және ішкі диаметрі 2 мм болғандағы 15 мл/мин ағын жылдамдықтары ұқсас сызықтық жылдамдықтар, яғни тиісінше жақын ұстап тұру уақыттарын береді.

Толтырмалы бағандар үшін тасымалдағыш газдар ретінде әдетте гелий немесе азот, капиллярлы бағандар үшін – азот, гелий және сутек қолданылады.

ДЕТЕКТОРЛАР

Әдетте алаулы-ионизациялық детекторлар пайдаланылады; сонымен қатар талдау мақсатына орай детекторлардың мынадай үлгілері қолданыла алады: электрондық кармау, азотты-фосфорлық, масс-спектрометрлік, термокондуктометрлік, Фурье-түрлендіруі бар ИК-спектрофотометрлік және тағы да басқа.

ӘДІС

Бағанды, сынамананы енгізу блогы мен детекторды жеке фармакопаялық мақалада көрсетілген газ тасымалдағыштың температурасы мен жылдамдығында теңдейді. Сынақтан өткізілетін ерітіндіні (ділерді) және салыстыру ерітіндісін (ділерін) жеке фармакопаялық мақалада көрсетілгендей дайындайды. Ерітінділердің құрамында қатты бөлшектер болмауы тиіс.

Хроматографиялық жүйенің жарамдылығын бағалау критерийлері 2.1.2.36. *Хроматографиялық бөлу әдістері* деген жалпы фармакопаялық мақалада сипатталған. Аталған құжатта сондай-ақ хроматографиялық жүйенің жарамдылық критерийлеріне сәйкес болу үшін оның көрсеткіштері түзетіле алатын шектер де келтірілген.

Статикалық қосфазалы газды хроматография

Статикалық қосфазалы газды хроматография қатты немесе сұйық үлгілерде бар ұшпалы қоспаларды бөлу және айқындау үшін неғұрлым оңтайлы болатын әдіс болып табылады.

АСПАП

Аспап қысым мен температураны автоматты бақылау модулімен байланысты болуы ықтимал сынақтан өткізілетін үлгіні енгізуге арналған блокпен жабдықталған газды

хроматографтан тұрады. Қажет болғанда, ерітінділерді жоюға арналған құрылғы пайдаланылады.

Сынақтан өткізілетін үлгі тиісті тығынмен және тасымалдағыш газдың өтуін реттейтін клапанды жүйемен жарактандырылған құтыға енгізіледі. Құты сынақтан өткізілетін үлгінің қасиеттеріне сәйкес орнатылатын температурасы бар жылу ұстағыш камераға орналастырылады. Құты берілген температурада қатты немесе сұйық фаза мен бу фазасы арасындағы тепе-теңдікті орнату үшін жеткілікті уақыт бойы ұсталады.

Құтыға тасымалдағыш газды енгізеді және көрсетілген уақыт өткеннен кейін газ өзімен бірге бу фазасына өткен құрамдас бөліктерді тасымалдай отырып, хроматографиялық бағанға келіп түсуі үшін клапанды ашады.

Хроматографтың сынамаларын енгізу үшін арнайы жарактандырылған блоктың орнына газды шприцтер мен қалыпты хроматографты пайдалануға болады. Мұндай жағдайда теңдестіру жеке камерада жүргізіледі, ал бу фазасы тепе-тең жүйедегі кез келген өзгерістерді болдырмау үшін қажетті сақтандыру шаралары сақтала отырып, бағанға енгізіледі.

ӘДС

Дайындалған салыстыру үлгілерін пайдалана отырып, қажетті сигналды алуға арналған аспапты теңшейді.

ТІКЕЛЕЙ КАЛИБРЛЕУ ӘДІСІ

Бірдей құтыларға жеке фармакопоялық мақалада көрсетілгендей дайындалған сынақтан өткізілетін үлгі пен салыстыру үлгілерінің әрбіреуін сынамаларды енгізу блогы мен үлгілердің жанасуын болдырмай жеке орналастырады.

Құтылар ауа өткізбейтіндей жабылады да жеке фармакопоялық мақалада көрсетілген температурасы мен қысымы бар жылу ұстап тұратын камераға орналастырылады. Тепе-теңдігі орнатылғаннан кейін бу фазасын көрсетілген жағдайларда хроматографиялайды.

СТАНДАРТТЫ ҚОСПАЛАР ӘДІСІ

Сынақтан өткізілетін үлгінің тең көлемдері бірдей тиісті құтыларға орналастырылады. Бір құтыдан басқа барлық құтыларға осы заттың біркелкі ұлғайып келе жатқан шоғырлануы бар үлгілер қатарын шығару үшін салыстыру ерітіндісінің көрсетілген мөлшері қосылады.

Құтылар ауа өткізбейтіндей жабылады да жеке фармакопоялық мақалада көрсетілген температурасы мен қысымы бар жылу ұстап тұратын камераға орналастырылады. Тепе-теңдігі орнатылғаннан кейін хроматографиялау көрсетілген жағдайларда өткізіледі.

Сызықтық тәуелділік теңдеуін ең кіші квадраттар әдісімен есептеп шығарады. Шығарылған теңдеу бойынша сынақтан өткізіліп жатқан үлгідегі айқындалатын заттың шоғырлануын айқындайды.

Графикалық әдісті пайдалану арқылы шоғырлануын айқындауға жол беріледі. Ол үшін ординаталар осі бойынша шығарылған нәтижелердің орташа мәндері, ал абсцисса осі бойынша – айқындалатын заттың стандартты қоспаларының шоғырлануы көрсетіледі. Алынған нүктелер арқылы өтетін сызық абсцисса осімен қиылысқанға дейін экстраполяцияланады. Осы нүкте мен координаталар басы арасындағы арақашықтық сынақтан өткізіліп жатқан үлгідегі айқындалатын заттың шоғырлануын білдіреді.

ТІЗБЕКТІК ТАҢДАУЛАР

ӘДІСІ (КӨП РЕТТІК

ҚОСФАЗАЛЫ ЭКСТРАКЦИЯ)

Егер көп реттік қосфазалы экстракция қолданылса, бұл әдіс жеке фармакопепялық мақалада толық сипатталуы тиіс.

201010028-2019

2.1.2.28. Жоғары тиімді сұйықтықтық хроматография

Жоғары тиімді сұйықтықтық хроматография (ЖТСХ) екі араласпайтын фазалар арасындағы заттарды түрлі бөлуге негізделген бөлу әдісі болып табылады, онда жылжымалы фаза болып табылатын сұйықтық гидравликалық кедергісі жоғары бағанға орналастырылған жылжымайтын фаза арқылы өтеді. Бөлшектердің кішірейтілген көлемі (мәселен, 2 мкм кіші) бар бағандар пайдаланылатын сұйықтықтық хроматография аса жоғары тиімді сұйықтықтық хроматография (АЖТСХ) деп аталады.

Соңғы жағдайда мыналармен сипатталатын жабдықтар талап етіледі: жоғары қысымдарды пайдалану мүмкіндігі (әдетте 100 МПа дейін, яғни 15 000 psi жуық); үдемелі кездерді бағандардан тыс азайтылған кеңейту, градиентті араластырудың жақсартылған көрсеткіштері және детекторлау жүйесінің ұлғайтылған деректерді алу жылдамдығы.

Сұйықтықтық хроматография заттарды бөлу тетігіне орай негізгі көрініс табатын молекулааралық өзара әрекеттесулер сипатына сәйкес адсорбциялау, бөлу, иондар алмастыру, эксклюзиялық, хиралдық және т.б. болуы мүмкін. Егер хроматографияны жасау үшін бағандағы жоғары қысымы бар хроматографиялау режимі қолданылса, осы түрлердің әрқайсысы жоғары тиімді болуы мүмкін.

АСПАП

Аспап әдетте газсыздандыру жүйесі бар жылжымалы фазаны дайындау торабынан, сорғы жүйесінен, жылжымалы фазаны араластырғыштан (қажет болғанда), сынаманы енгізу блогынан (инжектордан), хроматографиялық бағандан (баған температурасын бақылау құрылғысы қолданыла алады), детектордан және деректерді жинау және өңдеу жүйесінен (интегралдаушы құрылғы немесе өзіжазғыш) тұрады. Сонымен қатар хроматографтың құрамына мыналар кіруі мүмкін: сынаманы дайындау жүйесі мен баған алдындағы реактор, бағандарды ауыстырып қосу жүйесі, бағандан кейінгі

реактор және басқа да жабдықтар. Жылжымалы фаза бір немесе бірнеше сыйымдылықтан әдетте тұрақты жылдамдықпен баған арқылы, ал одан кейін детектор арқылы ағып өтеді.

СОРҒЫ ЖҮЙЕСІ

Сорғы жүйесі жылжымалы фазаны берудің бақыланатын жылдамдығын ұстап тұру үшін қажет. Қысым ауытқулары барынша азайтылуы тиіс, мәселен, қысымдағы жылжымалы фазаны толостату құрылғысы арқылы өткізу жолымен. Өткізуші капиллярлар жүйесі мен жалғаушы тораптар сорғы жүйесі жұмыс жасаған кезде дамитын қысымды көтеруі керек. Жоғары тиімді сұйықтықтық хроматографияда пайдаланылатын сорғы жүйелері газсыздандырғыштармен жарақтандырылуы мүмкін.

Микропроцессормен бақыланатын жылжымалы фазаны беру жүйелері белгіленген бағдарламаға сәйкес тұрақты (изократикалық элюирлеу) немесе ауыспалы (градиенттік элюирлеу) құрамдағы жылжымалы фазаның дәл берілуін қамтамасыз етуі тиіс. Градиенті элюирлеу жағдайында араласуы сорғылар жасайтын төмен не болмаса жоғары қысымдарда жүзеге асатын бірнеше резервуардан еріткішті (еріткіштерді) беретін сорғы жүйелері қолданылады.

СЫНАМАЛАРДЫ ЕНГІЗУ БЛОГЫ (ИНЖЕКТОР)

Сынақтан өткізіліп жатқан үлгі ерітіндісі жоғары қысымда жұмыс жасап тұрған сынамаларды енгізу блогының көмегімен бағанға келіп түсетін жылжымалы фаза ағынына енгізіледі. Сынаманы енгізу үшін белгіленген көлемдегі ілмектік мөлшерлеуіштер немесе қолмен не болмаса автоматты түрде басқарыла алатын реттелетін көлемді құрылғылар пайдаланылады. Ілмектік мөлшерлеуішті қолдан ішінара толтыру енгізілетін сынама көлемінің дәлдігін төмендетеді.

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН ФАЗА

Жоғары тиімді сұйықтықтық хроматографияда мынадай үлгілердегі жылжымайтын фазалар қолданылады:

силикагель, алюминий тотығы немесе қалыпты фазалық хроматографияда қолданылатын кеуекті графит, онда бөліну сіңірудегі және/немесе салмақты бөлудегі айырмаға негізделген (үлестіру хроматографиясы);

қалыпты фазалық (адсорбциялық хроматография) және қайтарымды фазалық хроматографияда қолданылатын полимерлерден, силикагельден немесе кеуекті графиттен дайындалған химиялық түрлендірілген тасымалдағыштардың үлкен мөлшері, онда бөліну жылжымалы және жылжымайтын фазалар арасындағы молекулалардың бөлінуіне негізделген;

иондарды алмастыру хроматографиясында қолданылатын қышқылды немесе негізгі топтармен түрлендірілген шайырлар немесе полимерлер, онда бөліну бөлінетін иондар мен жылжымалы фазаның иондары арасындағы бәсекелестік өзара әрекеттесуге негізделген;

кеуекті силикагель немесе эксклюзиялық хроматографияда қолданылатын полимерлер, онда бөліну стерикалық эксклюзияға сәйкес келетін молекулалар көлемдеріндегі айырмаға негізделген;

арнайы химиялық түрлендірілген жылжымайтын фазалар, мәселен, целлюлоза мен амилоза туындылары, ақуыздар және пептидтер, энантиомерлерді бөлу үшін қолданылатын циклодестриндер және т.с.с. (хиралдық жылжымайтын фазалардағы хроматография);

сұйықтықтық хроматографияның түрлі үлгілеріндегі жоғары тиімді модификацияларында қолданылатын басқа да жылжымайтын фазалар.

Бөлінулердің басым бөлігі жылжымайтын фаза ретінде қолданылатын химиялық түрлендірілген силикагель мен жылжымалы фаза ретінде қолданылатын поляр ерітінділер арасындағы бөліну тетігіне негізделген. Тасымалдағыштың үстіңгі беті, мәселен, силикагельдің силанольді топтары тасымалдағыштың үстіңгі бетіндегі белсенді топтардың түрлі санын қамтитын коваленттік байланысты силильді туындыларды түзе отырып, түрлі силанды реагенттермен реакцияға түседі. Ұластырылған фазаның табиғаты хроматографиялық жүйенің бөлу қасиеттерін айқындайтын маңызды сипаттама болып табылады.

Төменде неғұрлым жиі қолданылатын ұластырылған фазалар ұсынылған:

Октильді	Si – [CH ₂] ⁷ – CH ₃	C ₈
Октадецильді	Si – [CH ₂] ¹⁷ – CH ₃	C ₁₈
Фенилді	Si – [CH ₂] ⁿ – C ₆ H ₅	C ₆ H ₅
Цианопропильді	Si – [CH ₂] ³ – CN	CN
Аминопропильді	Si – [CH ₂] ³ – NH ₂	NH ₂
Диольді	Si – [CH ₂] ³ – O – CH(OH)-CH ₂ – OH	

Өндірушінің басқа нұсқаулары болмағанда, бағандар ішіндегі силикагель негізіндегі қайтарымды фазалық жылжымайтын фаза 2,0-ден 8,0-ге дейінгі диапазонда рН мәндерінде жылжымалы фазаларды тұрақты болып саналады. Құрамында кеуекті графит немесе полимерлік материалдар, мәселен, дивинилбензолы бар стирол сополимері бөлшектері бар бағандар рН мәндерінің неғұрлым кең диапазонында тұрақты болып табылады.

Кейбір жағдайларда талдау үшін жылжымайтын фаза ретінде түрлендірілмеген силикагельді, кеуекті графитті немесе поляр топтарымен химиялық түрлендірілген силикагельді (мәселен, цианопропильді немесе диольді) пайдалана отырып, қалыпты фазалық хроматографияны қолданады.

Пайдаланылатын жылжымайтын фазалардың көпшілігі үшін бөлшектердің көлемі 2 мкм-нен 10 мкм-ге дейін құрайды. Бөлшектердің сфералық немесе дұрыс емес пішіні, түрлі кеуектілігі және үстіңгі бетінің меншікті ауданы болуы мүмкін. Аталған параметрлер нақты жылжымайтын фазалардың хроматографиялық жүріс-тұрысын

айқындайды. Қайтарымды фазалық хроматографияда жылжымайтын фаза табиғаты, көміртек құрамымен көрсетілетін байланыстыру деңгейі және эндкепирлеу (яғни қалған силанольді топтардың силилирленуі) қосымша айқындаушы факторлар болып табылады. Қалдық силанольді топтар үдемелі кездің артқы көлемінің шайылуының, әсіресе негізгі сипаттағы заттар үшін, себебі болуы мүмкін.

Кеуекті бөлшектерден басқа үстіңгі беті кеуекті немесе монолитті материалдар пайдаланыла алады.

Жеке фармакопепялық мақалада басқа нұсқаулар болмаған кезде талдау хроматографиясында түрлі ұзындықтағы және ішкі диаметрдегі тот баспайтын болаттан жасалған бағандар қолданылады. Ішкі диаметрі 2 мм кем бағандар жиі шағын бағандарға жатқызылады. Жылжымалы фаза мен бағанның температурасы талдау уақыты бойы тұрақты болуы тиіс. Талдаулардың көбі бөлме температурасында өткізіледі, алайда бағанның оңтайлы жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін басқа да температураларды қолдану талап етілуі мүмкін.

ЖЫЛЖЫМАЛЫ ФАЗА

Қалыпты фазалық хроматографияда әдетте жылжымалы фазаның элюирлеуші күшін реттейтін полярлы органикалық қоспалар аз қосылған төмен полярлы органикалық еріткіштер (гексан, циклогексан, гептан және т.б.) қолданылады. Қалыпты фазалық хроматографияда ұдайы қалпына келтірілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін жылжымалы фазада қолданылатын еріткіштердегі судың құрамын қатаң бақылау керек.

Қайтарымды фазалық хроматографияда әдетте құрамында органикалық еріткіштер бар немесе жоқ сулы жылжымалы фазалар қолданылады. Органикалық қоспалар ретінде әдетте полярлы органикалық еріткіштер (ацетонитрил және метанол) қызмет етеді. Бөлінуді оңтайландыру үшін белгілі бір рН мәні бар су ерітінділері, атап айтқанда, буферлік ерітінділер, сондай-ақ жылжымалы фазаға кез келген қоспалар қолданыла алады: қышқылды сипаттағы қоспаларды бөлу кезінде фосфорлық және сірке су қышқылдары; негізгі сипаттағы қоспаларды бөлген кезде аммиак және майлы аминдер және басқа да түрлендіргіштер.

Жылжымалы фазаның құрамдас бөліктерін әдетте көлемі 0,45 мкм (егер жылжымайтын фаза 2 мкм кіші бөлшектерден тұрса, сондай-ақ егер арнайы детекторлар, мәселен, жарықты сейілту детекторы қолданылса) үлкен бөлшектерді жою үшін сүзгіден өткізеді. Көп компонентті жылжымалы фазаларды дайындаған кезде жеке құрамдас бөліктердің өлшеулі мөлшерлерін (егер салмақтары көрсетілмеген болса) араластырады. Сонымен қатар еріткіштер мөлшерлеуіш клапандары бар жеке сорғылармен беріле алады, олардың көмегімен еріткіштерді қажетті пропорцияларда араластыруды жүзеге асырады. Газ көпіршіктерінің пайда болуы мен олардың детектордың ұяшығына түсуін болдырмау үшін еріткіштерді әдетте олар арқылы гелий өткізу, ультрадыбыспен өңдеу және/немесе "on-line" режимінде жұмыс жасайтын мембраналық-вакуумдық модельдерді пайдалану жолымен газсыздандырады.

Жылжымалы фазаларды дайындауға арналған еріткіштердің құрамында әдетте тұрақтандырғыштар болмайды, ал ультракүлгін детекторларды пайдаланған кезде детекторлау толқынының ұзындығында мөлдір болуы тиіс. Еріткіштер мен жылжымалы фазаның басқа құрамдас бөліктері тиісті сапада болуы керек. Қажет болғанда, жылжымалы фазаның қоспаларын емес, су құрамдас бөлігін ғана пайдаланып, рН мәнін түзетеді. Буферлік немесе тұзды ерітінділерді пайдаланған кезде тұздардың кристалдануына жол бермеу үшін хроматографиялауды аяқтағаннан кейін жүйе су мен жылжымалы фазаның органикалық бөлігінің шағын мөлшерінің (5 % (айн/айн)) қоспасымен жуып шаяды.

Жылжымалы фазалардың басқа да құрамдас бөліктері болуы мүмкін, мәселен ионды-булы хроматография үшін контр-иондар немесе ахиралды жылжымайтын фазаларды қолданатын хроматография үшін хиралдық селекторлар.

ДЕТЕКТОРЛАР

Детекторлар ретінде неғұрлым жиі ультракүлгін/көзге көрінетін салаларда жұмыс істейтін спектрофотометрлер қолданылады. Спектофотометрлік детектордың жұмыс диапазонындағы (әдетте, 190 – 600 нм) кез келген толқын ұзындығында детекторлауды жүргізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ толқындардың бірнеше ұзындығында бір уақытта детекторлауды жүргізуге мүмкіндік беретін көп толқынды детекторлар, толқындар ұзындықтарының бүкіл жұмыс диапазонында (әдетте, 190 – 950 нм) оптикалық тығыздықты бір уақытта тіркеуге болатын иодиодты матрицалық детекторлар қолданылады. Бұл детектор ұяшығы арқылы өтетін құрамдас бөліктердің сіңіру спектрлерін тіркеуге мүмкіндік береді. Одан басқа, арнайы детекторлар қолданыла алады. Флуоресцентті детектор флуоресцентті қоспаларды немесе олардың флуоресцентті туындылары түріндегі флуоресцентті емес қоспаларды айқындау үшін қолданылып, аса жоғары сезімділік пен талғамдылыққа ие болады. Спектрдің ультракүлгін және көзге көрінетін салаларында нашар сіңіретін қоспаларды (мәселен, көмірсуларды) айқындау үшін рефрактометрлік детекторлар (рефрактометрлер) пайдаланылады. Аталған детекторлардың кемшіліктері – олардың біршама төмен сезімталдығы мен сигнал қарқындылығының айтарлықтай температуралық тәуелдігі (детекторды белгілі температурада ұстау қажет), сондай-ақ оларды градиенттік элюирлеу режимінде пайдаланудың мүмкін еместігі. Сонымен қатар, электробелсенді қоспалар үшін электрохимиялық (амперометрлік, кондуктометрлік) детекторлар, жарық сейілтуші детекторлар, зарядталған аэрозольдер детекторлары, аса жоғары сезімталдық пен талғамдылыққа ие масса-спектрометрлік детекторлар, Фурье-ИК-детекторлар, радиобелсенділік детекторлары және басқалар қолданыла алады.

ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ ЖҮЙЕСІ

Заманауи деректерді өңдеу жүйесі хроматографпен түйіндес хроматограмманы тіркеп өңдеуге, сондай-ақ хроматографтың жұмысын басқаруға және

хроматографиялық жүйенің негізгі көрсеткіштерін қадағалауға мүмкіндік беретін орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуі бар дербес компьютерді білдіреді.

ӘДС

Бағанды тұрақты базалық желіні шығарғанға дейін жылжымалы фазаның көрсетілген құрамы мен жылдамдығында, сондай-ақ бөлме температурасында немесе жеке фармакопоялық мақалада көрсетілген температурада теңдестіреді. Сынақтан өткізілетін ерітіндіні (лерді) және салыстыру ерітіндісін (лерін) жеке фармакопоялық мақаладағы нұсқауларға сәйкес дайындайды. Ерітінділердің қатты бөлшектері болмауы тиіс. Хроматографиялық жүйенің жарамдылығын бағалау критерийлері *2.1.2.36. Хроматографиялық бөлу әдістері* деген жалпы фармакопоялық мақалада сипатталған. Аталған құжатта сондай-ақ хроматографиялық жүйенің жарамдылық критерийлеріне сәйкес болу үшін әдістемені түбегейлі өзгертпей, оның көрсеткіштерін түзетуге болатын шектер келтірілген.

201020029-2019

2.1.2.29. Эксклюзиялық хроматография

Эксклюзиялық хроматография молекулалардың көлемдеріне сәйкес оларды ерітіндіде бөлудің хроматографиялық әдісін білдіреді. Органикалық жылжымалы фаза қолданылған кезде әдіс *гель өтімді хроматография*, ал сулы жылжымалы фаза қолданылған кезде – *гель сүзуші хроматография* деп аталады. Сынама гельмен немесе толтырғыштың кеуекті бөлшектерімен толтырылған бағанға енгізіліп, жылжымалы фазамен баған арқылы жылжытылады. Көлемдеріне сәйкес бөліну жылжымалы фазаның молекулалары мен баған толтырылған материал кеуектерінің (жылжымайтын фаза) арасында бар дәл сол еріткіштің арасындағы ерітілген зат молекулаларының дүркін-дүркін алмасуы есебінен жүзеге асады.

Мейлінше ұсақ молекулалар толтырғыш материалының барлық кеуектеріне өтіп, бағанның толық өтімді көлемінде (V_1) элюирленеді. Баған материалының барлық кеуектерінің көлемінен асып түсетін көлемді молекулалар толтырғышпен ұсталып қалмай, оның бөлшектерінің арасындағы кеңістік арқылы орнын ауыстырады және бағанның бос көлемінде немесе *эксклюзия көлемінде* (V_0 , бос қуыстардың көлемі) элюирленеді. Молекулалар көлемдерінің сәйкес бөлінуі эксклюзия көлемі мен бағаның толық өтімді көлемі арасында жүзеге асады; барынша тиімді бөліну аталған диапазонның алғашқы үштен екі бөлігінде орындалады.

АСПАП

Аспаптың негізгі бөлігі қажетті диапазонда молекулалардың көлемдері бойынша бөлінуін қамтамасыз ететін түрлі ұзындықтағы және ішкі диаметрдегі хроматографиялық баған болып табылады. Қажет болғанда, баған белгілі температурада ұсталады. Тұрақты жылдамдығы бар баған арқылы элюент өткізіледі.

Бағанның бір шетіне әдетте сынамаларды енгізуге арналған блок, мәселен, ағын үзгіші бар инжектор, ағынды тоқтатпай, сынамаларды енгізуге арналған мембранасы бар шприцты инжектор немесе ағынды тоқтататын клапаны бар ілмекті инжектор қосылады. Бағанның дәл осы шетіне сондай-ақ жылдамдығы бақыланатын элюентті беруге арналған тиісті сорғы жалғануы мүмкін. Сонымен қатар сынама тікелей баған материалының құрғақ үстіңгі бетіне жағылуы мүмкін не болмаса егер сынаманың тығыздығы элюент тығыздығынан жоғары болса, элюенттің астына баған материалының үстіңгі бетіне қабатталып жағыла алады. Бағаның басқа шеті әдетте сынаманың бөлінген құрамдас бөліктерінің салыстырмалы шоғырлануларын бақылауды қамтамасыз ететін автоматты тіркеуші құрылғысы бар тиісті детекторға жалғанады. Әдетте фотометрлік, рефрактометрлік немесе люминисцентті детекторлар қолданылады. Қажет болғанда, фракциялардың автоматты коллекторы қосыла алады.

Жылжымайтын фаза ретінде жұмсақ тасымалдаушы, мәселен, ісінген гель немесе қатты тасымалдаушы – кеуекті шыны, силикагель немесе осы еріткішке жарайтын көлденең тігілген органикалық полимер пайдаланыла алады. Қатты тасымалдаушылар пайдаланылған кезде әдетте қысымдағы жылжымалы фазаны беру талап етіледі, бұл бөлінуді тездетеді. Жылжымалы фаза сынама, толтырғыш және детекторлау әдісінің табиғатына негізделіп таңдалады. Бөлінуді өткізу алдында жылжымайтын фазаны өңдеп, бағанды жеке фармакопаялық мақаладағы нұсқауларға немесе өндірушінің нұсқаулығына сәйкес толтырады.

Хроматографиялық жүйенің жарамдылығын бағалау критерийлері *2.1.2.36. Хроматографиялық бөлу әдістері* деген жалпы фармакопаялық мақалада сипатталған. Аталған құжатта сондай-ақ хроматографиялық жүйенің жарамдылық критерийлеріне сәйкес болу үшін оның көрсеткіштері түзетіле алатын шектер келтірілген.

ҚОСПАЛАРДЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ КОМПОНЕНТТІК ҚҰРАМЫН АЙҚЫНДАУ

Бөліну жеке фармакопаялық мақаладағы нұсқауларға сәйкес өткізіледі. Мүмкіндігінше компоненттердің элюирленуін тұрақты бақылайды және тиісті үдемелік кездердің алаңдарын өлшейді. Егер сынаманы бақылау барлық қалатын компоненттер бірдей талдамалық сигналдар (мәселен, бірдей үлестік оптикалық сіңіру) беретін физикалық-химиялық қабілеті бойынша жүргізілсе, әрбір компоненттің салыстырмалы құрамы тиісті компоненттің үдемелі кез ауданының барлық компоненттердің үдемелі кездерінің аудандары жиынтығының арақатынасы ретінде есептеліп шығарылады. Егер компоненттердің талдамалық сигналдары детекторланатын қасиеті бойынша өзгешеленсе, әрбір компоненттің құрамы жеке фармакопаялық мақалада көрсетілгендей тиісті стандартты үлгілерді пайдалану арқылы шығарылған калибрлеу кестелері бойынша есептеледі.

МОЛЕКУЛАЛЫҚ МАССАЛАРДЫ АЙҚЫНДАУ

Эксклюзиялық хроматография жеке фармакопоялық мақалада көрсетілген калибрлеуге арналған тиісті стандартты үлгілермен салыстыру арқылы заттардың молекулалық массаларын айқындау үшін пайдаланыла алады. Стандартты үлгілер үшін заттардың молекулалық массаларының логарифмінен оларды ұстап тұру көлемінің тәуелділік кестесі сызылады. Эксклюзия көлемі мен толық өткізу көлемінің мәндерімен шектелген шеңберде сызылған график әдетте берілген эксперименталдық жағдайларда осы бағанға арналған түзу сызыққа жақындайды. Аталған график бойынша молекулалық массалардың мәндерін есептеуге болады. Молекулалық-массалық бөліну үшін калибрлеу графигі әдісін пайдалану сипатталған эксперименталдық жағдайларда жоғары молекулалық зат/еріткіш жүйелерінің меншікті жағдайлары үшін ғана шынайы нәтижелер шығаруға мүмкіндік береді.

ПОЛИМЕРЛЕРДІҢ МОЛЕКУЛАЛЫҚ-МАССАЛЫҚ БӨЛІНУІН АЙҚЫНДАУ

Эксклюзиялық хроматография полимерлердің молекулалық-массалық бөлінуін айқындау үшін пайдаланыла алады. Дегенмен де бірдей эксперименттік жағдайларда шығарылған нәтижелерді ғана өзара салыстыруға болады. Калибрлеу үшін қолданылатын стандартты үлгілер мен полимерлердің молекулалық-массалық бөлінуін айқындау әдістері жеке фармакопоялық мақалаларда келтіріледі.

201020030-2019

2.1.2.30. Электрофорез

1. ЖАЛПЫ ПРИНЦИП

Электр өрісінің әсерінен электролит ерітіндісінде ерітілген немесе көпіршіктенген зарядталған бөлшектер қарама-қарсы полярлықтағы электрод бағытында қозғалады. Гельдегі электрофорез кезінде бөлшектер қозғалысы молекулалық елек ретінде әсер ететін айналадағы гель-матрицамен өзара әрекеттесу арқылы баяулайды. Электр тогы мен молекулалық електің қарама-қарсы өзара әрекеттесулері олардың көлемдеріне, пішіндері мен зарядтарына байланысты бөлшектер миграциясындағы жылдамдықтың айырмашылығына әкеліп соғады. Физикалық-химиялық қасиеттерінің айырмашылықтары салдарынан қоспадағы түрлі макромолекулалар электрофорез кезінде түрлі жылдамдықпен қозғалады және осылайша дискретті фракцияларға бөлшектенеді. Электрофоретикалық бөліну тіреуіш фазалары жоқ жүйелерде (мәселен, капиллярлы электрофорезде еркін ерітіндіні бөлшектеу) және жұқа қабатты тілімдер, қабыршақтар немесе гельдер секілді тұрақтандырылған орталарда өткізілуі мүмкін.

2. ЕРКІН ЕРІТІНДІДЕГІ ЭЛЕКТРОФОРЕЗ НЕМЕСЕ ФРОНТАЛДЫ ЭЛЕКТРОФОРЕЗ

Аталған әдіс негізінен заттардың экспериментті түрде тікелей өлшенетін және қалпына келтірілетін сипаттамасы болып табылатын электрофоретикалық қозғалмалылығын айқындау үшін қолданылады. Әдіс әдетте диффузияға қабілеті аз болып келетін салыстырмалы жоғары молекулалық массасы бар заттар үшін

қолданылады. Айқындауды бастар алдында шектердің орналасқан жерін физикалық әдістермен, мәселен, рефрактометриямен немесе кондуктометриямен белгілейді. Белгілі бір электр өрісі қабаттасқаннан кейін дәл өлшенген уақыт ішінде жаңа шектер мен олардың салыстырмалы орналасуы айқындалады. Сынақтан өткізу жағдайлары сынақтан өткізіліп жатқан үлгіде қанша зат болса, сонша шектерді айқындауға болатындай таңдалады.

3. ТАСЫМАЛДАУШЫ ФАЗАСЫ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН АЙМАҚТЫҚ ЭЛЕКТРОФОРЕЗ

Осы сынақты өткізу үшін сынақтан өткізілетін үлгінің шағын ғана мөлшері қажет етіледі.

Тасымалдаушы табиғаты, мәселен, қағаз, агарозды гель, целлюлоза ацетаты, крахмал, агароза, полиакриламид, аралас гель, олардың қозғалмалығына әсер ететін қосымша факторлар қатарының себебі болып табылады:

а) тасымалдаушы фазасындағы капиллярлық әсерлердің салдарынан өткен болып көрінетін арақашықтық нақты өткен арақашықтықтан аз болады;

б) тасымалдаушының кейбір фазалары электр тұрғысынан бейтарап болып табылмайды. Тасымалдаушылар жылжымайтын фаза болып табылатындықтан, бұл кейде айтарлықтай электроэндоосмотикалық ағынға әкеліп соғуы ықтимал;

в) Джоуль эффектісінің нәтижесіндегі кез келген қыздыру тасымалдаушы фазасынан сұйықтықтың белгілі бір булануына әкелуі мүмкін, ал бұл капиллярлы әсердің салдарынан ерітіндінің шеттен ортасына қарай қозғалуына әкеліп соғады. Бұл жағдайда иондық күш өседі.

Тиісінше жылжу жылдамдығы басты төрт факторға тәуелді болып табылады: зарядталған бөлшектің қозғалмалылығы, электроэндоосмос ағынының жылдамдығы, сұйықтықтың тасымалдаушы фазасынан булануы, өріс кернеулілігі. Сондықтан сынақты қатаң айқындалған эксперименттік жағдайларда өткізіп, мүмкіндігінше, стандартты заттарды қолдану қажет.

Электрофорезге арналған аспаптың негізгі құраушылары мыналар болып табылады:

Кернеуін бақылауға және мүмкіндігінше тұрақтандыруға болатын *тұрақты ток көзі*.

Электрофоретикалық камера. Әдетте бұл шыныдан немесе қатты полимерден жасалған, электролит ерітіндісі бар анодты және катодты екі жеке резервуардан тұратын камера болып табылады. Камераның, мәселен, платинадан немесе графиттен жасалған әрбір резервуарға электрод батырып салынады. Олар оқшауланған сызба арқылы қоректендіру көзінің тиісті шығаберісіне жалғанып, анод пен катодты құрайды. Сифонданудың алдын алу үшін камераның екі резервуарындағы сұйықтық деңгейі бірдей болып тұрады.

Электрофоретикалық камера ауа өткізбейтін қақпақпен жабдықталған, ол сынақты өткізу бойы қаныққан ылғалдылық атмосферасын ұстап тұрады және еріткіштің

булануын азайтады. Қақпағын алған кезде ток сақтандырғышпен сөндіріледі. Жолақтан көлденең өлшенген ток қуаты 10 Вт асса, камераны суытқан жөн.

Тасымалдаушыны орнату құралы:

Жолақшалардағы электрофорез. Алдын ала дәл сол электролитпен суланған тасымалдаушы жолақтың әрбір ұшы электродты камераға батырылып салынады, бекітіледі және электролиттің диффузиясына жол бермеу үшін тиісті ұстағышпен тіркеледі. Ондай ұстағыштар көлденең жақтау, аударылған V тәрізді тіреуіш немесе белгілі бір интервалдар арқылы жанасу нүктелері бар біркелкі үстіңгі бет болуы мүмкін.

Гель-электрофорез. Құрылғы негізінен үстіңгі бетіне қалыңдығы бірдей жақсы бекітілген гель қабаты жағылған шыны пластинасынан (мәселен, төсеніш шыны) тұрады. Гельдің электролитпен қосылуы қолданылатын аспап үлгісіне тәуелді түрлі тәсілдермен жүзеге асырылады. Су конденсациясының немесе қатты қабат кебуінің алдын алу үшін шаралар қабылдау қажет.

Өлшеуіш құрылғы немесе детектор.

Әдістеме. Электролит ерітіндісі электродты бөлімдерге орналастырылады. Электролит ерітіндісі сіңірілген тасымалдаушы пайдаланылатын аспапқа арналған нұсқаулыққа сәйкес камераға орналастырылады. Старт сызығын белгілеп, үлгіні жағады. Көрсетілген уақыт ішінде электр тогын береді. Токты ажыратқаннан кейін тасымалдаушыны камерадан алып шығып, кептіреді және айқындайды.

4. ПОЛИАКРИЛАМИДТІ ГЕЛЬ БАР БАҒАНДАРДАҒЫ ЭЛЕКТРОФОРЕЗ

Полиакриламидті гель бар бағандардағы электрофорез кезінде стационарлық фаза акриламид пен N,N' -метиленбисакриламид қоспасынан дайындалған гель болып табылады. Гелі бар бағандар ұзындығы 4,5 см және ішкі диаметрі 0,5 см түтікшелерді пайдалану арқылы дайындалады, түтікшелердің барлығында бірдей ерітінді пайдаланылуы керек.

Аспап. Аспап буферлік ерітіндіге арналған, жарамды материалдан, мәселен, поли(метилметакрилаттан) жасалған бірінің үстіне бірі тік орнатылған екі резервуардан тұрады. Әрбір резервуар платина электродымен жарактандырылған. Электродтар ток көзіне жалғанған, бұл сынақты не тұрақты токта, не болмаса тұрақты кернеуде өткізуге мүмкіндік береді. Жоғарғы резервуардың негізінде электродтан бірдей қашықтықтағы ұстағыштар қатары болады.

Әдістеме. Әдетте ерітінділерді полимерлеуді бастағанға дейін газсыздандырады, гелдерді бірден дайындалғаннан кейін қолданады. Компоненттердің тағайындалған қоспасын дайындап, оны астында жабылған тиісті шыны түтікшелерге бірдей деңгейге дейін, жоғарғы шетіне шамамен алғанда 1 см жеткізбей, ауа көпіршіктерінің түтікшелерге түсуіне жол бермей құяды. Ауамен жанасуды болдырмау үшін қоспаға су Р қабатын қабаттастырып, полимерленуі үшін қалдырады. Гельдің түзілуі әдетте шамамен алғанда 30 минутты алып, гелдің үстіңгі қабатын су қабатынан айқын

бөлетін шек пайда болғанда аяқталады. Су қабатын алып тастайды. Төменгі резервуарды тағайындалған буферлік ерітіндімен толтырады. Шыны түтікшелерді ашып (төменгі шетіндегі қалпақшаларды алады), жоғары резервуардың ұстағыштарына түтікшелердің түбі төменгі резервуардың буферлік ерітіндісіне батырылатындай қондырады. Бағандарды тағайындалған буферлік ерітіндімен абайлап толтырады. Сынақтан өткізілетін және құрамында тағайындалған индикаторлық бояғыш бар бақылау үлгілерін дайындап, олардың ішінде, мәселен, *сахарозаны Р* еріту арқылы тығыздайды.

Дайындалған үлгілерді гельдің үстіңгі бетіне қабаттастырып жағады, әрбір үлгі үшін жеке түтікшені пайдаланады. Жоғарғы резервуарды дәл сол буферлік ерітіндімен толтырады. Электродтарды ток көзіне қосып, берілген температурада және берілген тұрақты кернеуді немесе токты пайдаланып, электрофорез процесін өткізеді.

Индикаторлық бояғыш төменгі резервуарға толығымен ауысты деген кезде ток көзін ажыратады. Әрбір түтікшені бірден аспаптан суырып алады да сығу арқылы гельді шығарады. Тағайындалғандай электрофореграммадағы жолақтардың орналасқан жерін айқындайды.

5. ҚҰРАМЫНДА НАТРИЙ ДОДЕЦИЛСУЛЬФАТЫ (ДСН-ПААГ) БАР ПОЛИАКРИЛАМИДТІ ГЕЛЬДЕГІ АҚУЫЗДАР ЭЛЕКТРОФОРЕЗИ

5-1. ДСН-ПААГ — КОНЦЕНТРАЦИЯСЫ БІРКЕЛКІ ГЕЛЬДЕР

Қолданылу саласы. Полиакриламид геліндегі электрофорез биологиялық препараттардағы ақуыздарды сапалы сәйкестендіру, олардың тазалығын бақылау және мөлшерлік айқындау үшін қолданылады.

Мақсаты. Талдамалы электрофорез гелі – дәрі-дәрмек заттарындағы ақуыздардың біртектілігін сәйкестендіруге және бағалауға мүмкіндік беретін әдіс. Әдіс әдетте ақуыз суббірліктерінің молекулалық массалары мен тазартылған ақуыздардың суббірлікті құрамын айқындау үшін пайдаланылады.

Дайын гельдер мен реактивтер нарықта кеңінен қолжетімді болып табылады және олар баламалы нәтижелер беріп, төменде келтірілген "Сынақты валидациялау" бөлімінің талаптарына сай келеді деген шартпен осы фармакопеялық мақалада сипатталғандардың орнына пайдаланылуы мүмкін.

5-1-1. ПОЛИАКРИЛАМИДТІ ГЕЛЬДЕРДІҢ ҚАСИЕТТЕРІ

Полиакриламидті гельдердің (ПААГ) бөлу функциялары көршілес полиакриламидті тізбектер арасындағы қос функционалды бис-акриламидті көлденең байланыстардың арқасында түзілетін талшықтар мен бос қуыстарының үшөлшемді желісіне негізделген. Полимеризация процесі персульфат аммонийден және N,N, N', N' -тетраметилэтилендиаминнен (*ТЕМЭД*) тұратын бос радикалдарды өндіруші жүйемен шапшаңдатылады.

Акриламид концентрациясы ұлғайған кезде гельдегі бос қуыстардың тиімді көлемі азаяды. Гельдің бос қуыстарының тиімді көлемі оның елеуіш қасиеттерімен, яғни макромолекулалардың миграциясына беретін кедергімен функционалды түрде айқындалады. Пайдаланылуы мүмкін акриламид шоғырлануларына шектеулер бар. Акриламид шоғырланулары жоғары болған кезде гелдер неғұрлым сынғыш болып, оларды пайдалану қиынға соғады. Гельдің бос қуыстарының көлемі азайған сайын ақуыздың гель арқылы қозғалу жылдамдығы төмендейді. Бос қуыстарының көлемі мен акриламид шоғырлануын реттей отырып, нақты талданатын ақуыз өнімі үшін әдістің айыру қабілетін оңтайландыруға болады. Осылайша, нақты гелдің қасиеттері оның ішіндегі акриламид пен бисакриламидтің пайыздық құрамымен айқындалады.

Гельдің құрамымен қатар электрофоретикалық қозғалмалылықтың маңызды құрамдас бөлігі талданатын ақуыздың жай-күйі болып табылады. Ақуыздың электрофоретикалық қозғалмалылығы рК зарядталған топтардың мәні мен молекула көлеміне тәуелді болады. Қозғалмалылығына буферлік ерітіндінің түрі, шоғырлануы мен рН, электр өрісінің температурасы мен кернеуі, сондай-ақ тасымалдаушы материалының табиғаты әсер етеді.

5-1-2. ПОЛИАКРИЛАМИДТІ ГЕЛЬДЕГІ ДЕНАТУРАЦИЯЛАУШЫ ЭЛЕКТРОФОРЕЗ

Бұл әдіс молекулалық массасы 14 000-нан 100 000 дальтонға дейінгі полипептидтердің мономерлерін талдауға мүмкіндік береді. Түрлі әдістемелерді (мәселен, градиентті гелдерді, белгілі бір буферлік жүйелерді қолдану арқылы) пайдалана отырып, молекулалық массалардың шектерін кеңейтуге болады. Мәселен, электрофорезге арналған бөлүші буферлік ерітіндіде артта қалушы ион ретінде құрамында трицин (жоғарыда сипатталған әдісте секілді глициннің орнына) бар трицин-ПААГ 10 000-нан 15 000 дальтоннан кем аса ұсақ ақуыздар мен пептидтерді бөлуге мүмкіндік береді.

Натрий додецилсульфаты қолданылған полиакриламидті гельдегі (ДСН-ПААГ) денатурациялаушы электрофорез фармацевтикалық өнімдердегі ақуыздардың сапасын бағалау үшін пайдаланылатын барынша жалпымен қолданылатын электрофорез әдісі болып табылады және төменде келтірілген әдістің мысалы ретінде сипатталған. Әдетте, ақуыздардың талдамалық электрофорезін полиакриламидті гелдерде олардың жеке полипептидті суббірліктерге бөлшектеніп ыдырауын қамтамасыз ететін және агрегациялауды барынша азайтатын жағдайларда өткізеді. Гельге жағардың алдында аса жиі ақуыздар күшті анионды детергент – натрий додецилсульфатымен (ДСН) қыздыра отырып, бөлшектеніп ыдырауға ұшырайды. Денатурацияланған полипептидтер ақуыз түріне қарамастан массаның зарядқа деген тұрақты арақатынасы бар теріс зарядталған бөлшектерге айналып, ДСН-мен байланысады. Байланысқан ДСН көлемі

үнемі полипептидтің молекулалық массасына пропорционал болып, оның кезектілігіне тәуелді емес болғандықтан, ДСН-полипептидті кешендер поакриламидті геледе полипептид көлеміне байланысты жылдамдықпен миграциялайды.

Шығарылған детергент-полипептидті кешендердің электрофоретикалық қозғалмалылығы олардың молекулалық массаларымен функционалдық өзара байланыста болады. ДСН-кешендерінің миграциясы анодқа қарай бағытта жүзеге асады, бұл ретте молекулалық массалары төмен кешендер молекулалық массалары үлкендерге қарағанда тезірек қозғалады. Тиісінше ақуыздың молекулалық массасы калибрленген ДСН-ПААГ оның салыстырмалы қозғалмалылығы бойынша айқындала алады, ал геледе жалғыз-жарым жолақтың бар болуы ақуыз тазалығының критерийі болып табылады.

Полипептидті тізбек түрленімдері, мәселен, *N*- или *O*-байланыстырылған гликозилірлеу ақуыздың солай болып көрінетін орташа молекулалық массасына айтарлықтай әсер етуге әкеліп соғады, өйткені ДСН полипептидті құрамдас бөлікпен секілді көмірсулы құрамдас бөлікпен де байланыспайды.

Гликозилірлеу және басқа да трансляциялаудан кейінгі түрленімдер деңгейіне байланысты ақуыздардың орташа молекулалық массасы полипептидті тізбек массасының ақиқат көрінісі бола алмайды.

Қалпына келтіруші жағдайлар. Полипептидті суббірліктер мен ақуыздардың үшөлшемді құрылымына қос сульфитті байланыстар болуының арқасында жиі қолдау көрсетіледі. Қалпына келтіруші жағдайларда ДСН-ПААГ талдаудың мақсаты ақуыздар құрылымын қос сульфатты ақуыздарды ажырату арқылу бұзу болып табылады. 2-меркаптоэтанолмен немесе дитиотреитолмен (ДТТ) өңдеу арқылы ақуыздарды толық денатурациялау және бөлшектеп ыдырату полипептидті тізбекті жаюға және кейіннен ДСН-мен кешен түзуге әкеледі. Осындай жағдайларда полипептидті суббірліктердің молекулалық массасын сызықтық регрессия әдісімен (неғұрлым дәл нәтиже шығару үшін – сызықтық емес регрессия әдісімен) молекулалық массалардың жарамды стандарттарын пайдаланған кезде есептеп шығаруға болады.

Қалпына келтірілмейтін жағдайлар. Бірқатар сынақтар үшін ақуыздың полипептидті суббірліктерге толық бөлшектеніп ыдырауы қажетсіз. 2-меркаптоэтанол немесе ДТТ секілді қалпына келтіруші агенттермен өңдеу болмаған кезде қос сульфитті ковалентті байланыстар зақымданбаған болып қалады және полипептидті суббірліктерге бөліну орын алмайды. Олигомерлі ДСН-ақуызды кешендер олардың ДСН-полипептидті суббірліктеріне қарағанда баяу миграциялайды. Сонымен қатар қалпына келтірілмеген ақуыздар тұтас ДСН-мен қанағаттана алмайды және тиісінше тұрақты массалық қатынаста детергентті байланыстыра алмайды. Тізбек ішіндегі қос сульфитті байланыстар әдетте молекуланың гидродинамикалық радиусын азайту және осылайша солай болып көрінетін орташа молекулалық массаны кеміту арқылы полипептид құрылысын нығайтады. Осыған байланысты ДСН-ПААГ пайдалану

арқылы осы молекулалардың молекулалық массасын айқындау толығымен денатурацияланған полипептидтерді талдауға қарағанда кем стандартталған болып табылады, өйткені сенімді салыстыру үшін стандарттардың да, талданатын ақуыздардың да конфигурациялары бірдей болуы қажет.

5-1-3. ҮЗІЛМЕЛІ БУФЕРЛІК ЖҮЙЕСІ БАР ГЕЛЬДЕГІ ЭЛЕКТРОФОРЕЗДІҢ СИПАТТАМАСЫ (ДИСК-ЭЛЕКТРОФОРЕЗ)

Күрделі ақуыз қоспаларын зерттеудің неғұрлым кең қолданылатын электрофоретикалық әдісі екі жақын, бірақ әртүрлі гельді: айырушы немесе бөлуші (төменгі) гель мен шоғырландырушы (жоғарғы) гельді қамтитын үзілмелі буферлік жүйені пайдаланады. Аталған екі гель бос қуыстар мөлшерлерімен, рН және иондық ортамен өзгешеленеді. Одан басқа, гель мен электродты буферлік желілерде қозғалмалығы бойынша түрлі иондар қолданылады. Буферлік жүйенің үзілмелі болуының арқасында шоғырландырушы геледе талданатын үлгінің неғұрлым үлкен көлемдерінің шоғырлануы жүзеге асады, бұл оны ең жақсы айыруды қамтамасыз етеді. Ток көзін қосқаннан кейін кернеу айырымы ақуыздардың шоғырландырушы гелге өтіп кетуіне әкеліп соғады. Электродты буферлік ерітіндідегі глицинат-иондар ақуыздардың артынан шоғырландырушы гелдің ішіне қарай жылжиды. Алдыңғы шетінде тез қозғалатын хлорид-иондар мен артқы шетінде салыстырмалы түрде баяу глицинат-иондары бар жылжымалы шек саласы тез пайда болады. ДСН-ақуызды кешендерді жұқа аймақтар (дискілерді) қалыптастыруға және хлорид пен глицинат фазаларының арасында миграциялауға мәжбүрлей отырып, жетектеуші және артта қалушы иондардың шептері арасында оқшауланған жоғары вольтты градиент түзіледі.

Кең шектерде жағылған үлгінің биіктігіне қарамастан барлық ДСН-ақуыздар өте тар салаға шоғырланып, ақуыздың тығыздығы жоғары анық айқындалған жұқа аймақ түріндегі айырушы гелге қарай бағытта қозғалады. Ірі кеуекті шоғырландырушы гел ақуыздардың көбінің миграциясын тежемейді және негізінен антиконвекциялық орта болып қызмет етеді. Шоғырландырушы және айырушы гелдердің бөліну шегінде айырушы гелдің бос қуыстарының шектелген көлеміне және буферлік ерітіндінің үзілмелі болуына байланысты ақуыздарды тежеу эффектісі күрт өседі, бұл да ақуыздардың жинастырылуына ықпал етеді. Бір уақытта айырушы гелдегі ақуыздардың қозғалысы матрицаның электік (бөлуші) қасиеттерінің салдарынан баяулауды жалғастырады. Глицинат-иондар трис(гидроксиметил)аминометанмен және глицинмен түзілген тұрақты рН бар кеңістікте әрі қарай қозғалатын ақуыздарды қуып жетеді. Фазаның молекулалық-електік қасиеттері ДСН-полипептидтік кешендердің олардың молекулалық массаларына сәйкес бөлінуіне алып келеді.

5-1-4. ТІК ҮЗІЛМЕЛІ-БУФЕРЛІК ДСН-ПОЛИАКРИЛАМИДТІ ГЕЛЬДЕРДІ ДАЙЫНДАУ

Осы бөлім арнайы құрал-жабдықтарды пайдалану арқылы гелдердің дайындалуын сипаттайды. Бұл құрамалы гелдерге жатпайды. Алдын ала дайындалған немесе кез

келген басқа да коммерциялық қолжетімді гельдер мен өзге де жабдықтарды пайдаланған жағдайда, өндірушінің нұсқаулықтарын басшылыққа алу қажет. Ерітіндіде тазартылған коммерциялық қолжетімді реактивтерді пайдалану ұсынылады. Өзге жағдайда, сондай-ақ жеткілікті тазартылмаған реактивтерді пайдаланған кезде алдын ала өңдеу жүргізіледі. Мәселен, сүзгілеуді қажет ететін ластану деңгейі бар ерітінді акрилді қышқыл мен басқа да зарядталған ыдырау өнімдерін жою үшін аралас үлгідегі ион алмастырушы (катион алмастырушы/анион алмастырушы) шайырды пайдалану арқылы ионсыздандырылуы тиіс. Акриламид/бисакриламид ерітінділері және қатты күйдегі персульфат ұсынымдарға сәйкес сақталған жағдайда ұзақ кезең бойы тұрақты болып қала береді.

Гельді қалыптастыратын кассеталарды жинау. Екі шыны пластинаны (мәселен, көлемі 10 см x 8 см), политетрафторэтиленді тарақты, екі төсем пен силиконды түтікшелер (мәселен, диаметрі 0,6 мм және ұзындығы 35 см) жұмсақ жуу құралдарын пайдалана отырып, жуады және сумен, одан кейін сусыз этанолмен мұқият шайып тазартады және бөлме температурасында кептіреді. Төсемдер мен түтікшелерді силиконды емес маймен майлайды. Төсемдерді шеттерінен 2 мм және гелдің түбі болып табылатын ұзын жағынан 2 мм қашықтығында шыны пластиналардың екі қысқа жақтарының бойымен төсейді. Бір төсемді негіз ретінде пайдаланып, түтікшені сала бастайды. Түтікшені төсемнің төменгі жағына қарай абайлап бүгеді және шыны пластинаның ұзын жағы бойымен тартады. Түтікшені пластинаның ұзын жағы бойымен жібермей ұстап тұрып, түтікшені қайта бүгеді де төсемді бағыттаушы ретінде пайдаланып, оны шыны пластинаның қысқа жағы бойынша тартады. Кассетаны қолдармен нықтап басып, басқа шыны пластинамен жабады. Кассетаның екі қысқа жағына екі қысқыштан орнатады. Кассетаның түбін қалыптастырып, гель кассетасының ұзын жағына төрт қысқышты абайлап орнатады. Түтікшенің шыны пластинасының шетімен өтетініне және қысқыштарды орналастырған кезде еш жерде жаншып шығып кетпеуіне көз жеткізу қажет.

Гельді дайындау. Үзілмелі буферлік ДСН-полиакриламидті гельді дайындаған жағдайда, алдымен бөлуші гельді құю, оның полимерленуін күту, ал одан кейін шоғырландырушы гельді құю ұсынылады, өйткені гельдер акриламид-бисакриламид құрамымен, буферлік ерітіндімен және рН өзгешеленеді.

Бөлуші гельді дайындау. Конусты шыны сауытта 2.1.2.30.-1-кестеде келтірілген нұсқауларды пайдаланып, айырушы гельді қалыптастыру үшін акриламидтің қажетті шоғырлануымен ерітіндінің тиісті көлемін дайындайды. Компоненттерді көрсетілген кезектілікпен араластырады. Қажет болғанда, аммоний персульфаты мен ТЕМЭД ерітіндісін қосудың алдында ерітіндіні ацетатцеллюлозалы мембрана (бос қуыстарының диаметрі 0,45 мкм) арқылы вакуум астында сүзгіден өткізеді; сүзгілеуші құрылғыны ерітіндіде көпіршіктердің пайда болуының аяғына дейін шайқап, вакуум астында ұстап тұрады. Одан кейін 2.1.2.30.-1-кестеде көрсетілгендей аммоний

персульфаты мен ТЕМЭД ерітіндісінің тиісті мөлшерін қосып, шайқайды және бірден кассетаның екі пластинасы арасындағы кеңістікке құяды. Шоғырландырушы гель үшін қажетті орын (тарақ тісшелерінің ұзындығы 1 см) қалдырады. Үшкірленген шыны тамшуырды қолданып, суға қаныққан изобутанол ерітіндісін абайлап қабаттастырып жағады. Гельді бөлме температурасында тік күйінде гель полимерленге дейін ұстайды.

Шоғырландырушы гельді дайындау. Полимерлеуді аяқтағаннан кейін (30 мин жуық) изобутанолды қотарып, жағылған изобутанолды және полимерленбеген акриламидтің артылған қалдықтарын жою үшін гельдің үстіңгі бетін бірнеше рет сумен жуып шаяды. Мүмкіндігінше гельдің үстіңгі бетінен суды төгіп, одан кейін су қалдықтарын қағаз майлығы ұшының көмегімен кетіреді.

Конусты шыны сауытта 2.1.2.30.-2-кестеде келтірілген мәндерді қолданып, гельді қалыптастыру үшін акриламидтің қажетті шоғырлануымен ерітіндінің тиісті көлемін дайындайды. Компоненттерді көрсетілген кезектілікпен араластырады. Қажет болғанда , аммоний персульфаты мен ТЕМЭД ерітіндісін қосудың алдында ерітіндіні ацетатцеллюлозалы мембрана (бос қуыстарының диаметрі 0,45 мкм) арқылы вакуум астында сүзгіден өткізеді; сүзгілеуші құрылғыны ерітіндіде көпіршіктердің пайда болуының аяғына дейін шайқап, вакуум астында ұстап тұрады. Одан кейін 2.1.2.30.-2-кестеде көрсетілгендей аммоний персульфаты мен ТЕМЭД ерітіндісінің тиісті мөлшерін қосып, шайқайды және бірден кассетаның екі пластинасы арасындағы кеңістікке тікелей осыдан бұрын полимерленген бөлуші гельдің үстіңгі бетіне құяды. Ауа көпіршіктерінің пайда болуына жол бермеу үшін шоғырландырушы гель ерітіндісіне бірден таза политетрафторэтиленді тарақты қондырады. Тарақ пен бөлуші гель арасындағы кеңістікті толық толтырғанға дейін шоғырландырушы гельдің ерітіндісін тағы қосады. Гельді бөлме температурасында тік күйінде гель полимерленге дейін ұстайды.

2.1.2.30.-1-кесте — Бөлуші гельді дайындау

Ерітінді компоненттері	Мынадай сыйымдылықтағы гельдің 1 кассетасына шаққандағы компонент көлемі							
	5 мл	10 мл	15 мл	20 мл	25 мл	30 мл	40 мл	50 мл
	6 % акриламид							
Су P	2,6	5,3	7,9	10,6	13,2	15,9	21,2	26,5
Акриламид ерітіндісі ⁽¹⁾	1,0	2,0	3,0	4,0	5,0	6,0	8,0	10,0
1,5 МТрис (рН 8,8) ⁽²⁾	1,3	2,5	3,8	5,0	6,3	7,5	10,0	12,5
100 г/л ДСН ерітіндісі ⁽³⁾	0,05	0,1	0,15	0,2	0,25	0,3	0,4	0,5

100 г/л А П С ерігіндісі (4)	0,05	0,1	0,15	0,2	0,25	0,3	0,4	0,5
ТЕМЭД ⁽⁵⁾	0,004	0,008	0,012	0,016	0,02	0,024	0,032	0,04
8 % акриламид								
Су Р	2,3	4,6	6,9	9,3	11,5	13,9	18,5	23,2
Акрилами д ерігіндісі (1)	1,3	2,7	4,0	5,3	6,7	8,0	10,7	13,3
1,5 МТрис (рН 8,8) ⁽²⁾	1,3	2,5	3,8	5,0	6,3	7,5	10,0	12,5
100 г/л Д С Н ерігіндісі (3)	0,05	0,1	0,15	0,2	0,25	0,3	0,4	0,5
Раствор 100 г/л АПС ⁽⁴⁾	0,05	0,1	0,15	0,2	0,25	0,3	0,4	0,5
ТЕМЭД ⁽⁵⁾	0,003	0,006	0,009	0,012	0,015	0,018	0,024	0,03
10 % акриламид								
Су Р	1,9	4,0	5,9	7,9	9,9	11,9	15,9	19,8
Акрилами д ерігіндісі (1)	1,7	3,3	5,0	6,7	8,3	10,0	13,3	16,7
1,5 МТрис (рН 8,8) ⁽²⁾	1,3	2,5	3,8	5,0	6,3	7,5	10,0	12,5
100 г/л Д С Н ерігіндісі (3)	0,05	0,1	0,15	0,2	0,25	0,3	0,4	0,5
100 г/л А П С ерігіндісі (4)	0,05	0,1	0,15	0,2	0,25	0,3	0,4	0,5
ТЕМЭД ⁽⁵⁾	0,002	0,004	0,006	0,008	0,01	0,012	0,016	0,02
12 % акриламид								
Су Р	1,6	3,3	4,9	6,6	8,2	9,9	13,2	16,5
Акрилами д ерігіндісі (1)	2,0	4,0	6,0	8,0	10,0	12,0	16,0	20,0
1,5 МТрис (рН 8,8) ⁽²⁾	1,3	2,5	3,8	5,0	6,3	7,5	10,0	12,5

100 г/л ДСН ерітіндісі (3)	0,05	0,1	0,15	0,2	0,25	0,3	0,4	0,5
100 г/л АПС ерітіндісі (4)	0,05	0,1	0,15	0,2	0,25	0,3	0,4	0,5
ТЕМЭД ⁽⁵⁾	0,002	0,004	0,006	0,008	0,01	0,012	0,016	0,02
14 % акриламид								
Су Р	1,4	2,7	3,9	5,3	6,6	8,0	10,6	13,8
Акрилами д ерітіндісі (1)	2,3	4,6	7,0	9,3	11,6	13,9	18,6	23,2
1,5 МТрис (рН 8,8) ⁽²⁾	1,2	2,5	3,6	5,0	6,3	7,5	10,0	12,5
100 г/л ДСН ерітіндісі (3)	0,05	0,1	0,15	0,2	0,25	0,3	0,4	0,5
100 г/л АПС ерітіндісі (4)	0,05	0,1	0,15	0,2	0,25	0,3	0,4	0,5
ТЕМЭД ⁽⁵⁾	0,002	0,004	0,006	0,008	0,01	0,012	0,016	0,02
15 % акриламид								
Су Р	1,1	2,3	3,4	4,6	5,7	6,9	9,2	11,5
Акрилами д ерітіндісі (1)	2,5	5,0	7,5	10,0	12,5	15,0	20,0	25,0
1,5 МТрис (рН 8,8) ⁽²⁾	1,3	2,5	3,8	5,0	6,3	7,5	10,0	12,5
100 г/л ДСН ерітіндісі (3)	0,05	0,1	0,15	0,2	0,25	0,3	0,4	0,5
100 г/л АПС ерітіндісі (4)	0,05	0,1	0,15	0,2	0,25	0,3	0,4	0,5
ТЕМЭД ⁽⁵⁾	0,002	0,004	0,006	0,008	0,01	0,012	0,016	0,02

(1) Акриламид ерітіндісі: 30 % акриламид-бисакриламид ерітіндісі (29:1) Р.

(2) 1,5 МТрис (рН 8,8): 1,5 М трис-гидрохлоридтің буферлік ерітіндісі рН 8,8 Р.

(3) 100 г/л ДСН ерітіндісі: 100 г/л *натрий додецилсульфат ерітіндісі Р*.

(4) 100 г/л АПС ерітіндісі: 100 г/л *аммоний персульфат ерітіндісі Р*. Аммоний персульфаттың арқасында акриламид пен бисакриламидтің полимерленуін тездететін бос радикалдар пайда болады. Аммоний персульфатының ерітіндісі тез ыдырайтындықтан, жаңа ерітінділерді күн сайын дайындау қажет.

(5) *ТЕМЭД*: тетраметилэтилендиамин Р.

Үлгілерді дайындау. Егер өзгесі жеке фармакопоялық мақалада көрсетілмесе, үлгілер төменде келтірілген тәсілдермен дайындала алады.

Үлгілерді дайындау (қалпына келтірмейтін жағдайлар). Су Р мен сынақтан өткізілетін препараттан немесе салыстыру препаратынан тұратын қоспаның және *натрий додецилсульфаты Р* болғанда полиакриламидті геледегі электрофорезде үлгілерді дайындауға арналған шоғырландырылған буферлік ерітіндінің тең көлемдерін араластырады.

Үлгілерді дайындау (қалпына келтіруші жағдайлар). Су Р мен сынақтан өткізілетін препараттан немесе салыстыру препаратынан тұратын қоспаның және құрамында қалпына келтіруші күйінде 2-меркаптоэтанол (немесе дитиотреитол) бар *натрий додецилсульфаты Р* болғанда полиакриламидті геледегі электрофорезде қалпына келтіруші жағдайларда үлгілерді дайындауға арналған шоғырландырылған буферлік ерітіндінің тең көлемдерін араластырады.

Жеке фармакопоялық мақалада көрсетілген шоғырлану ақуыз бен бояу тәсіліне орай құбыла алады.

Үлгіні өңдеу: үлгіні қайнап жатқан су моншасында 5 мин бойы немесе 100 °С температурасында қыздыру блогында ұстап, кейіннен суытады. Жеке фармакопоялық мақалада көрсетілген температура мен уақыт ыстықпен өндеген кезде орын алуы мүмкін ақуыздың ықтимал бұзылуына байланысты құбылуы мүмкін.

Электрофорезге арналған аспапта гельді орналастыру және электрофоретикалық бөлу. Полимерлеу аяқталғаннан кейін (30 мин жуық) политетрафторэтиленді тарақты абайлап алып тастайды. Пайда болған шұңқыршаларды сумен немесе полимерленбеген акриламидті жою үшін *натрий додецилсульфатының Р* бар болғанда полиакриламидті геледегі электрофорез үшін буферлік жұмыс ерітіндісімен бірден жуып шаяды. Қажет болғанда, шприцке бекітілген тері астына дәрі құюға арналған доғал иненің көмегімен шоғырландырушы гельдің арақабырғаларын тегістейді. Бір қысқа жақтан қысқыштарды алып, түтікшені ақырын тартады және қысқыштарды орнына қайтарады. Аталған операцияларды басқа қысқа жағынан қайталайды. Түтікшені гельдің түбінен алып шығады. Гельді электрофорезге арналған аспап ішіне орналастырады. Үстіңгі және төменгі резервуарларды электрофорезге арналған буферлік ерітіндімен толтырады. Гельдің түбінде екі шыны пластинаның арасында пайда болатын барлық көпіршіктерді жояды. Осы мақсаттар үшін шприцке бекітілген қисық инені пайдалану

жөн болады. Бастапқы электрофорезді үлгілерді жаққанға дейін өткізуге болмайды, өйткені бұл буферлік жүйе үзілмелілігінің бұзылуына әкеліп соғады. Үлгілерді жағар алдында әрбір шұңқыршаны *натрий додецилсульфаты Р* болғанда полиакриламидті геледегі электрофорезге арналған жұмыс ерітіндісімен шайып тазалайды. Үлгілер үшін ұсынылған буферлік ерітіндіде сынақтан өткізілетін және бақылау үлгілерін дайындап, жеке фармакопоялық мақалада көрсетілгендей өңдейді. Әрбір ерітіндінің қажетті мөлшерін шоғырландырушы геледің шұңқыршаларына енгізеді.

2.1.2.30.-2-кесте — Шоғырландырушы геледі дайындау

Мынадай сыйымдылықтағы геледің 1 кассетасына шаққандағы компонент көлемі
Ерітінді компоненттері

	1 мл	2 мл	3 мл	4 мл	5 мл	6 мл	8 мл	10 мл
Су Р	0,68	1,4	2,1	2,7	3,4	4,1	5,5	6,8
Акрилами д ерітіндісі 1'	0,17	0,33	0,5	0,67	0,83	1,0	1,3	1,7
1,0 МТрис (рН 6,8)(2)	0,13	0,25	0,38	0,5	0,63	0,75	1,0	1,25
100 г/л ДСН ерітіндісі (3)	0,01	0,02	0,03	0,04	0,05	0,06	0,08	0,1
100 г/л АПС ерітіндісі (4)	0,01	0,02	0,03	0,04	0,05	0,06	0,08	0,1
ТЕМЭД®	0,001	0,002	0,003	0,004	0,005	0,006	0,008	0,01

(1) Акриламид ерітіндісі: 30 % акриламид-бисакриламид ерітіндісі (29:1) Р.

(2) 1,5 МТрис (рН 8,8): 1,5 М трис-гидрохлоридтің буферлік ерітіндісі рН 6,8 Р.

(3) 100 г/л ДСН ерітіндісі: 100 г/л натрий додецилсульфат ерітіндісі Р.

(4) 100 г/л АПС ерітіндісі: 100 г/л аммоний персульфат ерітіндісі Р. Аммоний персульфаттың арқасында акриламид пен бисакриламидтің полимерленуін тездететін бос радикалдар пайда болады. Аммоний персульфатының ерітіндісі тез ыдырайтындықтан, жаңа ерітінділерді күн сайын дайындау қажет.

(5) ТЕМЭД: тетраметилэтилендиамин Р.

Электрофорез жабдықты өндіруші ұсынған жағдайларда өткізеді. ДСН-ПААГ үшін жабдықтарды өндірушілер түрлі аудандағы және қалыңдықтағы геледерді ұсына алады. Электрофорезді өткізу уақыты мен ток/кернеу көрсеткіштері оңтайлы бөлінуге жеткен кезде құбылуы мүмкін. Бояғыш мөлшері бөлуші геледің ішіне жылжып бара

жатқанына көз жеткізу керек. Гелі бар кассетаны аспаптан алып шығып, шыны пластиналарды абайлап бөледі. Төсемдерді алып тастап, шоғырландырушы гельді кесіп алып лақтырады және қалған гельді дереу бояуды бастайды.

2.1.2.30.-3-кесте — Шоғырлану градиенті бар гельдердің бөліну қасиеті.

Акриламид (%)	Ақуыздың молекулалық массаларының диапазоны (кДа)
5-15	20-250
5-20	10-200
10-20	10-150
8-20	8-150

5-2. ДСН-ПААГ ГРАДИЕНТТІК КОНТРАЦИОНДЫҚ ГЕЛЬДЕР

Градиенттік гельдерді (бөлуші гельдерді) акриламид шоғырлануын жоғарыдан төменге қарай бағытта дайындайды. Градиенттік гельдерді дайындау үшін градиентті қалыптастыруға арналған құрылғы талап етіледі. Дайын градиенттік гельдер ұсынылған хаттамаларды пайдалану арқылы сатылымда қолжетімді болып келеді.

Градиенттік гельдердің кейбір артықшылықтары бар, өйткені олар бекітілген акриламид шоғырлануы бар гельдерде бірлесіп миграциялайтын ақуыздарды бөлуге мүмкіндік береді. Электрофорез кезінде ақуыздар бос қуыстарының көлемі олардың әрі қарай жылжуына кедергі жасамайтын кезге дейін миграциялайды, сондықтан неғұрлым айқын жолақтардың пайда болуына әкелетін төсеу әсері пайда болады. 2.1.2.30.-3-кестеде көрсетілгендей, градиенттік гельдер сондай-ақ тіркелген шоғырлануы бар гельдермен салыстырғанда молекулалық массаларының диапазоны неғұрлым кең ақуыздарды бөлуге мүмкіндік береді.

Кестеде акриламид шоғырлануларының диапазоны ақуыздың молекулалық массаларының тиісті диапазондарымен салыстырыла отырып, сызықтық градиенттің ұсынылған құрамдары келтірілген. Арнайы қолдану үшін градиенттің басқа да пішіндері (мәселен, ойыс) дайындалуы мүмкін екендігін ескеру қажет.

Градиенттік гельдер сондай-ақ ақуыздардың молекулалық массасы мен тазалық деңгейін айқындау үшін қолданылады.

5-3. ГЕЛЬДЕРДЕ АҚУЫЗДАРДЫ АНЫҚТАУ

Төменде ақуыздарды Кумасси бояғышымен және күміспен бояудың неғұрлым кең қолданылатын әдістері егжей-тегжейлі сипатталған. Сондай-ақ басқа да бояғыштар, анықтау әдістері мен жиынтықтар коммерциялық тұрғыдан қолжетімді. Мәселен, флуоресцентті бояғыштар кескіндемелерді жасауға арналған флуоресцентті құрылғымен бірлесіп пайдаланылады және жиі ақуыз шоғырлануларының кең диапазонындағы талдамалы сигналдың сызықтық тәуелділігін ақуыздың табиғатына орай жиі бірнеше реттіліктер шегінде қамтамасыз етеді.

Кумасси бояғышымен бояу бір жолақта ақуыздардың 1 мкг-нан 10 мкг-на дейін айқындауға мүмкіндік береді. Күміспен бояу – ақуыздарды бояудың неғұрлым сезімтал

әдісі, бұл ретте құрамында 10 нг-дан 00 нг-ға дейінгі ақуыздар бар жолақтар анықталуы мүмкін. Бұл цифрлар гельдердің аталған бояуы үшін шынайы қол жеткізуге болатын болып есептеледі. Кейде әдебиетте 1 немесе 2 реттілікте жоғары күміспен бояу сезімталдығы көрсетіледі.

Кумасси бояғышымен бояу күміспен бояуға қарағанда неғұрлым сызықтық сигналды қамтамасыз етеді; дегенмен де сигнал мен диапазон ақуыз табиғатына және электрофоретикалық бөлуді өткізу уақытына тәуелді болады. Кумасси бояғышымен және күміспен бояған кездегі жаңғыртылу егер бояу субъективті ұғымдарға байланысты тоқтатылса, яғни ол жеткілікті болып көрінетін сәтте азаюы мүмкін. Стандартты ақуыздардың серпінді диапазондарын пайдалану аса маңызды, өйткені олар сынақты өткізген кезде сезімталдық пен сызықтықты бағалауға көмектеседі. Гельмен бояудың барлық сатылары бір рет пайдаланылатын қолғаптарда, бөлме температурасында, абайлап араластыру (мәселен, орбиталық шейкер тұғырнамасында) және кез келген ыңғайлы контейнерді пайдалану арқылы орындалады.

Кумасси бояғышымен бояу. Гельді *Кумасси бояғыш ерітіндісінің P* үлкен мөлшеріне батырып енгізеді, кем дегенде 1 сағат бойы ұстап тұрады. Одан кейін бояушы ерітіндіні төгіп тастайды.

Гельдің жуып шаятын ерітіндінің *P* үлкен мөлшерімен түссіздендіреді Жуып шаятын ерітінді мөлдір фонда ақуызды жолақтар анық көрінгенге дейін бірнеше рет ауыстырылады. Гельді неғұрлым мұқият жуып шайса, осы әдіспен ақуыздардың соғұрлым аз мөлшерін табуға болады. Түссіздендіруді *жуып шаятын ерітіндіге P* анион алмастырушы шайырдың бірнеше грамын немесе кеуекті материалдың кішкентай кесегін қосу арқылы тездетуге болады.

ЕСКЕРТПЕ. Көрсетілген әдістемеде пайдаланылатын қышқылды-спирттық ерітінділер геледегі ақуыздарды толық тіркеуге мүмкіндік бермейді. Бұл жұқа гельдерді бояу және түссіздендіру процесінде кейбір төмен молекулалық ақуыздарды жоғалтуға әкеліп соғуы ықтимал. Толық тіркеу геледі үш хлорлы сірке су қышқылы *P* – метанол *P* – су *P* (1:4:5, айналым/айналым/айналым) қоспасында геледі *Кумасси бояғыш ерітіндісіне* батырудың алдында 1 сағат бойы ұстаған кезде мүмкін.

Күміспен бояу. Гельді *тіркеуші ерітіндінің P* үлкен мөлшеріне батырып, 1 сағат бойы ұстайды. Тіркеуші ерітіндіні төгіп тастап, тіркеуші ерітіндінің жаңа порциясын қосады, кем дегенде 1 сағат бойы немесе, егер мүмкіндік болса, түні бойы ұстайды. Одан кейін тіркеуші геледі төгіп тастап, геледі 1 сағат бойы *судың P* үлкен мөлшерімен жуып шаяды. Бұдан әрі геледі 15 мин бойы *1 % глутарлы альдегид ерітіндісінде P* (айналым/айналым) ұстайды, екі рет *судың P* көп мөлшерімен жуып шаяды, әрбір ретте 15 мин бойы жаңадан дайындалған *нитрат күмісі реактивіне P* орналастырып, 15 мин бойы қараңғы жерде ұстайды. Одан кейін әрбір ретте 5 мин бойы үш рет *судың P* көп

мөлшерімен жуып шаяды. Гель жеткілікті боялғанға дейін шамамен алғанда 1 мин бойы *айқындаушы ерітіндіде Р* ұсталады. Гельді 15 минутке *бұғаттаушы ерітіндіге Р* орналастырып, айқындауды тоқтатады. Гельді *сумен Р* шайып жуады.

5-4. НӘТИЖЕЛЕРДІ РЕСІМДЕУ

Гельдерді олар әлі ылғалды болып тұрғанда немесе тиісті кептіру рәсімінен кейін фотоға түсіреді және сканерлейді. Қазіргі уақытта деректерді талдауға арналған және дымқыл гельдерді дереу фотоға түсіріп, талдауға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз етумен жарактандырылған гельдерді сканерлеу жүйелері қолжетімді.

Гельдер қолданылған бояу әдісіне байланысты өңделеді. Кумасси бояғышымен боялған гельдерді түссіздендіру сатысынан кейін кемінде 2 сағат бойы (түн бойы инкубациялауға болады) 100 г/л *глицерин Р* ерітіндісінде ұстайды. Күміспен бояған кезде жуып шаюдың соңғы сатысында гельдерді 5 мин бойы 20 г/л *глицерин Р* ерітіндісінде ұстайды.

Боялған ДСН-полиакриламидті гельдерді кептіру ұзақ мерзімді құжаттау үшін қолданылатын әдістердің бірі болып табылады. Бұл әдіс жиі гельді целлюлоза қабыршақтары арасында кептірген кезде оның жарылуына әкеліп соғады.

Кеуекті целлюлоза қабыршағының екі парағын *суға Р* батырады және 5-10 мин бойы ұстап тұрады. Қабыршақ парағының біреуін кептіруге арналған жақтауда тартып созады, тартылған целлюлоза қабыршағына ерітінді сіңірген гельді абайлап орналастырып, кездейсоқ түсіп қалған барлық ауа көпіршіктерін жояды, гель шектерінің айналасында бірнеше миллилитр *су Р* құйып, қабыршақтың екінші парағын үстінен орналастырады және барлық ауа көпіршіктерін қайта жояды, гельді кептіруге арналған жақтауды жинақтауды аяқтап, оны кептіру шкафына орналастырады немесе бөлме температурасында гель толық кепкенге дейін қалдырады.

5-5. МОЛЕКУЛАЛЫҚ МАССАСЫН АЙҚЫНДАУ

Ақуыздардың молекулалық массаларын олардың қозғалмалылығын молекулалық массасы белгілі бірнеше маркерлік ақуыздың қозғалмалылығымен салыстырып, айқындайды. Гельдерді калибрлеу үшін біркелкі боялу үшін араластырылған, молекулалық массалары дәл белгілі болған алдын ала боялған және боялмаған ақуыздардың қоспалары қолжетімді болып табылады. Молекулалық массалардың түрлі диапазондарына арналған қоспалар шығарылған. Молекулалық массалары белгілі ақуыздардың шоғырландырылған ерітінділері үлгінің тиісті буферімен сұйылтылады және сынақтан өткізілетін үлгі секілді дәл сол гелге жағылады.

Бірден электрофорезді өткізгеннен кейін электрофоретикалық ионды көлемінің алдыңғы жиегіне сәйкес келетін көк бромфенолды бояғыш жолағының орналасқан жерін белгілеп қояды. Мұны гелдің шетін кесу немесе боялған гель аймағында гелді кара сүрмеге немесе басқа да жарамды қарама-қарсы бояғышқа алдын ала малынған инемен тесу жолымен жасауға болады. Гельді бояғаннан кейін айырушы гелдің үстіңгі шыңынан бастап ақуыздың (маркерлердің немесе сынақтан өткізілетін үлгінің) әрбір

жолағы үшін аралық өлшенеді. Әрбір ақуыз аралық арақашықтығының бояғыш өткен аралықтың арақашықтығына арақатынасын есептеп шығарады. Осындай тәсілмен есептеп шығарылған аралықтың қалыптандырылған қашықтықтары ақуыздардың салыстырмалы қозғалмалылықтары (бояғыш фронтына қатысты) деп аталады және R_F болып белгіленеді. Шығарылған R_F мәндерінен ақуызды стандартты үлгілердің салыстырмалы молекулалық массалары (M_m) логарифмінің тәуелділік графигі сызылады. Белгісіз молекулалық массаларды сызықтық регрессия әдісінің (неғұрлым дәл нәтиже шығару үшін – сызықтық емес регрессия әдісімен) көмегімен немесе, егер сынақтан өткізілетін үлгілер үшін шығарылған мәндер кестенің сызықтық бөлігінде орналасса, $M_r \log R_F$ -тен тәуелділігі қисықтарының интерполяциясы арқылы айқындайды.

5-6. СЫНАҚТЫ ВАЛИДАЦИЯЛАУ

Егер гельді айырудың талап етілетін диапазоны молекулалық массалары белгілі маркерлік ақуыздардың, мәселен, гель ұзындығының 80 %-ы бойы таралуымен расталса, сынақтан өткізу нәтижелері шынайы деп танылады. Маркерлік ақуыздар үшін шығарылған бөліну молекулалық масса логарифмінің R_F -тен сызықтық тәуелділігін көрсетуі тиіс. Егер график сигмовидті пішінде болса, онда есептеулерде қисықтың сызықтық саласы учаскесінің деректері ғана пайдаланыла алады. Жеке фармакопоялық мақалада сынақтан өткізілетін үлгіге қатысты валидацияға қойылатын қосымша талаптар көрсетілген.

Сезімталдығы да валидациядан өтуі керек. Жүйенің жарамдылығын тексеру үшін сынақтан өткізілетін үлгілермен қатар талданатын, қажетті шекке сәйкес келетін шоғырлануы бар ақуыздың стандартты үлгісі қолданылуы мүмкін.

5-7. ҚОСПАЛАРДЫ МӨЛШЕРЛІК АЙҚЫНДАУ

ДСН-ПААГ қоспалардың шекті құрамына сынақтар өткізілген кезде жиі қолданылады. Егер қоспалардың құрамы қалыптандыру әдісімен айқындалған және денситометрлік интегралдауды қолдану немесе кескіндемелерді талдау арқылы негізгі жолаққа қатысты белгіленген жағдайда, сигнал сызықтығы валидациялануы қажет. Анықтау әдісіне байланысты сызықтық диапазоны құбылуы ықтимал екендігін ескеру қажет, дегенмен де ол шоғырланулардың тиісті диапазонында ақуыздары бар бақыланатын бір немесе одан көп үлгілерді пайдалану арқылы әрбір сынақ кезінде айқындалуы тиіс.

Қоспалардың шекті құрамы жеке фармакопоялық мақалада көрсетілген жағдайларда сынақта қоспа құрамының осы деңгейіне сәйкес келетін, сынақтан өткізілетін ерітіндіні сұйылту арқылы дайындалған салыстыру ерітіндісін пайдалану қажет. Мәселен, егер қоспалардың шекті құрамы 5 %-ды құраса, сынақтан өткізілетін

ерітіндіні 1:20 арақатынасында сұйылту жолымен салыстыру ерітіндісін дайындау қажет. Сынақтан өткізілетін ерітіндімен жасалған электрофореграммада негізгіден басқа бірде-бір жолақ салыстыру ерітіндісімен алынған жолақтан айқын болмауы тиіс.

Валидацияланатын әдістеме үшін қоспалардың құрамы интегралдаушы денситометрді қолдану немесе кескіндемелерді талдау арқылы негізгі жолаққа қатысты ішкі қалыптандыру әдісімен мөлшерлік түрде айқындала алады. Әдістемені валидациялаған кезде сызықтығы расталуы тиіс.

201020031-2019

2.1.2.31. Кептірген кезде масса жоғалту

Кептірген кезде масса жоғалтуды айқындау берілген тәсілдердің бірі арқылы өткізіліп, пайыздармен (*м/м*) көрсетіледі.

Әдістеме. Жеке фармакопоялық мақалада көрсетілген сынақтан өткізілетін үлгінің мөлшері сынақтан өткізілетін үлгі үшін сипатталған жағдайларда алдын ала кептірілген өлшенген бюкске орналастырылады. Үлгі қақпағы ашық бюксте тұрақты массаға дейін төменде келтірілген тәсілдердің бірімен кептіріледі, қажет болған кезде эксикаторда суытылады да бюкстің қақпағын жауып, салмағы өлшенеді. Егер температуралық интервалы көрсетілмеген болса, онда кептіру көрсетілген ± 2 °С температурасында жүргізіледі.

1-тәсіл. Сынаманы кептіру шкафында кептіреді, оның жарамдылығын тексеруді сапа жүйесінің белгіленген рәсімдеріне сәйкес, мәселен, лайықты сертификатталған стандартты үлгілерді қолдану арқылы өткізеді. Егер жеке фармакопоялық мақалада өзгеше көрсетілмесе, кептіруді 2 сағат бойы 105 °С-та өткізеді, одан кейін ашық бюксті қақпағымен бірге суыту үшін 50 минутқа эксикаторға орналастырады, осыдан кейін қақпағын жауып, салмағын өлшейді. Кейінгі салмағын өлшеулер тұрақты массаға қол жеткізгенге дейін одан әрі кептірудің әрбір сағаты сайын өткізіледі.

2-тәсіл. Кептіруді мынадай тәсілдердің біреуімен *P фосфор (V) оксидімен* өткізеді:

- эксикаторда атмосфералық қысым мен бөлме температурасында;
- вакуумда 1,5 кПа - 2,5 кПа аралығындағы қысымда және бөлме температурасында немесе жеке фармакопоялық мақалада немесе сапа жөніндегі нормативтік құжатта көрсетілген температурада;

- "жоғары вакуумда": 0,1 кПа аспайтын қысымда және жеке фармакопоялық мақалада немесе нормативтік құжатта көрсетілген температурада.

Өзге жағдайларды қолданған кезде пайдаланылатын әдістеме толық жеке фармакопоялық мақалада сипатталады.

201020032-2019

2.1.2.32. Осмостық

Осмостық – ерітілген түрлі заттардың ерітіндінің осмотикалық қысымына жиынтық үлесін бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіш.

Сулы ерітінді осмостығының x_m жуық есебін мынадай формула бойынша жүргізеді:

$$x_m = um\Phi,$$

мұндағы: u - бөлшектеніп ыдырау салдарынан ерітілген заттың бір молекуласынан түзілетін иондардың жиынтық саны. Егер ерітілген зат иондар бөлшектеніп ыдырайтын жағдайда, $u = 1$;

t - ерітіндінің моляльдығы, яғни ерітіндінің килограммына шаққандағы ерітілген заттың моль саны;

Φ - ерітіндідегі қарама-қарсы белгінің иондары арасындағы өзара әрекеттесуді есепке алатын және t шамасына тәуелді моляльды осмотикалық коэффициент. Ерітіндінің құрамы күрделенген сайын Φ шамасын айқындау да күрделене түседі.

Осмоляльдық бірлігі килограмға шаққандағы осмоль (осмоль/кг) болып табылады, алайда іс жүзінде әдетте килограмға шаққандағы миллиосмоль (мосмоль/кг) бірлігі қолданылады.

Жеке фармакопоялық мақалада басқа нұсқаулар болмаған кезде осмостық ерітіндінің қату температурасының төмендеуі бойынша айқындалады. Осмостық пен қату температурасының төмендеуі арасындағы тәуелділік ΔT мынадай арақатынаспен көрсетіледі:

$$x_m = \Delta T / 1,86 \cdot 1000 \text{ мосмоль/кг.}$$

Аспап. Аспаптың (осмометрдің) құрамдас бөліктері мыналар болып табылады:

- өлшеуіш ұяшығы бар ыдысты салқындатуға арналған құрылғы;
- токты немесе потенциалдар айырмасын өлшеуге арналған тиісті құрылғысы бар температураға сезімтал кедергіден (термистор) тұратын температураны өлшеуге арналған құрал. Өлшеу құралы температураның төмендеуі градустарында немесе тікелей осмостық бірліктерінде калибрленуі мүмкін;
- әдетте, үлгіні араластыруға арналған құрал.

2.1.2.32.-1-кесте — Осмометрді калибрлеуге арналған стандартты ерітінділер

Натрий хлорид P массасы, судың P килограммына шаққандағы грамдарда	Нақты осмостық (мосмоль/кг)	Мінсіз ерітіндінің теориялық осмостығы (мосмоль/кг)	Молялды осмотикалық коэффициент	Температураның криоскопиялық төмендеуі (°C)
3,087	100	105,67	0,9463	0,186
6,260	200	214,20	0,9337	0,372
9,463	300	323,83	0,9264	0,558
12,684	400	434,07	0,9215	0,744
15,916	500	544,66	0,9180	0,930
19,147	600	655,24	0,9157	1,116

22,380	700	765,86	0,9140	1,302
--------	-----	--------	--------	-------

Әдістеме. 2.1.2.32.-1-кестеге сәйкес стандартты ерітінділер дайындалады. Суды Р қолданып, аспап шкаласында нөлдік мәнді қояды. Стандартты ерітінділерді пайдаланып, аспапты калибрлеуді жүргізеді: стандартты ерітіндінің тиісті көлемдерін өлшеуіш ұяшыққа орналастырып, жүйені салқындатуды бастайды. Артық салқындатудың алдын алу үшін өлшеуіш құрылғыны, әдетте, температураның күтілетін криоскопиялық төмендеуіне қарағанда, неғұрлым төмен температураларда жұмыс жасауға бағдарламалайды. Лайықты құрылғы тепе-теңдікке қол жеткізілгендігін көрсетеді. Әрбір өлшеудің алдында өлшеуіш ұяшықты тиісті стандартты ерітіндімен шайып тазалайды.

Дәл осы операцияларды сынақтан өткізілетін ерітіндімен өткізеді. Бұл ретте әрбір өлшеудің алдында өлшеуіш ұяшықты сынақтан өткізілетін ерітіндімен шайып тазалайды. Нәтижелерді не аспап шкаласы бойынша тікелей айқындайды, не қату температурасының өлшенген төмендеуі бойынша есептеп шығарады. Егер сынақтан өткізілетін ерітінді осмостығының шығарылған мәні калибрлеу үшін пайдаланылған екі стандартты ерітінді осмостығы мәндерінің шектерінен шығып кетпесе, нәтижелер сенімді болып есептеледі.

201020033-2019

2.1.2.33. Электрөткізгіштік

Өткізгіш арқылы ағып өтетін ток күші I (амперлерде) қолданылған электр қозғаушы күшке E (вольттарда) тура пропорционалды және өткізгіш кедергісіне R (омдарда) кері пропорционалды.

$$I = E / R.$$

Ерітіндінің электр өткізгіштігі (бұрын меншікті электрөткізгіштік деп аталатын) (k) анықтамасы бойынша кедергіге (r) кері шама болып табылады. Кедергіні электр өрісі кернеулілігінің ток тығыздығына арақатынасы ретінде айқындайды. Қима ауданы S (см²) мен ұзындығы L (см) бар өткізгіш кедергісі R (Ом) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R = r L / S.$$

Осылайша:

$$R = 1 / k \cdot L / S$$

немесе

$$k = 1 / R \cdot L / S,$$

мұнда L/S мінсіз ұяшық константасына сәйкес келеді.

СИ жүйесінде электр өткізгіштігі бірлігі метрге шаққандағы сименс (См · м⁻¹) болып табылады. Іс жүзінде ерітіндінің электр өткізгіштігін сантиметрге шаққандағы сименс (См · м⁻¹) немесе сантиметрге шаққандағы микросименс (мкСм · м⁻¹) ретінде білдіреді.

СИ жүйесінде кедергі бірлігі ом-метр (Ом·м) болып табылады. Іс жүзінде ерітіндінің кедергісін ом-сантиметр Ом·см) ретінде білдіреді. Жеке фармакопоялық мақалада өзгеше көрсетілмесе, электр өткізгіштігінің немесе кедергінің мәндері 25 °С стандартты температурасы үшін беріледі.

Аспаптың сипаттамасы мен төменде көрсетілген сынақты өткізу тәртібі мәндері 10 мкСм·см⁻¹ жоғары болатын электр өткізгіштігін зертханалық өлшеу үшін жарамды. Судың электр өткізгіштігін өлшеуді тиісті жеке фармакопоялық мақалаларда сипатталғандай түрде өткізеді.

АСПАП

Қолданылатын аспаптың (кондуктометрдің немесе омметрдің) жұмыс принципі батырылған өлшеуіш құрылғының (кондуктометрлік ұяшық) электродтары арасындағы сұйықтық бағанының кедергісін өлшеуге негізделген. Электродтардың полярлануын болдырмау үшін аспап ауыспалы токқа қосылады. Аспап сондай-ақ температура датчигімен және температуралық компенсатормен жарақтандырылған.

Кондуктометрлік ұяшықтың құрамында әрқайсысының үстіңгі бетінің S ауданы бар екі платина электроды бар, олар бір-біріне L қашықтығында параллельді орналастырылған және қаралтымдалған платинамен бүркелген. Әдетте электродтың екеуі де шыны түтікшемен қорғалған болады. Басқа да ұяшықтар түрлерін пайдалануға жол беріледі.

СЫНАҚТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Ұяшық константасын айқындау

Сынақтан өткізіліп жатқан ерітіндінің қасиеттері мен электр өткізгішке сәйкес келетін кондуктометрлік ұяшық таңдалады. Болжамды электр өткізгіштігі неғұрлым жоғары болса, ұяшық константасының шамасы (төменгі r) соғұрлым үлкен болуы тиіс. Әдетте 0,1 см⁻¹, 1 см⁻¹ және 10 см⁻¹ маңайындағы константалары бар кондуктометрлік ұяшықтар қолданылады. Өлшеуді өткізу үшін сертификатталған стандартты үлгіні, мәселен, өлшеу үшін қолайлы калий хлорид ерітіндісін пайдаланады. Сертификатталған стандартты үлгінің электр өткізгіштігінің мәні сынақтан өткізіліп жатқан ерітіндінің электр өткізгіштігінің болжамды мәніне жақын болуы тиіс. Басқа да сертификатталған стандартты үлгілерді, әсіресе 0,1 см⁻¹ маңайындағы константасы бар ұяшықтар үшін қолдануға болады. Ұяшықты бірнеше рет *тазартылған сумен P* және кондуктометрлік ұяшықтың константасын айқындау үшін пайдаланылатын сертификатталған стандартты үлгімен кем дегенде екі рет тазартып жуады. Сертификатталған стандартты үлгіні 25 ± 1 °С температурасында пайдаланып, кондуктометрлік ұяшықтың кедергісін өлшейді. Ұяшық константасы $K_{\text{ұяшық}}$ (см⁻¹) кондуктометрлік ұяшықтың геометриялық пішініне тәуелді болады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$K_{\text{ұяшық}} = R_{\text{ССО}} \cdot K_{\text{ССО}}$$

мұндағы: $R_{\text{ССО}}$ — мегаомдардағы өлшенген кедергі;

$K_{\text{ССО}}$ - сантиметрге шаққандағы микросименстардағы сертификатталған стандартты үлгінің электр өткізгіштігі.

Кондуктометрлік ұяшық константасының $K_{\text{ұяшық}}$ өлшенген мәні көрсетілген мәннен 5 %-дан аса өзгеше болмауы керек.

Егер кондуктометрлік ұяшықтың константасын айқындау сертификатталған стандартты материал үшін көрсетілген температурадан басқаша температурада өткізілсе, электр өткізгіштігінің мәндері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$k_T = k_{T_{\text{ССО}}} \cdot [1 + \alpha(T - T_{\text{ССО}})],$$

мұндағы: k_T — басқа температурадағы электр өткізгіштігінің мәні;

$k_{T_{\text{ССО}}}$ — сертификатталған стандартты үлгінің электр өткізгіштігінің мәні;

T — калибрлеу үшін орнатылған температура;

$T_{\text{ССО}}$ — сертификатталған стандартты үлгі үшін көрсетілген температура;

α — сертификатталған стандартты үлгінің электр өткізгіштігінің мәні үшін температуралық коэффициент; калий хлорид үшін $\alpha = 0,021$.

Сынақтан өткізіліп жатқан ерітіндінің меншікті электр өткізгіштігін айқындау

Сертификатталған стандартты үлгі ерітіндісін пайдалана отырып, аспапты калибрлегеннен кейін кондуктометрлік ұяшықты бірнеше рет *тазартылған сумен P* және сынақтан өткізіліп жатқан сулы ерітіндімен кемінде екі рет тазартып жуады. Кейінгі өлшемдер жеке фармакопоялық мақалада көрсетілген нұсқауларға сәйкес жүргізіледі.

201020034-2019

2.1.2.34. Жақын инфрақызыл саладағы спектроскопия

Жақын инфрақызыл (ЖИК) саладағы спектроскопия – фармацевттік талдауда кең және әртүрлі қолданылатын әдіс. Жақын инфрақызыл спектрлік сала 780 нм – 2500 нм аралығындағы толқындар ұзындықтарының диапазонын (толқынды сандар диапазоны $12\,800\text{ см}^{-1}$ – 4000 см^{-1}) қамтиды. ЖИК саласындағы спектрлерде негізінен С-Н, N-H, O-H және S-H тербелістерінің обертондары мен орташа инфрақызыл сала тербелістерінің негізгі түрлерінің комбинациялары көрініс тапқан. Олар күрделі химиялық және физикалық ақпаратты алып жүреді, ол көбінесе деректерді математикалық өңдеу жолымен шығарылған. ЖИК саласындағы жолақтар өздері туындайтын орташа ИҚ саласындағы негізгі тербелістердің жолақтарына қарағанда,

әлдеқайда әлсіз болып табылады. ЖИҚ саласындағы сiңiрушiлiк қасиеттер аз болғандықтан, сәуле шығару материалға (қатты заттарды қоса алғанда) бiрнеше миллиметрге өтуге қабiлеттi. Сонымен қатар, шыны секiлдi көптеген заттар аталған толқындар ұзындықтарында бiршама мөлдiр болып табылады.

Сынамаларды iрiктеу мен сынақтарды өткiзудiң стандартты рәсiмдерiне қосымша ретiнде өлшемдер *in situ* үлгiлерiнде өткiзiле алады. ЖИҚ саласындағы өлшемдер өндiрiстiк-талдамалық технологиялар (РАТ) үшiн автономды режимде (*off-line*) де, сол сияқты ағынды режимде (*at-line, in-line, on-line*) де өткiзiлуi мүмкiн. Сәйкестендiру мақсаттары үшiн лайықты хемометриялық әдiстердi пайдалану талап етiлуi ықтимал. Дегенмен де сапалы әдiс үшiн өзгешелiк критерийлерiн сақтаған кезде қатты заттарды химиялық сәйкестендiру немесе сипаттау сынақтан өткiзiлiп жатқан химиялық үлгiнiң өңделмеген немесе алдын ала өңделген спектрлерiн стандартты үлгiнiң спектримен тiкелей салыстыру арқылы мүмкiн болады.

ЖИҚ спектроскопияның химиялық, физикалық және процестiк талдау үшiн кең қолданылу саласы бар, мәселен:

Химиялық талдау:

- белсендi субстанцияларды, қосалқы заттарды, дайын дәрi-дәрмек нысандарын, өндiрiстiң аралық өнiмдерiн, химиялық шикiзатты және қаптау материалдарын сәйкестендiру;

- серияларды спектрлiк салыстыруды және өнiм жеткiзушiнiң ауыстырылуын бағалауды қоса алғанда, белсендi субстанциялардың, қосалқы заттардың, дайын дәрi-дәрмек нысандарының, өндiрiстiң аралық өнiмдердiң, химиялық шикiзаттың және қаптау материалдарының жiктелуi;

- үлгi матрицасындағы белсендi субстанциялардың құрамын сандық анықтама, гидроксильдi сан секiлдi химиялық сандарды айқындау, судың абсолюттi құрамын айқындау, гидроксилірлеу деңгейiн айқындау, ерiткiштер құрамын бақылау.

Физикалық талдау:

- кристалды пiшiнi мен кристалдығы, полиморфизм, сольваттар, бөлшектердiң көлемi;

- ыдырағыштығы, қаттылығы;

- қабыршақтардың қасиеттерi.

Өндiрiстiк талдау:

- өндiрiстiк процестi бақылау мақсатында өндiрiстiк операцияларды, мәселен, синтездi, араластыруды, кептiрудi, түйiршектеудi және қабықшамен жабуды мониторингтеу;

- соңғы нүктелердi бақылау және айқындау.

ЖИҚ саласындағы өлшемдерге төменде сипатталған көптеген химиялық және физикалық факторлар әсер етедi; нәтижелердiң жаңғыртылуы мен релеванттығы осы

факторларды бақылауға тәуелді болады; өлшемдер әдетте нақты калибрлеу моделі үшін ғана дұрыс болып табылады.

АСПАП

ЖИҚ саласындағы барлық өлшеулер жарық сәуле таратудың үлгі арқылы немесе оның тереңдігіне қарай өтуге және сәуленің (өткен немесе шағылысқан) қарқындылығын өлшеуге негізделген. ЖИҚ саласындағы өлшемдерге арналған спектрометрлердің жарамды жарық көзі (тұрақтылығы жоғары кварцты-вольфрамды шам секілді), монохроматоры немесе интерферометрі және детекторы болады. Қалыпты монохроматорлар акустооптикалық қайта құрылатын сүзгіні (АОЛФ), дифракциялық торларды немесе призмаларды білдіреді. Дәстүрлі түрде көптеген ЖИҚ спектрометрлердің бір сәулелі құрылысы болады, алайда аспаптардың кейбір процестері ішкі салыстыруды пайдаланады және осылайша қос сәулелі (мәселен, диодтық матрицасы бар аспаптар) болуы мүмкін. Детектор материалдарының мысалдары кремний, қорғасын сульфиді және индий-галлий арсенид болып табылады. Үлгілерді кейбір ұстағыштардың мысалдары кюветтерді қалыпты ұстағыштар, оптикалық-талшықтық зондтар, өткізуге арналған батырмалы ұяшықтар, бейтарап боросиликатты құтылар мен үлгінің айналмалы немесе қозғалмалы ұстағыштары болып табылады. Аспапты таңдау оны болжалды қолданылуына байланысты болады, талданатын үлгілердің тиісті түрі үшін үлгілерді ұстағыштардың жарамдылығына ерекше көңіл бөлінеді. Деректерді өңдеу және оларды бағалау жөніндегі тиісті блоктар (мәселен, бағдарламалық қамтамасыз ету және компьютер) әдетте жүйенің бір бөлігі болып табылады.

Өлшеу тәсіліне және аспапқа байланысты әдетте толқын ұзындығын (l) нанометрлерде (нм) немесе толқындық санды (n) кері сантиметрлерде (см⁻¹) білдіреді. Нанометрлер мен кері сантиметрлер арасындағы қайта есептеуді мынадай формула бойынша жүргізеді:

$$\nu_{\text{см}^{-1}} = 10^7 \cdot \frac{1}{\lambda_{\text{нм}}}$$

ӨЛШЕУ ӘДІСТЕРІ

Өткізу режимі. Өткізу (T) сәулеленудің үлгі арқылы өткен кезегі берілген толқындар ұзындықтарындағы сәулелену қарқындылығын төмендету шарасы болып табылады. Үлгіні көз бен детектор арасындағы оптикалық сәулеге орналастырады. Осындай орналасу көптеген дәстүрлі спектрофотометрлерде қолданылады. Шығарылған спектр тікелей өткізудің (T) және/немесе сіңірудің (A) толқын ұзындығынан немесе толқындық саннан (x осі) тәуелділігінің кестесі түрінде ұсынылуы мүмкін.

$$T = \frac{I}{I_0},$$

мұндағы: I — түсетін сәулелену қарқындылығы;

I_0 — өткен сәулелену қарқындылығы.

$$A = -\log_{10} T = \log_{10} (1/T) = \log_{10} (I_0 / I).$$

Диффуздық шағылысу режимі. Диффуздық шағылысу режимі шағылысуды (R) – үлгіден шағылысқан жарық қарқындылығының (I) фоннан немесе стандартты шағылыстырушы үстіңгі беттен шағылысқан жарық қарқындылығына (I_T) деген арақатынасын өлшеуге негізделген. Үлгінің химиялық құрамы мен физикалық сипаттамаларына тәуелді ЖИҚ сәулелендіру үлгінің түбіне қарай азды-көпті өтіп кете алады, онда үлгінің ішінде бар аналиттің тербелістік комбинацияларымен және обертондарымен сіңірілуі мүмкін. Сіңірілмеген сәулелену үлгіден детекторға шағылысады. Шағылысудың ЖИҚ спектрін әдетте есептеу және толқын ұзындығынан немесе толқындық саннан (x осі) тәуелділік кестесін $\log_{10} (1/R)$ (y осі) құру жолымен шығарады.

$$R = I / I_T,$$

мұндағы: I – үлгіден диффузиялық түрде шағылысқан сәулелендіру қарқындылығы;

I_T – фоннан шағылысқан немесе салыстырудың үстіңгі бетінен шағылысқан сәулелендіру қарқындылығы.

$$A_R = \log_{10} (1/R) = \log_{10} (I_T/I).$$

Өткізу-шағылыстыру режимі. Бұл режим өткізу мен шағылыстыру комбинациясы болып табылады. Өткізу-шағылыстыруды (T^*) өлшеген кезде үлгі арқылы екі рет өткен сәулеленуді шағылыстыру үшін айна немесе диффуздық шағылыстырудың үстіңгі беті қолданылады, осылайша оптикалық жолы екі есе ұзартылады. Сіңірілмеген сәулелену үлгіден детекторға шағылысады.

$$T^* = I / I_T,$$

мұндағы: I_T – үлгісіз өткен және шағылысқан сәулелену қарқындылығы;

I – үлгімен бірге өлшенген өткен және шағылысқан сәулелену қарқындылығы.

$$A^* = \log_{10} (1/T^*) = \log_{10} (I_T/I).$$

ҮЛГІНІ ДАЙЫНДАУ/БЕРУ

Үлгіні дайындау және беру өлшеу режиміне тәуелді құбылуы мүмкін. Мынадай талаптар сынаманы дайындаудың барлық әдістемелері үшін міндетті болып табылады:

- сигнал/шу қатынасын оңтайландыру үшін өлшеу уақыты мен сканерлеу саны оңтайландырады;

- болжамды қолдану үшін неғұрлым лайықты өлшеу режимін табады (өткізу, диффуздық шағылысу, өткізу-шағылысу);

- үлгінің ең жақсы бағдарлануын табады (мәселен, таблеткаларда бар бедерлердің әсерін барынша азайту үшін);

- неғұрлым лайықты құрылғыны табады (мәселен, өткізу ұяшығы немесе батырмалы зонд);

- өткізу және өткізу-шағылыстыру режимдеріндегі жол ұзындығын оңтайландырады;

- лайықты спектроскопиялық фондық стандартты үлгіні табады:

- фондық стандартты үлгі уақыт бойы өзгермейтіндігін, ал фон көрсеткіштері уақыт өте келе жаңғыртылатын және тұрақты болатынын растайды;

- қозғалатын материалдарды немесе үлгілерді өлшеген кезде (өндірістік процестерге қатысы бар өлшеулер үшін) репрезентативтік спектрді шығару (мәселен, өлшеу уақытын, сканерлеу санын түзету, жеке спектрлерді қосу немесе сәуленің көлемін ұлғайту көмегімен) маңызды болып табылады;

- сенсорды ықтимал ластануына, мәселен, жабысқан материалдан немесе ластардан, тексереді;

- үлгінің ең аз көлеміне қатысты өлшеуді өткізу шарттары (өлшеу уақыты, сәуле көлемі) негізделген болуы тиіс.

Өндіріс процесін бақылаған кезде кейбір жағдайларда салыстырмалы фоннан алынатын анықтамалық деректерді жинау үшін датчикті алып шығу мүмкін емес болып табылады; бұл ретте ішкі салыстыруды, екінші детекторды пайдалана отырып, салыстырмалы фонды өлшеуді және басқаларды қоса алғанда, түрлі нұсқаларды қарастыру қажет. Спектрлерді тікелей салыстыру ұқсас оптикалық қасиеттері бар фонға қатысты спектрлер шығарылған жағдайда ғана жүргізіле алады.

Өткізу режимі. Өлшеу және өткізу режимі (T) фондық өткізуден тәуелді болады. Фондық өткізуді айқындау үшін әдетте ауа, полимерлік диск, бос кювета, қолданылатын еріткіш немесе арнайы жағдайларда стандартты үлгі пайдаланылады. Әдіс негізінен сұйылтылған және сұйылтылмаған сұйықтықтарды, дисперсиялық жүйелерді, ерітінділер мен қатты үлгілерді (таблеткалар мен капсулаларды қоса алғанда) зерттеу үшін қолданылады. Қатты үлгілердің өткізуін өлшеу үшін үлгілер үшін жарамды құрылғыларды пайдалану қажет. Сұйық үлгілер лайықты ұзындықтағы (әдетте 0,5 мм-ден 4 мм-ге дейін), ЖИҚ саласында мөлдір кюветтерде не болмаса жарамды конфигурациядағы оптикалық-талшықтық зондты батыру жолымен зерттеледі.

Диффуздық шағылысу режимі. Бұл режим әдетте қатты денелер үшін қолданылады. Үлгілер тікелей не болмаса жарамды құрылғының (мәселен, үлгіні ұстағыштың) көмегімен не болмаса оптикалық-талшықты зондпен тікелей жанасу арқылы зерттеледі. Өндіріс процесін бақылау кезінде материалдар жылтыратылған (мәселен, жақұтты)

әйнек арқылы немесе оптикалық-талшықты зондты қолдану арқылы бақылана алады. Үлгіден үлгіге спектрлерді өлшеу шарттарының жаңғыртылуын қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдануы тиіс. Базалық желіні жасау үшін фонның шағылысқан сәулеленуі сканерленеді, одан кейін зерттелетін бір немесе бірнеше үлгінің шағылысуы өлшенеді. Стандартты шағылыстырушы үстіңгі бет ретінде әдетте камера, термопластикалық шайырлар және алтын пайдаланылады. Басқа да жарайтын материалдар қолданыла алады.

Өткізу-шағылыстыру режимі. Аталған режим әдетте сұйықтықтар, суспензиялар мен мөлдір полиметрлік материалдар үшін қолданылады. Шағылыстырушы үлгінің артында оптикалық жолды екі есе арттыратындай етіп орналастырылады. Осындай конфигурация шағылыстырушысы бар жүйе және сәулелендіру көзі мен детектор үлгінің бір жағында орналасқанда, оптикалық-талшықты зонды бар жүйе үшін аспаптың сол бір геометриясын бірлесіп пайдалануға бейімделген болуы керек. Үлгі айнасы немесе металдан, не болмаса ЖИҚ саласында сіңірмейтін инертті материалдан (мәселен, кептірілген титан диоксидінен) жасалған лайықты диффуздық шағылыстырушысы бар кюветте зерттеледі. Сұйықтықтар сондай-ақ *in-line* өткізу-шағылыстыру зондтарын қолдана отырып, өлшене алады.

СПЕКТРЛІК ЖАУАПҚА ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАР

Қоршаған орта. Сынақтарды өткізген кезде қоршаған ортаның температурасы мен ылғалдылығы ескерілуі тиіс.

Үлгінің жанасу саласы. Үлгінің жанасу саласы немесе зондтың ұшы өлшеуді жүргізу алдында тазартылуы керек. Сол секілді үлгімен жанасудың *in-line* немесе *on-line* саласында өнімнің немесе өлшеуге әсер етуі ықтимал ластанулардың айтарлықтай жабысқандары болмау керек.

Үлгі температурасы. Аталған параметр сулы ерітінділерді және көптеген сұйықтықтарды зерттеген кезде маңызды болады, онда бірнеше градуустағы айырмашылық спектрдің айтарлықтай өзгерістеріне әкеліп соғуы мүмкін, ал олар талдауға біршама әсер ете алады. Сонымен қатар, температура құрамында су бар қатты үлгілерді және ұнтақтарды зерттеген кезде маңызды рөл атқарады.

Ылғалдылық және қалдық еріткіштер. Үлгі құрамында бар ылғалдылық және қалдық еріткіштер ЖИҚ саласындағы айтарлықтай сіңіру жолақтарына әкеліп соғады.

Үлгінің қалыңдығы. Үлгінің қалыңдығы спектрлік өзгергіштіктің белгілі көзі болып табылады және әсіресе өткізу режимінде таблеткалар мен капсулаларды талдаған кезде ескерілуі және/немесе бақылануы тиіс. Престелген ұнтақтарды өлшеу үшін шексіз қалыңдыққа әдетте үлгінің 5 мм артық тереңдігінде (мәселен, құты ішінде) қол жеткізіледі.

Үлгінің оптикалық қасиеттері. Қатты материалдар үшін үлгінің үстіңгі бетінің де, сол сияқты үйілген массасының да сейілтуші қасиеттері ескерілуі керек. Үлгінің репрезентативті спектрін шығару үшін физикалық, химиялық немесе оптикалық

біртекті емес үлгілердің спектрлерін жазу үшін сәулелендіру шоғын ұлғайту, үлгілердің көп санын зерттеу немесе үлгіні айналдыру қажет болуы мүмкін. Тығыздану деңгейі немесе ұнтақ бөлшектерінің көлемі секілді белгілі бір факторлар, сондай-ақ үстіңгі бетінің сипаты біршама спектрлік өзгерістерді туындатуы ықтимал.

Қатты күй пішіндері. Тербелгіш спектрлерге қатты күй пішіндеріндегі (полиморфты пішіндер, гидраттар, сольваттар және аморфты пішіндер) айырмашылықтар әсер етеді. Тиісінше түрлі кристалдық пішіндерді, сондай-ақ қатты денелердің аморфты пішіндерін олардың ЖИҚ спектрлерінің негізінде бір-бірінен айыруға болады. Түрлі кристалдық пішіндер болған жағдайда калибрлеуші стандартты үлгілердің де болжамды қолдану үшін жарайтын пішіндер бөлінуінің бар болуын қамтамасыз ету қажет.

Үлгінің жасы. Уақыт өте келе үлгілердің физикалық, химиялық немесе оптикалық қасиеттері өзгеруі мүмкін. Сақтау жағдайларына байланысты қатты үлгілер суды сіңіруі немесе жоғалтуы, ал аморфты заттың бөліктері кристалдануы мүмкін. ЖИҚ калибрлеу үшін қолданылатын материалдар болашақ үлгілерге және олардың матрицасының құбылмалылығына қатысты репрезентативті болуы тиіс.

ЖИҚ СПЕКТРЛЕРДІҢ ДЕРЕКТЕРІН АЛДЫН АЛА ӨНДЕУ

Жіктелімді немесе калибрлеу моделін әзірлеудің алдында көптеген жағдайларда және, атап айтқанда, шағылысу режимінде шығарылатын спектрлер үшін спектрді алдын ала математикалық өңдеудің белгілі бір нысаны қажет болуы мүмкін. Бұл, мәселен, базалық желінің құбылмалылығын азайту, кейінгі математикалық модельдерге ықпал ететін белгілі кедергілердің әсер етуін азайту немесе деректерді пайдаланар алдында оңайлату мақсатында жасалуы ықтимал. Кейбір жағдайларда спектрлер сондай-ақ қалыптандырылуы мүмкін немесе, мәселен, қалыпты үлестірілуі бар кездейсоқ шаманың стандартты ауытқуын түрлендіруді пайдалану арқылы оның шашырауы түзетілуі ықтимал. Алдын ала спектралдық өңдеу, мәселен, кадрлеуді, шуды төмендетуді және бірінші немесе екінші реттіліктегі спектр туындыларының сандық есебін қамти алады. Одан жоғары реттіліктегі туындыларды ұлғая түсетін спектрлік шуға байланысты қолдану ұсынылмайды.

АСПАП ПАРАМЕТРЛЕРІН БАҚЫЛАУ

Аспап өндірушінің нұсқаулығына сәйкес қолданылады және аспапты қолдануға және пайдалануға сәйкес тағайындалған тексерістер тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Ағынды режимдерде (*on-line* және *in-line*) қолданылатын аспаптың жарамдылығын тексерудің баламалы тәсілдерін пайдалану ғылыми негізделген болуы тиіс. Мәселен, аспаптың тиісті жұмыс істеуін растау (қолайлылығын тексеру) үшін аспап ішіне немесе жеке арнаға/зондқа кіріктірілген стандартты үлгілерді пайдалану.

2.1.2.34.-1-кесте – Аспаптың жарамдылығын тексеру

Өлшеу режимі	Шағылысу	Өткізу-шағылысу	Өткізу
	Стандартты мәндерге сәйкестікті растау үшін үлгілік ауытқулар:		

<p>Толқындар ұзындықтары шкаласын тексеру (сүзгімен жарақтандырылған аспаптан басқа)</p>	<p>780 нм-да $\pm 1,0$ нм ($12\ 800\ \text{см}^{-1}$-де $\pm 16\ \text{см}^{-1}$) 1200 нм-да $\pm 1,0$ нм ($8300\ \text{см}^{-1}$-де $\pm 8\ \text{см}^{-1}$) 1600 нм-да $\pm 1,0$ нм ($6250\ \text{см}^{-1}$-де $\pm 6\ \text{см}^{-1}$) 2000 нм-да $\pm 1,5$ нм ($5000\ \text{см}^{-1}$-де $\pm 4\ \text{см}^{-1}$) 2500 нм-да $\pm 1,5$ нм ($4000\ \text{см}^{-1}$-де $\pm 2\ \text{см}^{-1}$)</p> <p>Пайдаланылатын стандартты үлгі үшін әрбір үдемелі кез үшін толқынның ең жақын ұзындығының немесе толқындық санының ауытқулары қолданылады. Диодты матрицалы аспаптар үшін спектрлік айыру тиісті болуы үшін пиксельді айыру бейімделуі керек. Үдемелі кездерді табу алгоритмдері толқындар ұзындықтарын белгілеу дәлдігі үшін шекті болып табылады. Іс жүзінде үдемелі кез толқыны ұзындығының дәлдігі ± 2 нм осындай аспаптарды қолданған кезде қолайлы болып табылады. Балама ретінде аспап өндірушінің спецификацияларын пайдалануға жол беріледі.</p>		
<p>Стендтік/жылжымалы аспаптар</p>	<p>Лайықты органы немесе оптикалық-талшықтық зондты қолдану арқылы талькті Р өлшейді. Тальктің Р калибрлеу үшін жарамды 948 нм, 1391 нм және 2113 нм кезіндегі сипаттамалық үдемелі кездері болады. Баламалы түрде әдістеменің жұмыс диапазонында толқын ұзындығының дәлдігін қамтамасыз ететін басқа да жарамды стандартты үлгі қолданыла алады. Мәселен, егер полистирол кіріктірілген болса, оның ішкі стандарты өлшенеді немесе NIST стандартты үлгісі немесе басқа қадағаланатын материал өлшенеді және калибрлеу үшін толқындар ұзындықтары диапазонының шегінде үш үдемелі кез бағаланады.</p>	<p>Шамамен алғанда 4 мл метиленхлоридтегі құрғақ титан диоксидінің Р 1,2 г суспензиясы тікелей кювета немесе зонд үшін қолданылады. Титан диоксиді ЖИҚ саласында сіңірмейді. Спектрлер 2500 нм-де 10 нм ($4000\ \text{см}^{-1}$-де $16\ \text{см}^{-1}$) өткізу жолағының ең үлкен атаулы енімен жазылады. Метиленхлоридтің 1155 нм, 1366 нм, 1417 нм, 1690 нм, 1838 нм, 1894 нм, 2068 нм және 2245 нм кезінде сипатты өткір жолақтары болады. Калибрлеу үшін толқындар ұзындықтары диапазонының шегінде үш үдемелі кез таңдап алынады. Сондай-ақ титан диоксидімен немесе кез келген басқа шағылыстырушы ортамен қоспадағы өткізу-шағылысудың сұйық стандартты үлгісі секілді басқа да лайықты стандартты үлгі қолданыла алады.</p>	<p>1155 нм, 1366 нм, 1417 нм, 1690 нм, 1838 нм, 1894 нм, 2068 нм және 2245 нм кезінде сипатты өткір жолақтары бар метиленхлорид Р қолданыла алады. Калибрлеу үшін толқындар ұзындықтары диапазонының шегінде үш үдемелі кез таңдалады. Сондай-ақ басқа да лайықты стандартты үлгі пайдаланыла алады.</p>
<p>Өндірістік процеске арналған аспаптар</p>	<p>Егер іс жүзінде үлгіні өлшеу нүктесінде қадағаланатын стандартты үлгіні өлшеу мүмкін емес болса, полистирол, шыны талшық немесе еріткіш және/немесе су буы секілді ішкі стандартты материалдар қолданылады. Баламалы түрде екінші сыртқы арна/зонд орнатылады. Фурье-түрлендіруі бар аспаптар үшін толқындық сандар шкаласын калибрлеу су буының тар оқшауланған</p>		

	сызығын, мәселен, 7306,74 см ⁻¹ немесе 7299,45 см ⁻¹ немесе 7299,81 см ⁻¹ сызықтарын не болмаса сертификатталған стандартты үлгінің тар сызығын пайдалана отырып, өткізіле алады.
<i>Толқындар ұзындықтарының жинақылығын тексеру (сүзгімен жаратқандырылған аспаптан басқа)</i>	Толқын ұзындығының стандартты ауытқуы аспап өндірушісінің спецификацияларымен салыстыруға келетіндей немесе ғылыми тұрғыдан негізделген болуы тиіс.

2.1.2.34.-1-кесте – (жалғасы)

Өлшеу режимі	Шағылысу	Өткізу-шағылысу	Өткізу
Стендтік/жылжымалы аспаптар	Лайықты сыртқы немесе ішкі стандартты үлгіні қолдана отырып, толқындар ұзындықтарының жинақылығы тексеріледі.		
Өндірістік процеске арналған аспаптар	Лайықты сыртқы немесе ішкі стандартты үлгіні қолдана отырып, толқындар ұзындықтарының жинақылығы тексеріледі.		
<i>Жауаптың фотометрлік сызықтығы мен тұрақтылығын тексеру⁽¹⁾</i>	Әдістеменің сiңiрудiң жұмыс диапазоны шегiнде 4 фотометрлiк стандартты үлгi өлшенедi.		
Стендтік/жылжымалы аспаптар	4 стандартты шағылысу үлгісі, мәселен, 10 %, 20 %, 40 % және 80 %-ды қоса алғанда, (10-99) % диапазонында талданады. Кейбір жағдайларда 2 % мәні қолданыла алады. Қадағаланатын сiңiру мiндерi стандартты мiндерге қатысты, мәселен, сызықтық регрессия арқылы бағаланады. Аспаптың фотометрлiк сызықтығын бiрiншi тексеруге көлбеу үшiн 1,00 ± 0,05 және кесiп тасталатын бөлiк үшiн 0,00 ± 0,05 ауытқуларына жол берiледi. Фотометрлiк сызықтықты кейiнгi тексерулер кезiнде стандартты сiңiру көрсеткiштерi ретiнде бiрiншi тексеру кезiнде шығарылған көрсеткiштер қолданыла алады.	Өткізу-шағылысу өлшемдері кезінде лайықты стандартты шағылысу және өткізу үлгілері мен бағалау критерийлері қолданыла алады.	Модельденетін деректерді сiңiрудiң бүкiл жұмыс диапазонында 4 стандартты өткізу үлгiсi талданады. Қадағаланатын сiңiру мiндерi стандартты мiндерге қатысты, мәселен, сызықтық регрессия арқылы бағаланады. Аспаптың фотометрлiк сызықтығын бiрiншi тексеруге көлбеу үшiн 1,00 ± 0,05 және кесiп тасталатын бөлiк үшiн 0,00 ± 0,05 ауытқуларына жол берiледi. Фотометрлiк сызықтықты кейiнгi тексерулер кезiнде стандартты сiңiру көрсеткiштерi ретiнде бiрiншi тексеру кезiнде шығарылған көрсеткiштер қолданыла алады.
Өндірістік процеске арналған аспаптар	Егер үлгіні өлшеу нүктесінде шағылысудың немесе өткізудің фотометрлік стандартты үлгісін өлшеу мүмкін емес болған жағдайда, аспапқа кіріктірілген фотометрлік стандартты үлгілер қолданылады. Өндірістік процеске арналған		

	аспаптар үшін фотометрлік сызықтығын тексеру үшін ішкі фотометрлік стандартты үлгілер қолданыла алады. Ондай жағдайларда аспап өндірушісінен алынған тексерілген рұқсаттар басшылыққа алынады.	
Фотометрлік шуды тексеру ⁽¹⁾	Спектрдің тиісті фотометрлік саласындағы фотометрлік шу шағылысудың жарамды стандартты үлгілері, мәселен, ақ керамика тактайшаларының немесе көміртеппен қоспаланған полиметрлердің стандарттары қолданыла отырып, айқындалады. Аспап өндірушісінің әдіснамасы мен спецификациялары пайдаланылады.	
Стендтік/жылжымалы аспаптар	Төменгі ағынды шағылыстырудың стандартты үлгісі (мәселен, 5 % немесе 10 %, көміртеппен қоспаланған полимердің стандартты үлгісі) спектрофотометрді өндірушінің ұсынымдарына сәйкес толқындар ұзындықтарының лайықты диапазонында сканерленіп, сигналдың үдемелі кезі/ базалық желінің үдемелі кезі арақатынасы ретінде фотометрлік шу есептеліп шығарылады.	Жоғарғы ағынды шағылыстырудың стандартты үлгісі (мәселен, 90 % немесе 99 %, көміртеппен қоспаланған полимердің стандартты үлгісі) спектрофотометрді өндірушінің ұсынымдарына сәйкес толқындар ұзындықтарының/ толқындық сандардың лайықты диапазонында сканерленіп, сигналдың үдемелі кезі/базалық желінің үдемелі кезі арақатынасы ретінде фотометрлік шу есептеліп шығарылады.

2.1.2.34.-1-кесте – (соңы)

Өлшеу режимі	Шағылысу	Өткізу-шағылысу	Өткізу
Өндірістік процеске арналған аспаптар	Жоғарыда сипатталғандай, немесе ондай практикалық мүмкіндік болмағанда, шу мен ерекшеленген сипаттамаларды тексеру үшін аспапқа кіріктірілген стандартты үлгі қолданылады.		Жоғарыда сипатталғандай, немесе ондай практикалық мүмкіндік болмағанда, шу мен ерекшеленген сипаттамаларды тексеру үшін аспапқа кіріктірілген стандартты үлгі қолданылады.

(-) *Фотометрлік сызықтығын тексеру және Фотометрлік шуды тексеру* фотометрлік сіңіру модельдеу стратегиясының бір бөлігі ретінде қолданылмайтын (мәселен, сіңіруші толқындар ұзындықтары бар қарапайым корреляция) дәлдігін тексеруге арналған қарапайым сынақтар үшін пайдаланылатын аспаптарға талап етілмейді.

Үлгіні сканерлеу алдында жүйенің жарамдылығын сынақтан өткізу қажет болуы мүмкін, сондай-ақ өлшеу нәтижесіне ықтимал есер ететін аспап сипаттамалары (әдетте фотометрлік шу мен толқындар ұзындықтары қондырғысының дәлдігі) тексерілуі тиіс. Аспаптың жұмысқа қабілеттілігін әрбір тексеруді өткізу жиілігі аспап үлгісі мен оны қоршаған ортаның жағдайларын ескере отырып, тәуекелдерді бағалауға негізделуі

керек. Мәселен, температурасы мен ылғалдығының ауытқулары бар қоршаған ортаның қолайсыз жағдайларында пайдаланылатын аспаптар үшін жұмысқа қабілеттілігін жиі тексеру талап етілуі мүмкін. Сондай-ақ өлшеу жүйесі алына алмайтын жағдайларды, мәселен *in-line* зонд немесе ағынды кюветаларды ескеру қажет.

Аспаптың кейбір элементтері жеке тапсырыс бойынша орындалуы мүмкін, ондай жағдайда жұмысқа қабілеттілігін дәлме-дәл тексеру қажет.

Толқындар ұзындықтары немесе толқындық сандар шкаласын (сүзгімен жарақтандырылған аспаптан басқа) тексеру және калибрлеу. Әдетте 780 нм және 2500 нм аралығында ($12\ 800\ \text{см}^{-1}$ -нен $4000\ \text{см}^{-1}$ -ге дейін) немесе талап етілетін спектрлік салада пайдаланылатын толқындар ұзындықтарының шкаласын пайдаланылатын толқындар ұзындықтарының диапазонында сипаттамалық максимумдары немесе минимумдары бар толқындардың ұзындықтарын айқындауға арналған бір немесе одан артық жарамды стандартты үлгілердің көмегімен тексереді. Жарамды стандартты үлгілер, мәселен *метиленхлорид P, тальк P*, референстік толқындар ұзындықтары бар шамдар немесе сирек жер металдар оксидтерінің қоспасы болып табылады. Басқа да жарамды стандартты үлгілер пайдаланылуы мүмкін. Жұмыс диапазонында орналасқан кемінде 3 үдемелі кездің спектрін түсіріп, қалыптарын өлшейді. Сирек жер металдар оксидтерінің жарамды стандартты үлгілері Ұлттық Стандарттар және Технологиялар Институтынан (*NIST*) қолжетімді. Фурье-түрлендіруі бар аспаптардың сызықтық жиіліктер диапазоны бар, сондықтан толқын ұзындығын бір жиілікте сертификаттау жеткілікті болады.

Фотометрлік сызықтықты тексеру және калибрлеу. Фотометрлік сызықтықты тексеру өткізу немесе шағылысудың пайыздық көрсеткіштері белгілі өткізу немесе шағылысудың стандартты үлгілерінің көмегімен өткізіледі. Шағылысуын өлшеу үшін көміртекпен қоспаланған полимерлердің стандарттары қолжетімді. Пайдаланылатын материалдарды сіңіру әдістеменің болжамды сызықтық жұмыс диапазоны үшін жарамды екендігіне көз жеткізеді. Бастапқы сіңіру мәндері фотометрлік сызықтықты кейінгі тексерулер үшін стандартты мәндер ретінде қызмет ете алады. Сызықтық емес калибрлеу модельдері, тиісінше сызықтық емес жауаптар пайдаланушы осы процесті түсінушілікті көрсеткен кезде қолжетімді болып табылады.

Шағылысу мен өткізудің стандартты үлгілерінің спектрлері олардың зауыттық калибрленуі өткізілген эксперименттік жағдайлар айырмашылықтарының және олар одан кейін пайдаланылған жағдайлардың салдарынан құбылмалы болуы мүмкін. Сондықтан калибрлеуші стандартты үлгілер жиынтығымен бірге ұсынылатын шағылысу коэффициенттерінің пайыздық мәндері нақты аспаптың "абсолютті" калибрлеуін шығару үшін қолданылуға келмеуі мүмкін. Дегенмен де стандартты үлгілердің физикалық немесе химиялық қасиеттерінің өзгерісі болмаған және сертификатталған мәндерді алған кездегі секілді фондық салыстыру материалдарын

пайдалану шартымен аталған стандартты үлгілерді кейінгі өлшеулер сынамааның дәл орналасуын қоса алғандағы бірдей шарттарда фотометрлік жауаптың тұрақтылығын сақтау кезеңін бағалау үшін қолданылады. Сіңіру мәнінен $\pm 2\%$ ауытқу ұзақ тұрақтылық үшін қолайлы болып табылады; аталған тексеру спектрлерді алдын ала өңдемей пайдаланған кезде ғана қажет.

2.1.2.34.-1-кестеде түрлі өлшеу режимдері үшін аспаптың жарамдылығын тексеру үшін ұсынылған жағдайлар келтірілген.

САПАЛЫ ТАЛДАУ (СӘЙКЕСТЕНДІРУ ЖӘНЕ СИПАТТАУ)

Стандартты спектрлер кітапханасын жасау. Қасиеттері қадағаланатын және үлгілік өзгергіштігі (мәселен, қатты дене пішіні, бөлшектер көлемі бойынша және т.с.с.) бар белгілі заттың репрезентативті үлгілерінің тиісті санының спектрлері алынады. Кітапханалар қоршаған ортаның лайықты жағдайларындағы репрезентативті үлгілерді пайдалану арқылы жасалады. Шығарылған спектрлер жиынтығы талданатын үлгіні сәйкестендіру үшін қолданыла алады.

Кітапханадағы спектрлер топтамасы сәйкестендіру үшін қолданылатын математикалық әдіспен айқындалатын түрлі тәсілдермен ұсыныла алады. Ондай тәсілдер мыналар болуы мүмкін:

- затты білдіретін барлық жеке спектрлер;
- әрбір химиялық зат үшін өлшенген сериялардың орташа спектрі;
- қажет болғанда, зат спектрлеріндегі өзгергіштігінің сипаттамасы.

Кітапханадағы заттар спектрлерінің саны оның спецификалық қолданылуына байланысты. Қолданылатын кітапханадағы барлық спектрлердің:

- спектрлік диапазоны және бастапқы нүктелер саны;
- өлшеу техникасы;
- деректерді алдын ала өңдеуі бірдей болуы тиіс.

Егер кіші топтар (кіші кітапханалар) жасалатын болса, онда әрбір топ үшін тәуелсіз жоғарыда аталған критерийлерін қолданылады. Кіші кітапханаларды жеке валидациялайды. Спектерлер кітапханасын дайындауға арналған бастапқы спектрлік деректер мұрағатталуы тиіс. Кез келген математикалық түрлендіру кезінде абай болу керек, өйткені деректерге жасанды деректер енгізілуі мүмкін не болмаса маңызды ақпарат (жіктелім әдістері үшін қажет) жоғалуы мүмкін. Пайдаланылатын алгоритмнің жарамдылығы әдістеменің сәтті валидациясымен расталуы қажет және барлық жағдайларда математикалық түрлендіруді қолданудың оңтайлы негіздемесі берілуі тиіс.

Сынақтан өткізіліп жатқан зат пен стандартты үлгі спектрлерін тура салыстыру. Егер спецификациясы мүмкіндік берсе, сапалы химиялық немесе физикалық сәйкестендіру мақсаттары үшін спектрлік салыстыру кітапханасын пайдалану талап етілмеуі ықтимал.

Деректерді бағалау. Сынақтан өткізіліп жатқан заттың спектрін дерекқордағы барлық заттардың жеке немесе орташа стандартты спектрімен оларды математикалық корреляциялау немесе басқа да тиісті алгоритмдер негізінде тура салыстыру жүргізіледі. Сәйкестендіру мақсаттары үшін қолданылатын алгоритмде белгілі орташа стандартты спектрлердің және осы орташа спектрлердің өзгергіштігі пайдаланылуы мүмкін; сонымен қатар, егер спецификациясы бар болса, спектрлік деректерді қабаттастыру жолымен көзбен шолып салыстыруға қол жеткізуге болады. Басты компоненттерді талдау, кластерлік талдау, сыныптарға ұқсас жұмсақ тәуелсіз модельдеу секілді түрлі алгоритмдер бар. Нақты қолдану үшін таңдалған әдістеменің сенімділігі валидациялануы керек.

Модельді валидациялау. Спектрлерді тура салыстыруды қолдану арқылы сәйкестендіру әдістемелері сәйкестендіру әдістемесін валидациялау рәсімдеріне сәйкес валидациялануы қажет. Сапалы әдістемелер үшін робастылық және өзгешелік валидациялық сипаттамалар болып табылады.

ШЕКТІ ҚҰРАМЫН ТАЛДАУ

Спектрлерді салыстырмалы талдау. Аналит сіңіретін, спектрлерді салыстыру орын алатын максималды немесе минималды оптикалық тығыздық секілді шекті құрамын талдау мақсаттары үшін калибрлеу талап етілмейді. Сонымен қатар, кептірудің соңғы нүктесін бақылау, сіңіру толқындарының спецификалық ұзындықтары шегінде сапалы талдауда секілді тәсіл қолданыла алады. Спектрлік диапазон мен деректерді алдын ала өңдеудің (ол қолданылған кезде) көзделген мақсаттарға жарамдылығын көрсету қажет.

Ерекшелігі. Шекті сынақтан өткізу үшін салыстырмалы айрықша қабілеті көрсетілуі тиіс. Спецификациялығын айқындау жөніндегі сынақтар көлемі қолданылуына және бақыланатын тәуекелдерге тәуелді болады. Жұмыс диапазоны шегіндегі матрикс шоғырлануларындағы өзгергіштік өлшеуге ықпал етпеуі керек.

ТРЕНДТЕРДІ ТАЛДАУ

Спектрлерді салыстырмалы талдау. Орташа, медиандық және стандартты ауытқу секілді статистикалық параметрлерді есептеп шығаруға арналған жылжымалы блок тәсілі іспетті трендтерді талдау мақсатында спектрлерді салыстырған кезде калибрлеу міндетті емес. Мәселен, ЖИҚ спектроскопияны пайдалану арқылы қоспаның біртектілігін бақылау үшін осындай деректерді талдау әдісі қабылданған. Трендтерді талдау үшін жарамды спектрлік диапазондар мен алгоритмдер қолданылуы тиіс.

Ерекшелігі. Трендтерді талдаудың салыстырмалы айрықша қасиеті көрсетілуі тиіс. Спецификациялығын айқындау жөніндегі сынақтар көлемі қолданылуына және бақыланатын тәуекелдерге тәуелді болады. Жұмыс диапазоны шегіндегі матрикс шоғырлануларындағы өзгергіштік трендтерді талдауға ықпал етпеуі керек.

САНДЫҚ ТАЛДАУ

Калибрлеуші модель үшін салыстыру спектрлерінің кітапханасын жасау. Калибрлеу – үлгіні талдайтын аспаппен сканерлеген кезде шығарылған жауапты үлгілер

қасиеттерімен байланыстыратын математикалық модельді құру процесі. Дәл математикалық өрнекпен анық сипатталып, тиісті нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін кез келген калибрлеу моделі пайдаланыла алады. Бүкіл өлшенетін диапазон бойынша белгілі немесе кейіннен белгіленетін көрсеткіш мәндері (мәселен, судың құрамы) бар репрезентативті үлгілердің тиісті санының спектрлері тіркеледі. Калибрлеуге арналған үлгілердің саны үлгі матрицасының күрделілігіне және жасалатын әсерлерге (мәселен, температура, бөлшектердің көлемі және т.с.с.) тәуелді болады. Барлық үлгілер әдістеменің көзделген белгіленуіне сәйкес айқындалған калибрлеу аралығының шегінде сандық нәтижелер беруі тиіс. Әдетте көп еселік сызықтық регрессия моделі, басты компоненттердің регрессиясы және меншікті ең аз квадраттар әдісі қолданылады. Басты компоненттердің регрессиясы әдісімен және меншікті ең аз квадраттар әдісімен жасалған калибрлеуші модельдер үшін регрессия коэффициенттері және/немесе салмақ коэффициенттері бойынша ең көп коэффициенттер немесе салмақ коэффициенттер кестесі мен салаларын жасап, аналит спектрмен салыстыруға болады. Квадраттар қосындысының есептік қалдық қатесінің диаграммалары басты компоненттердің регрессиясы әдісі мен меншікті ең аз квадраттар әдісі факторларының санын оңтайландыруға ықпал етеді.

Деректерді алдын ала өңдеу. Толқын ұзындығын таңдау немесе толқындар ұзындықтарының кейбір диапазондарын алып тастау калибрлеуші модельдердің дұрыстығы мен робастылығын ұлғайта алады. Деректерге толқындар ұзындықтарын сығу (толқындар ұзындықтарын орталандыру) қолданылуы мүмкін.

Модельді валидациялау параметрлері. ЖИҚ саласындағы спектроскопия негізіндегі әдістемелердің валидациялық сипаттамалары кез келген басқа талдау әдістемесінің валидациялау параметрлеріне ұқсас болып келеді. Әрбір валидациялау параметрі үшін қолайлы болудың спецификалық критерийлері әдістеменің көзделетін белгіленуіне сәйкес болуы керек. Сандық әдістемелер үшін дұрыстық, сызықтық, дәлдік (жинақтылығы және зертхана ішіндегі дәлдігі), робастылық және өзгешелік валидациялық сипаттамалар болып табылады.

МОДЕЛЬДІ КЕЙІНГІ БАҒАЛАУ

ЖИҚ қолдану үшін валидацияланған модельдер жарамдылығын кейіннен тұрақты бағалауға және валидациялау параметрінің мониторингіне жатады.

ДЕРЕКҚОРЛАРДЫ АУЫСТЫРУ

Дерекқорларды басқа аспапқа ауыстырған кезде спектрлік диапазон, эксперименттік нүктелер саны, спектрлік айыру және басқа да параметрлер ескерілуі тиіс. Модельдің жаңа дерекқор немесе жаңа аспап үшін жарамды болып қалатынын көрсету үшін рәсімдер көзделуі және тиісті критерийлер белгіленуі керек.

201020035-2019

2.1.2.35. Фармацевтік қолдануға арналған судағы жалпы органикалық көміртек

Жалпы органикалық көміртектің (ЖОК) құрамын айқындау фармацевтік қолдануға арналған судағы органикалық заттардың құрамын айқындаудың жанама әдісі болып табылады. ЖОК құрамын айқындау сондай-ақ дәрі-дәрмектерді өндіру кезіндегі түрлі операциялардың орындалуын бақылау кезінде пайдаланыла алады.

ЖОК құрамын айқындау үшін түрлі әдістемелер қолданыла алатындықтан, осы жалпы фармакопепялық мақалада әдістемелердің сипаттамалары емес, олардың жіктелуі мен шекті сынақтардағы нәтижелерін интерпретациялау берілген. Салыстыру ерітіндісінің сынақтарын өлшемдер жиілігіне байланысты белгілі бір уақыт аралықтарынан кейін өткізеді; ерітінді аспаптың сигналы ЖОК құрамының өлшенетін шегіне сәйкес болатындай шоғырланумен оңай тотығатын субстанцияны (мәселен, сахарозаны) пайдалана отырып дайындалады. Жүйенің жарамдылығын қиын тотығатын субстанцияны (мәселен, 1,4-бензохинонды) пайдалана отырып тексереді.

Фармацевтік қолдануға арналған судағы ЖОК айқындауға арналған аспаптардың түрлі үлгілері, әдетте, су үлгісіндегі органикалық молекулаларды одан кейін судағы көміртек шоғырлануын есептеу үшін пайдаланылатын кейіннен оның мөлшерін өлшей отырып, көміртек диоксидіне дейін толық тотықтыруға арналған.

Қолданылатын аспап жұмыс барысында органикалық көміртек пен карбонаттар түрінде болатын бейорганикалық көміртекті айыра алуы қажет. Бұл бейорганикалық көміртек мөлшерін айқындау және оны жалпы көміртектің мөлшерінен шегеру немесе тотықтырудың алдында үрлеу арқылы үлгіден бейорганикалық көміртекті жою жолымен қамтамасыз етілуі мүмкін. Үрлеу процесінде сынақтан өткізілетін үлгіден органикалық молекулалар жойылуы ықтимал, алайда фармацевтік қолдануға арналған судағы онымен байланысты көміртек бөлігі мардымсыз болып табылады.

Аспап. "On-line" немесе "off-line" режимінде орнатылып, калибрленген аспап пайдаланылады. Жүйенің жарамдылығы белгілі бір уақыт аралығынан кейін төменде сипатталғандай тексеріледі. Аспап өндірушісінің паспортына сәйкес аспаптың 0,05 мг/л немесе одан кем көміртекті анықтау шегі болуы тиіс.

ЖОК құрамын айқындауға арналған су. Мынадай талаптарға сәйкес келетін аса тазартылған су қолданылады:

- 25 °С температурасында $1,0 \text{ мкСм} \cdot \text{см}^{-1}$ аспайтын электр өткізгіштік;
- жалпы органикалық көміртектің құрамы: кемінде 0,1 мг/л.

Пайдаланылатын аспап үлгісіне байланысты сондай-ақ судың құрамында ауыр металдар немесе мыстың болуы да шекті параметр болып табылады, ол туралы аспап өндірушісінің нұсқаулығында көрсетілуі тиіс.

Ыдысты дайындау. Органикалық заттарды жоюға мүмкіндік беретін әдістің көмегімен мұқият жуып тазартылған ыдыс пайдаланылады. Соңғы рет жуып тазарту үшін ЖОК құрамын айқындауға арналған су пайдаланылады.

Салыстыру ерітіндісі. 3 сағат бойы 105 °С температурасында алдын ала кептірілген сахарозаны Р ЖОК құрамын айқындауға арналған суда ерітіп, құрамында 1,19 мг/л сахароза (0,50 мг/л көміртек) бар ерітінді жасайды.

Сынақтан өткізілетін ерітінді. Сынақтан өткізілетін суды ең аз ауа кеңістігін болдырмай, ластануын болдырмау үшін барлық мүмкін шараларды қабылдап, ауа өткізбейтін контейнерге жинайды. Сынақты судың контейнерден және оны тығындау материалынан болуы ықтимал ластануын азайту мақсатында уақыт бойынша ең аз кідірумен өткізеді.

Жүйенің жарамдылығын тексеруге арналған ерітінді. ЖОК құрамын айқындауға арналған суда 0,75 мг/л 1,4-бензохинон Р ерітіндісін (0,50 мг/л көміртек) дайындайды.

ЖОК құрамын айқындауға арналған бақылау суы. Салыстыру ерітіндісін және жүйенің жарамдылығын тексеруге арналған ерітіндіні дайындауға арналған сумен бір уақытта алынған ЖОК құрамын айқындауға арналған су пайдаланылады.

Бақылау ерітінділері. ЖОК құрамын айқындауға арналған судан басқа соған жарайтын бақылау ерітінділері немесе базалық желіні қалпына келтіруге немесе аспап өндірушісінің нұсқаулығына сәйкес калибрлеуді түзетуге қажетті басқа да ерітінділер дайындалады; бақылау ерітінділерін пайдаланып, аспапты нөлге орнатады.

Жүйенің жарамдылығын тексеру. Көрсетілген ерітінділерді сынақтан өткізіп, аспап сигналдарын жазады: ЖОК құрамын айқындауға арналған су, салыстыру ерітіндісі, жүйенің жарамдылығын тексеруге арналған ерітінді. Сигналдардың пайыздардағы тиімділігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{r_{ss} - r_w}{r_s - r_w} \cdot 100,$$

мұндағы: r_w — ЖОК құрамын айқындауға арналған суға арналған аспаптың сигналы;

r_s — салыстыру ерітіндісіне арналған аспаптың сигналы;

r_{ss} — жүйенің жарамдылығын тексеруге арналған ерітіндіге арналған аспаптың сигналы.

Егер аспап сигналының тиімділігі кемінде 85 %-ын құраса және теориялық сигналдың 115 %-нан аспаса, жарамды болып есептеледі.

Әдістеме. Сынақтан өткізіліп жатқан ерітінді үшін сигналы (r_u) жазылады. Егер r_u мәні $r_s - r_w$ мәнінен асып түспесе, сынақтан өткізіліп жатқан ерітінді сынақты көтереді.

Аталған әдістеме тиісті түрде калибрленген және жүйенің жарамдылығы талаптарына сәйкес келетін аспапта "on-line" режимінде орындала алады. Аспаптың

орналастырудың таңдалған жері пайдаланылатын суға қатысты аспап көрсеткіштерінің репрезентативтілігін қамтамасыз етуі тиіс.

201020036-2019

2.1.2.36. Хроматографиялық бөлу әдістері

Үлгінің компоненттері екі фаза (жылжымайтын және жылжымалы) арасында бөлінетін көп сатылы бөлу әдістері хроматографиялық деп аталады. Жылжымайтын фаза қатты зат, қатты тасымалдаушыға жағылған сұйықтық немесе гель болуы ықтимал. Жылжымайтын фаза бағанға енгізілуі, жұқа қабат немесе қабыршақ және т.с.с. түрінде жағылуы мүмкін. Жылжымалы фаза газ, сұйықтық немесе шектен асқан газ (флюид) бала алады. Бөліну адсорбцияға, массалардың таратылуына (бөлінуіне), иондық алмасуға және т.б. немесе көлемі, массасы, мөлшері және т.б. сияқты молекулалардың физикалық химиялық қасиеттеріндегі айырмаларға негізделі алады.

Бұл бөлімде жалпы параметрлердің және барлық хроматографиялық әдістерге қолданыла алатын, жүйенің жарамдылығына қойылатын талаптардың анықтамалары мен есептері қамтылған. Бөлу принциптері, аспаптар мен әдістемелердің сипаттамалары мынадай жалпы мақалаларда беріледі:


- Қағаз хроматография (2.1.2.25);
- Жұқа қабатты хроматография (2.1.2.26);
- Газды хроматография (2.1.2.27);
- Жоғары тиімді сұйықтықтық хроматография (2.1.2.28);
- Эксклюзиялық хроматография (2.1.2.29);
- Шектен асқан флюидті хроматография.

АНЫҚТАМАЛАР

Хроматографиялық жүйенің жарамдылығын белгілеу және қолайлылық критерийлерін есептеп шығару үшін жеке фармакопоялық мақалаларда төменде келтірілген анықтамалар пайдаланылған. Бірқатар параметрлерді (мәселен, сигнал/шу және айыру арақатынасы) қолданылатын жабдықтың өндірушісі ұсынатын бағдарламалық қамтылымның көмегімен есептеуге болады. Бағдарламалық қамтамасыз етуде қолданылатын есептеу тәсілдерінің Фармакопоя талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз ету және олар сәйкес болмаған жағдайда, қажетті түзетулерді енгізу пайдаланушының жауапкершілігіне кіреді.

Хроматограмма — (детектор сигналының, аймақтардың түсі мен қарқындылығын, элюаттағы заттардың шоғырлануын немесе элюаттағы заттардың шоғырлануын өлшеу үшін пайдаланылатын басқа да мөлшерлік шаманың уақыттан, көлемнен немесе қашықтықтан тәуелділігін графикалық немесе өзге түрде ұсыну. Ең жақсысы хроматограммалар базалық сызықта орналасқан гаустық үдемелі кездердің кезектілігін білдіреді (2.1.2.36.-1-сурет).

Үдемелі кез – бір компоненттің (немесе екі не одан артық бөлінбеген компоненттің) бағанынан элюирлеген кезде детектордың сигналы жазылған хроматограмманың бір бөлігі.



2.1.2.36-1-сурет. – Хроматограмманың схемалық кескіндемесі.

Үдемелі кез үдемелі кез ауданымен немесе үдемелі кез биіктігімен (h) және биіктіктің жартысындағы үдемелі кездің енімен (w_h) немесе үдемелі кездің биіктігімен (h) және бүгілген жерінің нүктелері арасындағы үдемелі кездің енімен (w_i) сипаттала алады. Гаустық үдемелі кездер үшін (2.1.2.36.-1-суреті) мынадай арақатынасы орындалады:

$$w_h = 1,18 w_i.$$

Адсорбция аймағы – адсорбталған айқындалушы зат қамтылған және дақ (дөңгелек немесе эллипс тәрізді) немесе жолақ түрінде көзге көрінетін хроматографиялық қабыршақтың бір бөлігі.

Ұстап тұру уақыты (t_R) – компонентті элюирлеуге қажетті уақыт (2.1.2.36.-1-сурет, базалық сызықтың минуттардағы шкаласы).

Ұстап тұру көлемі (V_R) – компонентті элюирлеуге қажетті жылжымалы фазаның көлемі. Ұстап тұру көлемін ұстап тұру уақыты мен жылжымалы фазаның жылдамдығы бойынша (F) (минутқа шаққандағы миллилитрлерде) мынадай формула бойынша есептеуге болады:

$$V_R = t_R \times F.$$

"Тыныштық" уақыты (t_M) ұсталмайтын компонентті элюирлеуге қажетті уақыт (2.1.2.36.-1-сурет, базалық сызықтың минуттардағы шкаласы). Эксклюзиялық хроматографияда t_0 символы қолданылады (төменде қараңыз).

"Тыныштық" көлемі (V_M) – ұсталмайтын компонентті элюирлеуге қажетті жылжымалы фазаның көлемі. "Тыныштық" көлемін "тыныштық" уақыты мен жылжымалы фазаның жылдамдығы бойынша (F) (минутқа шаққандағы миллилитрлерде) мынадай формула бойынша есептеуге болады:

$$V_M = t_M \times F.$$

Эксклюзиялық хроматографияда символ V_0 қолданылады (төменде қараңыз).

Ұстап тұру коэффициенті (k) – мынадай формула бойынша есептелетін сипаттама.

$k = \text{жылжымайтын фазадағы зат мөлшері} / \text{жылжымалы фазадағы зат мөлшері} = K_C$

$$V_S / V_M,$$


мұндағы: K_C – үлестіру константасы (тепе-тең үлестіру коэффициенті ретінде те белгілі);

V_S – жылжымайтын фаза көлемі;

V_M – жылжымалы фаза көлемі.

Компонентті ұстап тұру коэффициенті хроматограммадан мынадай формула бойынша айқындала алады:

$$k = t_R - t_M / t_M.$$



2.1.2.36.-2-сурет. – Хроматограммалардың уақыт/көлем көрсеткіштері.

Жылжымалы фазаның жалпы уақыты (t_t) – молекулалары эксклюзиялық хроматографиядағы гельдің ең кішкентай бос қуысының көлемінен аз болатын компонентті ұстап тұру уақыты (2.1.2.36.-2-сурет).

Эксклюзияның толық көлемі (V_t) – молекулалары эксклюзиялық хроматографиядағы гельдің ең кішкентай бос қуысының көлемінен аз болатын компонентті ұстап тұру көлемі. Эксклюзияның толық көлемін жылжымалы фазаның жалпы уақыты мен жылжымалы фазаның жылдамдығы (F) (минутқа шаққандағы миллилитрлерде) бойынша мынадай формула бойынша есептеуге болады:

$$V_t = t_t \times F.$$

Ұсталмайтын компонентті ұстап тұру уақыты (t_0) – молекулалары эксклюзиялық хроматографиядағы гельдің ең үлкен бос қуысының көлемінен үлкен болатын компонентті ұстап тұру уақыты (2.1.2.36.-2-суреті)

Ұсталмайтын компонентті ұстап тұру көлемі (V_0) – молекулалары эксклюзиялық хроматографиядағы гельдің ең үлкен бос қуысының көлемінен үлкен болатын компонентті ұстап тұру көлемі. Ұсталмайтын компонентті ұстап тұру көлемін ұсталмайтын компонентті ұстап тұру уақыты мен жылжымалы фазаның жылдамдығы (F) (минутқа шаққандағы миллилитрлерде) бойынша мынадай формула бойынша есептеуге болады:

$$V_0 = t_0 \times F.$$


Үлестіру константасы (K_0) – эксклюзионды хроматографиядағы белгілі бір бағандағы компоненттің элюентті қасиеттерінің сипаттамасы, мынадай формула бойынша есептеледі:

$$K_0 = t_R - t_0 / t_t - t_0.$$

Баяулату коэффициенті (R_F) – компоненттің жұқа қабатта орын ауыстыруының салыстырмалы жылдамдығының сипаттамасы (сондай-ақ жазықтық хроматографияда ұстап тұру коэффициенті (R_f) ретінде белгілі). Баяулату коэффициенті сынаманы жағу нүктесінен адсорбция аймағының ортасына дейінгі қашықтықтың және еріткіш фронтының сынаманы жағу нүктесінен өткен қашықтығының арақатынасына тең (2.1.2.36.-3-сурет):

$$R_F = b / a,$$

мұнда: b – компонент өткен қашықтық;
 a – еріткіш фронты өткен қашықтық.



2.1.2.36.-3-сурет - Жұқа қабатты хроматограмманың схемалық кескіндемесі. А - жылжымалы фаза аймағы; В - дақ; С - сынама жағу сызығы (бастау сызығы).

Бағанның теориялық тәрелкелерінің саны (N) – баған тиімділігінің (көрінер тиімділігінің) сипаттамасы. Теориялық тәрелкелер санын t_R және w_h шамалары бірдей бірліктерде берілуі тиісті формула бойынша изотермиялық немесе изократиялық режимдердегі, сол сияқты тұрақты тығыздық режиміндегі әдістемеге байланысты алынған деректер бойынша есептеуге болады:

$$N = 5,54 (t_R / w_h)^2,$$

мұндағы: t_R – компоненттің үдемелі кезін ұстап тұру уақыты;

w_h – үдемелі кез биіктігінің жартысындағы ені.

Теориялық тәрелкелер саны құрам бөлікке, сол сияқты қолданылып отырған баған мен оның температурасына, сондай-ақ жылжымалы фаза мен ұстап тұру уақытына тәуелді болып табылады.

Кідірту көлемі (D) – элюенттердің араласуын орын алатын нүкте мен баған кіреберісі арасындағы көлем (сондай-ақ градиенттің кідіру көлемі ретінде де белгілі). Кідірту көлемі төменде келтірілген хроматографиялау жағдайларында айқындала алады.

Баған: хроматографиялық бағанды соған жарайтын капилляр түтікшесімен (мәселен , ұзындығы 1 м және ішкі диаметрі 0,12 мм) алмастырады.

Жылжымалы фаза:

- жылжымалы фаза А: су Р;

- жылжымалы фаза В: 0,1 % (айналым/айналым) ацетон Р ерітіндісі;

Уақыт (мин)	Жылжымалы фаза А (% айналым/айналым)	Жылжымалы фаза А (% айналым/айналым)
0 – 20	100 → 0	0 → 100
20 – 30	0	100

Жылжымалы фаза жылдамдығы: жеткілікті кері қысымға дейін орнатады (мәселен 2 мл/мин);

Детекторлау: спектрофотометр, 265 нм толқын ұзындығында.


Оптикалық тығыздық 50 %-ға дейін артатын уақыт ($t_{0,5}$) (минуттарда) айқындалады (2.1.2.36.-4-сурет).

$$D = t_D \times F,$$


мұндағы: t_D — $t_{0,5} - 0,5t_G$ (минуттарда);

t_D — градиенттің алдын ала орнатылған уақыты (20 мин тең);

F — жылжымалы фаза жылдамдығы (минутқа шаққанда миллилитрлерде).



2.1.2.36.-4-сурет – Градиенттік кідіру көлемін айқындау.



2.1.2.36.-5-сурет – Артқы аймағы созылған үдемелі кездің схемалық кескіндемесі.

Симметрия коэффициенті (A_s) — үдемелі кез симметриялылығының сипаттамасы (2.1.2.36.-5-суреті), мынадай формула бойынша есептеледі:

$$A_s = w_{0,05} / 2d,$$

мұндағы: $w_{0,05}$ — үдемелі кез биіктігінің жиырмадан бір бөлігіндегі ені;

d — үдемелі кездің максимумына түсірілген перпендикуляр мен үдемелі кез биіктігінің жиырмадан бір бөлігінің алдыңғы шегі арасындағы арақашықтық.

1,0-ге тең A_s мәні толық симметрияны білдіреді. Егер $A_s > 1,0$ болса, үдемелі кездің артқы аймағы ("құйрығы бар") созылыңқы болады; егер $A_s < 1,0$ болса, үдемелі кездің алдыңғы аймағы созылыңқы болады.

Айыру (R_s) — екі компоненттің үдемелі кездерінің арасында бөліну деңгейінің сипаттамасын (2.1.2.36.-1-сурет) мынадай формула бойынша есептеуге болады:

$$R_s = 1,18 (t_{R2} - t_{R1}) / w_{h1} + w_{h2},$$

мұндағы: $t_{R2} > t_{R1}$

t_{R1} және t_{R2} — үдемелі кездерді ұстап қалу уақыттары;


w_{h1} және w_{h2} — үдемелі кездердің биіктігінің жартысындағы ені.

Денситометрия қолданылатын сандық жазықтық хроматографияда ұстап тұру уақыттарының орнына өткен арақашықтықтары пайдаланылып, екі компоненттің үдемелі кездері арасындағы айырма мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R_s = 1,18a (R_{F2} - R_{F1}) / w_{h1} + w_{h2},$$

мұндағы: R_{F1} және R_{F2} — үдемелі кездерді баяулату коэффициенттері;

w_{h1} және w_{h2} – үдемелі кездердің биіктігінің жартысындағы ені;
 a – еріткіш фронты өткен арақашықтық.



2.1.2.36.-6-сурет – Бөлінбеген үдемелі кездердің схемалық кескіндемесі

Үдемелі кез/ойыс арақатынасы (p/v) — базалық сызыққа дейін екі үдемелі кездің бөлінуіне қол жеткізілмеген кезде туыстас қоспаларға сынақтан өткізуде хроматографиялық жүйенің жарамдылығы критерийі ретінде қолданылатын сипаттама (2.1.2.36.-6-сурет). Үдемелі кез/ойыс арақатынасы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$p/v = H_p / H_v,$$

мұндағы: H_p — экстраполяцияланған базалық сызыққа қатысты ең аз үдемелі кездің биіктігі;

H_v – ең аз және ең үлкен үдемелі кездерді бөлетін қисық сызықтың неғұрлым төмен нүктесінің экстраполяцияланған базалық сызығының үстіндегі биіктігі.

Салыстырмалы ұстап тұру (r) (мынадай формула бойынша есептелетін сипаттама:

$$r = t_{Ri} - t_M / t_{Rst} - t_M,$$

мұндағы: t_{Ri} – айқындалатын компоненттің үдемелі кезін ұстап тұру уақыты;

t_{Rst} – салыстырудың үдемелі кезін ұстап тұру уақыты (әдетте сынақтан өткізіліп жатқан заттың үдемелі кезі);


t_M – "тыныштық" уақыты.

Түзетілмеген салыстырмалы ұстап тұру (r_G) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$r_G = t_{Ri} - t_{Rst}$$

Басқа нұсқаулар болмаған кезде жеке фармакопоялық мақалаларда көрсетілген салыстырмалы ұстап тұру мәндері түзетілмеген салыстырмалы ұстап тұруға сәйкес келеді.

Жазықтық хроматографиясында t_{Rst} және t_{Ri} орнына R_{Fst} и R_{Fi} баяулату коэффициенттері қолданылады.



2.1.2.36.-7-сурет – Сигнал/шу арақатынасын есептеуге арналған параметрлердің схемалық кескіндемесі.

Сигнал/шу арақатынасы (S/N) – қысқа мерзімді шудың сандық анықтаманың жоғары дәлдігіне әсерінің сипаттамасы. Сигнал/шу арақатынасы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$S/N = 2H / h,$$

мұндағы: H - көрсетілген салыстыру ерітіндісінің хроматограммасындағы қаралып отырған компоненттің үдемелі кезінің биіктігі (2.1.2.36.-7-сурет); биіктігін үдемелі кездің максимумынан бастап, кемінде үдемелі кез биіктігінің жартысындағы бес есе еніне тең болатын арақашықтықта байқалатын сигналдың экстраполяцияланған базалық сызығына дейін өлшейді;

h - көрсетілген салыстыру ерітіндісінің хроматограммасында кемінде үдемелі кез биіктігінің жартысындағы бес есе еніне тең болатын арақашықтықта байқалатын және мүмкіндігінше үдемелі кезді ықтимал анықтау орнынан екі тең жағына орналастырылған, бақылау ерітіндісін енгізген немесе жаққан кезде шығарылған хроматограммадағы фондық шу саласы.

Жүйенің қайталануы – салыстыру ерітіндісін кемінде үш енгізуге немесе жағуға жасалған өлшемдердің дәйекті серияларының пайыздарда ($s_r(\%)$) есептеп шығарылған салыстырмалы стандартты ауытқу түрінде білдірілетін және мынадай формула бойынша есептелетін сигнал сипаттамасы:

$$(s_r(\%)) = 100 / y \sqrt{\sum (y_i - \bar{y})^2 / n - 1},$$

мұндағы: y_i – үдемелі кез ауданының, үдемелі кез биіктігінің жеке мәндері немесе ішкі стандарт әдісіндегі аудандардың арақатынасы;

? – жеке мәндердің орташасы;

n – жеке мәндердің саны.

Есепке алынбайтын шек – оның кезінде немесе одан төмен үдемелі кездер есепке алынбайтын шек.

ХРОМАТОГРАФИЯЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ

Қолданылатын жабдықтың түрлі бөліктеріне баға беріліп, олар сынақты өткізу немесе сандық анықтама үшін қажетті жұмыс істеу деңгейіне қол жеткізуге жарамды болуы керек.

Жүйенің жарамдылығын сынау әдістеменің ажырамас бөлігі болып табылады және хроматографиялық жүйенің тиісінше жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Бағанның жұмысын бағалау үшін, әдетте, мынадай параметрлер қолданылады: көрінетін тиімділігі, ұстап тұру коэффициенті (салмақтарды бөлу коэффициенті), айыру және симметрия коэффициенті.

Хроматографиялық қолданылуына мынадай факторлар әсер ете алады:

- жылжымалы фазаның құрамы, иондық күші, температурасы мен көрінетін рН;
- жылжымалы фазаның жылдамдығы, баған көлемдері, баған температурасы мен қысымы;

- жылжымайтын фазаның сипаттамасы, оның ішінде хроматографиялық тасымалдаушы үлгісі (бөлшектерден тұратын немесе монолитті), бөлшектердің немесе макротесіктердің көлемі, кеуектілігі, үстіңгі бетінің меншікті ауданы;

- жылжымайтын фазаның үстіңгі бетінің химиялық түрленуі (кері фазалық және басқа да түрленімдері), химиялық түрлену деңгейі (шеткі топтарды бұғаттау, яғни эндкепирлеу), көміртектің пайыздардағы құрамы және т.б.).

Басқа нұсқаулар болмаған кезде мынадай талаптар мен жеке фармакопоялық мақалада келтірілген кез келген басқа қосымша талаптар орындалуы тиіс:

- тектес қоспаларға сынаған және сандық айқындаған кезде сандық есептер үшін қолданылатын салыстыру ерітіндісінің хроматограммасында шығарылған үдемелі кез симметриясы коэффициентінің шамасы басқа нұсқаулар болмаған кезде 0,8-ден 1,5-ға дейінгі шектерде болуы тиіс;

- таза зат үшін 100 % мәнінде қолданыстағы затты сандық айқындаған кезде берілген шектер үшін максималды жол берілетін салыстырмалы стандартты ауытқу (s_r (%)) салыстыру ерітіндісін енгізу серияларынан мынадай формула бойынша есептеп шығарады:

$$(s_r(\%))_{\max} = KB \sqrt{n} / t_{90\%, n-1}$$

мұндағы: $K - K = 0,6 / \sqrt{2} \cdot t_{90\%,5} / \sqrt{2}$ теңдеуінен шығарылған константа (0,349), ондағы $0,6 / \sqrt{2} B = 1,0$ үшін сынаманы алты рет қайта енгізген кездегі салыстырмалы стандартты ауытқу мәніне (пайыздарда) сәйкес келеді;

B - жеке фармакопоялық мақалада көрсетілген сандық құрамының жоғарғы шегі, минус 100 %;

n - салыстыру ерітіндісін қайта енгізу саны ($3 \leq n \leq 6$);

$t_{90\%, n-1}$ – еркіндік деңгейлерінің саны $n - 1$ болған кездегі екіжақты аралықты 90 % сенімгерлік ықтималдылық кезіндегі t Стьюдент коэффициенті.

Басқа нұсқаулар болмаған кезде максималды жол берілетін стандартты ауытқу 2.1.2.36.-1-кестеде берілген тиісті мәндерден асып түспеуі тиіс. Бұл талап тектес қоспаларға жасалатын сынақтарға қатысты қолданылмайды.

2.1.2.36.-1-кесте — Қайталануға қойылатын талаптар

Сынаманы жеке енгізу саны				
B (%)				
	3	4	5	6
Ең көп жол берілетін стандартты салыстырмалы ауытқу				
2,0	0,41	0,59	0,73	0,85
2,5	0,52	0,74	0,92	1,06
3,0	0,62	0,89	1,10	1,27

- тектес қоспаларға сынақтан өткізген кезде сандық құрам шегі (10-ға тең сигнал/шу арақатынасына сәйкес келетін) есепке алынбайтын шекке тең немесе одан кем болуы керек.

Жүйенің жарамдылығы талаптарына сәйкес болу бүкіл хроматографиялау процесі бойы қолданылып тұруы керек. Әдістемені қолдану жиілігі, хроматографиялық жүйемен жұмыс жасау тәжірибесі секілді түрлі факторларға байланысты талдаушы осы сәйкестікті бақылау үшін тиісті тексеру схемасын іріктеп таңдап алады.

ХРОМАТОГРАФИЯЛАУ ЖАҒДАЙЛАРЫН РЕТТЕУ

Төменде әдістемені түбегейлі өзгертпей, хроматографиялық жүйенің жарамдылығы критерийлеріне сәйкес болуға арналған хроматографиялық сынақтардың түрлі параметрлері түзетіле алатын шектер келтірілген.

Градиенттік элюирленуі бар хроматографиялау жағдайларын реттеу изократикалық элюирленуі бар жағдайларға қарағанда неғұрлым сыни болып табылады, өйткені градиенттің түрлі деңгейлерінде үдемелі кездердің ығысуына және осылайша үдемелі кездердің бұрыс орнатылуына, үдемелі кездердің бүркемеленуіне немесе элюирлену көрсетілген элюирлеу уақытының шегінен тыс жүзеге асатындай олардың ығысуына әкеліп соғуы мүмкін.

Көрсетілгендерден өзгеше өзгерістер әдістемені қайта валидациялауды талап етеді. Сипатталған хроматографиялау жағдайлары жеке фармакопоялық мақалада әзірлеген кезде валидациялануы қажет.

Хроматографиялық жүйенің жарамдылығын тексеруді сынақты немесе сандық айқындауды тиісті өткізу үшін қажет бөліну деңгейіне қол жеткізілгенін растау мақсатында қосады. Дегенмен де жылжымайтын фазалар жалпы түрде сипатталғандықтан және сатылымда қолжетімді, хроматографиялық қолданылуы өзгеше болатын фазалардың кең ауқымы бар болғандықтан, жүйе жарамдылығының көрсетілген талаптарын орындау үшін хроматографиялау жағдайларын шамалы түзету талап етілуі мүмкін. Атап айтқанда, кері фазалық хроматография әдістемелерінде түрлі параметрлерді түзету қанағаттанарлық бөлінуге үнемі әкеле бермейді. Мұндай жағдайда бағанды талап етілетін хроматографиялық қолданылуды көрсететін басқа ұқсас үлгідегі бағанмен (мәселен, октадецилсилильді силикагель) ауыстыру қажет болуы ықтимал.

Жүйенің жарамдылығын қамтамасыз етуге арналған шекті параметрлерді түзету жеке фармакопоялық мақалада анық көрсетіледі.

Жұқа қабатты және қағаз хроматография

Жылжымалы фазаның құрамы: аздау мөлшерде бар болған еріткіш компоненттің құрамы олардың қайсысы көбірек болуына байланысты $\pm 30\%$ (салыстырмалы құрамы) немесе $\pm 2\%$ (абсолютті құрамы) шектерінде түзетіле алады. Мәселен, жылжымалы фазаның 10% -ын құрайтын құрамы аздау болатын компонент үшін салыстырмалы құрамды 30% -ға түзетуде 7% -дан 13% -ға дейінгі шекті мәндерге жол беріледі, ал абсолютті құрамды 2% -ға түзетуде 8% -дан 12% -ға дейінгі шекті мәндерге жол беріледі, яғни салыстырмалы құрам бойынша түзету көбірек болады. Жылжымалы фазаның 5% -ын құрайтын құрамы бойынша аздау компонент үшін салыстырмалы құрамды 30% -ға түзетуде $3,5\%$ -дан $6,5\%$ -ға дейінгі шекті мәндерге жол беріледі, ал абсолютті құрамды 2% -ға түзетуде 3% -дан 7% -ға дейінгі шекті мәндерге жол беріледі, яғни бұл жағдайда абсолютті құрам бойынша түзету көбірек болады. Басқа компоненттердің абсолютті құрамы 10% -дан астамға өзгертіле алмайды.

Жылжымалы фазаның су компонентінің рН: жеке фармакопоялық мақалада басқа нұсқаулар болмағанда, $\pm 0,2$ рН немесе иондалмаған заттарды сынақтан өткізген жағдайда $\pm 1,0$ рН.

Жылжымалы фазаның буферлік компонентіндегі тұздардың шоғырлануы: $\pm 10\%$.

Сынаманың жағылатын көлемі: бөлшектердің кішірек көлемі бар пластиналарды пайдаланған кезде көрсетілген көлемнен 10% -дан 20% -ға дейін.

Сұйықтықтық хроматография:

изократикалық элюирлеу

Жылжымалы фазаның құрамы: аздау мөлшердегі еріткіш компонентінің құрамы олардың қайсысы көбірек болуына байланысты $\pm 30\%$ (салыстырмалы құрамы) немесе $\pm 2\%$ (абсолютті құрамы) шектерінде түзетіле алады (жоғарыдағы мысалды қараңыз). Басқа компоненттердің абсолютті құрамы 10% -дан астамға өзгертіле алмайды.

Жылжымалы фазаның су компонентінің рН. Жеке фармакопаялық мақалада басқа нұсқаулар болмағанда, $\pm 0,2$ рН немесе иондалмаған заттарды сынақтан өткізген жағдайда $\pm 1,0$ рН.

Жылжымалы фазаның буферлік компонентіндегі тұздардың шоғырлануы: ± 10 %.

Жылжымалы фазаның жылдамдығы: ± 50 %; баған көлемдері өзгерген кезде көбірек түзетуге жол беріледі (төмендегі формуланы қараңыз).

Бағанның сипаттамалары:

Жылжымайтын фаза:

- жылжымайтын фаза алмастырғыштарын өзгертуге жол берілмейді (яғни C_{18} -ді C_8 -ге ауыстыруға жол берілмейді);

- бөлшектердің көлемі: көлемін максималды 50 %-ға азайтуға жол беріледі, арттыруға жол берілмейді.

Бағанның көлемі:

- ұзындығы: ± 70 %;

- ішкі диаметрі: ± 25 %.

Баған көлемі өзгерген кезде жылжымалы фазаның жылдамдығы қажет болғанда мынадай формула бойынша түзетіле алады:

$$F_2 = F_1 \cdot l_2 \cdot d_2^2 / l_1 \cdot d_1^2,$$

мұндағы: F_1 – жеке фармакопаялық мақалада минутқа шаққанда миллилитрлерде көрсетілген жылжымалы фаза жылдамдығы;

F_2 – минутқа шаққанда миллилитрлерде көрсетілген жылжымалы фазаның түзетілген жылдамдығы;

l_1 – жеке фармакопаялық мақалада миллиметрлерде көрсетілген баған ұзындығы;

l_2 – пайдаланылатын бағанның миллиметрлердегі ұзындығы;

d_1 – жеке фармакопаялық мақалада миллиметрлерде көрсетілген бағанның ішкі диаметрі;

d_2 – пайдаланылатын бағанның миллиметрлердегі ішкі диаметрі.

Температурасы: жеке фармакопаялық мақалада басқа нұсқаулар болмағанда, бақыланатын жұмыс температурасы кезінде ± 10 °С.

Детектор толқынының ұзындығы: түзетуге жол берілмейді.

Енгізілетін сынаманың көлемі: қолданылатын детекторлау және үдемелі кездің (кездердің) қайталанушылығы қанағаттанарлық болып қалады деген шартпен азайтыла алады; арттыруға жол берілмейді.

Сұйықтықтық хроматография:

градиенттік элюирлеу

градиенттік элюирлеу кезінде хроматографиялау жағдайларын реттеу изократиялық элюирлеуге қарағанда көбірек абай болуды талап етеді.

Жылжымалы фазаның/градиенттік элюирлеудің құрамы: мынадай жағдайларда жылжымалы фазаның құрамы мен градиент жүйесін шамалы түзетуге жол беріледі:

- хроматографиялық жүйенің жарамдылығы талаптары орындалады;
- негізгі үдемелі кез (кездер) көрсетілген ұстап тұру уақытынан (уақыттарынан) $\pm 15\%$ шектерінде элюирленеді;
- жылжымалы фазаның соңғы құрамының элюирлеуші қасиеті жеке фармакопоялық мақалада көрсетілген құрамнан төмен болмауы тиіс.

Егер хроматографиялық жүйенің жарамдылық талаптарына сәйкес болуға қол жеткізу мүмкіндігі болмаса, жиі кідіру көлемін бағалау немесе хроматографиялық бағанды ауыстыру жиі артық болып көрінеді.

Кідіру көлемі. Пайдаланылатын жабдықтар конфигурациясы әдістемеді сипатталған айыруды, ұстап тұру уақыты мен салыстырмалы ұстап тұруды біршама өзгертуі мүмкін, бұл аса кідіру мөлшеріне байланысты орын алуы ықтимал. Жеке фармакопоялық мақалаларда әдетте жеке фармакопоялық мақаланы әзірлеген кезде пайдаланылған жүйе мен нақты пайдаланылатын жүйе арасындағы кідіру мөлшеріндегі айырманы ескере отырып, градиенттің уақытша нүктелеріне бейімделуді қамтамасыз ету арқылы градиенттік элюирлеу бағдарламасы басталғанға дейін изократиялық саты қосылады. Изократиялық сатының ұзақтығын бейімдеу пайдаланылатын талдау жабдығына тәуелді пайдаланушының жауапкершілігіне кіреді. Егер жеке фармакопоялық мақалада оны әзірлеген кезде белгіленген кідіру көлемі келтірілген болса, градиент кестесінде көрсетілген уақыт нүктелері (t , мин) төмендегі формула бойынша есептелген бейімделген уақыт нүктелеріне (t_c , мин) алмастырыла алады:

$$t_c = t - (D - D_0) / F,$$

мұндағы: D – миллилитрлердегі кідіру көлемі;

D_0 – әдістемені әзірлеген кезде пайдаланылған миллилитрлердегі кідіру көлемі;

F – минутқа шаққандағы миллилитрлердегі жылжымалы фаза жылдамдығы.

Осы мақсатпен қосылған изократиялық саты көрсетілген сатысыз қолданылатын әдістемені валидациялау бойынша деректер болған кезде алынып тасталуы мүмкін.

Жылжымалы фазаның су компонентінің рН: түзетуге жол берілмейді.

Жылжымалы фазаның буферлік компонентіндегі тұздардың шоғырлануы: түзетуге жол берілмейді.

Жылжымалы фазаның жылдамдығы: баған көлемдері өзгерген кезде көбірек түзетуге жол беріледі (төмендегі формуланы қараңыз).

Бағанның сипаттамалары:

Жылжымайтын фаза:

- жылжымайтын фаза алмастырғыштарын өзгертуге жол берілмейді (яғни C₁₈-ді C₈-ге ауыстыруға жол берілмейді);

- бөлшектердің көлемі: түзетуге жол берілмейді.

Бағанның көлемі:

- ұзындығы: $\pm 70 \%$;

- ішкі диаметрі: $\pm 25 \%$.

Баған көлемі өзгерген кезде жылжымалы фазаның жылдамдығы қажет болғанда мынадай формула бойынша түзетіле алады:

$$F_2 = F_1 \cdot l_2 \cdot d_2^2 / l_1 \cdot d_1^2,$$

мұндағы: F_1 – жеке фармакопоялық мақалада минутқа шаққанда миллилитрлерде көрсетілген жылжымалы фаза жылдамдығы;

F_2 – минутқа шаққанда миллилитрлерде көрсетілген жылжымалы фазаның түзетілген жылдамдығы;

l_1 – жеке фармакопоялық мақалада миллиметрлерде көрсетілген баған ұзындығы;

l_2 – пайдаланылатын бағанның миллиметрлердегі ұзындығы;

d_1 – жеке фармакопоялық мақалада миллиметрлерде көрсетілген бағанның ішкі диаметрі;

d_2 – пайдаланылатын бағанның миллиметрлердегі ішкі диаметрі.

Температурасы: жеке фармакопоялық мақалада басқа нұсқаулар болмағанда, бақыланатын жұмыс температурасы кезінде $\pm 5 \text{ }^\circ\text{C}$.

Детектор толқынының ұзындығы: түзетуге жол берілмейді.

Енгізілетін сынаманың көлемі: қолданылатын детекторлау және үдемелі кездің (кездердің) қайталанушылығы қанағаттанарлық болып қалады деген шартпен азайтыла алады; арттыруға жол берілмейді.

Газды хроматография

Бағанның сипаттамалары:

Жылжымайтын фаза:

- бөлшектердің көлемі: көлемін максималды 50 %-ға азайтуға жол беріледі, арттыруға жол берілмейді (толтырмалы бағандар);

- қабаттың қалыңдығы: -50 %-дан $\pm 100 \%$ -ға дейін (капиллярлы бағандар).

Бағанның көлемі:

- ұзындығы: $\pm 70 \%$;

- ішкі диаметрі: $\pm 50 \%$.

Ағын жылдамдығы: $\pm 50 \%$.

Температурасы: $\pm 10 \%$.

Енгізілетін сынаманың көлемі: қолданылатын детекторлау және қайталанушылығы қанағаттанарлық болып қалады деген шартпен өзгертуге болады.

Шектен асқан флюидті хроматография

Жылжымалы фазаның құрамы: толтырмалы бағандар үшін аздау мөлшердегі еріткіш компонентінің құрамын олардың қайсысы көбірек болуына байланысты $\pm 30\%$ (салыстырмалы құрамы) немесе $\pm 2\%$ (абсолютті құрамы) шектерінде түзетуге болады. Капиллярлы бағандар үшін өзгерістерге жол берілмейді.

Детектор толқынының ұзындығы: түзетуге жол берілмейді.

Бағанның сипаттамалары:

Жылжымайтын фаза:

- бөлшектердің көлемі: көлемін максималды 50% -ға азайтуға жол беріледі, арттыруға жол берілмейді (толтырмалы бағандар).

Бағанның көлемі:

- ұзындығы: $\pm 70\%$;

- ішкі диаметрі:

$\pm 25\%$ (толтырмалы бағандар);

$\pm 50\%$ (капиллярлы бағандар).

Ағын жылдамдығы: $\pm 50\%$.

Температурасы: бақыланатын жұмыс температурасы кезінде $\pm 5\%$.

Енгізілетін сынаманың көлемі: қолданылатын детекторлау және қайталанушылығы қанағаттанарлық болып қалады деген шартпен азайтуға болады; арттыруға жол берілмейді.

САНДЫҚ АНЫҚТАМА

Сандық анықтама кезінде еріткіштер мен реактивтердің үдемелі кездері, сондай-ақ сынақтан өткізіліп жатқан үлгінің жылжымалы фазасы мен матрицасының үдемелі кездері ескерілмейді.

- *Детектор сезімталдығы.* Детектор сезімталдығы детектор құрамына кіретін жылжымалы фазадағы заттың шоғырлану бірлігіне немесе салмағының бірлігіне шаққанда шығаберісіндегі сигналды білдіреді. Әдетте сезімталдық коэффициенті деп аталатын детектордың салыстырмалы сезімталдығы коэффициенті детектордың осы затқа стандартты затқа қатысты сезімталдығын көрсетеді. *Түзету коэффициенті* сезімталдық коэффициентіне кері пропорционал болып келеді.

- *Сыртқы стандарт әдісі.* Айқындалатын компонент (тер) шоғырлануын сынақтан өткізіліп жатқан ерітінді үшін шығарылған үдемелі кез (дер) детекторының сигналы (дары) мен салыстыру ерітіндісі үшін шығарылған үдемелі кез (дер) детекторының сигналын (дарын) салыстыру арқылы табады.

- *Ішкі стандарт әдісі.* Сынақтан өткізілетін ерітінді мен салыстыру ерітіндісіне компоненттің (ішкі стандарттың) тең мөлшерлерін енгізіп, оны зерттеліп жатқан затпен айырады. Ішкі стандарт зерттеліп жатқан затпен өзара әрекеттеспеуі керек, тұрақты

болуы тиіс және құрамында зерттеліп жатқан затпен сәйкес келетін ұстап тұру уақытымен қоспалары болмауы керек. Зерттеліп жатқан заттың шоғырлануын зерттеліп жатқан затқа және сынақтан өткізіліп жатқан ерітіндідегі ішкі стандартқа сәйкес келетін үдемелі кездер аудандарының немесе биіктіктерінің арақатынасын және зерттеліп жатқан затқа және салыстыру ерітіндісіндегі ішкі стандартқа сәйкес келетін үдемелі кездер аудандарының немесе биіктіктерінің арақатынасын салыстыру жолымен айқындайды.

- *Ішкі қалыптандыру әдісі.* Зерттеліп жатқан зат компонентінің пайыздардағы құрамын еріткіштер мен реактивтердің үдемелі кездерін немесе жылжымалы фаза компоненттеріне немесе сынақтан өткізіліп жатқан үлгі матрицасына негізделген үдемелі кездерді, сондай-ақ ауданы есепке алынбайтын шекке тең немесе одан кем заттардың үдемелі кездерін қоспағанда, барлық үдемелі кездердің жалпы ауданынан пайыздарда көрсетілген бөлігі ретінде тиісті үдемелі кездің ауданын айқындау жолымен есептеп шығарады.

- *Калибрлеу функциясы әдісі.* Зерттеліп жатқан заттың өлшенген немесе есептелген сигналы (y) мен мөлшері (шоғырлануы, салмағы және т.б.) (x) арасындағы тәуелділікті айқындап, калибрлеу функциясының теңдеуін есептеп шығарады. Сынақтан өткізу нәтижелері кері функцияның көмегімен зерттеліп жатқан заттың өлшенген немесе есептелген сигналына негізделіп айқындалады.

Салыстыру ерітіндісі ретінде сұйытылған сынақтан өткізілетін ерітіндіні пайдалану арқылы сыртқы стандарт әдісімен, сол сияқты ішкі қалыпқа келтіру әдісімен тектес қоспаларға жасалатын сынақтарда жеке фармакопоялық мақалада келтірілген түзету коэффициенттері (яғни сезімталдық коэффициенті 0,8-ден 1,2-ге дейінгі шектерден шығып кеткен кез) қолданылады.

Егер тектес қоспаларға жасалатын сынақта қоспалар қосындысы айқындалса немесе қоспаны сандық анықтама өткізілсе, тиісті шекті мәндерді және үдемелі кездер аудандарын интеграциялау үшін лайықты шарттарды іріктеп таңдау маңызды. Ондай сынақтарда *есепке алынбайтын шек* әдетте 0,05 %-ды құрайды. Негізгі үдемелі кезбен толық бөлінбейтін кез келген қоспаның үдемелі кезінің ауданын интеграциялау көбінесе үдемелі кездің төменгі нүктелері бойынша (жанама бойынша) экстраполяциялау арқылы өткізіледі.

201020037-2019

2.1.2.37. Капиллярлық электрофорез

ЖАЛПЫ ПРИНЦИПТЕР

Капиллярлық электрофорез анықталатын заттардың зарядталған, тұрақты электр алаңының әсерімен электролит ерітіндісінде еріген бөлшектерінің капиллярының ішіндегі көші-қонға негізделген физикалық талдау әдісін білдіреді.

Анықталатын заттың бөлшектерінің E кернеулі электр өрісінің әсерінен көші-қон жылдамдығы капилляр ішіндегі буферлік ерітіндінің электрофоретикалық қозғалғыштығымен және электроосмотикалық қозғалғыштығымен анықталады. Еріген заттың электрофоретикалық қозғалғыштығы (μ_{ep})

) оның көші-қон процесі (электролиттің түрі мен иондық күші, рН мәні, тұтқырлық және қоспалардың болуы) жүретін қасиеттеріне (электр заряды, молекулалардың мөлшері мен формасы) және буферлік ерітіндінің қасиеттеріне байланысты. Бөлшектер сфералық деп қабылданатын ерітіндінің электрофоретикалық жылдамдығы (v_{ep}) теңдеумен сипатталады:

$$v_{ep} = \mu_{ep} \cdot E = \left(\frac{q}{6\pi \cdot r \cdot \eta} \right) \cdot \left(\frac{V}{L} \right),$$

мұндағы: q – заттың тиімді заряды;

r – зат бөлшектерінің Стоксов радиусы;

η – электролит ерітіндісінің тұтқырлығы;

V – қоса берілген кернеу;

L – капиллярдың жалпы ұзындығы.

Буферлік ерітіндімен толтырылған капиллярды капилляр ішіндегі электр өрісіне орналастырған кезде электроосмотикалық ағын деп аталатын еріткіштің қозғалысы басталады. Электроосмотикалық ағынның жылдамдығы электроосмотикалық қозғалғыштыққа (μ_{eo})

) байланысты, ол өз кезегінде капиллярдың ішкі қабырғасындағы зарядтың тығыздығына және буферлік ерітіндінің қасиеттеріне байланысты. Электроосмотикалық жылдамдық (v_{eo}) теңдеумен сипатталады:

$$v_{eo} = \mu_{eo} \cdot E = \left(\frac{\varepsilon \cdot \zeta}{\eta} \right) \cdot \left(\frac{V}{L} \right),$$

мұндағы: ε – буферлік ерітіндінің диэлектрлік тұрақтысы;

ζ – капилляр бетінің дзета-потенциалы

Заттың жылдамдығы (v) былай анықталады:

$$v = v_{ep} + v_{eo}$$

Зат бөлшектерінің зарядына байланысты оның электрофоретикалық қозғалғыштығы мен электроосмотикалық қозғалғыштығы бірдей немесе қарама-қарсы бағытта болуы мүмкін. Қалыпты капиллярлық электрофорез жағдайында аниондар электроосмотикалық ағынның бағытына қарама-қарсы бағытта қозғалады, ал олардың жылдамдығы электроосмотикалық жылдамдықтан аз болады. Катиондар электроосмотикалық ағынның бағытына сәйкес келетін бағытта қозғалады, ал олардың жылдамдығы электроосмотикалық жылдамдықтан асады. Электроосмотикалық жылдамдық электрофоретикалық жылдамдықтан асып кеткен жағдайда катиондар мен аниондарды бір талдау кезінде бөлуге болады.

Зат енгізілетін капиллярдың ұшынан детекция нүктесіне (капиллярдың тиімді ұзындығы) дейінгі қашықтыққа (l) көшу үшін затқа қажетті уақыт (t) теңдеумен анықталады:

$$t = \frac{l}{v_{ep} + v_{eo}} = \frac{l \cdot V}{(\mu_{ep} + \mu_{eo}) \cdot V}$$

Жалпы алғанда, рН 3-тен жоғары болған кезде, балқытылған кварцтан жасалған беті түрлендірілмеген капиллярлар капиллярдың ішкі қабырғасында орналасқан силанол топтарының иондануына байланысты теріс зарядқа ие болады. Тиісінше, электроосмотикалық ағын анодтан катодқа бағытталған. Еріген заттардың талдаудан талдауға көшу жылдамдығының тиісті туындауына қол жеткізу үшін электроосмотикалық ағын тұрақты болып қалуы тиіс. Кейбір жағдайларда капиллярдың ішкі қабырғасын түрлендіру немесе буферлік ерітіндінің концентрациясын, құрамын және/немесе рН-ын өзгерту арқылы электроосмотикалық ағынды азайту немесе жою талап етіледі.

Сыналатын үлгіні капиллярға енгізгеннен кейін сынама құрамына кіретін анықталатын заттың әрбір ионы өзінің электрофоретикалық қозғалғыштығына сәйкес тәуелсіз аймақ ретінде фондық электролит ортасында көшеді. Әр заттың жолағын кеңейту болып табылатын аймақтың дисперсиясы әртүрлі құбылыстардың салдары болып табылады. Идеалды жағдайда зат аймағын кеңейту процесіне тек капилляр бойымен заттың молекулалық диффузиясы (бойлық диффузия) ғана ықпал етеді. Мұндай идеалды жағдайда теориялық табақшалардың (N) санымен көрінетін аймақтың тиімділігі былай анықталады:

$$N = \frac{(\mu_{ep} + \mu_{eo}) \cdot V \cdot I}{2 \cdot D \cdot L},$$

мұндағы: D – буферлік ерітіндідегі заттың молекулалық диффузиясының коэффициенті.

Практикада жылу конвекциясы, капилляр қабырғаларында үлгіні адсорбциялау процестері, сондай-ақ үлгі мен буферлік ерітінді арасындағы біркелкі емес өткізгіштік, сынаманы енгізуге арналған құрылғының ұзындығы, детектор ұяшығының мөлшері және буферлік ерітінділері бар сыйымдылықтардың әртүрлі деңгейлерде орналасуы жолақ дисперсиясына айтарлықтай үлес қосады.

Екі жолақты бөлуге (ажыратымдылық ретінде көрсетілген, R_s) анықталатын заттар бөлшектерінің электрофоретикалық қозғалғыштығы мен электроосмотикалық қозғалғыштығы өзгерген кезде, сондай-ақ теңдеуге сәйкес әр анықталатын зат үшін жолақтың тиімділігі артқан кезде қол жеткізуге болады:

$$R_s = \frac{\sqrt{N}(\mu_{epb} - \mu_{epa})}{4(\bar{\mu}_{ep} + \mu_{eo})},$$

мұндағы:

μ_{epa}

және

μ_{epb}

— екі бөлінетін заттың электрофоретикалық қозғалғыштығы;

$\bar{\mu}_{ep}$

- екі анықталатын заттың орташа электрофоретикалық қозғалғыштығы

$$\bar{\mu}_{ep} = \frac{1}{2}(\mu_{epb} + \mu_{epa}).$$

АСПАП

Капиллярлық электрофорезге арналған аспап мыналардан тұрады:

- тұрақты токтың реттелетін жоғары вольтты көзі;
 - бір деңгейде орналасқан және құрамында көрсетілген анодты және катодты ерітінділер бар буферлі ерітінділері бар екі резервуар;
 - буферлік ерітінділері бар резервуарларға батырылған және қоректендіру көзіне қосылған екі электрод (катод және анод);
 - бөліну жүретін капилляр (әдетте балқытылған кварцтан жасалған); детекторлардың кейбір типтерін қолданған кезде капиллярда детектор деңгейінде орналасқан оптикалық терезе бар; капиллярдың ұштары буферлік ерітінділері бар резервуарларға орналастырылған; капилляр жеке фармакопоялық мақалада көрсетілген ерітіндімен толтырылады;
- тиісті сынама енгізу жүйесі;

- белгілі бір уақыт ішінде капиллярдың бөлгіш сегменті арқылы өтетін анықталатын заттардың мөлшерін бақылауға қабілетті детектор; детекторлау әдетте абсорбциялық спектрофотометрияға (ультракүлгін және көрінетін жерлерде) немесе флюориметрияға негізделген, кейбір жағдайларда кондуктометриялық, амперометриялық немесе масс-спектрометриялық детекторлауды да қолдануға болады; ультрафиолет сәулесін сіңірмейтін және флуоресценттемейтін заттарды детекторлаудың балама әдісі жанама детекторлау болып табылады;

- туынды бөлу нәтижелерін алу үшін капилляр ішіндегі тұрақты температураны ұстап тұруға қабілетті термостат;

- тіркеу құрылғысы және ұқсас интегратор немесе компьютер.

Сынақты салмағы кемінде 2 кг болатын кез-келген жыныстағы есірткіге негізделген сау мысықтарға жүргізеді. Ұрғашы мысықтар жүкті немесе ұрпақ көтермеген болуы керек. Сынақтан 24 сағат бұрын жануарға жем бермейді, бірақ суға еркін қол жеткізуге мүмкіндік береді. Анестезияны қан қысымының тұрақты деңгейін ұстап тұруға мүмкіндік беретін кез-келген анестезияны, мысалы, хлоралоза мен уретан қоспасын қолдану арқылы жүзеге асырады. Жануардың дене температурасын физиологиялық шектерде ұстап тұрады.

Мысықты қондырғыға артқы жағымен жатқан жағдайға қояды. Ұйқы артериясын препараттайды. Дайындалған каротид артериясына қанның ұюын болдырмайтын ерітіндімен толтырылған каннула енгізеді. Мысалы, 9 г/л концентрациясы бар натрий хлоридінің 1 мл ерітіндісіндегі гепариннің 50 бірлігін немесе концентрациясы 250 г/л магний сульфаты ерітіндісін енгізеді. Жоғарыда аталған антикоагулянттардың бірімен толтырылған екінші каннуланы немесе инені жамбастың вена тамырына енгізеді, ол арқылы гистамин дигидрохлоридінің ерітіндісін (1-нұсқадағы *P* гистамин ерітіндісі, 2-нұсқада *салыстыру ерітіндісі*) және дәрілік препаратты енгізеді.

P гистамин ерітіндісін немесе *салыстыру ерітіндісін* дайындау үшін гистамин дигидрохлориді гистамин негізіне қайта есептегенде қолданылады (гистамин дигидрохлоридін гистамин негізіне қайта есептеу коэффициенті 0,6038-ге тең). Гистамин дигидрохлоридінің біліктілігі – ч. немесе ч. д. а.

Депрессорлық заттар екі нұсқаның бірімен анықталуы мүмкін.

1-НҰСҚА

Сынақты жүргізудің алдында дәрілік заттың сыналатын үлгінің ерітіндісі дайындалады, оны 9 г/л концентрациясы бар натрий хлориді ерітіндісінде немесе жеке бапта көрсетілген және қажетті концентрацияны алу үшін жеткілікті мөлшерде алынған басқа еріткіште ерітеді немесе сұйылтады.

Мысықтың гистаминге сезімталдығын анықтау үшін 0,1 мкг/мл концентрациясы бар *P* гистамин ерітіндісі дайындалады, содан кейін жануарға тең уақыт аралығында дене салмағының кг үшін 1,0 мл және 1,5 мл көлемінде *P* гистамин ерітіндісін енгізеді.

1 мл/кг көлемінде *P* гистамин ерітіндісін енгізу кемінде үш рет қайталанады. Осы ерітіндінің екінші және одан кейінгі инъекцияларын артериялық қысым алдыңғы инъекцияның алдында тікелей байқалған деңгейге оралғаннан кейін бір минуттан ерте емес жүргізіледі. Жануарды, егер *P* гистамин ерітіндісін 1 мл/кг көлемінде қайталап енгізген кезде артериялық қысымның төмендетуінің жақын мәндері тіркелсе, ал *P* гистамин ерітіндісін 1,5 мл/кг көлемінде енгізген кезде анағұрлым айқын көрінетін реакция тіркелген жағдайда, сынақта пайдаланады.

Сыналатын үлгіні және *P* гистамин ерітіндісін енгізудің екі циклін орындалады. Әрбір цикл препараттың кейінгі екі инъекциясының килограмына 1,0 мл көлемінде *P* гистаминдер ерітіндісін енгізуді қамтиды және 1 мл/кг көлемінде *P* гистамин

ерітіндісін енгізумен аяқталады. Дәрілік заттың ерітіндісін жеке бапта көрсетілген көлем мен концентрацияда енгізеді. Сынақты кг дене салмағына / 1,5 мл Р гистамин ерітіндісін енгізумен аяқталады.

Егер 1,5 мл/кг дозада *Р гистамин ерітіндісін* енгізуге артериялық қысым реакциясы 1,0 мл/кг дозада гистаминге реакциядан аспаса, сынақ нәтижелері дұрыс емес деп танылады. Дәрілік зат, егер:

- оны енгізуге артериялық қысым реакциясының орташа мәні 1,0 мл/кг дозада гистамин р ерітіндісін енгізуге реакцияның орташа мәнінен асса;
- сыналатын үлгіні енгізу 1,5 мл/кг дозадағы *Р гистамин ерітіндісінің әсеріне қарағанда* анағұрлым күшті депрессорлық реакция берсе сынақтан өтпейді.

Жануарды:

- егер сыналатын *Р гистамин* (1,0 мл/кг) *ерітіндісінің* кез келген дозалары *Р гистамин* (1,5 мл/кг) *ерітіндісінің* соңғы дозасына қарағанда анағұрлым айқын депрессорлық реакцияны тудырса;

- егер сыналатын үлгіден кейін дозасы 1,5 мл/кг болатын *Р гистамин ерітіндісін* енгізгенде жауап 1,0 мл/кг дозадағы *Р гистамин ерітіндісінің* инъекциясына орташа жауаптан аз болса, одан әрі пайдалануға болмайды.

2-НҰСҚА

Салыстыру ерітінділері мен дәрілік заттарды дайындау үшін негізінен инъекцияға арналған 0,9% натрий хлоридінің ерітіндісі немесе инъекцияға арналған су қолданылады. *Салыстыру ерітінділерінің* концентрациясы гистамин негізге қайта есептегенде 0,5 мкг/мл (*1-ерітінді*) және 1,0 мкг/мл (*2-ерітінді*) құрауы тиіс.

Бүкіл сынақ бойы ерітінділер секундына 0,1 мл жылдамдықпен енгізіледі және енгізулер арасындағы аралық кемінде 5 минут болады.

Тәжірибенің басында жануардың гистаминге сезімталдығы тексеріледі. Ол үшін мысықтың дене салмағының 1 кг шаққанда 0,2 мл көлемінде *1-ерітінді* және *2-ерітінді* тамырға біртіндеп енгізіледі. *2-ерітіндіні* енгізу кезінде артериалды қан қысымының шамасы 20 мм сынап бағанасынан төмен болған жануарлар тәжірибеге алынбайды. Мысықтың артериалды қан қысымының гистаминге реакциясының тұрақтылығын растау үшін *1-ерітіндіні* екі рет енгізеді.

Бұдан әрі мысыққа жеке бапта көрсетілген көлем мен концентрацияда дәрілік заттың ерітіндісі бір рет енгізіледі.

Бір жануарға екі және одан да көп сыналатын үлгілерге талдау жүргізу кезінде дәрілік заттың әрбір инъекциясы алдында *1-ерітіндіні* енгізгенде артериалды қан қысымының төмендеу шамасын тексеру қажет. Сынақ басында оны енгізгенге дейін алынған артериалды қан қысымы шамасымен салыстырғанда *1-ерітіндіні* енгізгенде артериалды қан қысымы реакциясы айтарлықтай азайған жағдайда, жануардың *2-ерітіндінің* әсеріне сезімталдығын қайта тексеру қажет. Егер артериалды қан

қысымының төмендеуі кемінде 20 мм с.б. құраса, сынақты жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес жүргізуді жалғастырады.

Егер зерттеліп отырған тест-дозадағы дәрілік зат енгізілгеннен кейін 60 секунд ішінде артериялды қан қысымының төмендеуі *1-ерітіндіні* енгізген кезде болған реакциядан аспаса, дәрілік зат сынақтан өтті деп есептеледі.

201060006-2019

2.1.6.6. Стерилді емес дәрілік заттарға микробиологиялық сынақтар жүргізу: тіршілікке бейімді аэробты микроорганизмдердің жалпы саны

1. КІРІСПЕ

Дәрілік заттардың (ДЗ) микробиологиялық тазалығына сынақ төменде келтірілген әдістер мен қоректік орталардың көмегімен асептикалық жағдайларда жүргізіледі.

Төменде сипатталған сынақтар талдау үшін сыналатын үлгілерді іріктеуді, әртүрлі дәрілік нысандарды дайындау тәсілдерін, ДЗ микробқа қарсы әсерін анықтау әдістерін және тіршілікке бейімді микроорганизмдерді сандық анықтауды қамтиды.

Бактериялар үшін қоректік ортада себінділерді инкубациялау үшін стандартты температура ($32,5 \pm 2,5$) °С, зендер үшін ($22,5 \pm 2,5$) °С болып табылады.

2. МИКРООРГАНИЗМДЕРДІҢ ТЕСТ-ШТАМДАРЫМЕН ЖҰМЫС

Сынақтарды жүргізу үшін (ДЗ микробқа қарсы әсерін, қоректік орталардың сапасын анықтау, бөлінген микроорганизмдерді биохимиялық тестілеу үшін) ресми коллекцияларда депонирленген микроорганизмдердің тест-штамдарын (2.1.6.6.-1-кесте) пайдалану қажет, мысалы:

- Патогенді микроорганизмдердің мемлекеттік коллекциясы (ПММК), Ресей;
- Ресейлік патогенді саңырауқұлақтар коллекциясы (РПСК), Ресей;
- Бүкілресейлік микроорганизмдер коллекциясы РФА (БМК), Ресей;
- Америкалық типтік өсінділер коллекциясы (АТӨК), АҚШ;
- Типтік өсінділердің ұлттық коллекциясы (ТӨҰК), Ұлыбритания;
- Пастер институтының өсінділер коллекциясы (СІР), Франция;
- Гигиена және эпидемиология институтының өсінділер коллекциясы (ІНЕ), Чехия.

2.6.6.6.-1-кестеде келтірілген микроорганизмдердің тест-штамдарынан басқа морфологиялық, тинкториалдық және биохимиялық қасиеттері бойынша типтік басқа да өсінділерді пайдалануға болады.

Тест-микроорганизмдердің жиынтығын қажет болған жағдайда азайтуға немесе көбейтуге болады.

Тест-микроорганизмдер лиофилизацияланған түрде ампулаларда, жартылай сұйық агардағы пробиркаларда 2-ден 8 °С-қа дейінгі температурада сақталады.

Микроорганизмдердің өсінділері дискіде минус 20 °С жоғары емес температурада сақталады.

Бастапқы өсіндіден 5 пассаждан артық жасауға жол берілмейді.

2-1. МИКРООРГАНИЗМДЕРДІҢ ЛИОФИЛИЗАЦИЯЛАНҒАН ТЕСТ-ШТАМДАРЫН АКТИВАЦИЯЛАУ

Микроорганизмдердің лиофилизацияланған ампуладағы тест-штамдарын сәйкестік сертификаты (штамм паспорты) бар ресми коллекциялардан алады.

Ампулаларды өндірушінің нұсқаулығына сәйкес асептикалық жағдайда ашады.

Өсінділердің тіршілікке қабілеттілігін қалпына келтіру үшін осы штамм үшін оңтайлы температуралық жағдайда инкубациялау кезінде штамның биологиялық қасиеттеріне сәйкес келетін қоректік ортада кемінде 2 рет қайта себу қажет. Тест-штамның оқшауланған колонияларын алу үшін тиісті қатты қоректік ортаға қайта себу жүргізіледі.

Өсінділердің инкубациясы аяқталғаннан кейін өскен колониялардың морфологиясын зерттейді, Грам бойынша боялған жұғындыларды микроскопиялау жүргізіледі, пайдалануға рұқсат етілген тест жүйелерін қолдана отырып, биохимиялық қасиеттерін зерттейді. Микроорганизмнің тест-штаммы коллекцияның ұсынылған сертификаттарына сәйкес типтік морфологиялық, тинкториалдық, биохимиялық қасиеттерге ие болуы тиіс.

Тест-штамның қасиеттерін растағаннан кейін өсіндіні тиісті қоректік ортаға (бірінші пассажға) қайта себеді және стандартты жағдайларда инкубациялайды.

A. brasiliensis конидияларын алу үшін өсіндіні глюкозасы бар Сабуро агарында (немесе № 2 ортада) стандартты жағдайда 5 – 7 тәулік бойы өсіреді.

2.1.6.6.-1-кесте. — Сынақтарда пайдаланылатын микроорганизмдердің тест-штамдары

Микроорганизмнің аты	Штамның нөмірі
<i>Bacillus subtilis</i>	ГКПМ 010011, ATCC 6633, NCTC 10400, DSM 347, CIP 52.62, NCIMB 8054, NBRC 3134
<i>Bacillus cereus</i>	ГКПМ 010014, ATCC 10702, NCTC 8035, DSM 487
<i>Escherichia coli</i>	ГКПМ 240533, ATCC 25922, ATCC 8739, NCTC 12923, NCTC 12241, DSM 1103, NCIMB 8545, CIP 53.126, NBRC 3972
<i>Salmonella enterica</i> subsp. <i>Enterica</i> serovar <i>abony</i> (бұрынғы атауы <i>Salmonella abony</i>)	ГКПМ 100329, ATCC 14028, ИНЕ* 103/39, NCTC 6017, CIP 80.39, NBRC 100797
<i>Pseudomonas aeruginosa</i>	ГКПМ 190155, ATCC 9027, NCTC 12924, NCIMB 8626, CIP 82.118, NBRC 13275, ГИСК453
<i>Staphylococcus aureus</i>	ГКПМ 201108, ATCC 6538, CIP 4.83, NCTC 10788, NCIMB 9518, NBRC 13276, ATCC 6538 P (FDA 209-P)
	ГКПМ 202001, ATCC 14990, ГКПМ 202004, ATCC 12228

Staphylococcus epidermidis Candida albicans	ГКПМ 303903, ГКПМ 303901, РКПГУ401/NCTC 885-653, NCPF 3179, ATCC10231, IP 48.72, NBRC 1594
Aspergillus brasiliensis (бұрынғы атауы Aspergillus niger)	ВКМ F-1119, ATCC 9642, ATCC 16404, NCPF 2275, IP 1431.83, IMI 149007, NBRC 9455, РКПГУ106

2-2. ДИСКТЕ САҚТАЛҒАН МИКРООРГАНИЗМДЕРДІҢ ТЕСТ-ШТАМДАРЫН АКТИВАЦИЯЛАУ

Дискті осы микроорганизмнің қажеттіліктеріне сәйкес келетін сұйық қоректік ортаға орналастырады. Тиісті жағдайларда инкубациялау аяқталғаннан кейін лиофилизацияланған өсіндіні активациялау кезінде жасалған дәл сондай операциялар және дәл сол дәйектілікпен жасалады.

2-3. ТЕСТ-ШТАМДАРДЫ ТЕРЕҢ МҰЗДАТУДА САҚТАУ

Микроорганизмдердің тест-штамдарын терең мұздату жағдайында сақтау минус (70 ± 5) °С температурасында (криожүйе) жүзеге асырылады. Криожүйе өзіндік ерекшелігі бар крио сұйықтыққа батырылған, керамикалық моншақтары бар тығыз жабылған пробиркалар жиынтығынан және ұшықтары бар қорғасын криоблогынан тұрады. Тест-штамдармен жұмыс криожүйені өндірушінің ұсынымдарына толық сәйкестікте жүргізіледі.

3. МИКРОБҚА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТТІ АНЫҚТАУ

Микробиологиялық тазалыққа сынақ алдында алынған нәтижелердің бұрыс бағалануын болдырмау үшін дәрілік заттың микроорганизмдердің белгілі бір түрлеріне қатысты микробқа қарсы әрекетінің ықтимал көрінісін анықтау қажет.

Микробқа қарсы әрекетті анықтау әдісінің негізінде микроорганизмдердің тест-штамдарының сыналатын үлгімен және онсыз өсу қарқынын салыстыру жатыр.

3-1. ИНОКУЛЯТТЫ ДАЙЫНДАУ

Микробқа қарсы әрекетті анықтаудың таңдалған әдісіне байланысты инокулят төменде келтірілген әдістердің бірімен дайындалады:

соя-казеин сорпасында (№8 ортада) өсірілген бактериялардың 24 сағаттық сорпалық өсінділері және Сабуро (соя-казеин сорпасында немесе № 8 ортада) сұйық ортасында өсірілген 24 – 48 сағаттық *C.albicans* өсіндісі стерильді 0,9% натрий хлоридінің ерітіндісімен 1:1000 (*B. Cereus*, *C. albicans*) және 1:100000 (*E. coli*, *S. abony*, *P. aeruginosa*, *S. aureus*) қатынасында 10^4 КОЕ/мл концентрациясына дейін сұйылтылады.

шабылған соя-казеин агарында (№1 орта) өсірілген бактериялардың 24 сағаттық өсінділері және Сабуро шабылған агарында (№2 орта) өсірілген 24 – 48 сағаттық *C.albicans* өсіндісі стерильді 0,9% натрий хлоридінің ерітіндісімен жуылады, стандартталады және белгілі бір концентрациядағы суспензия алынғанға дейін бірқатар дәйекті сұйылтулар жасалады.

Дайындалған өсінділер 2 сағат ішінде немесе 2 – 8°C температурада сақталған жағдайда 24 сағат ішінде пайдаланылады.

B. subtilis спорасының жүзіндісі де әдіске қарай қажетті концентрацияға дейін сұйылтылады.

Сабуро шабылған агарынан (№2 орта) алынған *A. Brasiliensis* өсіндісін 0,05% полисорбат 80 ерітіндісі бар 0,9 % натрий хлоридінің ерітіндісімен жуады. Горьев камерасын немесе шыныаяқ агар әдісін қолдана отырып, 1 мл шайындыдағы конидиялардың санын анықтайды және қажетті концентрацияға дейін сұйылтады.

Микробтық жасушалардың белгілі бір санын қамтитын субстраттарды білдіретін, қолдануға дайын коммерциялық жүйелерді пайдалануға жол беріледі.

3-2. МИКРОБҚА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТТІ АНЫҚТАУ ҮШІН СЫНАЛАТЫН ҮЛГІНІ ДАЙЫНДАУ

Сыналатын үлгіге 1:10 қатынасындағы сұйылтуды алу үшін қолайлы сұйылтқышты қосады. Сұйылтқыш ретінде, әдетте, натрий хлориді мен пептон бар фосфатты буферлік ерітінді (рН 7,0), сұйықтықты бейтараптандыратын соя-козеин сорпасы немесе полисорбат 80 ерітіндісінің 5% аспайтын мөлшерін қамтитын буферлік ерітінді қолданылады. 1:10 қатынасындағы сұйылтудан дәйекті түрде 1:50, 1:100, 1:500, 1:1000 және т. б. қатынастардағы сұйылтулар дайындалады.

3-3. МИКРОБҚА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТТІ АНЫҚТАУ ӘДІСТЕРІ

ДЗ микробқа қарсы әрекетін анықтау төменде сипатталған әдістердің бірімен жасалады.

3-3-1. Микробиологиялық тазалықты сынау жағдайында микробқа қарсы әрекетті анықтау

Сыналатын үлгінің 1 мл мөлшеріндегі әрбір сұйылтуын диаметрі 90 мм болатын 6 Петри шыныаяғына енгізіледі, олардың екеуіне *B. cereus* сорпа өсіндісі жүзіндісінің 0,2 мл-нен (немесе *B. subtilis* спорасы), қалған екеуіне – *C. albicans* сорпа өсіндісі жұмысшы жүзіндісінің 0,2 мл-нен, соңғы екеуіне – *A. brasiliensis* конидиялар жүзіндісінің 0,2 мл қосылады. Бактериялары бар шыныаяқтарға – 10 – 15 мл балқытылған және (42,5 ± 2,5) °C дейін салқындатылған соя - казеин агары (№1 орта), саңырауқұлақ өсінділері бар шыныаяқтарға дәл сол мөлшерде Сабуро агары (№2 орта) құйылады.

Сыналатын үлгінің әрбір сұйылтуының 1,0 мл 10 мл сұйық ортасы – Моссель сорпасы және соя-козеин сорпасы (немесе соған ұқсас – № 3 орта және № 8 орта) бар пробиркаларға енгізіледі. Содан кейін сұйық қоректік ортада өсірілген тест-штамдардың, *E. Coli*, *S.abony*, *P. Aeruginosa*, *S. Aureus* (әр штамм бөлек) жүзінділері 1 мл-ден микроорганизмнің қажеттіліктеріне сәйкес келетін ортасы бар пробиркаға енгізіледі.

Бақылау шыныаяқтары мен пробиркаларға сыналатын үлгінің сұйылтуының орнына еріткіштің дәл сондай мөлшері енгізіледі.

Себінділер стандартты жағдайда бактериялар үшін 48 сағат және саңырауқұлақтар үшін 5 тәулік ішінде инкубацияланады.

3-3-3. Репликация әдісі

Репликация әдісін суда ерімейтін (суспензиялар, эмульсиялар және т.б.) немесе боялған дәрілік заттардың микробқа қарсы әрекетін анықтау үшін қолдану ұсынылады.

Стерильді Петри шыныаяғына сыналатын үлгінің әрбір сұйылтуының 1 мл-ден енгізеді. Бақылау шыныаяқтарына сұйылтулар алу үшін қолданылатын еріткіштің 1 мл-ден қосады. Петри шыныаяқтарына эксперимент кезінде де, бақылау кезінде де балқытылған және $(42,5 \pm 2,5)$ °С температураға дейін салқындатылған соя-казеин агарының (№1 орта) 10 – 15 мл-н, басқаларына – Сабуро агарының (№2 орта) дәл сондай мөлшерін қосады және мұқият араластырады. Агар ұйығаннан кейін шыныаяқтарды ортаның бетінен конденсатты жою үшін термостатта немесе ламинарлық шкафта құрғатады, содан кейін оған бактериологиялық ілмекпен, тамшуырмен немесе репликатормен сорпа өсіндісінен дайындалған түйіншектер түріндегі бактериялар мен саңырауқұлақтардың әрбір тест-штамының жұмысшы жүзіндісі салынады. Ортадағы себінділер қалыпты жағдайда бактериялар үшін 48 сағат және саңырауқұлақтар үшін 5 тәулік ішінде инкубацияланады.

3-3-3. Сандық әдіс

Жоғарыда сипатталғандай дайындалған сыналатын үлгіге, сондай-ақ бақылау ерітіндісіне (сұйылтуды алу үшін пайдаланылатын сұйытқышқа) түпкілікті ерітіндідегі жасушалардың концентрациясы 100 КОЕ-дан аспайтындай етіп микроорганизмнің әрбір тест-штамының жұмысшы жүзінділерін қосады. Инокуляттың көлемі үлгінің сұйылтуы көлемінің 1%-нан аспауға тиіс.

Аэробты микроорганизмдердің жалпы санын анықтау әдістерінің жарамдылығын бағалау үшін *S. aureus*, *P. aeruginosa*, *B. subtilis*, *C. albicans*, *A. brasiliensis*, ашытқы және зең саңырауқұлақтарының жалпы санын анықтау үшін – *C. albicans*, *A. brasiliensis* қолданады. Патогендік бактериялар мен саңырауқұлақтардың жекелеген түрлерін анықтау әдістерін бағалау үшін олардың мақсатына сәйкес келетін тест-штамдар қолданылады.

Петри стерильдік шыныаяқтарына сыналатын үлгінің немесе бақылау ерітіндісінің әрбір сынамасынан 1 мл-ден енгізіледі. Балқытылған және $(42,5 \pm 2,5)$ °С температурасына дейін салқындатылған соя-казеин агарының (№1 орта) 10 – 15 мл-н, басқаларына Сабуро агарының дәл сондай мөлшерін (№2 орта) қосады және мұқият араластырады.

Себінділер қалыпты жағдайда 5 тәуліктен аспай инкубацияланады, содан кейін сыналатын үлгі мен бақылау ерітіндісі үшін алынған сандық нәтижелер салыстырылады.

Микроорганизмдердің жекелеген түрлерін анықтау әдістемесін қолдануды бағалау кезінде сыналатын үлгі мен бақылау ерітіндісін пайдалана отырып, тиісті әдістемені қайта жаңғыртады.

3-4. МИКРОБҚА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУ

3-3-1 және 3-3-2 әдістерін пайдаланған кезде инкубациялау уақыты аяқталғаннан кейін себінділерді қарайды және бақылау шыныаяқтары мен пробиркаларда (сыналатын үлгісіз) және сыналатындарда (сыналатын үлгілердің әртүрлі сұйылтуларында) тест-микроорганизмдердің типтік өсуінің пайда болуын бақылайды. Нәтижелерді есепке алу қиын болған жағдайда (дәрілік заттың қоректік ортамен өзара әрекеттесуі нәтижесінде сұйық ортаның бұлдырлануы немесе түсінің өзгеруі) агарланған ортаға қайта егу жүргізіледі.

Қоректік ортада *E. coli*, *S. abony*, *P. aeruginosa*, *S. aureus* өсуі болған кезде сыналатын үлгінің микробқа қарсы әрекетінің жоқ екендігі туралы қорытынды жасалады.

Сыналатын шыныаяқтарда және пробиркаларда бақыланатындарға ұқсас тест-микроорганизмдердің өсуі болса – "+" белгісімен, өсу болмаса " -" белгісімен белгіленеді. Егер сыналатын үлгісі бар ортада шыныаяқтарда колониялар санының азаюы немесе тест-микроорганизмдер өсуінің жоқтығы байқалса, онда оның микробқа қарсы әрекеті бар екендігі туралы қорытынды шығарады. Микробқа қарсы әрекеті жоқ сыналатын үлгінің дәйекті сұйылтылғанының біріншісін тиісті қоректік ортаға егу үшін қолданады.

3-3-3 әдісімен алынған нәтижелерді есепке алған кезде сыналатын үлгі мен бақылау ерітіндісі бар шыныаяқтардағы колониялардың санын салыстырады. Орташа мәндердің айырмашылығы екі еседен артық болса, пайдаланылған сұйылтуда сыналатын үлгінің микробқа қарсы әрекетінің бар екендігі расталады.

Сыналатын үлгідегі микроорганизмдердің жекелеген түрлерін анықтау нәтижелері бақылау ерітіндісі үшін алынған нәтижелерге сәйкес келуі тиіс.

3-5. ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫҢ МИКРОБҚА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТІН ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ

ДЗ-ның микробқа қарсы әрекетін жою үшін мынадай әдістер ұсынылады:

- ұйғарынды шектегі микробтық ластану нормалары шегінде сұйытқыштың немесе қоректік ортаның үлкен көлемі есебінен сыналатын үлгінің сұйылтылуын ұлғайту (сұйытқыш ретінде стандартты фосфатты буферлік ерітіндінің орнына зертханада немесе өнеркәсіпте дайындалған бейтараптандырғыш сұйықтықты (9-т.) пайдаланады);

- үлгінің микробқа қарсы әрекетін бейтараптандыратын, бірақ ДЗ-ны контаминациялайтын микроорганизмдердің өсуін тежемейтін өзіндік ерекшелігі бар

инактиваторларды қолдану (мәселен, b-лактамазаны кейбір b-лактамды антибиотиктер үшін, ал пара-аминобензой қышқылын (ПАБК) – сульфаниламидті препараттар үшін қолдану);

- консерванттары бар үлгілер үшін өзіндік ерекшелігі жоқ инактиваторларды пайдалану. Валидация жүргізілгеннен кейін буферлік ерітіндіге және (немесе) қоректік ортаға полисорбат 80, соя немесе жұмыртқа лецитині және т. б. қосылуы мүмкін;

- суда немесе изопропилмиристанта (ИПМ) еритін үлгілер үшін кейіннен фильтрлерді жуа отырып, мембрандық фильтрлеу әдісі қолданылады.

3-5-1. Кейбір антибиотиктерді инактивациялау. Пенициллиндер мен цефалоспориндерді олардың дәрілік нысанына қарамастан инактивациялау үшін үлгіні еріту, суспензиялау немесе эмульгациялау үшін пайдаланылатын буферлік ерітіндіге, сондай-ақ оларды пайдалану алдында қоректік ортаға сапа бойынша нормативтік құжаттарда көрсетілген мөлшерде b-лактамазаның стерильді ерітіндісі асептикалық түрде енгізіледі.

3-5-2. Сульфаниламидті препараттарды инактивациялау. Сульфаниламидті препараттарды олардың дәрілік нысанына қарамастан инактивациялау үшін үлгіні еріту, суспензиялау немесе эмульгациялау үшін пайдаланылатын буферлік ерітіндіге, сондай-ақ қоректік ортаға, егер қажет болса, микробқа қарсы әрекетті сұйылту жолымен жою мүмкін болмаған жағдайда, стерильдеуге дейін 0,05 г/л орта есебінен ПАБК енгізіледі.

3-5-3. ДЗ құрамына кіретін консерванттарды инактивациялау. Бірқатар дәрілік препараттардың құрамына кіретін консерванттарды инактивациялау үшін сыналатын үлгі эмульгацияланатын буферлік ерітіндіге, сондай-ақ қоректік ортаға стерильдеуге дейін мынадай өзіндік ерекшелігі жоқ инактиваторлар: ортаның көлеміне қарай 3% полисорбат 80 немесе 0,3% лецитин (жұмыртқа немесе соя) енгізіледі. Егер препаратта химиялық құрылымы әртүрлі 2-ден көп консервант болса, ортаға бір мезгілде 3% полисорбат 80, 0,3% лецитин, 0,1% L-гистидин және 0,5% натрий күкірт қышқылы енгізіледі. Дәрілік заттардың микробқа қарсы әрекетінің инактиваторлары 2.1.6.6.-2-кестеде көрсетілген.

2.1.6.6.-2-кесте. – Дәрілік заттардың микробқа қарсы әрекетінің инактиваторы

Химиялық қосылыстар	Инактивациялайтын заттар немесе әдіс
Глутарлық альдегид, құрамында сынап бар қосылыстар	натрий гидросульфиті (натрий бисульфиті)
Фенолдар, спирттар, альдегидтер, сорбаттар	сұйылту
Альдегидтер	глицин
Төрттік аммоний қосылыстары (ТАҚ), бисбигуанидтер, пара-гидроксibenзоаттар (парабендер)	лецитин
ТАҚ, құрамында йод бар қосылыстар, парабендер	полисорбат, полисорбат 80
құрамында сынап бар қосылыстар	тиогликолят

құрамында сынап бар қосылыстар, галогендер, альдегидтер	тиосульфат
Этилендиаминтетраацетат тұздары (ЭДТА)	Mg(II) немесе Ca (II) иондары

Егер ДЗ сапасын талдау кезінде мембраналық филтрлеу әдісін қолдану мүмкін болмаса, ал микроорганизмнің нақты тест-штамына қатысты микробқа қарсы әрекетті жоюдың жоғарыда аталған барлық әдістері тиімсіз болса, сынақтың бұл түрі үлгіні барынша ұйғарынды шекте сұйылту арқылы жүргізіледі.

4. ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫҢ ҮЛГІЛЕРІН ІРІКТЕУ

Сынақ жүргізу үшін ДЗ зерттелетін әрбір сериясынан түрлі орамалардың жеткілікті санынан (кемінде 3 – 10) препараттың санатына сәйкес сыналатын үлгілердің қажетті саны іріктеледі.

Сұйық немесе қатты заттар негізіндегі аэрозольдер үшін 10 контейнер, трансдермальды пластырьлер үшін – 10 пластырь іріктеледі.

Кейбір жағдайларда (препараттың жоғары құны және/немесе серияның аз көлемі кезінде) сыналатын үлгі жекелеген жағдайларда 2 – 3 г (мл) дейін азайтылуы мүмкін. Сынақ әдісін көрсете отырып, сыналатын үлгінің санын азайту белгіленген тәртіппен сапа жөніндегі нормативтік құжатта негізделуге және бекітілуге тиіс.

4-1. ҚАТТЫ ДӘРІЛІК НЫСАНДАР

- 10,0 г сыналатын үлгі – 1 г препаратта аэробты микроорганизмдердің жалпы санын, ашытқы және зең саңырауқұлақтарының жалпы санын анықтау үшін, 1 г препаратта *P. aeruginosa*, *S. Aureus* және *E. coli*, *Candida albicans* жоқ екеніне сынақ жүргізу үшін;

- 25,0 г немесе 10,0 г сыналатын үлгі – *Salmonella* тектес бактериялардың жоқ екеніне сынақ жүргізу үшін;

- 10,0 г сыналатын үлгі – өтке төзімді энтеробактериялардың санын анықтау үшін.

4-1-1. Таблеткалар, драже, гранулалар, ұнтақтар және т. б.

Сыналатын үлгінің 10,0 г ұсақталады (қажет болған жағдайда) және 90 мл буферлік ерітіндіге ауыстырылады. Бұдан әрі микроорганизмдерді сандық және сапалық анықтау жүргізіледі.

4-1-2. Капсулалар

10,0 г сыналатын үлгіні полисорбат 80 (қажет болған жағдайда) 5% аспайтын мөлшері қамтылған және 40 °С-дан аспайтын температураға дейін қыздырылған 90 мл буферлік ерітіндіге ауыстырады. Капсулаларды буферлік ерітіндіде суспензиялағаннан кейін микроорганизмдерді сандық және сапалық анықтау жүргізіледі.

4-2. ЖҰМСАҚ ДӘРІЛІК НЫСАНДАР

- 10,0 г сыналатын үлгі – 1 г препаратта аэробты микроорганизмдердің жалпы санын, ашытқы және зең саңырауқұлақтарының жалпы санын анықтау үшін, 1 г препаратта *P. Aeruginosa*, *S. aureus*, *E. Coli*, 1 г препаратта *Candida albicans* жоқ екендігіне тест жүргізу үшін;

- 10,0 г сыналатын үлгі – 1 г препаратта өтке төзімді энтеробактерияларды сандық анықтау немесе оның жоқ екендігіне тест жүргізу үшін.

4-2-1. Сумен оңай араластырылатын жақпамайлар, линименттер, кремдер, суппозиторийлер. 10,0 г сыналатын үлгіні 90 мл буферлік ерітіндісі бар стерильді колбаға орналастырады. Қажет болған кезде диаметрі 5 – 6 мм стерильді шыны моншақтар мен ББЗ, мәселен 1 г/л полисорбат 80 қосылады. Қоспаны 40 °С-дан аспайтын температураға дейін су моншасында қыздырады және микроорганизмдерді сандық және сапалық анықтау үшін қолданылатын гомогенді эмульсия алынғанға дейін қатты шайқайды.

4-2-2. Сумен қиын араластырылатын жақпамайлар, линименттер, кремдер, суппозиторийлер. 10,0 г сыналатын үлгіні стерильді ББЗ-ның, мысалы полисорбат 80 қажетті ең аз мөлшерімен араластырады. Қоспаны 40 °С-дан аспайтын температураға дейін (ерекше жағдайларда 45 °С температураға дейін) су моншасында немесе термостатта қыздырады және абайлап араластырады. Тиісті температураға дейін алдын ала қыздырылған шыны моншақтары бар стерильді фосфатты буферлік ерітіндіні стерильді ББЗ мен стерильді фосфатты буферлік ерітіндінің жалпы көлемі (моншақтарды есепке алмағанда) 90 мл болатындай мөлшерде қосады. Қоспаны гомогенді эмульсия алу үшін абайлап араластырады, оны микроорганизмдерді сандық және сапалық анықтау үшін қолданады. Асептика ережелері мен термостаттау режимдерін сақтай отырып, басқа техникалық құралдарды, гомогенизация әдістерін қолдануға болады.

4-3. СҰЙЫҚ ДӘРІЛІК НЫСАНДАР

- 10,0 мл сыналатын үлгіні 1 мл препаратта микроорганизмдердің жалпы санын, ашытқы және зең саңырауқұлақтарының жалпы санын анықтау үшін, 1 мл препаратта *E. coli*, *P. Aeruginosa*, *S. Aureus*, *Candida albicans* жоқ екендігіне тест жүргізу үшін;

- 25,0 мл немесе 10,0 мл сыналатын үлгі – *Salmonella* тектес бактериялардың жоқ екендігіне сынақ жүргізу үшін;

- 10,0 мл сыналатын үлгі – 1 мл препаратта өтке төзімді энтеробактерияларды сандық анықтау немесе олардың жоқ екендігіне тест жүргізу үшін зерттейді.

4-3-1. Ерітінділер, суспензиялар, сироптар, микстуралар. 10,0 мл сыналатын үлгіні 90 мл буферлік ерітіндіге ауыстырады, араластырады және микроорганизмдерді сандық және сапалық анықтауды жүргізеді.

4-3-2. Майлардағы, эмульсиялардағы ерітінділер. 10,0 мл сыналатын үлгіні 5%-дан аспайтын мөлшерде полисорбат 80 бар 90 мл буферлік ерітінді және шыны моншақтар қамтылған стерильді колбаға салады. Қоспаны 40 °С-дан аспайтын температураға дейін

су моншасында қыздырады және гомогенді эмульсия алынғанға дейін қатты шайқайды, оны микроорганизмдерді сандық және сапалық анықтау үшін қолданады.

4-4. АЭРОЗОЛЬДЕР

4-4-1. Спирттер мен қатты заттарға негізделген аэрозольдер. 3,0 г сыналатын үлгіні (пропеллент буланғаннан кейін) 30 мл буферлік ерітіндіге ауыстырады, араластырады және микроорганизмдерді сандық және сапалық анықтауды жүргізеді. Респираторлық түрде қолданылатын сыналатын үлгінің кемінде 1,0 г өтке төзімді энтеробактериялардың жоқ екендігіне сынақ жүргізу үшін пайдаланылады.

4-4-2. Майлар негізіндегі аэрозольдер. 3,0 г сыналатын үлгіні (пропеллент буланғаннан кейін) 5% аспайтын мөлшерде полисорбат 80 бар 30 мл буферлік ерітінді және стерильді шыны моншақтар қамтылған стерильді ыдысқа ауыстырады. Қоспаны 40 °С-дан аспайтын температураға дейін су моншасында қыздырады және гомогенді эмульсия алынғанға дейін қатты шайқайды, оны микроорганизмдерді сандық және сапалық анықтау үшін қолданады.

Респираторлық түрде қолданылатын сыналатын үлгінің кемінде 1,0 г өтке төзімді энтеробактериялардың жоқ екендігіне сынақ жүргізу үшін пайдаланылады.

4-5. ТРАНСДЕРМАЛЬДЫҚ ПЛАСТЫРЬЛАР

Трансдермальдық пластырьлерді іріктеу кезінде 10 бірліктен тұратын сыналатын үлгі қолданылады. 10 пластырьдің әрқайсысынан стерильді құралдар қолданыла отырып, қорғаныс пленкасы алынады. Қажет болған жағдайда стерильді қайшымен пластырьлер анағұрлым ұсақ фрагменттерге кесіледі, олар 500 мл стерильді буферлік ерітіндіден және шыны моншақтардан (шартты сұйылту 1:50) тұратын сыйымдылығы 1000 мл колбаға ауыстырылады. Колбаны 40 °С-дан аспайтын температураға дейін су моншасында қыздырады, 30 минут бойы қатты шайқайды.

Микроорганизмдерді мембраналық фильтрлеу әдісімен сандық анықтау және *P. Aeruginosa* және *S. Aureus* жоқ екендігіне сынау үшін алынған шайындының 50 мл-ден (немесе бір пластырьге сәйкес келетін басқа көлемде) пайдаланылады.

Егер пластырьдің микробқа қарсы әрекеті бар екендігі белгілі болса, сұйытқышқа қолайлы инактиваторды (полисорбат 80 және/немесе лецитин) қосады.

Егер трансдермальді пластырьлерден алынған шайындыларды мембраналық фильтрлеу әдісімен анықтау үшін пайдалану мүмкін болмаса, 1:50 қатынасындағы сұйылтуды қолдана отырып, қоректік ортаға тікелей егу әдісін қолданады.

5. АЭРОБТЫ МИКРООРГАНИЗМДЕРДІ САНДЫҚ АНЫҚТАУ ӘДІСТЕРІ

ДЗ табиғатына және оның физикалық-химиялық қасиеттеріне байланысты шыныаяқ агар әдісі (тереңдік, қосқабатты, беттік, терең модификацияланған) нұсқаларының біреуін, мембраналық фильтрлеу әдісін немесе анағұрлым ықтимал сандардың пробиркалық әдісін қолданады.

5-1. ШЫНЫАЯҚ АГАР ӘДІСТЕРІ

Микроорганизмдерді өсіру үшін агаризацияланған қоректік орталар қолданылады: бактерияларды өсіру үшін – соя-казеин агары немесе микробтық ластануды бақылау үшін № 1 құрғақ орта, ашытқы мен зең саңырауқұлақтарын өсіру үшін – глюкозасы бар Сабуро агары немесе микробтық ластануды бақылау үшін № 2 құрғақ орта қолданылады.

Сыналатын үлгіні әрбір сұйылту үшін белгілі бір ортасы бар кемінде 2 Петри шыныаяғы қолданылады.

5-1-1. Тереңдік әдісі. Диаметрі 90 мм стерильді Петри шыныаяғына талдау үшін дайындалған сыналатын үлгінің 1 мл сұйылтуы енгізіледі. Балқытылған және $(42,5 \pm 2,5)$ °С температураға дейін салқындатылған 15 – 20 мл стерильді агаризацияланған қоректік ортаны қосады және айналмалы қозғалыспен тез араластырады. Петри шыныаяқтарының диаметрі үлкен болса, орта мөлшерін тиісінше 20 – 25 мл-ге дейін ұлғайтады. Агар ұйығаннан кейін шыныаяқтар аударылып, себінділер инкубацияланады.

5-1-2. Қосқабатты әдіс. Балқытылған агаризацияланған стерильді қоректік ортаны диаметрі 90 мм стерильді Петри шыныаяғына 15 – 20 мл мөлшерінде енгізеді және ұйығанға дейін қалдырады. Петри шыныаяғының диаметрі үлкен болса, орта мөлшерін тиісінше ұлғайтады. Шыныаяқтағы агардың бетін кептіреді.

Балқытылған және $(42,5 \pm 2,5)$ °С температураға дейін салқындатылған 4 мл тиісінше қоректік ортасы бар пробиркаға талдау үшін дайындалған сыналатын үлгінің 1 мл сұйылтуын енгізеді, пробирканың ішіндегіні тез араластырады. Содан кейін пробирканың ішіндегіні Петри шыныаяғындағы ұйыған және кептірілген агардың бетіне құяды, ортаның жоғарғы қабатын айналмалы қозғалыспен біркелкі тегістейді. Беті қатқаннан кейін шыныаяқты аударады және инкубациялау үшін термостатқа орналастырады.

5-1-3. Беттік әдіс. Балқытылған және $(42,5 \pm 2,5)$ °С температураға дейін салқындатылған стерильді қоректік орталарды диаметрі 90 мм стерильді Петри шыныаяғының әрқайсысына 15 – 20 мл мөлшерінде енгізеді және ұйығанға дейін қалдырады. Петри шыныаяқтарының диаметрі үлкен болса, орта мөлшерін тиісінше ұлғайтады. Шыныаяқтардағы агардың бетін термостатта немесе ламинарлы шкафта кептіреді.

Талдауға дайындалған сыналатын үлгінің сұйылтуын стерильді тамшуырманмен 0,1 мл мөлшерінде агарға жағады және қалақшамен ортаның бетіне біркелкі тегістейді.

Шыныаяқтарды аударады және инкубациялау үшін термостатқа орналастырады.

5-1-4. Терең модификацияланған әдіс. Талдау үшін 1,0 мл мөлшерінде дайындалған сыналатын үлгінің сұйылтуын диаметрі 90 мм стерильді Петри шыныаяғына енгізеді. Балқытылған және $(42,5 \pm 2,5)$ °С температурасына дейін салқындатылған қоректік ортанының 7 – 10 мл-н қосады және айналмалы қозғалыспен тез араластырады. Агар ұйығаннан кейін шыныаяқтар аударылады және инкубацияланады.

5-1-5. Шыныаяқ агар әдістерімен алынған нәтижелерді есепке алу және интерпретациялау. Нәтижені 5 тәуліктен кейін тіркейді.

Дұрыс нәтиже алу үшін бактериялар колонияларының саны – 250-ден, ал саңырауқұлақтар колонияларының саны 50-ден аспайтын шыныаяқтар іріктеледі. Егер кейінгі 2 сұйылтудың нәтижелерін есепке алған кезде шыныаяқтардағы колониялардың саны жоғарыда көрсетілген шектерде болса, аз сұйылтудың нәтижелері есепке алынады .

Егер шыныаяқтарда орташа есеппен 250-ден астам бактериялар колониясы немесе 50-ден астам саңырауқұлақтар колониясы өссе, онда егу үшін қолайлы мән таңдалып, сыналатын үлгіні одан әрі дәйекті түрде сұйылту жүргізіледі.

Егер соя-казеин агарында (№1 орта) саңырауқұлақтардың колониялары қосымша табылса, онда оларды бактериялардың санымен қосады және ДЗ-ның әр санаты үшін белгіленген аэробты микроорганизмдердің жалпы санын анықтайды.

Егер Сабуро ортасында (№2 орта) бактериялардың колониялары қосымша табылса, онда оларды саңырауқұлақтардың санымен қосады және ДЗ-ның әр санаты үшін белгіленген ашытқы мен зең саңырауқұлақтардың жалпы санын анықтайды.

Егер қоректік ортада микроорганизмдердің өсуі болмаса, нәтижелер сынақ хаттамасында мынадай түрде белгіленеді: сыналатын үлгіні 1:10 қатынасындағы сұйылтуда еккен кезде – "1 г (немесе 1 мл) дәрілік затта 10-нан аз микроорганизм (немесе саңырауқұлақтар) қамтылған"; сыналатын үлгіні 1: 100 қатынасындағы сұйылтуда еккен кезде – "1 г (немесе 1 мл) дәрілік затта 100-ден аз микроорганизмдер (немесе саңырауқұлақтар) қамтылған" және т. б.

Микроорганизмдердің 1 г немесе 1 мл мөлшері (N) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$N = \frac{\sum c}{v \cdot n} \cdot d$$

мұнда:

c – барлық Петри шыныаяқтарындағы колониялар саны;

n – Петри шыныаяқтарының саны;

d – сыналатын үлгіні сұйылту коэффициенті;

v – шыныаяққа (мл) егілген үлгінің көлемі.

Мысалы. 10^{-2} сұйылтудан алынған сыналатын үлгінің 1,0 мл егілген кезде 2 шыныаяқта 168 және 215 колония өсті:

$$N = \frac{168 + 215}{2} \cdot 1 \cdot 10^2 = 191,50 \cdot 10^2 = 1,9 \cdot 10^4.$$

Алынған нәтижені 2 мәнді цифрға дейін дөңгелектейді – 19000 және $1,9 \cdot 10^4$ колония құрайтын бірлік (КҚБ) ретінде жазады.

Шыныаяқ агар әдісінің нұсқаларын (тереңдік, қосқабатты және терең модификацияланған) микробтық ластану деңгейіне қарамастан әртүрлі дәрілік нысандарды сынау кезінде қолдануға болады. Беттік агар әдісін микробтық контаминация деңгейі жоғары ДЗ-ны сынау кезінде қолданған жөн. Колониялары араласып өсуге бейім бактериялар мен саңырауқұлақтарды сандық анықтау нәтижелерін алу мерзімдерін қысқарту үшін егудің модификацияланған агар әдісі қолданылады.

5-2. МЕМБРАНАЛЫҚ ФИЛЬТРЛЕУ ӘДІСІ

Мембраналық фильтрлеу әдісі микробқа қарсы әрекеті бар немесе ондай әрекеті жоқ ДЗ-ның микроорганизмдерін сандық және сапалық анықтау үшін, атап айтқанда ДЗ-ның ерітінділері мен суда еритіндері үшін, сондай-ақ изопропилмиристанта (ИПМ) еритін құрамында май бар препараттар үшін қолданылады.

5-2-1. Сынақ жүргізу шарттары. Мембраналық фильтрлеуге арналған қондырғыда фильтрі оңай алынатын, кейіннен оны қоректік ортаға ауыстыру жеңіл болатын конструкция болуы тиіс. Пораларының диаметрі 0,45 мкм-ден аспайтын, микроорганизмдерді тиімді ұстауға қабілетті мембраналық фильтрлер пайдаланылады, оны валидациялау арқылы растау қажет. Мембрананың материалын зерттелетін препараттың компоненттері оның жұмысының тиімділігіне әсер етпейтіндей етіп таңдау керек. Целлюлоза нитратынан жасалған фильтрлер – су, май және сұйылтылған спирт ерітінділері үшін (30%-дан кем), целлюлоза ацетатынан жасалған фильтрлер спирт ерітінділері (30%-дан астам), қышқылдар, сілтілер үшін пайдаланылады. Мембраналық фильтрлеуді вакуум көмегімен асептикалық жағдайларда жүргізеді.

5-2-2. Сынақты орындау. Сыналатын үлгіні, әдетте, 1:10 қатынасында буферлік ерітіндіде ерітеді. Фильтрлеу қондырғысының шұңқырына фильтрді жұмсарту үшін алдымен жуу сұйықтығын (шамамен 5 мл) енгізеді. Сыналатын үлгінің 1 г сәйкес келетін препарат ерітіндісінің мөлшерін қосады және дереу фильтрлейді. Сыналатын үлгінің микробқа қарсы әрекеті болған жағдайда мембрананы жуу үшін 0,9% натрий хлориді ерітіндісін немесе төменде сипатталған сұйықтықты пайдаланады (№ 1, № 2, № 3), ол үшін фильтр арқылы 100 мл-ден қолайлы стерильді жуу сұйықтығының кемінде 3 порциясы өткізіледі. Қажет болған жағдайда жуу сұйықтығына беттік белсенді заттар (мысалы, полисорбат 80) немесе микробқа қарсы әрекетті инактиваторлар қосылуы мүмкін. 1 мембрана арқылы 500 мл аспайтын жуу сұйықтығын өткізуге болады.

Мембраналарды жуу үшін әдісті валидациялау шартымен кемінде 3 порция жуу сұйықтығын пайдалануға жол беріледі.

Микробқа қарсы әрекеті бар фильтрленетін сыналатын үлгінің мембраналары толық жуылғанын-жуылмағанын анықтау үшін ерітіндіні фильтрлегеннен кейін жуу сұйықтығының соңғы порциясына жүргізілетін сынақ типіне сәйкес микроорганизмдердің тест-штамдары жүзіндісінің 1 мл-н (әрқайсысы үшін жеке-жеке) енгізеді. Тест-штамм жүзіндісінің енгізілетін жасушалар концентрациясы 1 мл-де 100 КОЕ аспауы тиіс.

Фильтрдегі тест-штамдардың өсуі микробқа қарсы әрекеттің жоқ екендігін растайды. Егер микробқа қарсы әрекет сақталса, өзіндік ерекшелігі бар немесе өзіндік ерекшелігі жоқ инактиваторларды қолданады немесе жуу сұйықтығының көлемін ұлғайтады.

Трансдермальді пластырьлерден алынған шайындыны әрбір мембрана арқылы 50 мл-ден (1 пластырьға сәйкес келеді) мембраналық фильтрлер арқылы өткізеді.

Фильтрлеу процесі аяқталғаннан кейін мембраналарды сұйық Петри шыныаяқтарына құйылған тиісті қоректік орталарға немесе қоректік орталары бар флакондарға ауыстырылады. Фильтрлері бар шыныаяқтар төңкеріледі. Шыныаяқтар мен флакондардағы себінділерді стандартты жағдайда инкубациялайды.

5-2-3. Нәтижелерді есепке алу және интерпретациялау. Себінділерді алдын ала байқауды 24 – 72 сағаттан кейін жүргізеді және түпкілікті нәтиже 5 – 7 тәуліктен кейін тіркеледі.

Фильтрлердегі бактериялар колонияларының саны 100-ден, ал саңырауқұлақтардың саны 50-ден аспайтын шыныаяқтарды іріктейді және 1,0 г (1,0 мл) сыналатын үлгіге немесе 1 пластырьге шаққандағы микроорганизмдердің санын есептейді. Егер фильтрде микроорганизмдердің саны көп болса, онда сыналатын үлгіні дәйекті сұйылту жүргізіледі және қолайлысы таңдалады.

Сұйық қоректік орталардағы нәтижелерді есепке алу 2.1.6.6 ЖФБ сәйкес жүргізіледі

5-2-4. Фильтрлерді жуу сұйықтықтары. Фильтрлерді жуу үшін микроорганизмдердің өсуін баспайтын кез-келген стерильді сұйықтықты қолдануға болады:

- рН ($7,0 \pm 0,2$) 0,9% натрий хлоридінің ерітіндісін (стерилизациядан кейін);
- № 1 сұйықтық: 1 г ферментті пептонды 1000 мл тазартылған суда ерітеді, ағарту үшін фильтрлейді немесе центрифугалайды, түтік ыдыстарға құяды және стерильдейді; стерильдеуден кейінгі рН ($7,0 \pm 0,2$);
- № 2 сұйықтық: 1 мл полисорбат 80-ді 1000 мл № 1 сұйықтыққа қосады, флакондарға құяды және стерильдейді. Стерилизациядан кейінгі рН шамасы ($6,9 \pm 0,2$). № 2 сұйықтық, егер препараттың құрамында май болса, қолданылады;
- № 3 сұйықтық: 5 г ет пептонын, 3 г ет экстрактын және 10 г полисорбат 80-ді 1000 мл тазартылған суда ерітеді. Флакондарға құяды және стерильдейді; стерильдеуден кейінгі рН ($6,9 \pm 0,2$).

5-3. ЕҢ ЫҚТИМАЛ САНДАР ӘДІСІ (ЕЫС)

ЕЫС әдісі микробтық контаминация деңгейі төмен ДЗ сынау кезінде, сондай-ақ басқа әдістерді қолдануға болмайтын жағдайларда қолданылады. ЕЫС әдісі шыныаяқ агар әдісімен немесе мембраналық фильтрлеу әдісімен салыстырғанда сезімталдығы төмен және дәл келеді, оны бактериялардың жалпы санын анықтау үшін ғана қолданады, өйткені саңырауқұлақтардың жалпы санын, әсіресе зең саңырауқұлақтарының жалпы санын анықтау кезінде алынған нәтижелер дұрыс емес деп есептеледі.

5-3-1. Сынақты орындау. Сыналатын үлгі тиісті еріткішті қолдана отырып, 1:10, 1:100, 1:1000 қатынастарындағы сұйылтуларда ерітінді, суспензия немесе эмульсия түрінде дайындалады. Сұйық қоректік ортаны әрқайсысы 9 мл-ден болатын 12 стерильді пробиркаға құяды. Пробиркаларды штативке әр қатарда 3 пробиркадан 4 қатарға қояды.

Пробиркалардың бірінші қатарына 1:10 қатынасындағы сұйылтуында 1 мл-ден, екінші қатарына – 1:100 қатынасындағы сұйылтуында 1 мл-ден, үшінші қатарына 1:1000 қатынасындағы сұйылтуында 1 мл-ден сыналатын үлгі құйылады. Төртінші қатардағы пробиркаларға үлгіні еріту, суспензиялау немесе эмульсиялау үшін қолданылатын 1 мл сұйытқыш құйылады. Себінділерді стандартты жағдайда 3 тәуліктен аспайтын мерзімде инкубациялайды.

5-3-2. Нәтижелерді есепке алу және интерпретациялау. Микроорганизмдердің өсуі визуалды байқалатын бірінші, екінші және үшінші қатарлардағы пробиркалардың саны белгіленеді. Төртінші қатардағы пробиркалардағы орта (сұйытқышты бақылау) стерильді болып қалуы тиіс. Алынған үш таңбалы сан 1,0 г немесе 1,0 мл сыналатын үлгідегі тіршілікке қабілетті микроорганизмдердің ең ықтимал санына сәйкес келеді (2.1.6.6.-3- кесте).

Мысал. Бірінші қатарда микроорганизмдердің өсуі 3 пробиркада, екінші қатарда – 2 пробиркада, үшінші қатарда – 1 пробиркада байқалады. Алынған "321" саны 5-кесте бойынша "150" санына сәйкес келеді.

Демек, 1 г немесе 1 мл сыналатын үлгіде бактериялардың ең ықтимал саны — 150. Егер нәтижелерді есепке алуды сыналатын үлгінің табиғатына (ортаның бұлдырлануы, түсінің өзгеруі және т.б.) байланысты дәл анықтау мүмкін болмаса, микроорганизмдердің өсуіне көз жеткізу үшін тиісті сұйық немесе агаризацияланған ортаға қайта егу жүргізіледі.

5-4. СЫНАҚТЫ ҚАЙТАЛАУ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРДІ БАҒАЛАУ

Қажет болған жағдайда нәтижелері сапа жөніндегі нормативтік құжаттың талаптарына сәйкес келмейтін сынақ бөлімін қайта қайталайды. Талдау препараттың сыналатын үлгілерінің екі еселенген мөлшерінде жүргізіледі.

Дәрілік препараттар үшін (ДӨП қоспағанда) микробтық ластанудың рұқсат етілген нормалары мына түрде интерпретацияланады:

- егер 1 г немесе 1 мл микроорганизмдердің саны 10 КОЕ-ден аспаса – ең көп дегенде 20 КОЕ/г немесе мл рұқсат етіледі;

- егер 1 г немесе 1 мл микроорганизмдердің саны 10^2 КОЕ-ден аспаса – ең көп дегенде 200 КОЕ/г немесе мл рұқсат етіледі;

- егер 1 г немесе 1 мл микроорганизмдердің саны 10^3 КОЕ-ден аспаса, ең көп дегенде 2000 КОЕ және т. б. рұқсат етіледі.

2.1.6.6.-3-кесте. Микроорганизмдердің ең ықтимал саны

Өсу байқалатын әр қатардағы пробиркалар саны

Пробиркадағы препараттың саны, г (мл)			1 г (мл) препараттағы микроорганизмдердің ЕЫС
0,1	0,01	0,001	
0	0	0	3-тен аз
0	0	1	3
0	1	0	3
0	1	1	6,1
0	2	0	6,2
0	3	0	9,4
1	0	0	3,6
1	0	1	7,2
1	0	2	11
1	1	0	7,4
1	1	1	11
1	2	0	11
1	2	1	15
1	3	0	16
2	0	0	9,2
2	0	1	14
2	0	2	20
2	1	0	15
2	1	1	20
2	1	2	27
2	2	0	21
2	2	1	28
2	2	2	35
2	3	0	29
2	3	1	36
3	0	0	23
3	0	1	38
3	0	2	64

3	1	0	43
3	1	1	75
3	1	2	120
3	1	3	160
3	2	0	93
3	2	1	150
3	2	2	210
3	2	3	290
3	3	0	240
3	3	1	460
3	3	2	1100
3	3	3	1100 көп

6. ҚОРЕКТІК ОРТАЛАРДЫҢ ӨСУ ҚАСИЕТТЕРІ МЕН СТЕРИЛЬДІГІН ТЕКСЕРУ.

Коммерциялық ортаның (күрғақ және пайдалануға дайын) әрбір сериясы үшін, сондай-ақ зертханада дайындалған ортаның әрбір партиясы үшін микроорганизмдердің және аттестатталған қоректік орталардың көмегімен өсу қасиеттерін анықтау жүргізіледі. Аттестатталғандар ретінде өндірушінің сертификаты бар, пайдалануға дайын орталарды, сондай-ақ зертханада бұрын аттестатталған жоғары сападағы орталар пайдаланылады.

Қоректік ортаның өсу қасиеттері дегеніміз – қоректік ортаның микроорганизмдердің тиісті тест-штамдарының тиімді және типтік өсуін қамтамасыз ету қабілеті.

6-1. МИКРООРГАНИЗМДЕРДІҢ ТЕСТ-ШТАМДАРЫ

2.1.6.6.-4-кестеде қоректік орталардың өсу қасиеттерін анықтауға арналған тест-микроорганизмдер мен инкубациялау шарттары көрсетілген.

6-1-1. Тест-микроорганизмдердің жұмысшы жүзіндісін дайындау. Бактериялар мен *C. albicans* саңырауқұлақтарының өсінділері шабылған агардың бетінен 0,9% натрий хлоридінің стерильді ерітіндісімен шаяды. Лайлылықтың стандартты үлгісі бойынша 10 МЕ сәйкес келетін әрбір тест-штамның стандартты жүзінділері дайындалады. *B. subtilis*, *B. cereus* және *C. albicans* өсінділері үшін концентрациясы – 10^7 КОЕ/мл, *E. coli*, *S. abony*, *P. aeruginosa*, *S. aureus* үшін 10^9 КОЕ/мл құрайды. Бұдан кейінгі он еселенген сұйылтулар әдісімен стандартталған жүзінділерді стерильді 0,9% натрий хлориді ерітіндісімен 10^3 КОЕ/мл концентрациясына дейін жеткізеді. Бактериялардың және *C. albicans* жұмысшы жүзінділерінің нақты концентрациясын анықтау үшін өсінділерді тиісті түрде аттестатталған агаризацияланған ортасы бар Петри шыныаяғына концентрациясы 10^3 КОЕ/мл болатын 0,1 мл-ден беттік әдіспен егеді.

A. brasiliensis конидияларын глюкозасы бар Сабуро агарынан шайып әкету үшін полисорбат 80-нің 0,05% қамтитын стерильді 0,9% натрий хлориді ерітіндісі

пайдаланылады. 1 мл жүзіндідегі конидиялардың санын Горяев камерасының көмегімен немесе аттестатталған глюкозасы бар Сабуро агарына немесе № 2 ортаға қолайлы сұйылтуды егу арқылы анықтайды.

Егу үшін 1 мл шамамен $0,5 \cdot 10^3$ конидиялар концентрациясы бар *A. brasiliensis* жұмысшы жүзіндісі дайындалады, оны глюкозасы бар Сабуро агарымен (немесе № 2 орта) шыныаяқтарға 0,1 мл-ден беттік әдіспен егеді.

Тест-микроорганизмдердің дайындалған жұмысшы жүзінділерін қоректік орталардың өсу қасиеттерін анықтау үшін қолданады. Сұйық немесе агаризацияланған қоректік ортаға енгізуге арналған тест-штамдар жасушаларының саны 10^2 КОЕ-ден аспауы тиіс.

2.1.6.6.-4-кесте. Қоректік орталардың өсу қасиеттерін анықтауға арналған микроорганизмдердің тест-штамдары және инкубациялау шарттары

Қоректік орталар	Микроорганизмдердің тест-штамдары	Инкубациялау шарттары
Соя-казеин (триптиказо-соя) агары Бактерияларды өсіруге арналған № 1 орта	Bacillus subtilis немесе Bacillus cereus, Escherichia coli, Staphylococcus aureus, Candida albicans, Aspergillus brasiliensis немесе A. niger	3 тәулік ($32,5 \pm 2,5$) °C
Глюкозасы бар Сабуро агары Саңырауқұлақтарды өсіруге арналған № 2 орта	Candida albicans, Aspergillus brasiliensis немесе A. niger	5 тәулік ($22,5 \pm 2,5$) °C
Соя-казеин (триптиказо-соя) сорпасы Бактерияларды өсіруге арналған №8 орта	Bacillus cereus немесе Bacillus subtilis Escherichia coli, Staphylococcus aureus, Pseudomonas aeruginosa	24 сағат ($32,5 \pm 2,5$) °C
Сабуро сорпасы	Candida albicans,	5 тәулік ($22,5 \pm 2,5$) °C

6-2. ҚОРЕКТІК ОРТАЛАРДЫҢ ӨСУ ҚАСИЕТТЕРІН АНЫҚТАУ

Сыналатын агаризацияланған орта, егер өсу коэффициенті аттестатталған қоректік ортамен салыстырғанда 0,5-тен 2-ге дейін болса, пайдалануға жарамды деп есептеледі.

Сыналатын сұйық орта, егер сыналатын және аттестатталған орталарда тест-штамның бірдей өсуі визуалды байқалса, пайдалануға жарамды болып саналады.

6-2-1. Агаризацияланған ортаны сынау. Сыналатын және аттестатталған агаризацияланған орталарды диаметрі 90 мм Петри шыныаяқтарына 15 – 20 мл-ден құяды, ұйығаннан кейін агар кептіріледі. Концентрациясы 10^3 КОЕ/мл тест-микроорганизмнің жұмысшы жүзіндісін 0,1 мл-ден сыналатын және аттестатталған орталары бар Петри шыныаяғына екі рет қайталап беттік әдіспен егеді.

Агаризацияланған орталарда инкубациядан кейін микроорганизмдердің тест-штамдарының колониялары есептеледі және мына формула бойынша оның өсіп-өну коэффициенті Көсу анықталады:

$$K_{\text{өсу}} = \frac{N}{N_0}$$

мұнда: N – сыналатын ортасы бар Петри шыныаяғындағы колониялардың орташа арифметикалық саны;

N_0 – аттестатталған ортасы бар Петри шыныаяғындағы колониялардың орташа арифметикалық саны.

6-2-2. Сұйық орталарды сынау. Сұйық сыналатын және аттестатталатын қоректік орталарды 10 мл-ден мөлшері 15 Ч 150 мм стерильді пробиркаларға құяды. Концентрациясы 10^3 КОЕ/мл микроорганизм тест-штамының жұмысшы жүзіндісін 0,1 мл-ден сыналатын және стандартты ортасы бар пробиркаларға егеді (ортаның әрбір түрі үшін 3 пробиркадан). Бұл тест үшін ең аз уақыт ішінде тиісті температурада инкубациялайды. Микроорганизмдердің өсуін визуалды анықтайды.

6-3. ҚОРЕКТІК ОРТАЛАРДЫҢ СТЕРИЛЬДІЛІГІ

Дайындалған қоректік ортаның әрбір партиясынан ыдыстардың (флакондардың, пробиркалардың) кемінде 5%-ын тиісті температурада 2 – 3 тәулік бойы ұстап, стерильдігін бақылайды. Ыдыстардың ең болмағанда біреуінде микробтық өсу анықталған кезде қоректік ортаның сыналатын партиясы жойылуға жатады.

7. ҚОРЕКТІК ОРТАЛАРДЫ САҚТАУ

Құрғақ қоректік орталарды герметикалық оралған, қараңғы құрғақ жерде 2 – 30 °С температурада сақтау керек. Құрғақ қоспалардан дайындалған және флакондарға құйылған қоректік орталар бөлме температурасында 1 ай немесе 2 – 8 °С температурада 3 ай сақталады. Петри шыныаяқтарына құйылған ортаның жарамдылық мерзімі 2 – 8°С температурада 7 тәулікті құрайды. Эксперименттік мәліметтер негізінде қоректік ортаны сақтаудың басқа мерзімдері белгіленуі мүмкін.

8. ҰСЫНЫЛАТЫН ҚОРЕКТІК ОРТАЛАР ЖӘНЕ ЕРІТІНДІЛЕР

Натрий хлориды мен пептон (рН 7,0) бар фосфатты буферлік ерітінді:	
• Бір алмастырылған калий фосфаты	3,6 г
• Екі алмастырылған натрий фосфаты	7,2 г
• Натрий хлориді	4,3 г
• Пептон	
(ет немесе казеин)	1,0г
• Тазартылған су	1000,0 мл
Бейтараптандыратын сұйықтық	
• Полисорбат 80	30,0 г
• Лецитин (жұмыртқа немесе соя)	3,0 г

• Гистидин гидрохлориді	1,0г
• Пептон (ет немесе казеин)	1,0г
• Натрий хлориді	4,3 г
• Бір алмастырылған калий фосфаты	3,6 г
• Екі алмастырылған натрий фосфаты	7,2 г
• Тазартылған су	1000,0 мл
стерильдеуден кейінгі рН 7,6 ± 0,2.	
Соя-казеин агары (Casein Soya Bean Digest agar)	
• Казеиннің панкреатикалық гидролизаты	15,0г
* Соя бұршағының папаинді гидролизаты	5,0 г
• Натрий хлориді	5,0 г
• Микробиологиялық агар	15,0г
• Тазартылған су	1000,0 мл
стерильдеуден кейінгі рН 7,3 ± 0,2.	

Аэробты бактерияларды өсіруге арналған балама орта – микробтық ластануды бақылауға арналған № 1 орта, құрғақ; ет-пептонды агар (ЕПА); балық ұнының гидролизатына (БҰГ) негізделген агаризацияланған қоректік орта.

*Глюкоза бар Сабуро агары
(Sabouraud 4% Glucose Agar)*

- Пептон
(ет немесе казеин) 10,0 г
 - Глюкоза моногидраты 40,0 г
 - Бактериялогиялық агар 15,0 г
 - Тазартылған су 1000,0 мл
- стерильдеуден кейінгі рН 5,6 ± 0,2

Ашытқы мен зең саңырауқұлақтарын өсіруге арналған балама орта –микробтық ластануды бақылауға арналған, құрғақ, әртүрлі өндірушілер шығарған № 2 орта (глюкоза бар Сабуро агары).

Бактериялардың өсуін болдырмау мақсатында ортаның селективтілігін арттыру үшін стерильдеу алдында 1 л ортаға 50 мг хлорамфеникол (левомецетин) қосылады немесе Петри шыныаяғына құю алдында стерильді ерітінділер түрінде балқытылған ортаға 0,1 г бензилпенициллиннің натрий тұзы және 1 л ортаға 0,1 г тетрациклин енгізіледі.

Соя-казеин сорпасы (Casein Soya Bean Digest Broth)

- Казеиннің панкреатикалық гидролизаты 17,0 г
- Папаиндық гидролизат

соя бұршағы	3,0 г
• Натрий хлориді	5,0 г
• Екі алмастырылған калий фосфаты	2,5 г
• Глюкоза моногидраты	2,5 г
• Тазартылған су	1000,0 мл

стерильдеуден кейінгі рН $7,3 \pm 0,2$.

Бактерияларды өсіруге арналған балама орта – микробтық ластануды бақылауға арналған, құрғақ, әртүрлі өндірушілер шығарған № 8 орта.

Сабуро сорпасы (Sabraud Broth)

- Пептон (ет) 5,0 г
- Пептон (казеин) 5,0 г
- Глюкоза моногидраты 20,0 г
- Тазартылған су 1000,0 мл

стерильдеуден кейінгі рН $5,6 \pm 0,2$.

Тест-микрорганализмдерді сақтауға арналған жартылай сұйық агар

- Казеиннің панкреатикалық гидролизаты 8,0 г
- Натрий хлориді 5,0 г
- Микробиологиялық агар 5,0 г
- Тазартылған су 1000,0 мл

стерильдеуден кейінгі рН $7,0 \pm 0,2$.

201060007-2019

2.1.6.7. СТЕРИЛЬДІ ЕМЕС ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ ОЛАРДАҒЫ МИКРООРГАНИЗМДЕРДІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІНІҢ БОЛУЫНА МИКРОБИОЛОГИЯЛЫҚ СЫНАУ

1. КІРІСПЕ

Төменде сипатталған сынақтар дәрілік заттың микробиологиялық тазалық талаптарына сәйкестігін растау үшін селективті және диагностикалық қоректік орталарды пайдалана отырып, микрорганализмдердің жекелеген түрлерінің болмауын немесе шекті мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді.

2. ЖАЛПЫ РӘСІМДЕР

Үлгілер 2.1.6.6 ЖФБ келтірілген нұсқауларға сәйкес дайындалады.

Егер сыналатын үлгінің микробқа қарсы әрекеті болса, оны 2.1.6.6 ЖФБ-да сипатталғандай жою немесе бейтараптандыру қажет.

Егер үлгіні дайындау үшін беттік белсенді заттар пайдаланылса, олардың микрорганализмдерге қатысты уыттылығы және 2.1.6.6 ЖФБ келтірілген нұсқауларға сәйкес инактиваторлармен үйлесімділігі расталуы тиіс.

3. МИКРООРГАНИЗМДЕРДІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІН АНЫҚТАУ

3-1. ӨТКЕ ТӨЗІМДІ ЭНТЕРОБАКТЕРИЯЛАР

3-1-1 Өтке төзімді энтеробактериялардың жоқ екендігіне сынақ жүргізу (сапалық әдіс). Микроорганизмдердің тіршілікке қабілеттілігін қалпына келтіру үшін сұйық қоректік ортада сыналатын үлгіні алдын ала инкубациялау қолданылады. Осы мақсатта 10,0 г немесе 10,0 мл сыналатын үлгіні 90 мл соя-казеин сорпасына (немесе № 8 ортаға) ауыстырады, араластырады және $(22,5 \pm 2,5)$ °С температурада 2 сағат бойы, бірақ 5 сағаттан аспайтын уақытта инкубациялайды.

Инкубациядан кейін микроорганизмдердің (гомогенат А) тіршілікке қабілеттілігін қалпына келтіру жүргізілген флаконның ішіндегі зат қайта араластырылады және 10 мл (сыналатын үлгінің 1 г немесе 1 мл сәйкес келетін мөлшер) 100 мл байыту ортасына (Моссель сорпасы) ауыстырады. Себінділер қалыпты жағдайда 24 – 48 сағат ішінде инкубацияланады. Бактериологиялық ілмекпен Моссель агарына немесе № 4 ортаға қайта егіледі, ол 18 – 24 сағат ішінде инкубациялануы тиіс.

Егер Моссель агарында морфологиялық және тинкториялық қасиеттері бойынша цитохромоксидаза жоқ, грам теріс спора түзбейтін таяқшалар (4-1 т.) іспетті энтеробактериялардың типтік колониялары анықталса, онда зерттелетін үлгі өтке төзімді энтеробактериялармен контаминацияланды деп саналады.

3-1-2. Өтке төзімді энтеробактерияларды сандық анықтау. Егу үшін әрқайсысында 9 мл Моссель сорпасы бар 3 пробирка қолданылады. 1 мл (0,1 г немесе 0,1 мл сыналатын үлгіге сәйкес келеді) көлемдегі гомогенат А бірінші пробиркаға енгізеді, мұқият араластырады және 1 мл (0,01 г немесе 0,01 мл сыналатын үлгіге сәйкес келеді) екінші пробиркаға ауыстырады, қайта араластырады және 1 мл (0,001 г немесе 0,001 мл сыналатын үлгіге сәйкес келеді) үшінші пробиркаға ауыстырады, әрбір қадамнан кейін тамшуыр ауыстырылады. Себінділер 24 – 48 сағат ішінде инкубацияланады.

Өтке төзімді энтеробактериялардың жоқтығын растау үшін Моссель агарына (№4 орта) анық өсуі бар әрбір пробиркадан бактериологиялық ілмекпен қайта егу жүргізеді және Петри шыныаяқтарын 18 – 24 сағат ішінде инкубациялайды. Тығыз ортада табылған колонияларға микроскопиялық зерттеу жүргізеді. Грам теріс таяқша тәріздес спора түзбейтін бактериялардың анықталуы ДЗ-да өтке төзімді энтеробактериялардың бар екендігін растайды. 1 г (мл) сыналатын үлгіде өтке төзімді энтеробактериялардың ең ықтимал санын 2.1.6.7.-1-кесте бойынша анықтайды.

3-2. *ESCHERICHIA COLI* БАКТЕРИЯЛАРЫ

3-2-1. *E. coli* бактерияларының жоқ екендігіне сынақ жүргізу (сапалық әдіс). 1:10 қатынасында стерильді фосфатты-буферлік ерітіндімен ерітілген немесе сұйытылған сыналатын үлгінің 10 г (мл) 100 мл соя-казеин сорпасына (немесе № 8 ортаға) 10 мл мөлшерде (1 г немесе 1 мл сыналатын үлгіге сәйкес келеді) ауыстырады. Араластырады және 18 – 24 сағат ішінде инкубациялайды. Флакон ішіндегі 1 мл затты 100 мл

Мак-Конки сорпасына (немесе № 3 ортаға) ауыстырады және 24 - 48 сағат ішінде (43 ± 1) °С температурада инкубациялайды.

Бактериологиялық ілмекпен сұйық қоректік ортадан Мак-Конки агарына немесе № 4 ортаға қайта егу жасалады. Себінділер 18 – 72 сағат (Мак-Конки агары) немесе 18 – 24 сағат (№4 орта) ішінде инкубацияланады. Егер инкубациядан кейін тығыз қоректік ортада *E. coli*-ге (2.1.6.7.-2-кесте) тән колониялар анықталса, оларды микроскопиялайды. Жағындыда ұсақ грам теріс таяқшалар анықталған кезде жекелеген типтік колонияларды шабылған соя-казеин агарына немесе № 1 ортаға пробиркаларға қайта егеді, микроорганизмнің таза өсіндісін жинақтау үшін 18 – 24 сағат ішінде инкубациялайды.

Бөлінген бактерияларды сәйкестендіру үшін цитохромоксидазаға (4-1 т.), индолға (4-2 т.) және натрий цитратын жою қабілетіне биохимиялық тестер қолданылады. Ол үшін таза өсіндісі бар пробиркалардан Симмонс агарына (№14 ортаға) және соя-казеин сорпасына (№15 ортаға) қайта егу жасалады. Инкубацияның 18 – 24 сағаты өткеннен кейін Симмонс агарында (№14 орта) бактериялардың көбеюі немесе жоқ болуы байқалады. Цитратты кәдеге жаратуды рН ортаның сілтілік жаққа ығысуы (орта түсінің жасылдан көкке өзгеруі) бойынша белгілейді. Индолдың болуы Ковач реактивін қосқан кезде соя-казеин сорпасының бетінде (№15 орта) қызыл сақинаның пайда болуы арқылы анықталады.

Егер зерттеу барысында цитохромоксидаза ферментін қамтымайтын, натрий цитратын кәдеге жаратпайтын және индол түзетін грам теріс таяқшалар табылса, үлгі *E. coli* бактерияларымен контаминацияланған деп саналады.

3-2-2. *E. coli* бактерияларын сандық анықтау

1-әдіс. *E. coli* сандық анықтау А гомогенатынан Мак-Конки сорпасы бар пробиркаларға қайта егуді (№3 орта) жасай отырып, өтке төзімді энтеробактерияларды сандық анықтау сияқты жүзеге асырылады (3-1-2-т.), 24 – 48 сағат ішінде (43 ± 1) °С температурада инкубацияланады. Әр пробиркадан бактериологиялық ілмекпен Мак-Конки агарына (№4 ортаға) қайта егу жасалады. Себінділер 18 – 48 сағат (Мак-Конки агары) немесе 18 – 24 сағат (№4 орта) белгілі бір температурада инкубацияланады.

2-әдіс. Үлгіні 2.1.6.6-бапта көрсетілгендей 1:10 қатынасындағы сұйылтуды пайдалана отырып, кемінде 1 г (мл) сыналатын өнімнен дайындайды. Егу үшін 9 мл соя-казеин сорпасы (№8 орта) бар 3 пробирка қолданылады, оларға 0,1; 0,01 және 0,001 г (мл) сәйкес келетін үлгінің сұйылтуының 1 мл енгізіледі. Араластырады және 18 – 24 сағат ішінде стандартты жағдайда инкубациялайды. Инкубациялау мерзімі өткеннен кейін пробиркалардың ішіндегі 1 мл-н 100 мл Мак-Конки сорпасына ауыстырады және 24 – 48 сағат ішінде (43 ± 1)°С температурда инкубациялайды. Мак-Конки агарына қайта егеді. Себінділер стандартты жағдайда 18 – 72 сағат ішінде инкубацияланады.

Көрсетілген орталарда морфологиялық және тинкториялық қасиеттері бойынша цитохромоксидаза ферментін қамтымайтын, натрий цитратын кәдеге жаратпайтын және индол түзетін грам теріс таяқшалар іспеттес бактериялардың типтік колониялары анықталған кезде (2.1.6.7.-2-кесте), ДЗ *E. coli* бактерияларымен контаминацияланған деп қорытынды шығарылады. 1 г немесе 1 мл сыналатын үлгідегі *E. coli* жасушаларының ең ықтимал саны 2.1.6.7.-1-кесте бойынша анықталады.

2.1.6.7.-1-кесте. Нәтижелерді интерпретациялау

Сыналатын үлгінің саны

0,1 г (мл) 1мл А гомогенаты	0,01 г (мл) 1:10 қатынасындағы сұйылтуда 1 мл А гомогенаты	0,001 г (мл) 1:100 қатынасындағы сұйылтуда 1 мл А гомогенаты	1 г (мл) үлгідегі бактериялардың ЕЫС
+	+	+	103 астам
+	+	-	102 - 103дейін
+	-	-	101 - 102 дейін
-	-	-	101 аз

Белгіленімдер: + – өсудің болуы; - – өсудің болмауы.

3-3. SALMONELLA ТЕКТЕС БАКТЕРИЯЛАР

10 г (мл) немесе 25 г (мл) сыналатын үлгіні 100 немесе 225 мл соя-казеин сорпасына (немесе № 8 ортаға) ауыстырады, араластырады және 18 – 24 сағат ішінде инкубациялайды. Араластырғаннан кейін 0,1 мл *Salmonella* тектес бактерияларға арналған 10 мл жинақтау сорпасына – Раппопорт-Вассилиадис ортасына ауыстырады және стандартты жағдайда 18 – 24 сағат ішінде инкубациялайды. Инкубация аяқталғаннан кейін бактериологиялық ілмекпен екі тығыз диагностикалық ортаның біріне: ксилоза-лизин-дезоксид-холат агарына немесе висмут-сульфит агарына (№5 ортаға) қайта себуді жасайды, содан кейін оларды 48 сағат ішінде инкубациялайды.

Көрсетілген ортада *Salmonella* тектес бактерияларға тән колониялар анықтаған кезде (2.1.6.7.-2-кесте) микроскопиялық зерттеу жүргізеді. Жұғындыларда грам теріс таяқшалар табылса, колонияларды темір тұздары бар үшқантты шабылған агарға (немесе № 13 ортаға) қайта егеді, алдымен агардың шабылған бөлігіне бактериологиялық ілмекпен, содан кейін бағанға екпе сала отырып, пробирканың түбіне тигізбестен себіндінің көп мөлшерін салады. Стандартты жағдайдағы инкубацияның 24 сағаты өткеннен кейін қоректік орта бағанының негізіндегі ортаның түсі қызылдан сарыға өзгеруі байқалады (глюкозаны ферментациялау). Агардың шабылған бөлігінде ортаның түсі өзгермейді (сахароза мен лактоза ферментацияланған жоқ). Ортаның қара түске боялуы күкіртсутегінің пайда болуын көрсетеді – *Salmonella* тектес бактериялардың басым бөлігіне тән белгі. Сол мезетте параллель цитохромоксидаза ферментінің бар-жоғын анықтау (4-1 т.), сондай-ақ қосымша растау қажет болған жағдайда басқа биохимиялық және серологиялық тесттер жүргізіледі.

Егер сыналатын үлгіде цитохромоксидаза ферментін қамтымайтын, сахароза мен лактозаны ферменттемейтін және күкіртсутегін шығаратын, өзінің дақылдық, морфологиялық және тинкториялық қасиеттері бойынша типтік бактериялар (2.1.6.7.-2-кесте) табылса, онда үлгі *Salmonella* тектес бактериялармен контаминацияланған деп саналады.

3-4. PSEUDOMONAS AERUGINOSA БАКТЕРИЯЛАРЫ

1:10 қатынасындағы стерильді буферлік ерітіндімен ерітілген немесе сұйытылған сыналатын үлгіні 10 мл (1 г немесе 1 мл сәйкес келеді) мөлшерде 100 мл сұйық қоректік ортаға (соя-казеин сорпасы немесе № 8 орта) ауыстырады. Араластырады және стандартты жағдайда 24 – 48 сағат ішінде инкубациялайды. Инкубация аяқталғаннан кейін бактериологиялық ілмекпен көк іріңді таяқшаны (цетримидті агар немесе цетилпиридий хлориді (ЦПХ) агар – № 16 орта) бөліп алу үшін селективті қоректік ортаға қайта егуді жүргізеді. Себінділер стандартты жағдайда 24 – 48 сағат ішінде инкубацияланады. Тинкториялық морфологиялық қасиеттері бойынша грам теріс таяқшалар болып табылатын микроорганизмдердің бөлініп алынған колонияларын пиоцианиннің көк-жасыл пигментін анықтау үшін агарға (немесе № 9 орта) ауыстырады. Себінділер 24 – 48 сағат ішінде инкубацияланады.

Бөлінген бактериялардың *P. aeruginosa* түріне тиесілігін растау үшін цитохромоксидаза ферментінің болуы (4-1 т.) және бөлініп алынған микроорганизмдердің соя-казеин сорпасында (немесе № 8 ортада) (42 ± 1) °С температурада 18 – 24 сағат ішінде өсу қабілеті анықталады.

Трансдермальды пластырьлерді сынамаға дайындау 2.1.6.6-кестеде көрсетілгендей жүргізіледі.

50 мл мөлшерінде алынған сұйықтықты поралар диаметрі 0,45 мкм болатын, нитрат целлюлозасынан тұратын стерильді мембраналық фильтр арқылы өткізеді, содан кейін оны 100 мл соя-казеин сорпасына (немесе № 8 ортаға) ауыстырады. Себінділер 24 – 48 сағат ішінде инкубацияланады. Инкубациядан кейін өсу байқалған кезде бактериологиялық ілмекпен селективті ортаға – цетримидті агарға немесе ЦПХ-агарға қайта егу жүргізіледі. Одан кейінгі сәйкестендіру жоғарыда айтылғандай жүзеге асырылады.

Егер сыналатын үлгіде көк-жасыл пигмент пиоцианинді түзетін, цитохромоксидаза ферментін қамтитын және (42 ± 1) °С температурада өсетін, морфологиялық және тинкториялық қасиеттері бойынша псевдомонадтар үшін типтік бактериялар табылса (кесте. 2.1.6.7.-2), үлгіні *P. aeruginosa* бактериялары контаминациялады деп саналады.

3-5. STAPHYLOCOCCUS AUREUS БАКТЕРИЯЛАРЫ

1:10 қатынасындағы стерильді буферлік ерітіндімен ерітілген немесе сұйытылған сыналатын үлгіні 10 мл мөлшерде (1 г немесе 1 мл үлгіге сәйкес келеді) 100 мл соя-казеин сорпасына немесе № 8 ортаға ауыстырады. Араластырады және 24 – 48 сағат ішінде инкубациялайды. Ілмек арқылы маннитті-тұзды агарға (немесе № 10

ортаға) қайта егуді жасайды және стандартты жағдайда 24 – 48 сағат ішінде инкубациялайды.

Инкубация аяқталғаннан кейін маннит бар ортада сары аймақтармен қоршалған типтік алтын-сары түстес колониялардың пайда болуы (2.1.6.7.-2-кесте), маннитті ферменттейтін *S. aureus* өсуін дәлелдейді. Типтік колонияларға микроскопиялық зерттеу жүргізіледі. Жұғындыларда жүзім шоғыры түрінде орналасқан грам оң кокктер анықталған кезде соя-казеин агарына (немесе № 1 ортаға) қайта егу жүргізіледі. Стандартты жағдайда 24 – 48 сағат ішінде инкубациялайды. Сәйкестендіру үшін коагулазаның (4 – 3 т.) болуына тест жүргізіледі.

Трансдермальді пластырьлерді сынамаға дайындау 2.1.6.6 ЖФБ-да көрсетілгендей жүргізіледі.

50 мл көлемінде алынған сұйықтықты поралар диаметрі 0,45 мкм болатын, целлюлоза нитратынан жасалған стерильді мембраналық фильтр арқылы өткізеді, содан кейін оны 100 мл соя-казеин сорпасына (немесе № 8 ортаға) ауыстырады және 24 – 48 сағат ішінде инкубациялайды. Инкубациядан кейін өсу болған кезде *S. Aureus* бөліп алу үшін маннитті-тұзды агарға (немесе № 10 ортаға) ілмекпен қайта егіледі. Себінділер 48 сағат ішінде инкубацияланады.

Егер сыналатын үлгіде коагулазаны қамтитын, маннитті кәдеге жарататын, дақылдық, морфологиялық және тинкториялық қасиеттері бойынша типтік бактериялар табылса (2.1.6.7.-2-кесте), үлгіні *S. Aureus* контаминациялаған деп саналады.

3-6. CANDIDA ALBICANS АШЫТҚЫ САҢЫРАУҚҰЛАҚТАРЫ

1:10 қатынасындағы стерильді буферлік ерітіндімен ерітілген немесе сұйытылған сыналатын үлгіні 10 мл мөлшерде (1 г немесе 1 мл үлгіге сәйкес келеді) 100 мл Сабуро сорпасына ауыстырады, араластырады және $(32,5 \pm 2,5)$ °С температурада 3 – 5 тәулік бойы инкубацияланады. Бактериологиялық ілмекпен глюкоза бар Сабуро агарына (немесе № 2 ортаға) қайта егуді жүргізеді және дәл сол температурада 24 – 48 сағат ішінде инкубациялайды.

Ақ дөңгелек, дөңес, тегіс және жылтыр колониялардың өсуі *Candida albicans* болуын көрсетуі мүмкін, оны кейінгі сәйкестендіру барысында растайды, кезеңдердің бірі микроскопиялық зерттеу (Грамм бойынша боялу) болып табылады, ол өлшемі 4 – 8 мкм болатын грам оң ашытқы тәрізді бүйршіктелетін сопақ немесе дөңгелек жасушаларды анықтайды. Сәйкестендіру үшін *C. albicans* және *Candida* тұқымдас саңырауқұлақтардың басқа түрлерін ажыратуға арналған арнайы ортаны қолдануға болады.

Егер сыналатын үлгіде *C. albicans* ретінде сәйкестендірілген, морфологиялық және тинкториялық қасиеттері бойынша типтік ашытқы тәріздес саңырауқұлақтар табылса (2.1.6.7.-2-кесте), үлгіні саңырауқұлақтың аталған түрі контаминациялаған деп есептеледі.

3-7. МИКРООРГАНИЗМДЕРДІҢ ДАҚЫЛДЫҚ, МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТИНКТОРИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Кейбір микроорганизмдерге (ДЗ ықтимал контаминанттарға) тән дақылдық, морфологиялық және тинкториялық қасиеттер 2.1.6.7.-2-кестеде көрсетілген.

3-8. СЫНАҚТЫ ҚАЙТАЛАУ

ДЗ контаминациялануы анықталған кезде қажет болған жағдайда нәтижелері сапа жөніндегі нормативтік құжаттың талаптарына сәйкес келмейтін сынақтың дәл сол бөлімі қайталанатын. Талдау препараттың сыналатын үлгілерінің екі еселенген мөлшерінде жүргізіледі.

4. МИКРООРГАНИЗМДЕРДІ СӘЙКЕСТЕНДІРУ ҮШІН БИОХИМИЯЛЫҚ ТЕСТТЕР

4-1. ЦИТОХРОМОКСИДАЗА ФЕРМЕНТІНІҢ БОЛУЫНА ТЕСТ (ОКСИДАЗАЛЫҚ ТЕСТ)

Реактив – 1% N,N-диметил-пара-фенилендиаминдигидрохлорид ерітіндісі. Ерітінді 2 – 8°C температурада бейтарап жарықтан қорғайтын шыныдан жасалған флаконда белгіленген валидацияланған жарамдылық мерзімі ішінде сақталады. Ерітінді түссіз болуы керек.

Фильтр қағазының жолағын реактивпен сулайды. Платина ілмегімен немесе шыны таяқшамен соя-казеин агарында (немесе № 1 ортада) өсірілген, зерттелетін бактериялардың 24 сағаттық таза өсінділері салынады. 1 минут ішінде пайда болатын қошқыл қызыл бояу оң оксидаза реакциясын растайды. *P. aeruginosa* тест-микроорганизмі – оң бақылауды, *E. coli* тест-микроорганизмі (түсі жоқ) – теріс бақылау болып табылады.

2.1.6.7.-2-кесте. Микроорганизмдердің дақылдық, морфологиялық және тинкториялық қасиеттері

Қоректік орталар	Колониялардың морфологиясы	Грам бойынша боялуы
	<i>Escherichia coli</i>	
Мак-Конки сорпасы	Ортаны түссіздендіру, бұлдарлануы, газ түзілу	споралары жоқ грам теріс таяқшалар
№ 3 орта	Орта бояуының өзгеруі, газ түзілу	
Мак-Конки агары	Кірпіш түстес қызыл колониялар тұнбаға түскен өт аймақтарымен қоршалуы мүмкін	
№ 4 орта	Таңқурай түсті аймақтармен қоршалған металл жылтыры бар таңқурай түстес немесе қызғылт колониялар	
Моссель агары	Преципитацияның қызыл аймақтарымен қоршалған қызыл колониялар	

	Salmonella spp.	
Раппопорт – Вассилиадис сорпасы	Түсін сақтау кезінде ортаның бұлдырлануы немесе көзге көрінетін өсудің болмауы	споралары жоқ грам теріс таяқшалар
Ксилоза-лизин-дезоксид-холат агары	Қара діңгегі бар немесе онсыз қызыл колониялар	
Висмут-сульфит агары (немесе № 5 орта)	Антрацит жылтыры бар қара колониялар, колониялардың астындағы орта қара түске боялған	
Моссель агары	Преципитацияның қызыл аймақтарымен қоршалған қызыл колониялар	
	Pseudomonas aeruginosa	
Соя-казеин сорпасы (№ 8 орта)	Бұлдырлану, пленка түрінде беткі өсу	споралары жоқ грам теріс таяқшалар
Цетримидтік агар	Жасыл түсті колониялар, ультракүлгін сәуледе жасыл	
№ 16 орта (ЦПХ-агар)	Жасыл түсті колониялар, ультракүлгін сәуледе жасыл	
Пиоцианинді анықтауға арналған агар, № 9 орта	Көк-жасыл колониялар, ультракүлгін сәуледе көк-жасыл	
	Staphylococcus aureus	
Соя-казеин сорпасы (№ 8 орта)	Біркелкі бұлдырлану	жүзім шоғы түріндегі грам оң кокктар
Маннитті-тұзды агар (немесе № 10 орта)	Сары аймақпен қоршалған алтын сары колониялар	
	Staphylococcus epidermidis	
Маннитті-тұзды агар (немесе № 10 орта)	Ақ колониялар, колониялар айналасында сары аймақтар жоқ	жүзім шоғы түріндегі грам оң кокктар
	Candida albicans	
Сабуро сорпасы	Терең түбіндегі өсу	мөлшері 4 - 8 мкм болатын грам оң ашытқы тәрізді бүйіршіктелетін сопақ немесе дөңгелек жасушалар
Сабуро агары (№ 2 орта)	Ақ, дөңгелек, дөнес, тегіс және жылтыр колониялар	

4-2. ИНДОЛДЫҢ БОЛУЫНА СЫНАҚ ЖҮРГІЗУ

Ковач реактиві:

- амил немесе изоамил спирті 75 мл
- пара-диметиламинобенз-альдегид 5 г
- концентрацияланған хлорсутекті қышқыл 20 мл

Пара-диметиламинобензальдегидтің тиісті мөлшерін ($52,5 \pm 2,5$) °С температурада су моншасында қыздырған кезде изоамил немесе амил спиртінде ерітеді, салқындатады және хлорсутек қышқылын бір тамшыдан қосады. Ерітіндіні жарықтан қорғалған

жерде 2 – 8°C температурада сақтайды. Реактив сары түсті болуы тиіс. Дұрыс сақталмаған кезде реактивтің түсі қоңыр болады және реактив қолдануға жарамсыз болып қалады.

Зерттелетін тәуліктік өсінді өскен соя-казеин сорпасы бар пробиркаға 0,5 мл Ковач реактивін енгізеді және сәл шайқайды. 3 – 5 минуттан кейін индол болған кезде пробиркадағы орта бетінде қызыл сақина пайда болады. *E. coli* тест-микроорганизмі – оң бақылау, *S. abony* тест-штамы (бояу жоқ) теріс бақылау болып табылады.

4-3. КОАГУЛАЗА ФЕРМЕНТІНІҢ БОЛУЫНА ТЕСТ (ПЛАЗМОКОАГУЛЯЦИЯ РЕАКЦИЯСЫ)

Құрғақ цитратты қоян плазмасын қоса берілген нұсқаулыққа сәйкес 0,9% натрий хлоридінің стерильді ерітіндісімен сұйытады және 0,5 мл-ден стерильді пробиркаларға құяды. Қалпына келтірілген қоян плазмасы бар пробиркаға соя-казеин агарында (немесе № 1 ортада) өсірілген бөлініп алынған бактериялардың тәуліктік таза өсіндісінің 1 ілмегін енгізеді. Екінші пробирка инокуляцияланбайды (теріс бақылау). *S. aureus* тест-штамы – оң бақылау, *S. epidermidis* тест-штамы теріс бақылау болып табылады. Барлық пробиркалар стандартты жағдайда инкубацияланады. Плазмокоагуляция реакциясын әр сағат сайын 4 – 6 сағат бойы пробирканы шайқамай, сәл еңкейтіп бақылайды.

Плазмокоагуляцияның оң реакциясы болмаған жағдайда түпкілікті нәтиже алу үшін инкубация уақытын 24 сағатқа дейін ұзартады. Плазма ұюы анықталған кезде коагулазаның бар-жоғын анықтауға арналған тест оң деп саналады.

5. ҚОРЕКТІК ОРТАЛАРДЫҢ САПАСЫН БАҒАЛАУ

Коммерциялық ортаның әрбір сериясы үшін (құрғақ және пайдалануға дайын), сондай-ақ зертханада дайындалған ортаның әрбір партиясы үшін өсу, селективті және диагностикалық қасиеттерін анықтау жүргізіледі.

Микроорганизмдер және аттестатталған қоректік орталар ретінде өндірушінің сертификаты бар пайдалануға дайын немесе бұрын жоғары сападағы орта зертханасында аттестатталған орталар қолданылады, олардың көмегімен анықталатын өсу және селективті қасиеттер қоректік орталардың сапасының негізгі биологиялық критерийлері болып табылады.

Қоректік ортаның өсу қасиеттері дегеніміз – қоректік ортаның микроорганизмдердің тиісті тест-штамдарының тиімді және типтік өсуін қамтамасыз ету қабілеті.

Селективті қасиеттер – бұл қоректік ортаның микробтық ассоциациядан алынған ілеспе микроорганизмдердің өсуін тежеу қабілеті.

Қоректік орталардың өсу және селективті қасиеттерін анықтау үшін тест-микроорганизмдер, ассоциант-штамдар және инкубациялау шарттары 2.1.6.7.-3-кестеде келтірілген.

2.1.6.7.-3-кесте. Қоректік орталардың өсу және селективті қасиеттерін анықтау үшін микроорганизмдердің тест-штамдары және инкубациялау шарттары

Қоректік орталар	Қолдану	Микроорганизмдердің тест-штамдары	Инкубациялау шарттары
1	2	3	4
Соя-казеин агары Бактерияларды өсіруге арналған № 1 орта	А э р о б т ы микроорганизмдерді бөліп алу	Bacillus subtilis немесе Bacillus cereus, Escherichia coli, Staphylococcus aureus, Candida albicans, Aspergillus brasiliensis немесе A. Niger	3 тәулік (32,5±2,5)°C
Сабуро сорпасы	А ш ы т қ ы саңырауқұлақтарын бөліп алу	Candida albicans, 5 тәулік (22,5 ± 2,5) °C	
Құрамында глюкоза бар Сабуро агары Бактерияларды өсіруге арналған № 2 орта	Аш ы т қ ы м е н з ең саңырауқұлақтарын бөліп алу	Candida albicans, Aspergillus brasiliensis немесе A. niger	5 тәулік (22,5 ± 2,5) °C
Моссель сорпасы № 3 орта	Энтеробактерияларды байыту	Escherichia coli, Salmonella enterica subsp. enterica serovar abony	24-48 сағ (32,5±2,5)°C
		Селективті қасиеттерді анықтауға арналған ассоциант-штамм: Staphylococcus aureus	
Мак-Конки сорпасы	E. coli бөліп алу	Escherichia coli	
		Селективті қасиеттерді анықтауға арналған ассоциант-штамм: Staphylococcus aureus, 24 – 48 сағ (43,0 ± 1,0) °C	
Мак-Конки агары Моссель агары	Энтеробактериялар-ды бөліп алу	Escherichia coli, Salmonella enterica subsp. enterica serovar abony	24-48 сағ (32,5±2,5)°C
Энтеробактерияларды бөліп алуға арналған № 4 орта		Селективті қасиеттерді анықтауға арналған ассоциант-штамм: Staphylococcus aureus	
Ксилоза-лизин-дезоксихолат агар Висмут-сульфитты агар	Salmonella тектес бактерияларды бөліп алу	Salmonella enterica ssp. enterica serovar abony Селективті қасиеттерді анықтауға арналған ассоциант-штамм: Escherichia coli	24-8 сағ (32,5±2,5)°C
Salmonella тектес бактерияларды			

сәйкестендіруге арналған № 5 орта			
Соя-казеин сорпасы Бактерияларды өсіруге арналған № 8 орта	Аэробты бактерияларды жинақтау	Bacillus cereus немесе Bacillus subtilis, Escherichia coli, Staphylococcus aureus, Pseudomonas aeruginosa	24 сағ (32,5±2,5)°C
P. aeruginosa пиоцианинін анықтауға арналған агар	P. Aeruginosa бөліп алу	Pseudomonas aeruginosa	24-48 сағ (32,5±2,5)°C
P. aeruginosa сәйкестендіруге арналған № 9 орта			
Цетримидті агар P. aeruginosa бөліп алуға арналған ЦПХ-агар	P. aeruginosa сәйкестендіру	Pseudomonas aeruginosa Селективті қасиеттерді анықтауға арналған ассоциант-штамм: Escherichia coli	24-48 сағ (32,5±2,5)°C
Маннитті-тұзды агар S. aureus сәйкестендіруге арналған № 10 орта	S. aureus сәйкестендіру	Staphylococcus aureus Селективті қасиеттерді анықтауға арналған ассоциант-штамм: Pseudomonas aeruginosa	48 сағ (32,5±2,5)°C
Раппопорт-Вассилиадис сорпасы	Salmonella тектес бактерияларды байыту	Salmonella enterica subsp. Enterica serovar abony	24 сағ (32,5 ± 2,5) °C
Темір тұздары бар үшқантты агар Salmonella тектес бактерияларды сәйкестендіруге арналған № 13 орта	Salmonella тектес бактерияларды сәйкестендіру	Salmonella enterica subsp. Enterica serovar abony, Escherichia coli	24 сағ (32,5 ± 2,5) °C
Симмонстың цитратты агары E. coli сәйкестендіруге арналған № 14 орта	E. coli сәйкестендіру	Escherichia coli, Salmonella enterica subsp. Enterica serovar abony (орта түсінің жасыл түстен көк түске өзгеруі байқалады)	24 сағ (32,5 ± 2,5) °C

5-1. ҚОРЕКТІК ОРТАЛАРДЫҢ ӨСУ ҚАСИЕТТЕРІ

5-1-1. Тест-микроорганизмдердің жұмысшы жүзіндісін дайындау. *C. albicans* бактериялары мен саңырауқұлақтарының өсінділерін шабылған агардың бетінен 0,9% натрий хлоридінің стерильді ерітіндісімен жуады. Бұлдырланудың стандартты үлгісі бойынша 10 МЕ сәйкес келетін әр тест-штамның стандартты жүзіндісі дайындалады. *B. subtilis*, *B. Cereus* және *C. albicans* өсінділері үшін бұл концентрация 10^7 КОЕ/мл, *E. coli*, *S. abony*, *P. aeruginosa*, *S. aureus* үшін 10^9 КОЕ/мл құрайды. Бұдан кейінгі он еселенген сұйылту әдісімен стандартталған жүзінділер 0,9% натрий хлоридінің стерильді ерітіндісімен 10^3 КОЕ/мл концентрациясына дейін жеткізіледі. Бактериялардың жұмысшы жүзінділерінің және *C. albicans* нақты концентрациясын анықтау үшін

өсінділерді тиісті аттестатталған агаризацияланған ортасы бар Петри шыныаяғына 10^3 КОЕ/мл концентрациясы есебінен 0,1 мл-ден беттік әдіспен егеді.

A. brasiliensis конидияларын глюкоза бар Сабууро агарынан шайып әкету үшін құрамында 0,05% полисорбат 80 бар 0,9% натрий хлоридінің стерильді ерітіндісін пайдаланады. 1 мл жүзіндідегі конидиялардың санын Горяев камерасының көмегімен немесе қолайлы сұйылтуды глюкоза бар аттестатталған Сабууро агарына немесе № 2 ортаға егу арқылы анықтайды.

Егу үшін 1 мл-де шамамен $0,5 \cdot 10^3$ конидиялар концентрациясы бар *A. brasiliensis* жұмысшы жүзіндісі дайындалады, оны глюкоза бар Сабууро агарының (немесе № 2 ортаға) шыныаяғына 0,1 мл-ден беттік әдіспен егеді.

Тест-микроорганизмдердің дайындалған жұмысшы жүзінділері қоректік орталардың өсу қасиеттерін анықтау үшін қолданылады. Сұйық немесе агаризацияланған қоректік орталарға енгізу үшін тест-штамдар жасушаларының саны 10^2 КОЕ аспауы тиіс.

5-1-2. Агаризацияланған ортаны сынау. Сыналатын және аттестатталған агаризацияланған орталарды диаметрі 90 мм Петри шыныаяқтарына 15 – 20 мл-ден құяды, ұйығаннан кейін агарды кептіреді. Концентрациясы 10^3 КОЕ/мл тест-микроорганизмдердің жұмысшы жүзіндісінің 0,1 мл-ден сыналатын және аттестатталатын ортасы бар Петри шыныаяқтарына екі рет қайталап беттік әдіспен егеді.

Агаризацияланған орталарда инкубациядан кейін микроорганизмдердің тест-штамдарының колониялары есептеледі және $K_{\text{өсу}}$ коэффициенті мына формула бойынша анықталады:

$$K_{\text{өсу}} = \frac{N}{N_0}$$

мұнда, N – сыналатын орта бар Петри шыныаяғындағы колониялардың орташа арифметикалық мәні;

N_0 - аттестатталған орта бар Петри шыныаяғындағы колониялар санының орташа арифметикалық мәні.

5-1-3. Сұйық ортаны сынау. Сұйық сыналатын және аттестатталған қоректік орталарды 10 мл-ден мөлшері 15 x 150 мм болатын стерильді пробиркаларға құяды. Концентрациясы 10^3 КОЕ/мл микроорганизмдер тест-штамының жұмысшы жүзіндісінің 0,1 мл сыналатын және стандартты ортасы бар пробиркаларға егеді (ортаның әрбір түрі үшін 3 пробиркадан). Бұл тест түрі үшін ең аз уақыт ішінде тиісті температурада инкубациялайды. Микроорганизмдердің өсуін визуалды анықтайды.

5-1-4. Қоректік ортаның өсу қасиеттеріне қойылатын талаптар. Егер өсу коэффициенті аттестатталған қоректік ортамен салыстырғанда 0,5 – 2 құраса, сыналатын агаризацияланған орта пайдалануға жарамды болып саналады.

Егер сыналатын және аттестатталған орталарда тест-штамның бірдей өсуі визуалды байқалса, сыналатын сұйық орта пайдалануға жарамды болып саналады.

5-2. ҚОРЕКТІК ОРТАНЫҢ СЕЛЕКТИВТІ ҚАСИЕТТЕРІ

5-2-1. Сынақ жүргізу. Қоректік орталардың селективті қасиеттерін анықтау үшін сыналатын және аттестатталған орталарды егу дозасы 100 КОЕ болатын, әрқайсысын жеке-жеке ассоциант-штамдармен контаминациялайды.

Сұйық қоректік орталарға егу үшін әрбір орта құйылған 3 пробиркаға концентрациясы 10^3 КОЕ/мл болатын ассоциант-штамм жұмысшы жүзіндісінің 0,1 мл енгізіледі. Осы тест үшін инкубациялаудың ең ұзақ мерзімі аяқталғаннан кейін тиісті температурада пробиркалардағы барлық егілген қоректік орталарда ассоциант-штамның өсуінің болмауын байқайды.

5-2-2. Қоректік ортаның селективті қасиеттеріне қойылатын талаптар. Егер ассоциант-штамдарды егу кезінде олардың толық өсуінің болмауы байқалса, сыналатын селективті орта пайдалануға жарамды деп саналады.

5-3. ҚОРЕКТІК ОРТАНЫҢ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

5-3-1. Сынақты орындау. Диагностикалық қасиеттерін сынауды Моссель агары (немесе №4 орта), Мак-Конки агары, ксилозо-лизин-дезоксихолат-агары (немесе №5 орта), цетримидті агар (немесе ЦПХ-агар), пиоцианинді анықтауға арналған агар (немесе №9 орта), маннитті-соя агары (немесе №10 орта), темір тұздары бар үшқантты агар (немесе №13 орта), Симмонс цитрат агары (немесе № 14 орта) сияқты қоректік орталар үшін жүргізіледі.

Қоректік ортаның диагностикалық қасиеттерін растау үшін бактериологиялық ілмекпен тест-микроорганизмдердің сорпалық себіндісін (әрқайсысын жеке-жеке) сынақ ортасы бар 2 Петри шыныаяқтарына немесе 2 пробиркаға егеді. Стандартты жағдайдағы инкубациядан кейін микроорганизмдердің белгілі бір түрінің тест-штамдарына тән белгілер анықталады: колониялардың сыртқы түрі, түсі, пигменттің болуы, колониялар айналасындағы ореол, ортаның түсінің өзгеруі және т.б. (2.1.6.7.-2-кесте).

Диагностикалық қоректік орталардың селективті қасиеттерін растау үшін сыналатын ортаға ассоциант-штамдардың (әрқайсысын жеке-жеке) дақылдық сорпасы егіледі. Стандартты жағдайдағы инкубациядан кейін ассоциант-штамдардың өсуі болмауы керек.

5-3-2. Қоректік ортаның диагностикалық қасиеттеріне қойылатын талаптар. Егер тест-микроорганизмдердің морфологиялық және диагностикалық белгілері 2.1.6.7.-3-

кестеде келтірілген сипаттамаларға сәйкес келсе, бұл ретте ассоциант-штамдардың өсуі толық жоқ болса, сыналатын орта пайдалануға жарамды деп саналады.

5-4. ҚОРЕКТІК ОРТАЛАРДЫҢ СТЕРИЛЬДІГІ

Дайындалған қоректік ортаның әрбір партиясынан ыдыстардың (флакондардың, пробиркалардың) кемінде 5%-ын тиісті температурада 48 – 72 сағат бойы ұстап, стерильдігі бақылайды. Ыдыстардың ең болмағанда біреуінде микробтық өсу анықталған кезде қоректік ортаның сыналатын партиясы жойылуға жатады.

5-5. ҚОРЕКТІК ОРТАНЫ САҚТАУ

Құрғақ қоректік орталарды герметикалық түрде оралған, қараңғы құрғақ жерде 2 – 30 °С температурада сақтау керек. Құрғақ қоспалардан дайындалған және флакондар мен шыныаяқтарға құйылған қоректік орталар валидациялық сынақтар барысында белгіленген жағдайларда және мерзімдерде сақталады.

6. ҰСЫНЫЛАТЫН ҚОРЕКТІК ОРТАЛАР ЖӘНЕ ЕРІТІНДІЛЕР

Сынақ үшін пайдалануға дайын немесе дайындалған қоректік орталар немесе зертханада дайындалған қоректік орталар қолданылады.

Қоректік ортаны зертханада дайындаған кезде – берілген рецептураны, ал коммерциялық құрғақ қоректік орталарды пайдаланған кезде өндіруші кәсіпорынның нұсқаулығын қатаң ұстану қажет. Қоректік орталардың құрамына кіретін индикаторлар мен бояғыштар белгілі бір концентрациядағы ерітінділер түрінде қосылады. Қоректік ортаның қажетті рН мәні ($22,5 \pm 2,5$) °С температурада орнатылады.

Егер сапа бойынша нормативтік құжатта басқа нұсқаулар болмаса, стерильдеу процесін валидациялау шартымен орталарды 121 °С температурада 15 мин бойы автоклавта стерильдейді.

Натрий хлориді және пептон бар фосфатты буферлік ерітінді (рН 7,0):

• Бір алмастырылған калий фосфаты	3,6 г
• Екі алмастырылған натрий фосфаты	7,2 г
• Натрий хлориді	4,3 г
• Пептон	
(ет немесе казеин)	1,0 г
• Тазартылған су	1000,0 мҰ

Бейтараптандырушы сұйықтық

• Полисорбат 80	30,0 г
• Лецитин (жұмыртқа немесе соя)	3,0 г
• Гидрохлорид гистидині	1,0г
• Пептон (ет немесе казеин) 1,0 г	
• Натрий хлориді	4,3 г
• Бір алмастырылған калий фосфаты	3,6 г
• Екі алмастырылған натрий фосфаты	7,2 г
• Тазартылған су	1000,0 мл

стерильдеуден кейінгі рН $7,6 \pm 0,2$.

Тест-микроорганизмдерді сақтауға арналған жартылай сұйық агар

• Казеиннің панкреатикалық гидролизаты	8,0 г
• Натрий хлориді	5,0 г
• Микробиологиялық агар	5,0 г
• Тазартылған су	1000,0 мл

стерильдеуден кейінгі рН $7,0 \pm 0,2$.

*Соя-казеин агары
(Casein Soya Bean Digest agar)*

• Казеиннің панкреатикалық гидролизаты	15,0г
• Соя бұршағының папаинді гидролизаты	5,0 г
• Натрий хлориді	5,0 г
<i>Микробиологиялық агар</i>	15,0г
• Тазартылған су	1000,0 мл

стерильдеуден кейінгі рН $7,3 \pm 0,2$.

Аэробты бактерияларды өсіруге арналған балама орта – микробтардың ластануын бақылауға арналған № 1 орта, құрғақ; ет пептонды агар (ЕПА); балық ұнының гидролизаты негізінде агаризацияланған қоректік орта (ГБҰ).

Сабуро сорпасы (Saburaud Broth)

- Пептон (ет) 5,0 г
- Пептон (казеин) 5,0 г
- Глюкоза моногидраты 20,0 г
- Тазартылған су 1000,0 мл

стерильдеуден кейінгі рН $5,6 \pm 0,2$.

*Глюкоза бар Сабуро агары
(Saburaud 4% Glucose Agar)*

- Пептон (ет немесе казеин) 10,0 г
- Глюкоза моногидраты 40,0 г
- Бактериологиялық агар 15,0 г
- Тазартылған су 1000,0 мл

стерильдеуден кейінгі рН $5,6 \pm 0,2$

Ашытқы мен зең саңырауқұлақтарын өсіруге арналған балама орта –микробтық ластануды бақылау үшін, құрғақ, әртүрлі өндірушілер шығарған № 2 орта (глюкоза бар Сабуро агары).

Бактериялардың өсуін болдырмау мақсатында ортаның селективтілігін арттыру үшін стерильдеу алдында 1 л ортаға 50 мг хлорамфеникол (левомецетин) қосады

немесе Петри шыныаяқтарына құю алдында балқытылған ортаға стерильді ерітінділер түрінде 0,1 г бензилпенициллин натрий тұзын және 1 л ортаға 0,1 г тетрациклин енгізеді.

*Энтеробактерияларды байыту үшін Моссель сорпасы
(Enterobacteria Enrichment Broth – Mossel)*

- Желатиннің панкреатикалық гидролизаты 10,0 г
 - Глюкоза моногидраты 5,0 г
 - Бұқаның құрғақ өті 20,0 г
 - Бір алмастырылған калий фосфаты 2,0 г
 - Екі алмастырылған натрий фосфаты 8,0 г
 - Алмаз жасыл 0,015 г
 - Тазартылған су 1000,0 мл
- pH $7,2 \pm 0,2$.

Ортаны кейіннен тез салқындата отырып, 100 °C температурада 30 минут бойы қыздырады.

Аэробты бактерияларды өсіруге арналған балама орта – микробтық ластануды бақылау үшін, құрғақ; әр түрлі өндірушілер шығарған № 3 орта.

Моссель агары (Crystal violet, Neutral Red, Bile Agar with Glucose)

- - Казеиннің панкреатикалық гидролизаты 7,0 г
 - Өт тұздары 1,5 г
 - Лактоза моногидраты 10,0 г
 - Натрий хлориді 5,0 г
 - Глюкоза моногидраты 10,0 г
 - Микробиологиялық агар 15,0 г
 - Бейтарап қызыл 0,03 г
 - Кристалл күлгін 0,002 г
 - Тазартылған су 1000,0 мл
- pH $7,4 \pm 0,2$.

Қайнағанға дейін қыздырады. Ортаны автоклав жасамайды.

Энтеробактерияларды бөліп алуға арналған балама орта – микробтық ластануды бақылау үшін, құрғақ; әр түрлі өндірушілер шығарған № 4 орта (Эндо).

Мак-Конки сорпасы (MacConkeyBroth)

- Желатиннің панкреатикалық гидролизаты 20,0 г
- Лактоза моногидраты 10,0 г
- Бұқаның құрғақ өті 5,0 г

- Бромкрезол күлгін 0,01 г
 - Тазартылған су 1000,0 мл
- pH 7,3 ± 0,2.

Энтеробактерияларды байытудың балама ортасы – микробтық ластануды бақылау үшін, құрғақ, әртүрлі өндірушілер шығарған № 3 орта.

Мак-Конки агары (MacConkey Agar)

- гидролизаты 17,0 г
 - Пептон (ет немесе казеин) 3,0
 - Лактоза моногидраты 10,0 г
 - Натрий хлориді 5,0 г
 - Өт тұздары 1,5 г
 - Микробиологиялық агар 13,5 г
 - Бейтарап қызыл 0,03 г
 - Кристалл күлгін 0,001 г
 - Тазартылған су 1000,0 мл
- pH 7,1 ± 0,2.

Стерильдеу алдында үнемі шайқай отырып, 1 минут қайнатады.

Энтеробактерияларды бөліп алуға арналған балама орта – микробтық ластануды бақылау үшін, құрғақ, әртүрлі өндірушілер шығарған № 4 орта (Эндо).

Salmonella тектес бактериялар үшін жинақтаушы орта
(Раппапорт-Вассилиадис сорпасы)

- | | |
|---|-----------|
| • Соя пептоны | 4,5 г |
| • Алты сулы магний хлориді | 29,0 г |
| • Натрий хлориді | 7,2 г |
| • Екі алмастырылған фосфор қышқылды калий | 0,18г |
| • Бір алмастырылған фосфор қышқылды калий | 1,26г |
| • Малахит жасыл | 0,036 г |
| • Тазартылған су | 1000,0 мл |

стерильдеуден кейнгі pH 5,2 ± 0,2.

Ортаны 15 минут ішінде 115 С° температурада автоклав жасайды.

Ксилоза, лизин, дезоксихолат агары
(Xylose, Lisine, Deoxycholate Agar)

- | | |
|-----------------------|-------|
| • Ксилоза | 3,5 г |
| • L-лизин | 5,0 г |
| • Лактоза моногидраты | 7,5 г |

• Сахароза	7,5 г
• Натрий хлориді	5,0 г
• Ашытқы экстракты	3,0 г
• Фенол қызыл	0,08 г
• Микробиологиялық агар	13,5 г
• Натрий дезоксихолат	2,5 г
• Натрий тиосульфат	6,8 г
• Темір аммоний цитраты	0,8 г
• Тазартылған су	1000,0 мл

pH 7,4 ± 0,2.

Қайнағанға дейін жеткізеді, 50 °С температураға дейін салқындатады және Петри шыныаяқтарына құяды. Ортаға автоклав жасамайды.

Висмут-сульфатты агар
(*BismuthSulfiteagar*)

• Ет экстракты	5,0 г
• Ет пептоны	10,0 г
• Глюкоза моногидраты	5,0 г
• Екі алмастырылған натрий фосфаты	4,0 г
• Темір сульфаты	0,3 г
• Алмаз жасыл	0,025 г
• Висмут сульфат	8,0 г
• Микробиологиялық агар	15,0 г
• Тазартылған су	1000,0 мл

pH 7,6 ± 0,2

Ортаға автоклав жасалмайды. Дайындалған орта мөлдір емес, жасыл түсті.

Сальмонеллаларды бөлуге арналған балама орта – микробтық ластануды бақылау үшін, құрғақ, әртүрлі өндірушілер шығарған № 5 орта.

Соя-казеин сорпасы

(Casein Soya Bean Digest Broth)

• Казеиннің панкреатикалық гидролизаты	17,0г
• Соя бұршақтарының папаин гидролизаты	3,0 г
• Натрий хлориді	5,0 г
• Екі алмастырылатын калий фосфаты	2,5 г
• Глюкоза моногидраты	2,5 г
• Тазартылған су	1000,0 мҰ

стерильдеуден кейінгі pH 7,3 ± 0,2.

Бактерияларды өсіруге арналған балама орта – микробтық ластануды бақылау үшін, құрғақ, әртүрлі өндірушілер шығарған № 8 орта.

Цетримидный агар (Cetrimide Agar)

Желатиннің панкреатикалық гидролизаты	20,0 г
Магний хлориді	1,4 г
Екі алмастырылған калий сульфаты	10,0г
Цетримид (цетилпиридиния бромид)	0,3 г
Микробиологиялық агар	13,6 г
Глицерин	10,0 мл
Тазартылған су	1000,0 мл

стерильдеуден кейінгі рН 7,2 ± 0,2.

Көк іріңді таяқшаны бөлу үшін балама орта – ЦПХ (№16 орта) – көк іріңді таяқшаны бөлуге арналған агар, құрғақ.

ЦПХ-агар (№ 16 орта)

Құрғақ ферменттелген пептон	20,0 г
Күкірт қышқылды калий	7,6 г
Жеті сулы күкірт қышқылды магний	2,4 г
Кальциленген сода	1,0г
Фенозан-қышқыл	0,2 г
ЦПХ (N-цетилпиридті хлорлы 1-сулы)	0,3 г
Микробиологиялық агар	8,0 г
Тазартылған су	1000,0 мл

рН 7,2 ± 0,2.

Ортаны автоклав жасамайды.

Пиоцианинді анықтауға арналған агар

Pseudomonas (Pseudomonas Agar Medium for Detection of Pyocyanin)

Желатиннің панкреатикалық гидролизат гидролизаты	20,0 г
Сусыз магний хлориді	1,4 г
Сусыз калий сульфаты	10,0г
Микробиологиялық агар	15,0г
Глицерин	10,0 мл
Тазартылған су	1000,0 мл

стерильдеуден кейінгі рН 7,2± 0,2

Глицериннен басқа барлық компоненттерді суда ерітеді. Араластыру кезінде қыздырады және 1 минут қайнатады. Глицерин қосады және стерильдейді.

Көк іріңді таяқшаны сәйкестендіруге арналған балама орта – микробтық ластануды бақылау үшін, құрғақ, әртүрлі өндірушілер шығарған № 9 орта.

Манниті-тұзды агар

Құрғақ ферменттелген пептон	10,0 г
-----------------------------	--------

D-Маннит	10,0 г
Натрий хлориды	75,0 г
Микробиологиялық агар	15,0 г
Фенол қызыл	0,025 г
Тазартылған су	1000,0 мл

стерильдеуден кейінгі рН 7,4± 0,2

Алтын стафилококты бөлуге және сәйкестендіруге арналған балама орта – микробтық ластануды бақылау үшін, құрғақ, әртүрлі өндірушілер шығарған № 10 орта.

*Темір тұздары бар үшқантты агар
(Triple Sugar – Iron – Agar)*

Ет экстракты	3,0 г
Ашытқы экстракты	3,0 г
Пептон (казеин немесе ет)	20,0 г
Натрий хлориді	5,0 г
Лактоза моногидраты	10,0 г
Сахароза	10,0 г
Глюкоза моногидраты	1,0 г
Темір-аммоний цитраты	0,3 г
Натрий үш сульфат	0,3 г
Фенол қызыл	0,025 г
Микробиологиялық агар	12,0 г
Тазартылған су	1000,0 мл

стерильдеуден кейінгі рН 7,4± 0,2

Ортаны көлемнің 1/3 бөлігін толтыра отырып, пробиркаларға құяды. Стерильдеуден кейін ортаны баған мен оның үстіндегі шабылған бөлік пайда болатындай етіп, қатаю үшін қалдырады.

Сальмонеллаларды сәйкестендіруге арналған балама орта – микробтық ластануды бақылау үшін, құрғақ, әртүрлі өндірушілер шығарған № 13 орта.

Симмонстың цитратты агары

Натрий хлориді	5,0 г
Магний сульфаты	0,2 г
Аммоний дигидрофосфаты	1,0 г
Калий гидрофосфаты	1,0 г
Натрий цитраты	3,0 г
Бромтимолды көк	0,08 г
Микробиологиялық агар	20,0 г
Тазартылған су	1000,0 мл

стерильдеуден кейінгі рН 7,2± 0,2

E. coli сәйкестендіруге арналған балама орта – микробтық ластануды бақылау үшін, құрғақ, әртүрлі өндірушілер шығарған № 14 орта.

201060008-2019

2.1.6.8. БАКТЕРИЯЛЫҚ ЭНДОТОКСИНДЕР

Осы бапта бактериялық эндотоксиндерді парентеральдік қолдануға арналған дәрілік препараттарда және оларды дайындау үшін пайдаланылатын фармацевтикалық субстанцияларда анықтау әдістері сипатталады.

Бактериалды эндотоксиндердің қамтылуын анықтау *Limulus polyphemus* немесе *Tachypleus tridentatus* (ЛАЛ-реактив немесе ТАЛ-реактив) семсеркүйрықтың қанынан алынған амебоциттердің лизаты іспеттес реактивтің көмегімен жүзеге асырылады. Амебоциттер лизаты бактериалды эндотоксиндермен ерекше әрекеттеседі. Ферментативті реакция нәтижесінде эндотоксин концентрациясына пропорционалды реакциялық қоспаның өзгеруі жүреді.

Бұл сынақты өткізудің үш негізгі әдіснамалық тәсілі бар: гель түзуге негізделген гель-тромб әдісі; амебоциттердің лизатындағы субстраттың ыдырауынан кейін реакциялық қоспаның бұлдырлануына негізделген турбидиметриялық әдіс; және синтетикалық пептид-хромогендік кешен ыдырағаннан кейін боялудың пайда болуына негізделген хромогендік әдіс.

Бұл бапта жоғарыда сипатталған принциптерге негізделген келесі алты тест сипатталған:

- Сапалық гель-тромб тесті (А әдісі);
- Сандық гель-тромб тесті (В әдісі);
- Турбидиметриялық кинетикалық тест (С әдісі);
- Хромогендік кинетикалық тест (D әдісі);
- Соңғы нүкте бойынша хромогендік тест (Е әдісі);
- Соңғы нүкте бойынша турбидиметриялық тест (F әдісі).

Сынақ келтірілген алты әдістің кез-келгенімен жүзеге асырылады. Күмән туындаған немесе қайшылықтар болған жағдайда түпкілікті қорытынды А әдісімен сынақ жүргізу кезінде алынған нәтижелер негізінде қабылданады.

ЫДЫС-АЯҚ ЖӘНЕ ОНЫ ДАЙЫНДАУ

Тестте қолданылатын шыны және пластикалық ыдыстар тестте анықталған мөлшерде бактериялық эндотоксиндерді қамтымауы және реакция барысына ықпал етпеуі тиіс.

Валидациялау рәсіміне сәйкес кемінде 30 минут 250°C температурада қыздыру депирогенизацияның ұсынылатын режимі болып табылады.

ЭНДОТОКСИН СТАНДАРТТАРЫ

Бактериялық эндотоксиндердің қамтылуы Эндотоксиннің халықаралық стандартының эндотоксин бірліктерінде (ЭБ) көрсетіледі. Эндотоксиннің бір халықаралық бірлігі (ХБ) бір ЭБ-ге сәйкес келеді.

Талдау жүргізу кезінде белсенділігі Эндотоксиннің халықаралық стандарты бойынша белгіленген Эндотоксиннің бақылау стандарты (ЭБС) пайдаланылуы мүмкін.

ЭБС амебоциттер лизатының осы партиясымен талдау жүргізуге арналуы тиіс. ЭБС ерітуді және сақтауды өндіруші фирманың нұсқаулығына сәйкес жүзеге асырады.

Амебоциттердің лизаты

Бактериялық эндотоксиндерді анықтаудың таңдалған әдісіне арналған *Limulus polyphemus* немесе *Tachypleus tridentatus* (ЛАЛ-реактив немесе ТАЛ-реактив) семсерқұйрықтың қанынан алынған амебоциттер лизатын қолдану қажет.

Амебоциттер лизатының (I) сезімталдығы эндотоксин бірліктерінде [ЭБ/мл] көрсетілген және осы амебоциттер лизатымен (А және В әдістері) реакция кезінде тығыз гельдің түзілуін туындататын Эндотоксиннің халықаралық стандартының ең аз концентрациясына сәйкес келеді немесе стандартты қисықта (С, Э, Е және F әдістері) ең аз мәні бар нүктеге сәйкес келеді.

Амебоциттердің лиофилизацияланған лизатын өсіру және оны сақтау өндіруші фирманың нұсқаулығына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескертпе: Эндооксиндерден басқа, амебоциттердің лизаты кейбір b-глюкандармен де реакцияға түсе алады, сондықтан глюкандармен әрекеттесетін G факторы жойылған өзіндік ерекшелігі бар амебоциттердің лизаты қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ, G факторының реакциялық жүйесін бұғаттайтын қосалқы ерітінділерді қолдануға рұқсат етіледі. Мұндай реактивтер глюкандардың қатысуымен эндотоксиндерді анықтау үшін қолданылуы мүмкін.

Бактериялық эндотоксиндер тестіне арналған су (БЭТ-ке арналған су)

Реактивтер ерітінділерін және сыналатын дәрілік заттың сұйылтуларын дайындау үшін БЭТ-ке арналған су пайдаланылады. БЭТ-ке арналған су инъекцияға арналған суға қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс және бұл ретте тестте айқындалатын мөлшерде бактериялық эндотоксиндерді қамтымауы тиіс.

СЫНАЛАТЫН ҮЛГІНІ ДАЙЫНДАУ

Әрбір таңдалған үлгі жеке сыналады.

Егер фармакопея бабында өзге еріткіш көрсетілмесе, сыналатын дәрілік затты еріту және/немесе сұйылту үшін БЭТ-ке арналған су пайдаланылады. Сыналатын ерітіндінің рН-ы амебоциттер лизатын өндіруші көрсеткен шектерде болуы тиіс, ол әдетте 6,0 – 8,0 құрайды. Қажет болған жағдайда рН-ті қажетті мәнге дейін жеткізу үшін қышқыл, негіз ерітінділері немесе буферлік ерітінді қолданылады. Пайдаланылатын ерітінділер тестте анықталатын мөлшердегі бактериялық эндотоксиндерді қамтымауы тиіс және реакция барысына әсер етпеуі керек.

Сыналатын дәрілік затты максималды ұйғарынды сұйылту

Осы дәрілік зат үшін белгіленген бактериялық эндотоксиндердің шекті мөлшерінің мәніне сәйкес келетін, онда эндотоксин концентрациясын анықтау мүмкін болатын, сыналатын дәрілік затты неғұрлым көп сұйылту сыналатын дәрілік затты максималды ұйғарынды сұйылту (МҰС) деп түсініледі.

Сыналатын дәрілік зат сұйылтудың соңғы дәрежесі формула бойынша есептелетін МҰС мәнінен аспаған жағдайда бір сұйылтуда немесе сұйылтулар сериясында тексерілуі мүмкін.

Бактериялық эндотоксиндердің шекті мөлшерін есептеу үшін келесі формула қолданылады:

$$M\dot{U}C = \frac{\text{Бактериялық эндотоксиндердің шекті мөлшері} \cdot \text{Сыналатын ерітіндінің концентрациясы}}{\lambda}$$

мұнда:

"бактериялық эндотоксиндердің шекті мөлшері"	=	фармакопея бабында көрсетілген сыналатын дәрілік заттағы бактериялық эндотоксиндердің ұйғарынды мөлшері; бактериялық эндотоксиндердің шекті мөлшері
"сыналатын ерітіндінің концентрациясы"	=	көрсетілген дәрілік заттың немесе әрекет ететін заттың концентрациясы;
1	=	амебоциттер лизатының сезімталдығы, ЭБ/мл.
Бактериялық эндотоксиндердің шекті мөлшері'	=	КМ

мұнда: $K =$ сыналатын дәрілік препарат үшін шекті пирогендік доза 1 сағатта 5 ЭБ/кг тең (егер ол интратекальды әдістен басқа кез келген парентералдық жолмен пациентке енгізілсе). Дәрілік препаратты интратекальді енгізу кезінде $K 0,2$ ЭБ/кг құрайды;

Көктамырға егілетін радиофармацевтикалық дәрілік препараттар үшін бактериялық эндотоксиндердің шекті мөлшері 175/V ретінде есептеледі, мұндағы V — мл-де ұсынылатын ең жоғары доза. Интратекальді енгізілетін радиофармацевтикалық дәрілік препараттар үшін бактериялық эндотоксиндердің шекті мөлшері 14/ V тең.

Дозасы дене бетінің 1 м²-ге есептелетін дәрілік препараттар (мысалы, ісікке қарсы препараттар) үшін шекті пирогендік доза (K) 100 ЭБ/м² құрайды.

ГЕЛЬ-ТРОМБ ТЕСТІ

(А ЖӘНЕ В ӘДІСТЕРІ)

Гель-тромб әдісі сынамадағы эндотоксиндердің бар-жоғын анықтауға немесе концентрациясының мөлшерін өлшеуге мүмкіндік береді. Амебоцит лизатының эндотоксинмен реакциясы нәтижесінде реакциялық қоспаның тұтқырлығы тығыз гель пайда болғанға дейін ұлғаяды.

Сынақтардың дәлдігі мен дұрыстығын қамтамасыз ету үшін амебоциттер лизатының мәлімделген сезімталдығын растау қажет, сондай-ақ "*Алдын ала талдаулар*" бөлімінде сипатталғандай, кедергі келтіретін факторлардың болуына сынақ жүргізу керек.

Сынақ жүргізу рәсімі. Диаметрі 10 мм болатын түбі дөңгелек пробиркаларға сыналатын ерітіндінің және амебоциттер лизатының тең көлемі (0,1 мл-ден) енгізіледі. Реакциялық қоспаларды абайлап араластырады және 37±1 °С температурада 60 ±2 минут бойы инкубациялайды. Инкубация кезінде діріл мен соққылардан сақтану керек. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін нәтижелер визуалды түрде оң немесе теріс ретінде тіркеледі. Оң реакция (+) тығыз гельдің пайда болуымен сипатталады, ол пробирканы 180°-қа бір рет ұқыпты аударған кезде ыдырамайды. Теріс реакция (–) осындай гельдің болмауымен сипатталады.

АЛДЫН АЛА ТАЛДАУЛАР

Амебоциттер лизатының мәлімделген сезімталдығын растау

Талдау пайдаланылатын амебоцит лизатының әрбір жаңа сериясы үшін, сондай-ақ эксперимент шарттары өзгерген кезде, тест нәтижелеріне ықпал етуге қабілетті қолданылатын материалдар мен реактивтерге жүргізіледі.

Сынақ жүргізу рәсімі. Талдау жүргізу үшін С және D ерітінділерін 2.1.6.8.-1-кестеде келтірілген сызба бойынша дайындайды.

С ерітінділері – тестке арналған судағы ЭБС сұйылтуларының сериясы (амебоциттер лизатының сезімталдығын тексеру);

D ерітіндісі – БЭТ-ке арналған су (теріс бақылау).

Нәтижелер және интерпретациялау. Егер:

- *D ерітіндісі* үшін (теріс бақылау) барлық қайталауларда теріс нәтижелер алынса;

- концентрациясы 2 l C ерітіндісі үшін оң нәтижелер алынса;
- концентрациясы 0,25 l C ерітіндісі үшін теріс нәтижелер алынса, талдау дұрыс деп саналады.

Реакцияның соңғы нүктесінде ЭБС концентрациясының орташа геометриялық мәні

$$= \text{antilog} \left(\frac{\sum e}{f} \right)$$

мұнда:

$$\sum e$$

-

$$f$$

-

әрбір қайталанудағы реакцияның соңғы нүктесіндегі ЭБС концентрациясының логарифмдерінің сомасы
қайталау саны

Амебоцит лизатының мәлімделген сезімталдығы, егер экспериментте алынған амебоциттер лизаты сезімталдығының мәні кемінде 0,5 l және 2 l артық болса, ол расталған болып саналады және одан кейінгі есептерде пайдаланылады.

Кедергі келтіретін факторлары

Сыналатын дәрілік заттың құрамында амебоцит лизатының бактериялық эндотоксиндермен реакциясын күшейтетін және/немесе тежейтін кедергі келтірен факторлар болуы мүмкін. Бұл құбылыстарды эксперименттің стандартты жағдайларында қолданылатын амебоциттер лизатының БЭТ-ке арналған суда және сыналатын дәрілік заттың ерітіндісінде ЭБС ерітіндісімен әрекеттесу қабілетін салыстыра отырып, анықтауға болады.

Сынаққа МҰС мәнінен аспайтын кез келген сұйылтудағы дәрілік зат жатқызылуы мүмкін. Осы талдауда пайдаланылатын сыналатын дәрілік заттың (немесе оны сұйылтудың) сынамаларында тестте айқындалатын мөлшерде бактериялық эндотоксиндер болмауы тиіс.

2.1.6.8.-1.- "Амебоциттер лизатының мәлімделген сезімталдығын растау" экспериментінің сызбасы

Ерітінді	Бастапқы ерітінді	Еріткіш	Сұйылту факторы	Сыналатын ерітіндідегі ЭБС соңғы концентрациясы	Қайталау саны
C	Концентрациясы 2 l болатын БЭТ-ке арналған судағы ЭБС ерітіндісі	БЭТ-ке арналған су	1	2 l	4
			2	1 l	4
			4	0,5 l	4
			8	0,25 l	4
D	БЭТ-ке арналған су	—	—	—	2

Сынақ жүргізу рәсімі. Талдау үшін 2.1.6.8.-2-кестеде келтірілген сызбаға сәйкес А – D ерітінділері дайындалады.

A ерітіндісі – таңдалған сұйылтудағы сыналатын дәрілік зат (бактериялық эндотоксиндердің болмауын бақылау);

В ерітінділері – сыналатын дәрілік заттың ерітіндісіндегі ЭБС сұйылтуларының сериясы (ингибациялау немесе реакцияның күшею мүмкіндігін анықтау);

С ерітінділері – БЭТ-ке арналған судағы ЭБС сұйылтуларының сериясы (оң бақылау);

Д ерітіндісі – БЭТ-ке арналған су (теріс бақылау).

Нәтижелер және интерпретациялау. Егер:

- *А және Д ерітінділері үшін* барлық қайталауларда теріс нәтижелер алынса;

- *С ерітінділері* (оң бақылау) үшін бактериялық эндотоксиндер концентрациясының орташа геометриялық мәні кемінде 0,5 І және 2 І артық болса, эксперимент нәтижелері дұрыс деп есептеледі.

В ерітінділерінің әр қайталануы үшін алынған нәтижелерге сәйкес амебоциттер лизатының сезімталдығының орташа геометриялық мәні есептеледі. Есептеу "Амебоциттер лизатының мәлімделген сезімталдығын растау" бөлімінде сипатталғандай жүргізіледі. Егер алынған орташа мән кемінде 0,5 І және 2 І аспайтын болса, сыналатын дәрілік заттың таңдалған сұйылтуында амебоциттер лизатының бактериялық эндотоксиндермен реакциясын ингибациялайтын және/немесе күшейтетін кедергі келтіретін факторлар жоқ екендігі дәлелденген болып саналады және ол құрамында бактериялық эндотоксиндердің болуына талдау жүргізуге жіберілуі мүмкін.

Егер МҰС төмен сұйылтуда тексерілген сыналатын дәрілік зат үшін кедергі келтіретін факторлар анықталса, талдау МҰС-қа тең болатын сұйылтуға дейін көп сұйылтуда қайталанатын. Көп жағдайда сыналатын дәрілік затты қосымша сұйылту кедергі келтіретін факторлардың әсерін жоя алады. Амебоциттердің жоғары сезімталдық лизатын қолдану сұйылту дәрежесін арттыруға мүмкіндік береді.

Кедергі келтіретін факторлардың әрекетін үлгіні тиісті дайындау, мысалы, фильтрлеу, бейтараптандыру, диализ немесе температуралық өңдеу арқылы еңсерілуі мүмкін. Кедергі келтіретін факторларды жоюдың таңдалған тәсілі сыналатын дәрілік заттағы бактериялық эндотоксиндердің концентрациясын өзгертпеуі тиіс, сондықтан сыналатын дәрілік затының ерітіндісіне белгілі концентрациядағы ЭБС-ті осындай өңдеуді жүргізер алдында қосады, содан кейін "*Кедергі келтіретін факторлар*" талдауы жүргізіледі. Егер таңдалған тәсілмен өңдеуден кейін талдау нәтижелері қанағаттанарлық болса, онда сыналатын дәрілік зат бактериялық эндотоксиндердің болуына талдауға жіберіледі.

Егер сыналатын затты кедергі келтіретін факторлардан босату мүмкін болмаса, оны бактериялық эндотоксиндерді анықтайтын тест көмегімен зерттеу мүмкін емес.

2.1.6.8.-2- кесте. "*Кедергі келтіретін факторлар*" экспериментінің сызбасы

Ерітінді	Бастапқы ерітінді	Еріткіш	Сұйылту факторы	Сыналатын ерітіндідегі эндотоксиннің с о н ғ ы концентрациясы	Қайталау саны
----------	-------------------	---------	-----------------	---	---------------

A	Сыналатын дәрілік зат			4
	Концентрациясы 2 л болатын ЭБС	1	2 л	4
B	қамтитын Сыналатын	2	1 л	4
	сыналатын дәрілік зат	4	0,5 л	4
	дәрілік зат	8	0,25 л	4
C	Концентрациясы 2 л болатын	1	2 л	2
	БЭТ-ке арналған БЭТ-ке арналған	2	1 л	2
	судағы ЭБС су	4	0,5 л	2
	ерітіндісі	8	0,25 л	2
D	БЭТ-ке арналған су			2

САПАЛЫҚ ТАЛДАУ (A әдісі)

Бұл талдаудың міндеті сыналатын үлгідегі бактериялық эндотоксиндердің мөлшері фармакопоя бабында көрсетілген бактериялық эндотоксиндердің шекті мөлшерінің мәнінен аспайтынын растау болып табылады.

Сынақ жүргізу рәсімі. Талдау жүргізу үшін A – D ерітінділерін 2.1.6.8.-3-кестеде келтірілген сызба бойынша дайындайды.

A ерітіндісі – кедергі келтіретін факторлар жоқ сұйылтудағы немесе МҰС-тан аспайтын үлкен көлемдегі сұйылтудағы сыналатын дәрілік зат;

B ерітіндісі – ЭБС қосылған таңдалған сұйылтудағы сыналатын дәрілік зат. Талданатын ерітіндідегі эндотоксиннің соңғы концентрациясы 2 л құрауы тиіс (сыналатын үлгіні оң бақылау).

C ерітіндісі – соңғы концентрациясы 2 л болатын БЭТ-ке арналған судағы ЭБС ерітіндісі (оң бақылау).

D ерітіндісі – БЭТ-ке арналған су (теріс бақылау).

Нәтижелер және интерпретациялау. Егер:

- D ерітіндісі үшін (теріс бақылау) екі қайталауда да теріс нәтижелер алынса;
- C ерітіндісі үшін (оң бақылау) барлық қайталануларда оң нәтижелер алынса;
- B ерітіндісі үшін (сыналатын үлгіні оң бақылау) екі қайталауда да оң нәтижелер алынса, талдау сенімді деп саналады.

Егер A ерітіндісі үшін екі қайталауда теріс нәтижелер алынса, дәрілік зат сынақтан өтті деп саналады.

Егер МҰС-тан аз сұйылтуда сыналатын дәрілік зат үшін екі қайталауда оң нәтижелер алынса, талдауды МҰС-тың ауқымды сұйылтуында немесе оған тең сұйылтуда қайталау керек.

Егер МҰС-қа тең сұйылтуда сыналатын дәрілік зат үшін екі қайталауда да оң нәтижелер алынса, онда дәрілік зат дәрілік заттың фармакопоя бабының "Бактериялық эндотоксиндер" бөлімінің талаптарына сәйкес келмейді.

Егер *A ерітіндісі* үшін қайталаулардың бірінде оң нәтиже алынса, онда талдау қайта жасалады. Егер қайталама талдауда екі қайталау үшін теріс нәтижелер алынса, дәрілік зат сынақтан өтті деп есептеледі.

САНДЫҚ ТАЛДАУ (B әдісі)

Бұл әдіс сыналатын дәрілік затты бірқатар дәйекті сұйылту арқылы бактериялық эндотоксиндердің мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді.

Сынақ жүргізу рәсімі. Талдау жүргізу үшін *A – D ерітінділерін* 2.1.6.8.-4-кестеде келтірілген сызба бойынша дайындайды.

A ерітінділері – кедергі келтіретін фактор жоқ сұйылтудан бастап МҰС-тан аспайтын ең көп сұйылтуға дейін сыналатын дәрілік затты сұйылту.

B ерітіндісі – ЭБС ерітіндісі қосылған *A ерітіндісінің* сұйылтулар сериясынан аз сұйылту. Талданатын ерітіндідегі эндотоксиннің соңғы концентрациясы 2 l болуы керек (сыналатын үлгіні оң бақылау).

C ерітінділері – БЭТ-ке арналған судағы ЭБС сұйылтуларының сериясы (оң бақылау).

2.1.6.8.-3.-кесте. – "Сапалы талдау" экспериментінің сызбасы

Ерітінді	Бастапқы ерітінді	Сыналатын ерітіндідегі эндотоксиннің (ЭБС) соңғы концентрациясы	Қайталау саны
<i>A</i>	Сыналатын дәрілік зат		2
<i>B</i>	Концентрациясы 2 l болатын ЭБС қамтитын сыналатын дәрілік зат	2 l	2
<i>C</i>	Концентрациясы 2 l болатын БЭТ-ке арналған судағы ЭБС ерітіндісі	2 l	2
<i>D</i>	БЭТ-ке арналған су		2

D ерітіндісі – БЭТ-ке арналған су (теріс бақылау).

Нәтижелер және интерпретациялау. Егер:

- *D ерітіндісі* үшін (теріс бақылау) екі қайталауда теріс нәтижелер алынса;
- *C ерітінділері* үшін (оң бақылау) бактериялық эндотоксиндер концентрациясының орташа геометриялық мәні кемінде 0,5 l болса және 2 l аспаса;
- *B ерітіндісі* үшін (сыналатын үлгіні оң бақылау) екі қайталауда оң нәтижелер алынса, талдау сенімді деп саналады.

A ерітінділері үшін реакцияның соңғы нүктесі сыналатын дәрілік заттың анағұрлым көп сұйылтуы үшін алынған оң нәтиже болып табылады.

Осы сұйылту факторының амебоциттер лизатының сезімталдық шамасына көбейтіндісінің мәні (1) осы қайталану үшін алынған *A ерітіндісіндегі* эндотоксин концентрациясына тең. Эндотоксин концентрациясының орташа геометриялық мәні "*Амебоциттер лизатының мәлімделген сезімталдығын растау*" бөлімінде сипатталғандай есептеледі.

Егер *A ерітінділері* сериясының барлық қайталануларында теріс нәтижелер алынса, онда сыналатын дәрілік заттағы бактериялық эндотоксиндердің концентрациясы амебоциттер лизатының сезімталдығы және сұйылтудың ең аз факторы көбейтіндісінің шамасынан аз.

Егер *A ерітінділері* сериясының барлық қайталануларында оң нәтижелер алынса, онда сыналатын дәрілік заттағы бактериялық эндотоксиндердің концентрациясы амебоциттер лизатының сезімталдығы және сұйылтудың ең көп факторы көбейтіндісінің шамасынан көп.

Дәрілік зат, егер экспериментте анықталған бактериялық эндотоксиндер мөлшерінің орташа мәні дәрілік заттың фармакопоя бабында көрсетілген бактериялық эндотоксиндердің шекті мөлшерінің мәнінен аз болса, сынақтан өтті деп есептеледі.

ФОТОМЕТРИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР (С, D, E ЖӘНЕ F ӘДІСТЕРІ) ТУРБИДИМЕТРИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР (С ЖӘНЕ F)

Турбидиметриялық әдістер реакциялық қоспаның бұлдырлану дәрежесін өлшеуге негізделген фотометриялық әдістерге жатады. Сынақ жүргізудің негізіне алынған принципке байланысты көрсетілген әдіс соңғы нүкте бойынша турбидиметриялық тест ретінде немесе турбидиметриялық кинетикалық талдау ретінде жүргізілуі мүмкін.

Соңғы нүкте бойынша турбидиметриялық тест (F әдісі) эндотоксин концентрациясына тәуелді инкубациялық кезеңнің соңында реакциялық қоспаның бұлдырлану дәрежесін өлшеуге негізделген.

Турбидиметриялық кинетикалық тест (C әдісі) оптикалық тығыздықтың берілген шамасына қол жеткізу үшін қажетті уақыт бойынша өлшенетін реакциялық қоспаның бұлдырлануының даму жылдамдығын айқындауға негізделген.

Сынақ амебоцит лизатын өндіруші ұсынған инкубациялау температурасында жүзеге асырылады (әдетте $37 \pm 1^\circ\text{C}$).

2.1.6.8.-4.-кесте. "Сандық талдау" экспериментінің сызбасы

Ерітінді	Бастапқы ерітінді	Еріткіш	Сұйылту факторы	Сыналатын ерітіндідегі ЭБС-тің соңғы концентрациясы	Қайталау саны
A	Сыналатын дәрілік зат	БЭТ-ке арналған су	1		2
			2		2
			4		
			8		

			және МҰС-қа дейін	2 2
B	Концентрациясы 2 1 болатын ЭБС қамтитын	Сыналатын	1	2 1
	сыналатын дәрілік зат	дәрілік зат		2
C	Концентрациясы 2 1 болатын		1	2 1
	БЭТ-ке арналған	БЭТ-ке арналған	2	1 1
	судағы ЭБС	су	4	0,5 1
	ерітіндісі		8	0,25 1
D	БЭТ-ке арналған су			2

ХРОМОГЕНДІК ӘДІСТЕР (D ЖӘНЕ F)

Хромогендік әдістер эндотоксиндердің амебоциттердің лизатымен реакциясы нәтижесінде хромогендік субстраттан босап шыққан хромофор мөлшерін өлшеу үшін қолданылады. Сынақтың негізіне салынған принципке байланысты бұл әдіс соңғы нүкте бойынша хромогендік сынақ немесе хромогендік кинетикалық талдау түрінде жүргізілуі мүмкін.

Соңғы нүкте бойынша хромогендік тест (*E әдісі*) инкубациялық кезеңнің соңында босап шыққан хромофор мөлшеріне байланысты реакциялық қоспа түсінің боялу интенсивтілігін өлшеуге негізделген. Бөлінген хромофордың мөлшері эндотоксин концентрациясына байланысты.

Хромогенді кинетикалық әдіспен сынақ процесінде (*D әдісі*) реакциялық қоспаның берілген оптикалық тығыздығының берілген шамасына қол жеткізу үшін қажетті уақыт бойынша өлшенетін реакциялық қоспаның боялуының даму жылдамдығын анықтайды.

Сынақ амебоцит лизатын өндіруші ұсынған инкубациялау температурасында (әдетте $37 \pm 1^\circ\text{C}$) жүргізіледі.

АЛДЫН АЛА ТАЛДАУЛАР

Сынақтың дұрыстығы мен дәлдігін растау үшін турбидиметриялық немесе хромогендік әдіспен стандартты қисыққа арналған өлшемдердің дұрыстығына және сыналатын ерітіндіде реакция жүргізуге кедергі келтіретін факторлардың жоқтығына көз жеткізуге мүмкіндік беретін алдын ала талдаулар жүргізіледі.

Эксперимент нәтижелеріне әсер етуі мүмкін кез-келген өзгерістерді енгізу кезінде сынақтың дұрыстығы мен дәлдігін қосымша растау қажет.

Стандартты қисық өлшемдерінің дұрыстығын тексеру

Талдау амебоцит лизатының әрбір жаңа сериясы үшін жүргізіледі.

Стандартты қисықты құру үшін ЭБС-тың бастапқы ерітіндісінен амебоциттер лизатын өндірушінің ұсынымдарына сәйкес эндотоксиннің кемінде үш түрлі концентрациясын дайындайды. Талдауды амебоцит лизатын өндіруші (көлемдік арақатынасы, инкубациялау уақыты, температура, рН және т.б.) көздеген жағдайларда кем дегенде үш рет қайталап жүргізеді.

Егер кинетикалық әдістерде эндотоксин концентрациясының 1 g шамасына өлшеу диапазонының әрбір өзгерісі үшін эндотоксин концентрациясы шамасының 2 1 g асатын ЭБС диапазонымен стандартты қисық салу қажет болса, тәжірибе схемасына тиісті концентрациядағы ЭБС ерітіндісін қосу қажет.

Эндотоксин концентрациясының тексерілетін диапазоны үшін корреляция коэффициентінің абсолютті мәні $t/0,980$ -ге тең немесе одан артық болуы тиіс.

Кедергі келтіретін факторлар

МҰС мәнінен аспайтын кез келген сұйылтудағы дәрілік затқа сынақ жүргізілуі мүмкін.

Сынақ жүргізу рәсімі. 2.1.6.8.-5-кестеде көрсетілгендей А – D ерітінділері дайындалады. А, В, С және D ерітінділерін сынауды амебоциттер лизатын өндірушінің ұсынымдарына сәйкес (сыналатын препарат пен амебоциттер лизатының көлемі мен көлемдік арақатынасы, инкубациялау уақыты, температура, рН және т.б.) кемінде екі рет қайталап жүргізеді.

2.1.6.8.-5-кесте. – "Кедергі келтіретін факторлар" экспериментінің сызбасы

Ерітінді	Эндотоксин концентрациясы	Эндотоксин қосылған еріткіш	Қайталау саны
A		Сыналатын ерітінді	кем дегенде 2
B	Стандартты қисықтың орташа концентрациясы	Сыналатын ерітінді	кем дегенде 2
C	Кем дегенде 3 концентрация (ең аз концентрация 1 деп белгіленеді)	БЭТ-ке арналған су	Әр концентрация үшін кем дегенде 2
D		БЭТ-ке арналған су	кем дегенде 2

A ерітіндісі – МҰС мәнінен аспайтын сұйылтудағы сыналатын дәрілік заттың ерітіндісі;

B ерітіндісі – ЭБС қосылған таңдалған сұйылтудағы сыналатын дәрілік зат. Талданатын ерітіндідегі эндотоксиннің соңғы концентрациясы стандартты қисықты құру үшін пайдаланылған ЭБС концентрациясының орташа мәніне сәйкес келуі немесе соған жақын болуы тиіс (сыналатын үлгіні оң бақылау);

C ерітінділері – "Стандартты қисық критерийлерінің дұрыстығын тексеру" (оң бақылау) талдауын жүргізу кезінде пайдаланылған дәл сол концентрацияларда стандартты қисықты құру үшін пайдаланылатын ЭБС ерітінділері;

D ерітіндісі – БЭТ-ке арналған су (теріс бақылау).

Егер:

- стандартты қисық үшін алынған нәтижелер (*C ерітіндісі*) "*Стандартты қисық критерийлерінің дұрыстығын тексеру*" бөлімінде белгіленген дұрыстық талаптарына сәйкес келсе;

- *D ерітіндісі* үшін алынған нәтиже (теріс бақылау) пайдаланылатын амебоциттер лизатына нұсқаулықта көрсетілген шаманың мәнінен аспайды немесе пайдаланылатын әдіспен айқындалатын эндотоксин концентрациясынан кем болса, сынақ дұрыс деп саналады.

Тәжірибе кезінде алынған қосылған эндотоксин концентрациясының орташа мәнін *B ерітіндісіндегі* эндотоксин концентрациясының орташа мәнінен (құрамында қосылған эндотоксин бар) *A ерітіндісіндегі* эндотоксин концентрациясының орташа мәнін (ол болған кезде) шегере отырып, есептейді.

Егер сынақ жағдайында сыналатын ерітіндіге қосылған эндотоксиннің өлшенген концентрациясы қосылған эндотоксиннің белгілі концентрациясының 50 – 200 % - ын құраса, сыналатын ерітіндінің құрамында кедергі келтіретін фактор жоқ екендігі дәлелденді деп есептеледі.

Егер тәжірибеде айқындалған эндотоксин концентрациясы берілген шеңберге сәйкес келмесе, сыналатын препараттың құрамында реакцияға кедергі келтіретін факторлар бар деген қорытынды жасалады. Бұл жағдайда тәжірибе анағұрлым көп сұйылтуда МҰС-қа тең сұйылтуға дейін қайталануы мүмкін. Сыналатын препаратты анағұрлым көп сұйылтудан бөлек, кедергі келтіретін факторлардың әсерін тиісті өңдеу арқылы, мысалы филтрлеу, бейтараптандыру, диализ немесе температуралық әсер ету арқылы еңсеруге болады.

Кедергі келтіретін факторларды жоюдың таңдалған тәсілі сыналатын дәрілік заттағы бактериялық эндотоксиндер концентрациясының азайуына әкеп соқпауы тиіс, сондықтан мұндай өңдеуді жүргізер алдында сыналатын ерітіндіге алдымен белгілі концентрациядағы ЭБС ерітіндісін қосу керек, содан кейін "Кедергі келтіретін факторлар" талдауын қайталау керек. Егер таңдалған тәсілмен өңдеуден кейін талдау нәтижелері қанағаттанарлық болса, онда сыналатын дәрілік затқа құрамында бактериялық эндотоксиндердің болуына талдау жүргізілуі мүмкін.

Егер сыналатын дәрілік затты кедергі келтіретін факторлардан босату мүмкін болмаса, оны осы әдістердің көмегімен бактериялық эндотоксиндердің болуы тұрғысынан зерттеу мүмкін емес.

Сынақ жүргізу

Сынақ жүргізу рәсімі. Сынақты "Кедергі келтіретін факторлар" бөлімінде келтірілген әдістемеге сәйкес жүргізеді.

Нәтижелері. Әр қайталаудағы *A ерітіндісі* үшін эндотоксиндердің концентрациясын (*C ерітіндісі*) ЭБС сұйылту сериялары негізінде алынған стандартты қисықты қолдана отырып анықтайды.

Егер:

1) стандартты қисық үшін алынған нәтижелер (*C ерітінділері*) "*Стандартты қисық өлшемдерінің дұрыстығын тексеру*" бөлімінде белгіленген дұрыстық талаптарына сәйкес келсе;

2) *B ерітіндісіне* қосылған, тәжірибеде анықталған эндооксин концентрациясы *A ерітіндісінде* анықталған эндотоксин концентрациясының мәнін алып тастағаннан кейін белгілі шаманың 50 – 200 % шегінде болса;

3) *D ерітіндісі* үшін алынған нәтиже (теріс бақылау) нұсқаулықта көрсетілген пайдаланылатын амебоциттер лизаты шамасының мәнінен аспаса немесе пайдаланылатын әдіспен айқындалатын эндотоксин концентрациясынан кем болса, сынақ дұрыс деп саналады.

Нәтижелерді интерпретациялау. Егер экспериментте анықталған *A ерітіндісінің* қайталануындағы бактериялық эндотоксиндер мөлшерінің орташа мәні (сыналатын дәрілік заттың сұйылтылуы мен концентрациясын ескере отырып) фармакопея бабында көрсетілген бактериялық эндотоксиндердің шекті мөлшерінің мәнінен аз болса, дәрілік зат сынақтан өтті деп есептеледі.

201060009-2019

2.1.6.9. Ішуге арналған шығу тегі табиғи дәрілік препараттарды және оларды алу үшін пайдаланылатын шикізатты микробиологиялық сынау

1. КІРІСПЕ

Дәрілік өсімдік препараттарына (ДӨП) дәрілік өсімдік шикізатының бір түрінен немесе осындай шикізаттың бірнеше түрінен өндірілген немесе дайындалған және қайталама (тұтыну) қаптамада (бумалар, пакеттер, брикеттер және т.б.) өлшеп оралған түрінде сатылатын препараттар жатады.

ДӨП микробиологиялық тазалығына қойылатын талаптар ЖФБ-ның 2.3.1.2 – "Дәрілік заттардың, фармацевтикалық субстанциялардың және оларды өндіруге арналған көмекші заттардың микробиологиялық тазалығына қойылатын талаптар" бабында сипатталған.

2. ТАЛДАУ ҮШІН ҮЛГІЛЕРДІ ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУ

Дәрілік өсімдік препаратының әрбір бақыланатын сериясынан біріктірілген сынама алынады, одан микробиологиялық тазалықты анықтау үшін сыналатын үлгі бөлініп алынады (жалпы массасы кемінде 50 г болатын кемінде 5 ашылмаған тұтыну орамасы).

Сынау алдында тұтыну қаптамаларын стерильді аспаптардың көмегімен ашады, олардан сынаманы тең мөлшерде алады, араластырады және стерильді ыдысқа ауыстырады.

Аэробты микроорганизмдер мен саңырауқұлақтарды сандық анықтау үшін массасы 10,0 г (жемістер, қабығы, тамырлары мен тамырсабақтары, бүршіктері және т.б.) немесе 2,0 г (шөптер, жапырақтар, гүлдер және су сіңіру коэффициенті жоғары басқалары) сыналатын үлгіні стерильді колбаға ауыстырады. Сыналатын үлгінің массасы 10,0 г болған кезде колбаға 100 мл 0,9% натрий хлоридінің стерильді ерітіндісі құйылады. Сыналатын үлгісі бар колбаны тербелгіште немесе шайқауға арналған аппаратта кемінде 15 минут шайқайды. Алынған шайындыны 1:10 қатынасындағы сұйылту деп қарастырады. Сыналатын үлгінің массасы 2,0 г болған кезде колбаға 200 мл 0,9% стерильді натрий хлориді ерітіндісін қосады. Алынған шайынды 1:100 қатынасындағы сұйылту деп есептейді.

Егер сынақ үлгісі нашар суланса, колбаға ерітінді көлемінің 0,1% мөлшерінде стерильді твин-80 беттік белсенді заты қосылады.

3. АЭРОБТЫ МИКРООРГАНИЗМДЕРДІ САНДЫҚ АНЫҚТАУ

Аэробты микроорганизмдердің жалпы санын, 1 г (мл) препараттағы ашытқы және зең саңырауқұлақтарының жалпы санын сандық анықтауды 2.1.6.6. ЖФБ көрсетілгендей шыныаяқ агар әдісімен жүргізеді. Осы өнімдердің жоғары бастапқы контаминациясын ескере отырып, 1:10 немесе 1:100 қатынасындағы сұйылтуларға сәйкес келетін ДӨП-тен алынған шайындылардан сол сұйытқышта дәйекті он еселенген сұйылту дайындалады.

4. МИКРООРГАНИЗМДЕРДІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІН АНЫҚТАУ

E. coli бактерияларының, өтке төзімді энтеробактериялардың, *P. aeruginosa*, *S. aureus* бактерияларының жоқтығын сандық анықтау және сынау 2.1.6.7. ЖФБ келтірілген әдістермен орындалады.

Salmonella тектес бактерияларды бөліп алу үшін 225 мл тиісті сұйытқышта егу үшін 25 г (мл) сыналатын өнім қолданылады. Бұдан әрі сынақтар 2.1.6.7. ЖФБ көрсетілгендей жүргізіледі.

5. НӘТИЖЕЛЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУ

Сандық анықтамалардың нәтижелерін есепке алу 2.1.6.6 ЖФБ көрсетілгендей жүргізіледі.

Дәрілік өсімдіктер болып табылатын ДӨП немесе олардың бөліктері (жапырақтар, гүлдер, шөптер, жемістер, тұқымдар, қабықтар, тамырлар, тамырсабақтар және т. б.) аэробты бактериялар мен саңырауқұлақтар санына қатысты әртекті болып

табылатындықтан, дәрілік өсімдік шикізатының микробтық ластануының ұйғарынды нормалары "5" коэффициентін ескере отырып, мына түрде интерпретацияланады:

- егер 1 г-да микроорганизмдердің саны 10^5 КОЕ-ден артық болмаса – максималды $5 \cdot 10^5$ КОЕ/г рұқсат етіледі;

- егер 1 г-да микроорганизмдердің саны 10^7 КОЕ-ден артық болмаса – максималды $5 \cdot 10^7$ КОЕ/г және т. б. рұқсат етіледі.

201060010-2019

2.1.6.10. Иммуноферменттік талдау әдісі

Осы жалпы фармакопея бабы иммуноферменттік талдау (ИФТ) әдісіне қолданылады. ИФТ жоғары сезімтал және жоғары өзіндік ерекшелігі бар иммунодиагностикалық әдіс болып табылады, оның көмегімен антиген, гаптен (толық емес антиген) немесе антиденелер қасиеттеріне ие әртүрлі заттарды сапалы және сандық анықтау жүргізіледі. ИФТ әдісі биологиялық дәрілік препараттардың (БДП) сапасын анықтау үшін қолданылады.

ИФТ принципі иммундық кешенді қалыптастыра отырып, антиген мен антидененің өзіндік ерекшелігі бар өзара әрекеттесуіне негізделген, ол конъюгат (ферментпен белгіленген компонент) және тиісті субстрат болған кезде сигнал қалыптастырады. Сигналды детекциялау тікелей (зерттелетін заттың өзі ферментативті белсенділікке ие болған кезде немесе ферменттік белгімен белгіленген кезде), сондай-ақ жанама немесе тікелей емес (қатты фазада иммобилизацияланған антиденелермен байланысқан сыналатын зат ақуыздармен (иммуноглобулиндерге қарсы антиденелер, стафилококк А ақуызы және т.б.) инкубацияланған кезде), ферменттермен белгіленген болуы мүмкін. Сапалы талдау "бар/жоқ" принципі бойынша зерттелетін материалдың құрамында антиген немесе антидененің болуы туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Сандық талдау жүргізу кезінде зерттелетін материалдағы антиген немесе антидененің концентрациясы калибрлеу графигі қолданыла отырып анықталады.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

ИФТ әдісі 3 негізгі кезеңнен тұрады: 1) "антиген (зерттелетін зат) – оған тән өзіндік ерекшелігі бар антидене" иммундық кешенінің пайда болуы немесе керісінше; 2) алдыңғы кезеңде пайда болған иммундық кешенмен немесе байланыстыратын бос орындары бар (детерминанттармен) конъюгаттың байланысын қалыптастыру; 3) биохимиялық реакция нәтижесінде тіркелетін сигналға ферменттік белгінің әрекеті арқылы субстраттың қайта түзілуі.

Иммуноферментті талдаудың барлық әдістері біртекті немесе гетерогенді болып жіктеледі.

ИФТ-ның барлық 3 сатысы ерітіндіде өтетін және негізгі сатылар арасында пайда болған иммундық кешендерді реакцияға түспеген компоненттерден бөлудің қосымша кезеңдері жоқ әдістер ИФТ-ның гомогенді әдістері тобына жатады. Гомогенді ИФТ негізінде, әдетте төмен молекулалы субстанцияларды анықтау үшін ферменттің антигенмен немесе антиденемен қосылу кезіндегі белсенділігін инкубациялау процесі жатыр. Антиген-антидене реакциясы нәтижесінде ферменттің белсенділігі қалпына келеді. Құрамында фермент белгісі бар антиген - антидене иммундық кешені пайда болған кезде ферменттің белсенділігін жоғары молекулалы субстратқа қатысты 95%-ға инкубациялау жүреді, бұл субстратты ферменттің белсенді ортасынан стерикалық алып тастаумен байланысты. Антиген концентрациясының ұлғаюына қарай антиденелердің көп байланысуы жүреді және жоғары молекулярлық субстратты гидролиздеуге қабілетті көп "антиген – фермент" бос конъюгаттары сақталады. Гомогенді ИФТ әдісі экспресс болып табылады.

Гетерогенді әдістер үшін қатты фазаның – тасушының қатысуымен екі фазалы жүйеде талдау жүргізу тән және иммундық кешендерді әр түрлі фазаларда (қалыптасқан иммундық кешендер қатты фазада, ал реакцияға түспеген кешендер ерітіндіде болады) болатын реакцияға түспеген компоненттерден бөлу (жуу) сатысы міндетті. Бірінші кезеңде иммундық кешендердің қалыптасуы қатты фазада болатын гетерогенді әдістер қатты фазалық әдістер деп аталады.

Әдістер гомогенді-гетерогенді болып бөлінеді, егер 1 кезең – өзіндік ерекшелігі бар кешендердің түзілуі ерітіндіде жүрсе, содан кейін компоненттерді бөлу үшін иммобилизацияланған реагенті бар қатты фаза қолданылады.

Гетерогенді ИФТ әдісі 3 негізгі сатыдан тұрады:

1) антигенді немесе антиденені қатты фазада иммобилизациялау (алынған кешен иммуносорбент деп аталады) және байланысқа түспеген реагентті жою және оқшаулайтын ақуыздар (альбумин, казеин) көмегімен қатты фазадағы байланыстырушы сайттарды бұғаттау;

2) талданатын препаратты иммуносорбентпен инкубациялау;

3) талданатын препараттың ферментативті белсенділігі бойынша детекциясы. Тікелей нұсқада талданатын зат ферментативті белсенділікке ие не оған ферментативті белгімен байланысу нәтижесінде ие болады. Жанама нұсқада ферментативті белгімен конъюгацияланған қайталама антиденелері бар "иммуносорбент – зерттелетін зат" кешенін қосымша инкубациялау жасалады.

Зерттелетін затты сандық анықтау қолданылатын детекторға қолайлы субстратты қосу және зерттелетін заттың сигналын стандартты үлгімен салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

Гетерогенді ИФТ әдісі бәсекелес емес ИФТ және бәсекелес ИФТ болып бөлінеді. Талдау сызбалары дәрілік препаратты әзірлеу процесінде қажетті талаптарға сәйкес өзгертілуі мүмкін. Өзгерістер жеке фармакопоя бабында немесе сапа жөніндегі

нормативтік құжатта көрсетілуге тиіс. ИФТ-ні қою тәсілін таңдау зерттелетін заттың сипатына және оның мөлшеріне байланысты, өйткені ИФТ-ның әртүрлі түрлері әртүрлі сезімталдыққа ие. Антиденелері бар заттардың сапасын бағалау үшін өзіндік ерекшелігі бар антиидиотиптік антиденелерді пайдалануға болады.

ИФТ-ның бәсекелес емес әдісі

ИФТ-ның бәсекелес емес әдісі детекция түрі бойынша (тікелей бәсекелес емес, жанама (тікелей емес) бәсекелес емес) және қатты фазада иммобилизацияланған зат типі бойынша (антиген немесе антидене) бірнеше түрге бөлінеді.

ИФТ-ның тікелей бәсекелес емес нұсқасы

Оны 2 жолмен орындауға болады. Бірінші жағдайда зерттелетін зат (антиген) қатты фазада тікелей иммобилизацияланады; сонда антигенмен байланысқан таңбаланған антидене детектор болып табылады. Тестті басқа жолмен орындау кезінде қатты фазада иммобилизацияланған антиденелер қолданылады. Бұл жағдайда детектор ферментпен таңбаланған зерттелетін зат болып табылады.

ИФТ-ның жанама (тікелей емес) бәсекелес емес нұсқасы

ИФТ-ның тікелей емес нұсқасын орындау кезінде антиген қатты фазада иммобилизацияланады. Бұғатталғаннан кейін антигенге өзіндік ерекшелігі бар антиденелердің ерітіндісі қосылады. Инкубациядан кейін түзілетін антиген-антидене кешені байланыспаған антиденелерден жуады және детектор ретінде әрекет ететін ферментпен таңбаланған анти-иммуноглобулинді (анти-Ig) қосады. Анти-Ig детекторлары Ig-ның нақты сыныптары мен кіші сыныптары үшін коммерциялық қолжетімді, бұл талдаудың осы форматын антиденелерді изотиптеуге ыңғайлы етеді. Сонымен қатар, таңбаланған анти-Ig қолдану иммуноферментті талдаудың тікелей әдісімен салыстырғанда сигналды күшейтеді, осылайша талдаудың сезімталдығы арттырылады.

"Сэндвич" әдісі ИФТ қою нұсқасы ретінде

Ең көп таралған бәсекелес емес әдістің бірі "сэндвич" әдісі. Оны орындау кезінде қатты фазада кейіннен бұғаттай отырып, бастапқы антиденелер иммобилизацияланады. Содан кейін оларға антигені бар зерттелетін зат қосылады және инкубацияланады. Инкубациядан кейін антиген – антидене кешенін байланысқа түспеген антигеннен жуады және ферментпен таңбаланған қайталама антиденелерді қосады және детекцияны жүргізеді.

ИФТ-ның бәсекелес әдісі

ИФТ-ның бәсекелес әдісі бірнеше типке: детекция типі бойынша (тікелей бәсекелес, жанама (тікелей емес) бәсекелес) және қатты фазада иммобилизацияланған зат типі бойынша (антиген немесе антидене) бөлінеді.

ИФТ-ның тікелей бәсекелес нұсқасы

Еритін антигендерді табу немесе сандық анықтау үшін қатты фазада иммобилизацияланған антигені бар ИФТ-ның тікелей бәсекелес нұсқасы қолданылады. Ол үшін тиісті детекормен конъюгацияланған антиген-өзіндік ерекшелігі бар антиденелер қолданылады (мысалы, желкек пероксидазасы, сілтілі фосфатаза, рутений немесе флуоресцеин). Стандартты антигенді кейіннен бұғаттау арқылы қатты фазада иммобилизациялайды. Ферментативті таңбамен конъюгацияланған антиденені зерттелетін затпен (еритін антиген) инкубациялайды. Содан кейін бұл қоспаны иммобилизацияланған антигенге қосады, инкубациялайды, содан кейін антиген - антиденеден байланыспаған кешенді жуады. Келесі қадам – таңба ретінде қолданылатын фермент үшін қолайлы субстрат қосу. Жүйеде 2 антигеннің болуымен байланысты реакцияны инкубациялау бәсекелес еритін антигені жоқ бақылау үлгісімен салыстырғанда зерттелетін зат мөлшеріне кері пропорционал болып табылады.

Қатты фазада иммобилизацияланған антиденесі бар ИФТ-ның тікелей бәсекелес нұсқасын орындау қатты фазада иммобилизацияланған антигені бар тікелей бәсекелес ИФТ-ға ұқсас, алайда антиденелерді табу немесе сандық анықтау үшін қолданылады.

ИФТ-ның жанама (тікелей емес) бәсекелес нұсқасы

ИФТ-ні қоюдың бұл тәсілі тікелей бәсекелес нұсқаға ұқсас, алайда таңбаланған антидененің немесе антигеннің орнына детекция кезінде таңбаланған анти-Ig реагент немесе сәйкесінше таңбаланған қайталама антиденелер пайдаланылады.

ИФТ әдісін жүргізудің жалпы шарттары

Иммуноферментті талдау үшін қатты фаза ретінде әртүрлі материалдар қолданылады: силикон, нитроцеллюлоза, полиамидтер, полистирол, поливинилхлорид, полипропилен, акрил және басқалар. Қатты фаза ретінде пробирканың қабырғалары, 96-шұңқырлы және басқа да планшеттер, шарлар, моншақтар, сондай-ақ ақуыздарды белсенді сіңіретін нитроцеллюлоза және басқа да мембраналар болуы мүмкін. Иммобилизациялау принципі (гидрофобты, гидрофильді, ковалентті өзара әрекеттесу) қандай қатты фаза таңдалатынына байланысты. Микротитирлеу үшін 96-шұңқырлы пластикалық планшеттерді қатты фаза ретінде жиі қолданады. Планшеттегі шұңқырлар саны әр түрлі болуы мүмкін. Планшет мөлдір (колориметриялық детекция) және күңгірт (химилюминесценттік детекция, флуориметрия) болуы мүмкін.

Иммобилизациялауды шұңқырда ауа көпіршіктерінсіз жүргізу керек, өйткені олардың болуы оптикалық тығыздықтың көрсеткішін өзгертеді. Биотинилденген иммобилизацияланған реагенттерді қолдануға болады. Бұл жағдайда реакцияда стрептавидин және биотинилденген ферментативті таңба қолданылады. Бұл әдіс сигналды күшейту үшін қолданылады. Реагенттің кинетикалық сипатына,

тұрақтылығына және концентрациясына байланысты иммобилизациялау уақыты мен температура жеке фармакопея бабында және сапа жөніндегі нормативтік құжатта көрсетілуге тиіс.

Иммуноферменттік талдаудың барлық сатылары, жуу және бұғаттау ерітінділері, әрбір саты үшін уақыт аралықтары мен температуралық жағдайлар, шейкерде инкубациялау үшін минуттына айналымдар саны, детекция шарттары жеке фармакопея бабында немесе сапа жөніндегі нормативтік құжатта көрсетілуге тиіс.

Детекция

Детекция үшін ферментпен таңбаланған антиденелер пайдаланылады. Ферменттік таңба ретінде желкек пероксидазасы, сілтілі фосфатаза немесе галактозидаза жиі қолданылады. Ферменттерге арналған субстраттар хромогенді, химилюминесцентті және флуоресцентті болуы мүмкін. Детекция әдісі ретінде қандай субстрат таңдалғанға қарай спектрофотометрия, люминометрия немесе флуориметрия қолданылуы мүмкін.

ИФТ сандық әдісінің нәтижелері

ИФТ сандық әдісінің нәтижелері кері регрессиясы бар сызықтық калибрлеу қисығы бойынша немесе кері регрессиясы бар сызықтық емес калибрлеу қисығын қолданатын кешенді әдіс арқылы есептеледі. Нәтижелерді интерпретациялау әдісі ИФТ-ны қою әдісіне байланысты. Мысалы, калибрлеу қисығы арқылы сынақ нәтижелері бойынша белгісіз үлгінің концентрациясын бағалауға, ингибациялаудың жартылай максимальды концентрациясын немесе тиімді концентрациясын бағалауға болады. Бұл зерттелетін заттың мөлшерін немесе оның белсенділігін эталондық/калибрлік стандартты үлгімен (СҮ) салыстырғанда анықтауға мүмкіндік береді. Әдетте талданатын препараттың концентрациясын сипаттайтын ИФТ-ның сандық әдісін орындау кезінде калибрлеу қисығының түрі сызықтық емес есептелген орташа мәнге байланысты есептеледі. Осыған байланысты алынған қисықты талдау үшін әртүрлі математикалық модельдерді қолдану ұсынылады. Егер ИФТ автоматты планшеттік спектрофотометрлерді, люминометрлерді немесе флуориметрлерді пайдалана отырып жүргізілсе, нәтижелерді өңдеу аспаптарға бағдарламалық қамтылымды орнату көмегімен жүргізіледі. Басқа жағдайларда, ИФТ әдістің сезімталдығы шегінде сынамада сол немесе өзге зерттелетін заттың болуын бағалауға мүмкіндік беретін сапалық әдіс ретінде қолданылады.

2.1.7. ФАРМАКОГНОСТИКАЛЫҚ СЫНАҚТАР

201070001-2019

2.1.7.1. Сынамаларды іріктеу

Осы жалпы фармакопея бабы өндірілген (дайындалған) дәрілік заттардың сынамаларын (іріктемелерін), сондай-ақ олардың сапасының жалпы немесе жеке фармакопея бабындарда көрсетілген талаптарға сәйкестігін айқындау үшін материалдарды іріктеуге қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

Осы жалпы фармакопея бабы дәрілік өсімдік шикізатының сынамаларын іріктеуге қолданылмайды.

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Іріктеме (сынама) — бас жиынтықтан іріктеменің белгіленген рәсіміне сәйкес іріктелген бір немесе бірнеше іріктеме бірліктері.

Іріктеме бірлігі – бірлікті құрайтын және іріктеменің бір бөлігін қалыптастыру үшін бір уақытта бір жерден алынған дәрілік заттардың немесе материалдардың белгілі бір саны.

Бас жиынтық – бақыланатын серия (партия).

Дайын өнім (дайын өнім, түпкі өнім) – технологиялық процестің барлық кезеңдерінен, оның ішінде түпкілікті қаптамадан өткен дәрілік зат.

Сынаманы бөлу – кесу, механикалық бөлу немесе ширектеу сияқты тәсілмен бір немесе бірнеше сынаманы бөлінбеген өлшеп оралмаған өнім сынамасынан іріктеу процесі.

Ластану (контаминация) – технологиялық процесс, сынамаларды іріктеу, қаптау немесе қайта орау, сақтау немесе тасымалдау кезінде бастапқы шикізатқа, аралық өнімге немесе фармацевтикалық субстанцияға химиялық немесе микробиологиялық сипаттағы қоспаларды немесе бөгде заттарды орынсыз енгізу.

Сапаны бақылау – жеке фармакопея бабының немесе сапа жөніндегі нормативтік құжаттың талаптарына сәйкес келуіне сынақтар жүргізу.

Материалдар – шикізатты (бастапқы шикізат, реактивтер, еріткіштер), қосалқы материалдарды, аралық өнімді, фармацевтикалық субстанцияны және қаптау мен таңбалауға арналған материалдарды білдіретін жалпы ұғым.

Сапа жөніндегі нормативтік құжат – талдамалық әдістемелер мен сынақтардың ерекшелігі мен сипаттамасын немесе оларға сілтемелерді, сондай-ақ дәрілік препаратқа сараптама жүргізу негізінде көрсетілген сапа көрсеткіштері үшін қолайлылықтың тиісті критерийлерін және т. б. қамтитын дәрілік препараттың сапасын бақылауға қойылатын талаптарды белгілейтін, Еуразиялық экономикалық одақ аумағында тіркеу кезінде уәкілетті орган бекітетін және Еуразиялық экономикалық одақ аумағында тіркеуден кейінгі кезеңде дәрілік препараттың сапасын бақылауға арналған құжат.

Үлгі (сынақтар үшін) (соңғы (ақтық) іріктеме) – сынақ кезінде осы объектілердің өкілі ретінде пайдаланылатын белгілі бір нақты дәрілік заттың немесе материалдың саны.

Репрезентативтік үлгі – серияның әртүрлі бөліктері немесе әртекті өнімнің әртүрлі қасиеттері пропорционалды түрде ұсынылғанына кепілдік беретін осындай іріктеу процедурасын қолдана отырып алынған үлгі.

Біріктірілген сынама – осы дәрілік заттан немесе материалдардан алынған бірнеше нақты сынамаларды біріктіру арқылы алынатын, нормативтік құжаттама талаптарына сәйкестікке сынақтар жүргізуге арналған дәрілік заттың немесе материалдардың сынамасы.

Іріктеме көлемі – іріктемедегі іріктеме бірліктерінің саны.

Сынамаларды іріктеу – жеке фармакопея бабының немесе сапа бойынша нормативтік құжаттың немесе өзге де мақсаттардың талаптарына сәйкестігіне сынақтар жүргізу үшін дәрілік заттар мен материалдардың сынамаларын алу (іріктеу) бойынша іс-әрекеттер.

Сынамаларды іріктеу жоспары – сынақтар жүргізу үшін қажет және қолайлықтың осы критерийлеріне сәйкес келетін іріктеме бірліктерінің санын белгілейтін жоспар.

Сынама – бақыланатын сериядан (партиядан) іріктелген дәрілік заттар мен материалдардың белгілі бір мөлшері.

Өлшеп оралмаған өнім (ангро, in bulk product) – буып-түюден басқа, технологиялық процестің барлық сатыларынан өткен және одан әрі өлшеп орауға немесе дәрілік препараттарды өндіруге арналған ірі ораудағы, оның ішінде белгілі бір дәрілік нысандағы дәрілік зат.

Аралық өнім – фармацевтикалық субстанция өндірісінің технологиялық процесі барысында алынған және одан әрі молекулалық қайта құрулардан өтетін немесе фармацевтикалық субстанцияға айналмас бұрын тазартуға түсетін материал. Технологиялық процесс барысында аралық өнім бөлініп шығуы немесе бөлінбеуі мүмкін.

Сынамаларды іріктеу рәсімі – белгілі бір мақсатты іске асыру үшін белгілі бір дәрілік затпен немесе материалмен жүргізілуі тиіс сынамаларды іріктеу бойынша барлық операциялар.

Серия (партия) – технологиялық процесс немесе процестер сериялары нәтижесінде алынған, белгіленген шекте оның біртектілігіне көз жеткізуге болатын материалдардың белгілі бір саны. Үздіксіз өндіріс жағдайында серия өнімнің белгілі бір бөлігіне сәйкес келуі мүмкін. Бұл жағдайда серияның мөлшері тіркелген санда немесе белгілі бір уақыт аралығында өндірілген санда анықталуы мүмкін.

Ыдыс – дайын өнім мен материалдарды орналастыруға арналған қаптаманың негізгі элементі.

Көлік ыдысы – дайын өнім мен материалдарды буып-түюге, сақтауға және тасымалдауға арналған, дербес көлік бірлігін құрайтын ыдыс. Дәрілік заттар үшін көлік ыдысы дәрілік заттардың белгілі бір мөлшерін тұтыну қаптамасында немесе топтық қаптамада (жәшік, қап, бөшке, фляга) тасымалдауды қамтамасыз етеді.

Нүктелік сынама – бір қабылдауда бір жерден, осы объектілердің үлкен көлемінен бір рет алынған өлшеп оралмаған өнімнің немесе материалдардың саны.

Қаптама – дәрілік заттың сапасын белгіленген жарамдылық (сақтау) мерзімі ішінде сақтауды қамтамасыз ететін, дәрілік затты зақымданудан және жоғалтудан қорғауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ қоршаған ортаны ластанудан қорғайтын материал немесе құрылғы.

Қайталама (тұтынушылық) қаптама – дәрілік препарат тұтынушыға өткізу үшін бастапқы немесе аралық қаптамаға орналастырылатын қаптама.

Топтық қаптама – бірдей қаптама бірліктерді тұтыну қаптамасында біріктіретін, орау немесе байлау материалдарының көмегімен бекітілген қаптама.

Бастапқы (ішкі) қаптама – дәрілік затпен тікелей жанасатын қаптама.

Аралық қаптама – дәрілік препаратты қосымша қорғау мақсатында немесе дәрілік препаратты қолдану ерекшеліктеріне қарай бастапқы қаптама орналастырылуы мүмкін қаптама.

Қаптама бірлігі – дайын өнімнің белгілі бір мөлшерін қамтитын қаптама.

Ескертпе. Осы жалпы фармакопея бабында (ЖФБ) пайдаланылатын негізгі терминдердің анықтамасы ЖФБ-ның "Жалпы ережелер" бөлімінде көрсетілген.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Өндіру (дайындау) процесінде пайдаланылатын немесе өндірудің (дайындаудың) технологиялық процесінің сатыларын сипаттайтын, өндірілген (дайындалған) дәрілік заттардың және материалдардың сынамаларын (іріктемелерін) іріктеу, егер сапа жөніндегі нормативтік құжатта өзгеше көрсетілмесе, сынамаларды іріктеудің бекітілген рәсіміне сәйкес жүргізілуге тиіс.

Сынамаларды іріктеу рәсімі белгілі бір іріктеу мақсаттарына, сынақ түрлеріне және іріктелетін үлгілердің ерекшелігіне сәйкес келуі тиіс.

Сынамаларды іріктеу рәсімін жүргізу кезінде:

- сынамаларды іріктеу жоспары немесе сызбасы;
- сынамаларды іріктеу көлемі мен типі;
- сынамаларды іріктеу орны мен уақыты;
- сынамаларды сынақ үшін алу және дайындау;
- арнайы сақтық шаралары, әсіресе стерильді және қауіпті дәрілік заттарға немесе материалдарға қатысты;
- сынамаларды іріктеу үшін қолданылатын жабдықтардың тізімі;
- сынамаларды іріктеуге арналған жабдықты тазалау және сақтау бойынша талаптар және т. б.;
- сынамаларды сақтауға арналған ыдыстың типі, сипаттамасы және таңбалануы;
- сынақ үшін сынамаларды іріктеу және дайындау кезіндегі қоршаған орта параметрлері көзделуі және ескерілуі тиіс.

Сынамаларды іріктеу жоспарын қалыптастыру кезінде сынамаларды іріктеудің нақты мақсаттарын, зерттелетін объектінің физика-химиялық, биологиялық және басқа да қасиеттерін, оның біртектілігін, тұрақтылығын, критикалығын, іріктелетін үлгінің санын; іріктеу жоспарын таңдау бойынша шешімнің қате болуымен байланысты тәуекелдер мен салдарларды назарға алу қажет.

Сынамаларды іріктеуге мыналар жатады:

- дәрілік препараттар (серия);
- өндіріс/дайындау процесінің күрделі кезеңдеріндегі аралық өнім;
- қосалқы заттар;
- қаптама және баспа материалдары.

СЫНАМА ІРІКТЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Сынамаларды іріктеме бірліктерден тұратын бас жиынтықтан (партиядан/сериядан) алады.

Өндірістің (дайындаудың) технологиялық процесінің сатыларын сипаттайтын сынамаларды іріктеу кезінде бас жиынтық дәрілік заттарды өндіруші (дайындаушы) кәсіпорынның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

Сынамаларды іріктеу процесінде сынақ нәтижелерінің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін бақылауға алынатын факторларды ескеру қажет.

Іріктеу әдістемесі сынамалар алынатын дәрілік заттар мен материалдардың, іріктеп алынатын сынамалардың өздерінің, сондай-ақ басқа да дәрілік заттардың, материалдар мен қоршаған ортаның ластануын болдырмауды көздеуі тиіс.

Ішкі өндірістік процесс кезінде материалдардың сынамаларын іріктеу әдістемесі дәрілік заттарды өндіру (дайындау) процесінің критикалық кезеңдерін ескеруі және сынамаларды іріктеудің белгіленген бақылау нүктелерін (ыдыстар, іріктеу орындары және т.б.) қамтуы тиіс.

Сынамаларды іріктеу кезінде қателіктерге жол бермеу үшін дәрілік заттардың немесе материалдардың екі және одан да көп атауларынан, дайын өнімнің екі және одан да көп сериясынан (партиясынан) бір мезгілде сынамаларды іріктеуге жол берілмейді. Дайын өнімнің немесе материалдың келесі сериясынан (партиясынан) іріктеуге алдыңғы сериядан (партиядан) барлық іріктеу рәсімі орындалғаннан кейін ғана кірісуге болады.

Сынамаларды іріктеу алдында дайын өнімнің немесе материалдардың барлық сериясының (партиясының) әрбір қаптамасының бірлігіне сыртқы тексеру жүргізу қажет. Қарап-тексеру кезінде дайын өнім немесе материалдар орналасқан қаптаманың және оның таңбалануының жеке фармакопоя бабының немесе сапа жөніндегі нормативтік құжаттың талаптарына сәйкестігіне назар аудару қажет, дайын өнім мен материалдардың санын, қаптамадағы пломбалардың бүтіндігін және болуын, ілеспе құжаттаманың дұрыс ресімделуін және онда сынамалар іріктеуге арналған дайын

өнімнің немесе материалдардың сериясы (партиясы) деректерінің сәйкестігін анықтау қажет.

Сынамаларды жеке фармакопея бабына немесе сапа жөніндегі нормативтік құжатқа сәйкес бүлінбеген, тығындалған және буып-түйілген қаптама бірліктерінен ғана алады. Жеке фармакопея бабының немесе сапа жөніндегі нормативтік құжаттың талаптарына сәйкес келмейтін бүлінген қаптамадағы дайын өнім мен материалдар қабылданбауға тиіс.

Ескертпе. Өндіруші кәсіпорынның құжаттамасында тиісті нұсқау болған кезде талданатын объектілердің сапасына толық бақылау жүргізу үшін зақымдалған қаптамадан дайын өнімнің немесе материалдардың әрбір бірлігінен сынама алуға жол беріледі.

СЫНАМАЛАРДЫ ІРІКТЕУ ӘДІСТЕРІ

Сынамаларды кездейсоқ іріктеу. Сынамалар іріктеп бақылау кезінде іріктеме бірліктердің белгіленген санынан, толық бақылау кезінде әрбір іріктемелі бірліктен кездейсоқ іріктеу әдісімен немесе әзірленген статистикалық негізделген іріктеу жоспарына сәйкес басқа әдіспен іріктелуі мүмкін.

Сынамаларды кездейсоқ іріктеуді жүзеге асыру үшін әрбір іріктеме бірлігін рет-ретімен нөмірлеу, содан кейін кездейсоқ сандар кестесін (немесе компьютер кездейсоқ генерациялаған сандарды) пайдалана отырып, қандай кездейсоқ іріктеме бірліктерінен сынамалардың қажетті санын іріктеп алуды белгілеу қажет.

Сынамаларды көп сатылы іріктеу. Жеке фармакопея бабында нұсқаулар болмаған кезде дәрілік заттардың үлгілерін (сынамаларын, іріктемелерін) сапа жөніндегі нормативтік құжаттың талаптарына сәйкестігіне сынақтар жүргізу үшін іріктеу кезінде сынамаларды көп сатылы іріктеу жүргізіледі, бұл ретте дәрілік заттың сериясы (партиясы) біртекті өнім болып табылады деп есептеледі. Материалдарды іріктеу осыған ұқсас түрде жүзеге асырылады.

Көп сатылы іріктеу кезінде сынаманы сатылар бойынша қалыптастырады және дайын өнім немесе материалдар әрбір сатыда алдыңғы сатыда іріктелген қаптама бірліктеріне пропорционалды мөлшерде кездейсоқ түрде іріктеледі. Қадамдар саны қаптама түрімен анықталады.

Мысалы, егер тұтыну (қайталама) қаптамадағы өнім топтық қаптамаға, содан кейін көліктік ыдысқа салынса, онда сынамаларды үш сатылы іріктеу жүргізілуі мүмкін.

I-саты: көлік ыдысының бірліктерін (жәшіктер, қораптар, қаптар және т.б.) іріктеу.

II-саты: топтық қаптаманың қаптама бірліктерін іріктеу (қораптар, пакеттер, орамдар және т.б.).

III-саты: тұтыну (қайталама) қаптамасындағы өнімдерді іріктеу (флакондар, тубалар, контурлық қаптамалар және т.б.).

Әрбір сатыда іріктелетін буып-түю бірліктерінің (N) санын есептеу үшін біртекті өнімге арналған формула пайдаланылады:

$$N = 0,4\sqrt{n}, \quad (1)$$

мұнда: n – бір серияның (партияның) осы сатыдағы қаптама бірліктерінің жалпы саны.

Формула (1) бойынша есептеу нәтижесінде алынған бөлшек сан бүтін санға дейін ұлғаю жағына дөңгелектенеді, ол 3 кем болмауы және 30-дан аспауы тиіс.

Буып-түю бірліктерінің саны жеткіліксіз болған жағдайда сынақ жүргізу үшін жоғарыда көрсетілгендей қаптама бірліктері қайта іріктеледі.

Соңғы сатыда іріктелген буып-түю бірліктерінен сыртқы түрі бойынша бақылаудан кейін белгілі бір мақсатты іске асыру үшін қажетті мөлшерде (микробиологиялық тазалыққа, стерильдікке сынауды, парентеральді және офтальмологиялық ерітінділерді механикалық қосуға сынауды және т.б. ескере отырып) дәрілік заттың жеке фармакопея бабының немесе сапа бойынша нормативтік құжаттың талаптарына сәйкестігіне зерттеу үшін сынама (іріктеу) алынады.

Ескертпе. Қатты дозаланған дәрілік заттар үшін микробиологиялық бақылау жүргізу үшін үлгілер бірліктерінің саны үлгілердің қажетті санын таблетканың, драженің, капсуланың немесе суппозиторийдің орташа салмағына граммен (50 г) бөлу арқылы есептейді.

Егер біртекті өнімнің түпнұсқалығы дұрыс болса, онда таңдалған қаптама бірліктерінің санын есептеу үшін мына формуланы қолдану керек:

$$N = 1 + \sqrt{n}. \quad (2)$$

Формула (2) бойынша есептеу нәтижесінде алынған бөлшек сан жай дөңгелектеу жолымен бүтін санға дейін ұлғайту немесе азайту жағына қарай дөңгелектенеді. Егер қаптама бірліктері 4 және одан аз болса, онда барлық бірліктер іріктеледі.

Ескертпе. Дәрілік заттарды өндіруге арналған материалдарды қабылдау (кіру) бақылау кезінде (2) формуланы пайдалану ұсынылмайды.

Егер өнім әртекті және/немесе белгісіз көзден алынған болса, іріктелетін қаптама бірліктерінің санын есептеу үшін мына формуланы қолдануға болады:

$$N = 1,5\sqrt{n}. \quad (3)$$

(3) формула бойынша есептеу нәтижесінде алынған бөлшек сан бүтін санға дейін ұлғаю жағына дөңгелектенеді.

Өлшеп оралмаған дәрілік заттар мен материалдардан сынама алуға қойылатын талаптар.

Өлшеп оралмаған дәрілік заттардың немесе материалдардың сынамасы шамамен тең мөлшерде алынған, араластырылған және қажет болған жағдайда дәрілік затты немесе материалдарды белгілі бір мақсатты іске асыру үшін сапа жөніндегі нормативтік құжаттың талаптарына сәйкес келуіне сынау үшін қажетті үлгінің массасына (көлеміне) дейін азайтылған, біріктірілген нүктелік сынамалар болуы тиіс.

Ескертпе. Егер әрбір нүктелі сынаманы жеке-жеке талдайтын болса, онда олардың массалары (көлемдері) бірдей болмауы мүмкін, бірақ сынақтың нақты түрі үшін сапа бойынша нормативтік құжатта белгіленген саннан кем болмауы тиіс.

Сынамаларды іріктеу үшін өнім қаптамасының физикалық жағдайына, түріне сәйкес келетін, өнімді ластамайтын және онымен әрекеттеспейтін материалдан жасалған сынама алғыштар қолданылады. Сынама алғыштың сыйымдылығы барлық нүктелі сынаманы алу үшін жеткілікті болуы тиіс, ал оның конструкциясы тазалау үшін ыңғайлы болуы тиіс. Пайдаланылатын сынама алғыштар таза және құрғақ, сынама микробиологиялық тазалықты анықтау үшін пайдаланылған жағдайда стерильді болуы тиіс.

Нүктелік сынамаларды іріктеу қолайлы сынама алғыштармен әр түрлі деңгейде: әрбір іріктелген қаптама бірлігінің жоғарғы, орта және төменгі қабаттары деңгейінде жүргізіледі. Сұйықтықтардың сынамаларын алу үшін оларды алдымен мұқият араластырады, егер араластыру қиын болса (үлкен көлемді ыдыстар болса), нүктелі сынамаларды әртүрлі қабаттардан ауыстырмай алады.

Өнімнің біртектілігін тексеру үшін оның сынамаларын алған жағдайда сусымалы, тұтқыр, гетерогенді және басқа да белгіленген өнімнің нүктелік сынамалары жеке-жеке зерттеледі және сыртқы қарап тексеру кезінде іріктелген нүктелік сынамалардың біртектілігіне көз жеткізіледі.

Ескертпе. Әртектілік белгілеріне қатты заттың кристалды, түйіршікті немесе ұнтақ тәрізді массасындағы бөлшектердің пішіні, мөлшері немесе түсі бойынша айырмашылықтар, гигроскопиялық заттардағы ылғалды қыртыстар, сұйық субстанцияларда табылған қатты заттар, сұйық субстанциялардың қатпарлануы және т. б. болуы мүмкін.

Егер нүктелі сынамалар біртекті болса, онда оларды таза құрғақ бетте немесе біріктірілген сынаманы алу үшін қолайлы ыдыста мұқият араластырып, біріктіреді.

Қажет болған жағдайда біріктірілген сынаманы бөлу (азайту) үшін негізделген қолмен жасалған немесе автоматтандырылған әдістер қолданылады.

ТҰТЫНУ ҚАПТАМАСЫНДАҒЫ ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТАРДЫҢ СЫНАМАЛАРЫН ІРІКТЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Бір өнім берушіден алынған, бір өндірушінің бір сериядағы дәрілік препараттарын біртекті деп санауға болады.

Дәрілік препараттардың іріктемесі бүлінбеген қаптама бірліктерінен тұруы тиіс.

Дәрілік препараттарды іріктеу көлемі іріктеу мақсатымен, сынау әдісінің талаптарымен, дәрілік нысанның түрімен және басқа да факторлармен айқындалады.

Дәрілік препараттардың іріктемелерін іріктеу жалпы фармакопея бабындардың нақты дәрілік нысандарға, сынақ әдістеріне қойылатын талаптарға сәйкес немесе сапа жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

ІРІКТЕЛГЕН ҮЛГІЛЕРДІ ҚАПТАУ, ТАҢБАЛАУ, САҚТАУ

Дәрілік заттар мен материалдардың іріктеп алынған үлгілері (соңғы, ең соңғы іріктемесі) дайындалған ыдысқа салынады және/немесе буып-түйіледі, қажет болған жағдайда пломбаланады немесе іріктеу орнында сүргі соғылады.

Қаптама сынаманың келесі сынақтар жүргізу үшін жарамдылығын қамтамасыз етуі және тасымалдау мен сақтау кезінде зерттелетін сапа көрсеткіштерін өзгертпеуі тиіс.

Өлшеп оралмаған өнімнің немесе материалдардың сынамаларын іріктеу стерильді ыдысқа жүргізілуі тиіс.

Іріктеуден өткен сынамалар бірыңғай таңбалауды қолданумен тиісті түрде сәйкестендірілуі және іріктеу актісімен немесе іріктеу күнін, уақытын және орнын, іріктеу кезіндегі қоршаған орта жағдайларын, іріктеуді жүргізген адамның тегін, атын және әкесінің атын және басқа да қажетті ақпаратты қамтитын басқа құжатпен ресімделуі тиіс.

Сынақтар жүргізілгенге дейін және одан кейін сынамалар жеке фармакопея бабының немесе сапа жөніндегі нормативтік құжаттың дәрілік заттарға немесе материалдарға қойылатын талаптарына сәйкес жеке үй-жайда сақталуға тиіс. Үй-жайдағы жағдай сақтау мерзімі ішінде сынамалардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

Сынамалар алынған буып-түйю бірліктері ұқыпты ашылып, жабылуы тиіс, оларға осы қаптамадан (ыдыстан) сынамалар алынғанын көрсететін таңба және талданатын объектінің қалған саны нақты белгіленіп қойылуы тиіс.

Егер сынама алу үшін қаптама тесілген болса, онда іріктеуден кейін пункция орнын жауып, таңбалау керек.

Сынамаларды іріктеуге арналған үй-жайларға, жабдықтарға және персоналға қойылатын талаптар

Сынамаларды іріктеумен байланысты барлық операцияларды сынамаларды іріктеуге арналған тиісті жабдықтар мен құралдарды пайдалана отырып, бөлек үй-жайда немесе арнайы бөлінген орында тиісті түрде орындау керек. Сынама алу кезінде пайдаланылатын сынақ жабдығы мен өлшеу құралдары белгіленген тәртіппен аттестаттаудан немесе тексеруден өтуі тиіс.

Сынама алуды орындайтын персоналдың тиісті даярлығы болуы тиіс.

Сынамаларды іріктеу рәсімі бойынша құжаттама сынамаларды іріктеу орындарында болуы және персонал үшін қолжетімді болуы тиіс.

Сынамаларды іріктеу алдында іріктеуге жауапты персонал қауіпсіздік техникасымен және өз денсаулығын қорғаумен байланысты қажетті сақтық шаралары мен сынамаларды іріктеу жөніндегі персоналға және қоршаған ортаға қойылатын талаптарды қамтитын қажетті ақпаратты зерделеуі тиіс.

Сынамаларды іріктеумен айналысатын персонал денсаулық жағдайын және жеке гигиена талаптарын регламенттейтін нұсқаулықтарды қатаң сақтауы тиіс.

Сынама алушылар қажет болған жағдайда тапсырманы орындау үшін қолғап, алжапқыш, көзілдірік, респиратор және басқа да жеке қорғаныш құралдарын пайдалана отырып, тиісті қорғаныш киімін, арнайы аяқ киім киюі тиіс.

Сынама алу кезінде тамақ ішуге, ішуге, темекі шегуге, сондай-ақ тамақты, темекі шегуге арналған құралдарды арнайы киімде немесе сынама іріктеу орнында сақтауға тыйым салынады.

Сынамаларды іріктеу кезінде өнімнің уыттылығын, от пен жарылыс қаупін, гигроскопиялығын және басқа да қасиеттерін ескере отырып, сақтық шаралары мен қауіпсіздік талаптарын, сондай-ақ іріктеп алынатын сынамаларды олармен жұмыс істеу кезінде бүлінуден және ластанудан қорғауға бағытталған шараларды, кейінгі сынақтардың талаптары мен әдістерін ескере отырып, оларды қаптауға, тасымалдауға, жинақтауға және сақтауға қойылатын талаптарды сақтау қажет.

Есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және олардың прекурсорларына жататын дәрілік заттар мен материалдардың сынамаларын іріктеу кезінде басшылыққа Еуразиялық экономикалық одақтың қолданыстағы заңнамалық құжаттарын алған жөн.

Сынамаларды іріктеуге жауапты адамдардың сынамаларды іріктеу аймағына және үлгілерді сақтау орнына қауіпсіз кіру және шығу мүмкіндігі болуы тиіс. Үлгілерді сақтайтын үй-жайлар тиісті жарықтандырылған, желдетілетін, іріктелген өнім үлгілерінің сипатына байланысты қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін ішкі ұйымдастырылған болуы тиіс.

Бірге жиналған көп көлемдегі орамалардың құлауын болдырмау үшін шаралар қабылдау қажет.

2.1.8. ФАРМАКОГНОСТИКАЛЫҚ СЫНАҚТАР ӘДІСТЕРІ

201080001-2019

2.1.8.1. Хлорсутекті қышқылда ерімейтін күл

Хлорсутекті қышқылда ерімейтін күл – сульфатты немесе жалпы күлді хлорсутекті қышқылмен алынғаннан кейін 100 г шикізатқа қайта есептегенде алынған қалдық.

Сульфатты немесе жалпы күлді анықтағаннан кейін алынған тигельдегі қалдыққа 15 мл *P су* және 10 мл *P хлорсутек қышқылы* қосылады, тигель сағат шынысымен жабылады және 10 минут бойы абайлап қайнатады, салқындатады және күлсіз фильтр арқылы фильтрлейді. Қалдықты фильтраттың рН бейтарап мәніне дейін ыстық сумен жуады, кептіреді, содан кейін қызыл қыздыру температурасында қыздырады, эксикаторда салқындатады және өлшейді. Дәйекті екі рет өлшенген массалар арасындағы айырмашылық 0,5 мг-дан аспайтындай етіп қол жеткізгенге дейін қыздырады.

201080002-2019

2.1.8.2. Бөгде қоспалар

Дәрілік өсімдік шикізатын зең баспауы тиіс. Дәрілік өсімдік шикізатында рұқсат етілген және рұқсат етілмеген қоспаларға бөлінетін бөгде қоспалардың болуы мүмкін.

Рұқсат етілген қоспаларға мыналар жатады:

- дәрілік өсімдік шикізатының/препараттың осы түріне тән түсін өзгерткен шикізаттың бөліктері (қоңыр, қара, өңсіз және т. б.);

- шикізаттың белгіленген сипаттамасына сәйкес келмейтін өсімдіктің басқа бөліктері;

- органикалық қоспа (басқа улы емес өсімдіктердің бөліктері);

- минералды қоспалар (жер, құм, тастар).

Рұқсат етілмеген қоспаларға мыналар жатады:

- шыны;

- кеміргіштер мен құстардың қиы;

- улы өсімдіктердің бөліктері;

- дайындау, өңдеу және сақтау кезінде шикізатқа түсетін зиянкестер.

КЕПТІРІЛГЕН ӨСІМДІКТЕР

Сынамаларды іріктеу және үлгілерді дайындау. Жалпы баптың талаптарына сәйкес. *Дәрілік өсімдік шикізаты: сынамаларды іріктеу және үлгілерді дайындау.*

Рұқсат етілген қоспаларды анықтау. 100 г-нан 500 г-ға дейінгі шикізат навескасын немесе жеке фармакопоя бабындағы нұсқауларға сәйкес оның ең аз мөлшерін жұқа қабат қылып бөледі. Рұқсат етілген қоспаларды көзбен немесе лупаның көмегімен (6 сағат) анықтайды, бөліп алады, өлшейді және олардың мөлшерін пайызбен есептейді.

ЖАҢАДАН ЖИНАЛҒАН ӨСІМДІКТЕР

Дәрілік өсімдік шикізаты: сынамаларды іріктеу және үлгілерді дайындау жалпы бабын қолдану мүмкін болмаған кезде мынадай әдістердің бірі: егер сынақ бүкіл

партия үшін жүргізілсе, А әдісі; егер сынақ бүкіл партия үшін жүргізілмесе, В әдісі қолданылады.

А ӘДІСІ

Сынамаларды іріктеу және үлгілерді дайындау. Сынақ бүкіл партия үшін өткізіледі.

Рұқсат етілген қоспаларды анықтау. Партияны жұқа қабатпен бөледі және рұқсат етілген қоспаларды көзбен немесе лупа (6х) көмегімен анықтайды, бөліп алады, өлшейді және олардың мөлшерін пайызбен есептейді.

В ӘДІСІ

Сынамаларды іріктеу және үлгілерді дайындау. Бүкіл партияны тексеру мүмкін болмаған кезде келесіні орындайды.

Біріктірілген сынама. Біріктірілген сынаманы жалпы баптың нұсқауларына сәйкес дайындайды. *Дәрілік өсімдік шикізаты: сынамаларды іріктеу және үлгілерді дайындау.*

Сыналатын сынама. Біріктірілген сынаманы пайдаланады немесе егер ол 1 кг көп болса, біріктірілген сынаманың репрезентативтілігін қамтамасыз ететін қолайлы әдіспен 500 – 1000 г массаға дейін азайтады.

Рұқсат етілген қоспаларды анықтау. Сынаманы немесе жеке фармакопоя бабында көрсетілген оның ең аз мөлшерін пайдаланады, оны жұқа қабаттап бөледі және рұқсат етілген қоспаларды көзбен немесе лупа көмегімен (6 сағат) анықтайды, бөледі, өлшейді және олардың мөлшерін пайызбен есептейді.

Ұнтаққа ұсақталған дәрілік өсімдік шикізатындағы минералды қоспаны анықтау. Сыналатын сынаманы ықтимал қателігі $\pm 0,01$ г болатындай өлшейді, содан кейін сыйымдылығы 1000 мл шыны стаканға салады, 200 мл *P су* қосады. Жабысып қалған бөлшектерден тұратын түйіршіктерді жою үшін ішіндегісін шикізат/препарат толық дымқылданғанға дейін араластырады, сұйықтық көлемінде біркелкі таратады және 3 – 5 минут бойы ұстайды. Минералды қоспалар шөкеннен кейін өлшенген бөлшектері бар суды (шикізат бөлшектерінің ісініп кетуіне жол бермей) тез тұнбадан құйып алады. Стакандағы тұнбаны шикізаттың өлшенген бөлшектері толығымен жойылғанша бірнеше рет *P сумен* жуады. Жуу аяқталғаннан кейін стаканда судың ең аз мөлшері бар минералды қоспаның тұнбасы қалуы тиіс. Стакандағы тұнба 100 °С-ден 105 °С-ге дейінгі температурада кептіргіш шкафта тұнба құмға айналғанға дейін кептіріледі. Кептірілген тұнба (минералды қоспа) салқындатылып, $\pm 0,01$ г ықтимал қателікпен өлшенеді. Минералды қоспаның құрамдағы мөлшері пайызбен есептеледі.

Әдетте, органикалық қоспаның мөлшері 1% - дан, минералды қоспаның мөлшері 1% - дан аспауы керек.

201080003-2019

2.1.8.3. Тыныс саңылауы және оның индексі ТЫНЫС САҢЫЛАУЫ


Тыныс саңылауы маңы жасушаларының пішіні мен орналасуы бойынша анықталатын тыныс саңылауларының бірнеше түрі бар (2.1.8.3-1-суретті қараңыз).

1. *Аномоциттік* (ретсіз-жасушалық) типі: көп жағдайда тыныс саңылауларыне эпидермис жасушаларынан айырмашылығы жоқ саны белгісіз жасушалар қоршайды.

2. *Анизоциттік* (тең емес-жасушалық) типі: тыныс саңылаулары әдетте үш тыныс саңылауы маңы жасушаларымен қоршалады, олардың біреуі қалғандарына карағанда айтарлықтай кішкентай.

3. *Диациттік* (айқасқан-жасушалық) типі: тыныс саңылаулары екі тыныс саңылауы маңы жасушаларымен қоршалған, олардың іргелес қабырғалары тыныс саңылауының саңылауына перпендикуляр.

4. *Парациттік* (параллель-жасушалық) типі: тыныс саңылауларының параллель-бойлық осінің әр жағынан бір немесе одан да көп тыныс саңылауы маңы жасушалары орналасқан.



2.1.8.3.-1.-сурет. *Лептесіктер типтері*

ТЫНЫС САҢЫЛАУЫНЫҢ ИНДЕКСІ

Тыныс саңылауының индексі

$$= \frac{100 \cdot S}{E + S},$$

мұнда, S – жапырақтың аталған алаңдағы тыныс саңылауларының саны;

E – жапырақтың аталған алаңдағы эпидермалдық (трихомаларды қоса алғанда) жасушаларының саны.

Жапырақтың әр үлгісі үшін кем дегенде 10 анықтама жасалады және орташа мәні есептеледі.

201080004-2019

2.1.8.4. Ісіну коэффициенті

Жабысқан шырышты қоса алғанда, дәрілік өсімдік шикізатының су ерітіндісінде 4 сағат бойы ісінгеннен кейін 1,0 г-да алатын миллилитрдағы көлемін ісіну коэффициенті деп атайды.

Тұтас немесе ұсақталған 1,0 г дәрілік өсімдік шикізаты жеке баптағы нұсқауларға сәйкес сыйымдылығы 25 мл, биіктігі 125 ± 5 мм және бөлінісі 0,5 мл болатын тығыз тығыны бар межеленген цилиндрге салынады. Жеке бапта басқа нұсқаулар болмаған жағдайда үлгіні 1,0 мл *P спиртке* салады, 25 мл *P су* қосады, цилиндрді жабады, әр 10 минут сайын 1 сағат бойы қатты шайқайды. Содан кейін 3 сағат бойы ұстайды. Сынақ басталғаннан кейін 90 минуттан кейін цилиндрді тік оське айналдыру арқылы бетінде қалқып жүрген шикізат бөлшектерімен бірге сұйықтықтың ең көп ықтимал мөлшерін төгіп тастайды. Жабысқан шырышты қоса алғанда, шикізат алып отырған көлем өлшенеді. Параллель үш сынақ өткізіледі.

Ісіну коэффициенті үш анықтаманың орташа мәні ретінде есептеледі.

201080005-2019

2.1.8.5. Эфир майларындағы су

Эфир майының 10 тамшысын 1 мл *P көміртегі дисульфидімен* араластырады. Ерітінді тұрған кезде мөлдір болуы керек.

201080006-2019

2.1.8.6. Эфир майларындағы бөгде эфирлер

1 мл эфир майы 3,0 мл жаңа дайындалған 100 г/л *P калий гидроксиді ерітіндісімен P спиртте* су моншасында 2 минут бойы қыздырады. Кристалдар 30 минут ішінде, тіпті салқындатқан кезде де пайда болмауы керек.

201080007-2019

2.1.8.7. Эфир майларындағы қанық минералды майлар

Қанық минералды майларды анықтау келесі әдістермен жүргізілуі мүмкін:

а) фильтр қағазына эфир майының бір тамшысын жағады. Тамшы жартылай мөлдір немесе майлы дақ қалдырмай, 24 сағат ішінде толығымен буланып кетуі керек;

б) 1 мл эфир майын сыйымдылығы 20 мл пробиркада 10 мл 96% *P этанолмен* шайқайды, ерітіндінің бұлдырлануы және майлы тамшылардың пайда болуы байқалмауы тиіс.

201080008-2019

2.1.8.8. Эфир майларының иісі мен дәмі

Эфир майларының иісі мен дәмін анықтау үшін келесі әдістерді қолдануға болады:

а) үш тамшы эфир майы мен 5 мл 90% *P этанол* қоспасы 10 г *P сахароза* ұнтағымен араластырылады. Дәмі мен иісі өсімдік немесе эфир майы алынған өсімдік бөліктерімен бірдей болуы керек;

б) эфир майының екі тамшысы (шамамен 0,1 мл) ұзындығы 12 см және ені 5 см фильтр қағазының жолағына жағылады және оның иісін әр 15 минут сайын стандартты үлгінің иісімен салыстырады. Эфир майының иісі стандартты үлгінің иісінен 1 сағат ішінде ерекшеленбеуі керек.

201080009-2019

2.1.8.9. Эфир майларын буландырғаннан кейінгі қалдық


Эфир майын буландырғаннан кейінгі қалдық төменде көрсетілген жағдайларда су моншасында буландырылғаннан кейін қалған эфир майының пайыздық мөлшерін білдіреді.

Аспап (2.1.8.9-1-суретті қараңыз) мыналарды қамтиды:

- диаметрі 70 мм болатын саңылауы бар, қақпағы бар су моншасы;
- шыныаяқтың ішіндегісіне қатысты инертті, ыстыққа төзімді шыныдан жасалған булау шыныаяғы;
- эксикатор.

Әдістеме. Буландыратын шыныаяқты су моншасында 1 сағат қыздырады, эксикаторда салқындатады және өлшейді. Жеке фармакопоя бабында басқа нұсқаулар болмаған кезде, буландыратын шыныаяқта 5,00 г эфир майы өлшеніп (майда ұшпайтын қалдық 8% көп болса, бұдан аз навеска көрсетілуі мүмкін), көрсетілген уақыт ішінде соратын шкафта интенсивті қайнатылған су моншасында қыздырады. Шыныаяқты эксикаторға орналастырады, салқындатады және өлшейді.

Сынақ кезінде моншадағы су деңгейі қақпақ деңгейінен шамамен 50 мм төмен болуы керек.



2.1.8.9.-1-сурет. – Эфир майларын буландыруға арналған аспаптың сызбасы (миллиметрдегі өлшемдер)

201080010-2019

2.1.8.10. Эфир майларының спиртте еру қабілеті

1,0 мл эфир майын сыйымдылығы 25 мл немесе 30 мл болатын тығыз тығыны бар цилиндрге салады. Цилиндрді $20 \pm 0,2$ °С температурада термостатқа орналастырады. Сыйымдылығы кемінде 20 мл бюреткадан концентрациясы жеке фармакопоя бабында көрсетілген спиртті 0,1 мл-ден ерітінді түзілгенге дейін қосады, содан кейін үнемі және қатты шайқай отырып, жалпы көлемі 20 мл-ге дейін 0,5 мл порциядан қосады. Қосылған спирттің көлемі мөлдір ерітінді түзілу сәтінде белгіленеді немесе егер ерітінді 20 мл спирт қосылғанға дейін бұлдыр немесе опалесценцияланған болса, қосылған кезде ерітіндінің бұлығырлануы немесе опалесценциялануы байқалатын спирттің көлемі және қосылған кезде бұлдырлану немесе бозандану жоғалып кететін спирттің көлемі белгіленеді.

Егер берілген концентрациядағы 20 мл спирт қосылған кезде мөлдір ерітінді алынбаса, сынақ жоғары концентрациядағы спиртті пайдалана отырып қайталанады.

Егер мөлдір ерітінді V көлемінде тұтастай 20 көлемге дейін осы концентрациядағы спиртті одан әрі біртіндеп қосқаннан кейін сұйытылмаған маймен салыстырғанда дәл

сондай мөлдір болып қалса, эфир майы " V спирт көлемінде немесе t концентрациядағы спирттің үлкен көлемінде ериді" деп саналады.

Егер V көлемінде мөлдір ерітінді V_1 (V_1 20-дан кем) көлемінде мөлдір емес болса және тұтастай алғанда 20 көлемге дейін сол концентрациядағы спиртті біртіндеп қосқаннан кейін өзгеріссіз қалса, эфир майы "спирттің V көлемінде немесе сұйыту кезінде бұлдырланатын t концентрациядағы спирттің үлкен көлемінде ериді" деп саналады.

Егер V көлемінде мөлдір ерітінді V_1 (V_1 20-дан кем) көлемінде мөлдір болмаса және сол концентрациядағы спиртті V_2 (V_2 20-дан кем) спирт көлеміне дейін біртіндеп қосқан кезде өзгеріссіз қалса, ал содан кейін мөлдір болса, эфир майы " V_1 және V_2 көлемдері арасындағы шекте бұлдырлануы бар берілген t концентрациядағы V спирттің көлемінде ериді" деп есептеледі.

Егер спирт ерітіндісі жаңа дайындалған опалесценция стандарты сияқты көкшіл түске боялса, эфир майы "опалесценциямен ериді" деп саналады. Опалесценция стандартын дайындау: P_2 күміс нитраты ерітіндісінің 0,5 мл және P азот қышқылының 0,05 мл араластырады, содан кейін P натрий хлоридінің 12 мг/л ерітіндісінің 50 мл қосады, қайта араластырады және жарықтан қорғалған жерде 5 минутқа қалдырады.

201080011-2019

2.1.8.11. Эфир майларындағы 1,8-цинеолды сандық анықтау

Құрғақ пробиркада P сусыз натрий сульфатының үстінен алдын ала кептірілген 3,00 г май өлшенеді, 2,10 г ерітілген P крезол қосылады. Пробирканы қатаю температурасын анықтау үшін (2.1.2.17) аспапқа салады және үнемі араластыра отырып салқындатады.

Кристалдану басталған сәттен бастап температураның шамалы көтерілуі байқалады. Кристалданудың (t) ең жоғары температурасын белгілейді.

2.8.11-1-кесте. – Кристалданудың ең жоғары байқалатын температурасына сәйкес келетін цинеолдың мөлшері

$t()$	Цинеол % (м/м)	$t()$	Цинеол % (м/м)	$t()$	Цинеол % (м/м)	$t()$	Цинеол % (м/м)
24	45,5	31	56,0	40	67,0	48	82,0
25	47,0	33	57,0	41	68,5	49	84,0
26	48,5	34	58,5	42	70,0	50	86,0
27	49,5	35	60,0	43	72,5	51	88,5
28	50,5	36	61,0	44	74,0	52	91,0
29	52,0	37	62,5	45	76,0	53	93,5
30	53,5	38	63,5	46	78,0	54	96,0
31	54,5	39	65,0	47	80,0	55	99,0

Қоспаны су моншасында t_1 температурасынан $5\text{ }^\circ\text{C}$ -тан аспайтын температурада балқытады, содан кейін пробирканы t_1 температурасынан $5\text{ }^\circ\text{C}$ -қа төмен температураны ұстап тұратын аспапқа салады. Кристалдану басталған кезде немесе қоспаның температурасы t_1 температурадан $3\text{ }^\circ\text{C}$ төмен түссе, қоспаны үнемі араластырып отырады. Қоспасы кристалданатын ең жоғары температураны t_2 белгілейді. Операция t_2 температурасы үшін алынған ең жоғары екі мәннің арасындағы айырмашылық $0,2\text{ }^\circ\text{C}$ -тан асқанға дейін қайталанады. Қоспаның артық салқындауы кезінде кристалдануды $3,00\text{ г Р цинеолдан және } 2,10\text{ г Р балқытылған крезолдан}$ тұратын кешеннің анағұрлым көп кристалын қосу арқылы жасайды. Егер t_2 температурасы $27,4\text{ }^\circ\text{C}$ -тан төмен болса, анықтауды $5,10\text{ г}$ кешен қосылғаннан кейін қайталайды.

Ең жоғары байқалатын температураға (t_2) сәйкес келетін цинеолдың болуы 2.1.8.11-1-кестеде келтірілген.

$5,10\text{ г}$ кешенді қосқан кезде цинеолдың пайыздық мөлшері (м/м) мына формула бойынша есептеледі:

$$2 \cdot (A - 50)$$

мұнда: A – 2.1.8.11-1-кестеде табылған мән.

Байқалатын ең жоғары температураға (t_2) сәйкес келетін цинеолдың мөлшері, қажет болған жағдайда, интерполяция жолымен анықталады.

201080012-2019

2.1.8.12. Дәрілік өсімдік шикізатындағы эфир майлары

Дәрілік өсімдік шикізатындағы эфир майларын анықтау төменде сипатталған жағдайларда арнайы аспаптарда су буымен дистилляциялау арқылы жүргізіледі.

1 – ӘДІСТЕМЕ

Дистиллятты эфир майын сіңіру үшін ксилолды қолдана отырып, межеленген түтікке жинайды, су фазасы автоматты түрде дистилляция үшін колбаға қайтып келеді.

Аспап. Аспап келесі бөліктерден тұрады:

(а) ішкі диаметрі оның кең бөлігінде шамамен 29 мм болатын қысқа шлифтелген мойны бар қолайлы дөңгелек түбі бар колба;

(б) колбаға тығыз қосылған конденсациялау жүйесі (2.1.8.12. -1-суретті қараңыз); жүйенің әртүрлі бөліктері бір тұтас қоспа қылып шығару жолымен біріктірілген, кеңею коэффициенті төмен шыны пайдаланылады:

- жүйенің қысымын атмосфералық қысыммен теңестіру үшін саңылауы бар L^1 тығындары, сондай-ақ тығынның саңылауына сәйкес келетін диаметрі шамамен 1 мм саңылауы бар L түтіктері, ішкі диаметрі 10 мм шлифтелген түбі кең L түтігі;

- сыйымдылығы 3 мл K алмұртқа ұқсас кеңею;

- 0,01 мл бөлу шамасы бар KM межеленген түтік;

- сыйымдылығы шамамен 2 мл M шар тәрізді кеңею;

- H үшқозғалтқышты шүмек;

- межеленген түтіктің ең жоғарғы бөлінісінен 20 мм жоғары орналасқан B қосу орындары;

(в) температураны дәл реттейтін қолайлы жылыту құрылғысы;


(г) оқшаулағыш материалмен қапталған көлденең сақинасы бар тік штатив.

Әдістеме. Мұқият тазартылған аспап қолданылады. Сандық анықтау дәрілік өсімдік шикізатының табиғатына байланысты жүргізіледі. Жеке фармакопея бабында көрсетілген айдалатын сұйықтықтың көлемін кеуекті фарфордың бірнеше шақпағымен бірге колбаға салады, содан кейін оны конденсацияланатын жүйеге қосады. Воронка тәрізді кеңею O арқылы B деңгейіне жеткізгенге дейін P су құйылады. L^1 тығыны шығарылады және тамшуырдың көмегімен ұшын L түтігінің түбіне түсіре отырып, жеке фармакопея бабында көрсетілген P ксилол мөлшерін қосады. L түтігін саңылаулардың біріктірілгеніне көз жеткізіп, L^1 тығынымен жабады. Сұйықтықты колбада қайнағанға дейін қыздырады және жеке фармакопея бабында басқа нұсқаулар болмаса, дистилляциялау жылдамдығын 2 – 3 мл/мин деп белгілейді.

төмендетеді (2.1.8.12.-2-суретті қараңыз). Шүмекті жабады және сұйықтықтың жоғарғы белгі деңгейіне (б) жетуі үшін қажетті уақытты белгілейді. Шүмекті ашады және қыздыру температурасын өзгерту арқылы дистилляциялау жылдамдығын реттей отырып, дистилляциялауды жалғастырады. 30 минуттан кейін қыздыру тоқтатылады және кем дегенде 10 минут өткеннен кейін межеленген түтіктегі ксилолдың көлемі анықталады.

Жеке фармакопея бабында көрсетілген шикізат мөлшерін қолбаға орналастырады және дистилляцияны жоғарыда сипатталғандай, көрсетілген дистилляциялау жылдамдығымен және уақытымен жалғастырады. Қыздыруды тоқтатады, 10 минут өткеннен кейін межеленген түтікке жиналған сұйықтықтың көлемі анықталады, оның мәнінен ксилол көлемінің бұрын анықталған мәні шегеріледі. Пайда болған айырмашылық алынған шикізат массасындағы эфир майының мөлшерін көрсетеді. Нәтиже бір килограмм шикізат үшін миллилитрмен есептеледі.

Эфир майын басқа аналитикалық мақсаттар үшін қолданған кезде құрамында суы жоқ ксилол мен эфир майының қоспасын мына тәсілдердің бірімен алуға болады: L^1 тығынын алып тастайды және 0.1 мл *P* натрий флуоресцеинатының 1 г/л ерітіндісін және 0,5 мл *P* су қосады. Үшқозғалтқышты шүмектің көмегімен ксилол мен эфир майының қоспасы *M* шар тәрізді кеңейтуге түсіріліп, 5 минутқа қалдырылады, содан кейін оны *H* шүмегінің деңгейіне дейін баяу түсіреді. Шүмекті су *BH* біріктіргіш түтігінен ағып кететіндей етіп сағат тіліне қарсы ашады. Түтікті *O* воронка тәрізді кеңею арқылы енгізілетін *P* ацетонмен және *P* толуолдың аз мөлшерімен жуады. Шүмекті сағат тіліне қарсы бұрады және ксилол мен эфир майының қоспасын қолайлы түтік ыдысқа құяды.



2.1.8.12-2-сурет.

2-ӘДІСТЕМЕ


Эфир майын анықтау үшін 2.1.8.12-3-суретте көрсетілген құрылғыны қолданады. Ұсақталған шикізаттың навескасын сыйымдылығы 1000 мл болатын кең мойын түбі дөңгелек колбаға (А) орналастырады, 300 мл *P* су қосады және кері тоңазытқышы (В) бар резеңке тығынмен (Б) жабады. Тығынның төменгі жағына металл ілгектер бекітіледі, оларға жұқа сымның көмегімен межеленген қабылдағыш (Г) ілінеді, тоңазытқыштың ұшы қабылдағыштың шұңқыр тәрізді кеңеюінің үстінде онымен жанаспайтындай орналастырылады. Қабылдағыш колбаның мойнына қабырғаға тимейтіндей етіп еркін орналастырылуы керек және су деңгейінен кем дегенде 50 мм қашықтықта болуы керек. Қабылдағыштың межеленген бөлігін бөлу шамасы 0.025 мл құрайды. Ішінде заты бар колбаны жеке фармакопея бабында көрсетілген уақыт ішінде қыздырады және қайнатады.

Қабылдағыштың межеленген бөлігіндегі майдың көлемін дистилляциялау аяқталғаннан кейін және аспапты бөлме температурасына дейін салқындатқаннан кейін өлшейді. 6 – 8 анықтамадан кейін тоңазытқыш пен межеленген қабылдағышты рет-ретімен *P* ацетонмен және *P* сумен жуу керек.

Абсолютті құрғақ шикізатқа қайта есептегенде эфир майының пайыздық мөлшері мына формула бойынша есептеледі:

$$\frac{V \cdot 100 \cdot 100}{m \cdot (100 - W)},$$

мұнда:	<i>V</i>	–	миллилитрдегі эфир майының көлемі;
	<i>M</i>	–	шикізаттың граммдағы навескасы;
	<i>W</i>	–	кептіру кезінде массаның жоғалуы, пайызбен.



2.1.8.12.-3-сурет. – 1-әдіс бойынша эфир майының мөлшерін анықтауға арналған аспап.

3-ӘДІСТЕМЕ

Эфир майын анықтау үшін 2.1.8.12-4-суретте көрсетілген аспапты қолданады. Аспап сыйымдылығы 1000 мл болатын түбі дөңгелек (А) колбадан, бу өткізгіш иілген түтіктен (Б), тоңазытқыштан (В), төменгі жағы түсіру шүмегімен (Д) және ағызу түтігімен (Е) аяқталатын межеленген түтіктен (Г) тұрады. Қабылдағыштың жоғарғы бөлігінде бүйір түтігі (З) бар кеңею (Ж) бар, ол эфир майының еріткішін дистиллятқа енгізуге және аспаптың ішкі бөлігін атмосферамен байланыстыруға арналған. Колба мен бу өткізгіш түтікті шлиф арқылы қосады. Межеленген түтіктің бөлу шамасы 0,02 мл құрайды. Аспапты сумен толтыру үшін ұзындығы 450 мм ішкі диаметрі 4,5 – 5 мм резеңке түтік (И) және диаметрі 30 – 40 мм воронка (К) қолданылады.

Әр анықтау алдында аспап арқылы 15 – 20 минут ішінде бу жіберіледі. 6 – 8 анықтаудан кейін аспапты рет-ретімен Р ацетонмен және Р сумен жуу керек.


Ұсақталған шикізаттың навескасы колбаға салынады, 300 мл *P* су қосылады. Колбаны бу өткізгіш түтікке қосады, межеленген және су төгетін түтіктерді шүмек арқылы воронкамен аяқталатын резеңке түтіктің көмегімен сумен толтырады. Колбаны қыздырады және жеке фармакопея бабында көрсетілген уақыт ішінде дистилляттың ағу жылдамдығы 60 – 65 тамшы/мин құрайтындай қарқындылықпен қайнатады.

Дистилляциялау аяқталғаннан кейін 5 минуттан кейін шүмек ашылып, дистиллятты эфир майы қабылдағыш түтіктің межеленген бөлігін алатындай етіп біртіндеп түсіреді және 5 минуттан кейін майдың көлемі өлшенеді.

Абсолютті құрғақ шикізатқа қайта есептегенде эфир майының пайыздық мөлшері мына формула бойынша есептеледі:

$$\frac{V \cdot 100 \cdot 100}{m \cdot (100 - W)}$$

мұнда:	<i>V</i>	–	миллилитрдегі эфир майының көлемі;
	<i>M</i>	–	шикізаттың граммдағы навескасы;
	<i>W</i>	–	кептіру кезінде массаның жоғалуы, пайызбен.



2.1.8.12.-4-сурет. – 3 және 4-әдістемелер бойынша эфир майының мөлшерін анықтауға арналған аспап.

4-ӘДІСТЕМЕ

Эфир майын анықтау үшін 2.1.8.12.-5-суретте көрсетілген аспап қолданылады. Ұсақталған шикізаттың навескасы колбаға салынып, 300 мл *P* су қосылады. Колбаны бу өткізгіш түтікке жалғайды, межеленген және су төгетін түтікті шүмек арқылы воронкамен аяқталатын резеңке түтіктің көмегімен сумен толтырады. Бүйір түтік арқылы тамшуырдың көмегімен қабылдағышқа декалиннің нақты көлемі (шамамен 0,5 мл) құйылады, ол үшін сұйықтықтың деңгейін түтіктің межеленген бөлігіне түсіреді. Бұдан әрі 3-әдістемеді келтірілген нұсқауларға сәйкес жасайды.

Абсолютті құрғақ шикізатқа қайта есептегенде эфир майының пайыздық мөлшері мына формула бойынша есептеледі:

$$\frac{(V - V_1) \cdot 100 \cdot 100}{m \cdot (100 - W)},$$


мұнда:	V	–	эфир майының декалиндегі миллилитрдегі көлемі;
	V_1	–	миллилитрге шаққанда декалиннің көлемі;
	M	–	шикізаттың граммдағы навескасы;
	W	–	кептіру кезінде массаның жоғалуы, пайызбен.

5-ӘДІСТЕМЕ

Эфир майын анықтау үшін 2.1.8.12.-5-суретте көрсетілген аспап қолданылады. Аспап сыйымдылығы 1000 мл болатын түбі дөңгелек (А) колбадан, бу өткізгіш түтіктен (Б), тоңазытқыштан (В), сынап түйіршігі тоңазытқыштың саңылауы деңгейінде орналасқан 100 дейінгі термометрі (Д) бар тұндырғыштан (Г), бөлу шамасы 0,001 мл болатын межеленген түтіктен (Е), түсіру шүмегінен (Ж) және ағызу түтігінен (З) тұрады. Аспапты *P* сумен толтыру үшін ұзындығы 450 мм ішкі диаметрі 4,5 – 5 мм резеңке түтік (И) және диаметрі 30 – 40 мм воронка қолданылады.

Әр анықтау алдында аспап арқылы 15 – 20 минут ішінде бу жіберіледі. 6 – 8 анықтаудан кейін аспапты рет-ретімен *P* ацетонмен және *P* сумен жуу керек.

Ұсақталған шикізаттың навескасы колбаға салынады, қажетті *P* су көлемі қосылады. Колба бу өткізгіш түтікке қосылады, шұңғымамен аяқталатын межеленген түтік пен су төгетін түтік тұндырғыштың төменгі шұңқыр тәрізді бөлігінде биіктігі 8 – 12 мм су қабаты жиналғанға дейін *P* сумен толтырылады. Дистилляция кезінде судың бұл деңгейі өзгеріссіз қалуы керек. Колба жеке фармакопоя бабында көрсетілген уақыт ішінде қыздырылады және қайнатылады. Дистилляция кезінде тұндырғыштың температурасы 25°C-тан аспауы керек. Дистилляция аяқталғаннан кейін 5 минуттан кейін шүмек ашылады, дистиллятты эфир майы түтіктің межеленген бөлігін толтыратындай етіп біртіндеп түсіреді. 5 минуттан кейін эфир майының көлемі өлшенеді.



2.1.8.12.-5. 5-әдістеме бойынша эфир майының мөлшерін анықтауға арналған аспап.

Абсолютті құрғақ шикізатқа қайта есептегенде эфир майының пайыздық мөлшері мына формула бойынша есептеледі:

$$\frac{V \cdot 100 \cdot 100}{m \cdot (100 - W)}$$

мұнда:

V

–

миллилитрге шаққанда эфир майының көлемі;

M

–

шикізаттың граммға шаққанда навескасы;

W

–

кептіру кезінде массаның жоғалуы, пайызбен.

201080013-2019

2.1.8.13. Дәрілік өсімдік шикізатындағы, өсімдік фармацевтикалық субстанциясындағы және дәрілік өсімдік препараттарындағы илік заттар

Экстракциялаудың және сұйытудың барлық процестері жарықтан қорғалған жерде жүзеге асырылады.

А ӘДІСІ

Жеке фармакопея бабында көрсетілген дәрілік өсімдік шикізатын немесе құрғақ экстрактты талдау кезінде ұсақталған шикізаттың немесе экстракттың мөлшері сыйымдылығы 250 мл түбі дөңгелек колбаға салады, 150 мл *P* су қосады, су моншасында 30 минут бойы қыздырады, содан кейін ағынды судың астында салқындатады және сыйымдылығы 250 мл өлшегіш колбаға сандық түрде ауыстырады. Түбі дөңгелек колбаны *P* *сумен* шаяды, шайған суды сол өлшегіш колбаға ауыстырады және колбаның ішіндегісін 250,0 мл көлемге дейін *P* *сумен* толтырады. Қатты бөлшектер тұндырылғаннан кейін сұйықтықты диаметрі 125 мм қағаз фильтр арқылы фильтрлейді, алғашқы 50 мл фильтрат алып тасталады.

Сұйық экстрактіні немесе тұнбаны талдау кезінде жеке фармакопея бабында көрсетілген сұйық экстракт немесе тұнбаның мөлшерін *P* *сумен* 250 мл көлемге дейін жеткізеді. Қоспаны диаметрі 125 мм қағаз фильтр арқылы фильтрлейді, алғашқы 50 мл фильтрат алып тасталады.

Сыналатын ерітінді (а). Жалпы полифенолдар. 5,0 мл фильтратты 25,0 мл көлемге дейін *P* *сумен* толтырады. Алынған 2,0 мл ерітіндіге 1,0 мл *фосфорлы-молибденді вольфрам P реактивін*, 10,0 мл *P* су қосады, араластырады және 290 г/л *P натрий карбонаты* ерітіндісімен 25,0 мл көлемге дейін жеткізеді. 30 минуттан кейін компенсациялайтын сұйықтық ретінде *P* суды қолдана отырып, толқын ұзындығы 760 нм (2.1.2.24) болған кезде алынған ерітіндінің оптикалық тығыздығын (A_1) өлшейді.

Сыналатын ерітінді (б). Тері ұнтағымен абсорбцияланбаған полифенолдар. 10,0 мл фильтратқа 0,10 г *СО тері ұнтағын* қосады және 60 минут бойы қатты шайқайды, фильтрден өткізеді, содан кейін 5,0 мл фильтратты 25,0 мл көлемге дейін *P* *сумен* толтырады. Алынған 2,0 мл ерітіндіге 1,0 мл *фосфорлы-молибденді вольфрам*, 10,0 мл *P* су қосады, араластырады және 290 г/л *P натрий карбонаты* ерітіндісімен 25,0 мл көлемге дейін жеткізеді. 30 минуттан кейін компенсациялайтын сұйықтық ретінде *P* суды қолдана отырып, толқын ұзындығы 760 нм (2.1.2.24) болған кезде алынған ерітіндінің оптикалық тығыздығын (A_2) өлшейді.

Салыстыру ерітіндісі. Қолдану алдында 50,0 мг *P пирагаллолды P* суда ерітеді және ерітіндінің көлемін сол еріткішпен 100,0 мл дейін жеткізеді. 5,0 мл ерітіндіні *P сумен* 100,0 мл көлемге дейін жеткізеді. Алынған 2,0 мл ерітіндіге 1,0 мл *фосфорлы-молибденді вольфрам реактивін*, 10,0 мл *P* су қосады, араластырады және 290 г/л *P натрий карбонаты* ерітіндісімен 25,0 мл көлемге дейін жеткізеді. 30 минуттан кейін компенсациялайтын сұйықтық ретінде *P* суды қолдана отырып, толқын ұзындығы 760 нм (2.1.2.24) болған кезде алынған ерітіндінің оптикалық тығыздығын (A_3) өлшейді.

Пирагаллолға қайта есептегенде илік заттардың пайыздық мөлшері мына формула бойынша есептеледі:

$$\frac{62,5 \cdot (A_1 - A_2) \cdot m_2}{A_3 \cdot m_1},$$

мұнда:	A_1	–	сыналатын ерітіндінің оптикалық тығыздығы (а);
	A_2	–	сыналатын ерітіндінің оптикалық тығыздығы (б);
	A_3	–	салыстыру ерітіндісінің оптикалық тығыздығы;
	m_1	–	сыналатын үлгінің граммға шаққанда навескасы;
	m_2	–	пирогаллолдың граммға шаққанда навескасы.

Б ӘДІСІ

2,0 г ұсақталған дәрілік шикізатты сыйымдылығы 500 мл конустық колбаға салады, үстіне *P қайнаған суды* құяды және мезгіл-мезгіл араластыра отырып, спиралі жабық электр плитасында кері тоңазытқышпен 30 минут қайнатады. Алынған бөліп алуды бөлме температурасына дейін салқындатады және өсімдік шикізатының бөлшектері түспейтіндей мақта тампоны арқылы сыйымдылығы 250 мл өлшеуіш колбаға фильтрлейді, бөліп алынған көлемді 25,0 мл дейін *P сумен* толтырады және араластырады. 25,0 мл фильтратты сыйымдылығы 1000 мл конустық колбаға салады, 500,0 мл *P су*, 25 мл *P идигосульфокышқыл* ерітіндісін қосады және алтын сары түске боялғанға дейін 0,02 *M калий перманганаты ерітіндісін* үнемі араластыра отырып титрлейді.

25,0 мл фильтраттың орнына 25,0 мл *P су* қолдана отырып, параллель бақылау тәжірибесін жүргізеді.

1мл 0,02 *M калий перманганаты ерітіндісін* танинге қайта есептегенде 0,004157 г илік заттарға сәйкес келеді.

Абсолютті құрғақ шикізаттағы танинді қайта есептегенде илік заттардың пайыздық мөлшері мына формула бойынша есептеледі:

$$\frac{(V_1 - V_2) \cdot 0,004157 \cdot 100000}{m \cdot (100 - W)},$$

мұнда:	V_1	–	бөліп алуды титрлеуге жұмсалған 0,02 <i>M калий перманганаты ерітіндісінің</i> көлемі, миллилитрге шаққанда;
--------	-------	---	--

V_2	–	бақылау тәжірибесінде титрлеуге жұмсалған 0,02 <i>M</i> калий перманганаты ерітіндісінің көлемі, миллилитрге шаққанда;
m	–	дәрілік өсімдік шикізатының граммға шаққанда навескасы;
W	–	дәрілік өсімдік шикізатын кептіру кезінде граммға шаққанда массалық жоғалту.

201080014-2019

2.1.8.14. Ащы дәм көрсеткіші

Осы баптың талаптары ұсынымдық сипатқа ие.

Ащы дәм көрсеткіші әлі де ащы дәмі сезілетін затты, сұйықтықты немесе экстрактіні сұйылтуға қарама-қарсы шама болып табылады. Ащы дәм көрсеткішін хинин гидрохлоридімен салыстыру арқылы анықтайды, оның ащы дәм көрсеткіші 200 000-ға тең.

ТҮЗЕТУ КОЭФФИЦИЕНТІН АНЫҚТАУ

Сынақты кемінде алты адамнан құралған топпен өткізу ұсынылады. Оны бастамас бұрын ауыз қуысын *P* сумен шайған жөн.

Дәм сезудің жеке сезімталдығын түзету үшін ащыға сынақ жүргізу кезінде жеке түзету коэффициенті (әрбір адам үшін) анықталады.

Негізгі ерітінді. 0,100 г *P* хинин гидрохлоридін *P* суда ерітеді және ерітіндінің көлемін дәл сол еріткішпен 100,0 мл-ге дейін жеткізеді. Алынған ерітіндінің 1,0 мл *P* сумен 100,0 мл көлемге дейін жеткізеді.

Салыстыру ерітіндісі. Бірінші пробиркаға 3,6 мл негізгі ерітіндіні сала отырып, сұйылтулардың сериясын дайындайды, содан кейін келесі пробиркалардағы көлемді әр жолы 0,2 мл-ге көбейте отырып, соңғы пробиркадағы негізгі ерітіндінің көлемін 5,8 мл-ге дейін жеткізеді. Әр пробиркадағы ерітіндінің көлемін *P* сумен 10,0 мл дейін жеткізеді.

Ащы дәмді ең аз концентрациядан бастап сұйылту тәртібімен анықтайды. Ең әлсіз ерітіндінің 10,0 мл ауызға алып, оны 30 сек. бойы ауыз қуысының бір жағынан екінші жағына және тілдің төменгі жағы бойынша ауыстырады. Ащы дәм болмаған жағдайда ерітіндіні түкіреді, 1 минуттан кейін ауызды *P* сумен шаяды. 10 минут өткеннен кейін концентрацияны жоғарылату тәртібімен келесі сұйылтуды қолданады.

K жеке түзету коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$\frac{V}{5},$$

мұнда:

V

–

ащы дәмі сұйылту кезінде концентрациясы ең төмен ерітіндіде анықталатын негізгі ерітіндінің көлемі, миллилитрге шаққанда.

5,8 мл негізгі ерітіндіден дайындалған салыстыру ерітіндісіндегі ащы дәмді анықтауға қабілетсіз адамдар топтан шығарылуы тиіс.

СЫНАЛАТЫН ҮЛГІНІ ДАЙЫНДАУ

Қажет болса үлгіні ұнтаққа айналдырады. 1,0 г сыналатын үлгіге 100 мл қайнаған P су қосады, үнемі араластыра отырып, су моншасында 30 минут қыздырады, салқындатады және ерітінді көлемін 100 мл дейін P сумен сұйылтады. Қоспаны қатты шайқайды және фильтрлейді, фильтраттың алғашқы 2 мл тастайды. Фильтрат С-1 деп белгіленеді, оның сұйылту дәрежесі (СД) 100-ге тең.

АЩЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШНІ АНЫҚТАУ

Сыналатын ерітінділер:

10,0 мл С-1 ерітіндісін P сумен 100 мл-ге дейін сұйылтады: С-2 (СД = 1000)

10,0 мл С-2 ерітіндісін P сумен 100 мл-ге дейін сұйылтады: С-3 (СД = 10 000)

20,0 мл С-3 ерітіндісін P сумен 100 мл-ге дейін сұйылтады: С-3А (СД = 50 000)

10,0 мл С-3 ерітіндісін P сумен 100 мл-ге дейін сұйылтады: С-4 (СД = 100 000)

С-4 сұйылтуынан бастап ащылық сезілетін сұйылту дәрежесінің сол ерітіндісі дербес анықталады. Бұл ерітінді – D әрпімен, ал оның СД – Y әрпімен белгіленеді.

D ерітіндісін негізге ала отырып, сұйылтудың келесі реттілігі дайындалады:

D ерітіндісі (мл)	1,2	1,5	2,0	3,0	6,0	8,0
P су (мл)	8,8	8,5	8,0	7,0	4,0	2,0

10,0 мл дейін P сумен сұйылтқан кезде ащы (X) дәмі бар D ерітіндісінің миллилитрге шаққандағы мөлшері анықталады.

Ащылықтың жеке көрсеткіші мына формула бойынша есептеледі:

$$\left(\frac{Y \cdot k}{X \cdot 0,1} \right).$$

Сыналатын үлгінің ащылық көрсеткіші ащылықтың жеке көрсеткіштерінің орташа мәні ретінде есептеледі.

201080015-2019

2.1.8.15. Экстрактілердің құрғақ қалдығы

Диаметрі шамамен 50 мм және биіктігі шамамен 30 мм болатын түбі жайпақ шыныаяққа 2,00 г немесе 2,0 мл экстракт салынады, су моншасында құрғағанға дейін буландырылады және 100 °С-ден 105 °С-қа дейінгі температурада 3 сағат бойы кептіріледі, *P фосфор (V) оксиді* немесе *сусыз P силикагел* үстінде эксикаторда салқындатылады және өлшенеді. Нәтиже массалық пайызбен (м/м) немесе литрге шаққанда граммда есептеледі.

201080016-2019

2.1.8.16. Экстрактіні кептіру кезінде массаны жоғалту

Диаметрі шамамен 50 мм және биіктігі шамамен 30 мм болатын, алдын ала тұрақты массаға дейін кептірілген және сынақ жүргізу жағдайында өлшенген түбі жайпақ шыныаяққа немесе ашық бокске 0,50 г экстрактіні өлшейді, 100 °С - ден 105 °С-қа дейінгі температурада 3 сағат бойы кептіреді, *P фосфор (V) оксиді* немесе *P сусыз силикагел* үстінде эксикаторда салқындатады және өлшейді. Нәтиже пайызбен (м/м) есептеледі.

201080017-2019

2.1.8.17. Дәрілік өсімдік шикізатын микроскопиялық және микрохимиялық зерттеу

Осы жалпы фармакопея бабы дәрілік өсімдік шикізатын микроскопиялық және микрохимиялық зерттеуді жүргізуге қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

Дәрілік өсімдік шикізатынан микроскопиялық препараттарды дайындау техникасы зерттелетін объектінің морфологиялық тобына, сондай-ақ шикізаттың жай-күйіне: тұтас, ұсақталған, кесілген немесе ұнтақ тәрізді болуына байланысты.

P хлоралгидрат ерітіндісі ең жиі қолданылатын реактив болып табылады. Алайда препаратты осы реактивте дайындағаннан кейін кейбір элементтер көрінбейді немесе анық көрінбейді. Бұл жағдайда басқа реактивтер қолданылады, мысалы крахмал дәндерін табуға мүмкіндік беретін 50 % *P глицерин* (көл/көл) ерітіндісі. Қажет болған жағдайда жеке фармакопея бабында микрохимиялық зерттеу жүргізуге арналған ерекше реактивтер көрсетілуі мүмкін, мысалы түрлі элементтерді (лигнификацияланған элементтерді, эфир майларын, шайырларды және т.б.) анықтау үшін – *P сүт қышқылы* реактиві, жасушаларда немесе тіндерде лигнинді анықтау үшін – 10 % (көл/көл) *P флороглюцин* спирті ерітіндісі және *P хлорсутек қышқылы*, жасушаларда шырышты анықтау үшін – *P рутения қызыл* ерітіндісі, крахмал мен инулинді анықтау үшін – *P*

глицерин немесе *P* люголь ерітіндісі, қанық эфир майларын анықтау үшін – *P* судан III ерітіндісі. Сонымен қатар, поляризацияланған жарықта зерттеу (қос сәуленің сынуы нәтижесінде) крахмал дәндерін (қара крест эффектісі), кальций оксалатының кристалдарын (рефракция), сүректенген (лигнификацияланған) құрылымдарды сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

ҰНТАҚҚА ҰСАҚТАЛҒАН ДӘРІЛІК ӨСІМДІК ШИКІЗАТЫ

Осы бөлімде келтірілген препараттарды дайындау әдістемесі жеке фармакопея бабында басқа нұсқаулар болмаған кезде ұнтаққа ұсақталған дәрілік шикізаттың барлық морфологиялық топтары үшін жарамды.

Препаратты хлоралгидрат ерітіндісінде дайындау

Төсеніш шыныға 2 – 3 тамшы *P* хлоралгидрат ерітіндісін құяды. Дәрілік өсімдік шикізатының ұсақталған ұнтағының аз мөлшерін сұйықтыққа салады, жабын әйнекпен жабады. Препаратты ыстық плитkada немесе микрогаз жанарғысында қайнағанға дейін абайлап қыздырады, қысқа уақыт ішінде болмашы қайнатады және құйылатын сұйықтықтың жеткілікті мөлшерін қамтамасыз етеді. Қажет болған кезде енгізілетін сұйықтықты сына тәрізді шыны тамшуырман толтырады, салқындатады, содан кейін микроскоппен қарайды. Крахмал дәндері мен жасушаның суда еритін құрамы көрінбейтіндей етіп қайта қыздырады. Микроскоппен қарайды.

P хлоралгидрат ұзын инелер түрінде кристалдануға бейім. Оның алдын алу үшін мынадай түрде әрекет етеді: қыздырғаннан кейін жабын әйнек алынып тасталады, препаратқа *P* глицериндегі 10 % хлоралгидрат ерітіндісінің (көл/көл) 1 тамшысын қосады, таза жабын әйнекпен жабады және микроскоппен қарайды.

Препаратты глицериннің 50 % (көл/көл) ерітіндісінде дайындау

Төсеніш шыныға *P* глицериннің 50 % (об/об) ерітіндісінің 2 тамшысы құйылады. Дәрілік өсімдік шикізатының ұнтаққа ұсақталған аз мөлшерін сұйықтыққа салады, жабын әйнекпен жабады және микроскоппен қарайды.

Ескертпе: Тері тәрізді жапырақтары мен қатты сабағы бар дәрілік өсімдік шикізаты ұнтаққа ұсақталғаннан кейін 5 % (м/об) *P* натрий гидроксиді ерітіндісінде қайнату арқылы ағартылады.

МИКРОХИМИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Препаратты флороглюцин мен хлорсутек қышқылының 10% (көл/көл) спирт ерітіндісінде дайындау

Төсеніш шыныға шикізаттың ұнтаққа ұсақталған аз мөлшерін салады, 1–2 тамшы (об/об) *P* флороглюциннің 10% спирттік ерітіндісін қосады. Араластырады және еріткіш толық буланғанға дейін ұстайды. Содан кейін 1 – 2 тамшы *P* хлорсутек қышқылын

қосады, препаратты жабын әйнекпен жабады және дереу микроскоппен қарайды. Қызыл түске боялу лигниннің болуын көрсетеді.

Препаратты сүт қышқылы реактивінде дайындау

Төсеніш шыныға *P* сүт қышқылы реактивінің 2 – 3 тамшысы құйылады. Шикізаттың ұнтаққа ұсақталған аз мөлшерін сұйықтыққа салады және жабын әйнекпен жабады. Қысқа уақыт ішінде әлсіз қайнатуды сақтай отырып және енгізілетін сұйықтықтың жеткілікті мөлшерін қамтамасыз ете отырып, препаратты қайнағанға дейін абайлап қыздырады. Қажет болса, енгізілетін сұйықтықты сына тәрізді шыны тамшуырманмен толтырады. Салқындатып, микроскоппен қарайды. Лигнификацияланған элементтер ашық сары түске боялады; целлюлозасы бар элементтер түссіз қалады. Крахмал дәндері ашық немесе қою күлгін түске боялады; кейбір секреторлық жинақтар (мысалы, эфир майлары, шайырлар, майлы шайырлар) қызғылт сары түске боялады, ал тығын қызыл түске боялады.

Препаратты қызыл рутений ерітіндісінде дайындау

Төсеніш шыныға *P* қызыл рутений ерітіндісінің 2 тамшысы құйылады. Шикізаттың ұнтаққа ұсақталған аз мөлшерін сұйықтыққа енгізеді және жабын әйнекпен жабады. Шамамен 1 минут өткен соң *P* су тамшысын төсеніш және жабын шыны арасына өтуге мүмкіндік бере отырып, құяды. Микроскоппен қарайды. Шырыш күлгін-қызыл түске боялады.

Препаратты Люголь ерітіндісінде дайындау

Төсеніш шыныға *Люголь P* ерітіндісінің 2 тамшысы құйылады. Шикізаттың ұнтаққа ұсақталған аз мөлшерін сұйықтыққа енгізеді және жабын әйнекпен жауып, микроскоппен қарайды. Крахмал дәндері көк түске боялады.

Препаратты қара тушь ерітіндісінде дайындау

Төсеніш шыныға *P* қара тушь ерітіндісінің 2 тамшысы құйылады. Шикізаттың ұнтаққа ұсақталған аз мөлшерін сұйықтыққа енгізеді және жабын әйнекпен жабады және бірден микроскоппен қарайды (шамалы үлкейту). Шырыш қара фонда түссіз масса түрінде көрінеді.

Препаратты судан III ерітіндісінде дайындау

Төсеніш шыныға *P* судан III ерітіндісінің 2 – 3 тамшысын құяды. Шикізаттың ұнтаққа ұсақталған аз мөлшерін сұйықтыққа енгізеді және жабын әйнекпен жабады, қыздырады және микроскоппен қарайды. Қанық эфир майының тамшылары қызғылт сары – қызғылт түске боялады.

Препаратты b- нафтол (резорцин немесе тимол) ерітіндісінде дайындау

Төсеніш шыныға шамамен 0,1 г ұнтаққа ұсақталған шикізатты салады, *P* b- нафтол (*P* резорцин немесе *P* тимол) ерітіндісінің 1 – 2 тамшысын және *P* күкірт қышқылының 1 тамшысын қосады және микроскоппен қарайды. Инулин қызғылт-күлгін түске боялады, резорцин мен тимолды қолданған кезде қызғылт сары – қызыл түске боялады. Инулиннің болуы крахмал болмаған кезде ғана байқалады.

ЖАПЫРАҚТАР, ШӨПТЕР, ГҮЛДЕР

Бүтін және кесілген шикізат. Бүтін шикізатты зерттеу кезінде шеті мен тамырлары бар жапырақ пластинкаларының бөлігі қолданылады; шөптерде – жапырақ, кейде сабағының және гүлінің үзіндісі, гүлдерде айшанағы мен гүл күлтесі жеке қаралады. Кесілген шикізатты зерттеу кезінде жоғарыда аталған органдарға қатысы болуы мүмкін бірнеше әртүрлі бөліктер қолданылады.

Препаратты ағартуды екі тәсілмен жүргізуге болады:

- шикізат бөліктерін пробиркаға салады, *P* сумен (1:1) араластырылған 5% (м/көл) *P* натрий гидроксидінің ерітіндісін қосады және 1 – 2 минут қайнатады. Содан кейін ішіндегі затты фарфор шыныаяғына құйяды, сұйықтықты ағызып тастайды, шикізат бөліктерін *P* сумен мұқият жуады және *P* суда қалдырады. *P* судан зерттелетін материалды іреуіш инемен немесе күрекшемен алады және төсеніш шыныға *P* хлоралгидрат ерітіндісінің немесе *P* глицериннің тамшысына салады;

- шикізат бөліктерін *P* сумен (1:1) сұйытылған *P* хлоралгидрат ерітіндісінде 5 – 10 минут (ағартылғанға дейін) қайнатады, содан кейін төсеніш шыныға *P* хлоралгидрат ерітіндісінің немесе *P* глицериннің тамшысына салады, скальпельмен немесе іреуіш инемен екі бөлікке бөледі, олардың біреуін абайлап аударады. Нысанды жабын әйнекпен жабады, ауа көпіршіктері жойылғанға дейін аздап қыздырады және салқындатқаннан кейін екі жағын микроскоппен алдымен кіші ұлғайту, содан кейін үлкен ұлғайту арқылы қарайды. Қалың жапырақтардан микропрепараттар дайындау кезінде оларды алдын ала скальпельмен езеді.

Сабақтарын зерттеу үшін олардың кесінділерін 5 % (м/көл) *P* натрий гидроксиді ерітіндісінде қайнатады, *P* сумен мұқият жуады, эпидермисті скальпельмен немесе іреуіш инелермен алып тастайды және оны беткі қабатынан қарайды; қалған тіндерді төсеніш шыныда *P* хлоралгидрат ерітіндісінде немесе *P* глицеринде скальпельмен ұсақтап, препарат дайындайды.

P хлоралгидрат ерітіндісінде 10 минут қайнатқаннан кейін жапырақтар мен сабақтардың көлденең кесінділерін дайындау үшін шикізат бөліктерін тығынға немесе аюбадам өзегіне қысып, кесінді жасайды. Дайын кесінділерді *P* сумен жуады және *P* хлоралгидрат ерітіндісіне сала отырып, олардан микропрепараттар дайындайды.

ЖЕМІСТЕР МЕН ТҰҚЫМДАР

Бүтін шикізат. Тұқым мен жемісқап қабығы препараттарын беткі қабаттан немесе көлденең кесіндіден дайындайды.

Беткі қабаттан алынған қабық пен жемісқап препараттары. 2 – 3 тұқымды немесе жемісті пробиркада 5% *P* натрий гидроксиді ерітіндісінде 2 – 3 минут бойы қайнатады және *P* сумен мұқият жуады. Нысанды төсеніш шыныға орналастырады, іреуіш инемен тұқымның қабығын немесе жемісқап тіндерін бөліп алады және оларды *P* хлоралгидрат ерітіндісінде немесе *P* глицеринде қарайды.

Кесінділер. Кесінділерді дайындау үшін құрғақ жемістер мен тұқымдар бір тәулікке ылғалды камераға орналастырылып, алдын ала жұмсартылады. Бірнеше тамшы *P* хлороформ қосылған *P* су бар эксикатор ылғалды камера болып қызмет атқарады. Нысанның қатты болуына байланысты 15 – 30 минут бойы немесе одан да көп су буымен жұмсартуға болады.

Ұсақ жемістер мен тұқымдарды өлшемі 0,5 см х 0,5 см х 1,5 см болатын парафин блогына дәнекерлейді. Ол үшін қыздырылған іреуіш иненің ұшымен парафинді ерітіп, пайда болған шұңқырға объектіні тез салады (объектінің беті құрғақ болуы керек). Нысанның кесінділерін парафинмен бірге жасайды және микропрепараттарды *P* глицерин немесе *P* хлоралгидрат ерітіндісінде дайындайды.

Крахмалды, қанық эфир майларын, шырышты анықтау үшін *Микрохимиялық зерттеу* бөліміне сәйкес ұнтаққа ұсақталған шикізатқа қосымша микрохимиялық зерттеулер жүргізіледі. Қажет болса, ұнтаққа ұсақталған өсімдік шикізаты (жемістер, тұқымдар) майсыздандырылып, ағартылады.

ҚАБЫҚ

Бүтін және кесілген шикізат. Көлемі 2 – 3 см х 0.5 – 1 см болатын қабық бөліктерін 5 минут бойы *P* суы бар пробиркада қайнатады, содан кейін оларды қатаң көлденең немесе бойлық қима болатындай етіп скальпельмен тегістейді. Кесінділер жасалады және *P* хлоралгидрат немесе *P* глицерин ерітіндісінде микропрепараттар дайындалады.

Легнификацияланған элементтерді анықтау үшін төсеніш шыныдағы кесіндіге бірнеше тамшы *P* флороглюцин ерітіндісі және 1 тамшы 25% *P* күкірт қышқылы ерітіндісі қосылады. 1 минуттан кейін фильтр қағазының жолағымен сұйықтықты алып тастайды, кесіндіні *P* хлоралгидрат ерітіндісіне немесе *P* глицеринге салады, жабын әйнекпен жабады (қыздырмай қарайды); ағашқа айналған механикалық элементтер таңқурай түстес - қызыл түске боялады. Сонымен қатар сафранин ерітіндісін қолдануға болады. Кесінділерді 50% *P* спирттегі 10 г/л сафранин ерітіндісіне 30 минутқа (бюксте немесе сағат шыныға) салады, алдымен 50% *P* спиртпен, содан кейін қышқылдандырылған 96% *P* спиртпен жуады; 100 мл 96% *P* спиртке 2 тамшы концентрацияланған *P* хлорсутекті қышқылын қосады және төсеніш шыныға *P* глицеринге орналастырады; лигнификацияланған қабықшалар қызыл түске боялады.

Крахмалды анықтау үшін құрғақ қабықтан қырынды алады және оны *Люголь P* ерітіндісінде қарайды; крахмал дәндері көк түске боялады. Қолданар алдында ерітіндіні (1:4) қатынасында *P* сумен сұйытады. Ерітіндіні жарықтан қорғалған жерде сақтайды.

Ілік заттардың болуын анықтау үшін құрғақ қабықтың ішкі бетіне 1 тамшы 1 % (*м/көл*) темір (*III*) аммоний сульфаты *P* ерітіндісі немесе 3% (*м/көл*) темір (*III*) хлориді *P* ерітіндісі жағылады; кара-көк немесе кара-жасыл түске боялады.

Антраценнің туындыларын қабықтың ішкі бетіне 1 – 2 тамшы *натрий гидроксиді P* ерітіндісін жағу арқылы анықтайды; қан түстес қызыл бояу пайда болады.

Ұнтаққа ұсақталған шикізатты микрохимиялық зерттеуді *Микрохимиялық зерттеу* бөліміндегі нұсқауларға сәйкес жүргізеді.

ТАМЫРЛАР, ТАМЫР САБАҚТАР, ТҮЙНЕКТЕР, БАДАНАЛАР, ТҮЙНЕКБАДАНАЛАР

Бүтін шикізат. Көлденең және бойлық кесінділерді дайындайды. Жерасты органдарының кішкене кесігін суық суға салады және шамамен бір тәулік суық суда ұстайды, содан кейін 3 тәулікке 96% *P* спирт және *P* глицерин (1:1) қоспасына салады. Ылғалданған нысандарды қатаң көлденең немесе бойлық қима болатындай етіп скальпельмен тегістейді. Кесінділер жасайды және *P* хлоралгидрат ерітіндісінде немесе *P* глицеринде микропрепараттар дайындайды, диагностикалық белгілерді алдымен кіші ұлғайтуда, содан кейін үлкен ұлғайтуда қарайды.

Кесілген немесе бөлшектелген шикізат. Жерасты органдардың бөліктерін 5% (м/көл) *P* натрий гидроксидінің ерітіндісінде 3 – 5 минут қайнатады, *P* сумен мұқият жуады және кесектерді *P* хлоралгидрат ерітіндісінде немесе *P* глицеринде езіп, микропрепараттар дайындайды.

Лигнификацияланған элементтердің, крахмалдың, илік заттардың, антрацен туындыларының болуы *Қабық* бөліміндегі нұсқауларға сәйкес анықталады.

Құрғақ жерасты органдарының қырындыларымен немесе ұнтаққа ұсақталған шикізатпен *Микрохимиялық зерттеу* бөліміндегі нұсқауларға сәйкес шырышты, қанық эфир майын, инулинді анықтау үшін микрохимиялық реакциялар жүргізіледі.

ЛЮМИНЕСЦЕНТТІ МИКРОСКОПИЯ

Дәрілік өсімдік шикізатын сәйкестендіру үшін люминесцентті микроскопия әдісін (бұл орынды болған жерде) қолданады. Әдістің артықшылығы оны құрғақ өсімдік материалын зерттеу үшін қолдануға болады, одан қалың кесінділер немесе ұнтақ препараттары дайындалады және бастапқы (өзіндік) люминесценцияны бақылауға болады. Люминесцентті микроскопияны арнайы люминесцентті жарықтандырушылармен жабдықталған люминесцентті микроскоптардың көмегімен орындайды.

Микропрепараттарды дайындау

Микропрепараттарды дайындау үшін құрғақ немесе ұнтақталған дәрілік өсімдік шикізатын қолданады. Шикізатты алдын ала суға жібітпейді, өйткені бұл жасушалардан заттардың шайылып кетуіне әкеледі; ылғалды камерада аз уақыт жұмсартуға жол беріледі.

Жапырақтар. Препараттарды, әдетте, жапырақтар ұнтағынан дайындайды, оларды енгізілетін сұйықтықсыз қарайды. Ең жарық люминесценция лигнификацияланған элементтерге (талшық тамырлары, механикалық талшықтар), сондай-ақ әртүрлі эпидермальды түзілімдердің кутикулалары мен кутинизацияланған (шаштар, бездер және т.б.) қабықшаларына тән. Эпидермальды жасушаларда қоңыр, сары немесе жасыл-сары люминесценцияны қамтитын флавоноидтар жиі болады. Мезофилл

жасушалары химиялық құрамына байланысты әртүрлі қосындылардан тұрады — сары, көгілдір, жасыл-сары, қоңыр. Хлорофилл және кальций оксалаты кристалдары кептірілген өсімдік материалында люминесцияланбайды. Кесінді жасау қажет болса, жапырақты ылғалды камерада алдын ала жұмсартады және ұстараның көмегімен қалың кесінді жасайды (2 – 3 мм). Анағұрлым жұқа кесінділер енгізілетін сұйықтыққа салынып, жабын әйнекпен жабылады.

Енгізілетін сұйықтық ретінде *P су, P глицерин, поливинил спиртінің 50 г/л ерітіндісі*, флуоресцентті емес *P вазелин майы* пайдаланылады. Енгізілетін сұйықтық препарат қамтылатын люминесцентті заттарды ерітпеуі керек.

Шөптер. Шөптерді талдау кезінде жапырақтардың микропрепараттары дайындалады. Сабақ препаратын дайындау қажет болса, оны ылғалды камерада жұмсартады және кесінділер дайындайды. Қалың кесінділерді (2 – 3 мм) төсеніш шыныға бекітеді және енгізілетін сұйықтықсыз қарайды; жұқа кесінділерді қолайлы сұйықтыққа салады және жабын әйнекпен жабады. Ең жарық люминесценция өткізгіш шоқтардың лигнификацияланған элементтерінде (тамырлар мен механикалық талшықтар), қабықта және сабақтың өзегінде кездесетін склеренхималық жасушаларда болады. Эпидермис пен қабықта флавоноидтар жиі кездеседі; шикізаттың кейбір түрлерінде қоршау жасушаларында өткізгіш шоқтың айналасында құрамына байланысты әр түрлі жарқырауы бар алкалоидтар болады: көк, көгілдір, жасыл, жасыл-сары, алтын сары, қызғылт сары-қызыл.

Гүлдер. Препараттарды, әдетте, гүлдердің ұнтағынан немесе гүлдің (гүлшоғырдың) жеке бөліктерінен жиі дайындайды, оларды енгізілетін сұйықтықсыз қарайды. Гүлдерде флавоноидтар, каротиноидтар және флуоресценциясы бар басқа да заттар жиі кездеседі. Сары, жасыл-сары немесе көкшіл жарқылы бар тозаң дәндері айқын көрінеді.

Жемістер. Әдетте жемістің көлденең кесінділерін ылғалды камерада алдын ала жұмсартылғаннан кейін дайындайды және кесіндінің қалыңдығына байланысты енгізілетін сұйықтықта немесе онсыз қарайды. Жемістер үшін жемісқап тіндерінің люминесценциясы (экзокарпия, өткізгіш шоқтардың мезокарпия механикалық жасушалары) тән. Секреторлық каналдар айқын көрінеді: олардың құрамы анық жарқырайды; төселетін қабат жасушаларында әдетте сарғыш-қоңыр люминесценция болады. Каналдардың құрамында сары немесе сары-жасыл түсті жарық люминесцентті кристалды қосындылар жиі көрінеді.

Тұқымдар. Әдетте тұқымның көлденең кесінділері ылғалды камерада алдын ала жұмсартылғаннан кейін дайындалады және кесіндінің қалыңдығына байланысты оларды енгізілетін сұйықтықта немесе онсыз қарастырады. Склеренхимдік қабаттар айқын ерекшеленетін тұқым қабағының люминесценциясының сипатына назар аударады. Шырышы бар эпидермис жасушаларында әдетте көк-көгілдір жарқыл болады. Қанық майға бай эндоспермаға және ұрық тіндеріне көгілдір люминесценция тән.

Қабық. Қабықты дымқыл камерада алдын ала жұмсартады, қалың көлденең кесінділер дайындайды (3 – 5 мм-ге дейін), олар төсеніш шыныға бекітіліп, енгізілетін сұйықтықсыз қарайды; жұқа кесінділерді сұйықтыққа салады. Шикізаттың кейбір түрлері үшін қабықтың тығын қабатының люминесценциясы тән: тығын жасушаларының қабықшалары интенсивті жарық шығарады, олардың құрамы қошқыл қызыл (антоцианиндер). Механикалық элементтер ашық түсті және әр түрлі жарық шығарады (тін талшықтары мен тасты жасушалар): көгілдір, жасыл-көк, сарғыш-жасыл. Қабық паренхимасының люминесценциясы химиялық құрамға байланысты. Антрацен туындылары ашық қызғылт-сары немесе қызыл-қызғылт сары жарық шығарады. Илік заттар люминесценцияны "сөндіру" қасиетіне ие, сондықтан құрамында илік заттар бар тіндер қара-қоңыр, қара түсті болады.

Қабық ұнтағынан немесе қырындыдан дайындалған препаратты енгізілетін сұйықтықсыз қарайды. Онда механикалық элементтер айқын көрінеді.

Тамырлар, тамыр сабақтар, баданалар, түйнектер, түйнекбаданалар. Көлденең кесінділер, кесілген кесінділер, ұнтақ немесе қырынды препараттары дайындалады. Кесінділерді ылғалды камерада алдын ала жұмсартылған материалдан, жұқа ара немесе фреза көмегімен құрғақ материалдан кесілген (қалың тамырлар мен тамыр сабақтардан) кесінділер дайындалады. Ұстараның көмегімен кесілген жердің беткі қабатынан тозанданған жасушалар қабатын алып тастау үшін жұқа қабат алып тасталады. Қалың кесінділер мен кесілген жерлер (3 – 5 мм-ге дейін) төсеніш шыныға бекітіліп, оларды енгізілетін сұйықтықсыз қарайды. Жерасты органдары тығынының қабаты әдетте көмескі, қара түске жақын болады. Ағаш (тамырлар мен тамыр сабақтарда) және өткізгіш шоқтар, сондай-ақ склеренхимдік элементтер жарқын люминесцентті болады. Олардың жарқырауы әртүрлі: шикізат түріне қарай қоңыр-жасылдан, сары-жасылдан ашық көкке және интенсивті көкке дейін. Паренхималық тіндердің және әртүрлі секреторлық түзілімдер (бөлінділер орны, каналдар, өтетін орындар, сүтқұлақтар, әртүрлі идиобласттар) люминесценциясы олардың химиялық құрамына қарай түрлі болады. Секреторлық түзілімдерде жарқын люминесценциясы бар кумариндердің, алкалоидтардың, флавоноидтардың кристалды қосындылары кездеседі.

Ұнтақ препараттарында белгілі бір заттар қамтылған жеке тамырлар, механикалық талшықтар топтары, тасты жасушалар, жеке секреторлық түзілімдер және олардың сынықтары, паренхиманың айқын люминесцентті жасушалары көрінеді.

2.1.9. ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СЫНАҚТАР

201090001-2019

2.1.9.1. Таблеткалар мен капсулалардың ыдырауы


Сынақ төменде немесе жалпы немесе жеке фармакопея бабында көрсетілген жағдайларда, қынаптық таблеткаларды, ректалдық және қынаптық капсулаларды қоспағанда, таблеткалар мен капсулалардың сұйық ортада белгілі бір уақыт аралығында ыдырау қабілетін анықтауға арналған.

Торда орналасқан немесе дискінің, егер дискілер пайдаланылған болса, төменгі бетіне жабысқан таблетканың (капсуланың) ерімейтін қабықшасының фрагменттерінен басқа, ешқандай қалдық болмаса немесе қалдық шыны таяқшаның жеңіл жанасуы кезінде ыдырайтын жұмсақ масса болса, үлгі ыдырады деп саналады. Мұндай қалдықтың болуы жеке фармакопея бабында айтылуға тиіс.

Ұзындығы 18 мм-ден аспайтын таблеткалар мен капсулалар үшін А құрал-жабдығын қолданады. Ал үлкен таблеткалар мен капсулалар үшін Б құрал-жабдығын қолданады.

Көлемі 18 мм аспайтын таблеткалар мен капсулалар үшін А сынақ

Жабдықтар. А құрал-жабдығы (2.1.9.1-1-сурет) ыдырауды анықтау үшін құрама себеттен, сыйымдылығы 1 л сұйықтыққа арналған шыны түтік ыдыстан, сұйықтықтың температурасын (37 ± 2) °С шегінде ұстап тұратын термостатикалық құрылғыдан және жиілігі 1 мин. 29 – 32 цикл болатын тік жазықтықта 53 кем емес және 57 мм аспайтын қашықтықта себетке қайтарымды ілгерілемелі қозғалысты хабарлайтын электромеханикалық құрылғыдан тұрады.



2.1.9.1.-1-сурет. – Таблеткалар мен капсулалардың ыдырауын анықтау үшін А құрал-жабдығының құрамдас бөліктерінің құрылымы мен өлшемдері. Өлшемдер миллиметрде көрсетілген

Аспаптың негізгі бөлігі ішкі диаметрі $21,85 \pm 1,15$ мм және қабырғасының қалыңдығы $1,9 \pm 0,9$ мм болатын, ұзындығы $77,5 \pm 2,5$ мм 6 цилиндрлі шыны түтіктері бар құрама себеттен тұрады. Түтіктерді тік қалыпта үстіңгі және астыңғы жағынан диаметрі 90 ± 2 мм, қалыңдығы $6,75 \pm 1,75$ мм, әрқайсысының диаметрі 24 ± 2 мм болатын 6 саңылауы бар екі қапталған пластмасса пластиналары ұстап тұрады. Саңылаулар пластинаның ортасынан бірдей қашықтықта орналасқан және бір-бірінен тең қашықтықта орналасқан. Төменгі пластинаның төменгі бетіне диаметрі $0,615 \pm 0,045$ мм тот баспайтын болат сымнан жасалған, көлемі $2,0 \pm 0,2$ мм саңылаулары бар тор бекітілген. Пластиналар шеңбер бойымен бір-біріне қатысты тік металл шыбықтармен тығыз бекітілген. Жоғарғы пластинаның ортасына қарай тағы бір металл шыбық бекітілген, бұл себетті оны көтеріп, түсіре алатын механикалық құрылғыға бекітуге мүмкіндік береді. Жоғарыға қозғалу үшін қажет уақыт төмен қозғалу үшін қажет уақытқа тең; қозғалыс бағытының өзгеруі біртіндеп жүреді.

Себет ось бойымен тігінен қозғалады. Көлденең жазықтықта осьтің көрінетін бғысуы болмау керек.

Аспаптың конструкциясында дискілерді пайдалану қарастырылған. Бұл ретте әрбір шыны түтік диаметрі $20,7 \pm 0,15$ мм және биіктігі $9,5 \pm 0,15$ мм болатын, тығыздығы $1,18 - 1,20$ г/см³ мөлдір пластмассадан жасалған цилиндр пішінді дискімен жабдықталады. Дискіде диаметрі $2,0 \pm 0,1$ мм 5 параллель тесік бұрғыланды; олардың бірі дискінің ортасында, қалған 4-і дискінің ортасынан радиусы $6,0 \pm 0,2$ мм шеңбер бойымен біркелкі орналасқан. Дискінің бүйір бетінде трапеция тәрізді симметриялық пішінді 4 ойық кесілген, олар дискінің жоғарғы және төменгі беттеріне перпендикуляр. Ойықтың параллель жақтары дискінің шеттеріне сәйкес келеді және шеңберді бойлай орналасқан екі көрші тесіктерді жалғайтын ойда бар сызыққа параллель болады. Дискінің төменгі бетіндегі трапециясының параллель жағының ұзындығы $1,5 - 1,8$ мм, ойық квадрат түрінде болады. Дискінің жоғарғы бетіндегі трапецияның параллель жағының ұзындығы $9,4 \pm 0,2$ мм, ал ортасы диск шеңберінен $2,6 \pm 0,1$ мм қашықтықта орналасқан. Дискінің барлық беттері тегіс.

Дискілерді қолдану жалпы немесе жеке фармакопея бабында жазылған.

Себетті биіктігі 149 ± 11 мм, ішкі диаметрі 106 ± 9 мм болатын стаканға салады. Сұйықтықтың көлемі себетті жоғарғы шеткі қалыпқа көтерген кезде тор сұйықтық бетінен кемінде 15 мм төмен, ал себетті төменгі шеткі қалыпқа түсірген кезде түтік ыдыстың түбінен 25 мм жоғары болатындай және шыны түтіктердің жоғарғы ашық ұштары сұйықтық бетінен шығып тұратындай болуы керек.

Себеттің конструкциясы шыны түтіктер мен сым торларға қойылатын жоғарыда көрсетілген талаптарды сақтаған жағдайда өзгеруі мүмкін.

Әдістеме. Егер жалпы немесе жеке фармакопея бабында басқа нұсқаулар болмаса, сынақ жүргізу үшін таблеткалардың (немесе капсулалардың) 18 үлгісі іріктеп алынады. 6 түтіктің әрқайсысына бір үлгі, егер жазылған болса, диск қойылады. Себетті жалпы немесе жеке фармакопея бабында көрсетілген сұйықтығы бар түтік ыдысқа салады және аспапты қосады. Белгіленген уақыт өткеннен кейін себетті алады, таблеткалар мен капсулалардың жай-күйі зерттеледі. Барлық үлгілер ыдырауы керек. Егер 1 немесе 2 үлгі ыдырамаса, сынақты қосымша 12 үлгіде қайталайды. 18 үлгінің кемінде 16-сы ыдырауы тиіс.

Көлемі 18 мм-ден асатын таблеткалар мен капсулалар үшін Б сынақ

Жабдық. Б құрал-жабдығы (2.1.9.1-2-сурет) ыдырауды анықтау үшін қатты себеттен, сыйымдылығы 1 л сұйықтыққа арналған шыны түтік ыдыстан, сұйықтықтың температурасын (37 ± 2) °С шегінде ұстап тұратын термостатикалық құрылғыдан және 1 минутына жиілігі 29 – 32 цикл болатын тік жазықтықта кемінде 53 және 57 мм аспайтын қашықтықта себетке қайтарымды ілгерілемелі қозғалысты хабарлайтын электромеханикалық құрылғыдан тұрады.

Аспаптың негізгі бөлігі ішкі диаметрі $33,0 \pm 0,5$ мм және қабырғасының қалыңдығы $2,5 \pm 0,5$ мм болатын, ұзындығы $77,5 \pm 2,5$ мм 3 цилиндрлі шыны түтіктері бар себеттен тұрады. Түтіктерді тік қалыпта үстіңгі және астыңғы жағынан диаметрі 97 мм, қалыңдығы 9 мм 3 тесігі бар екі қапталған пластмасса пластиналар ұстап тұрады. Саңылаулар пластинаның ортасынан бірдей қашықтықта орналасқан және бір-бірінен тең қашықтықта орналасқан. Төменгі пластинаның төменгі бетіне диаметрі $0,63 \pm 0,3$ мм тот баспайтын болат сымнан жасалған, көлемі $2,0 \pm 0,2$ мм саңылаулары бар тор бекітілген. Пластиналар шеңбер бойымен тік металл шыбықтармен 77,5 мм қашықтықта бір-біріне қатысты тығыз бекітілген. Жоғарғы пластинаның ортасына қарай тағы бір металл шыбық бекітілген, бұл себетті оны көтеріп, түсіре алатын механикалық құрылғыға бекітуге мүмкіндік береді. Жоғарыға қозғалу үшін қажет уақыт төмен қозғалу үшін қажет уақытқа тең; қозғалыс бағытының өзгеруі біртіндеп жүреді.

Себет ось бойымен тігінен қозғалады. Көлденең жазықтықта осьтің көрінетін ығысуы болмау керек.

Аспаптың конструкциясында дискілерді пайдалану көзделген. Әрбір шыны түтік диаметрі $31,4 \pm 0,13$ мм және биіктігі $15,3 \pm 0,15$ мм болатын, тығыздығы $1,18 - 1,20$ г/см³ мөлдір пластмассадан жасалған цилиндр пішінді дискімен жабдықталады. Дискіде диаметрі $3,15 \pm 0,1$ мм 7 параллель саңылау бұрғыланды; олардың бірі дискінің ортасында, қалған 6-ы дискінің ортасынан 4,2 мм радиуста шеңбер бойымен біркелкі орналасқан. Дискілер 2.1.9.1.-1-суреттегі өлшемдерге сәйкес келеді.

Дискілерді қолдану жалпы немесе жеке фармакопоя бабында жазылған.


Модификацияланған дискілерді пайдалана отырып, автоматты түрде детектірлеу дискілерді қолдану көрсетілген немесе рұқсат етілген жағдайларда рұқсат етіледі. Мұндай дискілер материалдың тығыздығы мен өлшемі бойынша осы бөлімде келтірілген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Себетті стаканға салады. Сұйықтықтың көлемі себетті жоғарғы шеткі қалыпқа көтерген кезде тор сұйықтық бетінен кемінде 15 мм төмен, ал себетті төменгі шеткі қалыпқа түсірген кезде ыдыстың түбінен 25 мм жоғары болатындай және шыны түтіктердің жоғарғы ашық ұштары сұйықтық бетінен шығып тұратындай болуы керек.

Себеттің конструкциясы шыны түтіктер мен сым торларға қойылатын жоғарыда көрсетілген талаптарды сақтаған жағдайда өзгеруі мүмкін.

Әдістеме. Сынақ жүргізу үшін таблеткалардың (немесе капсулалардың) 6 үлгісі іріктеп алынады және оны екі себетті бір мезгілде пайдалана отырып не сынақты қайталай отырып жүргізеді. Әрбір түтікке бір-бір үлгіден, ал егер жазылған болса, диск салынады. Себетті жалпы немесе жеке фармакопоя бабында көрсетілген сұйықтығы бар

түтік ыдысқа түсіреді және аспапты қосады. Белгіленген уақыт өткеннен кейін себетті алады, таблеткалар мен капсулалардың жай-күйін зерттейді. Барлық үлгілер ыдырауы тиіс.



2.1.9.1.-2-сурет. – Таблеткалар мен капсулалардың ыдырауын анықтау үшін Б құрал-жабдығының құрамдас бөліктерінің құрылымы мен өлшемдері. Өлшемдер миллиметрде көрсетілген

201090002-2019

2.1.9.2. Суппозиторийлердің, қынаптық таблеткалардың, ректальді және қынаптық капсулалардың ыдырауы

Сынақ суппозиторийлердің, қынаптық таблеткалардың, ректальді және қынаптық капсулалардың сұйық ортада белгілі бір уақыт аралығында төменде, сондай-ақ жеке фармакопоя бабында немесе тиісті жалпы фармакопоя баптарында көрсетілген жағдайларда, жұмсару немесе ыдырау қабілетін анықтауға арналған.

Жабдық. Аспап (2.1.9.2-1-сурет) қабырғаларының тиісті қалыңдығы бар мөлдір шыныдан немесе пластмассадан жасалған іші бос цилиндрден тұрады, оның ішінде үш ұстағыштың көмегімен металл құрылғы бекітілген. Құрылғы бір-бірінен 30 мм қашықтықта бекітілген тот баспайтын металдан жасалған 2 перфорацияланған диск болып табылады. Дискілердің диаметрі цилиндрдің ішкі диаметріне тең, әр дискіде диаметрі 4 мм 39 саңылау бар.

Сынақтар осындай 3 аспаптың көмегімен жүзеге асырылады, олардың әрқайсысы жеке үлгіні қамтиды. Әрбір аспапты сұйық ортамен толтырылған, сыйымдылығы кемінде 4 л термостаттайтын құрылғысы бар түтік ыдысқа салады.

Сұйық орта ретінде, егер жеке фармакопоя бабында басқа нұсқаулар болмаса, (36,5 ± 0,5) °С дейін қыздырылған суды пайдаланады.


Түтік ыдыс баяу қозғалатын араластырғышпен және аспапты сұйық ортаның бетінен кемінде 90 мм төмен тік қалыпта ұстап тұратын және оны ортадан шығармай 180° айналдыруға мүмкіндік беретін құрылғымен жабдықталған.

Үш аспапты сыйымдылығы кемінде 12 литр болатын бір түтік ыдысқа салуға болады.

Суппозиторийлерге арналған сынақ әдістемесі. Сынақ үш суппозиторийде жүргізіледі. Әрбір үлгіні құрылғының төменгі дискісіне орналастырады, құрылғыны аспаптың цилиндріне орнатады және бекітеді. Аспапты сұйық ортасы бар түтік ыдысқа салады және сынақты бастайды. Аспаптарды әр 10 минут сайын аударады.

Жеке фармакопея бабында көрсетілген уақыт өткеннен кейін талданатын үлгілердің жай-күйі зерттеледі.

Егер барлық үлгілер ыдыраса, препарат сынақтан өтеді.



2.1.9.2.-1-сурет. – Суппозиторийлердің ыдырауын анықтауға арналған аспап. Өлшемдер миллиметрмен көрсетілген

Қынаптық таблеткаларды, ректальді және қынаптық капсулаларды сынау әдістемесі. Ұстағыштарға орнатылған жоғарыда сипатталған аспапты қолданады (2.1.9.2-2-сурет). Аспапты сұйық ортаға толтырылған, ыңғайлы диаметрдегі зертханалық стаканға орналастырады, бұл ретте сұйық ортаның беті жоғарғы тұрған перфорацияланған дискіден сәл төмен болуы керек. Содан кейін тамшуырдың көмегімен көрсетілген сұйық ортаны дискінің перфорациялары сұйық ортаның жұқа қабатымен жабылғанша қосады.

Сынақ үш вагинальды таблеткада немесе үш ректальды немесе вагинальды капсулаларда жүргізіледі. Әр таблетка немесе капсула жеке-жеке құрылғының жоғарғы дискісіне бөлек орналастырылады, ылғалдылықтың тиісті жағдайларын сақтау үшін аспапты шыны пластинамен жабады.

Жеке фармакопоя бабында көрсетілген уақыт өткеннен кейін талданатын үлгілердің жай-күйі зерттеледі.

Егер барлық үлгілер ыдыраса, препарат сынақтан өтті.

Нәтижелерді интерпретациялау. Егер:


а) үлгілер толығымен ерісе;

б) суппозиторий компоненттерінің бөлінуі байқалса: балқытылған липофильді заттар сұйық ортаның бетіне жайылды, ерімейтін компоненттер түбіне шөкті, ал еритін заттар ереді; құрамы мен алу әдісіне байланысты компоненттер көрсетілген жолдардың біреуі немесе бірнешеуі арқылы бөлінуі мүмкін;

в) үлгіні жұмсарту компоненттер толық бөлінбестен, пішіннің айтарлықтай өзгеруімен бірге жүрсе; суппозиторийде шыны таяқшаның қысымына тойтарыс беретін қатты ядроның болмауы да жұмсарту болып саналса;

г) перфорацияланған дискіде тұнба болмаса немесе қалған тұнба шыны таяқшаның қысымына тойтарыс беретін қатты ядросы жоқ тек жұмсақ немесе көбік тәрізді массадан тұрса (вагинальды таблеткалар);

д) ішіндегі заттың босап шығуына мүмкіндік беретін ректальды немесе вагинальды капсуланың желатин қабықшасының жарылуы байқалса, үлгілер ыдырады деп саналады.



2.1.9.2.-2-сурет. – Қынаптық таблеткалардың, ректальді және қынаптық капсулалардың ыдырауын анықтауға арналған аспап. А – шыны пластина; Б – қынаптық таблетка немесе ректальді капсула немесе қынаптық капсула; В – судың беті; Г – су; Д – стакан

201090003-2019

2.1.9.3. Қатты дозаланған дәрілік нысандарды ерітуге арналған сынақ

"Еріту" сынағы белгілі бір уақыт аралығында төменде көрсетілген жағдайларда, сондай-ақ жеке фармакопоя бабында және тиісті жалпы фармакопоя баптарында көрсетілген жағдайларда қатты дозаланған дәрілік нысаннан еру ортасына босап шығуы тиіс әрекет ететін заттың мөлшерін айқындауға арналған.

"Еріту" сынағы қатты дозаланған дәрілік нысандар қасиеттерінің тұрақтылығын және өндірістік процестің тиісті жағдайларын растау мақсатында олардың сапасын бақылау кезінде жүргізіледі.

Әрекет ететін заттардың босап шығу жылдамдығына байланысты барлық қатты дозаланған дәрілік нысандар (таблеткалар, түйіршіктер (еру уақыты 5 минуттан асатын) және капсулалар) мынадай топтарға бөлінеді:

1-топ: таблеткалар; қабықшамен қапталған таблеткалар; түйіршіктер (еру уақыты 5 минуттан асады); қабықшамен қапталған түйіршіктер; капсулалар (босап шығуы стандартты таблеткалар, капсулалар, түйіршіктер);

2-топ: босап шығуы кейінге қалдырылған таблеткалар, капсулалар және түйіршіктер;

3-топ: босап шығуы ұзаққа созылатын таблеткалар, капсулалар және түйіршіктер.

Бұл бөлімде дәрілік нысан бірлігі деп бір таблетка немесе бір капсула немесе түйіршіктердің көрсетілген саны түсініледі.

1-аспап (айналмалы себет). Аспап (2.1.9.3.-1-суретті қараңыз):

- боросиликат шыныдан немесе басқа қолайлы мөлдір инертті материалдан жасалған жартышарлы (*B*) түбі бар ерітуге арналған цилиндр тәрізді түтік ыдыстан тұрады. Ерітуге арналған ыдыстың номиналды сыйымдылығы 1000 мл; биіктігі 160 – 210 мм; ішкі диаметрі 98 – 106;

- жеке фармакопоя бабында көрсетілген себеттің айналу жылдамдығынан $\pm 4\%$ шегінде себеттің айналу жылдамдығын ұстап тұратын жылдамдықты реттегіші бар қозғалтқыштан;

төменгі бөлігіне цилиндр тәрізді себет (*B*) бекітілген тік біліктен (*A*) тұратын \pm араластырғыш элементтен тұрады. Біліктің айналу осі ыдыстың тік осінен 2 мм-ден артық ауытқымауы тиіс. Біліктің айналуы айтарлықтай тербелусіз бірқалыпты болуы керек.

Себет екі бөліктен тұрады: диаметрі $2,0 \pm 0,5$ мм болатын тесіктері бар жоғарғы бөлігі білікке дәнекерленуі тиіс және 3 серпімді қысқышпен немесе сыналатын дәрілік затты енгізу үшін себеттің төменгі бөлігін алып тастауға мүмкіндік беретін басқа қолайлы құралмен жабдықталуы тиіс. Себеттің алынатын бөлігі диаметрі 0,22 – 0,31 мм болатын сымнан көлемі 0,36 – 0,44 мм саңылаудан жасалатын, тік тігіспен дәнекерленген металл сым торынан жасалған. Тордың цилиндр тәрізді пішіні бар, үстіңгі және астыңғы жағы металл жақтаумен шектелген.


Агрессивті қышқыл ерітінділерді қолданған кезде қалыңдығы 2,5 мкм болатын алтын қабатымен жалатылған себет қолданылады.

Ерітуге арналған түтік ыдыстың түбі мен себет арасындағы арақашықтық 23 – 27 мм құрауы керек.

Еріту ортасының булануын болдырмау үшін ерітуге арналған түтік ыдыстар себет осінің өтуі үшін орталық саңылауы бар, сондай-ақ термометрге және сынама алуға арналған саңылаулары бар қақпақтармен жабылуы тиіс.

Еріту ортасының температурасын ($37 \pm 0,5$) °C ұстап тұру үшін аспап термостатталатын сұйықтықтың тұрақты көлемі бар су моншасымен жабдықталуы керек.


Аспаптың құрамдас бөліктері, сондай-ақ аспап орналасқан қоршаған орта ауыспалы элементтің бірқалыпты айналу шегінен шығатын айтарлықтай қозғалыс, тербеліс немесе діріл шығармауы керек. Сынақ процесінде сыналатын препарат пен араластырғышқа бақылау жүргізуге мүмкіндік беретін аспапты пайдаланған жөн.



2.1.9.3.1.-1-сурет. – 1-аспап, араластырғыш элемент – себет (өлшемдер миллиметрде көрсетілген)

2-аспап (қалақты араластырғыш). Жоғарыда сипатталған 1-аспаптың комплектациясы қолданылады, онда араластырғыш элемент ретінде қалақтан және біліктен тұратын қалақ орнатады. Білік оның осі ыдыстың тік осінің кез келген нүктесінен 2 мм-ден аспайтын арақашықтықта болатындай етіп орналастырылуы және сынақ нәтижелеріне әсер етуі мүмкін елеулі тербелістерсіз бірқалыпты айналуы тиіс. Қалақтың орталық тік сызығы қалақтың төменгі бөлігі біліктің төменгі бөлігінің

деңгейінде болатындай біліктің осінен өтуі керек. Тиісті спецификациясы бар қалақты араластырғыш 2.1.9.3.-2-суретте келтірілген. Сынақ барысында қалақтың төменгі бөлігі мен түтік ыдыс түбінің ішкі беті арасындағы арақашықтық 25 ± 2 мм деңгейінде ұсталуы тиіс. Металдан немесе қолайлы инертті қатты материалдан жасалған қалақ пен білік біртұтас конструкция болуы керек. Сынақ процесінде берік бекітілген, екі алмалы-салмалы бөліктерден тұратын құрылғыларды пайдалануға жол беріледі.




2.1.9.3.-2-сурет. – 2-аспап, араластырғыш элемент – қалақ (өлшемдер миллиметрде көрсетілген)

Қалақ пен білікке қорғанышты инертті жабын жағылуы мүмкін. Қалақтың айналуының алдында дәрілік нысанның бірлігі ыдыстың түбіне орналастырылады. Қалқып шығудың алдын алу үшін дәрілік нысанның бірлігіне инертті материалдың кішкене бөлігін бекітеді, мысалы сым спиралінің бірнеше орамын немесе 2.1.9.3 -3-

суретте көрсетілген құрылғыны бекітуге болады. Басқа валидацияланған құрылғыларды пайдалануға жол беріледі.

А және В өлшемдеріндегі айырмашылықтар орталық ось айналасында айналдырған кезде 0,5 мм-ден аспауы керек. Басқа нұсқаулар болмаған кезде ауытқулар $\pm 1,0$ мм болуы мүмкін.



2.1.9.3.-3-сурет. – Батыруға арналған баламалы құрылғы (өлшемдері миллиметрде көрсетілген). А – қышқылға төзімді сым қысқыштар; В – қышқылға төзімді сым негіз

3-аспап (порпенді цилиндр). Аспап цилиндрлі жайпақ түпті шыны түтік ыдыстар жиынтығынан; қайтымды ілгерілеме қозғалыстар жасайтын шыны цилиндрлер жиынтығынан; инертті фитингтерден (316 типті тот баспайтын болаттан немесе басқа да қолайлы материалдан жасалған) және қолайлы сіңірмейтін инертті материалдардан дайындалған және қайтымды ілгерілеме қозғалыстар жасайтын цилиндрлердің түбі мен үстін жабатындай етіп жасалған елеуіштер; цилиндрлерді ыдыстардың ортасында тік қайтымды ілгерілемелі қозғалысқа әкелетін және қажет болған жағдайда оларды ыдыстардың әртүрлі қатарларында көлденең жылжытатын мотор мен жетек жүйелерден тұрады. Түтік ыдыстар сынақ барысында $37 \pm 0,5$ °С температураны ұстап тұруға мүмкіндік беретін тиісті мөлшердегі су моншасына жартылай батырылады. Аспаптың құрамдас бөліктері, сондай-ақ аспап орналасқан қоршаған орта цилиндрлердің бірқалыпты қайтымды ілгерілеме қозғалысы шегінен шығатын елеулі қозғалыс, тербеліс немесе діріл шығармауы керек. Цилиндрлердің қайтымды ілгерілеме қозғалысының жылдамдығын таңдау және оның мәнін $\pm 5\%$ шегінде ұстау мүмкіндігі бар аспапты пайдаланады. Сыналатын препаратқа және қайтымды ілгерілеме қозғалыстар жасайтын цилиндрлерге бақылау жүргізуге мүмкіндік беретін аспапты қолданған жөн. Сынақ кезінде буланудың алдын алу үшін түтік ыдыстарды қақпақпен жабады. Жеке фармакопея бабында басқа нұсқаулар болмаған кезде аспап элементтері 2.1.9.3-4-суретте келтірілген өлшемдерге сәйкес келуі тиіс.

4-аспап (ағынды ұяшық). Аспап еріту ортасына арналған резервуар мен сорғыдан; ағынды ұяшықтан; еріту ортасының температурасын $37 \pm 0,5$ °С ұстап тұру үшін су

моншасынан тұрады. Жеке фармакопея бабында көрсетілген өлшемдегі ұяшықты пайдаланады.


Еріту ортасын сорғының көмегімен ағынды ұяшық арқылы жоғары қарай тартады. Сорғы стандартты жылдамдығы 4 мл/мин, 8 мл/мин және 16 мл/мин болатын 240 мл/сағ-тан 960 мл/сағ-қа дейін ағын беруді өзгерту диапазонын қамтуы және ағынның номиналды жылдамдығынан $\pm 5\%$ дәлдікпен ағынның тұрақтылығын қамтамасыз етуі тиіс; ағынның профилі пульсациясы 120 ± 10 пульс/мин болатын синусоидалық болуы тиіс. Сорғыны пульсациясыз қолдануға рұқсат етіледі. Ағынды ұяшықты пайдалана отырып, сынау әдістемесі ағын жылдамдығы мен пульсация параметрлерін қамтуы тиіс



Ауаға арналған саңылау

Ø3.9 ± 0.1

Буды айналдыруға арналған қақпақ



Ауаға арналған саңылау

Ø3.9 ± 0.1

Елеуіш

400 ± 4

Қайтымды ілгерілеме қозғалыстар жасайтын шыны цилиндрлер




Елеуіш

Шыны ыдыс

2.1.9.3.-4-сурет. – 3-аспап, шыны түтік ыдыс және поршенді цилиндр (басқа нұсқаулар болмаған кезде өлшем миллиметрде көрсетіледі)

Мөлдір инертті материалдан жасалған ағынды ұяшықты (2.1.9.3.-5 және 2.1.9.3.-6-суреттерді қараңыз) ұяшықтың жоғарғы бөлігінен түсетін ерімеген бөлшектердің түсуін болдырмайтын фильтрлар жүйесін пайдалана отырып, тік орнатады. Ұяшықтың стандартты диаметрлері 12 мм және 22,6 мм құрайды; төменгі конусты әдетте диаметрі шамамен бір миллиметр болатын кішкентай шыны шарлармен толтырады. Сұйықтықты енгізу түтігін қорғау мақсатында конустың жоғарғы жағына диаметрі шамамен 5 мм болатын бір шарды қояды. Ерекше дозаланған нысандар үшін (2.1.9.3.-5 және 2.1.9.3.-6-суреттерді қараңыз) таблеткалар ұстағышты орнатуға болады. Ұяшықты су моншасына батырады және $37 \pm 0,5$ °С температураны ұстап тұрады.

Кювет құрылғысын аспапта бекіту үшін қысқыш пен екі О-тәрізді сақина қолданылады. Сорғы тудыратын тербелістерден қорғау үшін еріту модулін сорғыдан бөліп алады. Бұл ретте сорғының орналасуы резервуарлық ыдыстардың деңгейінен жоғары болмауы тиіс. Қосылу түтіктері мүмкіндігінше қысқа, қолайлы инертті материалдан, мысалы ішкі диаметрі 1,6 мм және инертті фланец ұштары бар политетраф-торетиленнен жасалған болуы керек.



2.1.9.3.-5-сурет. – 4-аспап, таблеткалар мен капсулаларға арналған үлкен ұяшық (жоғарыда), үлкен ұяшыққа арналған таблеткалар ұстағыш (төменде) (басқа нұсқаулар болмаған кезде өлшем миллиметрде көрсетіледі)

Аспаптың жарамдылығын тексеру. Сынақ жоғарыда келтірілген өлшемдер мен талаптарға сәйкестігін белгілеуді қамтуы тиіс. Бұдан басқа, сынақ барысында еріту ортасының көлемі мен температурасы, айналу жылдамдығы (1 және 2-аспаптар), бату жылдамдығы (3-аспап) және орта ағынының жылдамдығы (4-аспап) сияқты критикалық параметрлерді мерзімді тексеру қажет. Аспаптың еріту үшін сынаққа жарамдылығын тексеру мерзімді жүргізіледі.

Сынама іріктеу

Сынамаларды іріктеу еріту ортасының беткі қабаты мен себеттің немесе араластырғыш қалақтың алмалы-салмалы элементінің жоғарғы бөлігі арасындағы S қашықтықта және ерітуге арналған түтік ыдыс қабырғасынан кемінде 1 см қашықтықта орналасқан ерітуге арналған түтік ыдыс аймағынан жүзеге асырылады.

Сынамаларды іріктеу уақыты жеке фармакопея бабында көрсетілуі тиіс және $\pm 2\%$ дәлдікпен сақталуы тиіс.

1-топтағы препараттар үшін, егер жеке фармакопея бабында басқа нұсқаулар болмаса, сынамаларды іріктеу уақыты сынақ басталғаннан кейін 45 минуттан кейін басталады.

2 -топтағы препараттар үшін қышқыл сатысы мен сілтілік сатысы үшін 2 бөлек нормаланатын уақыт аралықтары көрсетілуі тиіс.


3-топтағы препараттар үшін кемінде 3 уақыт аралығы көрсетілуі тиіс.

Сынаманы әрбір іріктеуден кейін еріту ортасының көлемі аликвотаның іріктеп алынған көлеміне тең келетін көлемдегі дәл сол еріткішпен өтелуі тиіс. Егер алдын ала жүргізілген зерттеулер еру ортасын толықтыру міндетті болып табылмайтынын көрсетсе, еру ортасының кемуі еру ортасына босап шыққан дәрілік заттың мөлшерін есептеу кезінде ескерілуге тиіс.

Еріту ортасынан алынған ерітінді аликвотасы дереу инертті фильтр арқылы фильтрленеді, ол әрекет ететін затты ерітіндіден сіңірмеуі және еріту ортасымен экстрагирлеуге қабілетті заттарды қамтымауы тиіс. Егер жеке фармакопея бабында басқа нұсқаулар болмаса, фильтр пораларының мөлшері 0,45 мкм-ден аспауы тиіс.

Аликвотаны центрифугалауға сынаманы фильтрлеуді және сынама дайындау әдістемесін валидациялауды қолдану мүмкін еместігін негіздеген кезде ғана жол беріледі.

Ерітіндідегі әрекет ететін затты сандық анықтаудың талдамалық әдісі жеке фармакопея бабында сипатталуы және белгіленген талаптарға сәйкес валидациялануы тиіс.



2.1.9.3.-6-сурет. – 4-аспап, таблеткалар мен капсулаларға арналған кіші ұяшық (жоғарыда), кіші ұяшыққа арналған таблеткалар ұстағыш (төменде) (басқа нұсқаулар болмаған кезде өлшем миллиметрде көрсетіледі)

Егер капсуланың қабығы талдау нәтижелеріне әсер етсе, онда түзету (түзеу) факторы анықталады, ол үшін әрекет ететін заты жоқ осы дәрілік нысанды өндіру кезінде пайдаланылатын капсулаларға "Еріту" сынағы жүргізіледі. Түзету факторы еріту ортасына босап шыққан әрекет ететін заттың қамтылуын есептеу кезінде ескеріледі. Түзету факторы әрекет ететін заттың мәлімделген қамтылымының 25% - ынан аспауы тиіс.

Сынақ әдістемесі

Таблеткалар, капсулалар, стандартты босап шығатын түйіршіктер

Ерітуге арналған аспаптың түтік ыдысына (1 және 2 аспаптар) еріту ортасының көрсетілген көлемін орналастырады. Еріту ортасының температурасын ($37 \pm 0,5$) °C дейін жеткізеді.

1 аспапты (айналмалы себетті) пайдалану кезінде жеке фармакопея бабында басқа нұсқаулар болмаған кезде аппараттың 6 құрғақ себетінің әрқайсысына дәрілік нысанның бір бірлігі бойынша орналастырады. Себеттерді еріту ортасына түсіріп, араластырғыш құрылғыларды айналдыратын қозғалтқышты қосады.

2-аспапты (қалақты араластырғышты) пайдаланған кезде, егер жеке фармакопея бабында басқа нұсқаулар болмаса, дәрілік нысанның бір бірлігі араластырғыштың айналуы басталғанға дейін еріту ортасы бар 6 ыдыстың әрқайсысына тікелей орналастырылады. Таблеткалар мен капсулалардың еріту ортасының бетіне қалқып шығуын болдырмау үшін аспаптың жиынтығында тиісті құрылғы көзделген. Таблетка немесе капсула бетіне ауа көпіршіктерінің түсуіне жол бермеу үшін абай болу керек.

3-аспапты (поршеньді цилиндр) пайдаланған кезде еріту ортасының көрсетілген көлемі (± 1 %) аспаптың әрбір ыдысына орналастырылады, аспапты жинайды, еріту ортасын ($37 \pm 0,5$) °C температураға дейін қыздырады және термометрді алып тастайды. Дәрілік нысанның бір бірлігі оның бетінде ауа көпіршіктерінің пайда болуын болдырмай, қайтымды ілгерлеме қозғалыс жасайтын әрбір поршеньдік цилиндрге орналастырылады. Содан кейін аспапты нұсқауларға сәйкес іске қосады. Жоғары-төмен қайтымды ілгерлеме қозғалыс кезінде цилиндр жалпы 9,9 – 10,1 см қашықтықты жүріп өтеді. Көрсетілген уақыт аралығы ішінде немесе көрсетілген уақыт аралықтарының әрқайсысында цилиндрлерді көтереді және еріту ортасының беті мен әрбір ыдыстың түбі арасындағы ортадан сынама бөлігін алады.

4-аспапты (ағынды ұяшық) пайдаланған кезде сұйықтықтың түтікке өтуіне жол бермеу үшін ағынды ұяшықтың конустық бөлігінің түбіне диаметрі ($5,0 \pm 0,5$) мм болатын 1 шар және содан кейін тиісті көлемдегі, әдетте ($1,0 \pm 0,1$) мм, шыны шарлар (аспаптың жиынтығына кіреді) орналастырылады. Егер жеке фармакопея бабында басқа

нұсқаулар болмаса, дәрілік нысанның бірлігі ұяшыққа немесе тікелей шыны шарлардың қабатына орналастырылады. Құрылғыны фильтрлейтін жүйемен жабады.

Сыналатын сынамаларды басқа нұсқаулар болмаған кезде оларды іріктегеннен кейін бірден фильтрлейді. Белсенді затты сіңірмейтін және талдау нәтижелеріне әсер етуі мүмкін экстрагацияланатын заттары жоқ инертті фильтр пайдаланылады.

Сынамаларға талдау сандық анықтаудың тиісті әдісін жүргізу арқылы жүргізіледі. Қажет болған жағдайда сынақ дозаланған дәрілік нысан бірліктерінің қосымша санында қайталаңады.

Босап шығу мерзімі ұзартылған (кейінге қалдырылған) таблеткалар, капсулалар, түйіршіктер

2-топтағы қатты дәрілік нысандар үшін 1 немесе 2-аспапты пайдалана отырып, "Еріту" сынағын жүргізудің 2 балама әдістемесінің бірі қолданылуы мүмкін.

Қолданылатын әдістеме мен аспапқа сілтеме жеке фармакопоя бабында келтіріледі.

1-әдістеме. Сынақ екі кезеңде жүргізіледі.

1-кезең (қышқылдық). 750 мл 0,1 М хлорсутек қышқылы, егер жеке фармакопоя бабында басқа нұсқаулар болмаса, ерітуге арналған б ыдыстың әрқайсысына салынады. Еріту ортасының температурасын ($37 \pm 0,5$) °C дейін жеткізеді. Дәрілік нысанның бір бірлігін, жеке фармакопоя бабында басқа нұсқаулар болмаған кезде, ерітуге арналған б ыдыстың әрқайсысына орналастырады, араластырғыш құрылғының моторын қосады. 2 сағаттан кейін, егер жеке фармакопоя бабында басқа нұсқаулар болмаса, аликвот іріктеледі және төменде сипатталғандай сілтілі ортада еріту процесі дереу жалғастырылады.

Ерітіндінің таңдалған аликвот бөлігі жеке фармакопоя бабында сипатталған әдістеме бойынша талданады. Егер еріту ортасына өткен әрекет ететін заттың мөлшері "Нәтижелерді интерпретациялау" бөлімінің өлшемдеріне сәйкес келсе, 1-сатыдағы сынақтардың нәтижелері қанағаттанарлық деп есептеледі (2.1.9.3-2-кестені қараңыз).

2.1.9.3.-1-кесте. – 1-топтағы қатты дозаланған дәрілік нысандарға арналған "Еріту" сынағының нәтижелерін интерпретациялау

Деңгейі	Сыналатын бірліктің саны	Критерийлердің қолайлығы
S1	6	Әрбір сыналатын бірлік үшін: еріту ортасына әрекет ететін заттың номиналды мөлшерінің кемінде Q + 5% босап шығуы тиіс
S2	6	Дәрілік нысанның 12 сыналатын бірлігінен (S1 + S2) еріту ортасына босап шыққан әрекет ететін заттың орташа саны кемінде Q болуға және еріту ортасына әрекет ететін заттың номиналды мөлшерінің Q – 15% кем өткен бірде-бір бірлік болмауы тиіс

S3	12	Дәрілік нысанның 24 сыналатын бірлігінен (S1 + S2 + S3) еріту ортасына босап шыққан әрекет ететін заттың орташа саны кем дегенде Q болуы керек; тек 2 бірлік үшін Q — 15 % кем болуы мүмкін және бірде-бір бірлік үшін әрекет ететін заттың номиналды мөлшерінің Q — 25% кем болмауы тиіс
----	----	---

2.1.9.3.-2-кесте. – 2-топтағы қатты дозаланған дәрілік нысандарға арналған "Еріту" сынағының нәтижелерін интерпретациялау

Деңгейі	Сыналатын бірліктің саны	Критерийлердің қолайлығы
		1-саты (қышқылды)
A1	6	Әрбір сыналатын бірлік үшін: еріту ортасына әрекет ететін заттың номиналды мөлшерінен 10 % артық емес босап шығуы тиіс
A2	6	Дәрілік нысанның 12 сыналатын бірлігінен (A1 + A2) еріту ортасына босап шыққан әрекет ететін заттың орташа саны әрекет ететін заттың мәлімделген мөлшерінен 10 % аспауы тиіс және босап шыққан әрекет ететін заттың саны номиналды мөлшердің 25 % асатын бірде-бір бірлік болмауы тиіс
A3	12	Дәрілік нысанның 24 сыналатын бірлігінен (A1 +A2 + A3) еріту ортасына босап шыққан әрекет ететін заттың орташа саны әрекет ететін заттың мәлімделген мөлшерінен 10 % аспауы тиіс және одан босап шыққан әрекет ететін заттың саны номиналды мөлшердің 25 % асатын бірде-бір бірлік болмауы тиіс
		2-саты (буферлік)
B1	6	Әрбір сыналатын бірлік үшін: еріту ортасына әрекет ететін заттың номиналды мөлшерінің кемінде Q + 5% босап шығуы тиіс
B2	6	Дәрілік нысанның 12 сыналатын бірлігінен (B1 + B2) еріту ортасына босап шыққан әрекет ететін заттың орташа саны кемінде Q болуға тиіс және еріту ортасына әрекет ететін заттың

		номиналды мөлшерінің Q – 15% кем босап шыққан бірде-бір бірлігі болмауы тиіс
V3	12	24 сыналатын бірліктен (V1 +V2 + V3) еріту ортасына босап шыққан әрекет ететін заттың орташа саны кемінде Q болуы тиіс; тек 2 бірлік үшін Q — 15 % кем болуы мүмкін және бірде-бір бірлік үшін әрекет ететін заттың номиналды мөлшерінің Q — 25% кем болмауы тиіс

2-саты (буферлік). Ерітуге арналған 6 ыдыстың әрқайсысына 0,2 М додекагидрат тринатрий фосфаты Р ($\text{Na}_3\text{PO}_4 \cdot 12 \text{H}_2\text{O}$) ерітіндісінің 250 мл қосылады, оның температурасы ($37 \pm 0,5$) °С құрайды (аспаптың араластырғыш құрылғысы жұмысын жалғастырады). Еріту ортасының рН мәні $6,80 \pm 0,052$ М сутегі қышқылымен немесе 2 М натрий гидроксиді ерітіндісімен реттеледі.

Егер жеке фармакопоя бабында басқа нұсқаулар болмаса, еріту процесін 45 минут бойы жалғастырады. Ерітіндінің сынамасын іріктегеннен кейін жеке фармакопоя бабында сипатталған әдістеме бойынша ерітіндідегі әрекет ететін заттың мөлшерін анықтау жүргізіледі. Егер еріту ортасына өткен әрекет ететін заттың саны "Нәтижелерді интерпретациялау" бөлімінің критерийлеріне сәйкес келсе, 2-сатыдағы сынақтардың нәтижелері қанағаттанарлық деп есептеледі (2.1.9.3.-2-кестені қараңыз).

Ескертпе. Тринатрий фосфаты додекагидратының 0,2 М ерітіндісін қосу және еріту ортасының рН берілген мәнге дейін жеткізу рәсімі 5 минуттан аспайтын уақыт ішінде жүргізілуі тиіс.

2-әдістеме. Сынақ екі сатыда жүргізіледі.

1-саты (қышқылды). Егер жеке фармакопоя бабында басқа нұсқаулар болмаса, 0,1 М хлорсутек қышқылының 1000 мл ерітуге арналған 6 ыдыстың әрқайсысына орналастырады. Еріту ортасының температурасын ($37 \pm 0,5$) °С дейін жеткізеді. Дәрілік нысанның бір-бір бірлігін, жеке фармакопоя бабында басқа нұсқаулар болмаған кезде, ерітуге арналған 6 ыдыстың әрқайсысына орналастырады, араластырғыш құрылғының моторын қосады. 2 сағаттан кейін, егер жеке фармакопоя бабында басқа нұсқаулар болмаса, аликвота іріктеліп және төменде сипатталғандай сілтілі ортада еріту процесін дереу жалғастырады.

Ерітіндінің іріктеліп алынған аликвота бөлігін жеке фармакопоя бабында сипатталған әдістеме бойынша талдайды.

Егер еріту ортасына өткен әрекет ететін заттың саны "Нәтижелерді интерпретациялау" бөлімінің критерийлеріне сәйкес келсе, 1-сатыдағы сынақтардың нәтижелері қанағаттанарлық деп есептеледі (2.1.9.3.-2-кестені қараңыз).

2-саты (буферлік). Ерітуге арналған әрбір түтік ыдыстан $0,1\text{ M}$ хлорсутек қышқылы алынып тасталады және температурасы $(37 \pm 0,5)$ °С болатын рН 6,8 (2) фосфатты буферлік ерітіндісінің 1000 мл салынады. $0,1\text{ M}$ хлорсутек қышқылын қамтитын ерітуге арналған түтік ыдыстардан температурасы $(37 \pm 0,5)$ ° болатын рН 6,8 (2) фосфатты буферлік ерітіндісінің 1000 мл қамтитын ерітуге арналған түтік ыдыстарға қатты дозаланған дәрілік нысанның сыналатын бірліктерін тасымалдауға болады.

Егер жеке фармакопея бабында басқа нұсқаулар болмаса, еріту процесі 45 минут бойы жалғасады. Содан кейін аликвотаны іріктеп алады және жеке фармакопея бабында сипатталған әдістеме бойынша дереу талдайды. Егер еріту ортасына босап шыққан әрекет ететін заттың саны "Нәтижелерді интерпретациялау" бөлімінің критерийлеріне сәйкес келсе, 2-сатыдағы сынақтардың нәтижелері қанағаттанарлық деп есептеледі (2.1.9.3.-2-кестені қараңыз).

Ескертпе. рН 6,8 (2) болатын фосфатты буферлік ерітіндіні дайындау. $0,1\text{ M}$ сутек қышқылы және $0,20\text{ M}$ додекагидрат тринатрий фосфаты $P(\text{Na}_3\text{PO}_4 \cdot 12\text{H}_2\text{O})$ ерітіндісі 3:1 (көл/көл) қатынасында араластырылады және қажет болған жағдайда алынған ерітіндінің рН мәнін хлорсутегі қышқылымен немесе 2 M натрий гидроксиді ерітіндісімен $6,80 \pm 0,052$ мәніне дейін жеткізеді.

3-аспапты (поршень цилиндрін) пайдаланған кезде 2-әдістеме қолданылады.

Қышқыл сатысы үшін түтік ыдыстардың бір қатары, буферлік саты үшін — еріту ортасының көлемі көрсетілген кезде түтік ыдыстардың келесі қатары (әдетте 300 мл) қолданылады.

4-аспапты (ағынды ұяшықты) пайдаланған кезде 1 және 2- әдістемелерді қолдануға болады.

Босап шығуы ұзаққа созылатын таблеткалар, капсулалар, түйіршіктер

3-топтағы қатты дозаланған дәрілік нысандар үшін аспап, сынақ әдістемесі және ерітіндідегі әрекет ететін заттың құрамын анықтаудың талдамалық әдісі қалыпты босап шығатын қатты дәрілік нысандар үшін жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес жеке фармакопея бабында сипатталуы тиіс.

Нәтижелерді интерпретациялау

1-топ. Босап шығуы стандартты таблеткалар, капсулалар, түйіршіктер.

Егер жеке фармакопея бабында өзгеше көрсетілмесе, себеттің айналу жылдамдығы 100 айн/мин немесе қалақты араластырғыштың айналу жылдамдығы 50 айн/мин болған кезде 45 минут ішінде температурасы $(37 \pm 0,5)$ °С болатын, еріту ортасында босап шыққан әрекет ететін заттың мөлшері номиналды мөлшерден кемінде 75% (Q) құрауы тиіс. Q саны – номиналды мөлшерінен пайызбен көрсетілген ерітілген әрекет ететін заттың нормаланатын саны.

Сынақ дәрілік нысанның 6 бірлігіне жүргізіледі. Егер еріту ортасына босап шыққан әрекет ететін заттың саны 2.1.9.3.-1-кестеде келтірілген критерийлерге сәйкес келсе, S_1 деңгейі, сынақ нәтижелері қанағаттанарлық деп есептеледі.

Егер бұл ретте, ең болмағанда бір нәтиже S_1 деңгейі, 2.1.9.3.-1-кестеде көрсетілген нормаға сәйкес келмесе, онда "Еріту" сынағын тағы да қатты дозаланған дәрілік нысанның 6 бірлігінде қайталайды. Нәтижелерді интерпретациялау S_2 деңгейі, 2.1.9.3.-1-кестеге сәйкес жүргізіледі.

Егер қайта сынақ кезінде нәтижелер белгіленген критерийлерге сәйкес келмесе, сынақ қатты мөлшерленген дәрілік нысанның қосымша 12 бірлігінде қайталаынады. Нәтижелерді интерпретациялау S_3 деңгейі, 2.1.9.3-1-кестеге сәйкес жүргізіледі.

Жеке фармакопея бабында басқа нұсқаулар болмаған кезде, егер зерттеу сатыларының бірде-бірінде сынақ нәтижелері белгіленген критерийлерді қанағаттандырмаса, серия жарамсыз болады.

2-топ. Босап шығу мерзімі кейінге қалдырылған (кейінге қалдырылған) қатты дәрілік нысандар.

Сынақ әрбір саты (қышқыл және буферлік) үшін қатты дозаланған дәрілік нысанның 6 бірлігінде жүргізіледі.

Егер еріту ортасына босап шыққан әрекет ететін заттың мөлшері A_1 деңгейі, 2.1.9.3-2-кестеде келтірілген критерийлерге сәйкес келсе, әрбір сатыдағы сынақ нәтижелері қанағаттанарлық деп есептеледі.

Егер жеке фармакопея бабында өзгеше көрсетілмесе, Q мәні 75% - ға тең деп есептеледі.

Егер ең болмағанда бір нәтиже жеке фармакопея бабында көрсетілген нормаға сәйкес келмесе, "Еріту" сынағы тағы 6 қатты дозаланған дәрілік нысанда қайталаынады. Нәтижелерді интерпретациялау A_2 деңгейі, 2.1.9.3.-2-кестеге сәйкес жүргізіледі.

2.1.9.3.-3-кесте. – 3-топтағы қатты дозаланған дәрілік заттарға арналған "Еріту" сынағының нәтижелерін интерпретациялау

Деңгейі	Сыналатын бірліктің саны	Критерийлердің қолайлығы
L_1	6	Әрекет ететін заттың еріту ортасына босап шыққан саны белгіленген диапазондардың шегінен тыс және сынақтың соңғы уақыты үшін белгіленген мәннен кем болатын бірде-бір сыналатын бірлік болмауы тиіс
L_2	6	12 сыналатын бірліктен ($L_1 + L_2$) еріту ортасына босап шыққан әрекет ететін заттың орташа саны белгіленген диапазондар шегінде

жатуы тиіс және сынақтың соңғы уақыты үшін белгіленген мәннен кем болмауы тиіс

Бірде-бір жеке мән номиналды мөлшердің 10%-н аспауы тиіс, белгіленген диапазондардың шегінен шықпауы және сынақтың соңғы уақыты үшін белгіленген мәннен номиналды мөлшердің 10% -н астам төмен болмауы тиіс

24 сыналатын бірліктен ($L_1 + L_2 + L_3$) еріту ортасына босап шыққан әрекет ететін заттың орташа саны белгіленген диапазондардың шегінде болуы және сынақтың соңғы уақыты үшін белгіленген мәннен кем болмауы тиіс

24 бірліктің 2-і үшін артық емес босаған заттың саны белгіленген диапазондардың шегінен мәлімделген мөлшердің 10%-нан асуы мүмкін және сынақтың соңғы уақыты үшін белгіленген мәннен төмен номиналды мөлшердің 10% - нан артық болуы тиіс.

Бірде-бір бірлік үшін босап шыққан заттың саны белгіленген диапазондардың шегінен номиналды мөлшердің 20%-нан аспауы тиіс және сынақтың соңғы уақыты үшін белгіленген мәннен төмен номиналды мөлшердің 20% - нан артық болуы тиіс

Егер қайта сынақ кезінде нәтижелер белгіленген критерийлерге сәйкес келмесе, сынақты қатты дозаланған дәрілік нысанның қосымша 12 бірлігінде қайталайды. Нәтижелерді интерпретациялау A₃ деңгейі, 2.1.9.3-2-кестеге сәйкес жүргізіледі.

Жеке фармакопоя бабында басқа нұсқаулар болмаған кезде, егер зерттеу сатыларының бірде-бірінде сынақ нәтижелері белгіленген критерийлерді қанағаттандырмаса, серия жарамсыз болады.

3-топ. Босап шығуы ұзаққа созылатын қатты дәрілік нысандар.

Сынақ дәрілік нысанның 6 бірлігіне жүргізіледі. Егер еріту ортасына босап шыққан әрекет ететін заттың саны 2.1.9.3.-3-кестеде келтірілген критерийлерге сәйкес келсе, L₁ деңгейі, сынақ нәтижелері қанағаттанарлық деп есептеледі.

Бұл ретте, егер ең болмағанда бір нәтиже жеке фармакопоя бабында көрсетілген нормаға сәйкес келмесе, онда "Еріту" сынағын қатты дозаланған дәрілік нысанның

тағы 6 бірлігінде қайталайды. Нәтижелерді интерпретациялау L_2 деңгейі, 2.1.9.3.-3-кестеге сәйкес жүргізіледі.

Егер қайта сынақ кезінде нәтижелер белгіленген критерийлерге сәйкес келмесе, сынақ қатты мөлшерленген дәрілік нысанның қосымша 12 бірлігінде қайталаынады. Нәтижелерді интерпретациялау L_3 деңгейі, 2.1.9.3-3-кестеге сәйкес жүргізіледі.

Егер зерттеу сатыларының бірде-бірінде сынақ нәтижелері белгіленген критерийлерді қанағаттандырмаса, серия жарамсыз болады.

201090004-2019

2.1.9.4. Трансдермальды пластырьлердің еруіне сынақ жүргізу

Сынақ төменде немесе жеке фармакопоя бабында көрсетілген жағдайларда белгілі бір уақыт аралығында трансдермальды пластырьлерден еріту ортасына шығарылатын әрекет ететін заттың мөлшерін анықтауға арналған. Әрекет ететін заттың еруі оның трансдермальды пластырьден еріту ортасына тікелей босап шығуы нәтижесінде де, полимерлі мембрана арқылы еріту ортасына босап шығуы нәтижесінде де болуы мүмкін (босап шығу жылдамдығы).

Жеке фармакопоя бабында мыналар көрсетілген:

- аспап типі;
- трансдермальді пластырьлерге арналған ұстағыштың сипаттамасы;
 - әрекет ететін заттың босап шығу жылдамдығын анықтау үшін трансдермалды пластырьлердің еріту ортасымен жанасу ауданы немесе әрекет ететін заттың берілу жылдамдығын анықтау үшін полимерлі мембранасы бар трансдермалды пластырьдің еріту ортасымен жанасу ауданы;
- трансдермальді пластырьді бекіту тәсілі;
- 1-аспап үшін – қолданылатын полимерлік мембрана (трансдермалды пластырьдан дәрілік заттың берілу жылдамдығын анықтау кезінде);
- еріту ортасының құрамы мен көлемі;
- араластырғыштың айналу жылдамдығы;
- сынамаларды алу уақыты;
 - әрекет ететін затты немесе еріту ортасына босап шығатын заттарды сандық анықтаудың аналитикалық әдісі;
- қолайлылық критерийлері.

Жабдықтар

"Қатты дозаланған дәрілік нысандарға арналған еріту" ЖФБ-да сипатталған "Қалақты араластырғыш" 2-құрал-жабдығын қолданады, ол қосымша элементтерді енгізу арқылы үш дербес құрылғыға модификациялануы мүмкін:

- 1-аспап – трансдермальды пластырьге арналған ұстағыш бар;


- 2-аспап – бетіне трансдермальды пластырьді бекіту үшін тот баспайтын болаттан жасалған дискімен жабдықталған;

- 3-аспап – қалақты араластырғыштың орнына тот баспайтын болаттан жасалған цилиндр бар.

Аспап пластырьдің құрамына, мөлшеріне және нысанына қарай таңдалады.

1-аспап. Ерітуге арналған ыдыстың түбіне химиялық инертті материалдан жасалған трансдермалдық пластырьді ұстағыш орналастырылған (2.1.9.4-1-сурет.). Ұстағыш (экстракциялық ұяшық) пластырьді бекітуге арналған тірек бөліктен (негізден) және трансдермалды пластырьдің мөлшеріне сәйкес таңдалатын қажетті диаметрдегі орталық саңылауы бар жабын бөліктен (қақпақшадан) тұрады. Ұстағыштың конструкциясында негіз бен қақпақ арасында орналастырылатын полимерлі мембрана да қолданылуы мүмкін. Полимерлі мембрана арқылы трансдермалды пластырьдан еріту ортасына дәрілік заттың берілу жылдамдығын анықтау кезінде ұстағыштың конструкциясы трансдермалды пластырьдің еріту ортасымен жанасуына жол бермеуі тиіс.

Полимерлі мембрана әрекет ететін затты шығаратын трансдермальды пластырьдің бетінің еріту ортасымен тікелей жанасуы мүмкін болмаған кезде қолданылады. Дәрілік заттың мембранадағы диффузия жылдамдығы сынақ жүргізу кезінде тұрақты болуы тиіс және процестің кинетикасына әсер етпеуі тиіс. Мембрананың қалыңдығы оның механикалық беріктігін және сынақ жүргізу кезінде қасиеттерінің өзгермеуін қамтамасыз етуі тиіс.




2.1.9.4.-1-сурет. – 1-аспаптың сызбасы

Хроматография. Анықтау жұқа қабатты хроматография әдісімен (2.1.2.26), жұқа қабат ретінде силикагельді G Р пайдалана отырып жүргізіледі. Хроматографиялық

пластинкаға 0,1 г/л метиленхлоридтегі Р 10 мкл ерітіндіні жағады және осы ерітіндіде хроматографиялайды. Ерітіндінің беткі қабаты кемінде 10 см болуға тиіс. Хроматограммада бір ғана негізгі дақ анықталуға тиіс. Стартта дақтың болуына жол беріледі.

Ионалмасушы күшті қышқылды шайыр.

8 % дивинилбензолмен көлденең байланыстырылған полистиролдан тұратын торға қосылған сульфон қышқылының топтарымен протондалған формадағы шайыр. Сфера нысанындағы гранулалар түрінде шығарылады; басқа нұсқаулар болмаған кезде бөлшектерінің мөлшері 0,3 мм-ден 1,2 мм-ге дейін болады.

Сыйымдылығы. 50 %-дан 60 %-ға дейін құрамында су болған кезде 4,5 ммоль/г-дан 5 ммоль/г-ға дейін.

Колонканы дайындау. Басқа нұсқаулар болмаса ішкі диаметрі 20 мм және толу биіктігі шамамен 200 мм, 400 мм кеуекті шыныдан жасалған, ішіне қарай дәнекерленген дискісі бар түтікті пайдаланады. Шайырды алдын ала *сумен Р араластырады*, алынған жүзіндіні бөлшектер арасында ауа көпіршіктерінің пайда болуына жол бермей түтікке жібереді. Жұмыс кезінде сұйықтық шайырдың беткі қабатынан төмен түспеуге тиіс.

Егер шайыр протондалған формада болса, 50 мл-ді бейтараптандыру үшін 0,05 мл-ден аспайтын *0,1 М натрий гидроксиді ерітіндісі қажет болғанға дейін сумен Р шаяды.*

Индикатор ретінде 0,1 мл *қызғылт сары метил ерітіндісін Р* пайдаланады. Егер шайыр натрий формасында болса немесе регенерациялауды қажет етсе, колонка арқылы шамамен 100 мл *хлорсутек қышқылы Р1* мен *судың Р* тең көлемдерінің қоспасын ақырындап жібереді, содан кейін жоғарыда жазылғандай *сумен Р* шаяды.

Йод. I2. (*Mr* 253,8). [7553-56-2].

Кемінде 99,5 % және 100,5 %-дан аспайтын I2 бар.

Сұрлау-күлгін түсті, металл тәрізді жылтыр кристалл пластинкалар немесе ұсақ кристалдар.

Суда тым аз ериді, 96 % этанолда ериді, глицеринде аз ериді, концентрацияланған йодид ерітінділерінде өте тез ериді.

Бөлме температурасында баяу желмен мүжіледі.

Йод ерітіндісі Р1.

10,0 мл 0,05 М йод ерітіндісін 0,6 г *калий йодидіне Р* қосады және ерітінді көлемін *сумен Р* 100,0 мл-ге жеткізеді.

Тікелей пайдаланар алдында дайындайды.

Йод ерітіндісі Р2.

10,0 мл 0,05 М йод ерітіндісіне 0,6 г *калий йодидін Р* қосады және ерітінді көлемін *сумен Р* 1000 мл-ге жеткізеді.

Тікелей пайдаланар алдында дайындайды.

Йод ерітіндісі P3.

2,0 мл йод ерітіндісін P1 сумен P 100,0 мл көлемге жеткізеді.

Тікелей пайдаланар алдында дайындайды.

Йод ерітіндісі P4.

14 г йодты P 400 г/л калий йодидінің 100 мл ерітіндісінде P ерітеді, 1 мл сұйылтылған хлорсутек қышқылын P қосады және ерітінді көлемін сумен P 1000 мл-ге жеткізеді.

Жарықтан қорғалған жерде сақтайды.

Йодтың спирттік ерітіндісі.

96 % этанолдағы 10 г/л ерітінді P. Жарықтан қорғалған жерде сақтайды.

Йодтың хлороформдағы ерітіндісі.

Хлороформдағы 5 г/л ерітінді P.

Жарықтан қорғалған жерде сақтайды.

Йодты крахмалды қағаз.

Фильтрлейтін қағаз жолақтарын 100 мл крахмал P және иодид калий ерітіндісіне салады. Сұйықтықтың артығын алып тастайды. Жарықтан қорғалған жерде кептіреді.

Сезгіштікке сынау. 0,05 мл 0,1 M натрий нитратының ерітіндісін 4 мл хлорсутек қышқылымен араластырады P және сумен P 100 мл көлемге дейін сұйылтады. Ерітіндінің бір тамшысын йодты крахмалды қағазға тамызады; көк түске боялуға тиіс.

Йод бромиді. $\text{I} \cdot \text{Br}$. (M_r 206,8). [7789-33-5]. Иод бромиді.

Көкшіл-қара түстен қоңырқай-қара түске дейінгі кристалдар. Суда, 96 % этанолда және мұзды сірке қышқылында тез ериді.

Қайнау температурасы шамамен 116 °C.

Балқу температурасы шамамен 40 °C.

Жарықтан қорғалған салқын жерде сақтайды.

Йод бромиді ерітіндісі.

20 г йод бромидін P мұзды сірке қышқылында P ерітеді және ерітінді көлемін дәл сол еріткішпен 1000 мл-ге жеткізеді.

Жарықтан қорғалған жерде сақтайды.

Йод пентаоксиді, қайта кристалдандырылған. I_2O_5 . (M_r 333,81). [12029-98-0]. Иод оксиді (V).

Кемінде 99,5 % I_2O_5 бар.

Ақ немесе ақшыл түсті кристалл ұнтақ немесе ақ түстен сұрғылт ақ түске дейінгі гранулалар. Гигроскопиялы, суда HIO_3 түзе отырып өте тез ериді.

Қыздырған кездегі тұрақтылығы. Алдын ала 200 °C температурада 1 сағат бойы ұсталған 2 г йод пентоксидін 50 мл суда P ерітеді; ерітінді түссіз болуға тиіс.

Санын анықтау. 0,100 г қайта кристалдандырылған йод пентоксидін 50 мл суда P ерітеді, 3 г калий йодидін P және 10 мл сұйылтылған хлорсутек қышқылын P қосады.

Босап шыққан йодты *0,1 М натрий тиосульфатының ерітіндісімен* индикатор ретінде 1 мл *крахмал ерітіндісін Р* пайдалана отырып титрлейді.

1 мл 0,1 М натрий тиосульфатының ерітіндісі 2,782 мг I_2O_5 сәйкес келеді.

Ауа өтпейтін контейнерде жарықтан қорғалған жерде сақтайды.

2-Йодбензой қышқылы. $C_7H_5IO_2$. (M_r 248,02). [88-67-5].

Ақ түстен ашық-сары түске дейінгі кристалл ұнтақ. Суда аз ериді, 96 % этанолда ериді.

Балқу температурасы шамамен 160 °С.

Хроматография. Анықтау жұқа қабатты хроматография (2.1.2.26) әдісімен, жұқа қабат ретінде *хроматографиялауға арналған целлюлозаны F₂₅₄ Р* пайдалана отырып жүргізіледі. Хроматографиялық пластинка стартының сызығына 40 мг-ны 4 мл 0,1 М *натрий гидроксиді ерітіндісінде еріту және сумен Р* 10 мл көлемге дейін араластыру арқылы дайындалған 20 мкл 2-йодбензой қышқылының ерітіндісін жағады. *Су Р – мұзды сірке қышқылы Р - толуол Р (20:40:40)* ерітінділерінің қоспасын шайқау кезінде алынған үстіңгі қабатты қозғалмалы фаза ретінде пайдалана отырып хроматографиялайды. Ерітінділердің беткі қабаты 12 см-ден асқанда пластинканы толқын ұзындығы 254 нм УК-жарықта қарайды. Хроматограммада бір ғана негізгі дақ анықталуға тиіс.

2-Йодгиппур қышқылы. $C_9H_8INO_3 \cdot 2H_2O$. (M_r 341,10). [147-58-0]. 2-(2-Йодбензамидо)сірке қышқылы дигидраты.

Ақ немесе ақшыл түсті кристалл ұнтақ. Суда бәсең ериді.

Балқу температурасы шамамен 170 °С.

Су (2.1.5.12). 9 %-дан 13 %-ға дейін. Анықтау 1,000 г жүргізіледі.

Хроматография. Анықтау жұқа қабатты хроматография әдісімен, (2.1.2.26) жұқа қабат ретінде *хроматографиялауға арналған целлюлозаны F₂₅₄ Р* пайдалана отырып жүргізіледі. Хроматографиялық пластинка стартының сызығына 40 мг-ны 4 мл 0,1 М *натрий гидроксиді ерітіндісінде еріту және сумен Р* 10 мл көлемге дейін араластыру арқылы дайындалған 20 мкл 2-йод-гиппур қышқылының ерітіндісін жағады. *Су Р – мұзды сірке қышқылы Р - толуол Р (20:40:40)* ерітінділерінің қоспасын шайқау кезінде алынған үстіңгі қабатты қозғалмалы фаза ретінде пайдалана отырып хроматографиялайды. Ерітінділердің беткі қабаты 12 см-ден асқанда пластинканы толқын ұзындығы 254 нм УК-жарықта қарайды. Хроматограммада бір ғана негізгі дақ анықталуға тиіс.

Йодсутек қышқылы. HI. (M_r 127,91). [10034-85-2].

Йодсутек қышқылын қайта айдау кезінде *көміртек диоксидін Р немесе азот Р* өткізе отырып, қызыл фосфордың үстімен қайда айдайды. Түссіз немесе дерлік түссіз, тұрақты температурада қайнап тұрған, 126 °С-дан 127 °С-ға дейінгі температурада

қайта айдалатын қоспаны (НІ 55 %-дан 58 %-ға дейін) пайдаланады. Қышқылды кішігірім қоңыр түсті, көміртект диоксидімен Р немесе азотпен Р алдын ала үрленген, шыны тығындары бар шыны флакондарға құяды, парафинмен герметизациялайды.

Жарықтан қорғалған жерде сақтайды.

Йод қышқылы. H_5IO_6 . (M_r 227,94). [10450-60-9].

Кристалдар. Суда тез ериді, 96 % этанолда ериді.

Балқу температурасы шамамен 122 °С.

Йодплатинат реактиві.

3 мл 100 г/л хлорплатина қышқылы ерітіндісіне Р 97 мл су Р және 100 мл калий йодиді ерітіндісін 60 г/л Р қосады.

Жарықтан қорғалған жерде сақтайды.

Йодкүкірт реактиві.

Араластырғышқа, термометрге және түтікшеге арналған үш тесігі бар, кептіргішпен толтырылған, сыйымдылығы 3-4л түбі дөңгелек колбадан тұратын, реактив дайындауға арналған құрылғы дайындау процесінде жабық және құрғақ болуға тиіс. Колбаға 700 мл сусыз пиридин Р және 700 мл монометил эфирі этиленгликолін Р салады, фосфор(V) оксидінің Р үстінде алдын ала кептірілген 220 г ұсақталған йодты Р үнемі араластыра отырып қосады. Араластыруды йод толық ерігенге дейін (шамамен 30 мин) жалғастырады, одан кейін колбаны -10 °С температураға дейін салқындатады және үнемі араластыра отырып 190 г күкірт диоксидін Р тез қосады. Реакциялық қоспаның температурасы 30 °С-дан аспауға. Салқындатады.

Титр орнату. Титрлеуге арналған ыдысқа шамамен 20 мл сусыз метанол Р салады және дайындалған йодкүкірт реактивімен (2.1.5.12) титрлейді. Дәл өлшенген мөлшерде су Р қосады және суды анықтауды жалғастырады. 1 мл йодкүкірт реактивіне сәйкес келетін судың мөлшерін миллиграммен есептейді.

1 мл йодкүкірт реактиві кемінде 3,5 мг суға сәйкес келеді.

Атмосфералық ылғалдың ерітіндіге әсер етуін болдырмау үшін қауіпсіздік шаралары қабылдануы тиіс. Титрді тікелей пайдаланар алдында орнатады.

Құрғақ контейнерде сақтайды.

Йодсірке қышқылы. $\text{C}_2\text{H}_3\text{IO}_2$. (M_r 185,95). [64-69-7].

Түссіз немесе ақ немесе дерлік ақ түсті кристалдар. Суда және 96 % этанолда ериді.

Балқу температурасы 82 °С-дан 83 °С-ға дейін.

5-Йодурацил. $\text{C}_4\text{H}_3\text{IN}_2\text{O}_2$. (M_r 237,98). [696-07-1]. 5-Йод-1Н,3Н-пиримидин-2,4-дион.

Ыдырай отырып, балқу температурасы шамамен 276 °С.

Хроматография. Анықтау жұқа қабатты хроматография әдісімен (2.1.2.26), Йодоксиуридин жеке фармакопоя бабының нұсқауларына сәйкес жүргізіледі.

Хроматографиялық пластинкаға 0,25 г/ л 5 мкл ерітінді жағады; алынған хроматограммада бір ғана негізгі дақ болуға тиіс.

Йодэтан. C_2H_5I . (M_r 155,97). [75-03-6].

Құрамы: кемінде 99 %.

Түссізден сәл сарғыш түске дейінгі сұйықтық, ауа мен жарықтың әсерімен қараяды. 96 % этанолмен және органикалық ерітінділердің көпшілігімен араласады.

d_{20}^{20}

шамамен 1,95.

n_D^{20}

шамамен 1,513.

Қайнау температурасы шамамен 72 °С.

Ауа өтпейтін контейнерде сақтайды.

Кадмий. Cd. (A_r 112,41). [7440-43-9].

Күміс түстес-ақ түсті жылтыр металл. Суда мүлде ерімейді, азот қышқылында және ыстық хлорсутек қышқылында тез ериді.

Казеин. [9000-71-9].

Сүттен алынған ұқсас фосфопротеиндер қоспасы.

Ақ немесе дерлік ақ түсті аморфты ұнтақ немесе гранулалар. Суда және полярлы емес органикалық еріткіштерді тым аз ериді, концентрациялы хлорсутек қышқылында боз-күлгін түске бояла отырып ериді. Қышқылдармен және негіздермен тұздар түзеді. Казеиннің изоэлектрлік нүктесі рН шамамен 4,7 болады. Сілтілік ерітінділерінің поляризация беті сол жаққа айналады.

Калий бикарбонаты. [298-14-6].

Қараңыз. Калий гидрокарбонаты Р.

Калий бикарбонатының қаныққан, метанолды ерітіндісі.

Қараңыз. Калий гидрокарбонатының қаныққан, метанолды ерітіндісі Р.

Калий броматы. $KBrO_3$. (M_r 167,00). [7758-01-2]. Калий броматы.

Ақ немесе ақшыл түсті кристалдар немесе гранулалы ұнтақ. Суда ериді, 96 % этанолда аз ериді.

Калий бромиді. KBr . (M_r 119,0). [7758-02-3]. Құрғақ субстанцияға шаққанда кемінде 98,50 % және 101,0 %-дан аспайтын KBr бар.

Ақ немесе ақшыл түсті кристалл ұнтақ немесе түссіз кристалдар.

Суда және глицеринде тез ериді, 96 % этанолда аз ериді.

Инфрақызыл абсорбциялық спектрофотометрияда (2.1.2.23) пайдаланылатын калий бромиді мынадай қосымша сынақтан өтуге тиіс.

250 °С температурада 1 сағат бойы алдын ала кептірілген, жуандығы 2 мм калий бромиді дискінің ИҚ-спектрінің толқындардың ұзындығы 4000 см⁻¹ до 620 см⁻¹ интервалында дерлік түзу базалық сызығы болуы керек. Толқындардың ұзындығы 3440 см⁻¹ және 1630 см⁻¹ болған кезде судағы максимумдарды қоспағанда, базалық сызықтан жоғары 0,02-ден асатын максимумдар болмауға тиіс.

Калий гидрокарбонаты. КНСО₃. (M_r 100,11). [298-14-6]. Калий гидрокарбонаты.

Мөлдір түссіз кристалдар. Суда тез ериді, 96 % этанолда мүлде ерімейді.

Қаныққан, метанолды калий гидрокарбонаты ерітіндісі.

0,1 г калий гидрокарбонатын Р 0,4 мл суда Р су моншасында қыздырып ерітеді, 25 мл метанол Р қосады және ерігенге дейін қыздыруды жалғастырып, айналдырып араластырады.

Калий гидроксиді. КОН. (M_r 56,11). [1310-58-3]. Калий гидроксиді.

КОН-ға шаққанда кемінде 85,0 % және 100,5 %-дан аспайтын сілтілер қоспасы бар.

Ақ немесе дерлік ақ түсті таяқшалар, пластинкалар немесе формасыз кесектер түріндегі қатты кристалл масса. Ауада жайылады. Гигроскопиялық. Көміртек диоксидін сіңіреді.

Суда өте тез ериді, 96 % этанолда тез ериді.

Калий гидроксиді 2 М спиртті ерітіндісі.

12 г калий гидроксидін Р 10 мл суда Р ерітеді және ерітінді көлемін 96 % этанолмен Р 100 мл-ге жеткізеді.

Калий гидроксиді 0,5 М спирттік ерітіндісі (10 %, көл/көл).

28 г калий гидроксидін Р 100 мл 96 % спиртте Р ерітеді және ерітінді көлемін сумен Р 1000 мл-ге жеткізеді.

Калий гидроксиді спирттік ерітіндісі.

3 г калий гидроксидін Р 5 мл суда Р ерітеді және ерітінді көлемін альдегидтерден бос 96 % спиртпен 100 мл-ге жеткізеді. Мөлдір ерітіндіні декантациялайды. Ерітінді дерлік түссіз болуға тиіс.

Калий гидроксиді спирттік ерітіндісі Р1.

6,6 г калий гидроксидін Р 50 мл суда Р ерітеді және ерітінді көлемін этанолмен Р 1000 мл-ге жеткізеді.

Калий гидросульфаты. КНСО₄. (M_r 136,17). [7646-93-7]. Калий гидросульфаты.

Мөлдір, түссіз, гигроскопиялық кристалдар. Өте қышқыл ерітінді түзе отырып суда тез ериді.

Ауа өтпейтін контейнерде сақтайды.

Калий гидротартраты. С₄Н₅КO₆. (M_r 188,18). [868-14-4]. Калий гидро(2R,3R)-2,3-дигидроксибутан-1,4-диоат.

Ақ немесе ақшыл түсті кристалл ұнтақ немесе түссіз, сәл күнгірт кристалдар. Суда аз ериді, қайнап тұрған суда ериді, этанолда 96 % тым аз ериді.

Калий гидрофталаты. $C_8H_5KO_4$. (M_r 204,22). [877-24-7]. Калий гидробензол-1,2-дикарбоксилат.

Ақ немесе дерлік ақ түсті кристалдар. Суда ериді, 96 % этанолда аз ериді.

Калий гидрофталаты 0,2 М ерітіндісі.

Калий гидрофталаты ерітіндісінде Р 1000 мл $C_8H_5KO_4$ шаққанда 40,84 г калий гидрофталаты бар.

Түссіз, ақ немесе дерлік ақ түсті ұнтақ немесе кристалдар, гигроскопиялық. Суда тез ериді.

Калий дигидрофосфаты. KH_2PO_4 . (M_r 136,1). [7778-77-0]. Калий дигидрофосфаты.

Құрғақ субстанцияға шаққанда кемінде 98,0 % және 100,5 %-дан аспайтын KH_2PO_4 бар.

Ақ немесе ақшыл түсті кристалл ұнтақ немесе түссіз кристалдар.

Суда тез ериді, 96 % этанолда мүлде ерімейді.

Калий дигидрофосфаты 0,2 М ерітіндісі.

Калий дигидрофосфаты Р ерітіндісінде 1000 мл-дегі KH_2PO_4 шаққанда 27,22 г бар.

Калий дихроматы. $K_2Cr_2O_7$. (M_r 294,2). [7778-50-9]. Дикалий дихроматы.

Спектрофотометрлерді калибрлеуге арналған калий дихроматында (2.1.2.24) 130 °С температурада кептірілген құрғақ затқа шаққанда кемінде 99,9 % $K_2Cr_2O_7$ болуға тиіс.

Қызғылт сары-қызыл түсті кристалдар. Суда ериді, 96 % этанолда мүлде ерімейді.

Санын анықтау. 1,000 г калий дихроматын суда Р ерітеді және ерітінді көлемін дәл сол еріткішпен 250,0 мл-ге жеткізеді. 50,0 мл алынған ерітіндіні сыйымдылығы 500 мл колбаға салады, 100 мл судағы Р 4 г калий йодидінен Р, 2 г натрий гидрокарбонатынан Р және 6 мл хлорсутек қышқылынан Р тұратын жаңа дайындалған ерітінді қосады. Колбаны тығынмен жабады, жарықтан қорғалған жерде 5 мин бойы ұстайды және индикатор ретінде йодтан бос 1 мл крахмал ерітіндісін Р пайдалана отырып 0,1 М натрий тиосульфаты ерітіндісімен титрлейді.

1 мл 0,1 М натрий тиосульфаты ерітіндісі 4,903 мг $K_2Cr_2O_7$ сәйкес келеді.

Калий дихроматы ерітіндісі.

106 г/л ерітінді.

Калий дихроматы ерітіндісі Р1.

5 г/л ерітінді.

Калий йодаты. KIO_3 . (M_r 214,0). [7758-05-6].

Ақ немесе ақшыл түсті кристалл ұнтақ. Суда ериді.

Калий йодиді. KI . (M_r 166,0). [7681-11-0]. Калий йодиді.

Құрғақ субстанцияға шаққанда кемінде 99,0 % және 100,5 % аспайтын КІ бар.

Ақ немесе ақшыл түсті ұнтақ немесе түссіз кристалдар.

Суда өте тез ериді, глицеринде тез ериді, 96 % этанолда ериді.

Калий йодиді ерітіндісі. 166 г/л ерітінді.

Калий йодидінің йодталған ерітіндісі.

2 г йодты *P* және 4 г калий йодидін *P* 10 мл суда *P* ерітеді, толық ерігеннен кейін ерітінді көлемін сумен *P* 100 мл-ге жеткізеді.

Калий йодиінің қаныққан ерітіндісі.

Көміртек диоксидінен *P* бос суда қаныққан калий йодидінің ерітіндісінде *P* ерімеген кристалдар болуға тиіс. 0,5 мл калий йодидінің қаныққан ерітіндісін 30 мл хлороформ *P* - сірке қышқылы *P* қоспасымен (2:3) араластырады, 0,1 мл крахмал ерітіндісін *P* қосады; егер көк түс пайда болса, онда ол 0,05 мл 0,1 М натрий тиосульфаты ерітіндісін қосқан кезде жоғалуға тиіс.

Жарықтан қорғалған жерде сақтайды.

Калий йодовисмутат ерітіндісі.

0,85 г негізгі висмут нитратына *P* 40 мл су *P*, 10 мл мұзды сірке қышқылы *P* және 20 мл 400 г/л калий йодиді ерітіндісін *P* қосады.

Калий йодвисмутаты ерітіндісі P1.

100 г шарап қышқылын *P* 400 мл суда *P* ерітеді, 8,5 г негізгі висмут нитратын *P* қосады, 1 сағат бойы шайқайды, 200 мл 400 г/л калий йодиді *P* ерітіндісін қосады және тез шайқайды. 24 сағат ұстайды және фильтрлейді.

Жарықтан қорғалған жерде сақтайды.

Калий йодвисмутаты ерітіндісі P2.

Негізгі ерітінді. 1.7 г негізгі висмут нитратын *P* және 20 г шарап қышқылын *P* 40 мл суда *P* суспензиялайды. Суспензияға 40 мл 400 г/л калий йодиді *P* ерітіндісін қосады, 1 сағат бойы шайқайды және фильтрлейді.

Ерітіндіні сақтау мерзімі қызғылт сары шыны флакондарда сақтағанда бірнеше күн.

Бүркуге арналған ерітінді. Тікелей пайдаланар алдында 5 мл негізгі ерітіндіні 15 мл сумен *P* араластырады.

Калий йодвисмутат сұйылтылған ерітіндісі.

100 г шарап қышқылын *P* 500 мл суда *P* ерітеді және 50 мл калий йодвисмутаты ерітіндісін *P* қосады.

Жарықтан қорғалған жерде сақтайды.

Калий карбонаты. K_2CO_3 . (M_r 138,21). [584-08-7]. Дикалий карбонаты.

Ақ немесе ақшыл түсті гранулалы ұнтақ; гигроскопиялық. Суда өте тез ериді, сусыз этанолда дерлік ерімейді.

Ауа өтпейтін контейнерде сақтайды.

Калий-натрий тартраты. $C_4H_4KNaO_6 \cdot 4H_2O$. (M_r 282,22). [6381-59-5].

Түссіз призмалық кристалдар. Суда өте тез ериді.

Калий нитраты. KNO_3 . (M_r 101,1). [7757-79-1].

Түссіз кристалдар. Суда өте тез ериді.

Калий периодаты. KIO_4 . (M_r 230,0). [7790-21-8].

Ақ немесе ақшыл түсті кристалл ұнтақ немесе түссіз кристалдар. Суда ериді.

Калий перманганаты. KMnO_4 . (M_r 158,0). [7722-64-7]. Калий перманганаты.

Кемінде 99,0 % және 100,5 % аспайтын KMnO_4 бар.

Қара-күлгін немесе қоңырқай-қара түсті гранулалы ұнтақ немесе қара-күлгін немесе дерлік қара түсті кристалдар, әдетте металл тәрізді жылтырайды.

Суық суда ериді, қайнап тұрған суда тез ериді.

Кейбір органикалық заттармен әрекеттескенде ыдырайды.

Калий перманганатының фосфор қышқылындағы ерітіндісі.

3 г калий перманганатын Р 15 мл фосфор қышқылы Р және 70 мл су Р қоспасында ерітеді, ерітінді көлемін сумен Р 100 мл-ге жеткізеді.

Калий перманганаты ерітіндісі.

30 г/л ерітінді.

Калий перренаты. KReO_4 . (M_r 289,3). [10466-65-6]. Калий перренаты.

Ақ немесе ақшыл түсті кристалл ұнтақ. Суда ериді, 96 % этанолда, метанолда және пропиленгликольде аз ериді.

Калий персульфаты. $\text{K}_2\text{S}_2\text{O}_8$. (M_r 270,32). [7727-21-1]. Дикалий пероксидисульфаты

Түссіз кристалдар немесе ақ немесе ақшыл түсті кристалл ұнтақ. Суда бәсең ериді, 96 % этанолда мүлде ерімейді.

Судағы ерітінділер бөлме температурасында, қыздырған кезде тезірек ыдырайды.

Калий пироантимонаты. KSb(OH)_6 . (M_r 262,90). [12208-13-8]. Калий гексагидроксиантимонаты(V).

Ақ немесе ақшыл түсті кристалдар немесе кристалл ұнтақ. Суда бәсең ериді.

Калий пироантимонаты ерітіндісі.

2 г калий пироантимонатын Р 95 мл ыстық суда Р ерітеді, тез салқындатады, 50 мл судағы Р 2,5 г калий гидроксиді Р бар ерітіндіні және 1 мл сұйылтылған натрий гидроксиді ерітіндісін Р қосады. 24 сағат бойы ұстайды, фильтрлейді және сумен Р 150 мл көлемге жеткізеді.

Калий плюмбит ерітіндісі.

1,7 г қорғасын ацетатын Р, 3,4 г калий цитратын Р және 50 г калий гидроксидін Р суда Р ерітеді және ерітінді көлемін дәл сол еріткішпен 100 мл-ге жеткізеді.

Калий сульфаты. K_2SO_4 . (M_r 174,26). [7778-80-5]. Дикалий сульфаты.

Түссіз кристалдар. Суда ериді.

Калий тартраты. $C_4H_4K_2O_6 \cdot \frac{1}{2}H_2O$. (M_r 235,27). [921-53-9]. (2R,3R)-2,3-дигидроксибутан-1,4-дикалий гемигидрат диоаты.

Ақ немесе дерлік ақ түсті гранулалы ұнтақ немесе кристалдар. Суда өте тез ериді, 96 % этанолда тым аз ериді.

Калий тетраодмеркураты ерітіндісі.

1,35 г *сынап хлоридін Р* 50 мл *суда Р* ерітеді, 5 г *калий йодидін Р* қосады және ерітіндінің көлемін *сумен Р* 100 мл-ге жеткізеді.

Калий тетраодмеркураты сілтілік ерітіндісі.

11 г *калий йодидін Р* және 15 г *сынап йодидін Р* *суда Р* ерітеді, ерітінді көлемін дәл сол еріткішпен 100 мл-ге жеткізеді.

Тікелей пайдаланар алдында алынған ерітінді мен 250 г/л *натрий гидроксиді Р* ерітіндісінің бірдей көлемдерін араластырады.

Калий тетраоксалаты. $C_4H_3KO_8 \cdot 2H_2O$. (M_r 254,19). [6100-20-5]. Калий дигидраты тетраоксалаты.

Ақ немесе ақшыл түсті кристалл ұнтақ. Суда бәсең ериді, қайнап тұрған суда ериді, 96 % этанолда аз ериді.

Калий тиоцианаты. $KSCN$. (M_r 97,18). [333-20-0]. Калий тиоцианаты.

Ауада жайылатын түссіз кристалдар. Суда және 96 % этанолда өте тез ериді.

Ауа өтпейтін контейнерде сақтайды.

Калий тиоцианаты ерітіндісі.

97 г/л ерітінді.

Калий ферриперйодат ерітіндісі.

1 г *калий перйодатын Р* 5 мл жаңа дайындалған 120 г/л *калий гидроксиді* ерітіндісінде *Р* ерітеді, 20 мл *су Р* және 1,5 мл *темір(III) хлориді ерітіндісін Р1* қосады, жаңа дайындалған 120 г/л *калий гидроксиді Р* ерітіндісімен 50 мл көлемге жеткізеді.

Калий феррицианид. $K_3[Fe(CN)_6]$. (M_r 329,26). [13746-66-2]. Трикалий гексацианоферраты(III).

Қызыл түсті кристалдар. Суда тез ериді.

Калий феррицианиді ерітіндісі.

5 г *калий феррицианидті Р* *аздаған мөлшердегі суда Р* шаяды, *суда Р* ерітеді және ерітінді көлемін дәл сол еріткішпен 100 мл-ге жеткізеді.

Тікелей пайдаланар алдында дайындайды.

Калий ферроцианиді. $K_4[Fe(CN)_6] \cdot 3H_2O$. (M_r 422,39). [14459-95-1].

Гексацианоферрат(II) тетракалий тригидраты.

Сары түсті мөлдір кристалдар. Суда тез ериді, 96 % этанолда мүлде ерімейді.

Калий ферроцианиді ерітіндісі.

53 г/л ерітінді.

Калий хлораты. KClO_3 . (M_r 122,55). [3811-04-9]. Калий хлораты.

Ақ немесе дерлік ақ түсті ұнтақ немесе гранулалар, немесе кристалдар. Суда ериді.

Калий хлориді. KCl . (M_r 74,6). [7447-40-7]. Калий хлориді.

Құрғақ субстанцияға шаққанда кемінде 99,0 % және 101,0 % аспайтын KCl бар.

Ақ немесе ақшыл түсті кристалл ұнтақ немесе түссіз кристалдар.

Суда тез ериді, сусыз этанолда дерлік ерімейді.

Инфрақызыл абсорбциялық спектрофотометрия (2.1.2.23) үшін пайдаланылатын калий хлориді мынадай қосымша сынақтан өтуге тиіс.

250 °С температурада 1 сағат бойы алдын ала кептірілген, жуандығы 2 мм калий хлориді дискінің ИҚ-спектрінің толқындардың ұзындығы 4000 см^{-1} до 620 см^{-1} интервалында дерлік түзу базалық сызығы болуы керек. Толқындардың ұзындығы 3440 см^{-1} және 1630 см^{-1} болған кезде судағы максимумдарды қоспағанда, базалық сызықтан жоғары 0,02-ден асатын максимумдар болмауға тиіс.

Калий хлориді 0,1 М ерітіндісі.

Калий хлориді ерітіндісінде Р 1000 мл-дегі KCl шаққанда 7,46 г KCl бар.

Калий хроматы. K_2CrO_4 . (M_r 194,19). [7789-00-6]. Дикалий хроматы.

Сары түсті кристалдар. Суда тез ериді.

Калий хроматы ерітіндісі.

50 г/л ерітінді.

Калий цианиді. KCN . (M_r 65,12). [151-50-8]. Калий цианиді.

Ақ немесе дерлік ақ түсті кристалл ұнтақ немесе масса, немесе гранулалар. Суда тез ериді, 96 % этанолда аз ериді.

Калий цианиді ерітіндісі.

100 г/л ерітінді.

Калий цитраты. $\text{C}_6\text{H}_5\text{K}_3\text{O}_7 \cdot \text{H}_2\text{O}$. (M_r 324,4). [6100-05-6]. Трикалий 2-гидроксипропан-1,2,3-трикарбоксилат.

Калий цитратында сусыз субстанцияға шаққанда кемінде 99,0 % және 101,0 % аспайтын $\text{C}_6\text{H}_5\text{K}_3\text{O}_7 \cdot \text{H}_2\text{O}$ бар.

Ақ немесе ақшыл түсті гранулалы ұнтақ немесе түссіз кристалдар. Гигроскопиялық. Суда өте тез ериді, 96 % этанолда мүлде ерімейді.

Кальконкарбон қышқылы. [3737-95-9].

Қараңыз. Хальконкарбон қышқылы Р.

Кальконкарбон қышқылы индикаторлық қоспасы.

Қараңыз. Хальконкарбон қышқылы индикаторлық қоспасы Р.

Кальций ацетаты. $\text{C}_4\text{H}_6\text{CaO}_4$. (M_r 158,2). [62-54-4]. Кальций диацетаты.

Сусыз субстанцияға шаққанда кемінде 99,0% және 101,0% аспайтын $C_4H_6CaO_4$ бар.

Гигроскопиялық ақ немесе ақшыл түсті ұнтақ.

Суда тез ериді, 96% этанолда аз ериді.

Кальций гидроксиді. $Ca(OH)_2$. (M_r 74,09). [1305-62-0]. Кальций дигидроксиді.

Ақ немесе ақшыл түсті ұнтақ. Судың 600 бөлігінде дерлік толық ериді.

Кальций гидроксиді ерітіндісі.

Жаңадан дайындалған қаныққан ерітінді.

Кальций карбонаты. $CaCO_3$. (M_r 100,1). [471-34-1]. Кальций карбонаты.

Құрғақ субстанцияға шаққанда кемінде 98,5 % және 100,5 % аспайтын $CaCO_3$ бар.

Ақ немесе ақшыл түсті ұнтақ. Суда мүлде ерімейді.

Кальций карбонаты Р1.

Кальций карбонатына Р арналған талаптардан және мынадай қосымша талаптан өтуге тиіс.

Хлоридтер (2.1.4.4). 50 ppm аспайды.

Кальций лактаты. $C_6H_{10}CaO_6 \cdot 5H_2O$. (M_r 308,3). [41372-22-9]. Кальций лактаты пентагидраты.

Құрғақ субстанцияға шаққанда кемінде 98,0% және 102,0% аспайтын бис (2-кальций гидроксипропаноаты) немесе кальций пентагидраттары (2R)-, (2S)- және (2RS) - 2-гидроксипропаноаттары қоспасы бар.

Ақ немесе ақшыл түсті кристалл немесе гранулалы ұнтақ, ауада аздап желге мүжіледі.

Суда ериді, қайнап тұрған суда тез ериді, 96 % этанолда тым аз ериді.

Кальций сульфаты. $CaSO_4 \cdot 1/2H_2O$. (M_r 145,14). [10034-76-1]. Кальций гемигидраты сульфаты.

Ақ немесе ақшыл түсті ұнтақ. Шамамен судың 1500 бөлігінде суда ериді, 96 % этанолда мүлде ерімейді. Массасы кальций сульфаты массасының жартысына тең сумен араласқан кезде ұнтақ қатты кеуекті массаға айнала отырып тез қатаяды.

Кальций сульфаты ерітіндісі.

5 г кальций сульфатын Р 100 мл сумен Р 1 сағат бойы шайқайды және фильтрлейді.

Кальций хлориді. $CaCl_2 \cdot 2H_2O$. (M_r 147,0). [10035-04-8]. Кальций хлориді дигидраты

Кальций хлориді дигидратында кемінде 97,0 % және 103,0 % аспайтын $CaCl_2 \cdot 2H_2O$ бар.

Ақ немесе ақшыл түсті кристалл ұнтақ. Гигроскопиялық.

Суда тез ериді, 96 % этанолда ериді.

Кальций хлориді ерітіндісі.

73,5 г/л ерітінді.

Кальций хлориді 0,01 М ерітіндісі.

0,147 г кальций хлоридін Р суда Р ерітеді және ерітінді көлемін дәл сол еріткішпен 100,0 мл-ге жеткізеді.

Кальций хлориді 0,02 М ерітіндісі.

2,94 г кальций хлоридін Р 900 мл суда Р ерітеді, 6,0-дан 6,2-ге дейінгі шекте ерітіндінің рН белгілейді және ерітінді көлемін сумен Р 1000 мл-ге жеткізеді.

2 °С-дан 8 °С-ға дейінгі температурада сақтайды.

Кальций хлориді 0,025 М ерітіндісі.

0,368 г кальций хлоридін Р суда Р ерітеді және ерітінді көлемін сумен Р 100,0 мл-ге жеткізеді.

Кальций хлориді Р1. $\text{CaCl}_2 \cdot 4\text{H}_2\text{O}$ (M_r 183,05). Кальций хлориді тетрагидраты.

0,05 аспайтын ppmFe бар.

Кальций хлориді сусыз. CaCl_2 . (M_r 110,98). [10043-52-4]. Кальций хлориді.

Құрғақ затқа шаққанда кемінде 98,0 % CaCl_2 бар.

Ақ немесе дерлік ақ түсті, ауаға жайылатын гранулалар. Суда өте тез ериді, 96 % этанолда және метанолда тез ериді.

Кептірген кезде салмағын (2.1.2.31) жоғалтуы 5,0 %-дан аспайды. Анықтау 200 °С температурада кептіру шкафында жүргізіледі.

Ауа өтпейтін контейнерде ылғалдың әсерінен қорғап сақтайды.

Айлауық ағашы бұршағының шырышы.

Ceratonia siliqua L. Тауб жемісі сүйегінің ұнтақталған эндоспермі.

Ақ немесе ақшыл түсті ұнтақ, құрамында негізінен галактоман-ногликоннан тұратын, 70 %-дан 80 %-ға дейін суда еритін шырыш бар.

Камфора. $\text{C}_{10}\text{H}_{16}\text{O}$. (M_r 152,2). [76-22-2].

Рацемиялық камфора (1*RS*,4*RS*)-1,7,7-триметилбицикло[2.2.1]гептан-2-он білдіреді.

Ақ немесе дерлік ақ түсті кристалл ұнтақ немесе борпылдақ кристалл масса. Тіптен бөлме температурасында тез ұшып кетеді.

Суда аз ериді, 96 % этанолда және мұнай эфирінде өте тез ериді, қанық майларда тез ериді, глицеринде бәсең ериді.

Газды хроматографияда пайдаланылатын камфора мынадай қосымша сынақтан өтуге тиіс.

Санын анықтау. Анықтау Лаванда майы жеке фармакопея бабындағы нұсқауларға сәйкес газды хроматография әдісімен (2.1.2.27) жүргізіледі.

Сыналатын ерітінді. 10 г/л сыналатын субстанцияның гександағы ерітіндісі Р.

Іштен қалыпқа келтіру әдісімен есептелген камфораның құрамы кемінде 95,0 % болуға тиіс.

(1S)-(+)-10-Камфоросульфон қышқылы. $C_{10}H_{16}O_4S$. (M_r 232,30). [3144-16-9]. (1S,4R)
-(+)-2-Оксо-10-борненосульфон қышқылы. [(15)-7,7-диметил-2-оксобицикло[2.2.1]гептан-1-ил]метан сульфон қышқылы. Рейхлер қышқылы.

Призма түріндегі кристалдар. Гигроскопиялы, суда ериді.

Кемінде 99,0 % (1 S)-(+)-10-камфоросульфон қышқылы бар.

$[\alpha]_D^{20}$

+ 20 ± 1. Анықтау 43 г/л судағы Р ерітіндіні пайдалана отырып жүргізіледі.

Ыдырай отырып, балқу температурасы шамамен 194 °С.

ДА (2.2.41): $10,2 \cdot 10^3$. Анықтау толқын ұзындығы 290,5 нм болғанда, 1,0 г/л ерітіндіні пайдалана отырып жүргізіледі.

Каолин жеңіл. [1332-58-7].

Тазартылған табиғи гидратацияланған алюмосиликат. Лайықты диспергаторы бар.

Ақ немесе ақшыл түсті жеңіл ұнтақ, құрамында жымдасқан қатты бөлшектер бар, сипағанда майлы келеді. Суда және минералды қышқылдарда мүлде ерімейді.

Ірі бөлшектер. 0,5 %-дан аспайды.

5,0 г каолинді тығыз шыны тығыны бар, ұзындығы шамамен 160 мм және диаметрі 35 мм цилиндрге салады, 60 мл 10 г/л *натрий пирофосфаты* Р ерітіндісін қосады, тез шайқайды және 5 мин бойы ұстайды. Тамшуырдың көмегімен беткі қабаттан шамамен 5 см төмен деңгейде 50 мл сұйықтықты алады және төгіп тастайды. Қалған сұйықтыққа жоғарыдағы сипаттамаға сәйкес 50 мл су Р қосады, шайқайды, 5 мин бойы ұстайды және 50 мл алып тастайды. Бұл операцияны жалпы көлемі 400 мл алып тасталғанға дейін қайталайды. Қалған суспензияны булайтын шыныаяққа ауыстырады, су моншасында құрғағанша қайнатады және 100 °С-дан 105 °С-ға дейінгі температурада тұрақты массаға дейін кептіреді. Қалдық массасы 25 мг-дан аспауға тиіс.

Ұсақ бөлшектер. 5,0 г каолинді 250 мл суда Р 2 мин бойы тез шайқап диспергациялайды және бірден диаметрі 50 мм шыны цилиндрге төгеді. Тамшуырдың көмегімен 20 мл алады, фарфор шыныаяққа салады, су моншасында құрғағанша қайнатады және 100 °С-дан 105 °С-ға дейінгі температурада тұрақты массаға дейін кептіреді. Екінші қалдық массасы бірінші қалдық массасының 70 %-ынан кем болмауға тиіс.

Каприл спирті.

Қараңыз. Деканол Р.

Карбазол. $C_{12}H_9N$. (M_r 167,19). [86-74-8]. Дибензопиррол.

Кристалдар. Суда мүлде ерімейді, ацетонда тез ериді, сусыз этанолда аз ериді.

Балқу температурасы шамамен 245 °С.

Карбомер. [9007-20-9].

Көлденең байланыстырылған акрил қышқылының полимерінде 80 °С температурада 1 сағат бойы кептіргеннен кейін карбоксил топтарының көп мөлшері болады (CO₂H, 56 %-дан 68 %-ға дейін).

Орташа молекулярлық массасы шамамен $3 \cdot 10^6$.

pH (2.1.2.3) шамамен 3.

10 г/л суспензияның pH өлшейді.

Карбофенотион. C₁₁H₁₆ClO₂PS₃. (M_r 342,87). [786-19-6]. *O,O*-Диэтил-S-[[4-хлорфенил)тио] метил]фосфордитиоат.

Сарғыш түсті сұйықтық. Суда мүлде ерімейді, органикалық ерітінділермен араласады.

d_4^{25}

шамамен 1,27.

Ланолин жеке фармакопее бабы үшін сертификатталған салыстыру ерітіндісі пайдаланылуы мүмкін (изооктанда 10 нг/мкл).

Карвакрол. C₁₀H₁₄O. (M_r 150,22). [499-75-2]. 5-Изопропил-2-метилфенол.

Қоңырқай түсті сұйықтық. Суда мүлде ерімейді, 96 % спиртте өте тез ериді.

d_{20}^{20}

шамамен 0,975.

n_D^{20}

шамамен 1,523.

Қайнау температурасы шамамен 237 °С.

Газды хроматографияда пайдаланылатын карвакрол мынадай қосымша сынақтан өтуге тиіс.

Санын анықтау. Анықтау *Бұрыш жалбыз майы* жеке фармакопее бабындағы нұсқауларға сәйкес газды хроматография әдісімен (2.1.2.27) жүргізіледі.

Сыналатын ерітінді. 0,1 10 мл ацетонда ерітеді Р.

Іштен қалыпқа келтіру әдісімен есептелген карвакрол кемінде 95,0 % болуға тиіс.

Карвон. C₁₀H₁₄O. (M_r 150,2). [2244-16-8]. (+)-*п*-мета-6,8-диен-2-он. (5S)-2-Метил-5-(1-метилэтенил)циклогекс-2-енон.

Сұйықтық. Суда мүлде ерімейді, 96 % этанолмен араласады.

d_{20}^{20}

шамамен 0,965.

n_D^{20}

шамамен 1,500.

$[\alpha]_D^{20}$

шамамен +61.

Қайнау температурасы шамамен 230 °С.

Газды хроматографияда пайдаланылатын карвон мынадай қосымша сынақтан өтуге тиіс.

Санын анықтау. Анықтау *Бұрыш жалбыз майы* жеке фармакопея бабындағы нұсқауларға сәйкес газды хроматография әдісімен (2.1.2.27) сыналатын ерітінді ретінде карвонды пайдалана отырып жүргізіледі.

Іштен қалыпқа келтіру әдісімен есептелген карвон 98,0 %-дан кем болмауға тиіс.

Катехин. $C_{15}H_{14}O_6 \cdot H_2O$. (M_r 290,3, сусыз зат үшін). [154-23-4]. (+)-(2R,3S)-

2-(3,4-Дигидроксифенил)3,4-дигидро-2H-хромен-3,5,7-триол.

Катехол. Цианиданол. Цианидол.

Катионалмасушы шайыр.

Көлденең байланыстырылған 8 % дивинилбензол полистиролдан тұратын полимер торшасына қосылған сульфон қышқылы топтары бар протондалған формадағы шайыр. Сфералық гранулалар түрінде шығарылады.

Катионалмасушы шайыр P1.

Көлденең байланыстырылған 4 % дивинилбензол полистиролдан тұратын полимер торшасына қосылған сульфон қышқылы топтары бар протондалған формадағы шайыр. Сфералық гранулалар түрінде шығарылады.

Катионалмасушы күшті шайыр (кальцийлі формасы).

Көлденең байланыстырылған 8 % дивинилбензол полистиролдан тұратын полимер торшасына қосылған сульфон қышқылы топтары бар кальцийлі формадағы шайыр.

Катионалмасушы күшті шайыр (натрийлі формасы).

Көлденең байланыстырылған дивинилбензол полистиролдан тұратын полимер торшасына қосылған сульфон қышқылы топтары бар натрийлі формадағы шайыр.

Кетостеарил спирті. [67762-27-0].

Қатты алифатты спирттер қоспасы, негізінен октадекан-1-ол (стеарил спирті, $C_{18}H_{38}O$, M_r 270,5) және гексадекан-1-ол (цетил спирті, $C_{16}H_{34}O$, M_r 242,4), жануарлардан немесе өсімдіктерден алынған.

Құрамында 40,0%-дан аз стеарил спирті бар және жиынтығында кемінде 90,0% стеарил спирті және цетил спирті бар.

Ақ немесе боз-сары түсті балауыз тәрізді масса, пластиналар, үлпектер немесе гранулалар.

Суда мүлде ерімейді, 96% этанолда және мұнай эфирінде ериді. Балқытқан кезде қанық майлармен, парафинмен және ерітілген жүн майымен араласады.

Кизельгур G.

Хлорсутек қышқылымен өңделген және кальцинирленген, шамамен 15 % кальций сульфаты гемигидраты қосылған кизельгурдан тұрады.

Сұрғылт-ақ түсті ұсақ ұнтақ; сумен ысқылаған кезде сұр түс анығырақ бола түседі. Орташа бөлшектерінің мөлшері 10 мкм-ден 40 мкм-ге дейін.

Кальций сульфаты. Анықтау *силикагель G P* үшін көрсетілген әдіспен жүргізіледі. *pH (2.1.2.3).* 7-ден 8-ге дейін. *Көміртек диоксидінен бос* 10 мл суда 1 г 5 мин бойы араластыру арқылы алынған суспензияның pH өлшейді.

Хроматографиялық бөлу қабілеті. Анықтау жұқа қабатты хроматография (2.1.2.26) әдісімен жүргізіледі. Пластинкаларды кизельгурдың G 2,7 г/л *натрий ацетаты* ерітіндісімен P жүзіндісін пайдалана отырып дайындайды. Хроматографиялық пластинка стартының сызығына 0,1 г/л лактоза, сахароза, глюкоза мен фруктозаның *пиридиндегі P* 5 мкл ерітіндісін жағады. *Су P - 2-пропанол P - этилацетат P (12:23:65)* ерітінділері жүйесінде хроматографиялайды. Ерітінділер бетінің 14 см қашықтыққа өту уақыты 40 мин. Пластинканы ауада кептіреді, *анис альдегиді P* ерітіндісімен шамамен 10 мл жұмсай отырып бүркеді және 100 °C-дан 105 °C-ға дейінгі температурада 5 мин бойы қыздырады.

Хроматограммада анық, "қалдықсыз" жақсы бөлінген төрт дақ анықталуға тиіс.

Кизельгур, хроматографиялауға арналған.

Ақ немесе сарғыш-ақ түсті жеңіл ұнтақ. Суда, сұйылтылған қышқылдарда және органикалық ерітінділерде мүлде ерімейді.

Фильтрлеу жылдамдығы. Кеуекті шыныдан жасалған (100) пластинкасы және пластинканың үстінде 0,10м және 0,20 м биіктікте екі белгісі бар, мөлшері 0,25 м x 10 мм хроматографиялық колонканы пайдаланады. Колонканы сыналатын затпен бірінші белгіге дейін толтырады, ал екінші белгіге дейін *сумен P* толтырады. Колонкадан алғашқы тамшылар аға бастағанда екінші белгіге дейін *сумен P* тағы *толтырады* және колонкадан алғашқы 5 мл судың ағу уақытын өлшейді. Ағынның жылдамдығы кемінде 1 мл/мин болуға тиіс.

Түсі (2.1.2.2, метод I). Фильтрлеу жылдамдығына сынау кезінде алынған элюат түссіз болуға тиіс.

Қышқылдығы немесе сілтілігі. 1,00 г-ға 10 мл су P қосады, тез шайқайды және 5 мин бойы ұстайды. Суспензияны жуынды суда бейтарап реакцияға дейін, алдын ала ыстық *сумен P* жуылған фильтр арқылы фильтрлейді. 2,0 мл фильтратқа 0,05 мл *қызыл метил P* ерітіндісін қосады; ерітінді сары түске боялуға тиіс. 2,0 мл фильтратқа 0,05 мл *фенолфталеин ерітіндісін P1* қосады; ерітіндінің сәл қызғылт түске боялуына жол беріледі.

Суда еритін заттар. 10,0 г-ды мөлшері 0,25 м x 10 мм хроматографиялық колонкаға салады, сумен Р элюирлейді, алғашқы 20 мл элюатты жинайды, кепкенге дейін булайды, қалдықты 100 °С-дан 105 °С-ға дейінгі температурада кептіреді. Қалдық массасы 10 мг-дан артық болмауға тиіс.

Темір (2.1.4.9). 200 ppm-нан көп емес.

0,50 г-ға 10 мл хлорсутек қышқылы Р1 мен судың Р тең көлемдерінің қоспасын қосады, тез шайқайды, 5 мин бойы ұстайды және фильтрлейді. 1,0 мл фильтрат темірге сынақтан өтуге тиіс.

Қыздырғаннан кейін массасын жоғалтуы. 0,5 %-дан көп емес.

Қыздыру кезінде (600 ± 50 °С) заттың түсі қоңыр немесе қара болуға тиіс.

Оттегі. O₂. (M_r 32,00).

Кемінде 99,99 % (көл/көл) O₂ бар.

Азот және аргон. 100 ppm көп емес.

Көміртек диоксиді. 10 ppm көп емес.

Көміртек монооксиді. 5 ppm көп емес.

Қышқылды көк 83. C₄₅H₄₄N₃NaO₇S₂. (M_r 826). [6104-59-2].

Түс индексі (С. I.) № 42660.

Бриллиант көк. Кумасси бриллиант көк Р 250.

Қоңыр түсті ұнтақ. Суық суда ерімейді, қайнап тұрған суда және сусыз этанолда аз ериді, күкірт қышқылында, мұзды сірке қышқылында және сұйылтылған сілтілік металдар гидроксидтерінің ерітінділерінде ериді.

Қышқылды көк 90. C₄₇H₄₈N₃NaO₇S₂. (M_r 854). [6104-58-1].

Түс индексі (С. I.) № 42655.

Натрий [4-[[4-[(4-этоксифенил)амино]фенил][[4-(этил)(3-сульфонатбензил)амино]фенил]метилен]циклогекса-2,5-диен-1-илиден](этил)-(3-сульфонатбензил)аммоний.

Күлгін жылтыры бар және металл сияқты жылтырағы бар сеппеленген бөлшектерімен қара-қоңыр түсті ұнтақ. Суда және сусыз этанолда ериді.

Кептірген кезде салмағын жоғалтуы (2.1.2.31). 5,0 % көп емес. 0,500 г кептіру шкафында 100 °С-дан 105 °С-ға дейінгі температурада кептіреді.

$E_{1\text{ см}}^{1\%}$

құрғақ затқа шаққанда 500-ден артық. Анықтау толқын ұзындығы 577 нм болғанда, 0,01 г/л буферлік ерітіндідегі рН 7,0 ерітіндіні пайдалана отырып жүргізіледі.

Кептірген кезде салмағын жоғалтуы (2.1.2.31). 5,0 % көп емес.

0,500 г кептіру шкафында 100 °С-дан 105 °С-ға дейінгі температурада кептіреді.

Қышқылды көк 92. C₂₆H₁₆N₃Na₃O₁₀S₃. (M_r 695,6). [3861-73-2].

Түс индексі (С. I.) № 13390.

Көк кумасси. Аназолен натрий. Тринатрий 8-гидрокси-4'-(фениламино)азонафталин - 3,5',6-трисульфонаты.

Қара-көк түсті кристалдар. 96 % этанолда аз ериді, суда, ацетонда және этиленгликоль моноэтил эфирінде ериді.

Қышқылды көк 92 ерітіндісі.

0,5 г қышқылды көк 92 Р 10 мл мұзды сірке қышқылы Р, 45 мл 96 % этанол Р мен 45 мл су Р қоспасында ерітеді.

Клобетазол пропионаты. $C_{25}H_{32}ClFO_5$ (M_r 467,0). [25122-46-7].

21-Хлор-9-фтор-11b,17-дигидрокси-16b-метилпрегна-1,4диен-3,20-дион-17-пропионат.

Ақ немесе ақшыл түсті кристалл ұнтақ. Суда ерімейді, 96 % этанолда және ацетонда ериді.

$[\alpha]_D^{20}$

: шамамен + 104 (диоксанда).

Балқу температурасы шамамен 196 °С.

Кобальт нитраты. $Co(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$. (M_r 291,0). [10026-22-9]. Кобальт нитраты (II) гексагидраты.

Анар түстес ұсақ кристалдар. Суда өте тез ериді.

Кобальт хлориді. $CoCl_2 \cdot 6H_2O$. (M_r 237,93). [7791-13-1]. Кобальт хлориді (II), гексагидрат.

Қызыл түсті кристалл ұнтақ немесе қара-қызыл түсті кристалдар. Суда өте тез ериді, 96 % этанолда ериді.

Кодеин. $C_{18}H_{21}NO_3 \cdot H_2O$. (M_r 317,4). [6059-47-8]. 7,8-Дидегидро-4,5а-эпокси-3-метокси-17-метил- морфинан-6а-ол.

Құрғақ субстанцияға шаққанда кемінде 99,0 % және 101,0%-дан аспайтын $C_{18}H_{21}NO_3 \cdot H_2O$ бар.

Ақ немесе дерлік ақ кристалл ұнтақ немесе түссіз кристалдар.

Қайнап тұрған суда ериді, 96 % этанолда тез ериді.

Кодеин фосфаты. $C_{18}H_{24}NO_7P \cdot SH_2O$. (M_r 406,4). [52-28-8]. 7,8-Дидегидро-4, 5а - эпокси-3-метокси-17-метилморфинан-6а-ола фосфат гемигидраты.

Құрғақ субстанцияға шаққанда кемінде 98,5 % және 101,0 %-дан аспайтын $C_{18}H_{24}NO_7P \cdot SH_2O$ бар.

Ақ немесе ақшыл түсті кристалл ұнтақ, немесе кішігірім түссіз кристалдар.

Суда тез ериді, 96 % этанолда аз ериді немесе тым аз ериді.

Конго қызыл. $C_{32}H_{22}N_6Na_2O_6S_2$. (M_r 696,7). [573-58-0]. Динатрий (бифенил-4,4'-диил-бис- 2,2'азо)бис(1-аминонафталин-4-сульфонат).

Шульц көрсеткіші № 360.

Түс индексі (С.І.) № 22120.

Қоңырқай-қызыл түсті ұнтақ. Суда ериді.

Конго қызыл қағаз.

Фильтрлеу қағазын конго қызыл Р ерітіндісіне бірнеше минутқа салады. Кептіреді.

Конго қызыл ерітіндісі.

0,1 г конго қызылды Р 20 мл 96 % этанол Р мен су Р қоспасында ерітеді және ерітінді көлемін сумен Р 100 мл-ге жеткізеді.

Сезгіштікке сынау. Көміртек диоксидінен бос 100 мл суға, Р 0,2 мл конго қызыл мен 0,3 мл 0,1 М хлорсутек қышқылы ерітіндісін қосады; көк түске боялады, ол 0,3 мл-ден аспайтын 0,1 М натрий гидроксиді ерітіндісін қосқан кезде қызғылт түске ауысуға тиіс.

Түсінің өзгеруі. рН 3,0-5,0 интервалында көктен қызғылт түске дейін.

Даршын альдегиді. C_9H_8O . (M_r 132,16). [104-55-2]. 3-Фенилпропеналь.

Сарғыштан жасылдау-сары түске дейінгі майлы сұйықтық. Суда аз ериді, 96 % этанолда өте тез ериді.

n_D^{20}

шамамен 1,620.

Салқын, жарықтан қорғалған жерде сақтайды.

Кортизон. $C_{21}H_{28}O_5$. (M_r 360,44). [53-06-5].

Кемінде 95,0 % $C_{21}H_{28}O_5$ бар.

Балқу температурасы 223 °С-дан 228 °С-ға дейін.

Кортизон ацетаты. $C_{23}H_{30}O_6$. (M_r 402,5). [50-04-4]. 17-Гидрокси-3,11,20-триооксопрегн- 4-ен-21-илацетат.

Құрғақ субстанцияға шаққанда кемінде 97,0% және 103,0% аспайтын $C_{23}H_{30}O_6$ бар.

Ақ немесе ақшыл түсті кристалл ұнтақ.

Суда мүлде ерімейді, метиленхлоридте тез ериді, диоксанда ериді, ацетонда бәсең ериді, 96% этанолда және метанолда аз ериді. Полиморфизмі бар.

Кофеин. $C_8H_{10}N_4O_2$. (M_r 194,2). [58-08-2]. 1,3,7-Триметил-3,7-дигидро-1*H*-пурин-2,6-дион.

Құрғақ субстанцияға шаққанда кемінде 98,5 % және 101,5 % аспайтын $C_8H_{10}N_4O_2$ бар.

Ақ немесе дерлік ақ түсті кристалл ұнтақ немесе жібектей кристалдар. Тез сублимирленеді.

Суда бәсең ериді, қайнап тұрған суда тез ериді, 96 % этанолда аз ериді.

Сілтілік бензоаттардың немесе салицилаттардың концентрацияланған ерітінділерінде ериді.

Кофе қышқылы. $C_9H_8O_4$. (M_r 180,16). [331-39-5]. (E)-3-(3,4-дигидроксифенил) пропан қышқылы.

Ақ немесе дерлік ақ түсті кристалдар немесе пластинкалар. Ыстық суда және 96 % этанолда тез ериді, суық суда бәсең ериді.

Ыдырай отырып, балқу температурасы шамамен 225 °С.

pH 7,6 жаңа дайындалған ерітіндінің толқындардың ұзындығы 293 нм және 329 нм болған кезде екі сіңіру максимумы бар (2.1.2.24).

Еритін крахмал. [9005-84-9].

Ақ немесе ақшыл түсті ұнтақ.

Крахмал ерітіндісі.

1,0 г *еритін крахмалды P P 5* мл *сумен P* ұнтаққа айналдырып үккілейді, алынған қоспаны үнемі араластыра отырып, 10 мг *сынап йодиді бар* 100 мл қайнап тұрған *суға P* баяу құяды.

Реактивті әрбір пайдаланған сайын сезгіштікке сынауды жүргізеді.

Сезгіштікке сынау. 1 мл крахмал ерітіндісі мен 20 мл *су P* қоспасына шамамен 50 мг *калий йодиді P* және 0,05 мл *йод ерітіндісін P1* қосады; ерітінді көк түске боялуға тиіс.

Крахмал ерітіндісі P1.

1 г *еритін крахмалды P* аз мөлшердегі суық *сумен P* араластырады. Алынған қоспаны араластырып тұрып 200 мл қайнап тұрған *суға P* қосады, 250 мг *салицил қышқылын P* қосады, 3 мин бойы қайнатады және бірден салқындатады.

Сақтау мерзімі. 4 °С-дан 10 °С-ға дейінгі температурада 2 аптадан 3 аптаға дейін.

Жаңа крахмал ерітіндісін баламалылық тұрғысынан көк түстен түссізге бірден ауыспаған жағдайда дайындайды.

Сезгіштікке сынау. 2 мл *крахмал ерітіндісіне P1* 20 мл *су P*, шамамен 50 мг *калий йодидін P* және 0,05 мл *йод ерітіндісін P1* қосады; алынған ерітіндінің түсі көк болуға тиіс.

Крахмал ерітіндісі P2.

1,0 г *еритін крахмалды P* 5 мл *сумен P* үккілейді және қоспаны араластырып тұрып 100 мл қайнап тұрған *суға P* құяды. Жаңа дайындалған ерітіндіні пайдаланады.

Сезгіштікке сынау. 1 мл *крахмал ерітіндісіне P1* 20 мл *су P*, шамамен 50 мг *калий йодидін P* және 0,05 мл *йод ерітіндісін P1* қосады; алынған ерітіндінің түсі көк болуға тиіс.

Йодидтерден бос крахмал ерітіндісі,

Ерітіндіні *крахмал ерітіндісіне P арналған нұсқауларға сәйкес*, бірақ сынап йодидінсіз дайындайды. Тікелей пайдаланар алдында дайындайды.

Калий йодиді бар крахмал ерітіндісі.

0,75 г калий йодидін P 100 мл суда P ерітеді, қайнағанға дейін қыздырады және араластырып тұрып 0,5 г еритін крахмалдың P 35 мл судағы P ерітіндісін құяды. 2 мин бойы қайнатады және салқындатады.

Сезгіштікке сынау.

15 мл крахмалдың калий йодидімен ерітіндісінен, 0,05 мл мұзды сірке қышқылынан P және 0,3 мл йод ерітіндісінен тұратын қоспа P2; қоспаның түсі көк болуға тиіс.

Крезол. C₇H₈O. (M_r 108,14). [95-48-7]. о-Крезол. 2-Метилфенол.

Кристалдар немесе жарықта және ауада қараятын суытылған сұйықтық. Сусыз этанолмен араласады, шамамен судың 50 бөлігінде және сілтілік металдар гидроксидтерінің ерітінділерінде ериді.

d_{20}^{20}

шамамен 1,05.

n_D^{20}

1,540-тан 1,550-ге дейін.

Қайнау температурасы шамамен 190 °С.

Қатаю температурасы (2.1.2.17). 30,5 °С-дан төмен емес.

Булағаннан кейінгі қалдық. 0,1 %-дан аспайды (м/м).

Су моншасында булайды және 100 °С-дан 105 °С-ға дейінгі температурада кептіреді

Оттегінен, жарықтан және ылғалдан қорғалған жерде сақтайды, пайдаланар алдында қайта айдайды.

Крезолды қызыл. C₂₁H₁₈O₅S. (M_r 382,4). [1733-12-6]. Крезолсульфонфталеин. 4,4'-(3Н-2,1-Бензоксагиол-3-илиден)бис-(2-метилфенол)S,S -диоксид.

Қызғылт-қоңыр түсті кристалл ұнтақ. Суда аз ериді, 96 % этанолда және сұйылтылған сілтілік металдар гидроксидтерінің ерітінділерінде ериді.

Крезолды қызыл ерітіндісі.

0,1 г крезолды қызылды P 2,65 мл 0,1 M натрий гидроксиді ерітіндісі мен 20 мл 96 % этанол P қоспасында ерітеді, ерітінді көлемін сумен P 100 мл-ге жеткізеді.

Сезгіштікке сынау. Көміртек диоксидінен бос 100 мл суға P 0,1 мл крезолды қызыл ерітіндісін және 0,15 мл 0,02 M натрий гидроксиді ерітіндісін қосады; қызыл күрең-қызыл түске боялады, ол 0,15 мл және одан аспайтын 0,02 M хлорсутек қышқылын қосқан кезде сары түске ауысуға тиіс.

Түсінің өзгеруі. рН 7,0-ден 8,6-ға дейінгі интервалда сарыдан қызыл түске дейін.

м-Крезолды қызылкүрең. $C_{21}H_{18}O_5S$. (M_r 382,43). [2303-01-7].

м-Крезолсульфонфталеин.

Зәйтүн жасыл түсті кристалл ұнтақ. Суда аз ериді, 96 % этанолда, мұзды сірке қышқылында және метанолда ериді.

м-Крезолды қызылкүрең ерітіндісі.

0,1 г м-крезолды қызылкүреңді Р 13 мл 0,01 М натрий гидроксиді ерітіндісінде ерітеді, ерітінді көлемін сумен Р 100 мл-ге жеткізеді және араластырады.

Түсінің өзгеруі. рН 1,2-ден 2,8-ге дейінгі интервалда қызылдан сарыға дейін. рН 7,4-тен 9,0-ға дейінгі интервалда сарыдан күлгінге дейін.

Кремнийвольфрам қышқылы.

$H_4SiW_{12}O_{40} \cdot H_2O$. [11130-20-4].

Ауаға жайылатын ақ немесе сарғыш-ақ түсті кристалдар. Суда және 96 % этанолда өте тез ериді.

Ауа өтпейтін контейнерде сақтайды.

Кристалл күлгін. $C_{25}H_{30}ClN_3$. (M_r 408,0). [548-62-9].

Шульц көрсеткіші № 78.

Түс индексі (С. I.) № 42555. Гексаметилпарарозанилин хлориді.

Қара жасыл түсті кристалдар немесе ұнтақ. Суда және 96 % этанолда ериді.

Кристалл күлгін ерітіндісі.

0,5 г кристалл күлгінді Р сусыз сірке қышқылында Р ерітеді және ерітінді көлемін дәл сол еріткішпен 100 мл-ге жеткізеді.

Сезгіштікке сынау. 50 мл сусыз сірке қышқылына Р 0,1 мл кристалл күлгін ерітіндісін қосады; көгілдір-күлгін түске боялады, ол 0,1 мл 0,1 М хлор қышқылы ерітіндісін қосқан кезде көгілдір-жасыл түске ауысуы тиіс.

Ксантгидрол. $C_{13}H_{10}O_2$. (M_r 198,22). [90-46-0]. 9-Ксантенол.

Кемінде 90,0 % $C_{13}H_{10}O_2$ бар. Ақтан ашық-сары түске дейінгі ұнтақ. Суда тым аз ериді, 96 % этанолда және мұзды сірке қышқылында ериді. Сондай-ақ 90 г/л-дан 110 г/л-ға дейінгі метанолдағы ксантгидрол бар Р ерітінді түрінде де болады.

Балқу температурасы шамамен 123 °С.

Санын анықтау. 0,300 г ксантгидролды сыйымдылығы 250 мл колбаға салады, 3 мл метанолда Р ерітеді немесе 3,0 мл ерітіндіні пайдаланады. 50 мл мұзды сірке қышқылын Р және шайқап тұрып тамшылатып 20 г/л несепнәр Р 25 мл ерітіндісін қосады. 12 сағат ұстайды, одан кейін шыны фильтр (16) арқылы фильтрлейді (2.1.1.2). Фильтрдегі шөгіндіні 20 мл 96 % этанолмен Р шаяды, 100 °С-дан 105 °С-ға дейінгі температурада кептіреді және өлшейді.

Шөгіндінің 1 г-ы 0,9429 г ксантгидролға сәйкес келеді.

Жарықтан қорғалған жерде сақтайды. Метанолды ерітіндіні герметикалық жабылған кішігірім ампулаларда сақтайды және қажет болса пайдаланар алдында фильтрлейді.

Ксантгидрол Р1.

Ксантгидролға Р арналған талаптардан және мынадай қосымша талаптан өтуге тиіс. Кемінде 98 % $C_{13}H_{10}O_2$ бар.

Ксантгидрол ерітіндісі.

100 мл сусыз сірке қышқылына Р 0,1 мл 100 г/л ксантгидролдың Р метанолдаға Р ерітіндісін, 1 мл хлорсутек қышқылын Р қосады және пайдаланар алдында 24 сағат ұстайды.

Ксиленол қызғылт сары. $C_{31}H_{28}N_2Na_4O_{13}S$. (M_r 761). [3618-43-7]. Тетранатрий 3,3'-(3Н--2,1-бензоксатиол-3-илиден)бис[(6-гидрокси-5-метил-3,1-фенилен) метилениминобисацетат] S,S-диоксид.

Қызғылт-қоңырқай түсті кристалл ұнтақ. Суда ериді.

Ксиленол қызғылт сарының индикаторлық қоспасы.

Ксиленол қызғылт сарының Р 1 бөлігін калий нитратының Р 99 бөлігімен ұнтақ қылып үккілейді.

Сезгіштікке сынау.

50 мл суға Р 1 мл сұйылтылған сірке қышқылын Р, 50 мг ксиленол қызғылт сарының индикаторлық қоспасын және 0,05 мл ерітінді қорғасын(II) нитратын Р қосады. Ерітіндінің түсі сарыдан күлгін-қызылға ауысқанға дейін гексаметилентетраминді Р қосады; 0,1 мл 0,1 М натрий эдетаты ерітіндісін қосқаннан кейін ерітіндінің түсі сарыға ауысуға тиіс.

Ксилоза. $C_5H_{10}O_5$. (M_r 150,1). [58-86-6]. D-Ксилопираноза.

Ақ немесе ақшыл түсті кристалл ұнтақ немесе түссіз инелер.

Суда тез ериді, ыстық 96% этанолда ериді.

Ксилол. C_8H_{10} . (M_r 106,17). [1330-20-7].

Изомерлер қоспасы. Мөлдір түссіз тұтанғыш сұйықтық. Суда мүлде ерімейді, 96 % этанолмен араласады.

$$d_{20}^{20}$$

шамамен 0,867.

$$n_D^{20}$$

шамамен 1,497.

Қайнау температурасы шамамен 138 °С.

о-Ксилол. C_8H_{10} . (M_r 106,17). [95-47-6]. 1,2-Диметилбензол.

Мөлдір түссіз тұтанғыш сұйықтық. Суда мүлде ерімейді, 96 % этанолмен араласады

шамамен 0,881.

n_{20D} шамамен 1,505.

Қайнау температурасы шамамен 144 °С.

Балқу температурасы шамамен -25 °С.

м-Ксилол. C_8H_{10} . (M_r 106,17). [108-38-3]. 1,2-Диметилбензол.

Мөлдір түссіз, тұтанғыш сұйықтық. Суда мүлде ерімейді, 96 % этанолмен араласады.

d_{20}^{20}

шамамен 0,884.

n_D^{20}

шамамен 1,497.

Қайнау температурасы шамамен 139 °С.

Балқу температурасы шамамен 47 °С.

Жүгері майы.

Zea mays L. тұқымынан сығу немесе экстракциялау арқылы алынатын майлы сұйықтық.

Ашық-сары немесе сары түсті мөлдір май.

Суда және 96% этанолда мүлде ерімейді, мұнай эфирімен (40 - 60 °С) және метиленхлоридпен араласады.

d_{20}^{20}

шамамен 0,920.

n_D^{20}

шамамен 1,474.

Кумасси бояғыш ерітіндісі.

1,25 г/л қышқыл көктің 83 Р мұзды сірке қышқылы Р - метанол Р - су Р ерітінділері (1:4:5) қоспасындағы ерітіндісі. Филтрлейді.

Кумасси көк. [3861-73-2]. Қараңыз. Қышқылды көк 92 Р.

Кумасси көк ерітіндісі. Қараңыз. Қышқылды көк ерітіндісі 92 Р.

Куркумин. $C_{21}H_{20}O_6$. (M_r 368,38). [458-37-7]. 1,7-Бис(4-гидрокси-3-метоксифенил) гепта-1,6-диен-3,5-дион.

Қызғылт сары-қоңыр түсті кристалл ұнтақ. Суда мүлде ерімейді, мұзды сірке қышқылында ериді.

Балқу температурасы шамамен 183 °С.

Лавандулол. $C_{10}H_{18}O$. (M_r 154,25). [498-16-8]. (R)-5-метил-2-(1-метилэтил)-4-гексан-1-ол.

Өзіне тән иісі бар майлы сұйықтық.

Газды хроматографияда пайдаланылатын лавандулол мынадай сынақтан өтуге тиіс.

Санын анықтау. Анықтау газды хроматография әдісімен (2.1.2.27) *Лаванда майы* жеке фармакопоя бабындағы нұсқауларға сәйкес жүргізіледі.

Сыналатын ерітінді. Сыналатын субстанция.

Іштен қалыпқа келтіру әдісімен есептелген лавандулол кемінде 90,0 % болуға тиіс.

Лавандулол ацетаты. $C_{12}H_{20}O_2$. (M_r 196,3). [25905-14-0]. 2-Изопропенил-5-метилгекс-4-ен-1-ил ацетат.

Өзіне тән иісі бар түссіз сұйықтық.

Газды хроматографияда пайдаланылатын лавандулол ацетаты мынадай қосымша сынақтан өтуге тиіс.

Санын анықтау. Анықтау газды хроматография әдісімен (2.1.2.27) *Лаванда майы* жеке фармакопоя бабындағы нұсқауларға сәйкес жүргізіледі.

Сыналатын ерітінді. Сыналатын субстанция.

Іштен қалыпқа келтіру әдісімен есептелген лавандулол ацетаты 93,0 % болуға тиіс.

Лакмус. [1393-92-6].

Шульц көрсеткіші № 1386.

Rosella, Лесанога немесе басқа әртүрлі қына түрлерінен алынған көк-күлгін түсті пигмент. Суда ериді, 96 % этанолда мүлде ерімейді.

Түсінің өзгеруі. рН 5-8 интервалында қызылдан көк түске дейін.

Лакмус көк қағаз.

Лакмустың ірі етіп ұсақталған 10 бөлігін *P* 96 % этанолдың *P* 100 бөлігімен 1 сағат бойы қайнатады. Спиртті декантациялайды, қалдыққа 96 % этанолдың *P* 45 бөлігінен және судың *P* 55 бөлігінен тұратын қоспаны қосады. 2 күннен кейін мөлдір сұйықтықты декантациялайды, фильтрлеу қағазының жолақтарына алынған ерітіндіні сіңдіреді және кептіреді.

Сезгіштікке сынау. Мөлшері 10 мм x 60 мм фильтрлеу қағазының жолағын 10 мл 0,02 М хлорсутек қышқылы мен 90 мл судың *P* қоспасына салады. Шайқаған кезде қағаз 45 с ішінде қызыл түске боялуға тиіс.

Лакмус қызыл қағаз.

Лакмустың көк экстрактына көк түсі қызылға ауысқанға дейін сұйылтылған хлорсутек қышқылын тамшылатып құяды. Фильтрлеу қағазының жолақтарына алынған ерітіндіні сіңдіреді және кептіреді.

Сезгіштікке сынау. Мөлшері 10 мм x 60 мм фильтрлеу қағазының жолағын 10 мл 0,02 М хлорсутек қышқылы мен 90 мл судың Р қоспасына салады. Шайқаған кезде қағаз 45 с бойы көк түске боялады.

Лактобион қышқылы. $C_{12}H_{22}O_{11}$. (M_r 358,30). [96-82-2].

Ақ немесе ақшыл түсті кристалл ұнтақ. Суда тез ериді, 96 % этанолда дерлік ерімейді.

Балқу температурасы шамамен 115 °С.

Лактоза. $C_{12}H_{22}O_{11} \cdot H_2O$. (M_r 360,3). [5989-81-1]. Лактоза моногидраты. О-b-d-Галактопиранозил-(1→4)-a-d-глюкопираноз.

Ақ немесе дерлік ақ кристалл ұнтақ.

Суда тез ериді, этанолда (96%) мүлде ерімейді.

Лантан (III) нитраты. $La(NO_3)_3 \cdot 6H_2O$. (M_r 433,0). [10277-43-7].

Лантан нитраты (III) гексагидраты. Ауаға жайылатын түссіз кристалдар.

Суда тез ериді.

Ауа өтпейтін контейнерде сақтайды.

Лантан (III) нитраты ерітіндісі.

50 г/л ерітінді.

Лантан триоксиді. La_2O_3 . (M_r 325,81). [1312-81-8]. Лантан(III) оксиді.

Дерлік ақ түсті аморфты ұнтақ. Суда мүлде ерімейді, сұйылтылған минералды қышқылдарда ериді, ауадан көміртек диоксидін сіңіреді.

Кальций. 5 ppm көп емес.

Лантан хлориді ерітіндісі.

58,65 г лантан триоксидіне Р 100 мл хлорсутек қышқылын Р баяу қосады, қайнағанға дейін қыздырады, салқындатады және ерітінді көлемін сумен Р 1000,0 мл-ге жеткізеді.

Лаурил спирті. $C_{12}H_{26}O$. (M_r 186,3). [112-53-8]. Додекан-1-ол.

d_{20}^{20}

шамамен 0,820.

Қайнау температурасы 24 °С-дан 27 °С-ға дейін.

Кемінде 98,0 % $C_{12}H_{26}O$ бар. Газды хроматография әдісімен анықтайды.

Лейцин. $C_6H_{13}NO_2$. (M_r 131,2). [61-90-5]. (2S)-2-Амин-4-метилпентан қышқылы.

Құрғақ субстанцияға шаққанда кемінде 98,5 % және 101,0 % аспайтын $C_6H_{13}NO_2$ бар.

Ферментация өнімін, экстракт немесе ақуыз гидролизатын білдіреді.

Ақ немесе дерлік ақ түсті кристалл ұнтақ немесе жылтыр пластинкалар.

Суда бәсең ериді, 96 % этанолда мүлде ерімейді.

Сұйылтылған минералды қышқылдарда және сұйылтылған сілтілік металдар гидроксидтерінің ерітінділерінде ериді.

Лимонен. $C_{10}H_{16}$. (M_r 136,23). [5989-27-5]. D-Лимонен. (+)-*l*-Мента-1,8-диен. (R)-4-Изопропенил-1-метилциклогекс-1-ен.

Түссіз сұйықтық. Суда мүлде ерімейді, 96 % этанолда ериді.

$$d_{20}^{20}$$

шамамен 0,84.

$$n_D^{20}$$

1,471-ден 1,474-ке дейін.

$$[\alpha]_D^{20}$$

шамамен + 124.

Қайнау температурасы 175 °С-дан 177 °С-ға дейін.

Газды хроматографияда пайдаланылатын лимонен мынадай қосымша сынақтан өтуге тиіс.

Санын анықтау. Анықтау газды хроматография әдісімен (2.1.2.27) Бұрыш жалбыз майы жеке фармакопея бабындағы нұсқауларға сәйкес сыналатын ерітінді ретінде лимоненді пайдалана отырып жүргізіледі.

Іштен қалыпқа келтіру әдісімен есептелген лимонен кемінде 99% болуға тиіс.

Лимон қышқылы моногидраты.

$C_6H_8O_7 \cdot H_2O$. (M_r 210,1). [5949-29-1]. 2-Гидрокси-пропан-1,2,3-трикарбон қышқылы моногидраты.

Сусыз субстанцияға шаққанда кемінде 99,5 % және 100,5 % аспайтын $C_6H_8O_7 \cdot H_2O$ бар.

Ақ немесе ақшыл түсті кристалл ұнтақ, түссіз кристалдар немесе гранулалар. Ауада желмен мүжіледі.

Суда өте тез ериді, 96 % этанолда тез ериді.

Темірге сынауда пайдаланған кезде лимон қышқылы мынадай қосымша сынақтан өтуге тиіс.

0,5 г лимон қышқылын 10 мл суда *P* ерітеді, 0,1 мл *тиогликоль қышқылын P* қосады, араластырады, сілтілік реакцияға дейін *аммиак* ерітіндісін *P* қосады және алынған ерітіндінің көлемін *сумен P* 20 мл-ге жеткізеді. Ерітінді қызғылт түске боялмауға тиіс.

Лимон қышқылы сусыз. $C_6H_8O_7$. (M_r 192,1). [77-92-9]. 2-Гидроксипропан-1,2,3-трикарбон қышқылы.

Сусыз субстанцияға шаққанда кемінде 99,5 % және 100,5 %-дан аспайтын $C_6H_8O_7$ бар.

Ақ немесе ақшыл түсті кристалл ұнтақ, түссіз кристалдар немесе гранулалар.

Суда өте тез ериді, 96 % этанолда тез ериді.

Ыдырай отырып, балқу температурасы шамамен 153 °С.

Лимон майы.

Жылумен өңдеусіз механикалық құралдарды пайдалана отырып, *Citrus limon (L.) Burman fil* жас қабығынан алынған эфир майы.

Мөлдір, жылжымалы, боз-сары немесе жасылтқым-сары сұйықтық. Төмен температурада лайланады. Өзіне тән иісі бар.

Линалил ацетаты. $C_{12}H_{20}O_2$. (M_r 196,3). [115-95-7]. (RS)-1,5-диметил-1 -винилгекс-4 -енил-ацетат.

Түссіз немесе сәл сары, бергамоттың және лаванданың күшті иісі бар сұйықтық.

$$d_{25}^{25}$$

0,895-тен 0,912-ге дейін.

$$n_D^{20}$$

1,448-ден 1,451-ге дейін.

Қайнау температурасы шамамен 215 °С.

Газды хроматографияда пайдаланылатын Линалил ацетаты мынадай қосымша сынақтан өтуге тиіс.

Санын анықтау. Анықтау газды хроматография әдісімен (2.1.2.27) Тәрәнжі гүлінің майы жеке фармакопея бабындағы нұсқауларға сәйкес, сыналатын ерітінді ретінде линалил ацетатын пайдалана отырып жүргізіледі.

Іштен қалыпқа келтіру әдісімен есептелген линалилацет кемінде 95,0 % болуға тиіс.

Линалол. $C_{10}H_{18}O$. (M_r 154,25). [78-70-6]. (RS)-3,7-Диметил-окта-1,6-диен-3-ол.

Екі стереоизомер (ликареол және кориандрол) қоспасы.

Сұйықтық. Суда мүлде ерімейді.

$$d_{20}^{20}$$

шамамен 0,860.

$$n_D^{20}$$

шамамен 1,462.

Қайнау температурасы шамамен 200 °С.

Газды хроматографияда пайдаланылатын линалол мынадай қосымша сынақтан өтуге тиіс.

Санын анықтау. Газды хроматография (2.1.2.27) әдісімен *Анис майы* жеке фармакопея бабындағы нұсқауларға сәйкес, сыналатын ерітінді ретінде линалолды пайдалана отырып жүргізеді.

Іштен қалыпқа келтіру әдісімен есептелген линалол кемінде 98,0 % болуға тиіс.

Литий. Li. (Ar 6,94). [7439-93-2].

Жұмсақ металл, жаңа кескен жері күміс түстес-сұр түсті, ауамен байланысқан кезде тез көмескіленеді. Сутегін және литий гидроксиді ерітіндісін түзе отырып, сумен шапшаң реакцияға түседі; сутегін және литий метоксиді ерітіндісін түзе отырып метанолда ериді; мұнай эфирінде дерлік ерімейді.

Мұнай эфирдің немесе сұйық парафиннің астында сақтайды.

Литий гидроксиді. LiOH·H₂O. (M_r 41,96). [1310-66-3]. Гидроксид литий моногидраты.

Ақ немесе ақшыл түсті гранулалы ұнтақ. Күшті сілті болып табылады, суды және көміртек диоксидін тез сіңіреді, суда ериді, 96 % этанолда бәсең ериді.

Ауа өтпейтін контейнерде сақтайды.

Литий карбонаты. Li₂CO₃. (M_r 73,89). [554-13-2]. Дилитий карбонаты.

Ақ немесе ақшыл түсті жеңіл ұнтақ. Суда бәсең ериді, 96 % этанолда тым аз ериді. Қаннықан ерітіндіде 20 °С температурада шамамен 13 г/л Li₂CO₃ болады.

Литий сусыз метабораты. LiBO₂. (M_r 49,75). [13453-69-5]. Литий метабораты.

Литий сульфаты. Li₂SO₄·H₂O. (M_r 127,96). [10102-25-7]. Дилитий сульфаты моногидраты.

Түссіз кристалдар. Суда тез ериді, 96 % этанолда мүлде ерімейді.

Литий хлориді. LiCl. (M_r 42,39). [7447-41-8]. Литий хлориді.

Кристалл ұнтақ немесе гранулалар, немесе кубик кристалдар; ауада жайылады. Суда тез ериді, ацетонда және 96 % этанолда ериді. Судағы ерітінділердің бейтарап немесе бәсең сілтілік реакциясы бар. Ауа өтпейтін контейнерде сақтайды.

Люголь ерітіндісі.

0,5 г йодты *P* және 1 г калий йодидін *P* судың *P* аздаған мөлшерінде ерітеді және алынған ерітінді көлемін сумен *P* 100 мл-ге жеткізеді.

Магний. Mg. (Ar 24,31). [7439-95-4].

Күміс түстес-ақ түсті таспа, немесе жоңқа, немесе сым немесе сұр түсті ұнтақ.

Магний ацетаты. C₄H₆MgO₄·4H₂O (M_r 214,45). [16674-78-5]. Магний ацетаты тетрагидраты.

Ауада жайылатын түссіз кристалдар. Суда және 96 % этанолда тез ериді. Ауа өтпейтін контейнерде сақтайды.

Магний нитраты. $\text{Mg}(\text{NO}_3)_2 \cdot 6\text{H}_2\text{O}$. (M_r 256,41). [13446-18-9]. Магний нитраты гексагидраты.

Ауада жайылатын түссіз мөлдір кристалдар. Суда өте тез ериді, 96 % этанолда тез ериді.

Ауа өтпейтін контейнерде сақтайды.

Магний нитраты ерітіндісі.

17,3 г магний нитратын Р 5 мл суда Р абайлап қыздырып ерітеді, 80 мл 96 % этанол Р қосады, салқындатады және ерітінді көлемін дәл сол еріткішпен 100,0 мл-ге жеткізеді

Магний нитраты ерітіндісі Р1.

20 г магний нитратын Р ($\text{Mg}(\text{NO}_3)_2 \cdot 6\text{H}_2\text{O}$) дистилляцияланған деиондалған Р суда абайлап қыздырып ерітеді және ерітінді көлемін дәл сол еріткішпен 100 мл-ге жеткізеді. Тікелей пайдаланар алдында 10 мл алынған ерітіндіні дистилляцияланған деиондалған сумен Р 100 мл көлемге жеткізеді. 5 мкл ерітіндіде 0,06 мг $\text{Mg}(\text{NO}_3)_2$ бар.

Магний оксиді. MgO . (M_r 40,30). [1309-48-4]. Магний жеңіл оксидінде қыздырылған субстанцияға шаққанда кемінде 98,0 % және 100,5 % аспайтын MgO бар.

Ақ немесе ақшыл түсті ұсақ аморфты ұнтақ.

Суда мүлде ерімейді. Араластырылған қышқылдарда газ көпіршіктерін бәсең бөле отырып ериді.

Магний оксиді Р1.

Мынадай өзгерістерді қоса алғанда магний оксидіне Р арналған талаптардан өтуге тиіс.

Мышьяк (2.1.4.2, әдіс А). 2 ppm көп емес.

0,5 г магний оксидін 5 мл су Р мен 5 мл хлорсутек қышқылы Р1 қоспасында ерітеді.

Ауыр металдар (2.1.4.8, әдіс А). 10 ppm көп емес. 1,0 г магний оксидін 3 мл су Р мен 7 мл хлорсутек қышқылы Р1 қоспасында ерітеді, 0,05 мл фенолфталеин ерітіндісін Р және концентрацияланған аммиак ерітіндісін Р қызғылт түс алғанға дейін қосады. Аммиактың артық бөлігін мұзды сірке қышқылымен Р бейтараптандырады, 0,5 мл қышқылдың артығын қосады, сумен Р 20 мл көлемге жеткізеді және қажет болғанда фильтрлейді. 12 мл ерітінді ауыр металдарға сынақтан өтуге тиіс. Салыстыру ерітіндісін 5 мл стандартты қорғасын ерітіндісі (1 ppm Pb^{2+}) Р мен 5 мл суды Р пайдалана отырып дайындайды.

Темір (2.1.4.9). 50 ppm көп емес. 0,2 г магний оксидін 6 мл сұйылтылған хлорсутек қышқылында Р ерітеді және ерітінді көлемін сумен Р 10 мл-ге жеткізеді.

Магний ауыр оксиді. MgO . (M_r 40,30). [1309-48-4].

Қыздырылған субстанцияға шаққанда кемінде 98,0 % және 100,5 % аспайтын MgO бар.

Ақ немесе ақшыл түсті ұсақ ұнтақ.

Суда мүлде ерімейді. Араластырылған қышқылдарда газ көпіршіктерін бәсең бөле отырып ериді.

Магний сульфаты. $MgSO_4 \cdot 7H_2O$. (M_r 246,5). [10034-99-8]. Мыс сульфаты (II) гептагидраты.

Құрғақ субстанцияға шаққанда кемінде 99,0 % және 100,5 % аспайтын $MgSO_4 \cdot 7H_2O$ бар.

Ақ немесе ақшыл түсті кристалл ұнтақ немесе жылтыр түссіз кристалдар.

Суда тез ериді, қайнап тұрған суда өте тез ериді, 96 % этанолда мүлде ерімейді.

Магний хлориді. $MgCl_2 \cdot 6H_2O$. (M_r 203,3). [7791-18-6]. Магний хлориді гексагидраты.

Кемінде 98,0 % және 101,0 % аспайтын $MgCl_2 \cdot 6H_2O$ бар.

Түссіз кристалдар. Гигроскопиялық.

Суда өте тез ериді, легко 96 % этанолда ериді.

Макрогол 200. [25322-68-3]. Полиэтиленгликоль 200.

Мөлдір түссіз немесе дерлік түссіз тұтқыр сұйықтық. Ацетонда және сусыз этанолда тез ериді, қанық майларда дерлік ерімейді.

d_{20}^{20}

шамамен 1,127.

n_D^{20}

шамамен 1,450.

Макрогол 200 P1.

500 мл *макроголды 200 P* сыйымдылығы 1000 мл түбі дөңгелек колбаға салады, ротациялық буландырғышты және 1,5 кПа-дан 2,5 кПа-ға дейінгі вакуумды пайдалана отырып 60 °C температурада 6 сағат бойы ұшпа заттарды айдайды.

Макрогол 300. [25322-68-3]. Полиэтиленгликоль 300.

Мөлдір, тұтқыр, түссіз немесе дерлік түссіз гигроскопиялық сұйықтық.

Сумен араласады, ацетонда, 96 % этанолда және метиленхлоридте өте тез ериді, қанық және минералды майларда дерлік ерімейді.

Макрогол 400. [25322-68-3]. Полиэтиленгликоль 400.

Мөлдір, тұтқыр, түссіз немесе дерлік түссіз гигроскопиялық сұйықтық.

Сумен араласады, ацетонда, 96 % этанолда және метиленхлоридте өте тез ериді, қанық және минералды майларда дерлік ерімейді.

Макрогол 600. [25322-68-3]. Полиэтиленгликоль 600.

Мөлдір, тұтқыр, түссіз немесе дерлік түссіз гигроскопиялық сұйықтық.

Сумен араласады, ацетонда, 96 % этанолда және метиленхлоридте өте тез ериді, қанық және минералды майларда дерлік ерімейді.

Макрогол 1000. [25322-68-3]. Полиэтиленгликоль 1000.

Ақ немесе дерлік ақ, гигроскопиялы, балауыз тәріздес немесе парафин тәріздес масса.

Суда өте тез ериді, 96 % этанолда және метиленхлоридте тез ериді, қанық және минералды майларда дерлік ерімейді.

Макрогол 1500. [25322-68-3]. Полиэтиленгликоль 1500.

Ақ немесе дерлік ақ, балауыз тәріздес немесе парафин тәріздес масса.

Суда және метиленхлоридте өте тез ериді, 96 % этанолда тез ериді, қанық және минералды майларда дерлік ерімейді.

Макрогол 20 000. Полиэтиленгликоль 20 000.

Ақ немесе дерлік ақ, балауыз тәріздес немесе парафин тәріздес масса.

Суда өте тез ериді, метиленхлоридте ериді, 96 % этанолда, қанық және минералды майларда мүлде ерімейді.

Макрогол 20 000 2-нитротерефталат.

Полиэтиленгликоль 20 000 2-нитротерефталат.

Макрогол 20 000 Р 2-нитротерефталат қышқылымен өңдеумен модификацияланған.

Қатты балауыз тәріздес, ақ немесе дерлік ақ түсті масса. Ацетонда ериді.

Малахитті жасыл. $C_{23}H_{25}ClN_2$. (M_r 364,91). [123333-61-9]. [4-[[4-(диметиламино)фенил]фенил-метилен]-циклогекса-2,5-диен-1-илиден]диметиламмоний хлориді.

Шульц көрсеткіші № 754.

Түс индексі (С. I.) № 42000.

Металл жылтырағы бар жасыл түсті кристалдар. Суда көкшіл-жасыл түсті ерітінді түзе отырып өте тез ериді, 96 % этанолда және метанолда ериді.

96 % этанолдағы Р 0,01 г/л ерітіндінің толқын ұзындығы 617 нм болғанда сіңіруі ең үлкен (2.1.2.24) болады.

Малахитті жасыл ерітіндісі.

Сусыз сірке қышқылындағы 5 г/л ерітінді Р.

Малеин қышқылы. $C_4H_4O_4$. (M_r 116,1). [110-16-7]. (Z)-Бутендион қышқылы.

Сусыз субстанцияға шаққанда кемінде 99,0 % және 101,0% аспайтын $C_4H_4O_4$ бар.

Ақ түсті кристалл ұнтақ. Суда және 96 % этанолда тез ериді.

Малеин ангидридi. $C_4H_2O_3$. (M_r 98,06). [108-31-6]. Бутендион ангидридi. 2,5-Фурандион.

Ақ немесе дерлік ақ түсті кристалдар. Суда малеин қышқылын түзе отырып ериді, ацетонда және этилацетатта өте тез ериді, толуолда, 96 % этанолда күрделі эфир түзе отырып тез ериді, мұнай эфирінде тым аз ериді.

Балқу температурасы шамамен 52 °С.

Толуолда ерімейтін кез келген қалдық 5 %-дан аспауға тиіс (малеин қышқылы).

Малеин ангидридi ерiтiндiсi.

5 г малеин ангидридiн Р толуолда Р ерiтедi және ерiтiндi көлемiн дәл сол ерiткiшпен 100 мл-ге жеткiзедi.

Сақтау мерзiмi 1 ай. Ерiтiндi лайланған жағдайда филтрлейдi.

Маннит. $C_6H_{14}O_6$. (M_r 182,2). [69-65-8]. D-маннитол.

Сусыз субстанцияға шаққанда кемiнде 97,0 % және 102,0 % аспайтын $C_6H_{14}O_6$ бар.

Ақ немесе ақшыл түстi кристалдар немесе ұнтақ.

Суда тез еридi, 96 % этанолда мүлде ерiмейдi.

Полиморфизм тудырады.

Манноза. $C_6H_{12}O_6$. (M_r 180,16). [3458-28-4]. D-(+)-Манноза.

Ақ немесе ақшыл түстi кристалл немесе ұсақ кристалл ұнтақ. Суда өте тез еридi, сусыз этанолда аз еридi.

$[\alpha]_D^{20}$

+ 13,7-ден + 14,7-ге дейiн. Анықтау шамамен 0,05 % NH_3 бар 200 г/л судағы ерiтiндiнi Р пайдалана отырып жүргiзiледi.

Ыдырай отырып, балқу температурасы шамамен 132 °С.

Марганец сульфаты. $MnSO_4 \cdot H_2O$. (M_r 169,02). [10034-96-5]. Марганец сульфаты (II) моногидраты.

Боз-қызғылт түстi кристалл ұнтақ немесе кристалдар. Суда тез еридi, 96 % этанолда мүлде ерiмейдi.

Қыздырғаннан кейiн массасын жоғалтуы. 10,0 %-дан 12,0 %-ға дейiн. Анықтау 500 ± 50 °С температурада 1,000 г жүргiзiледi.

Май қышқылы. $C_4H_8O_2$. (M_r 88,11). [107-92-6]. Бутан қышқылы.

Кемiнде 99,0 % $C_4H_8O_2$ бар. Майлы сұйықтық. Сумен және 96 % этанолмен араласады.

d_{20}^{20}

шамамен 0,96.

n_D^{20}

шамамен 1,398.

Қайнау температурасы шамамен 163 °С.

Мыс(II) ацетаты. $C_4H_6CuO_4 \cdot H_2O$. (M_r 199,65). [6046-93-1]. Мыс ацетаты (II) моногидраты.

Көгілдір-жасыл түсті кристалдар немесе ұнтақ. Қайнап тұрған суда тез ериді, суда және 96 % этанолда ериді, 85 % глицеринде аз ериді.

Мыс(II) нитраты. $Cu(NO_3)_2 \cdot 3H_2O$. (M_r 241,62). [10031-43-3]. Мыс нитраты (II) тригидраты.

Көк түсті кристалдар. Гигроскопиялы, суда өте тез ериді, судағы ерітіндінің өте қышқыл реакциясы бар, 96 % этанолда және сұйылтылған азот қышқылында тез ериді.

Ауа өтпейтін контейнерде сақтайды.

Мыс сульфаты пентагидраты. $CuSO_4 \cdot 5H_2O$. (M_r 249,67). [7758-99-8]. Мыс сульфаты (II) пентагидраты.

Көк түсті ұнтақ немесе кристалдар. Ауада желмен баяу мүжіледі, суда өте тез ериді, 96 % этанолда аз ериді.

Мыс сульфаты ерітіндісі.

125 г/л ерітінді.

Мыс тетрааммиакат аммиакты ерітіндісі.

34,5 г мыс сульфатын *P* 100 мл суда *P* ерітеді, араластырып тұрып концентрацияланған аммиак ерітіндісін *P* түзілген қалдық ерігенге дейін тамшылатып қосады. Температураны 20 °С-дан төмен ұстай отырып, үздіксіз шайқау арқылы 30 мл концентрацияланған натрий гидроксиді ерітіндісін *P* тамшылатып қосады. Шыны фильтр арқылы фильтрлейді (2.1.1.2), тұнық фильтрат алғанға дейін сумен *P* шаяды. 200 мл концентрацияланған аммиак ерітіндісімен *P* шайқайды және шыны фильтр арқылы фильтрлейді (2.1.1.2), одан кейін тұнбаны барынша азайту үшін қайта фильтрлейді.

Мыс хлориді. $CuCl_2 \cdot 2H_2O$. (M_r 170,48). [10125-13-0]. Мыс хлориді(II) дигидраты.

Жасылдау-көгілдір түсті ауада жайылатын ұнтақ немесе кристалдар, құрғақ ауада желмен мүжіледі. Суда, 96 % этанолда және метанолда тез ериді, ацетонда бәсең ериді.

Ауа өтпейтін контейнерде сақтайды.

Мыс эдетаты ерітіндісі.

20 г/л мыс ацетатының 2 мл ерітіндісіне *P* 2 мл 0,1 М натрий эдетаты ерітіндісін қосады және ерітінді көлемін сумен *P* 50 мл-ге жеткізеді.

Мыс-тартрат ерітіндісі.

A ерітіндісі. 34,6 г мыс(II) сульфатын *P* суда *P* ерітеді, ерітінді көлемін дәл сол еріткішпен 500 мл-ге жеткізеді.

В ерітіндісі. 173 г калий-натрий тартратын Р және 50 г натрий гидроксидін Р 400 мл суда Р ерітеді. Қайнағанға дейін қыздырады, салқындатады, алынған ерітінді көлемін көміртек диоксидінен бос сумен Р 500 мл-ге жеткізеді.

Тікелей пайдаланар алдында А және В ерітінділерінің бірдей көлемдерін араластырады.

Мыс-тартрат ерітіндісі Р2.

5 г/л мыс сульфаты Р және 10 г/л калий тартраты Р бар 1 мл ерітіндіні 50 мл натрий карбонаты ерітіндімен Р1 араластырады.

Тікелей пайдаланар алдында дайындайды.

Мыс-тартрат ерітіндісі Р3.

10 г/л мыс сульфаты пентагидраты Р ерітіндісі мен 20 г/л натрий тартраты Р ерітіндісінің бірдей көлемдерін араластырады.

1,0 мл алынған ерітіндіге 50 мл натрий карбонаты ерітіндісін Р2 қосады. Тікелей пайдаланар алдында дайындайды.

Мыс-тартрат ерітіндісі Р4.

А ерітіндісі. 150 г/л мыс сульфаты Р ерітіндісі.

В ерітіндісі. 2,5 г сусыз натрий карбонатын Р, 2,5 г калий-натрий тартратын Р, 2,0 г натрий гидрокарбонатын Р және 20,0 г сусыз натрий сульфатын Р суда Р ерітеді, алынған ерітінді көлемін дәл сол еріткішпен 100 мл-ге жеткізеді.

Тікелей пайдаланар алдында А және В ерітінділерін 1:25 қатынаста араластырады.

Мыс-цитрат ерітіндісі.

25 г мыс сульфатын Р, 50 г лимон қышқылын Р және 144 г сусыз натрий карбонатын Р суда Р ерітеді және ерітінді көлемін дәл сол еріткішпен 1000 мл-ге жеткізеді.

Мыс-цитрат ерітіндісі Р1.

25 г мыс сульфатын Р, 50 г лимон қышқылын Р және 144 г сусыз натрий карбонатын Р суда Р ерітеді және ерітінді көлемін дәл сол еріткішпен 1000 мл-ге жеткізеді (сыналатын ерітінді).

Ерітіндіні мына талаптардан өтетіндей етіп түзетеді:

а) 25,0 мл сыналатын ерітіндіге 3 г калий йодидін Р қосады, одан кейін абайлап аздаған порциялармен 25 мл 25 % (м/м) күкірт қышқылы ерітіндісін Р қосады және индикатор ретінде 0,5 мл крахмал ерітіндісін Р пайдалана отырып, 0,1 М натрий тиосульфаты ерітіндісімен титрлейді, оны титрлеудің аяғында қосады.

Титрлеуге 24,5 мл-ден 25,5 мл-ге дейін 0,1 М натрий тиосульфаты ерітіндісі жұмсалуда тиіс.

б) 10,0 мл сыналатын ерітіндіні сумен Р 100,0 мл көлемге жеткізеді және араластырады. 10,0 мл алынған ерітіндіге 25,0 мл 0,1 М хлорсутек қышқылын қосады, 1

сағат бойы су моншасында қыздырады, салқындатады, сумен *P* бастапқы көлемге жеткізеді және индикатор ретінде 0,1 мл *фенолфталеин ерітіндісін P10* пайдалана отырып, 1 *M* натрий гидроксиді ерітіндісімен титрлейді.

Титрлеуге 5,7 мл-ден 6,3 мл-ге дейін 0,1 *M* натрий гидроксиді ерітіндісі жұмсалуға тиіс.

с) 10,0 мл сыналатын ерітіндіні сумен *P* 100,0 мл көлемге жеткізеді және араластырады. 10,0 мл алынған ерітіндіні индикатор ретінде 0,1 мл *фенолфталеин ерітіндісін P1* пайдалана отырып, 0,1 *M* хлорсутек қышқылымен титрлейді.

Титрлеуге 6,0 мл-ден 7,5 мл-ге дейін 0,1 *M* хлорсутек қышқылы жұмсалуға тиіс.

Мыс. Су. (A_r 63,55). [7440-50-8].

Тазартылған фольга, жоңқа, сым немесе электролиттік таза металл ұнтақ.

Мезитилоксид. $C_6H_{10}O$. (M_r 98,14). [141-79-7]. 4-Метилпент-3-ен-2-он.

Түссіз майлы сұйықтық. 30 бөлік суда ериді, органикалық ерітінділердің көпшілігімен араласады.

d_{20}^{20}

шамамен 0,858.

Қайнау температурасы 129 °C-дан 130 °C-ға дейін.

Меклозин гидрохлориді. $C_{25}H_{27}Cl_2N_2$. (M_r 463,9). [1104-22-9]. 1-[(RS)-(4-Хлорфенил) фенилметил]-4-[(3-метилфенил) метил] пиперазин дигидрохлориді.

Сусыз субстанцияға шаққанда кемінде 98,0 % және 102,0 % аспайтын $C_{25}H_{27}Cl_2 \cdot 2HCl$ бар.

Ақ немесе сарғыш-ақ түсті кристалл ұнтақ, сәл гигроскопиялық.

Суда аз ериді, 96 % этанолда және метиленхлоридте ериді.

Меламин. $C_3H_6N_6$. (M_r 126,14). [108-78-1]. 1,3,5-Триазин-2,4,6-триамин.

Ақ немесе ақшыл түсті аморфты ұнтақ. Суда және 96 % этанолда тым аз ериді.

Менадион. $C_{11}H_8O_2$. (M_r 172,2). [58-27-5]. 2-Метилнафталин-1,4-дион.

Менадионда құрғақ субстанцияға шаққанда кемінде 98,5 % және 101,0% аспайтын $C_{11}H_8O_2$ бар.

Боз-сары кристалл ұнтақ.

Суда мүлде ерімейді, толуолда тез ериді, спиртте және метанолда бәсең ериді. Жарыққа сезімтал.

Ментилацетат. $C_{12}H_{22}O_2$. (M_r 198,3). [2623-23-6]. 2-Изопропил-5-метилциклогексилацетат.

Түссіз сұйықтық. Суда аз ериді, 96 % этанолмен араласады.

d_{20}^{20}

шамамен 0,92.

n_D^{20}

шамамен 1,447.

Қайнау температурасы шамамен 228 °С.

Газды хроматографияда пайдаланылатын ментилацетат мынадай қосымша сынақтан өтуге тиіс.

Санын анықтау. Анықтау газды хроматография әдісімен (2.1.2.27) Бұрыш жалбыз майы жеке фармакопея бабының нұсқауларына сәйкес ментилацетатты сыналатын ерітінді ретінде пайдалана отырып жүргізіледі.

Іштен қалыпқа келтіру әдісімен есептелген ментилацетат кемінде 97,0 % болуға тиіс

Ментол. $C_{10}H_{20}O$. (M_r 156,3). [2216-51-5].

Левоментол (1R,2S,5R)-5-метил-2-(1-метилэтил) циклогексанолды білдіреді.

Призмалық немесе істікті, түссіз, жылтыр кристалдар.

Суда мүлде ерімейді, 96 % этанолда және мұнай эфирінде өте тез ериді, қанық майларда және вазелин майында тез ериді, глицеринде тым аз ериді.

Балқу температурасы шамамен 43 °С.

Рацемикалық ментол (1RS,2SR,5RS)-5-метил-2-(1-метилэтил) циклогексанолдың бірдей бөлшектерінің қоспасын білдіреді.

Сусымалы немесе агломераттар түріндегі кристалл ұнтақ немесе призмалық немесе істікті түссіз жылтыр кристалдар.

Суда мүлде ерімейді, 96 % этанолда және мұнай эфирінде өте тез ериді, қанық майларда және сұйық парафинде тез ериді, глицеринде тым аз ериді.

Балқу температурасы шамамен 34 °С.

Газды хроматографияда пайдаланылатын ментол мынадай қосымша сынақтан өтуге тиіс.

Санын анықтау. Рацемикалық ментол жеке фармакопея бабының нұсқауларына сәйкес Жақын қоспалар сынағында газды хроматография әдісімен (2.1.2.27) жүргізеді.

Іштен қалыпқа келтіру әдісімен есептелген ментола кемінде 98,0 % болуға тиіс.

Ментон. $C_{10}H_{18}O$. (M_r 154,25). [14073-97-3]. (2S,5R)-2-Изопропил-5-метил-циклогексанон. (-)-транс-п-ментан-3-он. Әртүрлі изоментон мөлшері бар.

Түссіз сұйықтық. Суда тым аз ериді, 96 % этанолда өте тез ериді.

d_{20}^{20}

шамамен 0,897.

$$n_D^{20}$$

шамамен 1,450.

Газды хроматографияда пайдаланылатын ментон мынадай қосымша сынақтан өтуге тиіс.

Санын анықтау. Анықтау жүргізеді газды хроматография әдісімен (2.1.2.27) Бұрыш жалбыз майы жеке фармакопея бабының нұсқауларына сәйкес ментонды сыналатын ерітінді ретінде пайдалана отырып жүргізіледі.

Іштен қалыпқа келтіру әдісімен есептелген ментон 90,0 %-дан кем болмауға тиіс.

Ментофуран. $C_{10}H_{14}O$. (M_r 150,22). [17957-94-7]. 3,9-Эпокси-п-мента-3,8-диен. 3,6-диметил-4,5,6,7-тетрагидробензофуран.

Сәл көкшіл түсті сұйықтық. Суда тым аз ериді, 96 % этанолда ериді.

$$d_{20}^{20}$$

шамамен 0,965.

$$n_D^{20}$$

шамамен 1,480.

$$[\alpha]_D^{20}$$

шамамен + 93.

Қайнау температурасы 196 °С.

Газды хроматографияда пайдаланылатын ментофуран мынадай қосымша сынақтан өтуге тиіс.

Санын анықтау. Анықтау газды хроматография әдісімен (2.1.2.27) Бұрыш жалбыз майы жеке фармакопея бабының нұсқауларына сәйкес ментофуранды сыналатын ерітінді ретінде пайдалана отырып жүргізіледі.

Іштен қалыпқа келтіру әдісімен есептелген ментофуран 97,0 %-дан кем болмауға тиіс.

Меркаптопурин. $C_5H_4N_4S \cdot H_2O$. (M_r 170,2). [6112-76-1]. 7H-Пурин-6-тиол моногидраты.

Сусыз субстанцияға шаққанда кемінде 98,5 % және 101,0 % аспайтын $C_5H_4N_4S \cdot H_2O$ бар.

Сары түсті кристалл ұнтақ.

Суда мүлде ерімейді, 96 % этанолда аз ериді.

Сілтілік металдар гидроксидтерінің ерітінділерінде ериді.

2-Меркаптоэтанол. C_2H_6OS . (M_r 78,13). [60-24-2].

Сұйықтық, сумен араласады.

$$d_{20}^{20}$$

шамамен 1,116.

Қайнау температурасы шамамен 157 °С.

Метакрил қышқылы. $C_4H_6O_2$. (M_r 86,09). [79-41-4]. 2-Метилпроп-2-ен қышқылы.

Түссіз сұйықтық.

$$n_D^{20}$$

шамамен 1,431.

Қайнау температурасы шамамен 160 °С.

Балқу температурасы шамамен 16 °С.

Метанил сары. $C_{18}H_{14}N_3NaO_3S$. (M_r 375,38). [587-98-4]. Натрий 3-[4-(фениламино) фенилазо]бензолсульфонат.

Шульц көрсеткіші № 169.

Түс индексі (С. I.) № 13065.

Қоңырқай-сары түсті ұнтақ. Суда және 96 % этанолда ериді.

Метанил сары ерітіндісі.

Метанолдағы 1 г/л *P* ерітінді.

Сезгіштікке сынау. 50 мл сусыз сірке қышқылына *P* 0,1 мл метанил сары ерітіндісін қосады; қызғылт-қызыл түс пайда болады, ол 0,05 мл 0,1 *M* хлор қышқылы ерітіндісін қосқан кезде күлгін түске ауысады.

Түсінің өзгеруі. рН 1,2-2,3 интерваланда қызылдан қызғылт сары-сары түске дейін.

Метанол. CH_4O . (M_r 32,04). [67-56-1].

Мөлдір түссіз, тұтанғыш сұйықтық. Сумен және 96 % этанолмен араласады.

$$d_{20}^{20}$$

0,791-ден 0,793-ке дейін.

Қайнау температурасы 64 °С-дан 65 °С-ға дейін.

Метанол Р1.

Метанолға Р арналған және мынадай қосымша сынақтан өтуге тиіс.

Оптикалық тығыздықты (2.1.2.24) компенсациялық сұйықтық ретінде суды Р пайдаланып анықтайды:

толқын ұзындығы 210 нм болғанда ең үлкені 0,70, толқын ұзындығы 220 нм болғанда ең үлкені 0,30, толқын ұзындығы 230 нм болғанда ең үлкені 0,13, толқын ұзындығы 250 нм болғанда ең үлкені 0,02, толқын ұзындығы 260 нм болғанда ең үлкені 0,01 және одан көп.

Метанол Р2.

Сұйықтықты хроматографияда пайдаланылатын Метанол Р2 мынадай талаптан өтуге тиіс.

Кемінде 99,8 % CH_4O бар.

Оптикалық тығыздығы (2.1.2.24). 0,17 көп емес. Толқын ұзындығы 225 нм болғанда , компенсациялық сұйықтық ретінде суды Р пайдаланып өлшейді.

Метанол қышқылдандырылған.

1,0 мл хлорсутек қышқылын Р1 метанолмен Р 100,0 мл көлемге жеткізеді.

Метанол сусыз. [67-56-1].

1000 мл метанолды Р 5 г магниймен Р өңдейді. Қажет болса 0,1 мл сынап хлориді Р ерітіндісін қосып реакция шақырады. Газ бөлінуі тоқтағаннан кейін сұйықтықты қайта айдайды, айдалған затты құрғақ контейнерге сақтайды және ылғалдан қорғайды.

Су (2.1.5.12). 0,3 г/л көп емес.

Альдегидтерден бос метанол.

25 г йодты Р 1л метанолда Р ерітеді, алынған ерітіндіні үнемі араластыра отырып 400 мл 1 М натрий гидроксиді ерітіндісіне қосады, одан кейін 150 мл су Р қосады және 16 сағатқа қалдырады. Фильтрлейді және йодоформ иісі кеткенге дейін кері тоназытқышпен қайнатады. Ерітіндіні фракциялық қайта айдау арқылы қайта айдайды.

10^{-3} % көп емес альдегидтер мен кетондар бар.

Метансульфон қышқылы. $\text{CH}_4\text{O}_3\text{S}$. (M_r 96,1). [75-75-2].

Шамамен 20 °С температурада қатаятын мөлдір түссіз сұйықтық.

Сумен араласады, толуолда аз ериді, гександа дерлік ерімейді.

d_{20}^{20}

шамамен 1,48.

n_D^{20}

шамамен 1,430.

Метафосфор қышқылы. $(\text{HPO}_3)_x$ [37267-86-0].

Белгілі бір мөлшерде натрий метафосфаты бар шыны тәріздес кесектер немесе таяқшалар. Гироскопиялы, суда өте тез ериді.

Нитраттар. 1,0 г-ды 10 мл сумен Р қайнатады, салқындатады, 1 мл индигокармин ерітіндісін Р, 10 мл азоттан бос күкірт қышқылын Р қосады және қайнағанға дейін қыздырады. Көк түс толық жоғалып кетпеуге тиіс.

Қалпына келтіретін заттар. H_3PO_3 шаққанда 0,01 % көп емес.

35,0 г 50 мл суда Р ерітеді, 5 мл 200 г/л күкірт қышқылы Р ерітіндісін, 50 мг калий бромидін Р және 5,0 мл 0,02 М калий броматы ерітіндісін қосады және су моншасында 30 мин бойы қыздырады; салқындатады, 0,5 г калий йодидін Р қосады және бөлінген

йодты 0,1 М натрий тиосульфаты ерітіндісімен, индикатор ретінде 1 мл крахмал ерітіндісін Р пайдалана отырып титрлейді. Бақылау тәжірибесін жүргізеді.

1 мл 0,02 М калий броматы ерітіндісі 4,10 мг H_3PO_3 сәйкес келеді.

Ауа өтпейтін контейнерде сақтайды.

4-Метиламинофенол сульфаты.

$\text{C}_{14}\text{H}_{20}\text{N}_2\text{O}_6\text{S}$. (M_r 344,38). [55-55-0]. Метол.

Түссіз кристалдар. Суда өте тез ериді, 96 % этанолда аз ериді.

Балқу температурасы шамамен 260 °С.

Метилантранилат. $\text{C}_8\text{H}_9\text{NO}_2$. (M_r 151,16). [134-20-3]. Метил-2-аминобензоат.

Түссіз кристалдар немесе түссізден сарғыш түске дейінгі. Суда ериді, 96 % этанолда тез ериді.

Балқу температурасы 24 °С-дан 25 °С-ға дейін.

Газды хроматографияда пайдаланылатын метилантранилат мынадай қосымша сынақтан өтуге тиіс.

Санын анықтау. Анықтау газды хроматография әдісімен (2.1.2.27) Тәрәнжі гүлдерінің майы жеке фармакопоя бабының нұсқауларына сәйкес, сыналатын ерітінді ретінде метилантранилатты пайдалана отырып жүргізіледі.

Іштен қалыпқа келтіру әдісімен есептелген метилантранилат 95,0 %-дан кем болмауға тиіс.

Метиларахидат. $\text{C}_{21}\text{H}_{42}\text{O}_2$. (M_r 326,56). [1120-28-1]. Метилэйкозаноат.

Кемінде 98,0 % $\text{C}_{21}\text{H}_{42}\text{O}_2$ бар.

Анықтау газды хроматография әдісімен (2.4.22) жүргізіледі.

Ақтан сары түске дейінгі кристалл масса. 96 % этанолда және мұнай эфирінде ериді

Балқу температурасы шамамен 46 °С.

Метилацетат. $\text{C}_3\text{H}_6\text{O}_2$. (M_r 74,08). [79-20-9].

Мөлдір түссіз сұйықтық. Суда ериді, 96 % этанолмен араласады.

d_{20}^{20}

шамамен 0,933.

n_D^{20}

шамамен 1,361.

Қайнау температурасы 56 °С-дан 58 °С-ға дейін.

Метилбегенат. $\text{C}_{23}\text{H}_{46}\text{O}_2$. (M_r 354,61). [929-77-1]. Метилдокозаноат.

Балқу температурасы 54 °С-дан 55 °С-ға дейін.

Метилбензотиазолонгидразон гидрохлориді. $C_8H_{10}ClN_3S \cdot H_2O$. (M_r 233,72).

[38894-11-0]. 3-Метилбензотиазол-2(3H)-он гидразон гидрохлориді моногидраты.

Дерлік ақ немесе сарғыш түсті кристалл ұнтақ.

Балқу температурасы шамамен 270 °С.

Альдегидтерді анықтау үшін жарамдылығын сынау. 2 мл альдегидтерден бос метанолға Р 60 мкл 1 г/л пропан альдегидінің Р метанолдағы альдегидтерден бос ерітіндісін Р және 5 мл 4 г/л метилбензотиазолонгидразон гидрохлориді ерітіндісін қосады, араластырады және 30 минутқа қалдырады. Пропан альдегиді жоқ бақылау ерітіндісін дайындайды. Сыналатын және бақылау ерітіндісіне 25,0 мл-ден 2 г/л *темір(III) хлориді Р* ерітіндісін қосады, әрбір ерітіндінің көлемін *ацетонмен Р* 100,0 мл-ге жеткізеді және араластырады. Сыналатын ерітіндінің толқын ұзындығы 660 нм болғанда, компенсациялық сұйықтық ретінде бақылау ерітіндісін пайдалану арқылы өлшенген оптикалық тығыздығы (2.1.2.24) кемінде 0,62 болуға тиіс.

2-Метилбутан. C_5H_{12} . (M_r 72,15). [78-78-4]. Изопентан.

Кемінде 99,5 % C_5H_{12} бар.

Түссіз, тез тұтанғыш сұйықтық.

d_{20}^{20}

шамамен 0,621.

n_D^{20}

шамамен 1,354.

Қайнау температурасы шамамен 29 °С.

Су (2.1.5.12). 0,02 % көп емес.

Булағаннан кейінгі қалдық. 3·10⁻⁴ % көп емес.

Оптикалық тығыздығын (2.1.2.24) компенсациялық сұйықтық ретінде суды Р пайдаланып анықтайды: толқын ұзындығы 210 нм болғанда ең үлкені 0,30, толқын ұзындығы 220 нм болғанда ең үлкені 0,07, толқын ұзындығы 240 нм болғанда ең үлкені 0,01 және одан көп.

2-Метилбутен. C_5H_{10} . (M_r 70,13). [513-35-9].

Өте тез тұтанғыш сұйықтық. Суда мүлде ерімейді, 96 % этанолмен араласады.

Қайнау температурасы 37,5 °С-дан 38,5 °С-ға дейін.

Метилдеканوات. $C_{11}H_{22}O_2$. (M_r 186,29). [110-42-9].

Кемінде 99,0 % $C_{11}H_{22}O_2$ бар.

Мөлдір түссіз немесе сары түсті сұйықтық. Мұнай эфирінде ериді.

d_{20}^{20}

0,871-ден 0,876-ға дейін.

n_D^{20}

1,425-тен 1,426-ға дейін.

Бөтен қоспалар. Анықтау газды хроматография әдісімен (2.1.2.27) жүргізіледі, мына заттар ерітінділерінің әрқайсысының бірдей көлемдерін хроматографиялайды:

0,02 г/л метилдеcanoаттың дисульфид көміртегіндегі Р ерітіндісі (ерітінді А), 2 г/л метилдеcanoаттың дисульфид көміртегіндегі Р ерітіндісі (В ерітіндісі), көміртек дисульфиді ерітіндісі Р (ерітінді С).

Хроматографиялауды Ланолин жеке фармакопея бабының нұсқауларына сәйкес бутилгидрокситолуолды сынау жағдайларында жүргізеді.

(В) ерітіндісі хроматограммасында, негізгі пик пен ерітінді пигін қоспағанда, барлық пиктер алаңдарының жиынтығы (А) ерітіндісі хроматограммасындағы негізгі пик алаңынан кем болуға тиіс.

3-О-Метилдопамин гидрохлориді. $C_9H_{14}ClNO_2$. (M_r 203,67). [1477-68-5]. 4-(2-Аминоэтил)-2-метоксифенол гидрохлориді.

Балқу температурасы 213 °С-дан 215 °С-ға дейін.

4-О-Метилдопамин гидрохлориді. $C_9H_{14}ClNO_2$. (M_r 203,67). [645-33-0]. 5-(2-Аминоэтил)-2-метоксифенол гидрохлориді.

Балқу температурасы 207 °С-дан 208 °С-ға дейін.

Метиленбисакриламид. $C_7H_{10}N_2O_2$. (M_r 154,17). [110-26-9]. *N,N'*-Метиленбиспропенамид.

Ақ немесе ақшыл түсті өте ұсақ ұнтақ. Суда аз ериді, 96 % этанолда ериді.

Ыдырай отырып, балқу температурасы 300 °С.

Метилен көк. $C_{16}H_{18}ClN_3S \cdot H_2O$. (M_r 319,90, сусыз). [122965-43-9]. 3,7-Диметиламинофенотиазин-5 хлориді.

Шульц көрсеткіші № 1038.

Түс индексі (С. I.) № 52015.

Өртүрлі гидратирленген формаларда болады және құрамында 22 %-ға дейін су бар.

Қара жасыл немесе жасыл-қола түсті кристалл ұнтақ. Суда тез ериді, 96 % этанолда ериді.

Метиленхлорид. CH_2Cl_2 . (M_r 84,93). [75-09-2]. Дихлорметан.

Түссіз сұйықтық. Суда бәсең ериді, 96 % этанолмен араласады.

Қайнау температурасы 39 °С-дан 42 °С-ға дейін.

Флуориметрияда пайдаланылатын метиленхлорид мынадай қосымша сынақтан өтуге тиіс.

Флуоресценция. Толқын ұзындығы 365 нм жарықпен сәулелендірген кезде толқын ұзындығы 460 нм болғанда қабат қалыңдығы 1 см кюветте өлшенген сіңіру (2.1.2.20) дәл сондай жағдайларда өлшенген, 0,5 М күкірт қышқылы ерітіндісіндегі 2Ч10-Зрртхинина Р бар ерітіндінің сіңіруінен қарқындырақ болуға тиіс.

Метиленхлорид қышқылдандырылған.

100 мл метиленхлоридке Р 10 мл хлорсутек қышқылын Р қосады, шайқайды. Қабаттар бөлінгеннен кейін төменгі қабатты пайдаланады.

Метилизобутилкетон. С₆Н₁₂О. (M_r 100,16). [108-10-1]. 4-Метил-2-пентанон.

Мөлдір түссіз сұйықтық. Суда аз ериді, органикалық ерітінділердің көпшілігімен араласады.

$$d_{20}^{20}$$

шамамен 0,80.

Қайнау температурасы шамамен 115 °С.

Қайта айдаудың температуралық шектері (2.1.2.11). 100 мл қайта айдайды. Қайта айдау температурасының интервалы 4,0 °С-дан аспауға тиіс; 1 мл-ден 95 мл-ге дейін қайта айдалуға тиіс.

Булаудан кейінгі қалдық. 0,01 % көп емес. Су моншасында булайды, қалдықты 100 °С-дан 105 °С-ға дейінгі температурада кептіреді.

Метилизобутилкетон Р1.

50 мл жаңа қайта айдалған метилизобутилкетонды Р 0,5 мл хлорсутек қышқылымен Р1 1 мин бойы шайқайды. Қабаттар бөлінгеннен кейін төменгі қабатты алып тастайды. Тікелей пайдаланар алдында дайындайды.

Метилкапрат.

Қараңыз. Метилдеканат Р.

Метилкаприлат. С₉Н₁₈О₂. (M_r 158,24). [111-11-5]. Метилоктаноат.

$$d_{20}^{20}$$

шамамен 0,876.

$$n_D^{20}$$

шамамен 1,417.

Қайнау температурасы 193 °С-дан 194 °С-ға дейін.

Метилкапроат. С₇Н₁₄О₂ (M_r 130,18). [106-70-7]. Метилгексаноат.

$$d_{20}^{20}$$

шамамен 0,885.

n_D^{20}

шамамен 1,405.

Қайнау температурасы: 150 °С-дан 151 °С-ға дейін.

Метиллаурат. $C_{13}H_{26}O_2$. (M_r 214,34). [111 -82-0]. Метилдодеканоат.

Кемінде 98,0 % $C_{13}H_{26}O_2$ бар. Анықтау газды хроматография әдісімен (2.1.2.27) жүргізіледі.

Түссіз немесе сары түсті сұйықтық. 96 % этанолда ериді мұнай эфирінде және.

d_{20}^{20} шамамен 0,87.

n_D^{20}

шамамен 1,431.

Балқу температурасы шамамен 5 °С.

Метиллигноцерат. $C_{25}H_{50}O_2$. (M_r 382,66). [2442-49-1]. Метилтетракозаноат.

Үлпектер.

Балқу температурасы шамамен 58 °С.

Метиллинолеат. $C_{19}H_{34}O_2$. (M_r 294,47). [112-63-0]. Метил-(9Z,12Z)-октадека-9,12-диеноат.

d_{20}^{20} шамамен 0,888.

n_D^{20}

шамамен 1,466.

Қайнау температурасы 207 °С-дан 208 °С-ға дейін.

Метиллиноленат. $C_{19}H_{32}O_2$. (M_r 292,46). [301-00-8]. Метил-(9Z, 12Z, 15Z)-октадека-9,12,15-триеноат. Метил-а-линоленат.

d_{20}^{20} шамамен 0,901.

n_D^{20}

шамамен 1,471.

Қайнау температурасы шамамен 207 °С.

Метилмаргарат. $C_{18}H_{36}O_2$. (M_r 284,48). [1731-92-6]. Метилгептадеканоат.

Ақ немесе ақшыл түсті ұнтақ.

Балқу температурасы 32 °С-дан 34 °С-ға дейін.

Сереноа пальмасы жемістері жеке фармакопея бабындағы май қышқылдарының жиынтығын санмен анықтау кезінде пайдаланылатын метилмаргарат мынадай қосымша сынақтан өтуге тиіс.

Санын анықтау. Анықтау газды хроматография әдісімен (2.1.2.27) *Сереноа пальмасы жемістері жеке фармакопея бабындағы нұсқауларға сәйкес жүргізіледі.*

Қалыптандыру әдісімен есептелген метилмаргарат кемінде 97 % болуға тиіс.

Метилметакрилат. $C_5H_8O_2$. (M_r 100,12). [80-62-6]. Метил-2-метилпроп-2-еноат.

Түссіз сұйықтық.

n_D^{20}

шамамен 1,414.

Қайнау температурасы шамамен 100 °С.

Балқу температурасы шамамен - 48 °С.

Қолайлы тұрақтандырғыш реагенті бар.

Метилмиристат. $C_{15}H_{30}O_2$. (M_r 242,40). [124-10-7]. Метилтетрадеканоат.

Кемінде 98,0 % $C_{15}H_{30}O_2$ бар. Анықтау газды хроматография әдісімен (2.1.2.27) жүргізіледі.

Түссіз немесе ашық-сары түсті сұйықтық. 96 % спиртте және мұнай эфирінде ериді.

d_{20}^{20} шамамен 0,87.

n_D^{20}

шамамен 1,437.

Балқу температурасы шамамен 20 °С.

Метил жасыл. $C_{26}H_{33}Cl_2N_3$. (M_r 458,5). [7114-03-6].

2-[[4-(Диметиламино)фенил][4-(диметилиминио)циклогекса-2,5-диенилиден]-метилфенил]три-метиламмоний дихлориді.

Шульц көрсеткіші 788.

Түс индексі (С. I.) № 42585.

Жасыл түсті ұнтақ. Суда, күкірт қышқылында ериді, сары түс пайда болады, сумен сұйылтылған кезде жасылға айналады.

Метил жасыл-йодомеркурат қағазы.

Қолайлы фильтрлеу қағазының жұқа жолақтары 40 г/л метил жасыл Р ерітіндісіне батырылады, ауада кептіріледі, содан кейін 1 г/л калий йодиді Р және 200 г/л сынап йодиді Р бар ерітіндіге батырылады.

Жарықтан қорғалған жерде сақтайды. Сақтау мерзімі 48 сағ.

Метил қызыл. $C_{15}H_{15}N_3O_2$. (M_r 269,30). [493-52-7]. 2-(4-Диметиламинофенилазо) бензой қышқылы.

Шульц көрсеткіші № 250.

Түс индексі (С.І.) № 13020.

Қою қызыл түсті ұнтақ немесе күлгін түсті кристалдар.

Суда мүлде ерімейді, 96% этанолда ериді.

Метил қызыл аралас ерітіндісі.

0,1 г метил қызыл Р мен 50 мг метил көкті Р 100 мл 96 % этанолда Р ерітеді.

Түсінің өзгеруі. рН 5,2-5,6 интервалында қызыл-күлгіннен жасылға дейін.

Метил қызыл ерітіндісі.

50 М_r метил қызыл Р 1,86 мл 0,1 м натрий гидроксиді ерітіндісінде және 50 мл 96% этанол Р қоспасында ерітіледі, ерітінді көлемін сумен Р 100 мл-ге жеткізеді.

Сезгіштікке сынау. Көміртегі диоксиді жоқ 100 мл суға Р 0,0 мл метил қызыл Р ерітіндісі және 0,05 мл 0,02 М хлорсутегі қышқылы қосылады; қызыл тотығу пайда болады, ол 0,1 мл 0,02 м натрий гидроксиді ерітіндісін қосқан кезде сарыға айналуы тиіс.

Түсінің өзгеруі. рН 4,4-6,0 интервалында қызылдан сарыға дейін.

Метил қызғылт сары. C₁₄H₁₄K₃NO₃8. (M_r 327,33). [547-58-0]. Натрий 4'-(диметиламин)азобензол-4-сульфонат.

Шульц көрсеткіші № 176.

Түс индексі (С. І.) № 13025. Сарғыш-сары түсті кристалл ұнтақ. Суда аз ериді, 96% этанолда мүлде ерімейді.

Метил қызғылт сары аралас ерітіндісі.

20 мг метил қызғылт сары Р және 0,1 г бромкрезол жасыл Р 1 мл 0,2 М натрий гидроксиді ерітіндісінде ерітіліп, ерітінді көлемін сумен Р 100 мл-ге жеткізеді.

Түсінің өзгеруі. рН 3,0-4,4 интервалында сарғыштан сарғыш-жасылға дейін.

Метил қызғылт сары ерітіндісі.

0,1 г метил қызғылт сарыны Р 80 мл суда Р ерітеді және 96% этанолмен Р ерітіндісінің көлемін 100 мл-ге жеткізеді.

Сезгіштікке сынау. Көміртегі диоксиді жоқ 100 мл суға Р 0,1 мл метил қызғылт сары Р ерітіндісі қосылады; сары бояу пайда болады, ол 0,1 мл-ден аспайтын 0,1 М хлорсутегі қышқылын қосқанда қызылға айналуы тиіс.

Түсінің өзгеруі. рН 3,0-4,4 интервалында қызылдан сарыға дейін.

Метилолеат. C₁₉H₃₆O₂. (M_r 296,49). [112-62-9]. Метил-(9z)-октадек-9-енат.

Құрамында кемінде 98,0% C₁₉H₃₆O₂ бар. Анықтау газды хроматография әдісімен (2.1.2.27) жүргізіледі.

Түссіз немесе сәл сары түсті сұйықтық. 96% этанол мен мұнай эфирінде ериді.

d₂₀ 20 шамамен 0,88.

n_D^{20}

шамамен 1,452.

Метилпальмитат. $C_{17}H_{34}O_2$. (M_r 270,45). [112-39-0]. Метилгексадеканонат.

Құрамында кемінде 98,0% $C_{17}H_{34}O_2$ бар. Анықтау газды хроматография әдісімен (2.1.2.27) жүргізіледі.

Ақ немесе сары түсті кристалл масса. 96% этанол мен мұнай эфирінде ериді.

Балқу температурасы шамамен 30 °С.

Метилпальмитолат. $C_{17}H_{32}O_2$ (M_r 268,43). [1120-25-8]. Метил-(9z)-гексадек-9-еноат

d2020 шамамен 0,876.

 n_D^{20}

шамамен 1,451.

Метилпарагидроксибензоат. $C_8H_8O_3$. (M_r 152,1). [99-76-3]. Метил-4-гидроксибензоат.

Құрамында кемінде 98,0% және 102,0%-дан артық емес $C_8H_8O_3$ бар.

Ақ немесе ақшыл кристалл ұнтақ немесе түссіз кристалдар.

Суда өте аз ериді, 96% этанол мен метанолда тез ериді.

4-Метилпентан-2-ол. $C_6H_{14}O$. (M_r 102,17). [108-11-2].

Мөлдір түссіз, ұшпа сұйықтық.

d2020 шамамен 0,802.

 n_D^{20}

шамамен 1,411.

Қайнау температурасы шамамен 132 °С.

Метилпиперазин. $C_5H_{12}N_2$. (M_r 100,16). [109-01-3]. 1-Метилпиперазин.

Түссіз сұйықтық. Сумен және 96% этанолмен араласады.

d2020 шамамен 0,90.

 n_D^{20}

шамамен 1,466.

Қайнау температурасы шамамен 138 °С.

4-(4-Метилпиперидин-1-ил)пиридин. $C_{11}H_{16}N_2$. (M_r 176,26). [80965-30-6].

Мөлдір сұйықтық.

 n_D^{20}

шамамен 1,565.

2-Метилпропанол. $C_4H_{10}O$. (M_r 74,12). [78-83-1]. Изобутил спирті. 2-Метилпропан-1-ол.

Мөлдір түссіз сұйықтық. Суда ериді, 96% этанолмен араласады.
 d_{20}^{20} шамамен 0,80.

n_D^{20}

,397-ден 1,399-ға дейін.

Қайнау температурасы шамамен 107 °С.

Қайта айдау температурасының шегі (2.1.2.11). 107 °С-дан 109 °С-ға дейін; кем дегенде 96% қайта айдалуға тиіс.

2-Метил-2-пропанол. $C_4H_{10}O$. (M_r 74,12). [75-65-0]. 1,1-Диметилэтил спирті. трет-Бутил спирті.

Мөлдір түссіз сұйықтық немесе кристалл масса. Суда ериді, 96% этанолмен араласады.

Қатаю температурасы (2.1.2.17). Шамамен 25 °С.

Қайта айдау температурасының шегі (2.1.2.11). 81 °С-дан 83 °С-ға дейін; кем дегенде 95% қайта айдалуға тиіс.

Метилстеарат. $C_{19}H_{38}O_2$. (M_r 298,5). [112-61-8]. Метилоктадеканоат.

Құрамында кемінде 98,0% $C_{19}H_{38}O_2$ бар.

Анықтау газды хроматография әдісімен (2.4.22) жүргізіледі.

Ақ немесе сары түсті кристалл масса. 96% этанол мен мұнай эфирінде ериді.

Балқу температурасы шамамен 38 °С.

Метилтридеканоат. $C_{14}H_{28}O_2$. (M_r 228,37). [1731-88-0].

Түссіз немесе сәл сарғыш түсті сұйықтық. 96% этанол мен мұнай эфирінде ериді.
 d_{20}^{20} шамамен 0,86.

n_D^{20}

шамамен 1,441.

Балқу температурасы шамамен 6 °С.

Метилтрикозаноат. $C_{24}H_{48}O_2$. (M_r 368,64). [2433-97-8]. Трикозан қышқылының метил эфирі.

Құрамында кемінде 99,0% $C_{24}H_{48}O_2$ бар.

Ақ немесе ақшыл түсті кристалдар. Суда мүлде ерімейді, гександа ериді.

Балқу температурасы 55 °С-ден 56 °С-ға дейін.

Метилфенилоксазолилбензол. $C_{26}H_{20}N_2O_2$. (M_r 392,45). [3073-87-8]. 1,4-Бис[2-(4-метил-3-фенил)оксазолил]-бензол.

Көк флуоресценциясы бар жасыл-сары түсті ұсақ ұнтақ немесе ұсақ кристалдар. 96% этанолда ериді, ксилолда баяу ериді.

Балқу температурасы шамамен 233 °С.

Сұйық сцинтилляция үшін пайдаланылатын метилфенилоксазолилбензол тазалық дәрежесіне сәйкес болуы тиіс.

Метилцеллолоза 450. [9004-67-5]. Целлюлозаның метил эфирі.

Ішінара О-метилденген целлюлозаның құрамында құрғақ субстанцияға шаққанда кемінде 26,0% және 33,0%-дан аспайтын метоксигрупп (-OCH₃ M_r 31,03) бар.

Ақ, сарғыш-ақ немесе сұр-ақ түсті ұнтақ немесе түйіршіктер. Кептіруден кейін гигроскопиялық.

Ыстық суда, ацетонда, сусыз этанолда және толуолда мүлде ерімейді. Коллоидті ерітінді түзе отырып, суық суда ериді.

Номиналды тұтқырлығы: 450 мПа·с.

Метилциннамат. $C_{10}H_{10}O_2$. (M_r 162,19). [103-26-4].

Түссіз кристалдар. Суда мүлде ерімейді, 96% этанолда ериді.

n_D^{20}

шамамен 1,56

Қайнау температурасы шамамен 260 °С.

Балқу температурасы 34 °С-дан 36 °С-ға дейін.

Метилэтилкетон. C_4H_8O . (M_r 72,11). [78-93-3]. Этилметилкетон. 2-Бутанон.

Мөлдір түссіз тұтанғыш сұйықтық. Суда өте тез ериді, 96% этанолмен араласады. d_{20}^{20} шамамен 0,81.

Қайнау температурасы 79 °С-дан 80 °С-ға дейін.

Метилэйкозеноат. $C_{21}H_{40}O_2$. (M_r 324,54). [2390-09-2]. Метил-(11Z)-эйкоз-11-еноат.

L-Метионин. $C_5H_{11}NO_2S$. (M_r 149,2). [63-68-3]. (2S)-2-Амино-4-(метилсульфанил) бутан қышқылы.

Құрамында құрғақ субстанцияға шаққанда кемінде 99,0% және 101,0%-дан аспайтын $C_5H_{11}NO_2S$ бар.

Ақ немесе ақшыл кристалл ұнтақ немесе түссіз кристалдар.

Суда ериді, 96% этанолда өте аз ериді.

Метоксифенилсірке қышқылы. $C_9H_{10}O_3$. (M_r 166,17). [7021-09-2]. (RS)-2-Метокси-2-фенилсірке қышқылы.

Ақ түсті кристалл ұнтақ немесе ақ немесе ақшыл түсті кристалдар. Суда бәсең ериді, 96% этанолда тез ериді.

Балқу температурасы шамамен 70 °С.

Метоксифенилацет қышқылының реактиві.

2,7 г метоксифенилсірке қышқылы Р 6 мл тетраметиламмоний гидроксиді Р ерітіндісінде ертіледі және 20 мл сусыз этанол Р қосады.

Пластикалық контейнерде сақтайды.

Құрамында күкірті бар қосылыстар. 10 мл толуолға 1 мл сусыз этанол Р, 3 мл калий плумбиті Р ерітіндісі қосылады және 15 минут бойы кері тоңазытқышпен қайнатылады. 5 минуттан кейін су қабаты қараймауға тиіс.

Тиофенге байланысты заттар. 2 мл толуолды 5 мл изатин реактивінен Р 5 мин бойы шайқайды және 15 мин қалдырады; төменгі қабатта көк бояу байқалмауы тиіс.

о-Толуолсульфонамид. $C_7H_9NO_2S$. (M_r 171,2). [88-19-7].2-

Метилбензолсульфонамид.

Ақ немесе ақшыл түсті кристалл ұнтақ. Суда аз ериді, 96% этанол мен сілтілі металл гидроксиді ерітінділерінде ериді.

Балқу температурасы шамамен 156 °С.

п-Толуолсульфонамид. [70-55-3]

Толуолсульфонамид Р қараңыз.

Толуолсульфонамид. $C_7H_9NO_2S$. (M_r 171,2). [70-55-3]. 4-Метилбензолсульфонамид. п-Толуолсульфонамид.

Құрамында кемінде 99,0 % $C_7H_9NO_2S$ бар.

Ақ немесе ақшыл түсті кристалл ұнтақ. Суда аз ериді, 96% этанол мен сілтілі металл гидроксиді ерітінділерінде ериді.

Балқу температурасы шамамен 136 °С.

Толуолсульфон қышқылы. $C_7H_8O_3S \cdot H_2O$. (M_r 190,2). [6192-52-5]. 4-Метил-бензолсульфон қышқылы.

Құрамында кемінде 87,0 % $C_7H_8O_3S$ бар.

Кристалл ұнтақ немесе ақ немесе ақшыл түсті кристалдар. Суда тез ериді, 96% этанолда ериді.

Трагакант. [9000-65-1].

Astragalus gummifer Labil-дың және *Astragalus*-тың Батыс Азиядан келген басқа да түрлерінің діңі мен бұтақтарының табиғи немесе арнайы жасалған кесінділерінен бөлінетін ауаны қатайтатын жабысқақ масса.

Треонин. $C_4H_9NO_3$. (M_r 119,1). [72-19-5]. (2S,3R)-2-Амино-3-гидроксидан қышқылы.

Ақуызды ашыту немесе гидролиздеу өнімі.

Құрамында құрғақ субстанцияға шаққанда кемінде 99,0% және 101,0%-дан аспайтын $C_4H_9NO_3$ бар.

Ақ немесе ақшыл кристалл ұнтақ немесе түссіз кристалдар.

Суда ериді, 96% этанолда мүлде ерімейді.

Триамцинолон. $C_{21}H_{27}FO_6$. (M_r 394,4). [124-94-7]. 9-Фтор-11 b,16a,17,21-тетрагидрок-си-прегна-1,4-диен-3,20-дион.

Кристалл ұнтақ.

Балқу температурасы 262 °С-дан 263 °С-ға дейін.

Триацетин. $C_9H_{14}O_6$. (M_r 218,2). [102-76-1]. Пропан-1,2,3-триил триацетат. Глицерин триацетаты.

Мөлдір түссіз немесе сарғыш түсті сұйықтық. Суда ериді, 96% этанолмен араласады.

d_{20}^{20} шамамен 1,16.

n_{20}^{20D} шамамен 1,43.

Қайнау температурасы шамамен 260 °С.

Трикозан. $C_{23}H_{48}$. (M_r 324,6). [638-67-5].

Ақ немесе ақшыл түсті кристалдар. Суда мүлде ерімейді, гександа ериді.

Балқу температурасы шамамен 48 °С.

Триметилпентан. C_8H_{18} . (M_r 114,2). [540-84-1]. Изооктан. 2,2,4-Триметилпентан.

Түссіз тұтанғыш сұйықтық. Суда мүлде ерімейді, сусыз этанолда ериді.

d_{20}^{20} 0,691-ден 0,696-ға дейін.

n_{20}^{20D} 1,391-ден 1,393-ке дейін.

Қайта айдау температурасының шегі (2.1.2.11). 98 °С-дан және 100 °С-ға дейін; кем дегенде 95% айдалуға тиіс.

Спектрофотометрияда пайдаланылатын триметилпентан келесі қосымша сынақтан өтуге тиіс.

Оптикалық тығыздығы (2.1.2.24): 0,01-ден аспайды.

Анықтау компенсациялық сұйықтық ретінде суды Р пайдалана отырып, 250 нм-ден 420 нм-ге дейінгі толқын ұзындығы аймағында жүргізіледі.

Триметилпентан Р1.

Мынадай өзгеріспен триметилпентанға Р арналған талаптардан өтуге тиіс.

Оптикалық тығыздығы (2.1.2.24). 0,07-ден аспайды.

Анықтау компенсациялық сұйықтық ретінде суды Р пайдалана отырып, 220 нм-ден 360 нм-ге дейінгі толқын ұзындығы аймағында жүргізіледі.

Трис(гидроксиметил)аминометан. $C_4H_{11}NO_3$. (M_r 121,1). [77-86-1].

Аминометили-динетри(метанол). Трометамин.

Құрамында құрғақ субстанцияға шаққанда кемінде 99,0% және 100,5%-дан аспайтын $C_4H_{11}NO_3$ бар.

Ақ немесе ақшыл кристалл ұнтақ немесе түссіз кристалдар. Суда тез ериді, алкогольде баяу ериді, этилацетатта өте аз ериді.

Трис(гидроксиметил)аминометан ерітіндісі.

Трис(гидроксиметил)аминометан Р ерітіндісі құрамында 1000,0 мл 24,22 г $C_4H_{11}NO_3$ бар.

Трисцианоэтоксипропан. $C_{12}H_{17}N_3O_3$. (M_r 251,3). 1,2,3-Трис(2-цианоэтокси)пропан.

Қоңыр-сары тұтқыр сұйықтық. Метанолда ериді.

Газды хроматографияда бекітілген фаза ретінде қолданылады.

d2020 шамамен 1,11.

Тұтқырлығы (2.1.2.9). Шамамен 172 мПа·с.

Трифенилметанол. $C_{19}H_{16}O$. (M_r 260,3). [76-84-6]. Трифенилкарбинол.

Түссіз кристалдар. Суда мүлде ерімейді, 96% этанолда тез ериді.

Трифенилтетразолий хлориді. $C_{19}H_{15}ClN_4$. (M_r 334,8). [298-96-4]. 2,3,5-Трифенил-2Н-тетразолий хлориді.

Құрамында кемінде 98,0 % $C_{19}H_{15}ClN_4$ бар.

Бозғылт сары немесе күңгірт сары ұнтақ. Суда, ацетонда және 96% этанолда ериді.

Ыдырай отырып, балку температурасы шамамен 240 °С.

Санын анықтау. 1,000 г 5 мл сұйылтылған азот қышқылының Р және 45 мл судың Р қоспасында ериді, 50,0 мл 0,1 м күміс нитраты ерітіндісін қосып, қайнағанға дейін қыздырады. Салқындатады, 3 мл дибутилфталат Р қосады, қатты шайқайды және индикатор ретінде 2 мл темір(III) аммоний сульфаты Р2 ерітіндісін пайдаланып, 0,1 М аммоний тиоцианатының ерітіндісімен титрлейді.

1 мл 0,1 күміс нитраты ерітіндісі 33,48 мг $C_{19}H_{15}ClN_4$ сәйкес келеді.

Жарықтан қорғалған жерде сақтайды.

Трифенилтетразолий хлориді ерітіндісі.

Альдегидтерсіз 96% спирттегі Р 5 г/л ерітінді.

Жарықтан қорғалған жерде сақтайды.

Трифторсірке қышқылы. $C_2HF_3O_2$. (M_r 114,0). [76-05-1].

Құрамында кемінде 99 % $C_2H_5O_2$ бар. Сұйықтық, ацетонмен және 96% этанолмен араласады.

d_{20}^{20} шамамен 1,53.

Қайнау температурасы шамамен 72 °С. Протеиндерді секвентациялауға жарамды біліктілікті пайдаланады.

Ауа өткізбейтін контейнерде сақтайды.

Трифторсірке ангидридi. $C_4F_6O_3$. (M_r 210,0). [407-25-0].

Түссіз сұйықтық.

d_{20}^{20} шамамен 1,5.

Трихлортрифторэтан. $C_2Cl_3F_3$. (M_r 187,4). [76-13-1]. 1,1,2-Трихлор-1,2,2-трифторэтан.

Түссіз, ұшпа сұйықтық. Суда мүлде ерімейді, ацетонмен араласады.

d_{20}^{20} шамамен 1,58.

Қайта айдау температурасының шегі (2.1.2.11). 47 °С-дан 48 °С-ға дейін; кем дегенде 98% айдалуға тиіс.

Трихлорсірке қышқылы. $C_2HCl_3O_2$. (M_r 163,4). [76-03-9].

Түссіз кристалдар немесе кристалл масса. Ауада өте оңай, суда және 96% этанолда өте тез ериді.

Ауа өткізбейтін контейнерде сақтайды.

Трихлорсірке қышқылының ерітіндісі.

40,0 г трихлорсірке қышқылын Р суда Р ерітеді және ерітіндінің көлемін сол еріткішпен 1000,0 мл-ге жеткізеді. Концентрация натрий гидроксидінің 0,1 ертіндісімен титрлеумен анықталады және қажет болған жағдайда 40 ± 1 г/л концентрациясына дейін жеткізіледі.

1,1,1-Трихлорэтан. $C_2H_3Cl_3$. (M_r 133,4). [71-55-6]. Метилхлороформ.

Тұтанбайтын сұйықтық. Суда мүлде ерімейді, ацетон мен метанолда ериді.

d_{20}^{20} шамамен 1,34.

n_{20}^{20} шамамен 1,438.

Қайнау температурасы шамамен 74 °С.

Трихлорэтилен. C_2HCl_3 . (M_r 131,4). [79-01-6].

Түссіз сұйықтық. Суда мүлде ерімейді, 96% этанолмен араласады.

d_{20}^{20} шамамен 1,46.

n_{20}^{20} шамамен 1,477.

Триэтаноламин. $C_6H_{15}NO_3$. (M_r 149,2). [102-71-6]. 2,2',2''-Нитрилотриэтанол.

Құрамында сусыз субстанцияға шаққандагі негіздердің жалпы санынан кемінде 99,0 % (м/м) және 103,0%-дан аспайтын (м/м) $C_6H_{15}NO_3$ бар.

Мөлдір, тұтқыр, түссіз немесе сәл сары сұйықтық, өте гигроскопиялық.

Сумен және 96% этанолмен араласады, метиленхлоридте ериді.

Триэтиламин. $C_6H_{15}N$ (M_r 101,2). [121-44-8]. ДХ-Диэтилэтанамин.

Түссіз сұйықтық. 18.7 °С-дан төмен температурада суда аздап ериді, 96% этанолмен араласады.

d_{20}^{20} шамамен 0,727

n_{20}^{20} шамамен 1,401.

Қайнау температурасы шамамен 90 °С.

Триэтилендиамин. $C_6H_{12}N_2$. (M_r 112,2). 1,4-Диазабицикло[2.2.2]октан.

Кристалдар өте гигроскопиялық. Бөлме температурасында оңай сублимацияланады.

Суда, сусызэцетонда және этанолда тез ериді.

Қайнау температурасы шамамен 174 °С.

Балқу температурасы шамамен 158 °С.

Ғуа өткізбейтін контейнерде сақтайды.

Бұқа тромбині. [9002-04-4].

Фибриногенді фибринге айналдыратын бұқа плазмасынан алынған ферменттік препарат. Сарғыш-ақ түсті ұнтақ.

0 °С-дан төмен температурада сақтайды.

Адам тромбині. [9002-04-4].

Адамның құрғақ тромбині. Адам фибриногенін фибринге айналдыратын ферментті препарат. Адамның сұйық плазмасынан рН, иондық күш пен температураны бақылау жағдайында қолайлы тұздар мен органикалық еріткіштерді тұндыру арқылы алынады.

Сарғыш-ақ түсті ұнтақ. 9 г/л натрий хлориді ерітіндісінде тез ериді, бұлдыр бозғылт сары түс пайда болады.

Азот атмосферасында жабылған шыны контейнерлерде 25°С-дан аспайтын температурада сақтайды.

Адам тромбині ерітіндісі.

Адам тромбині Р өндірушінің нұсқауларына сәйкес қалпына келтіріледі және трис(гидроксиметил)аминометан-натрий хлориді буферлік ерітіндісімен рН 7,4 Р 5 МЕ/мл концентрациясына дейін сұйылтылады.

Тромбопластин.

Жануарлардың миынан (әдетте қояндардан) немесе адам плацентасынан бөлініп шыққан немесе фосфолипидтер қосылған рекомбинантты ДНҚ технологиясын пайдалана отырып өндірілген мембраналық тіндік фактор гликопротеині мен фосфолипидтен тұратын препарат. Препарат протромбин уақытын өлшеу үшін күнделікті талдау үшін жасалады және құрамында кальций болуы мүмкін.

Силикагель қабаты бар ЖҚХ плитасы.

Шыны, металл немесе пластиктен жасалған, қолайлы қалыңдығы мен бөлшектерінің мөлшері бар силикагель қабатымен жабылған (әдетте ұсақ бөлшектерінің мөлшері бар пластиналар үшін 2 мкм-ден 10 мкм-ге дейін [Тиімділігі жоғары жұқа қабатты хроматография, ТЖЖҚХ] және қарапайым ЖҚХ пластиналар үшін 5 мкм-ден 40 мкм-ге дейін) төсем. Қажет болған кезде бөлшектердің мөлшері ол пайдаланылатын сынақтарда сорбент атауынан кейін көрсетіледі.

Сорбентте байланыстырушы органикалық зат болуы мүмкін.

Хроматографиялық бөлу қабілеті. Пластинкаға *пластинкаларының Р ЖҚХ жарамдылығын анықтау үшін ерітіндінің* қажетті көлемі жағылады (кәдімгі пластинка үшін 10 мкл және ұсақ бөлшектердің мөлшері бар пластинка үшін 1 мкл-ден 2 мкл-ге дейін). *Метанол Р – толуол Р (20:80)* еріткіштер жүйесінде хроматографиялайды. Еріткіштердің алдыңғы жағы пластина ұзындығының үштен екісінен өткенде, егер ол төрт айқын бөлінген дақтарды көрсе, ол жарамды деп саналады:

- 0,15-тен аспайтын R_F бар бромкрезол жасыл дағы,
- 0,1-ден 0,25-ке дейінгі шектегі R_F бар метил қызғылт сары дағы,
- 0,35-тен 0,55-ке дейінгі шектегі R_F бар метил қызыл дағы,
- 0,75-тен 0,98-ге дейінгі шектегі R_F бар судан қызыл дағы.

ЖҚХ пластиналарының жарамдылығын анықтауға арналған ерітінді.

Толуолда Р 1,0 мл-дан 0,5 г/л қызыл судан G Р ерітіндісі, этанолда Р жаңа дайындалған 0,5 г/л метил қызғылт сары Р ерітіндісі, ацетонда Р 0,5 г/л бромкрезол жасыл Р ерітіндісі, ацетонда Р 0,25 г/л метил қызыл Р ерітіндісі араластырылады және алынған ерітіндінің көлемі *ацетонмен Р 10,0 мл-ге* жеткізіледі.

F_{254} силикагель қабаты бар ЖҚХ пластинка.

Мынадай өзгерістермен силикагель қабаты бар пластинканың ЖҚХ Р талаптарынан өтуі тиіс.

Құрамында толқын ұзындығы 254 нм болатын ең көп жұтылатын флуоресцентті индикатор бар.

Флуоресценцияны сөндіру. Пластинкаға кәдімгі ЖҚХ пластинка үшін 1 мкл-ден 10 мкл-ге дейін және *этанол Р - циклогексан Р (15:85)* еріткіштерінің қоспасында 1 г/л *бензой қышқылы Р* ерітіндісінің 0,2 мкл-ден 2 мкл-ге дейін біртіндеп өсетін көлемдері бес нүктеде жағылады. Сол еріткіштер қоспасында хроматографияланады. Ерітінділердің алғашқылары пластина ұзындығының жартысынан өткен кезде оны камерадан шығарып алады және еріткіштер ұшып кеткенше кептіреді. Пластинканы толқын ұзындығы 254 нм болатын УК-жарықта қарайды. Кәдімгі ЖҚХ пластинкаларында бензой қышқылы шамамен 2 мкг немесе одан да көп мөлшерде қолданылатын хромның ортасында флуоресцентті фонда қара дақтар түрінде пайда болуы тиіс. ТЖЖҚХ пластиналарында бензой қышқылы шамамен 0,2 мкг және одан да

көп мөлшерде қолданылатын хроматограмманың ортасында флуоресцентті фонда қара дақтар түрінде пайда болуы тиіс.

F₂₅₄ силикагель Р қабаты бар ЖҚХ пластинкасы.

Мынадай өзгеріспен *силикагель Р қабаты бар ЖҚХ пластинкасының* талаптарынан өтуі тиіс.

Құрамында байланыстырушы зат ретінде кальций сульфаты гемигидраты бар.

F₂₅₄ силикагель қабаты бар ЖҚХ пластинкасы.

Мынадай өзгерістермен *силикагель Р қабаты бар ЖҚХ пластинкасының* талаптарынан өтуге тиіс.

Құрамында байланыстырушы зат ретінде кальций сульфаты гемигидраты және толқын ұзындығы 254 нм болатын ең көп сіңуі бар флуоресцентті индикатор бар.

Флуоресценцияны сөндіру. F₂₅₄ силикагель Р қабаты бар ЖҚХ пластинкасының талаптарынан өтуге тиіс.

Силанизацияланған силикагель қабаты бар ЖҚХ пластинкасы.

Шыны, металл немесе пластиктен жасалған, қолайлы қалыңдығы мен бөлшектерінің мөлшері бар силанизацияланған силикагель қабатымен жабылған (әдетте ұсақ бөлшектерінің мөлшері бар пластиналар үшін 2 мкм-ден 10 мкм-ге дейін [Тиімділігі жоғары жұқа қабатты хроматография, ТЖЖҚХ] және қарапайым ЖҚХ пластиналар үшін 5 мкм-ден 40 мкм-ге дейін) төсем. Қажет болған кезде бөлшектердің мөлшері ол пайдаланылатын сынақтарда сорбент атауынан кейін көрсетіледі.

Сорбентте байланыстырушы органикалық зат болуы мүмкін.

Хроматографиялық бөлу қабілеті. 0,1 г метиллаурат Р, метилмеристат Р, метилпальмитат Р және метилстеарат Р сыйымдылығы 250 мл конустық колбаға салынады, 40 мл спиртті калий гидроксидінің Р ерітіндісін қосады және су моншасында кері тоңазытқышпен 1 сағат бойы қыздырады. Ерітіндіні салқындатып, 100 мл су Р көмегімен бөлгіш воронкаға көшіреді, 2-ден 3-ке дейін рН мәніне дейін сұйылтылған хлорсутек қышқылымен Р қышқылдандырады және 10 мл-ден метилхлоридтің Р үш порциясымен шайқайды. Біріктірілген метилхлоридті сығындылар сусыз натрий сульфатының Р үстінен кептіріледі, фильтрден өткізіледі және құрғақ су моншасында буланады. Құрғақ қалдықты 50 мл метилхлоридте Р (сыналатын ерітінді) ерітеді. Анықтау Силанизацияланған силикагель Р қабаты бар ЖҚХ пластинкасын пайдалана отырып жұқа қабатты хроматография әдісімен (2.1.2.26) жүргізіледі. Сыналатын ерітіндінің қажетті көлемі үш нүктеде пластинкаға жағылады (кәдімгі ЖҚХ пластинкасы үшін шамамен 10 мкл және бөлшектердің мөлшері аз ТЖЖҚХ пластиналары үшін 1 мкл-ден 2 мкл-ге дейін). Мұзды сірке қышқылы Р – су Р – диоксан Р (10:25:65) еріткіштер жүйесінде хроматографиялайды. Еріткіштердің алдыңғы жағы пластинка ұзындығының үштен екі бөлігінен өткен кезде, ол камерадан шығарылып, 120 °С температурада 30 минут бойы кептіріледі. Пластинка

салқындатылып, 35 г/л фосфор-молибден қышқылының Р ерітіндісімен 2-пропанолда Р шашыратылып, дақтар пайда болғанға дейін 150 °С температурада қыздырылады. Содан кейін пластинка ақ түсті фон алынғанша аммиак буымен өңделеді. Пластинка, егер онда анық бөлінген төрт дақ байқалса, жарамды деп саналады.

F_{254} силанизацияланған силикагель қабаты бар ЖҚХ пластинкасы.

Мынадай өзгеріспен *силанизацияланған силикагель Р қабаты бар ЖҚХ пластинкасына арналған талаптардан өтуге тиіс.*

Құрамында толқын ұзындығы 254 нм болатын ең көп жұтылатын флуоресцентті индикатор бар.

Туйон. $C_{10}H_{16}O$. (M_r 152,2). [76231-76-0]. 4-Метил-1-(1-метилэтил)бицикло[3.1.0]гексан-3-он.

Түссіз немесе түссіздеу сұйықтық. Суда мүлде ерімейді, 96% этанолда және басқа да көптеген органикалық еріткіштерде ериді.

Қара тушь ерітіндісі.

Сұйық қара тушь 1:10 қатынасында *сумен Р* сұйылтылады.

Төмен қысымды көмірсутектер (L типі).

Майлы масса. Бензол мен толуолда ериді.

Көміртегі диоксиді. CO_2 . (M_r 44,01). [124-38-9].

Құрамында кемінде 99,5% (көл/көл) CO_2 бар, газ тәрізді күйде.

Түссіз газ. 1 газдың көлемі судың шамамен 1 көлемінде 20°С температурада және 101 кПа қысымда ериді.

Көміртек диоксиді P1. CO_2 . (M_r 44,01).

Құрамында кемінде 99,995 % (көл/көл) CO_2 бар.

Көміртегі монооксиді. 5 ppm-нан аз.

Оттегі. 25 ppm-нан аз.

Азот қышқылы. 1 ppm-нан аз.

Көміртек диоксиді P2. CO_2 . (M_r 44,01). [124-38-9].

Құрамында кемінде 99 % (көл/көл) CO_2 бар.

Көміртек дисульфиді. CS_2 (M_r 76,1). [75-15-0].

Түссіз немесе сарғыш түсті тұтанғыш сұйықтық. Суда мүлде ерімейді, сусыз этанолмен араласады.

d_{20}^{20} шамамен 1,26.

Қайнау температурасы 46 °С-дан 47 °С-ға дейін.

Көміртек монооксиді. CO. (M_r 28,01). [630-08-0].

Құрамында кемінде 99,97 % (көл/көл) CO бар.

Көміртек монооксиді P1. CO. (M_r 28,01). [630-08-0].

Құрамында кемінде 99 % (көл/көл) СО бар.

Көміртек тетраглориді. CCl_4 . (M_r 153,8). [56-23-5]. Тетраглорметан.

Түссіз сұйықтық. Суда мүлде ерімейді, 96% этанолмен араласады.
 d_{20}^{20} 1,595-тен 1,598-ге дейін.

Қайнау температурасы 76 °С-дан 77 °С-ға дейін.

Белсендірілген көмір. [64365-11-3].

Жоғары адсорбциялық қабілетті қамтамасыз ететін тиісті карбонизация процестері арқылы өсімдік материалынан алады.

Құмсыз, қара, жеңіл ұнтақ.

Барлық қарапайым еріткіштерде мүлде ерімейді.

Хроматографияға арналған графиттелген көмір.

Тізбектің ұзындығы C_9 -дан асатын көміртегі тізбектері.

Бөлшектердің мөлшері 400 мкм-ден 850 мкм-ге дейін.

Салыстырмалы тығыздығы 0,72.

Бетінің ауданы 10 м² / г.

400 °С-дан жоғары температурада қолданбайды.

P1 хроматографияға арналған графиттелген көмір.

Көміртектің алтықырлы орналасқан атомдарының жазық қабаттарыннан тұратын көміртектің кеуекті сфералық бөлшектері.

Бөлшектердің мөлшері 5 мкм-дан 7 мкм-ға дейін.

Кеуектілігі 0,7 см³/г.

Сірке ангидридi. $C_4H_6O_3$. (M_r 102,1). [108-24-7].

Құрамында кемінде 97,0 % (м/м) $C_4H_6O_3$ бар.

Мөлдір түссіз сұйықтық.

Қайнау температурасы 136 °С-ден 142 °С-ге дейін.

Сандық анықтау. 2,00 г берік кептелген тығыны бар шыны колбаға орналастырады, 50,0 мл 1 М натрий гидроксиді ерітіндісінде ерітеді, 1 сағ бойы кері тоңазытқышпен қайнатады және индикатор ретінде 0,5 мл Р фенолфталеин ерітіндісін пайдалана отырып, 1 М хлор-сутекті қышқылмен титрлейді. 1 г (V_1) титрлеуге жұмсалған 1 М натрий гидроксиді ерітіндісінің миллилитрі санын есептейді. 2,00 г берік кептелген тығыны бар шыны колбаға орналастырады, 20 мл Р циклогександа ерітеді, мұзда салқындатады, содан кейін салқындатылған қоспаға 10 мл Р анилин және 20 мл Р циклогексан қосады, 1 сағ бойы кері тоңазытқышта қайнатады, 50,0 мл 1 М натрий гидроксидін қосады, қарқынды араластырады және 0,5 мл Р фенолфталеин ерітіндісін пайдалана отырып, 1 М хлор-сутекті қышқылмен титрлейді. 1 г (V_2) титрлеуге жұмсалған М натрий гидроксиді ерітіндісінің миллилитрі санын есептейді.

Құрамындағы $C_4H_6O_3$ пайызын мына формула бойынша есептейді: $10,2 (V_1 - V_2)$.

P1 сірке ангидридi ерiтiндiсi.

25,0 мл *P* сірке ангидридiн *P* сусыз пиридинде ерiтедi және осы ерiткiшпен 100,0 мл мөлшерiне дейiн жеткiзедi.

Жарық пен ауадан қорғай отырып сақталады.

Күкiрт қышқылы ерiтiндiсi сірке ангидридi.

5 мл *P* сірке ангидридi мен 5 мл *P* күкiрт қышқылын абайлап араластырады. Алынған қоспаны тамшылатып суыған кезде 50 мл *P* сусыз этанолға қосады.

Тiкелей пайдалану алдында дайындайды.

Сусыз сірке қышқылы. $C_2H_4O_2$. (M_r 60,1). [64-19-7].

Құрамында кемiнде 99,6 % (м/м) $C_2H_4O_2$ бар.

Түссiз сұйықтық немесе ақ түстi немесе ақ түстес жылтырақ папоротник тәрiздес кристалдар. Жеңiл араласады немесе суда, 96 % этанолда, 85 % глицеринде және майлы әрi эфир майларының көбiнде жеңiл еридi.

d 2020 1,052-ден 1,053-ке дейiн.

Қайнау температурасы 117 °C-ден 119 °C-ге дейiн.

100 г/л ерiтiндi күштi қышқыл болып табылады (2.1.2.4).

Сiрке қышқылының 5 г/л ерiтiндiсi, бейтарапталған *P2* сұйылтылған аммиак ерiтiндiсi, ацетаттарға (b) реакция бередi (2.1.3.1).

Қатаю температурасы (2.1.2.17). 15.8 °C төмен емес.

Су (2.1.5.12). 0,4 %-дан артық емес.

Егер құрамында су 0,4 %-дан артын болса, *P* сірке ангидридiнiң есептелген мөлшерiн қосады.

Жарық түспейтiн жерде сақталады.

Мұзды сірке қышқылы. $C_2H_4O_2$. (M_r 60,1). [64-19-7].

Құрамында кемiнде 99,0 % (м/м) және 100,5 % (м/м) артық емес $C_2H_4O_2$ бар.

Кристаллды масса немесе мөлдiр, түссiз, ұшпалы сұйықтық.

Сумен, 96 % этанолмен және метиленхлоридпен араластырылады.

Сiрке қышқылы.

Құрамында кемiнде 290 г/л және 310 г/л аспайтын $C_2H_4O_2$ (M_r 60,1) бар.

30 г *P* мұзды сірке қышқылын *P* сумен 100 мл мөлшерге дейiн жеткiзедi.

Сұйылтылған сiрке қышқылы.

Құрамында кемiнде 115 г/л және 125 г/л аспайтын $C_2H_4O_2$ бар (M_r 60,1).

12 г *P* мұзды сірке қышқылын *P* сумен 100 мл мөлшерге дейiн жеткiзедi.

P1 сұйылтылған сiрке қышқылы.

Құрамында кемiнде 57,5 г/л және 62,5 г/л аспайтын $C_2H_4O_2$ бар (M_r 60,1).

6 г мұзды сірке қышқылын *P* сумен 100 мл мөлшерге дейiн жеткiзедi.

Уридин. $C_9H_{12}N_2O_6$. (M_r 244,2). [58-96-8]. 1-b-D-Рибофуранозилурацил.

Ақ түсті немесе ақ түске ұқсас кристалл ұнтақ. Суда ерітеміз.

Балқу температурасы шамамен 165 °С.

Қанды ұйыту V факторының ерітіндісі.

Қанды ұйыту V факторының ерітіндісі мынадай тәсілмен немесе VIII факторды болдырмайтын кез келген басқа тәсілмен дайындалуы мүмкін.

V факторы реактивін жаңадан оксалатталған бұқаның плазмасын 4 °С температурада дайындалған *P* аммоний сульфатының қаныққан ерітіндісімен 4°С температурада фракциялаумен дайындайды. 38 %-дан 50 %-ға дейінгі қанығу интервалында тұнатын және VIII факторымен айтарлықтай ластанбаған V факторды қамтитын фракцияны бөліп алады. Аммоний сульфатын диализбен бөліп шығарады және адам қанының кәдімгі жаңа плазмасында болатын V факторының 10 %-дан 20 %-ға дейінгі мөлшерін қамтитын ерітінді алғанға дейін 9 г/л *P* натрий хлориді ерітіндісімен сұйылтады.

V факторын сандық анықтау. Сәйкесінше 10 және 20 көлемді буферлік ерітіндінің бірінің көлемін қамтитын *pH* 7,3 *P* имидазольды буферлік ерітіндіде фактор препаратын екі түрде сұйылтып дайындайды. Ерітіндінің әрқайсысын мынадай әдіспен сынақтан өткізеді: 0,1 мл *V факторсыз P* плазма субстратын, 0,1 мл сынақтан өткізілетін ерітіндіні, 0,1 мл *P* тромбопластин реактиві мен 0,1 мл ерітіндіге г/л *P* кальций хлоридін араластырып, қанның ұю уақытын, яғни көзбен немесе тиісті аспаптардың көмегімен бақылауға болатын кальций хлориді ерітіндісін қосқан сәт пен фибриннің пайда болуының алғашқы белгісі аралығындағы интервалды өлшейді. Осындай әдіспен сәйкесінше оннан 1 көлемді (*V* факторға 100 % сәйкес келеді), 50-де 1 көлемді (20 %), 100-де 1 көлемді (10 %) және 1000-де 1 көлемді (1 %) қамтитын *pH* 7,3 *P* имидазольды буферлік ертіндідегі адам қанының кәдімгі плазмасының төрт ерітіндісі қанының ұюы уақытын белгілейді (екі қосарлы белгілеу). Екіжақты логарифмді қағазды пайдалана отырып, адам плазмасының әрбір ерітіндісі үшін *V* факторын пайыздық қамту эквивалентінен қанның ұю уақытының орташа мәнін пайызбен жазады және *V* факторының екі сұйылтылған ерітіндісі үшін *V* факторын қамтуын интерполяция көмегімен пайызбен анықтайды. Екі нәтиженің орташа мәні сынақтан өткізілетін ерітіндідегі *V* факторының пайыздық қамтылуын көрсетеді. Ерітіндіні 20 °С аспайтын температурада мұздатылған күйде сақтайды.

Бұқаның Ха коагуляция факторы. [9002-05-5]. Протромбинді тромбинге айналдыратын фермент. Жартылай тазартылған препаратты бұқаның сұйық плазмасынан алады; сонымен қатар оны Руссел улы сұр жыланының уы секілді жарамды активатордың көмегімен X фактордың зимогенін белсендендіру арқылы алуға болады.

Лиофилизацияланған препаратты $-20\text{ }^{\circ}\text{C}$ температурада, мұздатылған ерітіндіні $-20\text{ }^{\circ}\text{C}$ төмен температурада сақтайды.

Бұқа ерітіндісінің Ха факторы.

Өндірушінің нұсқаулықтарына сәйкес қалпына келтіреді және $pH\ 7,4$ Р-мен трис(гидроксиметил)аминометан-натрий хлоридінің буферлік ерітіндісімен ерітеді.

Оптикалық жазықтықты өзгерту минутына 0,20 аспауы тиіс. Өлшеуді $pH\ 7,4$ Р-мен трис(гидроксиметил)аминометан-натрий хлоридінің буферлік ерітіндісі өтемақылық сұйықтық ретінде пайдалана отырып толқынның 405 нм (2.1.2.24) ұзындығы кезінде жүргізеді.

Р1 бұқа ерітіндісінің Ха факторы.

Өндірушінің нұсқаулықтарына сәйкес қалпына келтіреді және $pH\ 8,4$ Р қосылған трис(гидроксиметил) ЭДТА буферлік ерітіндісімен 1,4 нкат/мл-ге дейін сұйылтады.

Феназон. $C_{11}H_{12}N_2O$. ($M_r\ 188,2$). [60-80-0]. 1,5-Диметил-2-фенил-1,2-дигидро-3Н-пиразол-3-он.

Құрғақ субстанцияға қайта есептегенде кемінде 99,0 % және 101,0 % аспайтын $C_{11}H_{12}N_2O$ қамтиды.

Ақ түсті немесе ақ түске ұқсас кристалл ұнтақ немесе түссіз кристалдар.

Суда, 96 % этанолда және метиленхлоридта жеңіл ериді.

Фенантрен. $C_{14}H_{10}$. ($M_r\ 178,2$). [85-01-8].

Ақ түсті немесе ақ түске ұқсас кристалдар. Суда мүлдем ерімейді, 96 % этанолда орташа ериді.

Балқу температурасы шамамен $100\text{ }^{\circ}\text{C}$.

Фенантролин гидрохлориді. $C_{12}H_9ClN_2H_2O$. ($M_r\ 234,7$). [3829-86-5]. 1,10-Фенантролин гидрохлориді моногидраты.

Ақ түсті немесе ақ түске ұқсас ұнтақ. Суда жеңіл ериді, 96 % этанолда ериді.

Ыдырап балқу температурасы шамамен $215\text{ }^{\circ}\text{C}$.

Фенилаланин. $C_9H_{11}NO_2$. ($M_r\ 165,2$). [63-91-2]. (2S)-2-Аминді-3-фенилпропанды қышқыл.

Ферментация немесе ақуызды гидролиздеу өнімі.

Құрғақ субстанцияға қайта есептегенде кемінде 98,5 % және 101,0% аспайтын $C_9H_{11}NO_2$ қамтиды.

Ақ түсті немесе ақ түске ұқсас кристалл ұнтақ немесе жылтырақ ақ үлпек.

Суда орташа ериді, 96 % этанолда өте аз ерітеміз, сұйылтылған минералды қышқылдарда және сұйылтылған сілтілік металдардың гидроксидтері ерітінділерінде ерітеміз.

Фенилгидразин гидрохлориді. $C_6H_9ClN_2$. ($M_r\ 144,6$). [59-88-1].

Ақ түсті немесе ақ түскен ұқсас кристалл ұнтақ, ауаның ықпалымен қоңыр түске боялады. Суда және 96 % этанолда ерітеміз.

Ыдырап балқу температурасы шамамен 245 °С.

Жарық түспейтін жерде сақталады.

Фенилгидразин гидрохлориді ерітіндісі.

0,9 г *P* фенилгидразин гидрохлоридін 50 мл *P* суда ерітеді, *P* белсендірілген көмірмен түссіздендіреді және сүзгіден өткізеді. Сүзіндіге 30 мл *P* хлорлы сутегі қышқылын қосып, ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 250 мл-ге дейін жеткізеді.

Фенилгидразиннің күкірт қышқылындағы ерітіндісі.

Алдын ала *P* 85 % этанолдан (об/об) қайта кристалдандырылған 65 мг *P* фенилгидразин гидрохлоридін *P* су - *P* күкірт қышқылы (80:170) еріткіштер қоспасында ерітеді және осы еріткіштер қоспасымен 100 мл мөлшеріне дейін жеткізеді.

Тікелей пайдалану алдында дайындайды.

а-Фенилглицин. $C_8H_9NO_2$. (M_r 151,2). [2835-06-5]. (*RS*)-2-Амино-2-фенил сірке қышқылы.

Д-Фенилглицин. $C_8H_9NO_2$. (M_r 151,2). [875-74-1]. (*2R*)-2-Амино-2-фенил сірке қышқылы.

Кемінде 99 % $C_8H_9NO_2$ қамтиды.

Ақ түсті немесе ақ түске ұқсас кристал ұнтақ.

n-Фенилендиамин дигидрохлориді. $C_6H_{10}Cl_2N_2$. (M_r 181,1). [615-28-1]. 1,4-Диаминобензол дигидрохлориді.

Ақ түсті немесе аздап боялған кристалл ұнтақ немесе кристалдар. Ауада қызыл түске өзгереді. Суда жеңіл ериді, 96 % этанолда аздап ериді.

Фенилизотиоцианат. C_7H_5NS . (M_r 135,2). [103-72-0].

Сұйықтық. Суда ерімейді, 96 % этанолда ериді.

d_{20}^{20} шамамен 1,13.

n_{D20} шамамен 1,65.

Қайнау температурасы шамамен 221 °С.

Балқу температурасы шамамен –21 °С.

Феноксibenзамин гидрохлориді. $C_{18}H_{23}Cl_2NO$. (M_r 340,3). *N*-(2-Хлорэтил)-*N*-(1-метил-2-феноксиэтил)- бензиламин гидрохлориді.

Құрғақ затқа қайта есептегенде кемінде 97,0 % және 103,0 % артық емес $C_{18}H_{23}Cl_2NO$ қамтиды.

Ақ түсті немесе ақ түске ұқсас кристалл ұнтақ. Суда орташа ериді, 96 % этанолда жеңіл ерітеміз.

Балқу температурасы шамамен 138 °С.

Құрғату кезінде масса жоғалтуы (2.1.2.31). Кемінде 0,5 %.

24 сағат бойы 670 Па аспайтын қысымда *P* фосфор(V) оксидімен құрғатады.

Сандық анықтау. 0,500 г этанол, *P* қосылмаған 50,0 мл хлороформда ерітеді және 20 мл-ден 0,01 *M* хлорлы сутегі қышқылы үлесімен үш бөлікке ажыратып шығарып алады. Қышқылды қабатты шығарып тастайды, ал хлороформды қабатты мақта арқылы сүзгіден өткізеді. Алынған 5,0 мл сүзіндіні этанол, *P* қосылмаған хлороформмен 500,0 мл мөлшерге дейін жеткізеді. Алынған ерітіндінің оптикалық тығыздығын ең жоғары 272 нм толқын ұзындығында жабық кюветте өлшейді. 56,3-ке тең сіңіру үлес көрсеткішін қабылдай отырып, құрамындағы $C_{18}H_{23}Cl_2NO$ есептейді.

Жарық түспейтін жерде сақталады.

Фенокси сірке қышқылы. $C_8H_8O_3$. (M_r 152,1). [122-59-8]. 2-Феноксиэтан қышқылы.

Ақ түске ұқсас кристалдар. Суда орташа ериді, 96 % этанолда және мұзды сірке қышқылында жеңіл ерді.

Балқу температурасы шамамен 98 °С.

Хроматография. Анықтауды *Феноксиметилпе-нициллин* жеке фармакопепялық құжаты көрсеткіштеріне сәйкес жұқа қабатты хроматография әдісімен (2.1.2.26) өткізеді; алынған хроматограммада тек бір негізгі таңба болуы тиіс.

Феноксиэтанол. $C_8H_{10}O_2$. (M_r 138,2). [122-99-6]. 2-Феноксиэтанол.

Мөлдір түссіз майлы сұйықтық. Суда аз ериді, 96 % этанолда жеңіл ериді.

d_{20}^{20} шамамен 1,11.

n_{D20} шамамен 1,537.

Қатаю температурасы (2.1.2.17). 12 °С төмен емес.

Фенол. C_6H_6O . (M_r 94,1). [108-95-2].

Кемінде 99,0 % және 100,5 % аспайтын C_6H_6O қамтиды.

Түссін немесе әлсіз қызғылт түсті немесе бозарыңқы сары түсті кристалдар немесе кристалды масса. Ауада жайылады.

Суда ериді, 96 % этанолда, глицеринде, метиленхлоридте өте жеңіл ериді.

Фенолды қызыл. [143-74-8].

Ашық қызыл түс пен қанық қызыл түс аралығындағы кристалл ұнтақ. Суда өте аз ериді, 96 % этанолда аз ериді.

Фенолды қызыл ерітінді.

0,1 г *P* фенолды қызылды 2,82 мл 0,1 *M* натрий гидроскиді ерітіндісі мен 20 мл 96 % *P* этанол қоспасында ерітеді, ерітіндіні *P* сумен 100 мл дейінгі мөлшерге жеткізеді.

Сезімталдығын сынақтан өткізу. 00 мл көміртек диоксиді, *P* қосылмаған суға 0,1 мл фенолды қызыл ерітіндісін қосады; 0,1 мл аспайтын 0,02 *M* раствора натрий гидроскиді

ерітіндісін қосқан кезде қызыл-күлгін түске өзгеруі тиіс сары түске боялу пайда болады

Түсін өзгертуі. рН 6,8-8,4 интервалда сары түстен қызғыш-күлгін түске дейін.

Р2 фенолды қызыл ерітіндісі.

А ерітінді. 33 мг Р фенолды қызылды 1,5 мл Р сұйылтылған натрий гидроксиді ерітіндісінде ерітеді және ерітінді мөлшерін Р сумен 100 мл дейін жеткізеді.

В ерітінді. 25 мг Р аммоний сульфатын 235 мл Р суда ерітеді, 105 мл Р сұйылтылған натрий гидроксиді ерітіндісін және 135 мл Р сұйылтылған сірке қышқылын қосады.

В ерітіндіні 25 мл А ерітіндісімен араластырады. Қажет болған жағдайда, рН ерітіндіні 4,7-ге дейін жеткізеді.

Р3 фенол қызыл ерітіндісі.

А ерітіндісі. 33 мг Р фенол қызыл ерітіндісін 1,5 мл сұйылтылған Е натрий гидроксиді ерітіндісінде ерітеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 50 мл-ге дейін жеткізеді.

В ерітіндісі. 50 мг Р аммоний сульфатын 235 мл Р суда ерітеді; 105 мл Р сұйылтылған натрий гидроксиді ерітіндісін және 135 мл Р сұйылтылған сірке қышқылын қосады.

В ерітіндіні 25 мл А ерітіндісімен араластырады. Қажет болған жағдайда, рН ерітіндіні 4,7 мәніне дейін жеткізеді.

Фенолфталеин. $C_{20}H_{14}O_4$. (M_r 318,3). [77-09-8]. 3,3-Бис(4-гидрокси-фенил)-3Н-изобензофуран-1-он.

Ақ пен сарғыш ақ түс аралығындағы ұнтақ. Суда мүлдем ерімейді, 96 % этанолда ериді.

Фенолфталеин ерітіндісі.

0,1 г Р фенолфталеинді 80 мл 96 % Р этанолмен ерітеді және ерітінді мөлшерін Р сумен 100 мл дейін жеткізеді.

Сезімталдығын сынақтан өткізу. 100 мл көміртек диоксиді, Р қосылмаған суға 0,1 мл фенолфталеин ерітіндісін қосады; 0,2 мл аспайтын 0,02 М натрий гидроксиді ерітіндісін қосқан кезде ерітіндінің түсі түссіз күйден қызғылт түске дейін өзгеруі тиіс.

Түсін өзгертуі. рН 8,2-10,0 интервалда түссіз күйден ашық қызғылт түске дейін.

Р1 фенолфталеин ерітіндісі.

Р этанолдағы 10 г/л ерітінді.

Фенолфталеинді қағаз.

Сүзгіш қағазды бірнеше минут *Р фенолфталеин ерітіндісіне* салып алып, кептіреді.

Фенхон. $C_{10}H_{16}O$. (M_r 152,2). [7787-20-4]. (1R)-1,3,3-Триметилбицикло[2.2.1]гептан-2-он.

Майлы сұйықтық. 96 % этанолмен араласады, суда мүлдем ерімейді.

n D20 шамамен 1,46.

Қайнау температурасы 192 °С-ден 194 °С-ге дейін.

Газды хроматографияда пайдаланылатын фенхон мынадай сынақтарға төзімді болуы тиіс.

Сандық анықтау. Анықтауды сынақ ерітіндісі ретінде фенхонды пайдалана отырып, *Ащы фенхель* жеке фармакопея құжатында көрсетілген талаптармен газды хроматография (2.1.2.27) әдісімен өткізеді.

Құрамында ішкі нормалау әдісімен есептелген фенхон 98,0 % болуы тиіс.

Ферроин. [14634-91-4].

0,7 г *P* темір(II) сульфаты мен 1,76 г *P* фенантролин гидрохлоридін 70 мл *P* суда ерітеді және ерітіндінің мөлшерін осы еріткішпен 100 мл дейін жеткізеді.

Сезімталдығын сынақтан өткізу. 50 мл *P* сұйылтылған күкірт қышқылына 0,1 мл *P* ферроин қосады. 0,1 мл 0,1 М аммоний церий нитраты ерітіндісін қосқаннан кейін ерітінді қызыл түстен ашық көк түске боялуы тиіс.

Ферроцифен. $C_{26}H_{16}FeN_6$. (M_r 468,3). [14768-11-7]. Дицианобис(1, 10-фенантролин) темір(II).

Күлгін-қола түсті кристалл ұнтақ. Суда және 96 % этанолда мүлдем ерімейді.

Жарықтан қорғалған құрғақ орында сақтайды.

Конго қызыл фибрин.

1,5 г фибринді *P* 96 % (об/об) этанолдағы 20 г/л *P* конго қызыл 50 мл ерітіндісінде түні бойы қойып қояды, сосын сүзгіден өткізеді. Фибринді промывают *P* суда жуады және *P* эфирде сақтайды.

Жуылған фибринді ұсақ бөлшектерге кеседі және *P* спирттегі (90 %, об/об) 20 г/л *P* конго қызыл ерітіндісінде түні бойы қалдырады және сүзгіден өткізеді; фибринді *P* сумен жуады және *P* эфирде сақтайды.

Көк фибрин.

1,5 г фибринді *P* сұйылтылған хлорлы сутегі қышқылының 1 % (об/об) ерітіндісіндігі 5 г/л *P* индигокармин 30 мл ерітіндісінде араластырады, қоспаны 80 °С температураға дейін қыздырады және араластыра отырып осы температурада шамамен 30 мин ұстайды, салқындатады және сүзгіден өткізеді. Тұнбаны 1 % (об/об) *P* сұйылтылған хлорлы сутегі қышқылы ерітіндісінде қайта суспендияландырып және мұқият жуады және шамамен 30 мин араластыра отырып сүзгіден өткізеді. Тұнбаны үш рет жуады, 50 °С температурады кептіреді және ұсақтайды.

Фибриноген. [9001-32-5]. Адамның лиофилизацияланған фибриногені.

Тромбинді қосқан кезде фибринге айналатын адам плазмасының еритін компонентін қамтитын плазма ақуызы фракциясының зарарсыздандырылған лиофилизацияланған препараты. *Франциялауға арналған адам плазмасы* жеке фармакопея құжатындағы нұсқаулықтарға сәйкес адам плазмасынан алынған. Препарат тұздар, буферлер және тұрақтандырғыштар секілді эксципиенттерді қамтуы мүмкін.

Қайта қалпына келтірген кезде ерітіндінің құрамында кемінде 10 г/л фибриноген болуы тиіс.

Ақ түсті немесе бозғылт сары түсті гигроскопиялық ұнтақ немесе сусымалы құрғақ зат.

Препараттың ерітіндісін тікелей пайдалану алдында дайындайды.

Белгілеуіш ерітінді.

250 мл *P* метанолға 0,27 мл *P* формальдегид қосады және *P* сумен 500,0 мл мөлшерге дейін жеткізеді.

Полиакриламидті гельде изоэлектрлік фокустеуге арналған белгілеуіш ерітінді.

1 л *P* суда 35 г *P* сульфосалицильді қышқыл мен 100 г *P* трихлор сірке қышқылын қамтитын ерітінді.

Флороглюцин. $C_6H_6O_3 \cdot 2H_2O$. (M_r 162,1). [6099-90-7]. Бензол-1,3,5-триол.

Ақ немесе сарғыш түсті кристалдар. Суда аз ериді, 96 % этанолда ериді.

Балқу температурасы шашамен 223 °С (бірден балқыту әдісі).

Флороглюцин ерітіндісі.

96 % *P* этанолдағы 100 г/л *P* флороглюциннің 1 мл ерітіндісіне 9 мл *P* хлорлы сутегі қышқылын қосады.

Жарық түспейтін жерде сақталады.

Флуоресцеин. $C_{20}H_{12}O_5$. (M_r 332,3). [2321-07-5].

3',6'-Дигидроксиспиро[изобензофуран-1(3*H*),9'-[9*H*]ксантен]-3-он.

Қызыл сары-қызыл түсті ұнтақ. Суда мүлдем ерімейді, жылы 96 % эталонда, сілтілі металдар гидроксидтері ерітінділерінде ериді. Ерітіндіде флуоресцеин жасыл түсті әлсіз сәулеленеді.

Балқу температурасы шамамен 315 °С.

Құтыруға қарсы флуоресцеин-түйіндес сарысу.

Құтыру инактивтелген вирусымен иммунитеттендірілген жарамды жануарлардың сарысуынан дайындалған құтыруға қарсы антителаның жоғары деңгейімен иммунды глобулинді фракция; иммунды глобулин флуоресцеинизотиоцианатпен түйіндестірілген.

Флуфенамин қышқылы. $C_{14}H_{10}F_3NO_2$. (M_r 281,2). [530-78-9]. 2-[[3-(Трифторметил) фенил] амино]бензой қышқылы.

Бозғылт-сары түсті кристалл ұнтақ немесе үшкір кристалдар. Суда мүлдем ерімейді, 96 % этанолда жеңіл ериді.

Балқу температурасы 132 °С-ден 135 °С-ге дейін.

Фолий қышқылы. $C_{19}H_{19}N_7O_6$. (M_r 441,4). [75708-92-8]. (2*S*)-2-[[4-[[[(2-амино-4-оксо-1,4-дигид-роптеридин-6-ил)метил]амино]бензоил]амино] пентан-дионды қышқыл.

Сусыз субстанцияға қайта есептегенде кемінде 96,0 % және 102,0% аспайтын $C_{19}H_{19}N_7O_6$ қамтиды.

Сарғыш немесе қызыл сары түсті кристалл ұнтақ.

Суда және көптеген органикалық еріткіштерде мүлдем ерімейді. Сұйылтылған қышқылдар мен сілтілердің ерітінділерінде ериді.

Формальдегид. [50-00-0].

Қараңыз: *P формальдегид ерітіндісі*.

Формальдегид ерітіндісі.

Формальдегид ерітіндісі (35 %) кемінде 34,5% (м/м) және 38,0% (м/м) аспайтын формальдегидті (CH_2O ; M_r 30,03) қамтиды.

Тұрақтандырғыш ретінде метанолды қамтиды.

Мөлдір түссіз сұйықтық.

Сумен және 96 % этанолмен араластырады.

Сақтау кезінде көмескіленіп лайлануы мүмкін.

Күкірт қышқылындағы формальдегид ерітіндісі.

2 мл *P формальдегид* ерітіндісін 100 мл *P күкірт қышқылымен* араластырады.

Формаид. CH_3NO . (M_r 45,0). [75-12-7].

Мөлдір түссіз майлы, гигроскопиялық сұйықтық. Сумен және 96 % этанолмен араласады. Сумен гидролизделеді.

d 2020 шамамен 1,134.

Қайнау температурасы шамамен 210 °С.

Құрамында кемінде 99,5 % CH_3NO бар.

Ауа өткізбейтін контейнерде сақтайды.

Өңделген формаид.

1,0 г *P* сульфаминді қышқылды 5 % (об/об) *P* суды қамтитын 20,0 мл *P* формаидте ыдыратады.

Формаид P1.

P формаидке арналған талаптарға және мынадай қосымша сынақтарға төзуі тиіс.

Су (2.1.5.12). 0,1 % аспайтын. Анықтауды *P* сусыз метанолдың тең мөлшерімен өткізеді.

Фосфор(V) оксиді. P_2O_5 . (M_r 141,9). [1314-56-3]. Дифосфор пентаоксиді. Фосфорлы ангидрид.

Ауада балқитын ақ түсті немесе ақ түске ұқсас аморфты ұнтақ. Суда жылу бөле отырып гидраттар түзеді.

Ауа өткізбейтін контейнерде сақтайды.

Фосфор қышқылы. H_3PO_4 . (M_r 98,0). [7664-38-2].

Кемінде 84,0 % (м/м) және 90,0% (м/м) аспайтын H_3PO_4 қамтиды.

Мөлдір, түссіз шәрбат тәрізді сұйықтық, тоттандырады. Төмен температурада сақтаған кезде 28 °С төмен температурада балқымайтын түссіз кристалл массаға қатаюы мүмкін. Сумен және 96 % этанолмен араласады.

d 2020 шамамен 1,7.

Сұйылтылған фосфор қышқылы.

Кемінде 9,5 % (м/м) және 10,5 % (м/м) аспайтын H_3PO_4 (M_r 98,0) қамтиды.

Дайындау: 885 г Р суға 115 г Р фосфор қышқылын қосып, араластырады.

Р1 сұйылтылған фосфор қышқылы.

93 мл Р сұйылтылған фосфор қышқылын Р сумен 1000 мл мөлшеріне дейін жеткізеді.

Фосфорлы-вольфрамды қышқыл ерітіндісі.

10 г Р натрий вольфраматына 8 мл Р фосфор қышқылы мен 75 мл Р су қосады, кері тоназытқышпен 3 сағ бойы қыздырады, суытады және Р су ерітіндісімен 100 мл мөлшеріне жеткізеді.

Фосфорлы-молибденді қышқыл.

$12\text{MoO}_3 \cdot \text{H}_3\text{PO}_4 \cdot x\text{H}_2\text{O}$. [51429-74-4].

Қызыл сары-сары түсті ұсақ кристалдар. Суда жеңіл ериді, 96 % этанолда ериді.

Фосфорлы-молибденді қышқыл ерітіндісі.

4 г Р фосфорлы-молибденді қышқылды Р суда ерітеді, ерітіндінің мөлшерін осы еріткішпен 40 мл дейін жеткізеді. Суыған кезде абайлап 60 мл Р күкірт қышқылын қосады. Тікелей пайдалану алдында дайындайды.

Фосфорлы-молибденді-вольфрамды реактив.

100 г Р натрий вольфрамат және 25 г Р натрий молибдатты 700 мл Р суда ерітеді, 100 мл Р хлорлы сутегі қышқылы мен 50 мл Р фосфор қышқылын қосады. Қоспаны кері тоназытқышпен 10 сағат бойы шыны колбада қыздырады, 150 г Р литий сульфатын, 50 мл Р су және бірнеше Р бром тамшысын қосады. Артық бром ажырағанға дейін қайнатады (15 мин), салқындатады, ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000 мл дейін жеткізеді және сүзгіден өткізеді. Реактив сары түске боялуы тиіс. Егер реактив жасыл түске боялса, пайдалану үшін жарамсыз болады, бірақ Р бром бірнеше тамшысымен қайнату арқылы қайта қалпына келтірілуі мүмкін. Артық бромды міндетті түрде қайнатып ажыратады.

2 °С-ден 8 °С-ге дейінгі температурада сақтайды.

Сұйылтылған фосфорлы-молибденді-вольфрамды реактив.

Р фосфорлы-молибденді-вольфрамды реактивті Р сумен (1:2) араластырады.

Фруктоза. $\text{C}_6\text{H}_{12}\text{O}_6$. (M_r 180,2). [57-48-7].

Ақ түсті немесе ақ түске ұқсас кристал ұнтақ.

Суда жеңіл ериді, 96 % этанолда ериді.

Фталазин. $C_8H_6N_2$. (M_r 130,1). [253-52-1].

Бозғылт сары түсті кристалдар. Суда жеңіл ериді, этанолда, этилацетатта және метанолда ериді.

Балқу температурасы $89\text{ }^\circ\text{C}$ -ден $92\text{ }^\circ\text{C}$ -ге дейін.

Фтал қышқылы. $C_8H_6O_4$. (M_r 166,1). [88-99-3]. Бензол-1,2-дикарбон қышқылы.

Ақ түсті немесе ақ түске ұқсас кристал ұнтақ. Ыстық суда және 96 % этанолда ериді.

Фтал альдегиді. $C_8H_6O_2$. (M_r 134,1). [643-79-8]. Бензол-1,2-дикарбоксальдегид.

Сары түсті кристал ұнтақ.

Балқу температурасы шамамен $55\text{ }^\circ\text{C}$.

Ауа өтпейтін, жарықтан қорғалған орында сақтайды.

Фтал альдегиді реактиві.

2,47 г *P* бор қышқылын 75 мл *P* суда ерітеді, 450 г/л *P* калий гидроксиді ерітіндісімен 10,4 мәніне дейін рН белгілейді және *P* сумен 100 мл мөлшеріне дейін жеткізеді. 1,0 г *P* фтал альдегидін 5 мл *P* метанолда ерітеді, дайындалған 95 мл бор қышқылы ерітіндісін және 2 мл *P* тиогликол қышқылын қосады және 450 г/л *P* калий гидроксиді ерітіндісімен рН мәнін 10,4 дейін жеткізеді.

Жарық түспейтін жерде сақталады.

Сақтау мерзімі 3 тәулік.

Фтал ангидриді. $C_8H_4O_3$. (M_r 148,1). [85-44-9]. Изобензофуран-1,3-дион.

Кемінде 99,0 % $C_8H_4O_3$ қамтиды.

Ақ түсті немесе ақ түске ұқсас ұлпек.

Қайнау температурасы $130\text{ }^\circ\text{C}$ -ден $132\text{ }^\circ\text{C}$ -ге дейін.

Сандық анықтау. 100 мл *P* суда 2,000 г ерітеді, кері тоңазытқышта 30 мин бойы қайнатады, салқындатады және индикатор ретінде *P* фенолфталеин ерітіндісін пайдалана отырып

кипятят с обратным холодильником в течение 30 мин, охлаждают и титруют 1 *M* натрий гидроксиді ерітіндісімен титрлейді.

1 мл 1 *M* натрий гидроксиді ерітіндісі 74,05 мг $C_8H_4O_3$ сәйкес келеді.

Фтал ангидриді ерітіндісі.

42 г *P* фтал ангидриді 300 мл *P* сусыз пиридинде ерітеді және 16 сағат бойы ұстайды.

Жарық түспейтін жерде сақталады.

Сақтау мерзімі 7 тәулік.

Фталеинді қызыл күрең. $C_{32}H_{32}N_2O_{12} \cdot xH_2O$. (M_r 637 сусыз субстанция үшін). [2411-89-4]. Метилфталеин. 2,2',2''-[*o*-Крезолфталеин-3',3''-бис(метиленинитрило)]

тетрасірке қышқылы. (1,3-Дигидро-3-оксо-изобензофуран-1-илиден)бис[(6-гидрокси-5-метил-3,1-фенилен)бис (метиленимино) дисірке қышқылы].

Сарғыш ақ түстен қоңырқай түске дейінгі аралықтағы ұнтақ. Суда мүлдем ерімейді, 96 % этанолда ериді. Реактив сатылымға натрий тұзы түрінде шығарылады: сарғыш ақ түстен қоңырқай түске дейінгі аралықтағы ұнтақ; суда ериді, 96 % этанолда мүлдем ерімейді.

Сезімталдығын сынақтан өткізу. 10 мг 1 мл *P* аммиакпен қоюландырылған ерітіндіде ерітеді және ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 100 мл дейін жеткізеді. Алынған 5 мл ерітіндіге 95 мл *P* су, 4 мл *P* аммиакпен қоюландырылған ерітінді, 50 мл 96 % *P* этанол және 0,1 мл 0,1 М барий хлориді ерітіндісін қосады; 0,15 мл 0,1 М натрий эдетат ерітіндісін қосқаннан кейін түссіз күйге өзгертін көк-күлгін түске боялады.

2-Фтор-2-дезоксидеокси-β-D-глюкоза. $C_6H_{11}FO_5$. (M_r 182,2). [86783-82-6].

Ақ түсті немесе ақ түске ұқсас кристал ұнтақ.

Балқу температурасы 174 °С-ден 176 °С-ге дейін.

2-Фтор-2-дезоксидеокси-β-D-манноза. $C_6H_{11}FO_5$. (M_r 182,1). [38440-79-8].

Түссіз жұмсақ зат.

Фтординитробензол. $C_6H_3FN_2O_4$. (M_r 186,1). [70-34-8]. 1-Фтор-2,4-динитробензол.

Бозғылт сары түсті кристалдар немесе сұйықтық. Пропиленгликольде ериді.

Балқу температурасы шамамен 29 °С.

Кемінде 99,0 % $C_6H_3FN_2O_4$ қамтиды. Анықтауды газды хроматография әдісімен жүргізеді.

1-Фтор-2-нитро-4-(трифторметил)-бензол. $C_7H_3F_4NO_2$. (M_r 209,1). [367-86-2].

Балқу температурасы шамамен 197 °С.

Фторсутек қышқылы. HF. (M_r 20,01). [7664-39-3].

Кемінде 40,0 % (м/м) HF қамтиды.

Мөлдір түссіз сұйықтық.

Қатты қыздырудан кейінгі қалдық. Кемінде 0,05 % (м/м).

Фторсутек қышқылын платинадан жасалған тигельде булайды, қалдығын тұрақты массаға дейін абайлап қатты қыздырады.

Сандық анықтау. 50,0 мл 1 М натрий гидроксиді ерітіндісі құйылған шыны берік кептелген қақпағы бар нақты дәл өлшенген колбаға 2 г фторсутек қышқылын қосады және салмағын өлшейді. Индикатор ретінде 0,5 мл *P* фенолфталеин ерітіндісін пайдалана отырып 0,5 М күкірт қышқылымен тиртлейді.

1 мл 1 М натрий гидроксиді ерітіндісі 20,01 мг HF сәйкес келеді.

Полиэтилен контейнерде сақтайды.

Фукоза. $C_6H_{12}O_5$. (M_r 164,2). [6696-41-9]. 6-Дезокси-1-L-галактоза.

Ақ түсті немесе ақ түске ұқсас ұнтақ. Суда және 96 % этанолда ериді.

[α] D₂₀ шамамен – 76.

Анықтауды 90 г/л ерітіндіде еріткеннен кейін 24 сағаттан кейін жүргізеді.

Балқу температурасы шамамен 140 °С.

Негізгі фуксин. [632-99-5].

Розанилин гидрохлориді (C₂₀H₂₀ClN₃; M_r 337,9; түсінің индексі (С. I.) № 42510; Шульц көрсеткіші № 780) мен пара-розанилин гидрохлоридінің (C₁₉H₁₈ClN₃; M_r 323,8; түсінің индексі № 42500; Шульц көрсеткіші № 779) қоспасы.

Қажет болған жағдайда мынадай тәсілмен тазартады: 1 г негізгі фуксинді 250 мл *P* сұйылтылған хлорлы сутегі қышқылында ерітеді, бөлме температурасында 2 сағат бойы ұстайды, сүзгіден өткізеді; алынған сүзіндіні *P* сұйылтылған натрий гидроксиді ерітіндісімен бейтараптандырады және оның 1 мл-ден 2 мл-ге дейін артық бөлігін қосады. Шыны сүзгі арқылы сүзгіден өткізеді (40) (2.1.1.2), тұнбаны *P* сумен жуады, алдын ала қайнауға дейін қыздырылған 70 мл *P* метанолда ерітеді және 80 °С температурада 300 мл *P* су қосады. Салқындатады және сүзгіден өткізеді; кристалдарды вакуумда кептіреді.

Жасыл-қола түсті жылтырайтын кристалдар. Суда және 96 % этанолда ериді.

Жарық түспейтін жерде сақталады.

Түссіздендірілген фуксин ерітіндісі.

0,1 г *P* негізгі фуксинді 60 мл *P* суда ерітеді, 1 г *P* сусыз натрий сульфитін немесе 10 мл *P* судағы 2 г *P* натрий сульфитін қамтитын ерітіндіні қосады. Баяу, тұрақты араластыра отырып 2 мл *P* хлорлы сутегі қышқылын қосады, ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 100 мл дейін жеткізеді.

Жарық түспейтін орында кемінде 12 сағат ұстайды, *P* белсендірілген көмірмен түссіздендіреді және сүзгіден өткізеді. Егер ерітінді лайланса, оны пайдаланар алдында сүзгіден өткізеді. Егер ерітіндіні бабына келтіру кезінде күлгін түске боялса, оны қайтадан *P* белсендірілген көмірмен түссіздендіреді.

Сезімталдығын сынақтан өткізу. 1,0 мл-ге 1,0 мл *P* су және 0,1 мл альдегидтері жоқ *P* спирт қосады. 0,1 г/л формальдегидті (CH₂O, M_r 30,0) қамтитын 0,2 ерітіндіні қосады. 5 мин ішінде ерітінді ашық қызғылт түске боялуы тиіс.

Жарық түспейтін орында сақтайды.

Фуксина обесцвеченный раствор Р1.

1 г *P* негізгі фуксинге 100 мл *P* су қосады, 50 °С температураға дейін қыздырады және әлсін-әлсін араластырып салқындатады. 48 сағат бойы ұстайды, араластырады және сүзгіден өткізеді. 4 мл сүзіндіге 6 мл *P* хлорлы қышқыл қосып, араластырады және ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 100 мл дейін жеткізеді. Ерітіндіні дайындап болғаннан соң 1 сағаттан кейін пайдаланады.

Фурфурол. C₅H₄O₂. (M_r 96,1). [98-01-1]. 2-Фуральдегид. 2-Фуранкарбальдегид.

Мөлдір майлы сұйықтық, түссіз немесе қоңыр-сары түсті. Судың 11 бөлігімен араласады, 96 % этанолмен араласады.

d 2020 1,155-тен 1,161-ге дейін.

Ажыратудың температуралық шектері (2.1.2.11). 159 °С және 163 °С; кемінде 95 % ажыратылуы тиіс.

Қараңғы орында сақтайды.

Хальконкарбон қышқылы. $C_{21}H_{14}N_2O_7S$. (M_r 438,4). [3737-95-9]. 2-Гидрокси-1-(2-гидрокси-4-сульфо-1-нафтилазо) нафталин-3-карбон қышқылы.

Қоңыр-қара түсті ұнтақ. Суда аз ериді, ацетонда және 96 % этанолда өте аз ериді, сұйылтылған натрий гидроксиді ерітінділерінде орташа ериді.

Хальконкарбон қышқылы индикаторлық қоспасы.

R хальконкарбон қышқылының бір бөлігін R натрий хлоридінің 99 бөлігімен араластырады.

Сезімталдығын сынақтан өткізу. 50 мг хальконкарбон қышқылы индикаторлық қоспасын 2 мл *R концентрацияланған натрий гидроксиді* ерітіндісі мен 100 мл *R су* қоспасында ерітеді; 1 мл *R магний сульфаты* 10 г/л ерітіндісі мен 0,1 мл *R кальций хлориді* 1,5 г/л ерітіндісін қосқан кезде күлгін түске ауысуы тиіс көк түс пайда болады; 0,15 мл *натрий эдетаті 0,01 M ерітіндісін* қосқан кезде қайтадан көк түске боялады.

Хинальдин қызылы. $C_{21}H_{23}IN_2$. (M_r 430,3). [117-92-0]. 2-[2-[4-(Диметиламино) фенил]этенил]-1-этилхинолин йодид.

Қанық көк-қара түсті ұнтақ. Суда орташа ериді, 96 % этанолда жеңіл ериді.

Хинальдинды қызыл ерітіндісі.

0,1 г *R хинальдин қызылын R метанолда* ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100 мл дейін жеткізеді.

Түсін өзгертуі. рН 1,4-3,2 интервалда түссіз күйден қызыл түске дейін.

Хингидрон. $C_{12}H_{10}O_4$. (M_r 218,2). [106-34-3]. 1,4-бензохинон мен гидрохинонның эквимолекулярлық қосылысы.

Жылтыр кристалдар немесе қанық-жасыл түсті кристал ұнтақ. Суда аз ериді, қайнаған суда орташа ериді, 96 % этанолда және концентрацияланған аммиак ерітіндісінде ериді.

Балқу температурасы шамамен 170 °С.

Хинидин. $C_{20}H_{24}N_2O_2$. (M_r 324,4). [56-54-24]. (S)-(6-Метоксихинол-4-ил) [(2R,4S,5R)5-винилхинукли-дин-2-ил]метанол.
$C_4H_{10}O_2$. (M_r 90,1). [110-80-5]. 2-Этоксиэтанол.

Кемінде 99,0 % $C_4H_{10}O_2$ қамтиды.

Мөлдір түссіз сұйықтық. Сумен, ацетонмен және 96 % этанолмен араласады.

$d_{20/20}$ шамамен 0,93.

n_{D20} шамамен 1,406.

Қайнау температурасы шамамен 135 °С.

Этилендиамин. $C_2H_8N_2$. (M_r 60,1). [107-15-3]. Этан-1,2-диамин.

Мөлдір түссіз түтіндейтін сұйықтық; күшті сілтілік реакциясы бар.

Сумен және 96 % этанолмен араласады.

Қайнау температурасы шамамен 116 °С.

(Этилендинитрил)тетра-сірке қышқылы. $C_{10}H_{16}N_2O_8$. (M_r 292,2). [60-00-4]. N,N-1,2-этандинилбис[N-(карбоксиметил)глицин]. Эдет қышқылы.

Ақ түсті немесе ақ түске ұқсас кристал ұнтақ. Суда өте аз ериді.

Ыдырап балқу температурасы шамамен 250 °С.

Этиленоксид. C_2H_4O . (M_r 44,05). [75-21-8]. Оксиран.

Түссіз тұтанғыш газ. Суда және сусыз этанолда өте жеңіл ериді.

Сұйылту температурасы шамамен 12 °С.

Этиленоксид ерітіндісі.

Салқындатылған Р этиленоксид негізгі ерітіндісінің 2,5 мг этиленоксидке сәйкес келетін мөлшерін салқындатылған колбада өлшейді және 200 Р1 макроголмен 50,0 г дейін жеткізеді, мұқият араластырады. Алынған 2,5 г ерітіндіні 200 Р1 макроголмен 25,0 мл (1 г ерітіндіде 5 мкг этиленоксид) мөлшеріне дейін жеткізеді.

Тікелей пайдалану алдында дайындайды.

Ерітіндіні Р этиленоксид негізгі ерітіндісінің орнына қолайлы коммерциялық реактивті пайдаланып, араластыру арқылы дайындауға болады.

Р1 этиленоксид ерітіндісі.

1,0 мл (нақты ілмек) салқындатылған Р этиленоксид негізгі ерітіндісін 200 Р1 макроголмен 50,0 мл мөлшеріне дейін жеткізеді және мұқият араластырады. Алынған 2,5 ерітіндіні 200 Р1 макроголмен 25,0 мл мөлшеріне дейін жеткізеді. ppm-да

этиленоксидті қамтуын 1,127-ге тең *200 P1 макроголдың* тығыздығын қолдана отырып өлшеп анықтаған мөлшерден есептеп шығарады.

Тікелей пайдалану алдында дайындайды.

Ерітіндіні Р этиленоксид негізгі ерітіндісінің орнына қолайлы коммерциялық реактивті пайдаланып, араластыру арқылы дайындауға болады.

Р2 этиленоксид ерітіндісі.

1,00 г салқындатылған *P этиленоксид негізгі ерітіндісін* (2,5 мг этиленоксидке сәйкес келеді) ішінде 40,0 г салқындатылған *200 P1 макрогол* бар алдын ала ілінген колбаға құйып, араластырады. Нақты массасын анықтайды және 1 г ерітіндіде 50 мкг этиленоксидті қамтитын ерітінді алу үшін есептелген массаға дейін сұйылтады. 10,00 г өлшеп алады, ішінде шамамен 30 мл *P су* бар колбаға салады, араластырады және *P сумен* мөлшерін 50,0 мл (10 мкг/мл этиленоксид) дейін жеткізеді.

Тікелей пайдалану алдында дайындайды.

Ерітіндіні Р этиленоксид негізгі ерітіндісінің орнына қолайлы коммерциялық реактивті пайдаланып, араластыру арқылы дайындауға болады.

Р3 этиленоксид ерітіндісі.

10,0 мл *P2 этиленоксид ерітіндісін P сумен* мөлшерін 50,0 мл (2 мкг/мл этиленоксид) дейін жеткізеді.

Тікелей пайдалану алдында дайындайды.

Р4 этиленоксид ерітіндісі.

10,0 мл *P1 этиленоксид негізгі ерітіндісін P сумен* мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді. **Алынған 1,0** мл ерітіндіні *P сумен* мөлшерін 25,0 мл дейін жеткізеді.

Этиленоксид негізгі ерітіндісі.

Ерітінділерді дайындау бойынша барлық операцияларды сорып шығаратын шкафта орындайды. Қолды және бетті полиэтилен қорғаныш қолғаптары мен бетке арналған қолайлы маска киіп қорғайды. Ерітінділерді тоңазытқышта 4 °С - 8 °С аралығындағы температурада ауа өткізбейтін контейнерде сақтайды. Барлық сынақтар үш рет өткізіледі.

Р натрий хлориді 1 бөлігі мен ұсақталған мұздың 3 бөлігі қоспасымен салқындатылған құрғақ таза тест-түтікке Р газ тәрізді *этиленоксид ағынын тест-түтіктің ішкі қабырғасында конденсациялануға мүмкіндік тудыра отырып баяу енгізеді. Алдын ала -10 °С температураға дейін салқындатылған шыны шприцтің көмегімен 50 мл P1 200 макроголдағы сұйық P этиленоксидті шамамен 300 мкл (шамамен 0,25 г этиленоксидке сәйкес келеді) енгізеді. Абсорбталған этиленоксид мөлшерін абсорбцияға (Meo) дейін және одан кейін өлшеп анықтайды. P1 200 макроголмен мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді. Пайдаланар алдында мұқият араластырады.*

Сандық анықтау. P сусыз этанолдағы 500 г/л Р магний хлориді 10 мл суспензиясына 20,0 мл спиртті 0,1M хлорлы сутегі қышқылын қосады. Колбаны тығындап жабады, қаныққан ерітінді алынғанға дейін сілкіп шайқап араластырады және тепе-теңдікке қол

жеткізу үшін түні бойы ұстайды. 2,5 г/л *P* этиленоксидтің 5,00 г негізгі ерітіндісін колбаға құяды, өлшейді, 30 ми бойы ұстайды және потенциометриялық спиртті 0,1 М калий гидроксиді ерітіндісімен титрлейді (2.1.2.19).

Этиленоксид негізгі ерітіндісінің орнына осындай мөлшердегі P1 200 макроголды пайдалана отырып қорытынды тәжірибе жүргізеді.

Бір граммадағы этиленоксидтің миллиграмдағы қамтылуын мына формула бойынша есептейді:

$$\frac{(V_0 - V_{1_1} \cdot f \cdot 4,404)}{m}$$

мұндағы: V_0 , V_1 — тиісінше қорытынды титрлеуге және сынақтан өткізілетін ерітіндіге жұмсалған 0,1М спиртті калий гидроксидінің мөлшері;

f — 0,1М спиртті калий гидроксиді ерітіндісінің молярлыққа түзету коэффициенті;

m — сынақтан өткізілетін үлгінің граммадағы ілінген массасы.

P1 этиленоксид негізгі ерітіндісі.

P метанолдағы 50 г/л *P* этиленоксид ерітіндісі.

Не жарамды коммерциялық реактивті пайдаланады, не жоғарыдағы құрамға сәйкес келетін ерітіндіні дайындайды.

P2 этиленоксид негізгі ерітіндісі.

P метиленхлоридтағы 50 г/л *P* этиленоксид ерітіндісі.

Не жарамды коммерциялық реактивті пайдаланады, не жоғарыдағы құрамға сәйкес келетін ерітіндіні дайындайды.

Этиленхлорид. $C_2H_4Cl_2$. (M_r 99,0). [107-06-2].

1,2-Дихлорэтан.

Мөлдір түссіз сұйықтық. Шамамен судың 120 бөлігінде және 96 % этанолдың 2 бөлігінде ериді.

d_{20}^{20} шамамен 1,25.

Ажыратудың температуралық шектері (2.1.2.11). 82 °С-ден 84 °С-ге дейін; кемінде 95 % ажырауы керек.

N-Этилмалеимид. $C_6H_7NO_2$. (M_r 125,1). [128-53-0]. 1-Этил-1 *H*-пиррол-2,5-дион.

Түссіз кристалдар. Суда орташа ериді, 96 % этанолда жеңіл ериді.

Балқу температурасы 41 °С-ден 45 °С-ге дейін.

2 °С-ден 8 °С-ге дейінгі температурада сақтайды.

Этилметансульфонат. $C_3H_8O_3S$. (M_r 124,2). [62-50-0].

Мөлдір түссіз сұйықтық.

Кемінде 99,0 % $C_3H_8O_3S$ қамтиды.

Тығыздығы шамамен $1,206 \text{ г/см}^3$ ($20 \text{ }^\circ\text{C}$).

n_{D20} шамамен 1,418.

Қайнау температурасы шамамен $213 \text{ }^\circ\text{C}$.

Этилметилкетон. [78-93-3].

Қараңыз: Метилэтилкетон Р.

2-Этил-2-метилянтарь қышқылы. $\text{C}_7\text{H}_{12}\text{O}_4$. (M_r 160,2). [631-31-2]. 2-Этил-2-метилбутандикарбон қышқылы.

Балқу температурасы $104 \text{ }^\circ\text{C}$ -ден $107 \text{ }^\circ\text{C}$ -ге дейін.

Этилпарагидроксибензоат. $\text{C}_9\text{H}_{10}\text{O}_3$. (M_r 166,2). [120-47-8]. Этил-4-гидроксибензоат

Кемінде $98,0 \%$ және $102,0 \%$ артық емес $\text{C}_9\text{H}_{10}\text{O}_3$ қамтиды.

Ақ түсті немесе ақ түске ұқсас, кристалды ұнтақ немесе түссіз кристалдар.

Суда өте аз ериді, 96% этанолда және метанолда жеңіл ериді.

2-Этилпиридин. $\text{C}_7\text{H}_9\text{N}$ (M_r 107,2). [100-71-0]. Түссіз немесе қоңыр түсті сұйықтық.

d_{2020} шамамен 0,939.

n_{D20} шамамен 1,496.

Қайнау температурасы шамамен $149 \text{ }^\circ\text{C}$.

Этилформиат. $\text{C}_3\text{H}_6\text{O}_2$. (M_r 74,1). [109-94-4]. Этилметаноат.

Мөлдір түссіз тұтанғыш сұйықтық. Суда жеңіл ериді, 96% этанолмен араласады.

d_{2020} шамамен 0,919.

n_{D20} шамамен 1,36.

Қайнау температурасы шамамен $54 \text{ }^\circ\text{C}$.

Этилцианоацетат. $\text{C}_5\text{H}_7\text{NO}_2$. (M_r 113,1). [105-56-6].

Түссіз немесе ашық сары түсті сұйықтық. Суда аз ериді, 96% этанолмен араласады.

Ыдырап қайнау температурасы $205 \text{ }^\circ\text{C}$ -ден $209 \text{ }^\circ\text{C}$ -ге дейін.

Этион. $\text{C}_9\text{H}_{22}\text{O}_4\text{P}_2\text{S}_4$. (M_r 384,5). [563-12-2].

Балқу температурасы $-24 \text{ }^\circ\text{C}$ -ден $-25 \text{ }^\circ\text{C}$ -ге дейін.

Стандартты үлгідегі (циклогександағы 10 нг/мкл) қолайлы ерітінді пайдаланылуы мүмкін.

Этоксихризоидин гидрохлориді.

$\text{C}_{14}\text{H}_{17}\text{ClN}_4\text{O}$. (M_r 292,8). [2313-87-3]. 4-[(4-Эток- сифенил)-диазенил]фенилен-1,3-диамина гидрохлорид.

Қызыл түсті ұнтақ. 96% этанолда ериді.

Этоксихризоидин ерітіндісі.

Р 96% этанолдағы 1 г/л ерітінді.

Сезімталдығын сынақтан өткізу. 5 мл *P* сұйылтылған хлорлы сутегі қышқылы мен 0,05 мл этоксихризоидин ерітіндісі қоспасына 0,05 мл 0,0167 М раствора бромид-бромат ерітіндісін қосады. Ерітінді 2 мин ішінде қызыл түстен ашық сары түске өзгеруі тиіс.

Бұқаның эуглобулиндері.

Антикоагулянт ерітіндісінде (мысалы, натрий цитраты ерітіндісі) жиналған бұқаның жаңа алынған қанын пайдаланады. Кез келген гемолизденген қанды алып тастайды. Құрамында тромбоциттері аз плазма супернатантын алу үшін 15 °С - 20 °С аралығындағы температурада 1500g - 1800g аралығындағы жылдамдықта центрифугалайды.

1 л бұқа плазмасына 75 г *P* барий сульфатын қосады, 30 мин сілкіп шайқайды, содан кейін 15 °С - 20 °С аралығындағы температурада 1500g - 1800g аралығындағы жылдамдықта центрифугалайды және мөлдір тұнба сұйықтықты ажыратып алады. 0,2 мг/мл *P* аprotинин 10 мл ерітіндісін қосады, араласқанға дейін сілкіп шайқайды. Минималды сыйымдылығы 30 л контейнерге 4 °С температурадағы камерада 4 °С температураға дейін салқындатылған 25 л *P* тазартылған су құяды, шамамен 500 г қатты көміртегі диоксидін қосады және тез арада араластыру кезінде плазмадан алынған тұнба сұйықтықты қосады. Ақ түсті шөгінді пайда болады. Тұндыру үшін 4 °С температурада 10 сағ – 15 сағ аралығында ұстайды. Мөлдір тұнба сұйықтықты сифонның көмегімен ажыратып алады. 4 °С температурада центрифугалап шөгіндіні жинап алады. Шөгіндіні 4 °С температурада 500 мл *P* тазартылған суда механикалық диспергациялап суспензиялайды, 5 мин бойы сілкіп шайқайды және 4 °С температурада шөгіндіні центрифугалап ажыратып алады. Шөгіндіні 9 г/л *P* натрий хлориді мен 0,9 г/л *P* натрий цитратын қамтитын 60 мл ерітіндіде механикалық диспергациялайды, 10 г/л *P* натрий гидроксиді рН ерітіндісімен 7,2 - 7,4 мәніне дейін жеткізеді және шыны сүзгі арқылы сүзгіден өткізеді (2.1.1.2). Алынған шөгіндіні үккіште ұнтақтайды, сүзгі мен үккішті 9 г/л *P* натрий хлориді мен 0,9 г/л *P* натрий цитратын қамтитын 40 мл ерітіндіде жуады, осы ерітіндімен мөлшерін 100 мл дейін жеткізеді және лиофилдейді. Әдетте 1000 мл бұқа плазмасынан 6 г - 8 г аралығында эуглобулин шығады.

Жарамдылығын сынау. 30 г/л *P* бұқа альбуминін қамтитын рН 7,4 *P* фосфатты буферлік ерітіндіні пайдалана отырып ерітінді дайындайды.

37 °С температурада сулы моншаға орналастырылған диаметрі 8 мм тест-түтікке 100 МЕ/мл қамтитын 0,2 мл урокиназ салыстыру ерітіндісі мен 20 МЕ/мл қамтитын 0,1 мл *P* адам тромбині ерітіндісін қосады. Тез арада миллилитрде 10 мг бұқа эуглобулинін қамтитын 0,5 мл ерітіндіні қосады. 10 с аспайтын уақыт ішінде тығыз ұйынды қалыптасуы тиіс. Бұқа эуглобулині ерітіндісін қосқан және ұйынды бұзылған аралықта өткен уақытты белгілейді. Лизис уақыты 15 мин аспауы тиіс.

4 °С температурада құрғақ орында сақтайды.

Сақтау мерзімі 1 жыл.

Адам эуглобулиндері.

Дайындау үшін антикоагулянт ерітіндісінде (мысалы, натрий цитраты ерітіндісі) жиналған адамның жаңадан алынған қанын немесе сақтау мерзімі енді ғана өткен қанға арналған пластмасса контейнерде алынған құюға арналған адам қанын пайдаланады. Кез келген гемолизденген қанды шығарып тастайды. Құрамында тромбоциттері аз плазма супернатантын алу үшін 15 °С температурада 1500g - 1800g аралығындағы жылдамдықта центрифугалайды. Бір қан тобынан алынған плазманы араластыруға рұқсат етіледі.

1 л плазмаға 75 г *Р барий сульфатын* қосып, 30 мин бойы шайқайды, содан кейін 15 °С температурада кемінде 15000g жылдамдықпен центрифугалайды және мөлдір тұнба сұйықтықты бөліп шығарады. 0.2 мг/мл *Р аprotинин* 10 мл ерітіндісін қосып, араласқанға дейін сілкіп шайқайды. Минималды сыйымдылығы 30 л контейнерге 4 °С температурадағы камерада 4 °С температураға дейін салқындатылған 25 л *Р* тазартылған су құяды, шамамен 500 г қатты көміртегі диоксидін қосады және тез арада араластыру кезінде плазмадан алынған тұнба сұйықтықты қосады; ақ түсті шөгінді пайда болады. Тұндыру үшін 4 °С температурада 10 сағ – 15 сағ қалдырады. Мөлдір тұнба сұйықтықты сифонның көмегімен ажыратып алады. 4 °С температурада центрифугалап шөгіндіні жинап алады. Шөгіндіні 4 °С температурада 500 мл *Р* тазартылған суда механикалық диспергациялап суспензиялайды, 5 мин бойы сілкіп шайқайды және 4 °С температурада шөгіндіні центрифугалап ажыратып алады. Шөгіндіні 9 г/л *Р* натрий хлориді мен 0,9 г/л *Р* натрий цитратын қамтитын 60 мл ерітіндіде механикалық диспергациялайды және *Р* натрий гидроксиді рН ерітіндісімен 7,2 - 7,4 мәніне дейін жеткізеді. Шыны сүзгі арқылы сүзгіден өткізеді (2.1.1.2). Алынған шөгіндіні қолайлы аспаппен ұнтақтайды. Сүзгі мен аспапты 9 г/л *Р* натрий хлориді мен 0,9 г/л *Р* натрий цитратын қамтитын 40 мл ерітіндіде жуады, осы ерітіндімен мөлшерін 100 мл дейін жеткізеді. Лиофилдейді. Әдетте 1000 мл адам плазмасынан 6 г - 8 г аралығында эуглобулин шығады.

Жарамдылығын сынау. Сынақтан өткізу үшін 30 г/л *Р бұқа альбуминін қамтитын рН 7,2 Р фосфатты буферлік ерітіндіні пайдалана отырып ерітінді дайындайды.* 37 °С температурада сулы моншаға орналастырылған диаметрі 8 мм тест-түтікке 10 МЕ/мл белсенді стрептокиназды қамтитын 0,1 мл стрептокиназ салыстыру ерітіндісі мен 20 МЕ/мл қамтитын 0,1 мл *Р адам тромбині* ерітіндісін қосады. Тез арада 10 мг/мл адам эуглобулинін қамтитын 1 мл ерітіндіні қосады. 10 с аспайтын уақыт ішінде тығыз ұйынды қалыптасуы тиіс. Адам эуглобулині ерітіндісін қосқан және ұйынды бұзылған аралықта өткен уақытты белгілейді. Лизис уақыты 15 мин аспауы тиіс.

4 °С температурада ауа өткізбейтін контейнерде сақтайды.

Сақтау мерзімі 1 жыл.

Эфир. $C_4H_{10}O$. (M_r 74,1). [60-29-7].

Мөлдір түсіз, ұшпа, өте сырғымалы, жеңіл тұтанатын сұйықтық. Ылғал тартқыш, суда ериді, 96 % этанолмен араласады.

d 2020 0,713-тен 0,715-ке дейін.

Қайнау температурасы 34 °С-ден 35 °С-ге дейін.

Егер эфир пероксидтерге сынаққа шыдамсыз болса, айдамайды.

Пероксидтер. 8 мл Р калий йодидті крахмал ерітіндісін тығынмен бекітілген сыйымдылығы 12 мл және диаметрі шамамен 1,5 см шыны цилиндрге құяды. Цилиндрдің көлемін толығымен сынақтан өткізілетін эфирмен толтырады, жылдам қарқынмен араластырады және 30 мин бойы қараңғы жерде ұстайды. Түсін өзгертпеуі тиіс.

Кез келген қосылған тұрақтандырғыштың атауы мен концентрациясы заттаңбада көрсетілуі тиіс.

Жарық түспейтін орында 15 °С аспайтын температурада ауа өткізбейтін контейнерде сақтайды.

Пероксидтер қосылмаған эфир. $C_4H_{10}O$. (M_r 74,1). Наркозға арналған эфир.

Тиісті концентрацияда жарамды ұшпайтын антиоксиданттың болуына рұқсат етілген диэтил эфир.

Мөлдір, түссіз, ұшпа, өте сырғымалы сұйықтық.

Судың 15 бөлігінде ериді, 96 % этанолмен және майлы майлармен араласады.

Янтарь қышқылы. $C_4H_6O_4$. (M_r 118,1). [110-15-6]. Бутандикарбон қышқылы.

Ақ түсті немесе ақ түске ұқсас кристал ұнтақ немесе түссіз кристалдар. Суда және 96 % этанолда ериді.

Балқу температурасы 184 °С-ден 187 °С-ге дейін.

2020 1002-2019

2.2.1.2. Шекті қосындыларды қамтитын сынақ өткізуге арналған стандартты ерітінділер

Стандартты ерітінділерде жақша ішінде иондардың/элементтердің сандық құрамы көрсетілген. Иондар үшін зарядтың сандық мәні, одан кейін заряд белгісі ("+" немесе "-") көрсетіледі, мысалы, палладий ионы стандартты ерітіндісі (500 ppm Pd^{2+}) — палладий хлориді ерітіндісі. Күрделі иондардың/кешенді қосылыстардың құрамына енетін элементтер үшін олардың қышқылдану деңгейі, яғни шартты заряд белгісі ("+" немесе "-"), одан кейін сандық мәні көрсетіледі. Мысалы, палладий стандартты ерітіндісі (20 ppm Pd^{+2}) — $H_2[PdCl_4]$ кешені ерітіндісі.

Алюминий иондары стандартты ерітіндісі (200 ppm Al^{3+}).

P алюминий-калий сульфатының 0,352 г $\text{AlK}(\text{SO}_4)_2 \cdot 12\text{H}_2\text{O}$ эквивалентті мөлшерін P суда ерітеді, 10 мл P сұйылтылған күкірт қышқылын қосады және ерітіндінің мөлшерін P сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Алюминий иондары стандартты ерітіндісі (100 ppm Al^{3+}).

8,947 г P алюминий хлоридін P суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында 10 рет P сумен ерітеді.

Алюминий иондары стандартты ерітіндісі (10 ppm Al^{3+}).

P алюминий нитратының 1,39 г $\text{Al}(\text{NO}_3)_3 \cdot 9\text{H}_2\text{O}$ эквивалентті мөлшерін P суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында 10 рет P сумен ерітеді.

Алюминий иондары стандартты ерітіндісі (2 ppm Al^{3+}).

P алюминий-калий сульфатының 0,352 г $\text{AlK}(\text{SO}_4)_2 \cdot 12\text{H}_2\text{O}$ эквивалентті мөлшерін 10 мл P сұйылтылған күкірт қышқылында ерітеді және ерітіндінің мөлшерін P сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында 10 рет P сумен ерітеді.

Аммоний иондары стандартты ерітіндісі (200 ppm NH_4^+).

Тұрақты массаға дейін күкірт қышқылымен эксикаторда кептірілген 0,593 г P аммоний хлоридін сыйымдылығы 1000 мл өлшеуіш колбаға құяды, P суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл жеткізіп, араластырады.

Аммоний иондары стандартты ерітіндісі (100 ppm NH_4^+).

P аммоний хлоридінің 0,741 г NH_4Cl эквивалентті мөлшерін P суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Алынған 10,0 мл ерітіндіні тікелей пайдалану алдында P сумен мөлшерін 25,0 мл дейін жеткізеді.

Аммоний иондары стандартты ерітіндісі (3 ppm NH_4^+).

P аммоний хлоридінің 0,889 г NH_4Cl эквивалентті мөлшерін P суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында 100 рет P сумен ерітеді.

Аммоний иондары стандартты ерітіндісі (2 ppm NH_4^+).

1 мл P аммоний ионы стандартты ерітіндісін (200 ppm NH_4^+) P сумен мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізіп, араластырады. Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында дайындайды.

Аммоний иондары стандартты ерітіндісі (2,5 ppm NH_4^+).

P аммоний хлоридінің 0,741 г NH_4Cl эквивалентті мөлшерін P суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында 100 рет *P* сумен ерітеді.

Аммоний иондары стандартты ерітіндісі (1 ppm NH₄⁺).

P аммоний иондары стандартты ерітіндісін (2,5 ppm) тікелей пайдалану алдында *P* сумен 2,5 рет сұйылтады.

Ацетальдегид стандартты ерітіндісі (100 ppm C₂H₄O).

1,0 г *P* ацетальдегидті *P* 2-пропанолда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді. Алынған 5,0 мл ерітіндінің мөлшерін *P* 2-пропанолмен 500,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында дайындайды.

P1 ацетальдегид стандартты ерітіндісі (100 ppm C₂H₄O).

1,0 г *P* ацетальдегидті *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді. Алынған 5,0 мл ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 500,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында дайындайды.

Барий иондары стандартты ерітіндісі (0,1 % Ba²⁺).

P барий хлоридінің 0,178 г BaCl₂·2H₂O эквивалентті мөлшерін *P* тазартылған суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

Барий иондары стандартты ерітіндісі (50 ppm Ba²⁺).

P барий хлоридінің 0,178 г BaCl₂·2H₂O эквивалентті мөлшерін *P* тазартылған суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *P* тазартылған сумен 20 рет сұйылтады.

Барий иондары стандартты ерітіндісі (2 ppm Ba²⁺).

P барий иондары стандартты ерітіндісін (50 ppm Ba²⁺) тікелей пайдалану алдында *P* тазартылған сумен 25 рет сұйылтады.

Ванадий стандартты ерітіндісі (1 г/л V⁺⁵).

P аммоний ванадаттың 0,230 г NH₄VO₃ эквивалентті мөлшерін *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

Висмут иондары стандартты ерітіндісі (100 ppm Bi³⁺).

P висмуттың 0,500 г Bi эквивалентті мөлшерін 50 мл *P* азот қышқылында ерітеді және ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 500,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *P* сұйылтылған азот қышқылымен 10 рет сұйылтады.

Сутегі пероксиді стандартты ерітіндісі (10 ppm H₂O₂).

10,0 мл *P* сұйылтылған сутегі пероксиді ерітіндісінің мөлшерін *P* сумен 300,0 мл дейін жеткізеді. Алынған 10,0 мл ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында дайындайды.

Сутегі пероксиді стандартты ерітіндісі (2 ppm H_2O_2).

10,0 мл Р сұйылтылған сутегі пероксиді ерітіндісінің мөлшерін Р сумен 300,0 мл дейін жеткізеді. Алынған 2,0 мл ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында дайындайды.

Германий стандартты ерітіндісі (100 ppm Ge^{+4}).

Р аммоний гексафторгерманаттың(IV) 0,307 г $(\text{NH}_4)_2\text{GeF}_6$ эквивалентті мөлшерін Р фторлы сутегі қышқылы 0,01 % (об/об) ерітіндісінде ерітеді және мөлшерін Р сумен 1000 мл дейін жеткізеді.

Глиоксаль стандартты ерітіндісі (20 ppm $\text{C}_2\text{H}_2\text{O}_2$).

Р глиоксаль ерітіндісінің 0,200 г $\text{C}_2\text{H}_2\text{O}_2$ эквивалентті мөлшерін өлшеуіш колбада өлшейді және ерітіндінің мөлшерін Р сусыз этанолмен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында Р сусыз этанолмен 100 рет сұйылтады.

Глиоксаль стандартты ерітіндісі (2 ppm $\text{C}_2\text{H}_2\text{O}_2$).

Р глиоксаль стандартты ерітіндісін (20ppm $\text{C}_2\text{H}_2\text{O}_2$) тікелей пайдалану алдында Р сусыз этанолмен 10 рет сұйылтады.

Темір иондары стандартты ерітіндісі (0,1 % Fe^{2+}).

0,100 г Fe тең көлемдегі Р хлорлы сутегі қышқылы мен Р су қоспасының минималды қажетті мөлшерінде ерітеді және мөлшерін Р сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Темір иондары стандартты ерітіндісі (250 ppm Fe^{3+}).

4,840 г Р темір(III) хлоридін 150 г/л Р хлорлы сутегі қышқылында ерітеді және осы қышқылмен мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында Р сумен 40 рет сұйылтады.

Темір иондары стандартты ерітіндісі (20 ppm Fe^{3+}).

Р темір(III) аммоний сульфатының 0,863 г $\text{FeNH}_4(\text{SO}_4)_2 \cdot 12\text{H}_2\text{O}$ эквивалентті мөлшерін 25 мл Р сұйылтылған күкірт қышқылында ерітеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 500,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында Р сумен 10 рет сұйылтады.

Темір иондары стандартты ерітіндісі (10 ppm Fe^{3+}).

Р темір(III) аммоний сульфатының 7,022 г $\text{FeNH}_4(\text{SO}_4)_2 \cdot 6\text{H}_2\text{O}$ эквивалентті мөлшерін 25 мл Р сұйылтылған күкірт қышқылында ерітеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында Р сумен 100 рет сұйылтады.

Темір иондары стандартты ерітіндісі (8 ppm Fe^{2+}).

80 мг *P* темірді 50 мл 220 г/л *P* хлорлы сутегі қышқылында ерітеді және ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *P* сумен 10 рет сұйылтады.

Темір иондары стандартты ерітіндісі (2 ppm Fe³⁺).

P темір иондары стандартты ерітіндісін (20ppm Fe³⁺) тікелей пайдалану алдында *P* сумен 10 рет сұйылтады.

Йодид-иондары стандартты ерітіндісі (10 ppm I).

P калий йодидінің 0,131 г KI эквивалентті мөлшерін *P* суда ерітеді және осы еріткішпен мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *P* сумен 100 рет сұйылтады.

Кадмий иондары стандартты ерітіндісі (0,1 % Cd²⁺).

P кадмийдің 0,100 г Cd эквивалентті мөлшерін тең көлемдегі *P* хлорлы сутегі қышқылы мен *P* судың минималды қажетті мөлшерінде ерітеді және 1 % (об/об) *P* хлорлы сутегі қышқылымен мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

Кадмий иондары стандартты ерітіндісі (10 ppm Cd²⁺).

Кадмий иондары стандартты ерітіндісін (0,1 % Cd²⁺) тікелей пайдалану алдында 1 % (об/об) P хлорлы сутегі қышқылымен 100 рет сұйылтады.

Калий иондары стандартты ерітіндісі (0,2 % K⁺).

P калий сульфатының 0,446 г K₂SO₄ эквивалентті мөлшерін *P* тазартылған суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

Калий иондары стандартты ерітіндісі (600 ppm K⁺).

P калий сульфатының 2,676 г K₂SO₄ эквивалентті мөлшерін 100,0 мл *P* суда ерітеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *P* сумен 20 рет сұйылтады.

Калий иондары стандартты ерітіндісі (100 ppm K⁺).

P калий сульфатының 0,446 г K₂SO₄ эквивалентті мөлшерін 100,0 мл *P* суда ерітеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *P* сумен 20 рет сұйылтады.

Калий иондары стандартты ерітіндісі (20 ppm K⁺).

Калий иондары стандартты ерітіндісін (100 ppm K⁺) тікелей пайдалану алдында P сумен 5 рет сұйылтады.

Кальций иондары стандартты ерітіндісі (400 ppm Ca²⁺).

P кальций карбонатының 1,000 г CaCO₃ эквивалентті мөлшерін 23 мл 1 М хлорлы сутегі қышқылында ерітеді және ерітіндінің мөлшерін *P* тазартылған сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *P* тазартылған сумен 10 рет сұйылтады.

Кальций иондары стандартты ерітіндісі (100 ppm Ca²⁺).

P кальций карбонатының 0,624 г CaCO₃ эквивалентті мөлшерін 3 мл *P* сірке қышқылында ерітеді және ерітіндінің мөлшерін *P* тазартылған сумен 250,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *P* тазартылған сумен 10 рет сұйылтады.

P1 кальций иондары стандартты ерітіндісі (100 ppm Ca²⁺).

P сусыз кальций хлоридінің 2,769 г CaCl₂ эквивалентті мөлшерін *P* сұйылтылған хлорлы сутегі қышқылында ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *P* сумен 10 рет сұйылтады.

Кальций иондарының спиртті стандартты ерітіндісі (100 ppm Ca²⁺).

P кальций карбонатының 2,50 г CaCO₃ эквивалентті мөлшерін 12 мл *P* сірке қышқылында ерітеді және ерітіндінің мөлшерін *P* тазартылған сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *P* 96 % этанолмен 10 рет сұйылтады.

Кальций иондары стандартты ерітіндісі (10 ppm Ca²⁺).

P кальций карбонатының 0,624 г CaCO₃ эквивалентті мөлшерін 3 мл *P* сірке қышқылымен ерітеді және ерітіндінің мөлшерін *P* тазартылған сумен 250,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *P* тазартылған сумен 100 рет сұйылтады.

Кобальт иондары стандартты ерітіндісі (100 ppm Co²⁺).

P кобальт нитратының 0,494 г Co(NO₃)₂•6H₂O эквивалентті мөлшерін 500 мл 1M азот қышқылы ерітіндісінде ерітеді және мөлдір ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 1000 мл дейін жеткізеді.

Магний иондары стандартты ерітіндісі (0,1 % Mg²⁺).

P магний сульфатының 1,010 г MgSO₄•7H₂O эквивалентті мөлшерін *P* тазартылған суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

Магний иондары стандартты ерітіндісі (1000 ppm Mg²⁺).

5,275 г *P* магний нитратын 16 мл *P* сұйылтылған азот қышқылымен ерітеді және ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 500,0 мл дейін жеткізеді.

Стандарттау. Магнийді анықтауды кешенді метрикалық жүргізеді (2.5.11).

Магний иондары стандартты ерітіндісі (100 ppm Mg²⁺).

P магний сульфатының 1,010 г MgSO₄-7H₂O эквивалентті мөлшерін *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *P* сумен 10 рет сұйылтады.

Магния иондары стандартты ерітіндісі (10 ppm Mg²⁺).

P магний иондары стандартты ерітіндісін (100 ppm Mg^{2+}) тікелей пайдалану алдында P сумен 10 рет сұйылтады.

P1 магний иондары стандартты ерітіндісі (10 ppm Mg^{2+}).

8,365 г P магний хлоридін P сұйылтылған хлорлы сутегі қышқылында ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында P сумен 100 рет сұйылтады.

Марганец иондары стандартты ерітіндісі (1000 ppm Mn^{2+}).

Марганец сульфатының 3,08 г $\text{MnSO}_4 \cdot \text{H}_2\text{O}$ эквивалентті мөлшерін 500 мл 1 M азот қышқылы ерітіндісімен ерітеді және ерітіндінің мөлшерін P сумен 1000 мл дейін жеткізеді.

Марганец иондары стандартты ерітіндісі (100 ppm Mn^{2+}).

Марганец сульфатының 0,308 г $\text{MnSO}_4 \cdot \text{H}_2\text{O}$ эквивалентті мөлшерін 500 мл 1 M азот қышқылы ерітіндісінде ерітеді және мөлдір ерітіндінің мөлшерін P сумен 1000 мл дейін жеткізеді.

Мыстың майды ерітетін стандартты ерітіндісі (1000 ppm Cu).

Мыстың(металл) майдағы органикалық қосылысы.

Мыс иондары стандартты ерітіндісі ($0,1 \% \text{ Cu}^{2+}$).

P мыс сульфаты пентагидратының 0,393 г $\text{CuSO}_4 \cdot 5\text{H}_2\text{O}$ эквивалентті мөлшерін P суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

Мыс иондары стандартты ерітіндісі (10 ppm Cu^{2+}).

P мыс иондары стандартты ерітіндісін ($0,1 \% \text{ Cu}^{2+}$) тікелей пайдалану алдында P сумен 100 рет сұйылтады.

Мыс иондары стандартты ерітіндісі ($0,1 \text{ ppm Cu}^{2+}$).

P мыс иондары стандартты ерітіндісін (10 ppm Cu^{2+}) тікелей пайдалану алдында P сумен 100 рет сұйылтады.

Күшәла стандартты ерітіндісі (10 ppm As^{+3}).

P күшәла(III) оксидінің 0,330 г As_2O_3 эквивалентті мөлшерін 5 мл P сұйылтылған натрий гидроксиді ерітіндісінде ерітеді және ерітіндінің мөлшерін P сумен 250,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында P сумен 100 рет сұйылтады.

Күшәла стандартты ерітіндісі (1 ppm As^{+3}).

P күшәла стандартты ерітіндісін (10 ppm As^{+3}) тікелей пайдалану алдында P сумен 10 рет сұйылтады.

Күшәла стандартты ерітіндісі ($0,1 \text{ ppm As}^{+3}$).

P күшәла стандартты ерітіндісін (1 ppm As^{+3}) тікелей пайдалану алдында *P* сумен 10 рет сұйылтады.

Натрий иондары **стандартты ерітіндісі (1000 ppm Na^{+}).**

P сусыз натрий карбонатының 2,305 г Na_2CO_3 эквивалентті мөлшерін 25 мл *P* сумен 25 мл *P* азот қышқылы қоспасында ерітеді және ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Натрий иондары стандартты ерітіндісі (200 ppm Na^{+}).

P натрий хлоридінің 0,509 г $NaCl$ эквивалентті мөлшерін *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *P* сумен 10 рет сұйылтады.

Натрий иондары стандартты ерітіндісі (50 ppm Na^{+}).

P натрий иондары стандартты ерітіндісін (200 ppm Na^{+}) *P* суда 4 рет сұйылтады.

Никельдің майды ерітетін стандартты ерітіндісі (1000 ppm Ni).

Никельдің(металл) майдағы органикалық қосылысы.

Никель иондары стандартты ерітіндісі (10 ppm Ni^{2+}).

P никель сульфатының 4,78 г $NiSO_4 \cdot 7H_2O$ эквивалентті мөлшерін *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *P* сумен 100 рет сұйылтады.

Никель иондары стандартты ерітіндісі (5 ppm Ni^{2+}).

P никель иондары стандартты ерітіндісін (10 ppm Ni^{2+}) *P* хроматографияға арналған сумен 2 рет сұйылтады.

Никель иондары стандартты ерітіндісі (0,2 ppm Ni^{2+}).

P никель иондары стандартты ерітіндісін (10 ppm Ni^{2+}) тікелей пайдалану алдында *P* сумен 50 рет сұйылтады.

Никель иондары стандартты ерітіндісі (0,1 ppm Ni^{2+}).

P никель иондары стандартты ерітіндісін (10 ppm Ni^{2+}) тікелей пайдалану алдында *P* сумен 100 рет сұйылтады.

Нитрат-иондары стандартты ерітіндісі (100 ppm NO_3^-).

P калий нитратының 0,815 г KNO_3 эквивалентті мөлшерін *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 500,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *P* сумен 10 рет сұйылтады.

Нитрат-иондары стандартты ерітіндісі (10 ppm NO_3^-).

P нитрат-иондары стандартты ерітіндісін (100 ppm NO_3^-) тікелей пайдалану алдында *P* сумен 10 рет сұйылтады.

Нитрат-иондары стандартты ерітіндісі (2 ppm NO₃⁻).

Р нитрат-иондары стандартты ерітіндісін (10 ppm NO₃⁻) тікелей пайдалану алдында Р сумен 5 рет сұйылтады.

Қалайының майды ерітетін стандартты ерітіндісі (1000 ppm Sn).

Қалайы(металл) майдағы органикалық қосылысы.

Қалайы иондары стандартты ерітіндісі (5 ppm Sn²⁺).

Р қалайының 0,500 г Sn эквивалентті мөлшерін 5 мл *Р* сумен 25 мл *Р* хлорлы сутегі қышқылы қоспасында ерітеді және ерітіндінің мөлшерін *Р* сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында 2,5 % (об/об) *Р* хлорлы сутегі қышқылымен 100 рет сұйылтады.

Қалайы иондары стандартты ерітіндісі (0,1 ppm Sn²⁺).

Р қалайы иондары стандартты ерітіндісін (5 ppm Sn²⁺) тікелей пайдалану алдында *Р* сумен 50 рет сұйылтады.

Палладий иондары стандартты ерітіндісі (500 ppm Pd²⁺).

мг *Р* палладийді 9 мл *Р* хлорлы сутегі қышқылында ерітеді және ерітіндінің мөлшерін *Р* сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Палладий стандартты ерітіндісі (20 ppm Pd²⁺).

0,333 мг *Р* палладий хлоридін жылы 2 мл *Р* хлорлы сутегі қышқылымен ерітеді және тең көлемді *Р* сұйылтылған хлорлы сутегі қышқылы мен *Р* су қоспасымен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *Р* сумен 10 рет сұйылтады.

Палладий иондары стандартты ерітіндісі (0,5 ppm Pd²⁺).

1 мл *Р* палладий иондары стандартты ерітіндісін (500 ppm Pd²⁺) 0,3 мөлшерлі *Р* азот қышқылы және 99,7 мөлшерлі *Р* су қоспасымен ерітеді.

Платина стандартты ерітіндісі (30 ppm Pt⁺⁴).

80 мг *Р* хлорплатина қышқылын 1 М хлорлы сутегі қышқылында ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында 1 М хлорлы сутегі қышқылымен 10 рет сұйылтады.

Сынап иондары стандартты ерітіндісі (1000 ppm Hg²⁺).

Р сынап хлоридінің 1,354 г HgCl₂ эквивалентті мөлшерін 50 мл *Р* сұйылтылған азот қышқылымен ерітеді және ерітіндінің мөлшерін *Р* сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Сынап иондары стандартты ерітіндісі (10 ppm Hg²⁺).

Р сынап хлоридінің 0,338 г HgCl₂ эквивалентті мөлшерін 250,0 мл *Р* суда ерітеді

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *P* сумен 100 рет сұйылтады.

Қорғасынның майды ерітетін стандартты ерітіндісі (1000 ppm Pb).

Қорғасынның(металл) маймен органикалық қосылысы.

Қорғасын иондары стандартты ерітіндісі (0,1 % Pb²⁺).

P қорғасын(II) нитратының 0,400 г Pb(NO₃)₂ эквивалентті мөлшерін *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 250,0 мл дейін жеткізеді.

P1 қорғасын иондары стандартты ерітіндісі (0,1 % Pb²⁺) P1.

P қорғасын(II) нитратының 0,400 г Pb(NO₃)₂ эквивалентті мөлшерін *P* қорғасын қосылмаған сұйылтылған азот қышқылымен ерітеді және осы еріткішпен мөлшерін 250,0 мл дейін жеткізеді.

Қорғасын иондары стандартты ерітіндісі (100 ppm Pb²⁺).

P қорғасын иондары стандартты ерітіндісін (0,1 % Pb²⁺) тікелей пайдалану алдында *P* сумен 10 рет сұйылтады.

Қорғасын иондары стандартты ерітіндісі (10 ppm Pb²⁺).

P қорғасын иондары стандартты ерітіндісін (10 ppm Pb²⁺) тікелей пайдалану алдында *P* сумен 10 рет сұйылтады.

P1 қорғасын иондары стандартты ерітіндісі (10 ppm Pb²⁺).

0,160 г *P* қорғасын(II) нитратын 100 мл *P* суда ерітеді, 1 мл *P* қорғасын қосылмаған азотқышқылын қосады және ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *P* сумен 10 рет сұйылтады.

P2 қорғасын иондары стандартты ерітіндісі (10 ppm Pb²⁺).

P1 қорғасын иондары стандартты ерітіндісін (0,1 % Pb²⁺) *P* қорғасын қосылмаған сұйылтылған азот қышқылымен 100 рет сұйылтады. 1 апта ішінде пайдаланады.

Қорғасын иондары стандартты ерітіндісі (2 ppm Pb²⁺).

P қорғасын иондары стандартты ерітіндісін (10 ppm Pb²⁺) тікелей пайдалану алдында *P* сумен 5 рет сұйылтады.

Қорғасын иондары стандартты ерітіндісі (1 ppm Pb²⁺).

P қорғасын иондары стандартты ерітіндісін (10 ppm Pb²⁺) тікелей пайдалану алдында *P* сумен 10 рет сұйылтады.

Қорғасын иондары стандартты ерітіндісі (0,5 ppm Pb²⁺).

P2 қорғасын иондары стандартты ерітіндісін (10 ppm Pb²⁺) *P* қорғасын қосылмаған сұйылтылған азот қышқылымен 20 рет сұйылтады. 1 тәулік ішінде пайдаланады.

Қорғасын иондары стандартты ерітіндісі (0,25 ppm Pb²⁺).

P қорғасын иондары стандартты ерітіндісін (1 ppm Pb²⁺) тікелей пайдалану алдында *P* сумен 4 рет сұйылтады.

Қорғасын иондары стандартты ерітіндісі (0,1 ppm Pb²⁺).

P қорғасын иондары стандартты ерітіндісін (1 ppm Pb²⁺) тікелей пайдалану алдында *P* сумен 10 рет сұйылтады.

Селен стандартты ерітіндісі (100 ppm Se⁺⁴).

0,100 г *P* селенді 2 мл *P* азот қышқылында ерітеді, құрғағанша кептіреді. Қалдығын 2 мл *воды P* суда ерітеді және құрғағанша кептіреді; осы операцияны үш рет қайталайды. Қалдығын 50 мл *P* сұйылтылған хлорлы сутегі қышқылында ерітеді және осы қышқылмен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Селен стандартты ерітіндісі (1 ppm Se⁺⁴).

P селен қышқылының 6,54 мг H₂SeO₃ эквивалентті мөлшерін *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *P* сумен 40 рет сұйылтады.

Күміс иондары стандартты ерітіндісі (5 ppm Ag⁺).

P күміс нитратының 0,790 г AgNO₃ эквивалентті мөлшерін *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *P* сумен 100 рет сұйылтады.

Стронций иондары стандартты ерітіндісі (1,0 % Sr²⁺).

P стронций карбонатының 1,6849 г SrCO₃ эквивалентті мөлшеріне *P* су құяды, ерігенге және көпіршікті газ шығаруды тоқтатқанға дейін *P* хлорлы сутегі қышқылын қосады, сүзгіден өткізеді және мөлшерін *P* сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Сульфат-иондары стандартты ерітіндісі (100 ppm SO₄²⁻).

P калий сульфатының 0,181 г K₂SO₄ эквивалентті мөлшерін *P* тазартылған суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *P* тазартылған сумен 10 рет сұйылтады.

Сульфат-иондары стандартты ерітіндісі (10 ppm SO₄²⁻).

P калий сульфатының 0,181 г K₂SO₄ эквивалентті мөлшерін *P* тазартылған суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *P* тазартылған сумен 100 рет сұйылтады.

P1 сульфат-иондары стандартты ерітіндісі (10 ppm SO₄²⁻).

P калий сульфатының 0,181 г K₂SO₄ эквивалентті мөлшерін 30% (об/об) *P* этанолда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында 30 % (об/об) *P* этанолмен 100 рет сұйылтады.

Сульфит-иондары стандартты ерітіндісі (80 ppm SO₃²⁻).

3,150 г *P* сусыз натрий сульфитін жаңа дайындалған *P* тазартылған суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді. Алынған 0,5 мл ерітіндінің мөлшерін жаңа дайындалған *P* тазартылған сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Сульфит-иондары стандартты ерітіндісі (1,5 ppm SO₃²⁻).

P натрий метабисульфиттің 0,152 г Na₂S₂O₅ эквивалентті мөлшерін *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді. 5,0 мл ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 100,0 мл дейін жеткізеді. Алынған 3,0 мл ерітіндіге 4,0 мл 0,1 М натрий гидроксиді ерітіндісін қосады және ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Сүрме стандартты ерітіндісі (100 ppm Sb⁺⁵).

P сүрме калий тартратының 0,274 г C₈H₄K₂O₁₂Sb₂•3H₂O эквивалентті мөлшерін 500 мл 1 М хлорлы сутегі қышқылында ерітеді және ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Сүрме стандартты ерітіндісі (1 ppm Sb⁺⁵).

P сүрме калий тартратының 0,274 г C₈H₄K₂O₁₂Sb₂•3H₂O эквивалентті мөлшерін 20 мл *P1* хлорлы сутегі қышқылында ерітеді және мөлдір ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 100,0 мл дейін жеткізеді. Алынған 10,0 мл ерітіндіге 200 мл *P1* хлорлы сутегі қышқылын қосады және ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді. 100,0 мл осы ерітіндіге 300 мл *P1* хлорлы сутегі қышқылын қосады және ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Сұйылтылған ерітінділерді тікелей пайдалану алдында дайындайды.

Таллий иондары стандартты ерітіндісі (10 ppm Tl⁺).

P таллий сульфатының 0,1235 г Tl₂SO₄ эквивалентті мөлшерін 9 г/л *P* натрий хлориді ерітіндісінде ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді. Алынған 10,0 мл ерітіндінің мөлшерін 9 г/л *P* натрий хлориді ерітіндісімен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Титан иондары стандартты ерітіндісі (100 ppm Ti³⁺).

100,0 мг *P* титанды қажет болған жағдайда қыздыра отырып *P* сумен 150 мл мөлшеріне дейін сұйылтылған 100 мл *P* хлорлы сутегі қышқылында ерітеді; салқындатады және мөлшерін *P* сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ферроцианид-иондары стандартты ерітіндісі (100 ppm [Fe(CN)₆]⁴⁻).

P калий ферроцианидінің 0,20 г K₄[Fe(CN)₆]•3H₂O эквивалентті мөлшерін *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында *P* сумен 10 рет сұйылтады.

Феррицианид-иондары стандартты ерітіндісі (50 ppm [Fe(CN)₆]³⁻).

Р калий феррицианидинің 0,78 г $K_3[Fe(CN)_6]$ эквивалентті мөлшерін Р суда ерітеді, осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында Р сумен 100 рет сұйылтады.

Формальдегид стандартты ерітіндісі (5 ppm CH_2O).

Р формальдегид ерітіндісінің 1,0 г CH_2O эквивалентті мөлшерін Р сумен 1000,0 мл мөлшеріне дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында Р сумен 200 рет сұйылтады.

Фосфат-иондары стандартты ерітіндісі (200 ppm PO_4^{3-}).

Р калий дигидрофосфаттың 0,286 г KH_2PO_4 эквивалентті мөлшерін Р суда ерітеді, осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Фосфат-иондары стандартты ерітіндісі (5 ppm PO_4^{3-}).

Р калий дигидрофосфатының 0,716 г KH_2PO_4 эквивалентті мөлшерін Р суда ерітеді, осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында Р сумен 100 рет сұйылтады.

Фторид-иондары стандартты ерітіндісі (10 ppm F^-).

Р натрий фторидінің алдын ала 12 сағ бойы 300 °С температурада кептірілген 0,442 г NaF эквивалентті мөлшерін Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл (1 мл = 0,2 мг F^-) дейін жеткізеді.

Полиэтилен контейнерде сақтайды.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында Р сумен 20 рет сұйылтады.

Фторид-иондары стандартты ерітіндісі (1 ppm F^-).

Р фторид-иондары стандартты ерітіндісін (10 ppm F^-) тікелей пайдалану алдында Р сумен 10 рет сұйылтады.

Хлорид-иондары стандартты ерітіндісі (50 ppm Cl^-).

Р натрий хлоридінің 0,824 г NaCl эквивалентті мөлшерін Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында Р сумен 10 рет сұйылтады.

Хлорид-иондары стандартты ерітіндісі (8 ppm Cl^-).

Р натрий хлоридінің 1,32 г NaCl эквивалентті мөлшерін Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында Р сумен 100 рет сұйылтады.

Хлорид-иондары стандартты ерітіндісі (5 ppm Cl^-).

Р натрий хлоридінің 0,824 г NaCl эквивалентті мөлшерін Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында Р сумен 100 рет сұйылтады.

Хромның майды ерітетін стандартты ерітіндісі (1000 ppm Cr).

Майдағы хром(металл)органикалық қосылысы ерітіндісі.

Хром стандартты ерітіндісі (0,1 % Cr⁺⁶).

Р калий дихроматының 2,83 г K₂Cr₂O₇ эквивалентті мөлшерін Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Хром стандартты ерітіндісі (100 ppm Cr⁺⁶).

Р калий дихроматының 0,283 г K₂Cr₂O₇ эквивалентті мөлшерін Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Хром стандартты ерітіндісі (0,1 ppm Cr⁺⁶).

Р хром стандартты ерітіндісін (100 ppm Cr⁺⁶) тікелей пайдалану алдында Р сумен 1000 рет сұйылтады.

Мырыш иондары стандартты ерітіндісі (5 мг/мл Zn²⁺).

3,15 г Р мырыш оксидін 15 мл Р хлорлы сутегі қышқылында ерітеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 500,0 мл дейін жеткізеді.

Мырыш иондары стандартты ерітіндісі (100 ppm Zn²⁺).

Р мырыш сульфатының 0,440 г ZnSO₄•7H₂O эквивалентті мөлшерін 1 мл Р сірке қышқылында ерітеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Ерітіндіні тікелей пайдалану алдында Р сумен 10 рет сұйылтады.

Мырыш иондары стандартты ерітіндісі (10 ppm Zn²⁺).

Р мырыш иондары стандартты ерітіндісін (100 ppm Zn²⁺) тікелей пайдалану алдында Р сумен 10 рет сұйылтады.

Мырыш иондары стандартты ерітіндісі (5 ppm Zn²⁺).

Р мырыш иондары стандартты ерітіндісі (100 ppm Zn²⁺) тікелей пайдалану алдында Р сумен 20 рет сұйылтады.

Цирконий стандартты ерітіндісі (1 г/л Zr⁺⁴).

Р цирконил нитратаының 0,293 г ZrO(NO₃)₂•2H₂O эквивалентті мөлшерін Р хлорлы сутегі қышқылы – Р су (2:8, об/об) қоспасында ерітеді және осы еріткіш қоспасымен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

202010003-2019

2.2.1.3 Ерітінділер және буферлік ерітінділер

Буферленген ацетон ерітіндісі.

8,15 г Р натрий ацетаты мен 42 г Р натрий хлоридін Р суда ерітеді, 68 мл 0,1 М хлорлы сутегі қышқылын, 150 мл Р ацетон қосады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 500 мл дейін жеткізеді.

pH 2,0 ерітінді.

6,57 г Р калий хлоридін Р суда ерітеді, 119,0 мл 0,1 М хлорлы сутегі қышқылын қосады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

рН 2,0 фосфат буферлік ерітіндісі.

8,95 г Р натрий гидрофосфаты мен 3,40 г Р калий дигидрофосфатын Р суда ерітеді, осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді. Қажет болған жағдайда ерітінді рН-ын Р фосфор қышқылымен түзетеді.

0,125 М фосфатты буферлік рН 2,0 ерітіндісі.

17,0 г Р калий дигидрофосфаты мен 17,8 г Р сусыз динатрийгидрофосфатты Р суда ерітеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді. Қажет болған жағдайда ерітінді рН-ын Р фосфор қышқылымен түзетеді.

Сульфатты буферлік рН 2,0 ерітіндісі.

А ерітінді. 132,1 г Р аммоний сульфатын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 500,0 мл дейін жеткізеді.

В ерітінді. 14 мл Р күкірт қышқылын ақырын тұрақты салқындата және араластыра отырып шамамен 400 мл Р су қосады; салқындатады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 500,0 мл дейін жеткізеді.

А және В ерітінділерінің тең мөлшерін араластырады. Қажет болған жағдайда ерітінді рН түзетеді.

Буферлік рН 2,2 ерітіндісі.

6,7 мл Р фосфор қышқылын 40 г/л Р натрий гидроксиді 55,0 мл ерітіндісімен араластырады, ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Буферлік рН 2,5 ерітіндісі.

100 г Р калий дигидрофосфатты 800 мл Р суда ерітеді, Р хлорлы сутегі қышқылымен рН 2,5 мәнін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Р1 буферлік рН 2,5 ерітіндісі.

4,9 г Р сұйылтылған фосфор қышқылына 250 мл Р су құяды, Р сұйылтылған натрий гидроксиді ерітіндісімен рН түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 500,0 мл дейін жеткізеді.

0,2 М фосфатты буферлік рН 2,5 ерітіндісі.

27,2 г Р калий дигидрофосфатын 900 мл Р суда ерітеді, Р фосфор қышқылымен рН 2,5 мәніне дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Фосфатты буферлік рН 2,8 ерітіндісі.

7,8 г Р натрий дигидрофосфатын 900 мл Р суда ерітеді, Р фосфор қышқылы ерітіндісімен рН мәнін 2,8 дейін түзетеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000 мл дейін жеткізеді.

Буферлік рН 3,0 ерітіндісі.

21,0 г Р лимон қышқылы моногидратын 200 мл 1 М натрий гидроксиді ерітіндісінде ерітеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000 мл дейін жеткізеді. Алынған 40,3 мл ерітіндінің мөлшерін 0.1 М хлорлы сутегі қышқылымен 100,0 мл дейін жеткізеді.

0,1 М фосфатты буферлік рН 3,0 ерітіндісі.

12,0 г Р сусыз натрий дигидрофосфатын Р суда ерітеді, ерітінді рН Р1 сұйылтылған фосфор қышқылымен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000 мл дейін жеткізеді.

Фосфатты буферлік рН 3,0 ерітіндісі.

0,7 мл Р фосфор қышқылын 100 мл Р сумен араластырады және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 900 мл дейін жеткізеді. рН мәнін Р концентрацияланған натрий гидроксиді ерітіндісімен 3,0 дейін жеткізеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000 мл дейін жеткізеді.

0,25 М цитратты рН 3,0 ерітіндісі.

5,3 г Р лимон қышқылы моногидратын 80 мл Р суда ерітеді, рН 1 М натрий гидроксиді ерітіндісімен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Р1 фосфатты буферлік рН 3,0 ерітіндісі.

3,40 г Р калий дигидрофосфатын 900 мл Р суда ерітеді. Ерітінді рН мәнін Р фосфор қышқылымен 3,0 дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Фосфатты буферлік рН3,2 ерітіндісі.

900 мл Р натрий дигидрофосфаты 4 г/л ерітіндісіне 100 мл Р фосфор қышқылы 2.5 г /л ерітіндісін қосады. Қажет болған жағдайда ерітіндінің рН түзетеді.

Р1 фосфатты буферлік рН 3,2 ерітіндісі.

35,8 г/л Р динарий гидрофосфаты фосфорной ерітінді рН мәнін Р сұйылтылған фосфор қышқылымен 3,2 дейін түзетеді. Алынған 100,0 мл ерітіндінің мөлшерін Р сумен 2000,0 мл дейін жеткізеді.

Фосфатты буферлік рН 3,25 ерітіндісі.

Шамамен 1,36 г Р калий дигидрофосфатын 1000 мл Р суда ерітеді және ерітінді рН мәнін Р сұйылтылған фосфор қышқылымен $3,25 \pm 0,05$ дейін жеткізеді, тесіктерінің көлемі 0,45 мкм немесе одан аз мембраналық сүзгі арқылы сүзгіден өткізеді.

Фосфатты буферлік рН 3,4 ерітіндісі.

68,0 г Р калий дигидрофосфатын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді. рН мәнін Р фосфор қышқылымен түзетеді.

Буферлік рН 3,5 ерітіндісі.

25,0 г Р аммоний ацетатын 25 мл Р суда ерітеді, 38,0 мл Р1 хлорлы сутегі қышқылын қосады. Қажет болған жағдайда ерітіндінің рН мәнін Р сұйылтылған хлорлы сутегі қышқылымен немесе Р1 сұйылтылған аммиак ерітіндісімен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Фосфатты рН 3,5 ерітіндісі.

68,0 г Р калий дигидрофосфатын Р суда ерітеді, осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді. Ерітінді рН мәнін Р фосфор қышқылымен түзетеді.

Буферлік рН 3,6 ерітіндісі.

250,0 мл Р калий гидрофталат 0,2 М ерітіндісіне 11,94 мл 0,2 М хлорлы сутегі қышқылын қосады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Буферлік рН 3,7 ерітіндісі.

15,0 мл Р сірке қышқылына 60 мл 96 % Р этанол мен 20 мл Р су қосады; рН мәнін Р аммиака ерітіндісімен 3,7 дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Мыс сульфаты рН 4,0 буферленген ерітіндісі.

0,25 г Р мыс(II) сульфаты мен 4,5 г Р аммоний ацетатын Р сұйылтылған сірке қышқылында ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

0,1 М натрий ацетаты буферлік рН 4,0 ерітіндісі.

822 мг Р натрий ацетатын 100 мл Р суда (А ерітінді) ерітеді. 1,44 мл Р мұзды сірке қышқылын 250 мл Р суда (В ерітінді) ерітеді. 100 мл В ерітіндісімен 20 мл А ерітіндісін тиртлейді.

Ацетатты буферлік рН 4,4 ерітіндісі.

136 г Р натрий ацетаты мен 77 г Р аммоний ацетатын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді, содан кейін 250,0 мл Р мұзды сірке қышқылын қосып, араластырады.

Фталатты буферлік рН 4,4 ерітіндісі.

2,042 г Р калий гидрофталатын 50 мл Р суда ерітеді, 7,5 мл 0,2 М натрий гидроксиді ерітіндісін қосады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 200,0 мл дейін жеткізеді.

Ацетатты буферлік рН 4,5 ерітіндісі.

77,1 г Р аммоний ацетатын Р суда ерітеді, 70 мл Р мұзды сірке қышқылын қосады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

0,5 М Аммоний ацетаты буферлік рН 4,5 ерітіндісі.

14,3 мл Р мұзды сірке қышқылы мен 470 мл Р суды араластырады, рН мәнін Р концентрацияланған аммиак ерітіндісімен 4,5 дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 500,0 мл дейін жеткізеді.

0,05 М Фосфатты рН 4,5 ерітіндісі.

6,80 г Р калий дигидрофосфатын 1000,0 мл Р суда ерітеді. Ерітіндінің рН мәні 4,5 болуы тиіс.

Натрий ацетаты буферлік рН 4,5 ерітіндісі.

63 г Р сусыз натрий ацетатын Р суда ерітеді, 90 мл Р сірке қышқылын қосады, рН мәнін 4,5 дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000 мл дейін жеткізеді.

Ацетатты буферлік рН 4,6 ерітіндісі.

5,3 г Р натрий ацетатын 50 мл Р суда ерітеді, 2,4 г Р мұзды сірке қышқылын қосады және мөлшерін Р сумен 100,0 мл дейін жеткізеді. Қажет болған жағдайда ерітіндінің рН мәнін түзетеді.

Сукцинатты буферлік рН 4,6 ерітіндісі.

11,8 г Р янтарь қышқылын 600 мл Р су мен 82 мл 1 М натрий гидроксиді ерітіндісі қоспасында ерітеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ацетатты буферлік рН 4,7 ерітіндісі.

136,1 г Р натрий ацетатын 500 мл Р суда ерітеді. Алынған 250 мл ерітіндіні 250 мл Р сұйылтылған сірке қышқылымен араластырады. Жаңа дайындалған сүзгіден өткізілген Р хлороформдағы 0,1 г/л Р дитизон ерітіндісімен екі рет сілкіп шайқайды. Экстракт түссізденгенге дейін Р көміртегі тетрахлоридімен сілкіп шайқайды. Көміртегі тетрахлоридінің қалдығын шығару үшін сулы қабатты сүзгіден өткізеді.

Р1 Ацетатты буферлік рН 4,7 ерітіндісі.

136,1 г Р натрий ацетатын 500 мл Р суда ерітеді. Алынған 250 мл ерітіндіні 250 мл Р сұйылтылған сірке қышқылымен араластырады.

Ацетатты буферлік рН 5,0 ерітіндісі.

120 мл Р мұзды сірке қышқылы 6 г/л ерітіндісіне 100 мл 0,1 М калий гидроксиді ерітіндісі мен шамамен 250 мл Р су қосады, араластырады, рН мәнін 6 г/л Р сірке қышқылымен немесе 0,1М калий гидроксиді ерітіндісімен 5,0 дейін жеткізеді және алынған ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

0,2 М Натрий фосфаты дейтерирленген буферлік рН 5,0 ерітіндісі.

2,76 г Р натрий дигидрофосфаты моногидратын 90 мл Р дейтерий оксидімен ерітеді, рН мәнін Р форфор қышқылының дейтерирленген ерітіндісімен немесе 1 М Р натрий гидроксиді ерітіндісімен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р дейтерий оксидімен 100 мл дейін жеткізеді, араластырады.

Фосфатты рН 5,0 ерітіндісі.

2,72 г Р калий дигидрофосфатын 800 мл Р суда ерітеді, рН мәнін 1 М калий гидроксиді ерітіндісімен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000 мл дейін жеткізеді.

Цитратты буферлік рН 5,0 ерітіндісі.

20,1 г/л Р лимон қышқылы моногидраты ерітіндісі мен 8,0 г/л Р натрий гидроксиді ерітіндісін қамтитын ерітіндіні дайындайды, Р сұйылтылған хлорлы сутегі қышқылымен рН мәнін қосады.

Буферлік рН 5,2 ерітіндісі.

1,02 г Р калий гидрофталатын 30,0 мл 0,1 М натрий гидроксиді ерітіндісінде ерітеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

0,067 М Фосфатты буферлік рН 5,4 ерітіндісі.

рН 5,4 ерітінді алу үшін 23,99 г/л Р динарий гидрофосфаты ерітіндісі мен 9,12 г/л Р натрий дигидрофосфаты моногидраты ерітіндісінің тиісті мөлшерін араластырады.

Ацетатты-эдетатты буферлік рН 5,5 ерітіндісі.

250 г Р аммоний ацетаты мен 15 г Р натрий эдетатын 400 мл Р суда ерітеді және 125 мл Р мұзды сірке қышқылын қосады.

Буферлік рН 5,5 ерітіндісі.

54,4 г Р натрий ацетатын 50 мл Р суда ерітеді, қажет болған жағдайда 35 °С температураға дейін қыздырады. Салқындатқаннан кейін 10 мл Р сусыз сірке қышқылын баяу қосады, сілкіп шайқайды және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Фосфатты буферлік рН 5,5 ерітіндісі.

А ерітінді. 13,61 г Р калий дигидрофосфатын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

В ерітінді. 35,81 г Р динатрий гидрофосфатын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

96,4 мл А ерітіндісі мен 3,6 мл В ерітіндісін араластырады.

Фосфатты-цитратты буферлік рН 5,5 ерітіндісі.

56,85 мл Р сусыз динатрий гидрофосфаттың 28,4 г/л ерітіндісі мен 43,15 мл Р лимон қышқылы моногидратының 21 г/л ерітіндісін араластырады.

Фосфатты буферлік рН 5,6 ерітіндісі.

А ерітінді. 0,908 г Р калий дигидрофосфатын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

В ерітінді. 1,161 г Р дикалий гидрофосфатын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

94,4 мл А ерітіндісі мен 5,6 мл В ерітіндісін араластырады. Қажет болған жағдайда рН мәнін А ерітіндімен немесе В ерітіндімен 5,6 дейін түзетеді.

Фосфатты буферлік рН 5,8 ерітіндісі.

1,19 г Р динатрий гидрофосфат дигидраты мен 8,25 г Р калий дигидрофосфатын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ацетатты буферлік рН 6,0 ерітіндісі.

100 г Р аммоний ацетатын 300 мл Р суда ерітеді, 4,1 мл Р мұзды сірке қышқылын қосады. Қажет болған жағдайда рН мәнін Р аммиак ерітіндісімен немесе Р сірке қышқылымен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 500,0 мл дейін жеткізеді.

Диэтиламмоний фосфат буферлік рН 6,0 ерітіндісі.

68 мл Р фосфор қышқылының мөлшерін Р сумен 500 мл дейін жеткізеді. Алынған 25 мл ерітіндіге 450 мл Р су және 6 мл Р диэтиламин қосады. Қажет болған жағдайда рН мәнін Р диэтиламинмен немесе Р фосфор қышқылымен $6 \pm 0,05$ дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 500,0 мл дейін жеткізеді.

1 М морфолинэтансульфонат буферлік рН 6,0 ерітіндісі.

48,8 г Р 2-[N-морфолин]этансульфон қышқылын 160 мл Р суда ерітеді және 25 мл Р 2 М натрий гидроксиді ерітіндісін қосады. рН мәнін 2 М Р натрий гидроксиді

ерітіндісімен 6,0 дейін түзетеді және 250 мл дейін жеткізеді. Қажет болған жағдайда рН мәнін 2 М Р натрий гидроксиді ерітіндісімен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 250,0 мл дейін жеткізеді.

Фосфатты буферлік рН 6,0 ерітіндісі.

63,2 мл Р динатрий гидрофосфаты додекагидратының 71,5 г/л ерітіндісі мен 36,8 мл Р лимон қышқылы моногидратының 21 г/л ерітіндісін араластырады.

Р1 Фосфатты буферлік рН 6,0 ерітіндісі.

6,8 г Р натрий дигидрофосфатын Р суда ерітеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл жеткізеді. рН мәнін Р концентрацияланған натрий гидроксиді ерітіндісімен түзетеді.

Р2 Фосфатты буферлік рН 6,0 ерітіндісі.

250,0 мл 0,2 М Р калий дигидрофосфаты ерітіндісіне 28,5 мл 0,2 М натрий гидроксиді ерітіндісін қосады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Фосфатты буферлік рН 6,4 ерітіндісі.

2,5 г Р динатрий гидрофосфат додекагидратты 2,5 г Р натрий дигидрофосфаты мен 8,2 г Р натрий хлоридін 950 мл Р суда ерітеді. Қажет болған жағдайда рН мәнін 1 М натрий гидроксиді ерітіндісімен немесе 1 М хлорлы сутегі қышқылымен 6,4 дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

0,5 М Фталатты буферлік рН 6,4 ерітіндісі.

100 г Р калий гидрофталатын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді. Қажет болған жағдайда рН мәнін Р концентрацияланған натрий гидроксидімен түзетеді.

Буферлік рН 6,5 ерітіндісі.

60,5 г Р динатрий гидрофосфаты мен 46 г Р калий дигидрофосфатын Р суда ерітеді, 100 мл 0,02 М натрий эдетат ерітіндісін, 20 мг Р сынап хлоридін қосады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Имидазолды буферлік рН 6,5 ерітіндісі.

6,81 г Р имидазол 1,23 г Р магний сульфаты мен 0,73 г Р кальций сульфатын 752 мл 0,1 М хлорлы сутегі қышқылында ерітеді. Қажет болған жағдайда рН мәнін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

0,1 М Фосфатты буферлік рН 6,5 ерітіндісі.

13,80 г Р натрий дигидрофосфаты моногидратын 900 мл Р тазартылған суда ерітеді, рН мәнін 400 г/л Р натрий гидроксидімен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р тазартылған сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Фосфатты буферлік рН 6,5 ерітіндісі.

2,75 г Р натрий дигидрофосфаты мен 4,5 г Р натрий хлоридін 500 мл Р суда ерітеді, рН мәнін фосфатты буферлік рН 8,5 Р ерітіндісімен түзетеді.

Буферлік рН 6,6 ерітіндісі.

250,0 мл 0,2 М Р калий дигидрофосфаты ерітіндісіне 89,0 мл 0,2 М натрий гидроксиді ерітіндісін қосады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

0,1 М Фосфатты буферлік рН 6,7 ерітіндісі.

15,6 г Р натрий дигидрофосфатын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді. 17,8 г Р динатрий гидрофосфатадигидратын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді. Ерітінділерді араластырады, қажет болған жағдайда рН мәнін 6,7 дейін түзетеді.

Фосфатты буферленген рН 6,8 тұзды ерітіндісі.

1,0 г Р калий дигидрофосфаты 2,0 г Р дикалий гидрофосфатын және 8,5 г Р натрий хлоридін 900 мл Р суда ерітеді. Қажет болған жағдайда рН мәнін түзетеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Фосфатты буферлік рН 6,8 ерітіндісі.

77,3 мл Р динатрий гидрофосфаты додекагидратының 71,5 г/л ерітіндісі мен 22,7 мл Р лимон қышқылы моногидратының 21 г/л ерітіндісін араластырады.

Р1 Фосфатты буферлік рН 6,8 ерітіндісі.

51,0 мл Р калий дигидрофосфатының 27,2 г/л ерітіндісіне 49,0 мл Р динатрий гидрофосфаты додекагидратының 71,6 г/л ерітіндісін қосады, қажет болған жағдайда рН мәнін түзетеді.

2 °С-ден 8 °С-ге дейінгі температурада сақтайды.

1М Трис-гидрохлориді буферлік рН 6,8 ерітіндісі.

60,6 г Р трис(гидрокси метил)аминометанды 400 мл Р суда ерітеді, рН мәнін Р хлорлы сутегі қышқылымен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 500,0 мл дейін жеткізеді.

Буферлік рН 7,0 ерітіндісі.

18 г/л Р динатрий гидрофосфаты додекагидраты мен 23 г/л Р натрий хлоридін қамтитын 1000 мл ерітіндісіне рН анықтау үшін 7,8 г/л Р натрий дигидрофосфаты мен 23 г/л Р натрий хлоридін қамтитын ерітіндінің жеткілікті мөлшерін (шамамен 280 мл) қосады. 0,2 г/л ерітінді алу үшін алынған ерітіндіде Р натрий азидінің жеткілікті мөлшерін ерітеді.

Малеатты буферлік рН 7,0 ерітіндісі.

10,0 г Р натрий хлориді 6,06 г Р трис(гидро- ксиметил)аминометан және 4,90 г Р малеин ангидридін 900 мл Р суда ерітеді, рН мәнін 170 г/л Р натрий гидроксиді ерітіндісімен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

2 °С-ден 8 °С-ге дейінгі температурада сақтайды. Сақтау мерзімі 3 тәулік.

0,025 М Фосфатты буферлік рН 7,0 ерітіндісі.

1 объем 0,063 М фосфатты буферлік рН 7,0 ерітіндісін 1,5 көлемді Р сумен араластырады.

0,03 М Фосфатты буферлік рН 7,0 ерітіндісі.

5,2 г Р дикалий гидрофосфатын 900 мл Р хроматографияға арналған сумен ерітеді. Ерітіндінің рН мәнін Р фосфор қышқылы ерітіндісімен $7,0 \pm 0,1$ дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р хроматографияға арналған сумен 1000 мл дейін жеткізеді.

0,05 М Фосфатты рН 7,0 ерітіндісі.

34 мл Р су мен 100 мл 0,067 М Р фосфатты буферлік рН 7,0 ерітіндісімен араластырады.

0,063 М Фосфатты буферлік рН 7,0 ерітіндісі.

5,18 г Р сусыз динатрий гидрофосфаты мен 3,65 г Р натрий дигидрофосфаты моногидратын 950 мл Р суда ерітеді, рН мәнін Р фосфор қышқылымен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

0,067 М Фосфатты буферлік рН 7,0 ерітіндісі.

А ерітінді. 0,908 г Р калий дигидрофосфатын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

В ерітінді. 2,38 г Р динатрий гидрофосфат додекагидратын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

38,9 мл А ерітінді мен 61,1 мл В ерітіндіні араластырады, қажет болған жағдайда рН мәнін түзетеді.

0,1 М Фосфатты буферлік рН 7,0 ерітіндісі.

1,361 г Р калий дигидрофосфатын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді. рН мәнін 35 г/л Р динатрий гидрофосфат додекагидрат ерітіндісімен түзетеді.

Фосфатты буферлік рН 7,0 ерітіндісі.

82,4 мл Р динатрий гидрофосфаты додекагидратының 71,5 г/л ерітіндісі мен 17,6 мл Р лимон қышқылы моногидратының 21 г/л ерітіндісін араластырады.

Р1 Фосфатты буферлік рН 7,0 ерітіндісі.

250,0 мл Р калий дигидрофосфатының 0,2 М ерітіндісі мен 148,2 мл Р натрий гидроксидінің 8 г/л ерітіндісін араластырады, қажет болған жағдайда рН мәнін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Р2 Фосфатты буферлік рН 7,0 ерітіндісі.

50,0 мл Р калий дигидрофосфатының 136 г/л ерітіндісі мен 29,5 мл Р натрий гидроксиді 1 М ерітіндісін араластырады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 100,0 мл дейін жеткізеді, қажет болған жағдайда рН мәнін $7,0 \pm 0,1$ дейін түзетеді.

Р3 Фосфатты буферлік рН 7,0 ерітіндісі.

5 г Р калий дигидрофосфаты мен 11 г Р дикалий- гидрофосфатын 900 мл Р суда ерітеді, рН мәнін Р сұйылтылған фосфор қышқылымен немесе Р сұйылтылған натрий гидроксидімен 7,0 дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000 мл дейін жеткізеді, араластырады.

Р4 Фосфатты буферлік рН 7,0 ерітіндісі.

28,4 г Р сусыз динатрий гидрофосфаты мен 18,2 г Р калий дигидрофосфатын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 500 мл дейін жеткізеді.

Р5 Фосфатты буферлік рН 7,0 ерітіндісі.

28,4 г Р сусыз динатрий гидрофосфатын 800 мл Р суда ерітеді, рН мәнін 30 % (м/м) Р фосфор қышқылы ерітіндісімен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000 мл дейін жеткізеді.

Р6 Фосфатты буферлік рН 7,0 ерітіндісі.

3,56г Р динатрий гидрофосфат адигидратын 950 мл Р хроматографияға арналған суда ерітеді, рН мәнін Р фосфор қышқылымен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р хроматографияға арналған сумен 1000 мл дейін жеткізеді.

Р7 Фосфатты буферлік рН 7,0 ерітіндісі.

35 г Р дикалий гидрофосфатын 900 мл Р суда ерітеді, рН мәнін Р сұйылтылған фосфор қышқылымен 7,0 дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Калий фосфаты буферлік рН 7,0 ерітіндісі.

10 мг Р бұқа альбумині мен 68 мг Р калий дигидрофосфатын 30 мл Р суда ерітеді. Қажет болған жағдайда рН мәнін Р калий гидроксидімен 7,0 дейін түзетеді, ерітіндінің мөлшерін Р сумен 50 мл дейін жеткізеді және сүзгіден өткізеді.

Натрий/кальций ацетатты буферлік рН 7,0 ерітіндісі.

10 мг Р бұқа альбумині мен 32 мг Р кальций ацетатын 60 мл Р суда ерітеді. 580 мкл Р мұзды сірке қышқылын қосады, рН мәнін 2 М натрий гидроксиді ерітіндісімен 7,0 дейін түзетеді, ерітіндінің мөлшерін Р сумен 100 мл дейін жеткізеді және сүзгіден өткізеді.

Тетрабутиламмоний буферлік рН 7,0 ерітіндісі.

6,16 г Р аммоний ацетатын 15 мл Р тетрабутиламмоний гидроксидінің 400 г/л ерітіндісі мен 185 мл Р су қоспасында ерітеді, рН мәнін Р азот қышқылымен түзетеді.

Буферленген рН 7,2 тұзды ерітіндісі.

8,0г Р натрий хлориді 0,2 г Р калий хлориді 0,1 г Р сусыз кальций хлориді 0,1 г Р магний хлориді 3,18 г Р динатрий гидрофосфаты додекагидраты мен 0,2 г Р калий дигидрофосфатын Р суда ерітеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Буферлік рН 7,2 ерітіндісі.

250,0 мл 0,2 М Р калий дигидрофосфаты ерітіндісіне 175,0 мл 0,2 М натрий гидроксиді ерітіндісін қосады. Ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді және қажет болған жағдайда рН мәнін түзетеді.

Фосфатты-альбумин буферленген рН 7,2 тұзды ерітіндісі.

10,75 г Р динатрий гидрофосфаты додекагидраты 7,6 г Р натрий хлориді мен 10 г Р бұқа альбуминін Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл

дейін жеткізеді. Тікелей пайдалану алдында рН мәнін Р сұйылтылған натрий гидроксиді немесе Р сұйылтылған фосфор қышқылы ерітіндісімен түзетеді.

Р1 Фосфатты-альбумин буферленген рН 7,2 тұзды ерітіндісі.

10,75 г Р динарий гидрофосфаты додекагидраты 7,6 г Р натрий хлориді мен 1 г Р бұқа альбуминін Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді. Тікелей пайдалану алдында рН мәнін Р сұйылтылған натрий гидроксиді немесе Р сұйылтылған фосфор қышқылы ерітіндісімен түзетеді.

Фосфатты буферлік рН 7,2 ерітіндісі.

87,0 мл Р динарий гидрофосфаты додекагидратының 71,5 г/л ерітіндісі мен 13,0 мл Р лимон қышқылы моногидратының 21 г/л ерітіндісін араластырады.

Имидазолды буферлік рН 7,3 ерітіндісі.

3,4 г Р имидазол мен 5,8 г Р натрий хлоридін Р суда ерітеді, 18,6 мл 1М хлорлы сутегі қышқылын қосады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді. Қажет болған жағдайда рН мәнін түзетеді.

Барбиталды буферлік рН 7,4 ерітіндісі.

19,44 г/л Р натрий ацетаты мен 29,46 г/л Р натрий барбиталын қамтитын 50 мл ерітіндіні 50,5 мл 0,1М хлорлы сутегі қышқылы бар Р сумен араластырады, 20 мл Р натрий хлоридінің 85 г/л ерітіндісін қосады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 250 мл дейін жеткізеді.

Буферлік рН 7,4 ерітіндісі.

0,6 г Р калий дигидрофосфаты 6,4 г Р динарий гидрофосфаты додекагидраты мен 5,85 г Р натрий хлоридін Р суда ерітеді, осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді. Қажет болған жағдайда рН мәнін түзетеді.

Фосфатты буферленген рН 7,4 тұзды ерітіндісі.

2,38 г Р динарий гидрофосфаты додекагидраты 0,19 г Р калий дигидрофосфаты 8,0 г Р натрий хлоридін Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді. Қажет болған жағдайда рН мәнін түзетеді.

Фосфатты буферлік рН 7,4 ерітіндісі.

393,4 мл 0,1 М натрий гидроксиді ерітіндісіне 250,0 мл 0,2 М Р калий дигидрофосфаты ерітіндісін қосады.

Трис(гидроксиметил)аминометан буферлік рН 7,4 ерітіндісі.

30,3 г Р трис(гидроксиметил)аминометанды шамамен 200 мл Р суда ерітеді, 183 мл 1 М хлорлы сутегі қышқылын қосады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 500,0 мл дейін жеткізеді.

Ескерту: бөлме температурасында ерітіндінің рН мәні 7,7 - 7,8 аралығында, 37 °С температурада - 7,4; бұл ерітінді 4 °С температурада бірнеше ай бойы тұрақты.

Трис(гидроксиметил)аминометан-натрий хлориді буферлік рН 7,4 ерітіндісі.

6,8 г Р трис(гидроксиметил)аминометан мен 8,77 г Р натрий хлоридін 500 мл Р тазартылған суда ерітеді, 10,0 г Р бұқа альбуминін қосады. рН мәнін Р хлорлы сутегі

қышқылымен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р тазартылған сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Р1 Трис(гидроксиметил)аминометан-натрий хлориді буферлік рН 7,4 ерітіндісі.

0,1 г Р бұқа альбуминін 2 мл трис(гидроксиметил)аминометан буферлік рН 7,4 Р ерітіндісі мен 50 мл Р натрий хлоридінің 5,84 мг/мл ерітіндісі қоспасында ерітеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Трис-натрий ацетаті буферлік рН 7,4 ерітіндісі.

6,3 г Р трис(гидроксиметил)аминометан мен 4,9 г Р сусыз натрий ацетатын 900 мл Р суда ерітеді, рН мәнін Р күкірт қышқылымен 7,4 дейін жеткізеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000 мл дейін жеткізеді.

Трис-натрий ацетат-натрий хлориді буферлік рН 7,4 ерітіндісі.

30,0 г Р трис(гидроксиметил)аминометан 14,5 г Р сусыз натрий ацетаты және 14,6 г Р натрий хлоридін 900 мл Р суда ерітеді, 0,50 г Р бұқа альбуминін қосады, рН мәнін Р күкірт қышқылымен 7,4 дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000 мл дейін жеткізеді.

Боратты буферлік рН 7,5 ерітіндісі.

2,5 г Р натрий хлориді 2,85 г Р динатрий- тетрабораты және 10,5 г Р бор қышқылын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді. Қажет болған жағдайда рН мәнін түзетеді.

2 °С-ден 8 °С-ге дейінгі температурада сақтайды.

Буферлік (HEPES) рН 7,5 ерітіндісі.

2,38 г Р 2-[4-(2-гидроксиэтил)птеразин-1-ил]этан-сульфон қышқылын шамамен 90 мл Р суда ерітеді, рН мәнін Р натрий гидроксиді ерітіндісімен 7,5 дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 100 мл дейін жеткізеді.

0,05 М Фосфатты буферлік рН 7,5 ерітіндісі.

0,89 г Р динатрий гидрофосфаты дигидратын шамамен 80 мл Р суда ерітеді, рН мәнін 8,5 % (об/об) Р фосфор қышқылы ерітіндісімен 7,5 дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

0,2 М Фосфатты буферлік рН 7,5 ерітіндісі.

27,22 г Р калий дигидрофосфатын 930 мл Р суда ерітеді, рН мәнін Р калий гидроксидінің 300 г/л ерітіндісімен 7,5 дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

0,33 М Фосфатты буферлік рН 7,5 ерітіндісі.

А ерітінді. 119,31 г Р динатрий гидрофосфаты додекагидратын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

В ерітінді. 45,36 г Р калий дигидрофосфатын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

85 мл А ерітіндісі мен 15 мл В ерітіндісін араластырады, қажет болған жағдайда рН мәнін түзетеді.

0,05 М Трис-гидрохлориді буферлік рН 7,5 ерітіндісі.

6,057 г Р трис(гидроксиметил)аминометанды Р суда ерітеді, қажет болған жағдайда рН мәнін Р хлорлы сутегі қышқылымен реттейді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

1М Трис-гидрохлориді буферлік рН 7,5 ерітіндісі.

12,11 г Р трис(гидроксиметил)аминометанды 90 мл Р суда ерітеді, рН мәнін Р хлорлы устегі қышқылымен 7,5 дейін жеткізеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Трис(гидроксиметил)аминометан буферлік рН 7,5 ерітіндісі.

7,27 г Р трис(гидроксиметил)аминометан мен 5,27 г Р натрий хлоридін Р суда ерітеді, қажет болған жағдайда рН мәнін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Натрий цитраты буферлік рН 7,8 ерітіндісі (0,034 М натрий цитраты ерітіндісі және 0,101 М натрий хлориді ерітіндісі).

10,0 г Р натрий цитраты мен 5,90 г Р натрий хлоридін 900 мл Р суда ерітеді, рН мәнін Р хлорлы сутегі қышқылымен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000 мл дейін жеткізеді.

0,0015 М Боратты буферлік рН 8,0 ерітіндісі.

0,572 г Р динатрийтетраборат пен 2,94 г Р кальций хлоридін 800 мл Р суда ерітеді, рН мәнін 1 М хлорлы сутегі қышқылымен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Буферлік рН 8,0 ерітіндісі.

50,0 мл 0,2 М Р калий дигидрофосфаты ерітіндісіне 46,8 мл 0,2 М натрий гидроксиді ерітіндісін қосады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 200,0 мл дейін жеткізеді.

Р1 Буферлік рН 8,0 ерітіндісі.

20 г Р дикалий гидрофосфатын 900 мл Р суда ерітеді, рН мәнін Р фосфор қышқылымен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000 мл дейін жеткізеді.

0,02 М Фосфатты буферлік рН 8,0 ерітіндісі.

50,0 мл 0,2 М Р калий дигидрофосфаты ерітіндісіне 46,8 мл 0,2 М натрий гидроксиді ерітіндісін қосады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 500,0 мл дейін жеткізеді.

0,02 М Натрий фосфаты буферлік рН 8,0 ерітіндісі.

0,31 г Р натрий дигидрофосфатын 70 мл Р суда ерітеді, рН мәнін 1 М натрий гидроксиді ерітіндісімен 8,0 дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 100 мл дейін жеткізеді.

0,1 М Фосфатты буферлік рН 8,0 ерітіндісі.

0,523 г Р калий дигидрофосфаты мен 16,73 г Р дикалий гидрофосфатын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

1 М Фосфатты буферлік рН 8,0 ерітіндісі.

136,1 г Р калий дигидрофосфатын Р суда ерітеді, рН мәнін 1 М натрий гидроксиді ерітіндісімен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

1М Трис-гидрохлориді буферлік рН 8,0 ерітіндісі.

121,1 г Р трис(гидроксиметил)аминометан мен 1,47 г Р кальций хлоридін 900 мл Р суда ерітеді, рН мәнін Р хлорлы сутегі қышқылымен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Трис-гидрохлориді буферлік рН 8,0 ерітіндісі.

1,21 г Р трис(гидроксиметил)аминометан мен 29,4 мг Р кальций хлоридін Р суда ерітеді және рН мәнін 1 М хлорлы сутегі қышқылымен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Трис-натрий ацетаты буферлік рН 8,0 ерітіндісі.

6,3 г Р трис(гидроксиметил)аминометан мен 4,9 г Р сусыз натрий ацетатын 900 мл Р суда ерітеді, рН мәнін Р күкірт қышқылымен 8,0 дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000 мл дейін жеткізеді.

Трис-натрий ацетат-натрий хлориді буферлік рН 8,0 ерітіндісі.

30,0 г трис(гидроксиметил)аминометан 14,5 г Р сусыз натрий ацетаты мен 14,6 г Р натрий хлоридін 900 мл Р суда ерітеді және 0,50 г Р бұқа альбуминін қосады, рН мәнін Р күкірт қышқылымен 8,0 дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000 мл дейін жеткізеді.

Трис(гидроксиметил)аминометан буферлік рН 8,1 ерітіндісі.

0,294 г Р кальций хлоридін 40 мл Р трис(гидроксиметил)аминометан ерітіндісінде ерітеді, рН мәнін 1 М хлорлы сутегі қышқылымен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Трис-глицин буферлік рН 8,3 ерітіндісі.

6,0 г Р трис(гидроксиметил)аминометан мен 28,8 г Р глицинді Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді. Тікелей пайдалану алдында ерітіндінің 1 мөлшеріне Р судың 10 мөлшерін қосады.

Трис-гидрохлориді буферлік рН 8,3 ерітіндісі.

9,0 г Р трис(гидроксиметил)аминометанды 2900 мл Р суда ерітеді, рН мәнін 1 М хлорлы сутегі қышқылымен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 3000,0 мл дейін жеткізеді.

Барбитал буферлік рН 8,4 ерітіндісі.

8,25 г Р натрий барбиталын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Трис-ЭДТА-BSA буферлік рН 8,4 ерітіндісі.

6,0 г Р трис(гидроксиметил)аминометан 2,8 г Р натрий эдетаты 10,2 г Р натрий хлориді мен 10 г Р бұқа альбуминін Р суда ерітеді, рН мәнін 1 М хлорлы сутегі

қышқылымен 8,4 дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Трис-(гидроксиметил)аминометан-ЭДТА буферлік рН 8,4 ерітіндісі.

5,12 г Р натрий хлориді 3,03 г Р трис(гидроксиметил)аминометан мен 1,40 г Р натрий эдетатын 250 мл Р тазартылған суда ерітеді, рН мәнін Р хлорлы сутегі қышқылымен 8,4 дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р тазартылған сумен 500,0 мл дейін жеткізеді.

Гуанидин-трис(гидроксиметил)аминометан-ЭДТА буферлік рН 8,5 ерітіндісі.

1,0 г Р натрий эдетаты 12,1 г Р трис(гидроксиметил)аминометан мен 57,0 г Р гуанидин гидрохлоридін 35 мл Р суда ерітеді, рН мәнін Р хлорлы сутегі қышқылымен 8,5 дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 100 мл дейін жеткізеді.

Фосфатты буферлік рН 8,5 ерітіндісі.

3,5 г Р дикалий гидрофосфаты мен 4,5 г Р натрий хлоридін 500 мл Р суда ерітеді, рН мәнін Р сұйылтылған фосфор қышқылы мен Р судың тең мөлшері қоспасымен түзетеді.

Трис-ацетатты буферлік рН 8,5 ерітіндісі.

0,294 г Р кальций хлориді мен 12,11 г Р трис-(гидроксиметил)аминометанды Р суда ерітеді, рН мәнін Р сірке қышқылымен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Р1 Барбитал буферлік рН 8,6 ерітіндісі.

1,38 г Р барбитал 8,76 г Р барбитаталанатрий мен 0,38 г Р кальций лактатапентагидратын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

1,5 М Трис-гидрохлориді буферлік рН 8,8 ерітіндісі.

90,8 г Р трис(гидроксиметил)аминометанды 400 мл Р суда ерітеді, рН мәнін Р хлорлы сутегі қышқылымен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 500,0 мл дейін жеткізеді.

1 М Трис-гидрохлориді буферлік рН 8,8 ерітіндісі.

363,3 г Р трис(гидроксиметил)аминометанды 500 мл Р суда ерітеді, рН мәнін Р хлорлы сутегі қышқылымен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Фосфатты буферлік рН 9,0 ерітіндісі.

1,74 г Р калий дигидрофосфатын 80 мл Р суда ерітеді, қажет болған жағдайда рН мәнін 1 М калий гидроксиді ерітіндісімен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Буферлік рН 9,0 ерітіндісі.

6,18 г Р бор қышқылын 0,1 М Р калий хлориді ерітіндісінде ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді, 420,0 мл натрий гидроксиді 0,1 М ерітіндісін қосады.

Р1 буферлік рН 9,0 ерітіндісі.

6,20 г Р бор қышқылын 500 мл Р суда ерітеді, рН мәнін натрий гидроксиді 1 М ерітіндісімен (шамамен 41,5 мл) түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Трис(гидроксиметил)аминометан буферлік рН 9,0 ерітіндісі.

1,21 г Р трис(гидроксиметил)аминометанды 950 мл Р хроматографияға арналған суда ерітеді, рН мәнін Р сірке қышқылымен 9,0 дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р хроматографияға арналған сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

0,05 М Трис-гидрохлориді буферлік рН 9,0 ерітіндісі.

0,605 г Р трис(гидроксиметил)аминометанды Р суда ерітеді, рН мәнін 1 М Р хлорлы сутегі қышқылымен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Аммоний хлориді буферлік рН 9,5 ерітіндісі.

33,5 г Р аммоний хлоридін 150 мл Р суда ерітеді, 42,0 мл Р концентрацияланған аммиак қосады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 250,0 мл дейін жеткізеді.

Полиэтилен контейнерде сақтайды.

Аммиакты буферлік рН 10,0 ерітіндісі.

5,4 г Р аммоний хлоридін 20 мл Р суда ерітеді, 35,0 мл Р аммиака ерітіндісін қосады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Борат буферлік рН 10,0 ерітіндісі.

12,4 г Р бор қышқылын сыйымдылығы 500,0 мл өлшеуіш колбаға құяды, бор қышқылын суспензиялау үшін 300 мл Р су қосады. 100 мл Р калий гидроксиді 56 г/л ерітіндісін қосады және бор қышқылы ерігенге дейін араластырады. Р калий гидроксиді 56 г/л ерітіндісін баяу қосып (әдетті шамамен 60 мл қажет) рН мәнін 10,0 дейін түзетеді, араластырады және Р сумен 500 мл дейін жеткізеді. Қажет болған жағдайда рН мәнін Р бор қышқылымен немесе Р калий гидроксиді 56 г/л ерітіндісімен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 500,0 мл дейін жеткізеді.

Диэтаноламин буферлік рН 10,0 ерітіндісі.

96,4 г Р диэтаноламинлі Р суда ерітеді, осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 400 мл дейін жеткізеді, 0,5 мл Р магний хлориді 186 г/л ерітіндісін қосады, рН мәнін 1 М хлорлы сутегі қышқылымен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 500,0 мл дейін жеткізеді.

0,1 М аммиак буферлік рН 10,3 ерітіндісі.

7,91 г Р аммоний карбонатын 800 мл Р суда ерітеді, рН мәнін Р сұйылтылған натрий гидроксиді ерітіндісімен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Аммиакты буферлік рН 10,4 ерітіндісі.

70 г Р аммоний хлоридін 200 мл Р суда ерітеді, 330 мл Р концентрацияланған аммиак ерітіндісін қосады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді. Қажет болған жағдайда рН мәнін Р аммиакпен 10,4 дейін түзетеді.

Борат буферлік рН 10,4 ерітіндісі.

24,64 г Р бор қышқылын 900 мл Р тазартылған суда ерітеді, рН мәнін Р натрий гидроксиді 400 г/л ерітіндісімен түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р тазартылған сумен 1000 мл дейін жеткізеді.

Аммиак буферлік рН 10,7 ерітіндісі.

67,5 г Р аммоний хлоридін Р суда ерітеді, 570 мл Р концентрацияланған аммиак ерітіндісін қосады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Буферлік рН 10,9 ерітіндісі.

6,75 г Р аммоний хлоридін Р аммиак ерітіндісінде ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін до 100,0 мл.

Ионды күшті реттеуге арналған буфер.

58,5 г Р натрий хлориді 57,0 мл Р мұзды сірке қышқылы 61,5 г Р натрий ацетаты мен 5,0 г Р циклогексилден динитрилтетрасірке қышқылын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 500,0 мл дейін жеткізеді. рН мәнін Р натрий гидроксиді 335 г/л ерітіндісімен 5,0-тен 5,5-ке дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р тазартылған сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Ионды күшті реттеуге арналған Р1 буфер.

А ерітінді. 210 г Р лимон қышқылы моногидратын 400 мл Р тазартылған суда ерітеді, рН мәнін Р концентрацияланған аммиак ерітіндісімен 7,0 дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р тазартылған сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

В ерітінді. 132 г Р аммоний фосфатын Р тазартылған суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

С ерітінді. 292 г Р (этиленди нитрил)тетрасірке қышқылының шамамен 500 мл Р тазартылған судағы суспензиясына ерігенге дейін шамамен 200 мл Р концентрацияланған аммиак ерітіндісін қосады, рН мәнін Р концентрацияланған аммиак ерітіндісімен 6-дан 7-ге дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р тазартылған сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

А, В және С ерітінділерінің теңдей мөлшерін араластырады және рН мәнін Р концентрацияланған аммиак ерітіндісімен 7,5 дейін түзетеді.

Буферлік рН 11 ерітіндісі.

6,21 г Р бор қышқылы 4,00 г Р натрий гидроксиді 3,70 г Р калий хлоридін 500 мл Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін до 1000 мл.

0,1 М фосфатты буферлік рН 11,3 ерітіндісі.

17,4 г Р дикалий гидрофосфатын шамамен 950 мл Р суда ерітеді, рН мәнін 100 г/л Р калий гидроксиді ерітіндісімен 11,3 дейін түзетеді және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді. Тесіктерінің көлемі 0,45 мкм мембраналық сүзгі арқылы сүзгіден өткізеді.

2.2.2. КӨЛЕМДІ ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН РЕАКТИВТЕР, ТИТРЛЕНГЕН ЕРІТІНДІЛЕР

2.2.2.1. Титрленген ерітінділерге арналған бастапқы стандартты заттар

Титрленген ерітінділердің титрін белгілеуге арналған бастапқы стандартты заттарды НР (негізгі реактив) әріптерімен белгілейді. Сәйкес сападағы бастапқы стандартты үлгілер коммерциялық көздерден алынған немесе мынадай тәсілмен дайындалған болуы мүмкін.

Бензой қышқылы. $C_7H_6O_2$. (M_r 122,1). [65-85-0].

Р бензой қышқылын тиісті аспапта сублимациялайды.

Калий броматы. $KBrO_3$. (M_r 167,0). [7758-01-2].

Р калий броматын қайнаған Р судан қайта кристалдандырады. Кристалдарды жинап алады және 180 °С температурада тұрақты массаға айналғанға дейін кептіреді.

Калий гидрофталаты. $C_8H_5KO_4$. (M_r 204,2). [877-24-7].

Р калий гидрофталатын қайнаған Р судан қайта кристалдандырады. Кристалдарды 35 °С-ден жоғары температурада жинап алады және 110 °С температурада тұрақты массаға айналғанға дейін кептіреді.

Күшәла триоксиді. As_2O_3 . (M_r 197,8). [1327-53-3].

Р күшәла оксидін тиісті аспапта айналдырады.

Р сусыз силикагель астында сақтайды.

Натрий карбонаты. Na_2CO_3 . (M_r 106,0). [497-19-8].

Р натрий карбонатының қаныққан ерітіндісін бөлме температурасында сүзгіден өткізеді. Сүзінді арқылы тұрақты салқындата және араластыра отырып Р көміртегі диоксиді ағынын баяу өткізеді. 2 сағаттан кейін тұнбаны шыны сүзгіде жинайды (2.1.1.2), сүзгіні көміртегі диоксидімен қаныққан мұзды Р сумен жуып шаяды. 100 °С - 105 °С аралығындағы температурада кептіреді және мезгіл-мезгіл араластыра отырып 270 °С - 300 °С аралығындағы температурада тұрақты массаға айналғанға дейін қыздырады.

Натрий хлориді. $NaCl$. (M_r 58,44). [7647-14-5].

Р натрий хлориді қаныққан ерітіндісінің 1 мөлшеріне Р хлорлы сутегі қышқылының 2 мөлшерін қосады. Алынған кристалды жинап алады және сулы моншада қыздырып шығарып тастайтын Р1 хлорлы сутегі қышқылымен шаяды. Тұрақты массаға айналғанға дейін 300 °С температурада қыздырады.

Сульфанил қышқылы. $C_6H_7NO_3S$. (M_r 173,2). [121-57-3].

Р сульфанил қышқылын қайнаған Р судан қайта кристалдандырады, сүзгіден өткізеді және 100 °С - 105 °С аралығындағы температурада тұрақты массаға айналғанға дейін кептіреді.

Мырыш. Zn. (A_r 65,4). [7440-66-6].

Кемінде 99,9 % Zn қамтитын мырышты пайдаланады.

202020002-2019

2.2.2.2. Титрленген ерітінділер

Титрленген ерітінділер деп титриметрлік талдауға арналған концентрациясы нақты белгілі ерітінділерді атайды.

Титрленген ерітінділерді химиялық талдаудың қарапайым талаптарына сәйкес дайындайды. Пайдаланылатын жабдықтың дәлдігін тексеруді оның болжамды қолдануға жарамдылығына көз жеткізу үшін жүргізеді. Титрленген ерітінділердің концентрациясын молярлы концентрациямен, яғни заттың 1 л ерітінде еріген моли санымен көрсетеді. 1 литрде x мольді қамтитын ерітіндіні x М ерітінді деп белгілейді.

Титрленген ерітінділердің концентрациясында көрсетілгеннен 10 % артық емес айырмашылық болмауы тиіс. Титрленген ерітінділердің молярлық концентрациясын титрлеудің тиісті саны нәтижесінде анықтайды. Бұл ретте біркелкі стандартты ауытқу 0,2 % аспауы тиіс. Титрленген ерітінділерді төменде сипатталған әдістермен стандарттайды. Егер титрленген ерітіндіні соңғы нүктені электрохимиялық әдіспен (мысалы, амперометрия немесе потенциометрия әдістерімен) анықтайтын сандық талдауда пайдаланатын болса, ерітіндіні осы әдіспен стандарттайды. Титрленген ерітіндіні стандарттайтын және одан әрі пайдаланатын орталар құрамы бойынша сәйкестендірілген болуы тиіс.

Төмендегі сипатталғандармен салыстырғанда неғұрлым сұйылтылған ерітінділерді титрді белгілеу кезінде нұсқаулықтарға сәйкес *P көміртегі диоксиді қосылмаған суда* еріту арқылы алады. Бастапқы және алынған ерітінділердің түзету коэффициенттері бірдей болуы тиіс.

1 М азот қышқылы ерітіндісі.

g P азот қышқылын P сумен мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 0,950 г *HP трометамолды* 50 мл *P суда ерітеді*, потенциометрикалық азот қышқылының дайындалған ерітіндісімен (2.1.2.19) немесе индикатор ретінде используя в качестве индикатора 0,1 мл *P қызылсары метил ерітіндісін* пайдалана отырып қызылсары-сары түске боялғанға дейін титрлейді.

1 мл 1 М азот қышқылы ерітіндісі 121,1 мг $C_4H_{11}NO_3$ сәйкес келеді.

0,1 М аммоний тиоцианаты ерітіндісі.

7,612 г *P аммоний тиоцианатын P суда* ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 20,0 мл 0,1 М күміс нитраты ерітіндісіне 25 мл *P су*, 2 мл *P сұйылтылған азот қышқылын*, 2 мл *P2 темір(III) аммоний сульфаты ерітіндісін* қосады

және қызылсары-сары түске боялғанға дейін дайылдалған аммоний тиоцианаты ерітіндісімен титрлейді.

0,01 М аммоний тиоцианаты ерітіндісі.

100,0 мл 0,1 М аммоний тиоцианаты ерітіндісін сумен 1000,0 мл мөлшеріне дейін сұйылтады.

Титрді белгілеу. 20,0 мл 0,01 М күміс нитраты ерітіндісіне 25 мл Р су, 2 мл Р сұйылтылған азот қышқылын, 2 мл Р2 темір(III) аммоний сульфаты ерітіндісін қосады және одан әрі 0,1 М аммоний тиоцианаты ерітіндісінің титрін белгілеу кезінде көрсетілгендей әрекет етеді.

1 мл 0,01 М күміс нитраты ерітіндісі 0,7612 мг NH_4SCN сәйкес келеді.

0,1 М аммоний церий нитраты ерітіндісі.

56 мл Р күкірт қышқылы мен 54,82 г Р аммоний церий нитратын қамттын ерітіндіні 2 мин бойы сілкіп шайқайды, Р судың 100 мл бес порциясын тізбекті қосады, әрбір порциясын қосқаннан кейін араластырады. Мөлдір ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді. Алынған ерітіндінің титрін 10 тәуліктен кейін белгілейді.

Титрді белгілеу. 50 мл Р күкірт қышқылы 49 г/л ерітіндісіндегі 0,300 г НР темір этилендиаммоний сульфатын дайындалған потенциометриялық аммоний церий нитраты ерітіндісімен (2.1.2.19) немесе индикатор ретінде 0,1 мл Р ферроинді пайдалана отырып титрлейді.

1 мл 0,1 М аммоний церий нитраты ерітіндісі 38,21 мг $\text{Fe}(\text{C}_2\text{H}_{10}\text{N}_2)(\text{SO}_4)_2 \cdot 4\text{H}_2\text{O}$ сәйкес келеді.

Жарық түспейтін жерде сақталады.

0,01 М аммоний церий нитраты ерітіндісі.

100,0 мл 0,1 М аммоний церий нитраты ерітіндісіне салқындаған кезде 30 мл Р күкірт қышқылын қосады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

0,1 М аммоний церий сульфаты ерітіндісі.

65,0 г Р аммоний церий сульфатын 500 мл Р су мен 30 мл Р күкірт қышқылы қоспасында ерітеді; салқындатады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 50 мл Р күкірт қышқылы 49 г/л ерітіндісіндегі 0,300 г НР темір(II) этилендиаммоний сульфатын дайындалған потенциометриялық аммоний церий сульфаты ерітіндісімен (2.1.2.19) немесе индикатор ретінде 0,1 мл Р ферроинді пайдалана отырып титрлейді.

1 мл 0,1 М аммоний церий сульфаты ерітіндісі 38,21 мг $\text{Fe}(\text{C}_2\text{H}_{10}\text{N}_2)(\text{SO}_4)_2 \cdot 4\text{H}_2\text{O}$ сәйкес келеді.

0,01 М аммоний церий сульфаты ерітіндісі.

100,0 мл 0,1 М аммоний церий сульфаты ерітіндісіне салқындаған кезде 30 мл Р күкірт қышқылын қосады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

0,05 М барий перхлораты ерітіндісі.

15,8 г Р барий гидроксидін 7,5 мл Р хлорлы қышқыл мен 75 мл Р су қоспасында ерітеді, ерітіндінің рН мәнін Р хлор қышқылымен 3 дейін жеткізеді және қажет болған жағдайда сүзгіден өткізеді. 150 мл 96 % Р этанол қосады, Р сумен мөлшерін 250 мл дейін жеткізеді және ерітіндінің мөлшерін Р буферлік рН 3,7 ерітіндісімен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 5,0 мл 0,05 М күкірт қышқылы ерітіндісіне 5 мл Р су, 49 мл буферлік рН 3,7 ерітіндісін, 0,5 мл Р ализарин S ерітіндісін қосады және қызылсары-қызыл түке боялғанға дейін дайындалған барий перхлораты ерітіндісімен титрлейді. Титрді тікелей пайдалану алдында айқындайды.

0,025 М барий перхлораты ерітіндісі.

500,0 мл 0,05 М барий перхлораты ерітіндісін Р буферлік рН 3,7 ерітіндісімен 1000,0 мл мөлшеріне дейін жеткізеді.

0,005 М барий перхлораты ерітіндісі.

10,0 мл 0,05 М барий перхлораты ерітіндісін буферлік ерітіндімен 100,0 мл мөлшеріне дейін жеткізеді. Буферлік ерітіндіні дайында: 15,0 мл Р сірке қышқылына 60,0 мл Р 2-пропанол қосады, рН мәнін Р аммиак ерітіндісімен 3,7 дейін түзетеді және Р сумен мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

0,1 М барий хлориді ерітіндісі.

24,4 г Р барий хлоридін Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 10,0 мл дайындалған барий хлориді ерітіндісіне 60 мл Р су, 3 мл Р концентрацияланған аммиак ерітіндісін, 0,5 - 1 мг Р қызылкүрең фталейн қосады және 0,1 М натрий эдетаты ерітіндісімен титрлейді. Ерітіндінің түсі әлсіздене бастаған кезде 50 мл 96 % Р этанол қосады және көкшіл-күлгін түс өзгергенге дейін титрлеуді жалғастырады.

0,004 М бензэтоний хлориді ерітіндісі.

Алдын ала 100 °С - 105 °С аралығындағы температурада тұрақты массаға айналғанға дейін кептірілген 1,792 г Р бензэтоний хлоридін Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 0,350 г кептірілген бензэтоний хлоридін Р сусыз сірке қышқылының 30 мөлшері мен уксусного ангидрида Р сірке ангидридінің 70 мөлшерін қамтитын 35 мл қоспада ерітеді және индикатор ретінде 0,05 мл Р күлгін кристал ерітіндісін пайдалана отырып 0,1 М хлор қышқылы ерітіндісімен титрлейді. Бақылау тәжірибесін қоса жүргізеді.

1 мл 0,1 М хлор қышқылы ерітіндісі 44,81 мг $C_{27}H_{42}ClNO_2$ сәйкес келеді.

0,0167 М бромид-броматы ерітіндісі.

2,7835 г *HP* калий броматы мен 13 г *P* калий бромидін *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

0,01 М висмут нитраты ерітіндісі.

4,86 г *P* висмут нитраты пентагидратын 60 мл *P* сұйылтылған азот қышқылында ерітеді және *P* сумен мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 25,0 мл дайындалған висмут нитраты ерітіндісіне 50 мл *P* су қосады және индикатор ретінде 0,05 мл *P* қызылсары ксиленол 1 г/л ерітіндісін пайдалана отырып 0,01 М натрий эдетаті ерітіндісімен титрлейді.

0,1 М темір аммоний сульфаты ерітіндісі.

50,0 г *P* темір(III) аммоний сульфатын 6 мл *P* күкірт қышқылы мен 300 мл *P* су қосапасында ерітеді және ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 10,0 мл дайындалған темір аммоний сульфаты ерітіндісіне 35 мл *P* су, 3 мл *P* хлорлы сутегі қышқылы мен 1 г *P* калий йодидін қосады және 10 мин кейін 0,1 М натрий тиосульфаты ерітіндісімен потенциометриялық (2.1.2.19) немесе индикатор ретінде 1 мл *P* крахмал ерітіндісін пайдалана отырып титрлейді.

1 мл 0,1 М натрий тиосульфаты ерітіндісі 48,22 мг $\text{FeNH}_4(\text{SO}_4)_2 \cdot 12\text{H}_2\text{O}$ сәйкес келеді.

0,1 М темір сульфаты ерітіндісі.

27,80 г *P* темір(II) сульфатын 500 мл *P* сұйылтылған күкірт қышқылында ерітеді және ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 25,0 мл дайындалған темір сульфаты ерітіндісіне 3 мл *P* фосфор қышқылын қосады және сол мезетте 0,02 М калий перманганаты ерітіндісімен титрлейді.

Титрді тікелей пайдалану алдында белгілейді.

0,1 М йод ерітіндісі.

25,5 г *P* йод пен 40 г *P* калий йодидін *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. Алынған 10,0 мл йод ерітіндісіне 1 мл *P* сұйылтылған сірке қышқылын, 40 мл *P* су қосады және индикатор ретінде *P* крахмал ерітіндісін пайдалана отырып 0,1 М натрий тиосульфаты ерітіндісімен титрлейді.

1 мл 0,1 М натрий тиосульфаты ерітіндісі 12,69 мг I_2 сәйкес келеді.

Жарық түспейтін жерде сақталады.

0,5 М йод ерітіндісі.

127 г *P* йод пен 200 г *P* калий йодидін *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 2,0 дайындалған йод ерітіндісіне 1 мл *P* сұйылтылған сірке қышқылын, 50 мл *P* су қосады және индикатор ретінде *P* крахмал ерітіндісін пайдалана отырып 0,1 М натрий тиосульфаты ерітіндісімен титрлейді.

Жарық түспейтін жерде сақталады.

0,05 М йод ерітіндісі.

12,7 г *P* йод пен 20г *P* калий йодидін *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 10,0 мл йод ерітіндісіне 1 мл *P* сұйылтылған сірке қышқылын, 40 мл *P* су қосады және 0,1 М натрий тиосульфаты ерітіндісімен потенциометриялық (2.1.2.19) немесе индикатор ретінде *P* крахмалды пайдалана отырып титрлейді.

Жарық түспейтін жерде сақталады.

0,01 М йод ерітіндісі.

0,3 г *P* калий йодидін 20,0 мл 0,05 М йод ерітіндісінде ерітеді және ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 100,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. Алынған 25 мл йод ерітіндісіне 1 мл *P* сұйылтылған сірке қышқылын, 25 мл *P* су қосады және индикатор ретінде *P* крахмалды пайдалана отырып 0,01 М натрий тиосульфаты ерітіндісімен титрлейді.

1 мл 0,01 М натрий тиосульфаты ерітіндісі 1,269 мг I_2 сәйкес келеді.

0,033 М калий броматы ерітіндісі.

5,5670 г *HP* калий броматын *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

0,02 М калий броматы ерітіндісі.

3,340 г *HP* калий броматын *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

0,0167 М калий броматы ерітіндісі.

0,033 М калий броматы ерітіндісін сұйылту арқылы дайындайды.

0,0083 М калий броматы ерітіндісі.

0,033 М калий броматы ерітіндісін сұйылту арқылы дайындайды.

1 М калий гидроксиді ерітіндісі.

60 г *P* калий гидроксидін *P* көміртегі диоксиді қосылмаған суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 20,0 мл дайындалған калий гидроксиді ерітіндісін индикатор ретінде 0,5 мл *P* фенолфталеин ерітіндісін пайдалана отырып 1 М хлорлы сутегі қышқылымен титрлейді.

0,1 М калий гидроксиді ерітіндісі.

6 г *P* калий гидроксидін *P* көміртегі диоксиді қосылмаған суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 50 мл *P* судағы 0,150 г *HP* калий гидрофталатын дайындалған титруют приготовленным раствором калий гидроксиді ерітіндісімен потенциометриялық (2.1.2.19) немесе индикатор ретінде 0,1 мл *P* фенолфталеинді пайдалана отырып титрлейді.

1 мл 0,1 М калий гидроксиді 20,42 мг $C_8H_5KO_4$ сәйкес келеді.

0,5 М калий гидроксидінің спирттегі ерітіндісі (60%, об/об).

3 г Р калий гидроксидін Р альдегидтер қосылмаған спиртке (60 %, об/об) ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 0,500 г НР бензой қышқылын 10 мл Р су мен 40 мл 96% Р этанолда ерітеді, дайындалған калий гидроксиді ерітіндісімен потенциометриялық (2.1.2.19) немесе индикатор ретінде 0,1 мл Р фенолфталеин ерітіндісін пайдалана отырып титрлейді.

1 мл 0,5 М спирттегі калий гидроксиді (60%, об/об) 61,06 мг $C_7H_6O_2$ сәйкес келеді.

0,5 М калий гидроксидінің спиртті ерітіндісі.

3 г Р калий гидроксидін 5 мл Р суда ерітеді және ерітіндінің мөлшерін Р альдегидтер қосылмаған спиртке 100,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 0,500 г НР бензой қышқылын 10 мл Р су мен 40 мл 96% Р этанолда ерітеді және дайындалған калий гидроксиді ерітіндісімен потенциометриялық (2.1.2.19) немесе индикатор ретінде 0,1 мл Р фенолфталеин ерітіндісін пайдалана отырып титрлейді.

1 мл 0,5 М калий гидроксидінің спиртті ерітіндісі 61,06 мг $C_7H_6O_2$ сәйкес келеді.

Сұйылту үшін Р альдегидтер қосылмаған спиртті пайдаланады.

0,1 М калий гидроксидінің спиртті ерітіндісі.

20,0 мл 0,5 М калий гидроксидінің спиртті ерітіндісі мөлшерін Р альдегидтер қосылмаған спиртке 100,0 мл дейін жеткізеді.

0,01 М калий гидроксидінің спиртті ерітіндісі.

2,0 мл 0,5 М калий гидроксидінің спиртті ерітіндісі мөлшерін Р альдегидтер қосылмаған спиртке 100,0 мл дейін жеткізеді.

0,1 М раствор калия гидрофталата.

Шамамен 800 мл Р сусыз сірке қышқылын конус пішінді колбаға құяды, 20,42 г НР калий гидрофталатын қосады және ерігенге дейін ылғалдың әсерінен қорғай отырып, сулы моншада қыздырады. 20 °С температураға дейін салқындатады және ерітіндінің мөлшерін Р сусыз сірке қышқылымен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

0,0167 М калий дихроматы ерітіндісі.

4,90 г Р калий дихроматын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 20,0 мл дайындалған калий дихроматы ерітіндісіне 1 г Р калий йодидін, 7 мл Р сұйылтылған хлорлы сутегі қышқылын, 250 мл Р су қосады және индикатор ретінде 3 мл Р крахмал ерітіндісін пайдалана отырып, ерітінді көк түстен ашық жасыл түске боялғанға дейін 0,1 М натрий тиосульфаты ерітіндісімен титрлейді.

0,05 М калий йодаты ерітіндісі.

10,70 г *P* калий йодатын *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 15,0 мл дайындалған калий йодаты ерітіндісінің мөлшерін *P* сумен 40,0 мл дейін жеткізеді, 1 г *P* калий йодиді мен 5 мл *P* сұйылтылған күкірт қышқылын қосады және 0,1 М натрий тиосульфаты ерітіндісімен потенциометриялық (2.1.2.19) немесе титрлеу соңында қосатын индикатор ретінде 1 мл *P* крахмал ерітіндісін пайдалана отырып титрлейді.

1 мл 0,1 М натрий тиосульфаты ерітіндісі 3,567 мг KIO_3 сәйкес келеді.

0,0167 М калий йодаты ерітіндісі.

3,567 г калия йодата *P* растворяют в воде *P* және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 20,0 мл дайындалған калий йодаты ерітіндісіне 2 г *P* калий йодидін , 25 мл *P* сұйылтылған күкірт қышқылын қосады және титрлеу соңында қосатын индикатор ретінде 1 мл *P* крахмал ерітіндісін пайдалана отырып 0,1 М натрий тиосульфаты ерітіндісімен титрлейді.

1 мл 0,1 М натрий тиосульфаты ерітіндісі 3,567 мг KIO_3 сәйкес келеді

0,001 М калий йодиді ерітіндісі.

10,0 мл *P* калий йодиді ерітіндісін *P* сумен мөлшерін 100,0 мл дейін жеткізеді. Алынған 5,0 мл ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 500,0 мл дейін жеткізеді.

0,02 М калий перманганаты ерітіндісі.

3,2 г *P* калий перманганатын *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді. Алынған ерітіндіні 1 сағ бойы сулы моншада қыздырады, салқындатады және шыны сүзгі арқылы сүзгіден өткізеді (2.1.1.2).

Титрді белгілеу. 0,300 г *HP* темір(II)этилендиаммоний сульфатын 50 мл *P* күкірт қышқылы 49 г/л ерітіндісінде ерітеді және дайындалған калий перманганаты ерітіндісімен потенциометриялық (2.1.2.19) немесе индикатор ретінде 0,1 мл *P* ферроинді пайдалана отырып титрлейді. Титрді тікелей пайдалану алдында белгілейді.

1 мл 0,02 М калий перманганаты 38,21 мг $Fe(C_2H_{10}N_2)(SO_4)_2 \cdot 4H_2O$ сәйкес келеді.

Жарық түспейтін жерде сақталады.

0,1 М лантан нитраты ерітіндісі.

43,30 г *P* лантан нитратын *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 20 мл дайындалған лантан нитраты ерітіндісіне 15 мл *P* су мен 25 мл 0,1 М натрий эдетатын қосады. Шамамен 50 мг *P* қызылсары ксиленол, шамамен 2 г *P* гексаметилентетрамин қосады және сары түстен күлгін-қызғылт түске боялғанға дейін 0,1 М мырыш сульфаты ерітіндісімен титрлейді.

1 мл 0,1 М натрий эдетаты ерітіндісі 43,30 мг $La(NO_3)_3 \cdot 6H_2O$ сәйкес келеді.

0,1 М литий метилаты ерітіндісі.

0,694 г *P* литийді 150 мл *P* сусыз метанолда ерітеді және ерітіндінің мөлшерін *P* толуол ерітіндісімен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 10 мл *P* диметилформаидке 0,05 мл *P* метанолдағы *P* көк тимол 3 г/л ерітіндісін қосады және ерітінді көк түске боялғанға дейін дайындалған литий метилаты ерітіндісімен титрлейді. Бір мезетте 0,200 г *HP* бензой қышқылын қосады, ерігенге дейін араластырады және ерітінді қайтадан көк түске боялғанға дейін дайындалған литий метилаты ерітіндісімен титрлейді. Титрлеу кезінде ерітіндіні атмосфералық көміртегі диоксидінен қорғайды. Литий метилаты ерітіндісінің титрін қайта титрлеуге жұмсалған титранттың мөлшерімен белгілейді. Титрді тікелей пайдалану алдында белгілейді.

1 мл 0,1 М литий метилаты ерітіндісі 12,21 мг $C_7H_6O_2$ сәйкес келеді.

0,1 М магний хлориді ерітіндісі.

20,33 г *P* магний хлоридін *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. Магнийді анықтауды комплексометрия әдісімен (2.1.5.11) жүргізеді.

0,02 М мыс сульфаты ерітіндісі

5,0 г *P* мыс сульфатын *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 20,0 мл дайындалған мыс сульфаты ерітіндісіне 2 г *P* натрий ацетатын, 0,1 мл *P* пиридилазонафтолды қосады және күлгін-көк түстен ашық жасыл түске боялғанға дейін 0,02 М натрий эдетаты ерітіндісімен титрлейді. Эквиваленттік нүктесіне жақын баяу титрлейді.

0,1 М раствор натрия арсенита.

HP күшәла триоксидінің 4,946 г As_2O_3 эквивалентті мөлшерін 20 мл *P* концентрацияланған натрий гидроксиді мен 20 мл *P* су қоспасында ерітеді, ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 400 мл дейін жеткізеді және *P* лакмус қағазында *P* сұйылтылған хлорлы сутегі қышқылымен бейтараптандырады. Алынған ерітіндіде 2 г *P* натрий гидрокарбонатын ерітеді және ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 500,0 мл дейін жеткізеді.

1 М натрий гидроксиді ерітіндісі.

42 г *P* натрий гидроксидін *P* көміртегі диоксиді қосылмаған суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 1,50 г *HP* калий гидрофталатын 50 мл *P* суда ерітеді және дайындалған

титруют приготовленным раствором натрий гидроксиді ерітіндісімен потенциометриялық (2.1.2.19) немесе индикатор ретінде 0,1 мл *P* фенолфталеин ерітіндісін пайдалана отырып титрлейді.

1 мл 1 М натрий гидроксиді 204,2 мг $C_8H_5KO_4$ сәйкес келеді.

Карбонаттар қосылмаған натрий гидроксиді ерітіндісін пайдалану қажет болған жағдайда оны мынадай тәсілмен дайындайды. *P* натрий гидроксидін 400 г/л - 600 г/л аралығында ерітінді алғанға дейін *P* суда ерітіп қояды. Мөлдір сұйықтықты көміртегі диоксидінің әсерінен қорғай отырып, тамшылар астында тұнбадан бөліп алады, қажетті молярлық концентрацияға дейін *P* көміртегі диоксиді қосылмаған сумен сұйылтады. Ерітінді мынадай сынаққа төзімді болуы тиіс. Индикатор ретінде 0,1 мл *P* фенолфталеин ерітіндісін пайдалана отырып, дайындалған натрий гидроксиді ерітіндісінің молярлық концентрациясында 20,0 мл хлорлы сутегі қышқылымен титрлейді. Эквиваленттік нүктесінде қызғылт түс жойылуы үшін қажетті мөлшерде аздап қышқыл қосады; ерітіндіні қайнатып 20 мл дейін концентрациялайды; қайнату кезінде ұзақ қайнату кезінде қайталанбауы тиіс қызғылт түс жойылуы үшін қажетті мөлшерде қышқыл қосады. Жұмсалған қышқылдың мөлшері 0,1 мл аспауы тиіс.

0,1 М натрий гидроксиді ерітіндісі.

100,0 мл 1 М натрий гидроксиді ерітіндісінің мөлшерін *P* көміртегі диоксиді қосылмаған сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 50 мл *P* судағы 0,150 г *HP* калий гидрофталаты ерітіндісін пайдалана отырып 1 М натрий гидроксиді ерітіндісі үшін сипатталған титрлеуді жүргізеді.

1 мл 0,1 М натрий гидроксиді 20,42 мг $C_8H_5KO_4$ сәйкес келеді.

Титрді белгілеу (органикалық негіздердің галогенидтерін сандық анықтау кезінде). 0,100 г *HP* бензой қышқылын 5 мл 0,01 М хлорлы сутегі қышқылы мен 50 мл 96 % *P* этанол қоспасында ерітеді. Натрий гидроксиді ерітіндісімен титрлейді (2.1.2.19). Қиғаш титрлеуде иілген жердегі екі нүкте арасында қосылған натрий гидроксиді ерітіндісінің мөлшерін белгілейді.

1 мл 0,1 М натрий гидроксиді ерітіндісі 12,21 мг $C_7H_6O_2$ сәйкес келеді.

0,1 М натрий гидроксидінің этанолды ерітіндісі.

250 мл *P* сусыз этанолға 3,3 г *P* концентрацияланған натрий гидроксиді ерітіндісін қосады.

Титрді белгілеу. 0,100 г *HP* бензой қышқылын 10 мл *P* су мен 40 мл 96 % *P* этанолда ерітеді және дайындалған натрий гидроксидінің этанолды ерітіндісімен потенциометриялық (2.1.2.19) немесе индикатор ретінде 0,2 мл *P* тимолфталеин ерітіндісін пайдалана отырып титрлейді. Титрді тікелей пайдалану алдында белгілейді.

1 мл 0,1 М натрий гидроксидінің этанолды ерітіндісі 12,21 мг $C_7H_6O_2$ сәйкес келеді.

0,1 М натрий метилаты ерітіндісі.

175 мл *P* сусыз метанолды мұздай суда салқындатады және аздаған порциямен шамамен 2,5 г жаңа кесілген *P* натрий қосады; металл еріген кезде мөлшерін *P* толуолмен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 10 мл *P* диметилформамаидке *P* метанолдағы 0,05 мл *P* көк тимол 3 г/л ерітіндісін қосады және ерітінді көк түске боялғанға дейін дайындалған натрий метилаты ерітіндісімен титрлейді. Сол мезетте 0,100 г *HP* бензой қышқылын қосады, ерігенге дейін араластырады және ерітінді қайтадан көк түске боялғанға дейін дайындалған натрий мелилаты ерітіндісімен титрлейді. Титрлеу кезінде ерітіндіні атмосфералық көміртегі диоксидінен қорғайды. Натрий метилаты ерітіндісін титрлеуді қайта титрлеуге жұмсалған титранттың мөлшерімен белгілейді. Титрді тікелей пайдалану алдында белгілейді.

1 мл 0,1 М натрий метилаты ерітіндісі 12,21 мг $C_7H_6O_2$ сәйкес келеді.

0,1 М натрий нитриты ерітіндісі.

7,5 г *P* натрий нитритын *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 0,150 г *HP* сульфанил қышқылын 50 мл *P* сұйылтылған хлорлы сутегі қышқылында ерітеді және дайындалған натрий нитратын пайдалана отырып, бастапқы хош иісті аминотоптарды электрометриялық анықтауды (2.1.5.8) жүргізеді. Титрді тікелей пайдалану алдында белгілейді.

1 мл 0,1 М натрий нитриты ерітіндісі 17,32 мг $C_6H_7NO_3S$ сәйкес келеді.

0,1 М натрий периодаты ерітіндісі.

21,4 г *P* натрий периодатын 500 мл *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 5,0 мл дайындалған натрий периодататы ерітіндісін тығынмен бекітілген колбаға құяды, 100 мл *P* су, 10 мл *P* калий йодиді ерітіндісі мен 5 мл *P1* хлорлы сутегі қышқылын қосады, жабады, араластырады, 2 мин ұстайды және әлсіз сары түске боялғанға дейін 0,1 М натрий тиосульфатадо ерітіндісімен титрлейді. Титрлеуді потенциометриялық жүргізеді (2.1.2.19) немесе ерітінді түссіз күйге өзгергенге дейін 2 мл *P* крахмал ерітіндісімен баяу титрлейді.

1 мл 0,1 М натрий тиосульфаты ерітіндісі 2,674 мг $NaIO_4$ немесе 0,125 мл 0,1 М натрий периодатына сәйкес келеді.

0,1 М натрий тиосульфаты ерітіндісі.

25 г *P* натрий тиосульфаты мен 0,2 г *P* натрий карбонатын *P* сутегі диоксиді қосылмаған суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 10,0 мл 0,033 М калий броматы ерітіндісіне 40 мл *P* су, 10 мл *P* калий йодиді ерітіндісін, 5 мл *P1* хлорлы сутегі қышқылын қосады және титрлеудің соңында қосатын индикатор ретінде 1 мл *P* крахмал ерітіндісін пайдалана отырып, дайындалған натрий тиосульфаты ерітіндісімен титрлейді.

1 мл 0,1 М натрий тиосульфаты 2,783 мг $KBrO_3$ немесе 0,5 мл 0,033 М калий броматына сәйкес келеді.

0,1 М натрий эдетаты ерітіндісі.

37,5 г *P* натрий эдетатын 500 мл *P* суда ерітеді, 100 мл 1 М натрий гидроксиді ерітіндісін қосады және ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 0,120 г *HP* мырышты 4 мл *P1* хлорлы сутегі қышқылымен ерітеді, әлсіз қышқыл реакцияға дейін *P* сұйылтылған натрий гидроксиді ерітіндісін қосады және комплексометрия әдісімен (2.1.5.11) мырышты сандық анықтауды жүргізеді.

1 мл 0,1 М натрий эдетаты ерітіндісі 6,538 мг *Zn* сәйкес келеді.

Полиэтилен контейнерде сақтайды.

0,02 М натрий эдетаты ерітіндісі.

7,444 г *P* натрий эдетатын *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 0,100 г *HP* мырышты 4 мл *P1* хлорлы сутегі қышқылында ерітеді және 0,1 мл *P* бромды су қосады; артық бромды қайнатып ажыратып шығарады. Ерітіндіні өлшеуіш колбаға ауыстырады және ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 100,0 мл дейін жеткізеді. Алынған 25,0 мл ерітіндіні сыйымдылығы 500 мл конус пішінді колбаға құяды және *P* сумен мөлшерін 200 мл дейін жеткізеді. Шамамен 50 мг *P* қызылсары ксиленол индикаторлық қоспасын ерітінді күлгін-қызғылт түске боялғанға дейін қосады. 2 г *P* гексаметилентетраминді артығымен қосады. Күлгін-қызғылт түстен сары түске боялғанға дейін дайындалған натрий эдетаты ерітіндісімен титрлейді.

1 мл 0,02 М натрий эдетаты ерітіндісі 1,308 мг *Zn* сәйкес келеді.

0,1 М күміс нитраты ерітіндісі.

17,0 г *P* күміс нитратын *P* суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 50 мг *HP* натрий хлоридін *P* суда ерітеді, 5 мл *P* сұйылтылған азот қышқылын қосады, ерітіндінің мөлшерін *P* сумен 50 мл дейін жеткізеді және дайындалған күміс нитраты ерітіндісімен потенциометриялық титрлейді (2.1.2.19).

1 мл 0,1 М күміс нитраты ерітіндісі 5,844 мг *NaCl* сәйкес келеді.

Жарық түспейтін жерде сақталады.

0,001 М күміс нитраты ерітіндісі.

5,0 мл 0,1 М күміс нитраты ерітіндісін *P* сумен 500,0 мл мөлшеріне дейін жеткізеді.

0,5 М күкірт қышқылы ерітіндісі.

28 мл *P* күкірт қышқылын *P* сумен араластырады және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 0,950 г *HP* трометамолды 50 мл *P* суда ерітеді және дайындалған күкірт қышқылы ерітіндісімен потенциометриялық (2.1.2.19) немесе индикатор ретінде 0,1 мл *P* қызылсары метил ерітіндісін пайдалана отырып, қызғыш сары түске боялғанға дейін титрлейді.

1 мл 0,5 М күкірт қышқылы 121,1 мг $C_4H_{11}NO_3$ сәйкес келеді.

0,05 М күкірт қышқылы ерітіндісі.

100,0 мл 0,5 М күкірт қышқылы ерітіндісі мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. Анықтауды 20 мл Р суда ерітілген 0,100 г НР натрий карбонатын пайдалана отырып, 0,5 М күкірт қышқылы ерітіндісіне арналған нұсқайлықтарға сәйкес жүргізеді.

1 мл 0,05 М күкірт қышқылы ерітіндісі 5,30 мг Na₂CO₃ сәйкес келеді.

0,1 М қорғасын нитраты ерітіндісі.

33 г Р қорғасын нитратын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 20,0 мл дайындалған қорғасын нитраты ерітіндісінде қорғасынды анықтауды комплексометрия әдісімен (2.1.5.11) жүргізеді.

0,05 М қорғасын нитраты ерітіндісі.

50,0 мл 0,1 М қорғасын нитраты ерітіндісін Р сумен 100,0 мл мөлшеріне дейін жеткізеді.

0,1 М тетрабутиламмоний гидроксиді ерітіндісі.

40 г Р тетрабутиламмоний йодидін 90 мл Р сусыз метанолда ерітеді, 20 г майда ұсақталған Р күміс оксидін қосады және 1 сағ бойы қарқынды сілкіп шайқайды. Бірнеше миллилитр қоспаны центрифугалайды және тұнба астындағы сұйықтықтың йодидіне сынақ жүргізеді. Оң реакция алған жағдайда қосымша 2 г Р күміс оксидін осады және 30 мин боуы сілкіп шайқайды; осы рәсімді сұйықтық йодидтерден тазарғанға дейін қайталайды, қоспаны шыны сүзгі арқылы сүзгіден өткізеді (2.1.1.2) және реакциялық түтік пен сүзгіні 50 мл Р толуолмен үш рет жуып шаяды. Алынған сүзіндіге жуып-шайған толуолды қосады және мөлшерін Р толуолмен 1000,0 мл дейін жеткізеді. Ерітінді арқылы 5 мин бойы көміртегі диоксиді қосылмаған құрғақ азотты өткізеді.

Титрді белгілеу. 10 мл Р диметилформамидке 0,05 мл Р метанолдағы Р көк тимол 3 г/л ерітіндісін қосады және ерітінді таза көк түске боялғанға дейін дайындалған тетрабутиламмоний гидроксиді ерітіндісімен титрлейді. Бір мезетте 0,100 г НР бензой қышқылын қосады, ерігенге дейін араластырады және ерітінді көк түске боялғанға дейін дайындалған тетрабутиламмоний гидроксиді ерітіндісімен қайта титрлейді. Тетрабутиламмоний гидроксиді ерітіндісінің титрін қайта титрлеуге жұмсалған титранттың мөлшерімен белгілейді. Титрлеуді ерітіндіні атмосфералық көміртегі диоксидінен қорғай отырып жүргізеді. Титрді тікелей пайдалану алдында белгілейді.

1 мл 0,1 М тетрабутиламмоний гидроксиді ерітіндісі 12,21 мг C₇H₆O₂ сәйкес келеді.

2-пропанолдағы 0,1 М тетрабутиламмоний гидроксиді ерітіндісі.

Еріткіш ретінде Р толуолдың орнына Р 2-пропанолды пайдалана отырып, 0,1 М тетрабутиламмоний гидроксиді ерітіндісі үшін сипатталған нұсқаулықтарға сәйкес

дайындайды; титрді *0,1 М тетрабутиламмоний гидроксиді ерітіндісі* үшін берілген нұсқаулықтарға сәйкес белгілейді.

1 М Хлороводородная кислота.

103,0 г *P* хлорлы сутегі қышқылын *P* сумен мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 0,950 г *HP* трометамолды 50 мл *P* суда ерітеді және дайындалған хлорлы сутегі қышқылымен потенциометриялық (2.1.2.19) немесе индикатор ретінде 0,1 мл *P* қызылсары метил ерітіндісін пайдалана отырып, қызылсары-қызыл түске боялғанға дейін титрлейді.

1 мл 1 М хлорлы сутегі қышқылы 121,1 мг $C_4H_{11}NO_3$ сәйкес келеді.

0,1 М Хлорлы сутегі қышқылы.

100,0 мл 1 М хлорлы сутегі қышқылы мөлшерін *P* сутегі диоксиді қосылмаған сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. Титрлеуді 20 мл *P* суда ерітілген 95 мг *HP* трометамолды пайдалана отырып, 1 М хлорлы сутегі қышқылы үшін берілген нұсқаулықтарға сәйкес жүргізеді.

1 мл 0,1 М хлорлы сутегі қышқылы 12,11 мг $C_4H_{11}NO_3$ сәйкес келеді.

0,1 М спирттегі хлорлы сутегі қышқылы.

9,0 мл *P* хлорлы сутегі қышқылы мөлшерін *P* альдегидтер қосылмаған спиртпен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

0,1 М хлор қышқылы ерітіндісі.

8,5 мл *P* хлор қышқылын 900 мл *P* мұзды сірке қышқылы бар өлшеуіш колбаға құяды және араластырады. 30 мл *P* сірке ангидридін қосады, ерітіндінің мөлшерін *P* мұзды сірке қышқылымен 1000,0 мл дейін жеткізеді, араластырады және 24 сағ бойы стайды. Метанол қоспай құрамындағы суды анықтайды (2.1.5.12) және қажет болған жағдайда *P* сірке ангидридін немесе *P* су қосып, құрамындағы судың мөлшерін 0,1 %-ден 0,2 %-ге дейін жеткізеді. 24 сағ бойы ұстайды.

Титрді белгілеу. 0,170 г *HP* калий гидрофталатты 50 мл *P* сусыз сірке қышқылымен қажет болған жағдайда ақырын қыздырып, ерітеді. Ауадан қорғай отырып салқындатады және дайындалған хлор қышқылы ерітіндісімен потенциометриялық (2.1.2.19) немесе индикатор ретінде 0,05 мл *P* күлгін кристалды пайдалана отырып титрлейді. Титрлеу кезінде хлор қышқылы ерітіндісінің температурасын өлшейді. Егер сандық анықтау жүргізілетін температураның 0,1 М хлор қышқылы ерітіндісінің титрі белгіленген температурадан айырмашылығы болса, онда сандық анықтауға жұмсалған көлемді (V_c) мына формула бойынша есептейді:

$$V_c = V [1 + (t_1 - t_2) \cdot 0,0011]$$

мұндағы: t_1 — титр белгіленген кездегі температура;

t_2 — сандық анықтауды жүргізу кезіндегі температура;

V — титрлеуге нақты жұмсалған көлем, миллилитрде.

1 мл 0,1 М хлор қышқылы ерітіндісі 20,42 мг $C_8H_5KO_4$ сәйкес келеді.

0,05 М хлор қышқылы ерітіндісі.

50,0 мл 0,1 М хлор қышқылы ерітіндісі мөлшерін Р сусыз сірке қышқылымен 100,0 мл дейін жеткізеді.

0,02 М хлор қышқылы ерітіндісі.

20,0 мл 0,1 М хлор қышқылы ерітіндісі мөлшерін Р сусыз сірке қышқылымен 100,0 мл дейін жеткізеді.

0,1 М хлор қышқылы ерітіндісі.

6,0 г Р мұзды сірке қышқылы мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 25,0 мл дайындалған сірке қышқылы ерітіндісіне 0,5 мл Р фенолфталеин ерітіндісін қосады және 0,1 М натрий гидроксиді ерітіндісімен титрлейді.

0,1 М церий сульфаты ерітіндісі.

40,4 г Р церий сульфатын 500 мл Р су мен 50 мл Р күкірт қышқылы қоспасында ерітеді, салқындатады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 0,300 г НР темір(II) этилендиаммоний сульфатын 50 мл Р күкірт қышқылы 49 г/л ерітіндісінде ерітеді және дайындалған церий сульфаты ерітіндісімен потенциометриялық (2.1.2.19) немесе индикатор ретінде 0,1 мл Р ферроинді пайдалана отырып титрлейді.

1 мл 0,1 М церий сульфаты 38,21 мг $Fe(C_2H_{10}N_2)(SO_4)_2 \cdot 4H_2O$ сәйкес келеді.

0,05 М мырыш хлориді ерітіндісі.

Тиісті сақтық шараларымен өлшенген 6,82 г Р мырыш хлоридін Р суда ерітеді. Қажет болған жағдайда Р сұйылтылған хлорлы сутегі қышқылын до исчезновения опалесценция жойылғанға дейін тамшылатып қосады және ерітіндінің мөлшерін Р сумен 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 20,0 мл дайындалған мырыш хлориді ерітіндісіне 5 мл Р сұйылтылған сірке қышқылын қосады және комплексометрия әдісімен (2.1.5.11) мырышты анықтауды жүргізеді.

0,1 М мырыш сульфаты ерітіндісі.

29 г Р мырыш сульфатын Р суда ерітеді және осы еріткішпен ерітіндінің мөлшерін 1000,0 мл дейін жеткізеді.

Титрді белгілеу. 20,0 мл дайындалған мырыш сульфаты ерітіндісіне 5 мл Р сұйылтылған сірке қышқылын қосады және комплексометрия әдісімен (2.1.5.11) мырышты анықтауды жүргізеді.

2.3. ЖАЛПЫ МӘТІНДЕР

2.3.1. МИКРОБИОЛОГИЯ БОЙЫНША ЖАЛПЫ МӘТІНДЕР

2.3.1.1. Микробтарға қарсы консерванттардың тиімділігі

Осы жалпы фармакопейалық құжат дәрілік препараттардың құрамына енетін микробтарға қарсы консерванттардың тиімділігін анықтауға қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

Микробтарға қарсы консерванттар микроорганизмдердің көбеюінің алдын алуға немесе әсіресе көп дозалы қаптамаларды пайдаланған жағдайда сақтау және қолдану процесінде дәрілік препараттардың микробпен ластануын шектеуге арналған. Микробтарға қарсы консерванттар тиісті өндірістік практика талаптарының (GMP) орындалуын алмастырмауы тиіс. Дайын дәрілік препараттағы консерванттың тиімді концентрациясы адам үшін уытты дозадан төмен болуы тиіс.

Микробтарға қарсы консерванттардың тиімділігі - бұл заттардың жарамдылық мерзімі ішінде дәрілік препаратта микроорганизмдердің өсуін бәсеңдету қабілеті. Консерванттардың тиімділігін сынау - дәрілік препараттың үлгісін тест-микроорганизмдермен анықталған суспензиялармен жасанды жанастыруды, белгілі бір температурада жанастырылған үлгілердің инкубациясын, көрсетілген уақыт интервалында сынамаларды іріктеуді және сынақ кезеңінде 1 г (мл) дәрілік препараттағы микроорганизмдердің тіршілікке бейім жасушаларын санауды, алынған нәтижелерді есептеуді және бағалауды қамтитын рәсім.

Жолақішілік, жүрекшілік, көздің ішіне инемен салуға арналған ми жұлын сұйықтығымен байланысатын, сондай-ақ 15 мл артық бір реттің дозада дәрілік препаратқа консерванттарды енгізуге рұқсат етілмейді.

1. МИКРООРГАНИЗМДЕРДІҢ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТЕСТ-ШТАМДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Дәрілік препараттар консерванттарының тиімділігін бактериялардың, ашытқы және өнезденген саңырауқұлақтардың белгілі бір түрлеріне қатысты анықтайды. Сынақ кезінде төменде көрсетілген тест-штамдарды қолданады (2.3.1.1.-1-кесте).

2.3.1.1.-1-кесте. — Микроорганизмдердің тест-штамдары

Микроорганизмнің атауы	Штамның нөмірі
Escherichia coli	ГКПМ 240533; ATCC 25922, ATCC 8739; NCTC 12923; NCTC 12241; DSM 1103; CIP 53.126, NCIMB 8545
Pseudomonas aeruginosa	ГКПМ 190155; ATCC 9027; NCTC 12924; CIP 82.118, NCIMB 8626
Staphylococcus aureus	ГКПМ 201108; ATCC 6538; NCTC 10788, NCIMB 9518, CIP 4.83
Candida albicans	ГКПМ 303903; ГКПМ 303901; РКПГУ 401/NCTC 885-653; ATCC 10231; NCPF3179, IP 48.72

Aspergillus brasiliensis

РКПГС 106; ATCC 9642, ATCC 16404, ВКМ F-1119;
ВКМ F-3882; NCPF 2275,
IMI 149007, IP1431.83

Ескерту.

1. Берілген тест-штамдардан басқа культуралдық-морфологиялық, тинкториалдық және биохимиялық қасиеттері бойынша типтік болуы тиіс басқа да микроорганизмдерді пайдалануға болады.

2. Микроорганизмдердің тест-штамдары жиынтығы сынақтан өткізілетін дәрілік препараттың қолдану тәсіліне, құрамына немесе ықтимал микроорганизмдері-контаминанттарына қарай азайтылуы немесе кеңейтілеуі мүмкін. Мысалы, жоғары қант концентрациясын қамтитын ішке қабылдауға арналған дәрілік препараттарды сынақтан өткізу үшін *Zygosaccharomyces rouxii* (NCYC 381; IP 2021.92) пайдалануға болады, құрамында бензалконий хлориді бар препараттар үшін *Burkholderia ceracia* (ATCC 25416, ATCC 177759) қосу орынды және т.б.

Ампулада, дискілерде немесе басқа түрде өндірушінің сертификатымен ресми коллекциядан алынған барлық микроорганизмдердің тест-штамдарын тест-штамдарда қоса берілген нұсқаулықтарда сипатталған тәсілдермен немесе 2.1.6.6 құжатқа сәйкес қайта қалпына келтіру қажет.

Бактериялар мен саңырауқұлақтардың өсінділерін 5-тен аспайтын пассаждар жасай отырып қайта егеді. Инокулятты дайындауға арналған тест-штамдарды өсіру талаптары 2.3.1.1.-2-кестеде берілген. Пайдаланылатын қоректік орталар 2.1.6.6 құжатта берілген.

2.3.1.1.-2-кесте. — Инокулят дайындауға арналған микроорганизмдердің тест-штамдарын өсіру талаптары

Тест-штамм	Қоректік орта	Егінді инкубациялау талаптары	
		температура	уақыт
<i>Escherichia coli</i>	Соя-казеин агары немесе № 1 орта	32,5 ± 2,5°C	18-24 сағ
<i>Pseudomonas aeruginosa</i>	Соя-казеин бульоны немесе № 8 орта		
<i>Staphylococcus aureus</i>			
<i>Candida albicans</i>	Глюкозалы Сабуро агары немесе № 2 орта Сабуро сұйық ортасы немесе соя-казеин бульоны	22,5 ± 2,5°C	48 - 72 сағ
<i>Aspergillus brasiliensis</i>	Глюкозалы Сабуро агары немесе № 2 орта	22,5 ± 2,5°C	6-10 тәулік

Ескерту. Балама сұйық және агаризацияланған қоректік орталарды пайдалануға болады.

Пайдаланылатын қоректік орталардың өсу қасиеттерін бақылауды 2.1.6.6 құжатқа сәйкес жүргізеді.

Инокулятты дайындау кезінде бактериялардың тест-штамдары тәуліктік өсінділері мен *C. albicans* қиылған агардың беткі қабатынан зарарсыздандырылған 0,9 % натрий хлориді ерітіндісімен жуып шаяды. Бактериялар жасушаларының концентрациясын лайылықтың стандартты үлгісін немесе сан алуан аспаптық, соның ішінде турбидиметриялық әдістерді пайдалана отырып 10^9 КОЕ/мл дейін, ал *C. albicans* - 10^7 КОЕ/мл дейін жеткізеді.

Тест-штамдарды өсіруге арналған сұйық қоректік орталарды пайдаланған жағдайда бактерия жасушалары мен *C. albicans* центрифугалап бөліп алады, жуып шаяды және зарарсыздандырылған 0,9 % натрий хлориді ерітіндісімен $1 \cdot 10^7$ — $1 \cdot 10^8$ КОЕ/мл концентрациясына дейін қайта суспензиялайды.

A. brasiliensis конидияларын шаю үшін 0,05% полисорбат-80 қамтитын зарарсыздандырылған 0,9 % натрий хлориді ерітіндісін пайдаланады. 1 мл шайындыдағы *A. brasiliensis* конидияларының санын Горяев камерасының көмегімен немесе табақшалы аграрлық әдіспен анықтайды. Алынған жүзіндіні 1мл-де 10^7 конидия концентрациясына дейін сұйылтады.

Барлық микроорганизм тест-штамдарының стандартты суспензияларын 10^7 - 10^8 КОЕ/мл концентрациясына дейін сұйылтады.

Әрбір суспензиядан жарамды үлгілерді іріктеп алады және әрбір 1 мл суспензияда колония құрушы бірліктер санын табақшаға егу әдісімен немесе мембраналық сүзгіден өткізу әдісімен анықтайды (2.1.6.6). Алынған мән инокуляттағы тіршілікке қабілетті микроорганизмдердің саны мен сынақ жүргізу кезінде микроорганизмдердің бастапқы санын анықтау үшін қызмет етеді. Инокулятты дайындағаннан кейін тез арада пайдалану қажет.

2. СЫНАҚ ӘДІСТЕМЕСІ

Консерванттардың тиімділігін анықтау үшін зақымданбаған бастапқы орамадағы дайын дәрілік препаратты пайдаланады.

Зерттелетін препараты бар әрбір зарарсыздандырылған құтыға 1 мл-де жасушалардың 10^5 - 10^6 КОЕ концентрациясын қамтамасыз ете отырып, микроорганизмдердің бір тест-штамын қамтитын суспензияны немесе 1 г дәрілік препаратты салып, араластырады. Инокуляттың мөлшері үлгі көлемінің 0,5 - 1 % құрауы тиіс. Үлгіде микроорганизмдердің біркелкі бөліп таратуды қамтамасыз ету үшін мұқият араластырады.

Қатты мазь негізді дәрілік препарат үлгілерін ($42,5 \pm 2,5$) °С температураға дейін қыздырады. Әрбір стандартталған микробтық суспензия инокулятын кемінде 1 мин ішінде гомогенді эмульсияға қол жеткізгенге дейін дәрілік препараттың үлгісімен араластырады. Араластыруды жақсарту үшін, егер ол микроорганизмдердің тіршілік етуіне немесе консерванттың тиімділігіне ықпал етпейтін болса, зарарсыздандырылған беткі белсенді заттың белгілі бір (валидті) мөлшерін, мысалы полисорбат-80 қосады.

Дәрілік препараттың контаминацияланған үлгілерін белгілі бір уақыт аралығында жарық түспейтін орында ($22,5 \pm 2,5$) °C температурада ұстайды.

Сынақтан өткізілетін әрбір үлгіден тікелей инокуляциядан кейін және көрсетілген уақыт интервалынан кейін сынамаларды бөліп алады (әдетте 1 мл немесе 1 г) (2.3.1.1.-3 - 2.3.1.1.-5 кестелер), тіршілікке қабілетті микроорганизмдер санын табақшаға егу әдісімен немесе мембраналық сүзгіден өткізу әдісімен анықтайды (2.1.6.6).

2.3.1.1.-3-кесте. — Зарарсыздандырылған дәрілік препараттар (парентеральдық, көзге арналған, жатырышілік, интрамаммарлық, жергілікті қолдануға арналған)

		lg азайту				
		6 сағ	24 сағ	7 тәулік	14 тәулік	28 тәулік
Бактериялар	А	2	3	—	—	ТЖ
	Б	—	1	3	—	АҚ
	В	—	—	1	3	АҚ
Саңырауқұлақтар	А	—	—	2	—	АҚ
	Б	—	—	—	1	АҚ
	В	—	—	АҚ	АҚ	АҚ

Белгілер: ТЖ — микроорганизмдер табылған жоқ;

АҚ — алдыңғы нәтижемен салыстырғанда микроорганизмдердің санын арттыру қажет емес

2.3.1.1.-4-кесте. — Жергілікті және сыртқа, сондай-ақ ингаляцияға қолданылатын зарарсыздандырылмаған дәрілік препараттар

		lg азайту			
		2 тәулік	7 тәулік	14 тәулік	28 тәулік
Бактериялар	А	2	3	—	АҚ
	Б	—	—	3	АҚ
	В	—	—	2	АҚ
Саңырауқұлақтар	А	—	—	2	АҚ
	Б	—	—	1	АҚ
	В	—	—	АҚ	АҚ

2.3.1.1.-5. - Антацидтік, суда еритін немесе сулы негізде дайындалғандарды қоса алғанда ішке қабылдауға арналған дәрілік препараттар, сондай-ақ ректальды дәрілік препараттар

		lg азайту	
		2 тәулік	28 тәулік
Бактериялар	А	3	АҚ
	Б	1	АҚ
Саңырауқұлақтар	А	1	АҚ

Дәрілік препараттың микробқа қарсы әсерін мынадай тәсілдердің бірімен жояды: сұйылту, мембраналық сүзгіден өткізу немесе қоректік ортасы бар табақшаға салынатын инактиватордың көмегімен немесе егу алдында дәрілік препаратты тиісінше сұйылту. Пайдаланылатын инактиваторлар микроорганизмдердің тіршілік етуіне ықпал етпеуі тиіс. Кейбір инактиваторлар 2.1.6.6 құжатта берілген.

3. ЖАРАМДЫЛЫҚ КРИТЕРИЙІ

Табақшалы агарлық әдіспен дәрілік препараттың жоғарыда көрсетілген контаминацияланған үлгісінің инкубация мерзімі арқылы әрбір тест-штамм үшін КОЕ/мл мөлшерін анықтайды. 1 мл бастапқы концентрациямен салыстырғанда микробтық жасушалар санының өзгеруін ондық логарифмде (lg) көрсетеді. Консерванттардың микробқа қарсы әсердің тиімділігін бағалау кезінде, егер келесі өлшеу алдыңғысынан 0,5 lgКОЕ кем болса, КОЕ/мл артуы белгіленбейді.

4. САПАҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

2.3.1.1.-3 - 2.3.1.1.-5 кестелерде микробқа қарсы консерванттың/дәрілік препарат консервантының тиімділігін бағалау критерийлері тіршілікке қабілетті микроорганизмдер санының олардың икокулятта қамтылған санымен салыстырғанда азаюы логарифмі түрінде берілген. А критерийі консерванттың ұсынылатын тиімділігіне сәйкес келеді. А критерийіне қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, мысалы, қолайсыз әсер етудің жоғары қаупі себебінен, дәрілік препарат Б немесе В критерийлерін қанағаттандыруы тиіс.

203010002-2019

2.3.1.2. Дәрілік препараттарды, фармацевтикалық субстанциялар мен қосалқы заттарды өндіру үшін олардың микробиологиялық тазалығына қойылатын талаптар

Осы жалпы фармакопоялық құжат дәрілік препараттарды, фармацевтикалық субстанциялар мен қосалқы заттарды өндіру үшін олардың микробиологиялық тазалығының жарамдылығы критерийлерін белгілейді.

Стерильденбеген дәрілік құралдар микроорганизмдермен контаминацияланған болуы мүмкін. Адамның денсаулығына қауіп төндіретін белгілі бір түрлері болмаған жағдайда бактериялар мен саңырауқұлақтардың шектеулі санына рұқсат етіледі. Стерильденбеген дәрілік препараттарда микроорганизмдердің болуы пациенттің денсаулығына қолсайсыз әсер етуі және препараттың тепаревтік тиімділігін төмендетуге алып келуі мүмкін. Сондықтан өндірушілер дәрілік препараттарды өндіру, сақтау және дистрибьютерлеудің тиісті тәжірибесі бойынша қолданыстағы нұсқаулықтарды (GxP) орындау арқылы дәрілік құралдардың микробиологиялық тазалығының тиісті деңгейін қамтамасыз етуі тиіс.

Стерильденбеген дәрілік препараттарды микробиологиялық зерттеуді 2.1.6.6, 2.1.6.7 жалпы фармакопоялық мақаласында берілген әдістерге сәйкес жүргізеді.

2.3.1.2.-1 - 2.3.1.2.-2 кестелерде дәрілік препараттар мен фармацевтикалық субстанциялардың, сондай-ақ қосалқы заттардың сапасына қатысты талаптар берілген.

Стерильденбеген дәрілік препараттар үшін аэробтық микроорганизмдердің жалпы санын (ТАМС) және ашытқылар/саңырауқұлақтардың жалпы санын (ТҮМС) есептеуге негізделген жарамдылық критерийлері 2.3.1.2.-1 және 2.3.1.2.-2 кестелерде берілген. Жарамдылық критерийлерін жекелеген нәтижелердің немесе репликацияны пайдалану кезіндегі барлық есептеулердің орташа мәні (мысалы, тікелеу егу әдісі) негізінде белгілейді. Нәтижелерді мынадай түрде түсіндіреді:

- 10^1 КОЕ кезінде — 20 КОЕ/г(мл) артық емес;
- 10^2 КОЕ кезінде — 200 КОЕ/г(мл) артық емес;
- 10^3 КОЕ кезінде — 2000 КОЕ/г(мл) артық емес және т.б.

Жекелеген дәрілік құралдардың сапасына қойылатын нормативтік талаптарды белгілеу және сапа бойынша нормативтік құжатты дайындау кезінде санаттардың цифрлық белгілері де, қолдану тәсіліне сәйкес сапаға қойылатын талаптарды көрсету қолданылуы мүмкін.

Дәрілік препараттар өндірісінде пайдаланылатын фармацевтикалық субстанциялар үшін (өсімдіктен алынған фармацевтикалық субстанцияларды қоспағанда), аэробты микроорганизмдердің жалпы саны 1 г-да (мл) 10^3 КОЕ аспауы, ал ашытқы және өңезденген саңырауқұлақтардың жалпы саны — 1 г-да (мл) 10^2 КОЕ аспауы тиіс.

Тәуекелдерді талдау негізінде нормативтік құжаттамада фармацевтикалық субстанциялар мен қосалқы заттар сапасының өзге де жарамдылық критерийлері берілуі мүмкін (2.3.1.2.-2-кесте). Бұл ретте фармацевтикалық субстанцияларды пайдалана отырып алынатын дәрілік препаратты өндіру процесі мен мақсатының ерекшеліктері, сондай-ақ талап етілген сапада қосалқы заттардың болуы ескеріледі.

2.3.1.2.-1-кесте. - Дәрілік препараттар сапасының микробиологиялық көрсеткіштер бойынша жарамдылық критерийлері

Санаты	Енгізу тәсілі	Жарамдылық критерийі
1	"Зарарсыздық" талабы қойылатын дәрілік препараттар	Зарарсыздандырылған болуы тиіс дәрілік препараттар
	Жергілікті қолдануға арналған (ауыз қуысының шырышты қабатына, мұрынға, сыртқы есту жолына жағуға арналған, қынаптық және т.б.) Сыртқы қолдануға арналған (зақымданбаған және (немесе)	Аэробты микроорганизмдердің жалпы саны — 1 г (мл) препаратта немесе 1 пластырьда (жабысатын беті мен негізін қоса алғанда) 102 КОЕ артық емес Ашытқы және өңезденген саңырауқұлақтардың жалпы саны — 1 г (мл) немесе 1 пластырьда (жабысатын беті мен негізін қоса алғанда) 101 КОЕ артық емес 1 г (мл) препаратта немесе 1 пластырьда (жабысатын беті мен

2	<p>зақымданған тері қабаттарына арналған)</p> <p>Респираторлық қолдануға арналған (ингаляцияға арналған)</p> <p>Трансдермальдық пластырьлер</p> <p>Зарарсыздандырылған болуы тиіс дәрілік препараттарды қоспағанда, басқалары</p>	<p>негізін қоса алғанда) <i>Pseudomonas aeruginosa</i> болмауы</p> <p>1 г (мл) препаратта немесе 1 пластырьда (жабысатын беті мен негізін қоса алғанда) <i>Staphylococcus aureus</i> болмауы</p> <p>1 г (мл) респираторлық қолданылатын аэрозольдік препараттарда өтке төзімді энтеробактериялардың болмауы</p> <p>1 г (мл) қынапты қолданылатын дәрілік препараттарда <i>Candida albicans</i> болмауы</p>
3А	<p>Ішке қабылдауға немесе ректалды енгізуге арналған препараттар</p> <p>Ішке қабылдауға арналған қатты (сусыз) препараттар</p> <p>Ректалды енгізуге арналған препараттар</p> <p>Ішке қабылдауға арналған сұйық препараттар</p>	<p>Аэробты микроорганизмдердің жалпы саны — 1 г-да 103 КОЕ артық емес</p> <p>Ашытқы және өңезденген саңырауқұлақтардың жалпы саны — 1 г-да 102 КОЕ артық емес</p> <p>1 г-да <i>Escherichia coli</i> болмауы</p> <p>- Аэробты микроорганизмдердің жалпы саны — 1 г-да (мл) 103 КОЕ артық емес</p> <p>- Ашытқы және өңезденген саңырауқұлақтардың жалпы саны — 1 г-да (мл) 102 КОЕ артық емес</p> <p>Аэробты микроорганизмдердің жалпы саны — 1 г-да (мл) 102 КОЕ артық емес</p> <p>Ашытқы және өңезденген саңырауқұлақтардың жалпы саны — 1 г-да (мл) 101 КОЕ артық емес</p> <p>- 1 г-да (мл) <i>Escherichia coli</i> болмауы</p>
3Б	<p>Ішке қабылдауға арналған — алдын ала өңдеу процесінде микробтық ластануы деңгейін төмендету мүмкін емес табиғи шикізаттан жасалған.</p> <p>Өсімдіктерден жасалған дәрілік препараттардың микробтық тазалығына қойылатын талаптар 5.1.8-бапта берілген</p>	<p>Аэробты микроорганизмдердің жалпы саны — 1 г-да (мл) 104 КОЕ артық емес</p> <p>Ашытқы және өңезденген саңырауқұлақтардың жалпы саны — 1 г-да (мл) 102 КОЕ артық емес</p> <p>Өтке төзімді энтеробактериялар — 1 г-да (мл) 102 КОЕ артық емес</p> <p>1 г-да (мл) <i>Escherichia coli</i> болмауы</p> <p>10 г-да (мл) <i>Salmonella spp.</i> текті бактериялардың болмауы</p>

		1 г-да (мл) <i>Staphylococcus aureus</i> болмауы
ЗВ	Микробқа қарсы өңдеу мүмкін емес табиғи толтырғышты пайдаланумен ветеринарияда қолданылатын емдік жем-шөптерге арналған дайын қоспалар	Аэробты микроорганизмдердің жалпы саны — 1 г-да (мл) 105 КОЕ артық емес Ашытқы және өңезденген саңырауқұлақтардың жалпы саны — 1 г-да (мл) 104 КОЕ артық емес Өтке төзімді энтеробактериялар — 1 г-да (мл) 104 КОЕ артық емес 1 г-да (мл) <i>Escherichia coli</i> болмауы 25 г-да (мл) <i>Salmonella spp.</i> болмауы

2.3.1.2.-2-кесте. — Микробиологиялық көрсеткіштер бойынша дәрілік препараттарды өндіру үшін фармацевтикалық субстанциялар мен қосалқы заттар сапасының жарамдылық критерийлері

Санаттар	Фармацевтикалық субстанциялар, қосалқы заттар	Жарамдылық критерийлері
1.2.А.	Зарарсыздандыруға ұшырамайтын стерильдік дәрілік препараттарды өндіруге арналған фармацевтикалық субстанциялар	Субстанциялар стерильді болуы тиіс
1.2.Б.	Мыналарды өндіруге арналған фармацевтикалық субстанциялар: - зарарсыздандыруға ұшырамайтын орамадағы стерильдік дәрілік препараттар; - өндіру/дайындау кезінде зарарсыздықты қамтамасыз ету үшін зарарсыздандыру сүзгісі пайдаланылатын стерильдік дәрілік препараттар; - 2 санатқа жататын стерильденбеген дәрілік препараттар	- Аэробты микроорганизмдердің жалпы саны — 1 г-да (мл) 102 КОЕ артық емес - Ашытқы және өңезденген саңырауқұлақтардың жалпы саны — 1 г-да (мл) 101 КОЕ артық емес - 1 г-да (мл) өтке төзімді энтеробактериялардың болмауы - 1 г-да (мл) <i>Pseudomonas aeruginosa</i> болмауы - 1 г-да (мл) <i>Staphylococcus aureus</i> болмауы
2.2.	Стерильденбеген дәрілік препараттарды өндіруге арналған синтетикалық фармацевтикалық субстанциялар	- Аэробты микроорганизмдердің жалпы саны — 1 г-да (мл) 103 КОЕ артық емес - Ашытқы және өңезденген саңырауқұлақтардың жалпы саны — 1 г-да (мл) 102 КОЕ артық емес - 1 г-да (мл) <i>Escherichia coli</i> болмауы

3.2.	Стерильденбеген дәрілік препараттарды өндіруге арналған табиғи фармацевтикалық субстанциялар. Дәрілік өсімдік шикізатының/ өсімдіктен алынған фармацевтикалық субстанциялардың микробиологиялық тазалығының жарамдылық критерийлері 5.1.8-бапта берілген	<ul style="list-style-type: none"> - Аэробты микроорганизмдердің жалпы саны — 1 г-да (мл) 104 КОЕ артық емес - Ашытқы және өңезденген саңырауқұлақтардың жалпы саны — 1 г-да (мл) 102 КОЕ артық емес - 1 г-да (мл) <i>Escherichia coli</i> болмауы - 25 г-да (мл) <i>Salmonella</i> текті бактериялардың болмауы - 1 г-да (мл) <i>Pseudomonas aeruginosa</i> болмауы - 1 г-да (мл) <i>Staphylococcus aureus</i> болмауы - Өтке төзімді энтеробактериялар — 1 г-да (мл) 102 КОЕ артық емес
4.2.	Табиғи қосалқы заттар (бидай ұны , крахмал, талық және т.б.)	<ul style="list-style-type: none"> - Аэробты микроорганизмдердің жалпы саны — 1 г-да (мл) 103 КОЕ артық емес - Ашытқы және өңезденген саңырауқұлақтардың жалпы саны — 1 г-да (мл) 102 КОЕ артық емес - 1 г-да (мл) <i>Escherichia coli</i> болмауы - 25 г-да (мл) <i>Salmonella</i> текті бактериялардың болмауы - 1 г-да (мл) <i>Pseudomonas aeruginosa</i> болмауы - 1 г-да (мл) <i>Staphylococcus aureus</i> болмауы - Өтке төзімді энтеробактериялар — 1 г-да (мл) 102 КОЕ артық емес

2.3.1.2.-1. - 2.3.1.2.-2 кестелерге ескерту.

1. Сынақтан өткізу кезінде жоғарыда көрсетілгендерден басқа патогендік бактериялар анықталған жағдайда дәрілік препараттардың, фармацевтикалық субстанциялар мен қосалқы заттардың сапасы "Микробиологиялық тазалық" көрсеткіші бойынша талаптарға сәйкес келмейді деп есептеледі.

2. Сапа жөніндегі нормативтік құжатта дәрілік заттардың құрамы мен оларды өндіру технологиялық процесінің ерекшеліктеріне қарай басқа да нормалар айрықша түрде көрсетілуі мүмкін.

3. Балаларға арналған дәрілік препараттар үшін неғұрлым қатаң нормалар белгіленуі мүмкін, мысалы:

- балаларға (0-ден 1 жасқа дейін) арналған 1 г (мл) препаратта — өтке төзімді энтеробактериялар, *Pseudomonas aeruginosa*, *Staphylococcus aureus* болмаған жағдайда аэробтық бактериялар мен ашытқы және өңезденген саңырауқұлақтар (бірге есептегенде) 50 артық емес;

- балаларға (1 жастан жоғары) арналған 1 г (мл) препаратта — өтке төзімді энтеробактериялар, *Pseudomonas aeruginosa*, *Staphylococcus aureus* болмаған жағдайда аэробтық бактериялар мен ашытқы және өнезденген саңырауқұлақтар (бірге есептегенде) 500 артық емес;

4. 1.2.Б санатына соңғы орамада стерильдеуге ұшырамайтын стерильдік дәрілік препараттар өндірісінде пайдаланылатын жылуға тұрақты фармацевтикалық субстанциялар жатады. Мұндай фармацевтикалық субстанциялар олардың физика-химиялық қасиеттерінің ерекшеліктеріне байланысты жылумен стерильдеуге ұшырамауы тиіс. Мұндай жағдайда дәрілік препаратты өндіру процесінде фармацевтикалық субстанция ерітіндісі немесе қосалқы заттары бар фармацевтикалық субстанция ерітіндісі стерильдеу сүзгісін пайдалануға рұқсат етіледі.

203010003-2019

2.3.1.3. Вирустық қауіпсіздік

Осы жалпы фармакопоялық құжат адам немесе өсімдіктен алынған материалдарды пайдалана отырып алынған дәрілік құралдардың (ДҚ) вирустық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шараларға қойылатын талаптарды қамтиды.

Өндіріу кезінде дәрілік құралдар вирустық контаминацияға ұшырауы мүмкін. Өндіру кезінде өсімдіктен немесе адамнан алынған шикізат пен материалдар пайдаланылатын барлық дәрілік құралдар үшін вирустық контаминация тәуекелі болуы ықтимал.

Оның туындауының негізгі себептері жұқтырған материалдарды (шикізат, жасушалық дақылдар) пайдалану және вирусты өндірістік процес барысында байқаусыз өндіру болып табылады.

Вирустық контаминация қаупі:

- адамның немесе жануарлардың қанынан, несепінен және басқа да биологиялық сұйықтықтарынан;

- адамның немесе жануарлардың органдары мен тіндерінен;

- *in vivo* өсіру әдісін қолданып;

- адамның немесе жануардың жасушалық желілерін *in vitro* өсіру кезінде өндірілген ДҚ үшін ықтимал.

Жалпы фармакопоялық құжат ірі қара малдың трансмиссивті кеуекті энцефалопатиясы және қойлар мен ешкілердің қотыры (қышымасы) қоздырғыштары секілді дәстүрлі емес трансмиссивтік агенттерге де қолданылады.

Адам немесе жануардан алынған материалдарды пайдаланып алынған ДҚ үшін вирустық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды одаққа мүше мемлекеттердің қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілері талаптарына сәйкес уәкілетті орган белгілейді.

ВИРУСТЫҚ КОНТАМИНАЦИЯ ҚАУПІ

Дәрілік құралдарды вирустармен контаминациялаудың негізгі себептері:

- жұқтырған адам немесе жануардан алынған бастапқы материалды пайдалану;

- ДҚ өндіру процесінде енгізілген бөгде вирустар;

- ДҚ өндіру процесінде жануардан алынған контаминациялық реактивтер мен өнімдерді пайдалану;

- оларды ЖМБ және ЖЖБ ретінде пайдалануға дейін вирустармен контаминацияланған жұқтырған донорлық жасушалар мен жасушалар желісі;

- тиісті талаптармен өндірістік жасушалық желі құру кезінде енгізілген контаминациялаушы вирус болуы мүмкін.

Өндіру кезінде ДҚ вирустық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мынадай іс-шаралар жүргізілуі тиіс:

1. адам үшін патогенді вирустардың болмауына бастапқы шикізатты және материалдардың шығу тегін іріктеу және сынақтан өткізу;

2. өндірістік процес барысында вирустың агентті әлсіздендіру және/немесе элиминациялау ықтималдығын бағалау;

3. өндірістің қауіпті сатыларында вирустық контаминацияның болмауына сынақ жүргізу.

Бұл ретте көрсетілген іс-шаралардың ешқайсысы вирустардың жоқ екеніне толық кепілдік бермейді, сондықтан кешенді тәсілдемені пайдалану қажет. Өндіру кезінде жануардың немесе адамның бастапқы шикізаты мен материалдары пайдаланылатын ДҚ вирустық контаминациясы қауіпін басқару үшін қолданылатын шаралар тәуекелді болдырмауға емес, оны азайтуға шоғырланады. Кез келген қалдық тәуекел ДҚ өндіру кезінде нақты материалды немесе шикізатты қолдануына қарай ықтимал пайдасымен байланысты бағалануы тиіс.

БАСТАПҚЫ ШИКІЗАТҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Бастапқы шикізат пен материалдарды іріктеу кезінде вирустық контаминация тәуекелін азайту үшін мынадай талаптарды сақтау қажет:

1. Адамнан алынатын шикізатты (қан, несеп немесе адамның басқа да биологиялық сұйықтықтары) дені сау донорлардан дайындайды. Қан және қан плазмасының, несептің немесе басқа да биологиялық сұйықтықтардың донорлары одаққа мүше мемлекеттердің аумағында қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес тексеруден өтуі тиіс.

2. Жануардан алынатын шикізатты жұқпалы аурулардан таза шаруашылықтардағы жануарлардан ғана іріктеп алу қажет. Шикізат одаққа мүше мемлекеттердің аумағында қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес міндетті ветеринариялық-санитариялық сараптамадан өтуі және тиісті растаушы құжаттармен ілесіп жүруі тиіс.

3. Генотип пен жасын қоса алғанда, биотехнологиялық дәрілік препараттарды өндіруге арналған жануарлардың тұқымы мен шығу тегін анықтау қажет. Жануарлар

жұқпалы аурулардан таза жабық типті шаруашылықтардан алынуы тиіс. Шаруашылықтың мәртебесі тиісті құжаттармен расталуы тиіс.

4. Дәрілік құралдарды өндіру кезінде пайдаланылатын биологиялық текті материалдар мен реагенттер (қойдың эритроциттері, бұзаулар эмбриондарының сарысуы, бұқаның сарысу альбумині, адамның трансферрині, инсулин, трипсин және т.б. секілді), қоректік орталар вирустық контаминациядан таза және қажетті сапалы болуы тиіс.

ВИРУСТЫҚ КОНТАМИНАЦИЯНЫ АНЫҚТАУ

Адам немесе жануардан алынған бастапқы материалдарды сынақтар өткізу вирустық контаминация қаупін азайтудың міндетті талабы болып табылады. Мысалы, адам қанының плазмасы В (HBsAg) гепатиті вирусының жеңіл антигенінің болмауына, С гепатиті вирусына қарсы антиденеге, р24ВИЧ-1 антигеніне, АИТВ-1, АИТВ-2 антиденесіне міндетті тестілеуге ұшырайды. Бастапқы шикізаттың немесе жасушалық субстраттың вирустық контаминацияға жоғары ықтималдығы болған жағдайда арнайы тесттерді және/немесе вирустарды анықтауға арналған тәсілдемелерді қолдану талап етілуі мүмкін. ДҚ өндірудің "қауіпті" сатыларында вирустық контаминацияға және вирустарды әлсіретуге тестілеу әдісі мен көлемі жеке тәртіпте ескерілуі қажет әртүрлі факторларға байланысты. Егер сапа бойынша нормативтік құжатта басқа іс-қимыл тіртібі негізделмеген жағдайда, егер өндірісте пайдаланылатын материалдар (органдар, тіндер, биологиялық сұйықтықтар) немесе жасушалық желі адамтәрізді немесе адамтәрізді емес маймылдардан алынған болса, оларды адам вирустарының болуына, ең алдымен иммун тапшылығы мен гепатитті тудыратын вирустарға қосымша тексеру қажет. Вирустық контаминацияны анықтау үшін сонымен бірге молекулярлық генетика әдістері пайдаланылады.

Жасушалар желісі алынған жануарлар түрілері жиі контаминацияланатын вирустарға ерекше назар аудару қажет. Белгілі бір жасушалар желісі эндогендік вирустарды, мысалы, шығару қиын немесе тіпті мүмкін емес ретровирустарды қамтитынын ескеру қажет. Бұдан бөлек, әлеуетті вируспен ластану толық вирустық геномдардың да, жұқпалы вирустық бөлшектерді ұдайы өндіруге алып келетін субгеномдық вирустық фрагменттердің де қалыптасуына алып келуі мүмкін. Ұзаққа созылған өсіру кезінде эндогендік вирустардың мутациясы ықтималдығын ескеру қажет. Вирустық геномдардың нуклеотидті тізбектілігінің болуы олар табылған жасушаларды пайдалану ықтималдығын шектемейді, бірақ кез келген анықталған вирустық нуклеин қышқылы сәйкестендірілуі тиіс. Моноклональды антиденені бөліп шығаратын жасушалар желісін құру кезінде жасушалар банкі адамның ғана емес, сонымен бірге тышқандар мен басқа да кеміргіштердің вирустарының болуына бақылау қажет.

Адамның жасушасына ідет жұқтыратын қандайда бір вирусты өндіретін жасушалар желісі айрықша себептер болған кезде ғана пайдаланылуы мүмкін. Осындай

жасушалар желісін пайдалану кезінде алынатын барлық өнімдер әрбір жағдайда жеке қаралуы тиіс. Егер жасушалар желісі жұқпалы вирустарды бөліп шығаратын болса, өндіріске қатысатын персоналға жұтырудан қорғау үшін тиісті сақтық шараларын қабылдау қажет.

Моноклональды антиденелерін өндіруде Эпштейн-Барр вирусымен трансформацияланатын жасушалар желісін пайдалану ерекше назар аударуды талап етеді. Осы вируспен трансформацияланған адамның В-лимфоциттері вирустық бөлшектерді бөліп шығармайды, бірақ вирустық геномның көшірмелері кешенін және оның полимеразды тізбекті реакция (ПТР) көмегімен немесе тиісті индикаторлық жасушалар желісімен бірге өсіру арқылы анықталуы мүмкін нуклеотидтік тізбегін қамтиды.

Пайдаланылатын материалдар мен реактивтерде вирустарды анықтау бойынша тиісті бақылау тесттерін орындау қажет (мысалы, шошқадан алынатын трипсинді шошқа парвовирусына тестілейді). Сонымен бірге ірі қара мал қанының сарысуын тексеру қажет. Ол адам үшін әлеуетті қауіпті вирустарды қамтымауы тиіс – бұқа ринотрахеиті мен 3 паратұмауын жұқтырған бұқа диареясы вирусы секілді).

Барлық тест түрлері шектеулі сезімталдыққа ие екенін ескеру қажет; мысалы, тестте вирустың төмен концентрациясын анықтау ықтималдығы зерттелетін үлгінің мөлшеріне байланысты. сондықтан көрсетілген тәсілдемелердің ешқайсысында препараттың вирустық қауіпсіздігін нақты айқындау абсолютті мүмкін емес.

ВИРУСТЫҚ ӘЛСІРЕТУ НЕМЕСЕ ЭЛИМИНАЦИЯ ПРОЦЕСТЕРІ

Вирустық элиминация және/немесе ДҚ құрамында вирусты әлсірету қажет болған жағдайда бастапқы шикізат пен материалдар мынадай әдістермен өңдеуге ұшырайды:

- физикалық (стерильдеу, бумен өңдеу, құрғақтай қыздыру, радиация, сүзгіден өткізу); (қысымда қаныққан су буымен, ыстық ауамен, сүзгіден өткізумен, иондайтын сәулелендірумен стерильдеу);

- химиялық (детергенттердің көмегімен липидтерді қамтитын суперкапсидті қабықшалы вирустарды бұзу);

- комбинациялық (арнайы антиденелермен бейтараптандыру, вирустарды хроматографиялық әдістермен шығару, химиялық агенттері бар суспензия түрінде қыздыру және басқа).

Өңдеудің кез келген пайдаланылатын әдістері валидтелген болуы және оларды өндіру кезінде дәрілік құралдарының вирустық контаминациясы тәуекелін айтарлықтай азайтуды қамтамасыз етуі тиіс.

ВИРУСТЫҚ ӘЛСІРЕТУ НЕМЕСЕ ЭЛИМИНАЦИЯ ПРОЦЕСТЕРІНІҢ ВАЛИДАЦИЯСЫ

Сынақ бір немесе одан көп вирус түрлерін анықтауы мүмкін алайда жеке сынақтардың ешқайсысы барлық белгілі вирустардың болуын растауға қабілетті емес. Бұған қоса, оң нәтиже алу мақсатында кез келген талдау жүйесі кейбір аздаған

вирустық контаминацияны талап етеді. Сынақтар сонымен бірге сынағаларды іріктеу және зерттеу кезінде статистикалық ауытқушылықтармен шектелген. Осыған байланысты, биологиялық дәрілік препаратта вирустардың болмауы фактісін растау көптеген жағдайда оларды анықтаудың тікелей сынағы есебінен ғана емес, сонымен қатар өндіру процесі оларды элиминациялауға немесе әлсіздендіруге қабілетті екенін растау арқылы да жүргізіледі.

Вирустарды элиминациялау процестерін валидтеу өндіру кезінде әлеуетті жұқтырған материалды, мысалы, қан плазмасын пайдаланатын ДҚ қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Бұл туралы өндіру кезінде белгілі болмаған ДҚ вирустық агенттермен контаминацияланған жағдайлар кездесетініне байланысты элиминация процестерінің тиімділігін бағалау ерекше мәнге ие болады.

Егер бастапқы материал немесе шикізат жеткіліксіз сипатталған болса, мысалы, адамның немесе жануарлардың қаны, тіндері мен органдары немесе егер жасушаларды өсіру *in vivo* жағдайында жүзеге асырылған болса, вирустық контаминация ықтималдығы артады. Сондықтан өндіру процесі, әдетте, вирустарды әлсірету және (немесе) элиминациялаудың бір немесе бірнеше тиімді кезеңдерін қамтуы тиіс. Соңғы препаратта вирустардың болмауы көптеген жағдайда тек оларды әртүрлі валидтеу әдістерімен тікелей анықтаумен ғана емес, сонымен бірге вирустарды шығару және/немесе әлсіретіп тазалаудың қолданылатын режимінің қабілеттілігімен де расталады. ДҚ өндіру процесінің әртүрлі кезеңдерінде қажетті вирустардың болуы/болмауы тесттерінің типі мен көлемі және вирустарды элиминациялаудың толықтығын анықтау әртүрлі факторларға байланысты және әрбір нақты жағдай үшін жеке және тізбекті қаралуы тиіс. Анықталатын вирустардың табиғаты, жасушалар банкінің қасиеттері және оның сипаттамасы, өсіндінің қоректік ортасының компоненттері, өсіру әдістері, өндірістік үй-жайларды жоспарлау және жабдықтардың ерекшеліктері, жасушаларды өсіргеннен кейін вирустардың болуына/болмауына тестілеу нәтижелері, вирустарды элиминациялау процесінің қабілеттілігі, өнімнің типі және оны болжамды клиникалық пайдалану секілді факторларды назарға алу қажет.

ДҚ вирустардан тазарту әдістері мен бақыланатын көрсеткіштер бойынша талаптарды қоса алғанда өндіру процесінде оны тазарту деңгейін бақылау әдістері егжей-тегжей сипатталуы, негізделуі және валидтелуі тиіс. Тазарту процестері ДҚ қасиеттеріне кері ықпал етпейтініне көз жеткізу қажет. Моноклональды антиденелерді пайдалана отырып аффиндік хроматографияны қамтитын тазарту әдістерін қолданған кезде өндірісте пайдаланылатын осы және әлеуетті контаминанттар болып табылатын басқа да материалдар соңғы өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін төмендетпейтіндігіне кепілдік беретін шаралар қабылдау қажет.

Өнімнің кез келген аралық немесе соңғы жартылай фабрикатын қайта өңдеуге арналған критерийлер мұқият белгіленген, валидтелген және негізделген болуы тиіс.

Дайын дәрілік нысандарға вирустардың түсуінің алдын алу үшін өндіру технологиясына олар үшін модельдік вирустар концентрациясының азаюы дәлелденген вирустардың вирустық әлсіреуі және/немесе элиминациясының бірнеше сатысын енгізу көзделеді. Әлеуетті вирустық контаминанттарды әлсірету/шығарып тастау бойынша рәсімдерді қосу ДҚ биологиялық белсенділігін төмендетпеуі тиіс.

ӨНДІРУ КЕЗЕҢДЕРІНДЕ ЖҰҚПАЛЫ ВИРУСТАРМЕН КОНТАМИНАЦИЯНЫҢ БОЛМАУЫНА СЫНАУ

Сынақтар ерекшеліктері және талдауға сезімталдығы бойынша сипатталған әдістермен жүргізілуі тиіс.

Адамның қанынан, қан плазмасынан, несепінен, органдары мен тіндерінен алынған ВЛС валидтелген әдістердің көмегімен В және С гепатиті, АИТВ-1 және АИТВ-2 вирустары маркерлерінің болмауымен расталуы тиіс.

203010004-2019

2.3.1.4. Өсімдіктен алынған фармацевтикалық субстанциялардың, дәрілік өсімдік препараттары мен оларды алу үшін пайдаланылатын экстрактілердің микробиологиялық тазалығына қойылатын талаптар

Осы жалпы фармакопоялық құжат дәрілік өсімдік шикізатының/өсімдіктен алынған фармацевтикалық субстанциялар мен дәрілік өсімдік препараттарының микробиологиялық тазалығының жарамдылық критерийлерін айқындайды.

Дәрілік өсімдік шикізатын/өсімдіктен алынған фармацевтикалық субстанцияларды және дәрілік өсімдік препараттарын микробиологиялық талдау кезінде эробтық микроорганизмдерді, ашытқы және өңезденген саңырауқұлақтарды сандық анықтауды, сондай-ақ патогендік бактериялардың жекелеген түрлерінің бөлінуін сандық анықтауды жүргізеді. Талдауды 2.1.6.6, 2.1.6.7 және 2.1.6.9 жалпы фармакопоялық баптарға сәйкес жүргізеді. Дәрілік өсімдік шикізатының/өсімдіктен алынған фармацевтикалық субстанциялардың және оның негізіндегі дәрілік өсімдік препараттарының микробиологиялық тазалығының жарамдылығы критерийлері 2.3.1.4.-1-кестеде берілген.

Жекелеген дәрілік құралдардың сапасына қойылатын нормативтік талаптарды белгілеу және сапа бойынша нормативтік құжатты дайындау кезінде санаттардың цифрлық белгілері де, қолдану тәсіліне сәйкес сапаға қойылатын талаптарды көрсету де қолданылуы мүмкін.

Қажет болған жағдайда валидтік зерттеу барысында негізделген және дәлелденген болуы тиіс дәрілік өсімдік құралдарының микробиологиялық тазалығының өзге де жарамдылық критерийлері белгіленуі мүмкін.

Дәрілік өсімдік шикізаты/өсімдіктен алынған фармацевтикалық субстанциялар және дәрілік өсімдік препараттары аэробтық бактериялар мен саңырауқұлақтардың санына

қатысты біркелкі болып табылмайтынына байланысты микробиологиялық зерттеу нәтижелері мынадай түрде түсіндіріледі:

- 10^5 КОЕ кезінде - $5 \cdot 10^5$ артық емес;
- 10^7 КОЕ — $5 \cdot 10^7$ және т.б.

2.3.1.4.-1-кесте. - Өсімдіктен алынған фармацевтикалық субстанциялар мен оның негізіндегі дәрілік өсімдік препараттардың микробиологиялық тазалығының жарамдылық критерийлері

Санаттар	Өсімдіктен алынған фармацевтикалық субстанциялар мен дәрілік өсімдік препараттардың дәрілік нысандары	Жарамдылық критерийлері
4.А.	<i>Өсімдіктен алынған фармацевтикалық субстанциялар мен қайнаған суды пайдаланып дайындалған тұнба және қайнатпа түрінде қолданылатын дәрілік өсімдік препараттары</i>	<ul style="list-style-type: none"> - Аэробты микроорганизмдердің жалпы саны — 1 г-да 107 КОЕ артық емес - Ашытқы және өңезденген саңырауқұлақтардың жалпы саны — 1 г-да 105 КОЕ артық емес - <i>Escherichia coli</i> — 1 г-да 103 КОЕ артық емес - 25 г-да <i>Salmonella</i> текті бактериялардың болмауы
4.Б.	<i>Қайнаған суды пайдаланбай дәрілік нысан алуға арналған дәрілік өсімдік препараттары</i>	<ul style="list-style-type: none"> - Аэробты микроорганизмдердің жалпы саны — 1 г-да 105 КОЕ артық емес - Ашытқы және өңезденген саңырауқұлақтардың жалпы саны — 1 г-да 104 КОЕ артық емес - Өтке төзімді энтеробактериялар — 1 г-да 103 КОЕ артық емес - <i>Escherichia coli</i> болмауы — 1 г-да - 25 г-да <i>Salmonella</i> текті бактериялардың болмауы
3.2.	<i>Фармацевтикалық субстанциялар – дәрілік өсімдік шикізатты экстракция, дистилляция, сығу, фракциялау, тазарту, концентрациялау, ферментация және т.б. секілді әдістердің көмегімен өңдеуден кейін алынған субстанциялар (өнімдер)</i>	<ul style="list-style-type: none"> - Аэробты микроорганизмдердің жалпы саны — 1 г-да (мл) 104 КОЕ артық емес - Ашытқы және өңезденген саңырауқұлақтардың жалпы саны — 1 г-да (мл) 102 КОЕ артық емес - 1 г-да (мл) <i>Escherichia coli</i> болмауы - 25 г-да (мл) <i>Salmonella</i> текті бактериялардың болмауы - 1 г-да (мл) <i>Pseudomonas aeruginosa</i> болмауы

		<ul style="list-style-type: none"> - 1 г-да (мл) <i>Staphylococcus aureus</i> болмауы - Өтке төзімді энтеробактериялар — 1 г-да (мл) 102 КОЕ артық емес
3.Б	<p><i>Ішке қабылдауға арналған дәрілік өсімдік препараттары – алдын ала өңдеу процесінде микробтық ластану деңгейін төмендету мүмкін болмайтын дәрілік өсімдік шикізаттан алынған</i></p>	<ul style="list-style-type: none"> - Аэробты микроорганизмдердің жалпы саны — 1 г-да (мл) 104 КОЕ артық емес - Ашытқы және өнезденген саңырауқұлақтардың жалпы саны — 1 г-да (мл) 102 КОЕ артық емес - Өтке төзімді энтеробактериялар — 1 г-да (мл) 102 КОЕ артық емес - 1 г-да (мл) <i>Escherichia coli</i> болмауы - 10 г-да (мл) <i>Salmonella spp.</i> болмауы - 1 г-да (мл) <i>Staphylococcus aureus</i> болмауы

203020000-2019

2.3.2.0. Қалдық органикалық еріткіштер БЕЛСЕНДІ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ СУБСТАНЦИЯЛАРДАҒЫ, ҚОСАЛҚЫ ЗАТТАРДАҒЫ ЖӘНЕ ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТАРДАҒЫ ҚАЛДЫҚ ОРГАНИКАЛЫҚ ЕРІТКІШТЕРДІҢ ҚҰРАМЫН РЕГЛАМЕНТТЕУ

Осы жалпы фармакопейлық құжатта өндіру нәтижесінде белсенді фармацевтикалық субстанцияларда, қосалқы заттарда және дәрілік препараттарда қалуы мүмкін еріткіштер құрамының рұқсат етілген нормалары көрсетілген. Көрсетілген талаптар олар Фармакопея бабының объектісі болып табылатындығына немесе табылмайтындығына қарамастан, барлық белсенді фармацевтикалық субстанцияларға, қосалқы заттарға және дәрілік препараттарға қатысты. Барлық субстанциялар мен дәрілік препараттар олардың қалдық органикалық еріткіштерді ықтимал қамтуына тексерілуі тиіс.

Егер пайдаланылатын рұқсат етілген нормалар төменде берілген мәндерге сәйкес келетін болса, нақты қалдық органикалық еріткіштерді қамтуына сынақ әдетте жеке фармакопейлық құжатта көрсетілмейді, себебі өндірушілер пайдаланатын еріткіштерде айырмашылықтар болуы мүмкін, бірақ осы жалпы фармакопейлық құжаттың талаптары *Фармацевтикалық қолдануға арналған субстанциялар* жалпы фармакопейлық құжаты арқылы орындалуы тиіс. Өндіру процесінде пайдаланылатын еріткіштер туралы мәліметтер тіркеу құжатының құрамында уәкілетті органға ұсынылуы тиіс.

Егер тек 3-сыныптың ғана еріткіштері пайдаланылатын болса, онда олардың құрамын тексеру үшін не "*Кептіру кезінде массаның кемуі*" сынағы, не нақты еріткішті қамтуына ерекше сынақ пайдаланылуы мүмкін. Егер 3-сынып еріткіші үшін 0,5 %

артық шекті қамтылуы негізделген және шешілген болса, онда еріткішті қамтуына ерекше сынақ өткізу міндетті болып табылады.

1 немесе 2-сыныптың (немесе 3-сыныптың 0,5 % артық қамтитын) қалдық органикалық еріткіштерін тексеру үшін мүмкіндігінше 2.1.4.19. *Қалдық еріткіштерді сәйкестендіру және тексеру* жалпы фармакопеялық бабында сипатталған әдістемесі пайдалану қажет. Әйтпесе қолайлы валидтеу әдістемесін қолдану қажет.

Қалдық органикалық еріткіштерді сандық анықтау кезінде алынған нәтижені кептіру кезінде массаның кемуін анықтауды жүргізу жағдайларын қоспағанда, субстанцияны сандық талдауды көрсетеді.

1. КІРІСПЕ

Осы жалпы фармакопеялық құжаттың мақсаты науқастың қауіпсіздігі үшін дәрілік құралдардағы қалдық органикалық еріткіштердің қолайлы мөлшеріне ұсыныс беру болып табылады. Жалпы фармакопеялық құжат уыттылығы аз еріткіштерді пайдалануды ұсынады және кейбір қалдық органикалық еріткіштер үшін қолайлы деп есептелетін нормаларды қамтиды.

Дәрілік құралдардағы қалдық органикалық еріткіштер осы жалпы фармакопеялық құжатқа сәйкес белсенді фармацевтикалық субстанцияларды, қосалқы заттарды немесе дәрілік препараттарды өндіру кезінде пайдаланылатын немесе бөлінетін ұшпа органикалық заттар ретінде айқындалады. Бұл еріткіштер қолданылатын технологиялық процесте толығымен жойылмайды. Субстанцияны синтездеу үшін жарамды еріткішті таңдау оның шығуын арттыруы немесе кристал пішін, тазалығы және ерігіштігі секілді сипаттамаларын айқындауы мүмкін. Осылайша, еріткіш кейде синтездеу процесінде сыни параметр болуы мүмкін. Осы жалпы фармакопеялық құжат қосалқы заттар ретінде әдейі пайдаланылатын немесе құрамы бойынша сольваттарға жататын еріткіштерге қолданылмайды. Алайда мұндай өнімдерде еріткіштердің қамтылуы тексерілуі және негізделуі тиіс.

Терапевтік әсері болмағандықтан, барлық қалдық органикалық еріткіштер ерекшелік талаптарына, тиісті өндірістік практикаға (GMP) немесе сапаға қойылатын басқа талаптарға сәйкестікке дейін шығарылуы тиіс. Дәрілік құралдар қауіпсіздік бойынша белгіленген деректер нормасынан артық қалдық органикалық еріткіштерді қамтымауы тиіс. Белсенді фармацевтикалық субстанцияларды, қосалқы заттарды және дәрілік препараттарды өндіру кезінде "тәуекел-пайда" бағалауы тұрғысынан оларды қолдану жеткілікті негізделген болуы мүмкін жағдайларды қоспағанда, уыттылығы жоғары еріткіштерді (1-сынып, 2.3.2.0.-3-кесте) пайдаланбаған дұрыс. Уыттылығы аз еріткіштерді қамту (2-сынып, 2.3.2.0.-4-кесте) олардың әлеуетті қолайсыз ықпалынан пациенттерді қорғау үшін шектелген болуы тиіс. Практикада уыттылығы аз еріткіштерді (3-сынып, 2.3.2.0.-5-кесте) пайдаланған неғұрлым орынды. Осы фармакопеялық құжатқа енгізілген еріткіштердің толық тізімі 1-қосымшада ұсынылған.

Осы тізбе соңғы болып табылмайды, ол басқа да пайдаланылатын еріткіштермен толықтырылуы мүмкін. 1 және 2-сыныптың қалдық органикалық еріткіштерінің ұсынылатын рұқсат етілетін нормалары, сондай-ақ еріткіштерді сыныптау олардың қауіпсіздігіне қатысты жаңа деректер пайда болуына қарай өзгеруі мүмкін. Еріткіштер тізбесінде (1-қосымша) көрсетілмеген жаңа еріткішті қамтитын жаңа дәрілік құралды нарықта қолдану қауіпсіздігінің негіздемесі осы құжаттың тұжырымдамасына сүйенуі мүмкін.

2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

Жалпы фармакопоялық құжаттың қолданылу саласы белсенді фармацевтикалық субстанцияларда, қосалқы заттарда және дәрілік препараттарда қалдық органикалық еріткіштерді қамтиды. Сондықтан, егер өндіру немесе тазарту процестері осындай еріткіштермен жүзеге асырылатыны белгілі болса, олардың қамтылуы бақылануы тиіс. Белсенді фармацевтикалық субстанцияларды, қосалқы заттарды немесе дәрілік препараттарды дайындау немесе тазарту процесінде пайдаланылатын немесе қалыптасатын еріткіштерді анықтау қажет. Қалдық органикалық еріткіштердің қамтылуын анықтау үшін дәрілік құралды сынақтан өткізуге де, дәрілік құралды өндіру процесінде пайдаланылған ингредиенттерге енетін олардың қамтылуы туралы ақпаратқа сәйкес жиынтық есептеу әдісін пайдалануға да болады. Егер есептеу нәтижелері негізінде қалдық органикалық еріткіштердің концентрациясы осы жалпы фармакопоялық құжатта ұсынылған шектен аспайтын болса, дәрілік препаратқа қалдық органикалық еріткіштерді қамтуына сынақ өткізудің қажеті жоқ. Алайда, егер есептелген концентрация ұсынылған шектен артық болса, дайындау процесі осы еріткіштің деңгейін қолайлы мөлшерге дейін азайтуға ықпал етуі мүмкін екенін анықтау үшін дәрілік препаратты тексеру қажет. Сондай-ақ, егер еріткіш оны өндіру процесінде пайдаланылатын болса, дәрілік препаратты сынақтан өткізу қажет.

Осы жалпы фармакопоялық құжат әлеуетті жаңа белсенді фармацевтикалық субстанцияларға, клиникалық сынақ сатысындағы қосалқы заттар мен дәрілік препараттарға, тіркелген дәрілік құралдарға қолданылмайды.

Осы жалпы фармакопоялық құжат оларды енгізу жолдарына қарамастан барлық дәрілік нысандарға қолданылады. Қысқа мерзімде (30 күн немесе одан да аз) немесе сыртқы қолдану секілді кейбір жағдайларда қалдық органикалық еріткіштердің неғұрлым жоғары деңгейі жарамды болуы мүмкін. Мұндай деңгейлерді бағалау әрбір нақты жағдайда жүргізілуі тиіс.

Қалдық органикалық еріткіштер бойынша қосымша ақпаратты 2-қосымшадан қараңыз.

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. ҚАЛДЫҚ ОРГАНИКАЛЫҚ ЕРІТКІШТЕРДІ ТӘУЕКЕЛ ДЕҢГЕЙІ БОЙЫНША СЫНЫПТАУ

Химиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық бағдарлама (*International Program on Chemical Safety, IPCS*) уытты химиялық реагенттердің әсер етуінің рұқсат етілген нормаларын сипаттау үшін "ең жоғары рұқсат етілген күн сайын қолдану" (РКҚ) терминін пайдаланады, ал Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) мен басқа да ұлттық және халықаралық денсаулық сақтау ұйымдары мен институттар "тәуліктік қолданудың жарамды деңгейі" (ТҚЖД) терминін пайдаланады. Белгілі бір зат үшін ТҚЖД мәндерін шатастырмау үшін осы құжатта "рұқсат етілген тәуліктік әсер етуі" (РТӘ) термині белгіленген – бұл дәрілік препараттағы қалдық органикалық еріткіштің ең жоғары жарамды тәуліктік әсер етуі.

Осы жалпы фармакопепялық құжатта қаралатын қалдық органикалық еріткіштер олардың жалпыға ортақ қабылданған атаулары мен құрылымдық формулаларына сәйкес 1-қосымшада берілген. Олар адамның денсаулығы үшін ықтимал тәуекел деңгейі бойынша бағаланды және 3 сыныпқа бөлінген:

1-сынып: Пайдалануға болмайтын еріткіштер (жоғары уытты еріткіштер)

Бұларға адам үшін канцерогендігі белгілі; оның болу ықтималдығы жоғары және қоршаған ортаға қауіпті заттар жатады.

2-сынып: Пайдаланылуын шектеу қажет еріткіштер (геноуытты емес еріткіштер)

Бұларға жануарлар үшін геноуыттылығы емес канцерогенді заттар немесе нейроуыттылық немесе тератогенділік секілді қайтарымсыз құбылыстардың ықтимал себебі болып табылатын еріткіштер жатады.

Бұл сыныпқа сонымен бірге едәуір, бірақ қайтарымды уытты әсер етуі болжамды еріткіштер жатады.

3-сынып: Уыттылығы төмен еріткіштер (уыттылығы аз еріткіштер)

Бұларға адам үшін уыттылығы төмен әлеуетті еріткіштер жатады; олар үшін адам денсаулығына қауіп туралы шартты ақпаратпен шекті қамтылуын анықтау талап етілмейді. 3-сыныптың еріткіштері 50 мг/тәулік және жоғары РТӘ иеленеді.

3.2. ШЕКТІ ӘСЕР ЕТУІН АЙҚЫНДАУ ӘДІСТЕРІ

3-қосымшада қалдық органикалық еріткіштердің рұқсат етілген тәуліктік әсерін айқындау әдістері ұсынылған.

3.3. 2-СЫНЫП ЕРІТКІШТЕРІНІҢ ШЕКТІ ҚҰРАМЫН АЙҚЫНДАУ ТӘСІЛДЕРІ

2-сынып еріткіштерінің шекті құрамын есептеудің мынадай тәсілдері қолданылады.

1-тәсіл: дәрілік құралды тәуліктік қолдану 10 г құрайды деген болжаммен (1) теңдеудің көмегімен есептелген 2.3.2.0.-4-кестедегі ppm концентрацияның рұқсат етілген нормалары қолданылады.

$$\text{Концентрация (ppm)} = \frac{1000 \cdot \text{РТЭ}}{\text{доза}}, (1)$$

мұндағы РТЭ мг/тәулік, ал доза — г/тәулік.

Қалдық органикалық еріткіштердің осы рұқсат етілген нормалары барлық субстанциялар, қосалқы заттар мен дәрілік препараттар үшін жарамды деп есептеледі. Сондықтан, егер тәуліктік доза белгісіз немесе белгіленбеген болса, осы тәсіл қолданылуы мүмкін. Егер дәрілік препараттың құрамына енетін барлық қосалқы заттар мен белсенді фармацевтикалық субстанцияларда қалдық органикалық еріткіштердің қамтылуы 2.3.2.0.-4-кестеде берілген рұқсат етілген нормаларды қанағаттандыратын болса, онда осы компоненттердің барлығын кез келген пропорцияда пайдалануға рұқсат етіледі. Егер дәрілік құралдың тәуліктік дозасы 10 г аспайтын болса, онда одан әрі ешқандай есептеу талап етілмейді. 10 г асатын дозада қолданылатын дәрілік препараттардағы қалдық органикалық еріткіштердің шекті қамтылуын анықтау 2-тәсілді пайдалана отырып жүргізілуі тиіс.

2-тәсіл. Дәрілік препараттың әрбір компонентінде қалдық органикалық еріткіштердің қамтылуы 1-тәсілді пайдалана отырып регламенттелген рұқсат етілген нормаларға сәйкес келуі қажет емес. Дәрілік құралда қалдық органикалық еріткіштің шекті қамтылуын 2.3.2.0.-4-кестеде берілген РТЭ (мг/тәулік) мен дәрілік препараттың ең жоғары тәуліктік дозасының белгілі мәнін пайдалана отырып, (1) формуламен анықтауға болады. Мұндай рұқсат етілген нормалар қалдық органикалық еріткіштің қамтылуы іс жүзінде қол жеткізілетін ең аз деңгейге дейін төмендегені көрсетілген жағдайда қолдануға жарамды болып табылады. Рұқсат етілген нормалар талдамалық нақтылыққа, өндірістік мүмкіндікке қатысты шынайы болуы және заманауи өндірістік стандартқа сәйкес келуі тиіс.

2-тәсіл дәрілік препараттың әрбір компонентінде болатын қалдық органикалық еріткіштің мөлшерін жалпы қосып есептеуді көздейді. Еріткіштің тәулігіне жалпы қамтылуы РТЭ-ден төмен болуы тиіс.

Дәрілік препараттағы ацетонитрилдің шекті қамтылуын есептеу үшін 1-тәсіл мен 2-тәсілді пайдалануды қарастырамыз. Ацетонитрил үшін РТЭ — 4,1 мг/тәулік. Осылайша, 1-тәсілді пайдаланғанда оның рұқсат етілген нормасы — 410 ppm. Дәрілік препаратты тәулігіне ең жоғары тұтыну массасы — 5,0 г. Дәрілік препарат екі қосалқы затты қамтиды. Дәрілік препараттың құрамы мен ацетонитрилді есептелген қамту шегі 2.3.2.0.-1-кестеде берілген.

1 қосалқы заттағы ацетонитрилдің концентрациясы 1-тәсілді пайдаланып белгіленген рұқсат етілген норманы қанағаттандырады, бірақ оның фармацевтикалық субстанциядағы, 2 қосалқы заттағы және дәрілік препараттағы концентрациясы балама

белгіленген норманы қанағаттандырмайды. Дегенмен, 2-тәсілді пайдаланып белгіленген дәрілік препараттағы ацетонитрилдің қамтылуы 4,1 мг/тәулік рұқсат етілген нормадан аспайды және тиісінше осы құжаттың ұсынымдарына сәйкес келеді.

2.3.2.0.-1-кесте. — Дәрілік құралдың құрамы және ацетонитрилдің есептік шекті қамтылуы (1-мысал)

Компонент	Құрамындағы мөлшері, г	Ацетонитрилді қамтуы, ppm	Тәуліктік әсер етуі, мг
Фармацевтикалық субстанция	0,3	800	0,24
Қосалқы зат 1	0,9	400	0,36
Қосалқы зат 2	3,8	800	3,04
Дәрілік препарат	5,0	728	3,64

Қалдық органикалық еріткіш ретінде ацетонитрил үшін басқа мысалды қарастырамыз. Дәрілік препаратты тәулігіне ең жоғары қолдану массасы — 5,0 г, және дәрілік препарат екі қосалқы затты қамтиды. Дәрілік препараттың құрамы мен ацетонитрилдің есептелген шекті қамтылуы 2.3.2.0.-2-кестеде берілген.

Бұл жағдайда дәрілік препараттағы ацетонитрилдің концентрациясы 1-тәсілді де, 2-тәсілді де пайдаланып есептелген рұқсат етілген норманы қанағаттандырмайды. Өндіруші ацетонитрилдің қамтылуы өндіру процесін төмендетуі мүмкін екендігін анықтау үшін дәрілік препаратқа сынақ жүргізуі мүмкін. Егер ацетонитрилдің қамтылуы өндіріс процесінде рұқсат етілген нормаға дейін азаймайтын болса, өндіруші дәрілік препаратта ацетонитрилдің концентрациясын азайту үшін басқа шаралар қабылдауы тиіс. Егер барлық қабылданған шаралар қалдық органикалық еріткіштің қамтылу деңгейін төмендетуге мүмкіндік бермейтін болса, онда айрықша жағдайларда өндіруші еріткіштің қамтылуын осы құжаттың нормаларына дейін азайтуға бағытталған қабылданған шаралар туралы түйіндеме дайындауы және қалдық органикалық еріткіштің неғұрлым жоғары деңгейін қамтитын дәрілік препаратты пайдалануға рұқсат алу үшін "тәуекел-пайда" талдауын жүргізуі мүмкін.

2.3.2.0.-2-кесте. — Дәрілік құралдың құрамы және ацетонитрилдің есептік шекті қамтылуы (2-мысал)

Компонент	Құрамындағы мөлшері, г	Ацетонитрилді қамтуы, ppm	Тәуліктік әсер етуі, мг
Фармацевтикалық субстанция	0,3	800	0,24
Қосалқы зат 1	0,9	2000	1,80
Қосалқы зат 2	3,8	800	3,04
Дәрілік препарат	5,0	1016	5,08

3.4. ТАЛДАМАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛЕР

Қалдық органикалық еріткіштерді, әдетте, хроматографиялық әдістерді, атап айтқанда газды хроматографиямен анықтайды. Қалдық органикалық еріткіштердің

қамтылуын анықтау үшін фармакопояларда сипатталған кез келген қолайлы әдістемелер пайдаланылуы мүмкін. Басқаша айтқанда, өндірушілер нақты қолдану үшін неғұрлым қолайлы валидтелген талдамалық әдістемені таңдауда еркін болуы тиіс. Егер тек 3-сыныптың еріткіштері ғана болатын болса, мысалы, кептіру кезінде массаның кемуі секілді ерекше емес бақылау әдістері пайдаланылуы мүмкін.

Қалдық органикалық еріткіштердің бақылау әдістемелерін валидациялау ЕАЭО "Талдамалық әдістемелерді валидациялау жөніндегі нұсқаулық" құжатына сәйкес келуі тиіс.

3.5. ҚАЛДЫҚ ОРГАНИКАЛЫҚ ЕРІТКІШТЕРДІ ҚАМТУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Осы жалпы фармакопоялық құжаттың талаптарына сәйкес келу үшін дәрілік препараттарды өндірушілерге қосалқы заттарда немесе белсенді фармацевтикалық субстанцияларда қалдық органикалық еріткіштерді қамту туралы нақты ақпарат қажет. Дәрілік құралдарды өндірушілерге белсенді фармацевтикалық субстанцияларды немесе қосалқы заттарды жеткізушілер тапсыруы мүмкін қалдық органикалық еріткіштерді қамтуы туралы ақпарат мынадай нұсқаларда ұсынылуы мүмкін:

- тек 3-сыныптың қалдық органикалық еріткіштері болуы мүмкін. Құрғату кезінде массаның кемуі кемінде 0,5 %;

- тек 2-сыныптың қалдық органикалық еріткіштері болуы мүмкін; олардың әрқайсысының қамтуы 1-тәсілмен есептелген шекті қамтудан аспауы тиіс; одан әрі жеткізуші әрбір қалдық органикалық еріткіштердің атауын көрсетеді;

- 2 және 3-сыныптардың қалдық органикалық еріткіштері болуы мүмкін; 2-сынып еріткіштерінің әрқайсысының қамтуы 1-тәсілге сәйкес рұқсат етілген нормалардан аспайды, ал 3-сынып еріткіштерінің қамтуы – кемінде 0,5 %.

Егер 1-сынып еріткіштері болуы мүмкін болса, онда олардың әрқайсысы сәйкестендірілуі және сандық анықталуы тиіс.

"Болуы мүмкін" өндірудің қорытынды сатысында пайдаланылатын және өндірудің ерте сатыларында пайдаланылатын және бекітілген (валидтелген) процеспен толығымен шығарылмайтын еріткіштерге қатысты.

Егер 2-сыныптың қалдық органикалық еріткіштері 1-тәсілге сәйкес рұқсат етілген нормалардан жоғары мөлшерде болатын болса, ал 3-сыныптың қалдық органикалық еріткіштерді қамтуы 0,5 % артық болса, онда олардың әрқайсысы сәйкестендірілуі және сандық анықталуы тиіс.

4. ҚАЛДЫҚ ОРГАНИКАЛЫҚ ЕРІТКІШТЕРДІ ШЕКТІ ҚАМТУ

4.1. ПАЙДАЛАНУҒА БОЛМАЙТЫН ЕРІТКІШТЕР

1-сынып еріткіштері жоғары уыттылығына және қоршаған ортаға зиянды әсер етуіне байланысты белсенді фармацевтикалық субстанцияларды, қосалқы заттарды және дәрілік препараттарды өндіруде пайдаланылмауы тиіс. Алайда, терапевтік әсері мықты байқалатын дәрілік препаратты өндіру үшін оларды пайдалану қажет болған жағдайда, басқа негіздеме болмаған кезде 2.3.2.0-3-кестеге сәйкес олардың мөлшері

шектеулі болуы тиіс. 1,1,1-Трихлорэтан 2.3.2.0.-3-кестеге енгізілген, себебі ол қоршаған орта үшін қауіпті. 1500 ppm белгіленген рұқсат етілген норма қауіпсіздік бойынша деректер шолуында негізделген.

2.3.2.0.-3-кесте. — Дәрілік препараттар мен фармацевтикалық қолдануға арналған субстанциялардағы 1-сынып еріткіштері (қолдануға болмайтын еріткіштер)

Еріткіш	Концентрациялық шегі, ppm	Әсер етуі
Бензол	2	Канцероген
Төрт хлорлы көміртегі	4	Уытты және қоршаған орта үшін қауіпті
1,2-Дихлорэтан	5	Уытты
1,1-Дихлорэтен	8	Уытты
1,1,1-Трихлорэтан	1500	Қоршаған орта үшін қауіпті

4.2. ПАЙДАЛАНЫЛУЫН ШЕКТЕУ ҚАЖЕТ ЕРІТКІШТЕР

2.3.2.0.-4-кестеде берілген еріткіштердің қамтылуы олардың уыттылығына байланысты дәрілік құралдарда шектелген болуы тиіс. РТӘ деректері 0,1 мг/тәулік дейін нақтылықпен берілген, ал олардың концентрациялары — 10 ppm дейін. Белгіленген мәндер анықтаудың қажетті талдамалық нақтылығын көрсетпейді. Нақтылық әдістемелерді валидтеу процесінде белгіленуі тиіс.

2.3.2.0.-4-кесте. — Дәрілік препараттар мен фармацевтикалық қолдануға арналған субстанциялардағы 2-сынып еріткіштері

Еріткіш	РТӘ, мг/тәулік	Концентрациялық шегі, ppm
Ацетонитрил	4,1	410
Гексан	2,9	290
А,А-Диметилацетамид	10,9	1090
А,А-Диметилформамид	8,8	880
1,2-Диметоксиэтан	1,0	100
1,4-Диоксан	3,8	380
Дихлорметан	6,0	600
1,2-Дихлорэтен	18,7	1870
Ксилол*	21,7	2170
Кумол	0,7	70
Метанол	30,0	3000
Метилбутилкетон	0,5	50
Метилизобутилкетон	45,0	4500
А-Метилпирролидон	5,3	530
Метилциклогексан	11,8	1180
2-Метоксиэтанол	0,5	50
Нитрометан	0,5	50
Пиридин	2,0	200
Сульфолан	1,6	160
Тетрагидрофуран	7,2	720

Тетралин	1,0	100
Толуол	8,9	890
1,1,2-Трихлорэтен	0,8	80
Формаид	2,2	220
Хлорбензол	3,6	360
Хлороформ	0,6	60
Циклогексан	38,8	3880
Этиленгликоль	6,2	620
2-Этоксиэтанол	1,6	160

* Әдетте 60 % м-ксилол, 14 % п-ксилол, 9 % о-ксилола және 17 % этилбензол.

4.3. УЫТТЫЛЫҒЫ АЗ ЕРІТКІШТЕР

3-сынып еріткіштері (2.3.2.0.-5-кестеде ұсынылған) уыттылығы аз және адамның денсаулығы үшін қауіпті аз еріткіштерге жатқызылуы мүмкін. 3-сынып әдетте дәрілік препараттарда рұқсат етілетін концентрацияларда адамның денсаулығы үшін қауіпті ретінде белгілі еріткіштерді қамтымайды. Алайда 3-сынып еріткіштерінің көбісі үшін уыттылығы мен концентрогенділігін ұзақ мерзімге зерттеу жүргізілмеген. Қолжетімді деректер олардың өткір немесе қысқа мерзімді сынақтарда уыттылығы аз екенін көрсетеді және геноуыттылыққа сынақтарда теріс нәтиже береді (геноуыттылық байқалмайды). Осы қалдық органикалық еріткіштерді 50 мг/тәулікке тең немесе одан төмен қамту (1-тәсіл бойынша 5000 ppm немесе 0,5 % сәйкес келеді) негіздемесіз жарамды деп есептеледі. Сонымен бірге тиісті өндірістік практика талаптарына (GMP) жауап беретін өндіріс мүмкіндіктерімен белгіленген жағдайда аса жоғары мәндерге де рұқсат берілуі мүмкін.

2.3.2.0.-5-кесте. — GMP талаптарымен немесе сапаға қойылатын басқа да талаптармен шектелген болуы тиіс 3-сынып еріткіштері

Анизол	2-Метил-1-пропанол
Ацетон	Құмырсқа қышқылы
1-Бутанол	Пентан
2-Бутанол	1-Пентанол
Бутилацетат	1-Пропанол
трет-Бутилметил эфирі	2-Пропанол
Гептан	Пропилацетат
Диметилсульфоксид	Триэтиламин
Изобутилацетат	Сірке қышқылы
Изопропилацетат	Этанол
Метилацетат	Этилацетат
3-Метил-1-бутанол	Этил эфирі
Метилэтилкетон	Этилформиат



4.4. ОЛАРДЫҢ НЕГІЗІНДЕ РТӘ БЕЛГІЛЕНЕТІН УЫТТЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ҚАЖЕТТІ ДЕРЕКТЕРІ ЖОҚ ЕРІТКІШТЕР




2.3.2.0.-6-кестеде ұсынылған еріткіштер де қосалқы заттарды, белсенді фармацевтикалық субстанцияларды немесе дәрілік препараттарды өндірушілер үшін қызығушылық тудыруы мүмкін. Алайда олар үшін уыттылығы туралы негізделген деректер жоқ. Өндірушілер осы еріткіштердің дәрілік препараттардағы қалдығының қамтылуын өздері негіздеуі тиіс.







2.3.2.0.-6-кесте. — Уыттылығы туралы негізделген деректері жоқ еріткіштер



1,1-Диметоксиметан	Метилизопропилкетон
2,2-Диметоксипропан	Метилтетрагидрофуран
1,1-Диэтоксипропан	Петролейн эфирі
Изооктан	Трифторсірке қышқылы
Изопропил эфирі	Трихлорсірке қышқылы

1-ҚОСЫМША. ЖАЛПЫ ФАРМАКОПЕЯЛЫҚ ҚҰЖАТҚА ЕНГІЗІЛГЕН ЕРІТКІШТЕРДІҢ ТІЗІМІ

Еріткіш	Екінші атауы	Құрылысы	Сыныбы
Анизол	Метоксибензол		3-сынып
Ацетон	2-Пропанон, пропан-2-он	CH ₃ COCH ₃	3-сынып
Ацетонитрил		CH ₃ CN	2-сынып
Бензол			1-сынып
1-Бутанол	<i>n</i> -Бутил спирті, бутан-1-ол	CH ₃ [CH ₂] ₃ OH	3-сынып
2- Бутанол	<i>втор</i> -Бутил спирті, бутан-2-ол	CH ₃ CH ₂ CH(OH)CH ₃	3-сынып
Бутилацетат	Сірке қышқылының бутил эфирі	CH ₃ COO[CH ₂] ₃ CH ₃	3-сынып
<i>трет</i> -Бутилметил эфирі	2-Метокси-2-метилпропан	(CH ₃) ₃ COCH ₃	3-сынып
Гексан	<i>n</i> -Гексан	CH ₃ [CH ₂] ₄ CH ₃	2-сынып
Гептан	<i>n</i> -Гептан	CH ₃ [CH ₂] ₅ CH ₃	3-сынып
<i>N,N</i> -Диметилацетамид	ДМА	CH ₃ CON(CH ₃) ₂	2-сынып
Диметилсульфоксид	Метилсульфинилметан, метилсульфоксид, ДМСО	(CH ₃) ₂ SO	3-сынып
<i>N,N</i> -Диметилформаид	ДМФА	HCON(CH ₃) ₂	2-сынып

1,2-Диметоксиэтан	Этиленгликоль диметил эфірі, моноглим, диметилцеллозоль	$\text{H}_3\text{COCH}_2\text{CH}_2\text{OCH}_3$	2-сынып
1,4-Диоксан	<i>l</i> -Диоксан, [1,4]диоксан		2-сынып
Дихлорметан	Метиленхлорид	CH_2Cl_2	2-сынып
1,2-Дихлорэтан	<i>сим</i> -Дихлорэтан, этилендихлорид, этиленхлорид	$\text{CH}_2\text{ClCH}_2\text{Cl}$	1-сынып
1,1-Дихлорэтен	1,1-Дихлорэтилен, винилиденхлорид	$\text{H}_2\text{C}=\text{CCl}_2$	1-сынып
1,2-Дихлорэтен	1,2-Дихлорэтилен, ацетилендихлорид	$\text{CHCl}=\text{CHCl}$	2-сынып
Изобутилацетат	Сірке қышқылының изобутил эфірі	$\text{CH}_3\text{COOCH}_2\text{CH}(\text{CH}_3)_2$	3-сынып
Изопропилацетат	Сірке қышқылының изопропил эфірі	$\text{CH}_3\text{COOCH}(\text{CH}_3)_2$	3-сынып
Ксилол*	Диметилбензол		2-сынып
Кумол	Изопропилбензол, (1-метилэтил)бензол		2-сынып
Метанол	Метил спирті	CH_3OH	2-сынып
Метилацетат	Сірке қышқылының метил эфірі	$\text{CH}_3\text{COOCH}_3$	3-сынып
3-Метил-1-бутанол	Изоамил спирті, изопентил спирті, 3-метилбутан-1-ол	$(\text{CH}_3)_2\text{CHCH}_2\text{CH}_2\text{OH}$	3-сынып
Метилбутилкетон	2-Гексанон, гексан-2-он	$\text{CH}_3[\text{CH}_2]_3\text{COCH}_3$	2-сынып
Метилизобутилкетон	4-Метилпентан-2-он, 4-метил-2-пентанон, МИБК	$\text{CH}_3\text{COCH}_2\text{CH}(\text{CH}_3)_2$	3-сынып
<i>N</i> -Метилпирролидон	1-Метилпирролидин-2-он, 1-метил-2-пирролидинон		2-сынып
2-Метил-1-пропанол	Изобутил спирті, 2-метилпропан-1-ол		3-сынып

		$(\text{CH}_3)_2\text{CHCH}_2\text{OH}$	
Метилциклогексан	Циклогексилметан		2-сынып
Метилэтилкетон	2-Бутанон, МЭК, бутан-2-он	$\text{CH}_3\text{CH}_2\text{COCH}_3$	3-сынып
2-Метоксиэтанол	Метилцеллозольв	$\text{CH}_3\text{OCH}_2\text{CH}_2\text{OH}$	2-сынып
Құмырсқа қышқылы		HCOOH	3-сынып
Нитрометан		CH_3NO_2	2-сынып
Пентан	<i>n</i> -Пентан	$\text{CH}_3[\text{CH}_2]_3\text{CH}_3$	3-сынып
1-Пентанол	Амил спирті, пентан-1-ол, пентил спирті	$\text{CH}_3[\text{CH}_2]_3\text{CH}_2\text{OH}$	3-сынып
Пиридин			2-сынып
1-Пропанол	Пропан-1-ол, Пропил спирті	$\text{CH}_3\text{CH}_2\text{CH}_2\text{OH}$	3-сынып
2-Пропанол	Пропан-2-ол, Изопропил спирті	$(\text{CH}_3)_2\text{CHOH}$	3-сынып
Пропилацетат	Сірке қышқылының пропил эфирі	$\text{CH}_3\text{COOCH}_2\text{CH}_2\text{CH}_3$	3-сынып
Сульфолан	Тетрагидропиридин-1,1-диоксид		2-сынып
Тетрагидрофуран	Тетраметиленоксид, Оксациклопентан		2-сынып
Тетралин	1, 2, 3, 4 - Тетрагидронафталин		2-сынып
Толуол	Метилбензол		2-сынып

1,1,1-Трихлорэтан	Метилхлороформ	CH_3CCl_3	1-сынып
1,1,2-Трихлорэтен	Трихлорэтен	$\text{HCIC}=\text{CCl}_2$	2-сынып
Төрт хлорлы көміртегі	Тетрахлорметан	CCl_4	1-сынып
Сірке қышқылы	Этан қышқылы	CH_3COOH	3-сынып
Формаид	Метанаид	hconh_2	2-сынып
Хлоробензол			2-сынып
Хлороформ	Трихлорметан	CHCl_3	2-сынып
Циклогексан	Гексаметилен		2-сынып
Этанол	Этил спирті	$\text{CH}_3\text{CH}_2\text{OH}$	3-сынып
Этилацетат	Сірке қышқылының этил спирті	$\text{CH}_3\text{COOCH}_2\text{CH}_3$	3-сынып
Этиленгликоль	1,2-Дигидроксиэтан, 1,2-этандиол	$\text{HOCH}_2\text{CH}_2\text{OH}$	2-сынып
Этил спирті	Диэтил эфирі, этоксиэтан, 1,1'-оксибисэтан	$\text{CH}_3\text{CH}_2\text{OCH}_2\text{CH}_3$	3-сынып
Этилформиат	Құмырсқа қышқылының этил эфирі	$\text{HCOOCH}_2\text{CH}_3$	3-сынып
2-Этоксиэтанол	Целлозольв	$\text{CH}_3\text{CH}_2\text{OCH}_2\text{CH}_2\text{OH}$	2-сынып

* Әдетте 60 % м-ксилол, 14 % п-ксилол, 9 % о-ксилол және 17 % этилбензол.

2-ҚОСЫМША. ҚОСЫМША ДЕРЕКТЕР

A2.1. Органикалық ұшпа еріткіштердің қоршаған ортаға ықпалы

Фармацевтикалық өндірісте жиі пайдаланылатын кейбір қалдық органикалық еріткіштер "Қоршаған орта саулығының критерийлері" (Environmental Health Criteria, *ЕНС*) және "Тәуекелдік біріктірілген ақпараттық жүйесі" (Integrated Risk Information System, *IRIS*) монографияларында уытты химиялық қосылыстар тізбесіне енгізілген. Химиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық бағдарлама (International Programme on Chemical Safety, *IPCS*), АҚШ Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқармасы (United States Environmental Protection Agency, *USEPA*), АҚШ тамақ өнімдері және дәрілік препараттар сапасын бақылау жөніндегі басқармасы (United States Food and Drug

Administration, *USFDA*) секілді топтардың міндеттеріне химиялық заттардың рұқсат етілген әсер ету деңгейін анықтау кіреді. Олардың негізгі мақсаты – адам денсаулығы мен қоршаған ортаны ұзақ уақыт әсер ету нәтижесінде химиялық қосылыстардың ықтимал жағымсыз әсерінен қорғау. Әсер етудің рұқсат етілген ең жоғары, қауіпсіз нормаларын бағалау үшін пайдаланылатын әдістер әдетте ұзақ мерзімді зерттеулерге негізделеді. Ұзақ мерзімді зерттеулердің деректері қолжетімсіз болған кезде тәсілдемені түрлендірумен қысқа мерзімді сынақтардың деректері пайдаланылуы мүмкін, мысалы, корреляцияның неғұрлым жоғары коэффициенттерін пайдалану. Осы жалпы фармакопеялық құжатта сипатталған тәсілдеме, ең алдымен, қоршаған орта тұрғындарына, атап айтқанда ауаға, азық-түлікке, ауыз суға және т.б. ұзақ мерзімді әсер етуге немесе өмір бойы әсер етуге жатады.

A2.2. Дәрілік құралдардағы қалдық органикалық еріткіштер

Осы жалпы фармакопеялық құжатта рұқсат етілген әсер ету нормалары *ЕСН* және *IRIS* монографияларында берілген әдістемелер мен уыттылық деректеріне сәйкес белгіленген. Алайда әсер етудің рұқсат етілген нормаларын белгілеу кезінде дәрілік құралдарды синтездеу және дайындау процесінде пайдаланылатын қалдық органикалық еріткіштерге қатысты кейбір рұқсат берулер қабылдануы мүмкін, атап айтқанда:

1) пациенттер (барлық тұрғындар емес) дәрілік құралдарды ауруды емдеу үшін немесе инфекцияның немесе аурудың туындауының алдын алу мақсатында профилактика үшін пайдаланады;

2) пациенттердің өмірін ұзартуға әсер етуі туралы болжам дәрілік құралдардың басым бөлігі үшін міндетті емес, бірақ адамның денсаулығы үшін тәуекелді азайту үшін қалыпты гипотеза ретінде қаралуы мүмкін;

3) қалдық органикалық еріткіштер –фармацевтикалық өндірістің даусыз компоненттері және көбіне дәрілік құралдардың құрамдас бөлігі болып табылады;

4) қалдық органикалық еріткіштер айрықша мән-жайлардан басқа, ұсынылатын концентрациядан аспауы тиіс;

5) қалдық органикалық еріткіштердің жарамды концентрацияларын анықтау үшін пайдаланылатын токсикологиялық сынақтар туралы деректер, мысалы, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) құжаттарында және *USFDA* Қызыл Кітапта сипатталған тиісті хаттамаларды пайдалана отырып, белгіленуі тиіс.

3-ҚОСЫМША. ӘСЕР ЕТУДІҢ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН НОРМАЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ ӘДІСТЕРІ

1-сынып концерогендік еріткіштерінің қауіп деңгейін бағалау үшін Гейлор-Коделл әдісін қолданады. Әсер етудің рұқсат етілген нормаларын белгілеу үшін математикалық модельдерді пайдалана отырып экстраполяцияны концерогенділік туралы сенімді деректер болған жағдайларда ғана қолдану қажет. 1-сыныптық еріткіштері үшін әсер

ету шектері әсер байқалмайтын деңгеуді анықтауға арналған корреляция коэффициентінің жоғары мәнін (мысалы, 10 000-нан 100 000-ға дейін) пайдалана отырып айқындалуы мүмкін. Осы еріткіштерді табу және сандық анықтауды валидтелген талдамалық әдістемемен жүргізу қажет.

Осы жалпы фармакопоялық құжатта 2-сынып еріткіштері үшін әсер ету шектері дәрілік құралдардағы әсер етудің рұқсат етілген нормаларды анықтау әдістемелеріне (*Pharmacopeial Forum*, қараша-желтоқсан 1989 ж.) және адам денсаулығына қатысты химиялық заттардың қауіпін бағалау үшін *IPCS* қабылдаған әдістерге (*Environmental Health Criteria 170*, ДСҰ, 1994) сәйкес РТӘ мәнін есептеу арқылы белгіленді. Бұл әдістер *USEPA (IRIS)*, *USFDA (Қызыл Кітап)* және т.б пайдаланатындарға ұқсас. РТӘ мәндерінің қайдан алынғанын түсіндіру үшін әдіс төменде сипатталған. Осы құжаттың 4-бөліміндегі кестеде берілген РТӘ мәндерін пайдалану үшін бұл есептеулерді жүргізу қажет емес.

Жануарларға жүргізілген эксперименттерде РТӘ мәндерін әсер байқалмайтын деңгейге (УННЭ) немесе ең төмен әсер байқалатын деңгейге (МУНЭ) қатысты мына формула бойынша есептейді:

$$РТӘ = \frac{УННЭ \cdot \text{Дене салмағы}}{F1 \cdot F2 \cdot F3 \cdot F4 \cdot F5}$$

РТӘ мәнін басым жағдайда УННЭ негізінде алады. Егер УННЭ мәндері белгісіз болса, МУНЭ мәндері пайдаланылуы мүмкін. Мұнда адамға экстраполяциялау үшін ұсынылған жануарлардан алынған деректерді корреляциялау коэффициенттері – "Қоршаған орта саулығы критерийлері" (*Environmental Health Criteria 170*, ДСҰ, Женева, 1994) монографиясында пайдаланылған "белгісіздік коэффициенттері" және "*Pharmacopeial Forum*"-да пайдаланылған "корреляция коэффициенттері" немесе "қауіпсіздік коэффициенттері" болып табылады. Барлық есептеулерде дәрілердің қолданылу тәсіліне тәуелсіз 100% жүйелі әсер етуі туралы болжам қабылданады.

Корреляция коэффициенттері

$F1$ — түрлер арасында экстраполяцияны есептеуге арналған корреляция коэффициенті;

$F1 = 5$ егеуқұйрықтарға сынақтар жүргізу кезінде алынған деректерді адамға экстраполяциялау кезінде;

$F1 = 12$ тышқандарға сынақтар жүргізу кезінде алынған деректерді адамға экстраполяциялау кезінде;

$F1 = 2$ иттерге сынақтар жүргізу кезінде алынған деректерді адамға экстраполяциялау кезінде;

$F1 = 2,5$ үй қояндарына сынақтар жүргізу кезінде алынған деректерді адамға экстраполяциялау кезінде;

$F1 = 3$ маймылдарға сынақтар жүргізу кезінде алынған деректерді адамға экстраполяциялау кезінде;

$F1 = 10$ басқа жануарларға сынақтар жүргізу кезінде алынған деректерді адамға экстраполяциялау кезінде.

$F1$ тиісті жануарлар түрлері мен адам денесінің салмағына дененің жоғарғы қабаты алаңының ара-қатынасын назарға алады. Беткі қабаттың алаңы мынадай тәсілмен есептеледі:

$$S - km^{0,67},$$

мұндағы: m — дене салмағы;

k — 10-ға тең константа.

Теңдеуде пайдаланылатын дененің салмағы 2.3.2.0.-7-кестеде берілген.

$F2$ — жеке өзгергіштікті есепке алатын 10 коэффициенті. 10-ға тең коэффициентті әдетте барлық органикалық еріткіштерге қолданады және осы жалпы фармакопоя құжатында пайдаланады.

$F3$ — қысқа мерзімде әсер ету кезінде уыттылықты зерттеуде есептеуге арналған айнымалы коэффициент.

$F3 =$ кемінде жануарлардың тіршілік ету ұзақтығының жартысына тең кезең ішінде жүргізілетін сынақтар үшін 1 (кеміргіштер мен үй қояндары үшін 1 жыл; иттер, мысықтар және маймылдар үшін 7 жыл).

$F3 =$ органогенездің бүкіл кезеңін қамтитын репродуктивті (өз төлінен өсіру) сынақтар үшін 1.

$F3 =$ кеміргіштерге 6 ай немесе кеміргіштер еместерге 3,5 жыл ішінде жүргізілетін сынақтар үшін 2.

$F3 =$ кеміргіштерге 3 айлық немесе кеміргіштер еместерге 2 жылдық сынақтар үшін 5.

$F3 =$ неғұрлым қысқа уақытқа созылатын сынақтар үшін 10.

Барлық аралық сынақтар үшін неғұрлым жоғары коэффициентті пайдалану қажет (мысалы, кеміргіштерге 9 айлық сынақ үшін коэффициент = 2 пайдаланылады).

$F4$ — еріткіштің уыттылығы жоғары кезде қолданылуы мүмкін коэффициент, мысалы, геноуытты емес канцерогендік, нейроуытты немесе тератогендік. Репродуктивті уыттылық сынақтарында мынадай коэффициенттер пайдаланылады:

$F4 =$ аналық уыттылықпен (интоксикациямен) байланысты эмбриональды уыттылық үшін 1;

$F4 =$ аналықпен байланысты емес эмбриональды уыттылық (интоксикация) үшін 5;

$F4 =$ аналық интоксикациямен байланысты тератогендік әсер үшін 5;

$F4 =$ аналық интоксикациямен байланысты емес тератогендік әсер үшін 10.

$F5$ — егер УННЭ (әсер тудырмайтын деңгей) белгіленбеген жағдайда қолданылуы мүмкін айнымалы коэффициент. Тек МУНЭ деңгейінің (ең аз әсер тудыратын деңгей)

деректері ғана қолжетімді болған кезде уыттылық деңгейіне қарай 10-ға дейінгі коэффициент. Пайдаланылуы мүмкін.

2.3.2.0.-7-кесте. — Осы құжатта есептеу кезінде пайдаланылған мәндер

Егеуқұйрықтың салмағы	425 г
Буаз егеуқұйрықтың салмағы	330 г
Тышқанның салмағы	28 г
Буаз тышқанның салмағы	30 г
Теңіз шошқасының салмағы	500 г
Макака-резус салмағы	2,5 кг
Үй қоянының (буаз немесе жоқ) салмағы	4 кг
Тазы иттің (бигль) салмағы	11,5 кг
Егеуқұйрықтық тыныс алу көлемі	290 л/тәулік
Тышқанның тыныс алу көлемі	43 л/тәулік
Үй қоянының тыныс алу көлемі	1440 л/тәулік
Теңіз шошқасының тыныс алу көлемі	430 л/тәулік
Адамның тыныс алу көлемі	28800 л/тәулік
Иттің тыныс алу көлемі	9000 л/тәулік
Маймлдың тыныс алу көлемі	1150 л/тәулік
Тышқанның суды тұтынуы	5 мл/тәулік
Егеуқұйрықтың суды тұтынуы	30 мл/тәулік
Егеуқұйрықтың қоректі тұтынуы	30 г/тәулік

Кез келген жынысты ересек адамның денесінің салмағы 50 кг тең екендігіне рұқсат етіледі. Осы салыстырмалы түрде үлкен емес шама осындай есептеулерде жиі пайдаланылатын адамның 60 немесе 60 кг стандартты салмағының қауіпсіздігіне қосымша коэффициентті қамтамасыз етеді. Көптеген ересек пациенттердің салмағы 50 кг кем екендігі белгілі, сондықтан бұл жағдайда РТӘ анықтау кезінде басқа коэффициенттер пайдаланылады. Егер еріткішті қамтитын дәрілік құрал педиатрияға арналған болса, онда неғұрлым аз дене салмағына түзету жасау керек.

Осы теңдеуді қолдану мысалы ретінде бұлшықеттерде ацетонитрилдің уыттылығына сынақты қарастырамыз. УННЭ мәні - 50,7 мг/(кг-тәулік) екендігі белгіленген. Бұл ретте ацетонитрил үшін РТӘ мынадай тәсілмен есептейді:

$$РТӘ = \frac{50,7 \text{ мг} \cdot \text{кг}^{-1} \cdot \text{тәулік}^{-1} \cdot 50 \text{ кг}}{12 \cdot 10 \cdot 5 \cdot 1 \cdot 1} = 4,22 \text{ мг} \cdot \text{тәулік}^{-1}$$

Бұл мысалда:

$F1 = 12$, тышқандарға сынақтар жүргізу кезінде алынған деректерді адамға экстраполяциялау ескеріледі;

$F2 = 10$, жеке өзгергіштікті ескереді;

$F3 = 5$, себебі сынақтың ұзақтығы 13 аптаны ғана қамтиды;

$F4 = 1$, себебі қауіпті уыттылыққа ұшырамаған;

$F5 = 1$, себебі әсер тудырмайтын деңгей анықталған.

Тыныс алу (ингаляторлық) сынақтарда пайдаланылған мг/л немесе мг/м³ ppm газ концентрациясын қайта есептеу үшін мінсіз газға арналған теңдеу пайдаланылды: $PV = nRT$.

Мысал ретінде, Pharmeigora, т.9, №1, Толықтыру, сәуір 1997, S9-бетте сипатталған төртхлорлы көміртегімен (М.М. 153,84) тыныстау нәтижесінде егеуқұйрықтың репродуктивті уыттылығына сынақты қарастырамыз.

$$\frac{n}{V} = \frac{P}{RT} = \frac{300 \cdot 10^{-6} \text{ атм} \cdot 153840 \text{ мг} \cdot \text{моль}^{-1}}{0,082 \text{ л} \cdot \text{атм} \cdot \text{К}^{-1} \cdot \text{моль}^{-1} \cdot 298\text{К}} = \frac{46,15 \text{ мг}}{24,45 \text{ л}} = 1,89 \text{ мг/л}$$

мг/м³ аудару үшін $1000 \text{ л} = 1 \text{ м}^3$ қатынасын пайдаланады.

203030000-2019

2.3.3.0.Алколометриялық кестелерді қолдану

Этил спиртіндегі этанолдың концентрациясын анықтау кезінде 4.1.-1. "Сулы-спирттік ерітіндінің тығыздығы мен ерітіндідегі этанолдың қамтылуы арасындағы арақатынас" алколометриялық кестесін басшылыққа алады.

Қолда бар әртүрлі концентрациядағы этил спирті мен тазартылған судан белгілі бір конйентрациядағы этил спиртін алу қажет болған жағдайда алколометриялық кестелерді басшылыққа алу қажет:

4.1.-2-кесте. "30%, 40%, 50%, 60%, 70%, 80%, 90 % және 92 % концентрациялы 1 кг спирт алу үшін араластыру қажет су мен әртүрлі концентрациядағы спирттің мөлшері (20 °С температурада граммен)";

4.1.-3-кесте. "30 %, 35 %, 40 %, 45 %, 50 %, 55 %, 60 %, 65 %, 70 %, 75 %, 80 %, 85 %, 90 % концентрациялы 1 л спирт алу үшін араластыру қажет су мен әртүрлі концентрациядағы спирттің мөлшері (20 °С температурада миллилитрде)";

4.1.-4-кесте. "30 %, 35 %, 40 %, 45 %, 50 %, 55 %, 60 %, 65 %, 70 %, 75 %>, 80 %>, 85 %>, 90 %>, 95 % концентрациялы 1 л спирт алу үшін араластыру қажет су мен әртүрлі концентрациядағы спирттің мөлшері (20 °С температурада миллилитрмен)";

4.1.-5-кесте. "20 °С температурада әртүрлі концентрациялы спирт алуға арналған кесте";

4.1.-6-кесте. 40 %, 70 %, 80 %, 90 %, 95 % концентрациялы 1 л (20°С температурада) спирт алу үшін араластыру қажет су мен 96,6 %-дан 97,0 %-ға дейінгі концентрациялы спирттің мөлшері (20 °С температурада миллилитрмен).

4.1.-1.-5 алколометриялық кестелер фармакопееға 4.1-қосымшада берілген.

203040000-2019

2.3.4.0. Полиморфизм

Полиморфизм (немесе кристалды полиморфизм) – бұл қатты заттарға тән құбылыс; бұл қатты күйдегі заттың белгілі бір химиялық құрамда әртүрлі кристал пішінде болуға қабілеттілігі. Кристал пішінде болмайтын қатты заттар аморфты деп аталады.

Егер бұл құбылыс химиялық элементте (мысалы, күкірт) байқалған жағдайда " полиморфизм" терминінің орнына "аллотропия" термині қолданылады.

Құрамында еріткіш стехиометриялық пропорцияда кристалды тор түрінде болатын сольваттарды (гидраттарды қоса алғанда) сипаттау кезінде "жалған полиморфизм" термині қолданылады; бұл термин сонымен бірге құрамындағы еріткіш тұрақсыз пропорцияда болатын заттарға да қолданылуы мүмкін. "Жалған полиморфизм" термині мән-жайларға қарай екіжақты түсіндірілетіндіктен, мұндай заттарды сипаттау кезінде " сольваттар" және "гидраттар" терминдерін ғана пайдаланған жөн.

Жеке фармакопепялық құжатта субстанция полиморфизм қасиетіне ие деп көрсетілген жағдайларда бұл шынайы кристал полиморфизм байқалатынын, не сольваттардың, не аллотропия, не аморфты пішіннің болуын білдіреді.

Химиялық құрамының сәйкестілігі бұл заттың барлық кристал және аморфты пішіндері ерітінділер мен балқымаларда бірдей химиялық құрамды көрсететін болжайды, алайда қатты күйде олардың физика-химиялық және физикалық қасиеттері (ерігіштігі, қаттылығы, сығылуы, тығыздығы, балқу температурасы және т.б.), ал тиісінше олардың реакциялық қабілеті мен биоқолжетімділігі әртүрлі болуы мүмкін.

Қосылыста полиморфизм болған жағдайда осы температурада және қысымда неғұрлым еркін төмен энтальпиялы пішін неғұрлым термодинамикалық тұрақты болып табылады. Бұл ретте қосылыстың басқа пішіндері метатұрақты деп аталады. Қалыпты температурада және қысымда метатұрақты пішін өзгеріссіз қалуы немесе неғұрлым термодинамикалық тұрақты болып өзгеруі мүмкін.

Бірнеше кристал пішінде болған жағдайда берілген температурада және қысымда олардың бірі неғұрлым термодинамикалық тұрақты болып табылады. Осы кристал пішін басқа қатты фазалармен, сұйық және газды фазалармен тепе-теңдікке қол жеткізуге қабілетті фазаны қалыптастыруы мүмкін.

Егер әрбір кристал пішін берілген температура диапазонында неғұрлым тұрақты болса, бір пішіннің басқа пішінге өзгеруі қайтымды болып табылады немесе энантиотропты деп аталады. Мұндай ауысу бірыңғай тепе-теңдікпен және берілген қысымда белгіленген ауысу температурасымен сипатталады. Егер пішіндердің тек бірі ғана берілген температура диапазоны шегінен жоғары тұрақтылықты байқатса, өзгеру қайтымсыз немесе монотропты болып табылады.

Егер бір полиморфты пішіннің басқа пішінге айналуы энтальпияның байқалмайтын өзгеруімен жүретін болса, онда *in vivo* жағдайында бұл пішіндер бір-біріне жеңіл ауысады. Сондықтан бір полиморфты түрленуді басқасымен ауыстыру абсорбция

жылдамдығының елеулі өзгеруіне алып келмейді, ал қолданыстағы заттың биоқолжетімділігі айтарлықтай өзгерістерге ұшырамайды. Полиморфты түрленудің еркін энергиясындағы айтарлықтай айырмашылықтар биоқолжетімділіктің елеулі байқалатын өзгеруін тудырады.

Ерітіндіден немесе балқымадан алынған затты кристалдау кезінде алдымен еркін энергия шамасы бойынша ерітіндіге неғұрлым жақын ең аз тұрақты фаза қалыптасады. Сондықтан метатұрақты пішіндердің молекулалары іштей аз тіркеседі, бұл олардың физикалық қасиеттерінде, атап айтқанда, жоғары ерігіштігінде байқалады. Еріту әсер ететін затты асқазан-ішек жолынан абсорбциялауда лимиттеуші саты болып табылатындықтан, метатұрақты пішіндер тұрақты пішіндерге қарағанда үлкен биоқолжетімділікке ие және белсенді фармацевтикалық субстанцияларды алу кезінде неғұрлым мақсатқа сай. Метатұрақты пішіндердің тұрақты пішінге ауысын тежейтін және сол арқылы олардың төзімділігін арттыратын тиімді құралдардың бірі бірқатар қосалқы заттарды (метилцеллюлоза, поливинилпирролидон, натрий альгинаты, пропиленгликольальгинат және т.б.) пайдалану болып табылады.

Кристалдау талаптарының өзгеруі кезінде (температура, қысым, еріткіш, концентрация, кристалдау жылдамдығы, кристалдау туындыларының қалыптасуы, қоспалар мен олардың концентрациясы және т.б.) әртүрлі кристал пішіндер мен сольваттар қалыптасуы мүмкін.

Полиморфизмді зерттеуі үшін мынадай әдістер қолданылуы мүмкін:

- рентгендік ұнтақтық дифрактометрия;
- жекелеген кристалдарда рентгендік дифрактометрия;
 - термиялық талдау (дифференциальды сканирлеуші калориметрия, термогравиметрия, термомикроскопия);
- микрокалориметрия;
- ылғалды жұтуды талдау;
- оптикалық және электрондық микроскопия;
- қатты денедегі ядролық магнитті резонанс;
- инфрақызыл спектрофотометрия;
- раман спектрометриясы;
- ерігіштігін және еру жылдамдығының сипаттамасын өлшеу;
- тығыздығын өлшеу.

Бұл әдістер бір-бірін жиі толықтырады, сондықтан зерттеу кезінде олардың бірнешеуін қолданған маңызды.

Талдамалық деректерге негізделген қысым/температура және энергия/температура диаграммалары полиморфты заттардың жекелеген түрленуінің энергетикалық өзара іс-қимылын (энантиотропия, монотропия) және термодинамикалық тұрақтылығын неғұрлым толық түсіну үшін бағалы құралдар болып табылады.

Сольваттарды зерттеу үшін ерігіштігін анықтаумен, өзіне тән еру жылдамдығымен және рентгенографиямен бірге пайдаланылатын дифференциальды сканирлеу калориметриясы мен термогравиметрия қолайлырақ.

Гидраттарды зерттеу кезінде салыстырмалы тұрақтылық аймақтарын табу үшін суды сіңіру/десорбция изотермаларын анықтайды.

Жалпы гидраттар сусыз пішіндерге қарағанда аз ерігіш сипатқа ие, сольваттар да сольватталмаған пішіндерге қарағанда олардың еріткіштерінде аз ериді.

Заттың кристал пішіні мен оны алу талаптарының өзара байланысын анықтау белсенді фармацевтикалық субстанцияны өндіру технологиясын әзірлеудің қажетті сатысы болып табылады. Талаптардың шамалы ғана өзгеруі субстанцияны әртүрлі қатынастағы полиморфты пішіндерде немесе жаңа полиморфты пішіндерде алуға әкеп соғуы мүмкін.

Әсер етуші заттардың полиморфты пішіндерін мақсатты түрде алуды тепе-тең немесе тепе-тең емес кристалдау әдістерінің көмегімен жүзеге асырады.

Тепе-тең кристалдау әдісі салмағы осы полиморфты пішін кристалдарымен тепе-тең ерітіндіден еріткішті изотермиялық және изоконцентрациялық булауға негізделген. Егер мақсатты өнім заттың жоғары температурада түрленуі болып табылатын болса, онда оныалудың міндетті талабы кристалдау температурасын төмен температурадан жоғары температуралық түрленуге ауысу температурасынан жоғары ұстау болып саналады. Төмен температуралық пішінді алу кезінде кристалдау температурасын осы айналу температурасынан төмен ұстайды. Тепе-тең кристалдау әдісінде еріткіштің типі маңызды мәнге ие.

Тепе-тең емес кристалдау әдісінде процесті кристалдаудың жоғары температурасында, яғни жүйеде елеулі қанығу кезінде жүзеге асырады. Осы мақсатта әдетте мынадай тәсілдер қолданылады:

- политермиялық кристалдау;
- еріткішті алмастыру;
- бүркіп кептіру;
- сублимациялық кептіру.

Политермиялық кристалдау тәсілі бойынша алдымен еріткіштің белгіленген (әдетте , жоғары) температурасында белсенді фармацевтикалық субстанцияның қаныққан ерітіндісін алады, содан кейін оны біраз уақыт ұстап тұрып, анықталған температураға дейін бірден салқындатады.

Еріткішті алмастыру тәсілі бойынша органикалық еріткіште немесе суда белсенді фармацевтикалық субстанцияның қаныққан ерітіндісін алады, содан кейін тиісті суды немесе органикалық еріткішті қосады. Заттың сулы-органикалық қоспада ерігіштігінің бірден төмендеуі нәтижесінде ерітіндіден мақсатты пішіндегі кристалдар алынады. Еріткішті енгізу тәртібі бөлініп шығатын полиморфты пішіннің ерігіштігімен анықталады. Сонымен бірге полиморфты түрлену сипатына қарай (жоғары немесе

төмен температуралық түрлену) кристалдау температурасын таңдау маңызды талап болып табылады.

Бүркіп кептіру тәсілімен бастапқы ерітіндіні газ тектес жылу тасымалдағыш ағынында бөлшектейді. Жылу тасымалдағыштың температурасына, оны жеткізу жылдамдығына және еріткіштің типіне қарай ерітіндінің берілген асақанығу дәрежесін қамтамасыз ететін еріткіштің булануының белгіленген жылдамдығын құрады. Көрсетілген талаптар кезінде монотроптық жүйелерде метатұрақты түрленулер жеңіл қалыптасады. Алайда термодинамикалық тепе-теңдік орнауын болдырмау үшін бастапқы ерітіндінің аздаған мөлшерін пайдалана отырып, процесті өте жылдам жүргізеді.

Осылайша, оңтайлы терапевтік параметрлері бар полиморфты пішіндерді алу кезінде жақсы ерігіштікті және организмде сіңіруге, өзгеруге және өзара іс-қимылға қабілеттілікті қамтамасыз ететін әдістерге басымдық беріледі, оларды кейбір органдар мен тіндерде ерекше адсорбция, сондай-ақ организмнен элиминациялаудың белгілі бір жылдамдығы мен дәрежесін үстемелейді.

203050000-2019

2.3.5.0. Фармацевтикалық қолдануға арналған субстанциялардағы қосапаларды бақылау

КІРІСПЕ

Фармацевтикалық қолдануға арналған субстанцияларға жеке фармакопейалық құжаттар тұтынушылар үшін олардың жарамды сапасын қамтамасыз ету мақсатында әзірленген. Фармакопейаның қоғамның саулығын қорғаудағы рөлі жеке фармакопейалық құжаттармен регламенттелетін қоспаларды тиісінше бақылау болып табылады. Фармакопейалық сапа ғылыми прогрестің жетістіктері, техникалық қамтамасыз етуге және регуляторлық талаптарға негізделген.

Қоспаларға қатысты талаптар бір-бірін толықтыратын жеке фармакопейалық құжаттарда және Фармацевтік қолдануға арналған субстанциялар жалпы фармакопейалық құжатында беріледі: жеке фармакопейалық құжаттар қоспалар үшін жарамдылық критерийлерін белгілейді, ал жалпы фармакопейалық құжат белсенді субстанциялардың (фармацевтикалық субстанциялардың) құрамындағы кез келген органикалық қоспаларды сыныптау, сәйкестендіру және сипаттау қажеттілігін көрсетеді.

Фармацевтік қолдануға арналған субстанциялар жалпы фармакопейалық құжатында қамтылған ақпараттандыру, сәйкестендіру және саралау шектері барлық тектес қоспаларға қолданылады. Алайда, егер жеке фармакопейалық құжат тектес қоспаларды сандық анықтау бойынша сынақты қамтымайтын болса, жоғарыда белгіленген шекте кездесетін кез келген жаңа қоспалар сынақ оларды анықтауға мүмкіндік бермейтіндіктен, анықталмауы мүмкін.

Фармацевтік қолдануға арналған субстанциялар жалпы фармакопоялық құжатының "Тектес қоспалар" тарауының, әсіресе қоспалардың шекті құрамына қатысты талаптары қосалқы заттарға қолданылмайды; сонымен бірге бұл талаптар: биологиялық және биотехнологиялық өнімдерге; пептидтерге; олигонуклеотидтерге; радиофармацевтикалық препараттарға; ферменттеу өнімдері мен олардан алынған жартылай синтетикалық өнімдерге; дәрілік өсімдік шикізаты және жануарлар мен өсімдіктерден алынған тазартылмаған өнімдер негізіндегі дәрілік құралдарға қолданылмайды. Оларға жалпы фармакопоялық құжатта белгіленген қоспалар құрамының шектеріне қатысты қолданылмайтындығына қарамастан, апараттандыру, қоспаларды сәйкестендіру (мүмкіндігінше) және сыныптау жалпы тұжырымдамасы көрсетілген өнімдердің барлық сыныптары үшін жарамды.

ОДАҚ ФАРМАКОПЕЯСЫНЫҢ ЖЕКЕ ҚҰЖАТТАРЫН ӘЗІРЛЕУ ҮШІН НЕГІЗДЕМЕ

Жеке фармакопоялық құжаттар құзыретті уәкілетті орган тіркеген дәрілік препараттардың құрамына енетін субстанциялар үшін әзірленген, сондықтан бұл құжаттар әлем нарығында ұсынылған фармацевтикалық қолдануға арналған барлық субстанцияларды қамтуға міндетті емес.

Құзыретті уәкілетті орган бағалау жүргізген субстанциялардағы органикалық және бейорганикалық қоспаларды неғқрлым төмен рұқсат етілген нормаларды бағалау нәтижелерін растаудан кейін қолжетімді болатын қауіпсіздік туралы жанадеректерді қоспағанда, ең жоғары рұқсат етілген құрамының (ең жоғары тәуліктік доза) қауіпсіздігі туралы деректер негізінде сыныптайды.

Фармацевтикалық қолдануға арналған субстанцияға жеке фармакопоялық құжаттың негізгі бөлігі өз кезегінде, еуропалық ұлттық фармакопоялық органдармен, маркетинг жөніндегі құзыретті органдармен, ұлттық бақылау зертханаларымен және Еуропалық Фармакопоя зертханасымен әріптестік орнатқан сарапшылар топтары мен жұмыс топтары осы субстанцияларды пайдаланатын өндірушілердің және/немесе жеткізушілердің қатысуымен әзірлейтін Еуропалық Фармакопоя жеке құжаттарының талаптарымен үйлестірілген.

ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ҚОЛДАНУҒА АРНАЛҒАН СУБСТАНЦИЯЛАРДАҒЫ ҚОСПАЛАРДЫ БАҚЫЛАУ

Фармацевтикалық қолдануға арналған субстанцияның қоспаларды қамтумен байланысты сапасын жеке фармакопоялық құжатта берілген сынақ жиынтығымен бақылайды. Бұл сынақтар дәрілік препараттарға арналған белсенді фармацевтикалық субстанциялардың шығу тектері тұрғысынан маңызды органикалық және бейорганикалық қоспаларды бағалауға арналған.

Қалдық еріткіштерді бақылау Фармацевтикалық қолдануға арналған субстанциялар жалпы фармакопоялық құжатында және 2.3.2.0. Органикалық еріткіштердің қалдық мөлшері жалпы фармакопоялық құжатында көзделген. Субстанция бақыланатын

қалдық еріткіштер, белгіленген жарамдылық критерийлері және бақылаудың валидтелген әдістемелері туралы ақпаратпен (егер олар 2.1.4.19. Қалдық еріткіштерді сәйкестендіру және бақылау жалпы фармакопеялық құжатында сипатталғандардан ерекшеленетін болса) сүйемелденуі тиіс.

Әдетте, органикалық химиялық субстанцияларға жеке фармакопеялық құжаттар тиісті органикалық қоспаларға қатысты "Тектес қоспалар" сынағын қосады. Егер "Тектес қоспалар" сынағы нақты бір қоспаны бақылауға мүмкіндік бермесе немесе арнайы бақылауды талап ететін айрықша себептер (мысалы, қауіпсіздік) болса, онда ол ерекше сынақтармен толықтырылуы мүмкін.

Егер жеке фармакопеялық құжатта "Тектес қоспалар" сынағы (немесе эквивалентті сынақ) болмаса, бірақ бұл ретте ерекше сынақтар келтірілген болса, субстанцияны тұтынушы органикалық қоспаларды тиісті бақылауды қамтамасыз етуі тиіс. Сәйкестендіру шегінен артық мөлшердегі қоспалар сәйкестендірілуі (мүмкіндігінше) тиіс және басқа негіздеме болмаған жағдайда сыныптау шегінен артық көлемдегі қоспалар – сыныпталуы тиіс (сонымен қатар осы құжаттың "Белсенді фармацевтикалық субстанцияларға жеке фармакопеялық құжаттарды қолдану жөніндегі ұсынымдар" бөлімін қараңыз).

Жеке фармакопеялық құжат әртүрлі профильді қоспалары бар субстанцияны қамтитын жағдайларда ол "Қоспалар" бөлімінде аталған барлық тектес қоспаларды бақылау үшін бір ғана сынақты, не қоспалардың барлық белгілі профильдерін бақылау үшін бірнеше сынақты қамтуы мүмкін. Талаптарға сәйкестік шығу тегі көрсетілген субстанциядағы қоспалардың белгілі профиліне сәйкес келетін сынақтарды орындау арқылы ғана анықталуы мүмкін.

Қоспаларды бақылау жөніндегі нұсқаулықтар жеке фармакопеялық құжаттың "Өндіріс" бөліміне енгізілуі мүмкін, мысалы, берілген қоспаны бақылау үшін қолайлы бір талдамалық әдістемені жалпы пайдалану үшін оның төтенше техникалық күрделілігіне немесе белсенді субстанцияның дайын өнімін бақылауға жарамсыздығына қарай және/немесе өндірістік процесті валидтеу (тазарту сатысын қоса алғанда) жеткілікті бақылауды қамтамасыз еткен кезде өндіруші орындауы тиіс.

БЕЛСЕНДІ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ СУБСТАНЦИЯҒА ЖЕКЕ ФАРМАКОПЕЯЛЫҚ ҚҰЖАТТЫҢ "ҚОСПАЛАР" БӨЛІМІ

Жеке фармакопеялық құжаттың "Қоспалар" бөлімі жеке фармакопеялық құжатта сипатталған сынақта табылған шығу тегі қарапайым органикалық қоспаны (егер мүмкін болса, құрылымдық формуласы мен химиялық атауын көрсете отырып) қамтиды. Бөлім жеке фармакопеялық құжатты әзірлеу немесе қайта қарау кезінде қолжетімді болған ақпаратқа негізделген және міндетті түрде түпкілікті болып табылмайды. Бөлім айрықшаландырылған және бұл туралы көрсетілген басқа да табылған қоспаларды қамтиды.

Айрықшаландырылған қоспалар құзыретті уәкілетті орган бекіткендерден артық емес жарамдылық критерийлерін иеленеді.

Басқа да табылған қоспалар химиялық құрылымы анықталған, бірақ әдетте дәрілік препараттар өндірісінде пайдаланылатын субстанциялардағы сәйкестендіру шегінен артық мөлшерде кездеспейтін әлеуетті қоспаларды ұсынады. "Қоспалар" бөлімінде олар ақпарат үшін беріледі.

Егер белсенді фармацевтикалық субстанцияда айрықшаландырылған қоспадан ерекшеленетін қоспа табылған болса, субстанцияны тұтынушы Фармацевтикалық қолдануға арналған субстанциялар жалпы фармакопеялық құжатының "Тектес қоспалар" бөліміне сәйкес табылған қоспаның құрамына, табиғатына, ең жоғары рұқсат етілген тәуліктік дозасына және сәйкестендіру/сыныптаудың тиісті шегіне қатысты қоспаларды сәйкестендіруге/сыныптауға тексеруі тиіс.

БЕЛСЕНДІ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ СУБСТАНЦИЯЛАРҒА ЖЕКЕ ФАРМАКОПЕЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДАҒЫ ТЕКТЕС ҚОСПАЛАР СЫНАҒЫН ТҮСІНДІРУ

Фармацевтикалық қолдануға арналған субстанцияларға жеке фармакопеялық құжатты Фармацевтикалық қолдануға арналған субстанциялар жалпы фармакопеялық құжатымен өзара байланыста оқу және түсіндіру қажет.

Егер қоспалар үшін сәйкестендірудің тиісті шегінен артық атаулы құрамына эквивалентті (Фармацевтикалық қолдануға арналған субстанциялар бөлімін қараңыз) жарамдылықтың жалпы критерийі көрсетілген жағдайда ("кез келген басқа қоспа", "басқа қоспалар", "кез келген қоспа") ол "Қоспалар" бөлімінде көрсетілген айрықшаландырылған қоспалар үшін ғана қолданылады. Субстанцияда кездесетін басқа қоспаларды сәйкестендіру (мүмкін болған жағдайда), сипаттау, ерекшеліктері мен сыныптау қажеттілігі жалпы фармакопеялық құжаттың талаптарына сәйкес қаралуы тиіс. "Қоспалар" бөлімінде көрсетілмеген қоспалар үшін және "басқа табылған қоспалар" ретінде белгіленген қоспалар үшін жарамдылық критерийлерін негіздеу үшін жауапкершілік осы субстанцияны пайдаланатын ұйымға жүктеледі.

Тектес қоспаларға сынақ үшін жарамдылық критерийлері қолданыстағы жеке құжаттарда әртүрлі нұсқаларда ұсынылған. Жарамдылықтың жалпы критерийлері мен олардың жеке фармакопеялық құжаттың "Қоспалар" бөліміне қатысын түсіндіру кезінде көмекші құрал ретінде шешімдер қабылдау схемасы пайдаланылуы мүмкін (2.3.5.0.-1-сурет).

"Басқа" қоспалар үшін жарамдылықтың жалпы критерийлері жеке фармакопеялық құжаттарда әртүрлі тәсілдермен көрсетіледі: "кез келген басқа қоспа", "басқа қоспалар", "кез келген қоспа", "кез келген таңба", және т.б. жарамдылықтың жалпы критерийлері не белгілі бір айрықшаландырылған қоспаларға ғана – не айрықшаландырылмаған

және белсенді фармацевтикалық субстанцияның табиғаты мен сәйкестендірудің қолданылатын шегіне қарай айрықшаландырылған қоспалармен анықталған қоспаларға ғана қолданылуы мүмкін.


БЕЛСЕНДІ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ СУБСТАНЦИЯЛАРҒА ЖЕКЕ ФАРМАКОПЕЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫМДАР

Жеке фармакопоялық құжаттар оларды әзірлеу және/немесе қайта қарау процесінде ескерілген қоспалардың профильдері бар субстанциялардың қолайлы сапасын регламенттейді. Жеке фармакопоялық құжаттың шығу тегі берілген фармацевтикалық қолдануға арналған субстанциялардағы қоспаларды тиісінше бақылауды қамтамасыз етуін тексеру тұтынушының міндетіне кіреді.

Анықтаудың сандық әдісіне (мысалы, сұйықтық хроматографиясы, газды хроматография және капиллярлық электрофорез) негізделген "Тектес қоспалар" сынағы бар жеке фармакопоялық құжат, егер сәйкестендірудің тиісті шегінен асатын мөлшерде кездесетін қоспалар "Қоспалар" бөлімінде көрсетілген айрықшаландырылған қоспалар болып табылатын болса, шығу тегі берілген фармацевтикалық қолдануға арналған субстанциядағы қоспаларды тиісті бақылауды қамтамасыз етеді.

Егер субстанция "Қоспалар" бөлімінде көрсетілгендерден ерекшеленетін қоспаларды қамтитын болса, осы қоспаларды жеке фармакопоялық құжатта сипатталған әдістеменің көмегімен анықтау мүмкіндігін тексеру қажет; олай болмаған жағдайда анықтаудың жана әдістемесін әзірлеу және жеке фармакопоялық құжатты қайта қарау туралы ұсыныс енгізу қажет. Табылған құрамы мен ұсынылған шекті мәндерге қарай осы қоспаларды сәйкестендіру және/немесе сараптау туралы мәселені қарау қажет.

Егер туыстас қоспалар сынағының бір әдістемесі қоспалардың әртүрлі профильдері үшін қолданылатын болса, онда талдау сертификатында тіркеу куәлігін иеленуші әртүрлі қоспа профильдері бар белсенді фармацевтикалық субстанцияны қолданған жағдайларды қоспағанда, бір көзден алынған субстанцияның профилі белгілі қоспаны ғана көрсету қажет.



2.3.5.0.-1-сурет. — Жеке фармакопеялық құжаттарда "басқа" қоспаларға арналған жарамдылықтың жалпы критерийлерін түсіндіру үшін шешімдер қабылдау схемасы

* Осы бөлімнің талаптары биологиялық және биотехнологиялық өнімдерді; пептидтерді; олигонуклеотидтерді; радиофармацевтикалық препараттарды; ферменттеу өнімдері мен олардан алынған жартылай синтетикалық өнімдерді; жануарлар мен өсімдіктерден алынған тазартылмаған өнімдерді; дәрілік өсімдік шикізаты негізіндегі дәрілік құралдарды қоспағанда, белсенді фармацевтикалық субстанцияларға қатысты қолданылады.

ҚОСПАЛАРДЫ СӘЙКЕСТЕНДІРУ
(ПИКТЕРДІҢ АРАҚАТЫНАСЫН БЕЛГІЛЕУ)

Егер жеке фармакопоялық құжатта қоспалар үшін жеке шекті мән көрсетілген болса, оны сәйкестендіру тәсілінің сипаттамасын, мысалы, стандартты үлгіні, хроматограмманың репрезентативті үлгісін немесе салыстырмалы ұстауды пайдалана отырып жиі келтіру қажет. Субстанцияны тұтынушы, қажет болған жағдайда, жеке фармакопоялық құжатта сәйкестендіру тәсілдері көзделгендерден ерекшеленетін қоспаларды сәйкестендіре алады, мысалы, "Қоспалар" бөлімінде берілгенмен салыстыру кезінде қоспаның осы профилі үшін ерекшеліктің жарамдылығын тексеру. Фармакопоя, жеке фармакопоялық құжатта көрсетілгендерден басқа, осы мақсатта стандартта үлгілерді, хроматограммдардың репрезентативтік үлгілерін немесе салыстырмалы ұстау туралы ақпаратты пайдалануды көздемейтін болғандықтан, субстанцияны тұтынушылар сәйкестендіру үшін қолжетімді ғылыми әдістерді/тәсілдерді пайдалануы тиіс.

ЖАҢА ҚОСПАЛАР/АЙРЫҚШАЛАНДЫРЫЛҒАН ШЕКТЕН ЖОҒАРЫ ҚҰРАМДАҒЫ АЙРЫҚШАЛАНДЫРЫЛҒАН ҚОСПАЛАР

Егер жаңа өндірістік процесс немесе бекітілген процестегі өзгерістер жаңа қоспаның пайда болуына алып келген жағдайда сәйкестендіру мен сараптауға қатысты Фармацевтикалық қолдануға арналған субстанциялар жалпы фармакопоялық құжатының талаптарын орындау, сондай-ақ жеке фармакопоялық құжаттың осындай қоспаны бақылау үшін жарамдылығын тексеру қажет. Осы дереккөзден алынған субстанцияның сәйкестік сертификаты жаңа қоспаның тиісті түрде бақыланатынын немесе сертификат белгіленген жарамдылық критерийлері бар бақылау әдістемесін қамтитынын растайтын құжат болып табылады. Соңғы жағдай жеке фармакопоялық құжатты қайта қарауды талап етеді.

Егер жаңа өндірістік процесс немесе бекітілген процестегі өзгерістер айрықшаландырылған қоспаның қамтылуын берілген шектен жоғары артуына алып келген жағдайда сараптауға қатысты Фармацевтикалық қолдануға арналған субстанциялар жалпы фармакопоялық құжатының талаптарын қолдану қажет.

ЖАРАМДЫЛЫҚ КРИТЕРИЙЛЕРІН КӨРСЕТУ

Жеке фармакопоялық құжаттарда тектес қоспалардың қамтылуы бойынша жарамдылық критерийлері не пик алаңдарын салыстыру түрінде (салыстырмалы сынақ), не сандық мән түрінде көрсетіледі.

ХРОМАТОГРАФИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР

Қоспаларды бақылаудың әртүрлі мәселелері 2.1.2.36 Бөлудің хроматографиялық әдістері жалпы фармакопоялық құжатында берілген.

203060000-2019

2.3.6.0. Жеке фармакопоялық құжаттардағы "Қасиеттері" бөлімі

"Қасиеттері" бөліміндегі мәліметтер талаптар ретінде қаралмауы тиіс және, әдетте, олар дәрілік құралдың сапасын алдын ала бағалауға жанама әсер етуі мүмкін екендігіне

қарамастан ақпараттық сипатқа ие. Көрсетілген мәліметтер жеке фармакопоялық құжатта осылай көрсетілген және тиісті әдістеме болған жағдайда ғана дәрілік құралдың сапалылығын тікелей бағалау үшін негіз ретінде қызмет көрсетуі мүмкін.

Дәрілік құралдардың қасиеттерін сипаттау кезінде мынадай сипаттамаларды көрсетеді: сыртқы түрі, иісі, ылғал тартқыштығы, кристалдылығы, ерігіштігі және қажет болған жағдайда өзге де көрсеткіштер.

Сыртқы түрін сипаттау кезінде сынақтан өткізілетін үлгілердің пішінін, түсін, жалтырауын, мөлдірлігін және басқа да қасиеттерін визуалды бағалайды, бұл ретте сұйық емес үлгілерді ақ қағаздың бетіне орналастырады, ал сұйық үлгілерді мөлдір түссіз түтікшелерде зерттейді және шашыраңқы күндізгі жарық кезінде қарайды.

Иісін не иістің болмауын, қажет болған жағдайда, 2.1.3.2. Иісті анықтау жалпы фармакопоялық құжатында көрсетілгендей анықтайды.

Төменде ылғал тартқыштықты, кристалдылықты және ерігіштікті анықтау әдістемелері берілген.

ЫЛҒАЛ ТАРТҚЫШТЫҚ

Ылғал тартқыштық заттардың ауадан су буын сіңіруі қасиетін білдіреді. Капиллярлы-кеуекті құрылысты ұстаспалы гидрофилді заттар және суда жақсы еритін заттар, әсерісе сумен кристаллогидраттар қалыптастыратын қосылыстар ылғал тартқыш қасиетке ие.

Осы әдістеме жеке фармакопоялық құжатта көрсетілген "Кептіру кезінде массаны жоғалту" немесе "Су" сынағына төзімді субстанциялар үшін қолданылады. Әдістеме ылғал тартқыштық шамасын емес, оның деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Алдын ала асып ілінген қолайлы тығыны бар шыны ыдысқа (сыртқы диаметрі – 50 мм, биіктігі – 15 мм) "Кептіру кезінде массаны жоғалту" немесе "Су" сынағында көрсетілген мөлшерде сынақтан өткізілетін үлгіні орналастырып, іледі.

Ашық ыдысты 25 °С температурада аммоний хлориді немесе аммоний сульфаты қаныққан ерітіндісі бар эксикаторға не (25 ± 1) °С температурада және (80 ± 2) % салыстырмалы ылғалдылықта климаттық камераға орналастырады. 24 сағ бойы ұстайды. Ыдысты тығындап жабады да, асып қояды.

Субстанция массасының пайызбен артуын мына формула бойынша есептейді:

$$\frac{m_3 - m_2}{m_2 - m_1} \cdot 100,$$

мұндағы: t_1 - бос шыны ыдыстың массасы, граммда;

t_2 - сынақтан өткізілетін үлгісі бар шыны ыдыстың ылғалды ортада экспозицияға дейінгі массасы, граммда;

t_3 - сынақтан өткізілетін үлгісі бар шыны ыдыстың ылғалды ортада экспозициядан кейінгі массасы, граммда.

Алынған нәтижелерді мынадай түрде түсіндіреді:

- *ауада балқиды*: сұйықтық қалыптастыру үшін судың жеткілікті мөлшерін сіңіреді;
- *өте ылғал тартқыш*: массаның артуы 15 % және одан артық құрайды;
 - *ылғал тартқыш*: массаның артуы 2 % және одан артық, бірақ кемінде 15 % құрайды;
- *аздап ылғал тартқыш*: массаның артуы 0,2 % және одан артық, бірақ кемінде 2 % құрайды.

КРИСТАЛДЫЛЫҚ

Әдістеме сынақтан өткізілетін үлгінің кристал немес оморфты табиғатын белгілеу үшін қолданылады.

Сынақтан өткізілетін үлгінің минералды майдағы бірнеше бөлшектерін таза заттық шыныға орналастырады және поляризациялық микроскоптың көмегімен қарайды. Кристал бөлшектер қосарлы сәуле сындыруды және микроскоптың заттық үстелін айналдырған кезде полярланған жарық жазықтығының бағытын өзгертуді байқатады.

ЕРІГІШТІК

Ерігіштік дәрежесін көрсету үшін 2.3.6.0.-1-кестеде көрсетілген терминдерді пайдаланады.

Ерігіштікті анықтау үшін 111 мг артық емес сынақтан өткізілетін үлгіні (әрбір еріткіш үшін) және әрбір еріткіштің 30 мл артық емес мөлшерін пайдаланады.

Еріту әдістемесі

Пробирканы 1 мин бойы қарқынды сілкіп шайқайды және $(25,0 \pm 0,5)$ °C температурада термостатқа 15 минутқа орналастырады. Егер сынақтан өткізілетін үлгі толығымен ерімесе, 1 мин бойы қайта сілкіп шайқайды және $(25,0 \pm 0,5)$ °C температурада 15 минут бойы ұстайды.

Анықтау әдістемесі

100 мг жұқалап ұсақталған (90) сынақтан өткізілетін үлгіні тығыны бар түтікшеге (ішкі диаметрі – 16 мм, ұзындығы – 160 мм) орналастырады, 0,1 мл еріткішті қосады және одан әрі еріту әдістемесіне сәйкес әрекет етеді. Егер сынақтан өткізілетін үлгі толығымен ерісе, ол *өте жеңіл ерігіш* деп есептеледі.

Егер сынақтан өткізілетін үлгі толығымен ерімесе, 0,9 мл еріткішті қосады және одан әрі еріту әдістемесіне сәйкес әрекет етеді. Егер сынақтан өткізілетін үлгі толығымен ерісе, ол *жеңіл ерігіш* деп есептеледі.

Егер сынақтан өткізілетін үлгі толығымен ерімесе, 2,0 мл еріткішті қосады және одан әрі еріту әдістемесіне сәйкес әрекет етеді. Егер сынақтан өткізілетін үлгі толығымен ерісе, ол *ерігіш* деп есептеледі.

Егер сынақтан өткізілетін үлгі толығымен ерімесе, 7,0 мл еріткішті қосады және одан әрі еріту әдістемесіне сәйкес әрекет етеді. Егер сынақтан өткізілетін үлгі толығымен ерісе, ол *орташа ерігіш* деп есептеледі.

Егер сынақтан өткізілетін үлгі толығымен ерімесе, 10 мг жұқалап ұсақталған (90) сынақтан өткізілетін үлгіні тығыны бар түтікшеге орналастырады, 10,0 мл еріткішті қосады және одан әрі еріту әдістемесіне сәйкес әрекет етеді. Егер сынақтан өткізілетін үлгі толығымен ерісе, ол *аз ерігіш* деп есептеледі.

Егер сынақтан өткізілетін үлгі толығымен ерімесе, 1 мг жұқалап ұсақталған (90) сынақтан өткізілетін үлгіні тығыны бар түтікшеге орналастырады, 10,0 мл еріткішті қосады және одан әрі еріту әдістемесіне сәйкес әрекет етеді. Егер сынақтан өткізілетін үлгі толығымен ерісе, ол *аз өте аз ерігіш* деп есептеледі.

Сынақтан өткізілетін үлгілердің ерігіштігі белгілі болған жағдайда сынақты жоғарыда сипатталған толық көлемде емес, тек ерігіштіктің көрсетілген дәрежесінің соңғы мәндері үшін өткізуге рұқсат етіледі. Мысалы, егер субстанция *ерігіш* болса, 100 мг ұнтақталған субстанция 1,0 мл еріткіште ерімеуі, бірақ 3,0 мл еріткіште толығымен еруі тиіс.

Егер жеке фармакопоялық құжатта қасиеттерді сипаттау кезінде өзге де сипаттамалар көрсетілсе, онда оларды анықтау үшін тиісті жалпы немесе жеке фармакопоялық құжаттарда көрсетілген сынақтарды өткізеді.

2.3.6.0.-1-кесте. — 15°C - 25 °C аралығындағы темрепатурада заттардың ерігіштігін сипаттайтын терминдердің мәндері.

Термин		1 г затты еріту үшін қажетті еріткіштің шамамен көлемі (мл)
Қазақ тілінде	Ағылшын тілінде	
Өте жеңіл ерігіш	Very soluble	кемінде 1
Жеңіл ерігіш	Freely soluble	1-ден 10-ға дейін
Ерігіш	Soluble	10-нан 30-ға дейін
Орташа ерігіш	Sparingly soluble	30-дан 100-ге дейін
Аз ерігіш	Slightly soluble	100-ден 1000-ға дейін
Өте аз ерігіш	Very slightly soluble	1000-нан 10 000-ға дейін
Мүлдем ерімейді	Practically insoluble	10 000 артық

"Ішінара ерігіш" ("*partlysoluble*") термині еритін және ерімейтін компоненттерді қамтитын қоспаларды сипаттау үшін пайдаланылады.

"... араласады" ("*miscible*") терминін көрсетілген еріткішпен барлық арақатынаста араласатын сұйықтықты сипаттау үшін пайдаланады.

2.3.7.0. Қосалқы заттардың функционалдық сипаттамалары

Осы жалпы фармакопоялық құжат пен жеке құжаттың "Функционалдық сипаттамалар" бөлімі міндетті болып табылмайды және ақпарат және ұсынымдар үшін жарияланады.

КІРІСПЕ

Қауіпсіздігі бұрын бағаланған қосалқы заттар оларға белгілі бір функциялар беру үшін дәрілік препараттардың құрамында пайдаланылады. Қосалқы заттардың негізгі мақсаты дәрілік препараттардың талап етілетін физика-химиялық және биофармацевтикалық қасиеттерін қамтамасыз ету болып табылады.

Қосалқы заттардың функционалдық сипаттамалары олардың физикалық және химиялық қасиеттерімен және кейбір жағдайларда қалайтын функционалдық сипаттамаларды жақсарту үшін пайдаланылатын жанама өнімдерді немесе үстемелерді қамтуымен анықталады. Бұдан бөлек, бұл сипаттамалар дәрілік препараттың құрамдас бөлшектері мен өндірістік процес кезінде сыртқы ықрал ету арасындағы күрделі өзара іс-қимылдарға тәуелді болуы мүмкін. Сондықтан қосалқы заттардың функционалдық сипаттамалары тек қана нақты құрам және өндіріс процесі контекстінде, көп жағдайда бірнеше талдамалық әдістемелерді пайдалана отырып белгіленуі мүмкін.

Қосалқы заттардың кейбір қасиеттері (оны өндірісте пайдаланған кезде қосалқы заттар бөлшектерінің көлемі немесе препараттық тұтқырлығын арттыратын компонент ретінде пайдаланылатын полимер материалдың молекулярлық массасы секілді) неғұрлым кең мағынада функционалдық сипаттамаларға жатқызылуы мүмкін. Егер фармацевтикалық әзірлеу сатысында дәрілік препаратты өндіру процесі және сапасының көрсеткіштері үшін мұндай функционалдық сипаттамалардың (ФС) сыни рөлі таныстырылған болса, осы сипаттамалар бақылауға жатқызылуы және дайын өнімнің ерекшелік сапасына енгізілуі мүмкін. Мұндай сыни ФС дәрілік препарат сапасының сыни көрсеткіштері (ССК) ретінде қарастырылуы мүмкін.

Осы сипаттамаларды білу процестік-талдамалық технологияны (ПТТ) қолдануды жеңілдетуі мүмкін.

ФС-ті қосалқы заттарға жеке фармакопоялық құжаттарға стандартты талдамалық әдістемелерге негізделген сапаға қойылатын ерекшелік талаптарын белгілеуде дәрілік препараттарды өндірушілерге көмек үшін енгізеді. Бұл сипаттамалар айрықшаландырылған қасиеттері бар қосалқы заттарды жеткізуді жүзеге асыру мақсатында қосалқы заттарды өндірушілер мен тұтынушылар арасында өзара түсіністікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. ФС белгілі бір параметрді бақылау үшін пайдаланылатын әдістің сипаттамасын қамтитын фармакопоялық құжатқа сілтемемен қосалқы заттарды өндіруші көрсетуі мүмкін (мысалы, сертификатта). Жеке фармакопоялық құжаттардың "Функционалдық сипаттамалар" бөлімі ықтимал пайдалану үшін қосалқы заттардың функционалдылығына ықпал ету белгіленген

параметрлерді қамтиды. Көптеген қосалқы заттарды көп мақсатта қолдану және оларды пайдаланудың жаңа тәсілдерін әзірлеу үшін аталған ФС және олардың қолдану тәсілдері түпкілікті болып табылмайды.

ФИЗИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР НЕГІЗІНДЕ ЗАТТАРДЫҢ СЫНЫПТАРЫ

Сусымалы қатты қосалқы заттар әдетте жеткізуші бақылайтын сан алуан физикалық сипаттамаларға (мысалы, бөлшектерді мөлшері бойынша бөліп тарату) ие әртүрлі сыныптардың үлкен саны түрінде қолжетімді болуы мүмкін. Алайда осы заттардың ФС заттардың қатты күйімен шарттастырылған, сондай-ақ қосалқы заттың жеткізушісі бақылауға алмайтын қатты заттың сусымалы күйімен шарттастырылған басқа да қасиеттерді қозғауы мүмкін.

Сусымалы қатты заттардың қасиеттеріне, мысалы, бөлшектерді мөлшері бойынша бөліп тарату, беткі қабаттың үлес ауданы, үйінділік тығыздығы, аққыштығы, дымқылданғыштығы, суды сіңіруі жатады. Мөлшерлердің диапазонына қарай бөлшектерді мөлшері бойынша бөліп таратуды электік талдаудың (Бөлшектердің мөлшерін талдамалық електен өткізу әдісімен анықтау жалпы фармакопоялық құжаты) немесе аспаптық әдістердің көмегімен анықтауға болады, мысалы, Бөлшектерді лазерлік сәулелендіру дифракциясы әдісімен анықтау.

Газды адсорбция әдісімен беткі қабаттың үлес алаңын анықтау жалпы фармакопоялық құжатында сипатталған әдіс Брунауэр-Эмметт-Теллер (БЭТ) әдістемесіне негізделген. Ұнтақтардың аққыштығы мен үйінділік тығыздығын бағалау әдістері Ұнтақтардың аққыштығы және Үйінділік тығыздығы мен шөгуден кейінгі тығыздық жалпы фармакопоялық құжаттарында сипатталған. Заттың қатты күйімен шарттастырылған қасиеттері сусымалы қатты заттардың дымқылданғыштығына (Ұнтақтарды қоса алғанда, кеуекті қатты материалдардың дымқылданғыштығы жалпы фармакопоялық құжаты) және қатты зат бөлшектерінің сумен өзара іс-қимылына (Қатты заттың сумен өзара іс-қимылы: сорбция-десорбция изотермаларының қалыптасуы және судың белсенділігін анықтау жалпы фармакопоялық құжаты) ықпал етуі мүмкін.

Қатты дәрілілік нысандарды әзірлеу кезінде ескерілетін және заттың қатты күйімен шарттастырылған қасиеттерге мысал ретінде полиморфизмді, жалған полиморфизмді, кристалдылық мен тығыздықты келтіруге болады. Оларды бағалау әдістемелері 2.3.4.0 Полиморфизм, 2.3.8.0 Кристалдылық және Қатты заттардың тығыздығы жалпы фармакопоялық құжаттарында берілген.

ХИМИЯЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР НЕГІЗІНДЕ ЗАТТАРДЫҢ СЫНЫПТАРЫ

Қолжетімді қосалқы заттар әртүрлі химиялық сипаттамалары бар сыныптар түрінде ұсынылған және табиғи, жартылай синтетикалық немесе синтетикалық шығу тегі көрсетілген. Жеке фармакопоялық құжаттарда әдетте тектес қосылыстар қоспасы ретінде ұсынылған қосалқы заттардың химиялық құрамы бақыланады, мысалы, өсімдік майларының майлы қышқылдарының немесе беткі белсенді заттардың құрамы. Бұл

ретте Фармакопеяда гомополимерлердің құрылысына, полимерлер мен сополимерлердің блоктарына, полимеризация дәрежесіне қарай құрамы бойынша, сондай-ақ массасы және молекулярлық-массалық таралуы, алмастыру дәрежесі бойынша және кейбір жағдайларда тіпті полимерлік тізбекті алмастырушылар бойынша ерекшеленуі мүмкін полимерлік материалдардың сыныбын сипаттайтын жеке фармакопеялық құжаттар кездеседі. Бұл өзгерістер қосалқы заттардың функционалдық сипаттамасына елеулі ықпал етуі мүмкін және фармацевтикалық әзірлеу кезінде ескерілуі тиіс; өндіріс процесі үшін де, дәрілік препараттың сипаттамалары үшін де қауіпті әрбір параметрге арналған рұқсат етілген мәндердің диапазонын белгілеу орынды.

ЖЕКЕ ФАРМАКОПЕЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДАҒЫ "ФУНКЦИОНАЛДЫҚ СИПАТТАМАЛАР" БӨЛІМІ

Қосалқы заттарға жеке фармакопеялық құжаттар ақпарат үшін берілетін және міндетті болып табылмайтын "Функционалдық сипаттамалар" бөлімін қамтуы мүмкін. Осы бөлімде қосалқы заттарды белгілі бір қолдануға сәйкес сипаттамалар беріледі. Бұл ретте осы сипаттама маңызды болып табылатын қолдану көрсетіледі, басқа мақсаттарда аталған сипаттамалар қолдануға жарамсыз болуы мүмкін. Осы себепке байланысты осы бөлім жеке фармакопеялық құжатқа жай ғана толықтыру ретінде қарастырылмауы керек. Дәрілік препаратты өндіруші "Функционалдық сипаттамалар" бөлімінде берілген ақпарат қосалқы затты қолдануды және фармацевтикалық әзірлеу кезінде алынған деректерді ескере отырып өндіріс процесінде қалай пайдаланылатындығы туралы шешім қабылдауға жауапкершілік көтереді.

Функционалдық сипаттамалар туралы ақпарат әртүрлі тәсілдермен ұсынылуы мүмкін:

- ФС атауын көрсету;
- мүмкін болған жерде жалпы фармакопеялық құжатқа сілтемемен ФС атауын және оны анықтаудың ұсынылатын әдісін көрсету;
- ФС атауын, оны анықтаудың ұсынылатын әдісін және атаулы мәннен ауытқушылық түрінде ұсынылуы мүмкін типтік мәндерді көрсету.

Осы сипаттама жеке фармакопеялық құжатқа міндетті талап ретінде қосылуы мүмкін. Егер ФС нақты пайдалану үшін маңызды болып табылатын болса, онда оны дәрілік препаратты өндіруші пайдаланылатын нақты дәрілік препараттың қосалқы заты сыныбы үшін сапа ерекшелігіне қосуға құқығы бар маңызды сипаттама ретінде "Функционалдық сипаттамалар" бөліміне енгізеді.

ФС қамтитын бөлім қосалқы заттарды негізгі қолданумен байланысты ағымдағы білімді көрсетуге арналған. Кейбір қосалқы заттарды көп түрде қолдануға және оларды пайдаланудың жаңа тәсілдерінің үнемі пайда болуына байланысты осы бөлім толық болмауы мүмкін. Бұдан басқа, кейбір сипаттамаларды анықтау әдістері ұсынымдар ретінде берілген және басқа әдістерді пайдалану мүмкіндігін жоққа шығармайды.

2.3.8.0. Кристалдылық

Осы бапта кристалдылық туралы жалпы ақпарат берілген және оны анықтау үшін пайдаланылатын іртүрлі фармакопоялық әдістерге сілтемелер көрсетілген.

КІРІСПЕ — КРИСТАЛДЫЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Фармацевтикалық қолдануға арналған субстанцияға жататын көптеген органикалық және бейорганикалық заттар мінсіз кристалдан аморфты затқа дейінгі диапазонда болатын құрылымы сипатталған болуы мүмкін қатты заттар болып табылады.

Шынайы кристалдардың құрылымы мінсіз кристал мен аморфты күй аралығындағы жағдайда болады. Шкалада осы екі қарама-қарсы күйдің арасында орналасқан кристалдың орны кристалдылық деп аталады.

Мінсіз кристал — бұл егер тұтас алғанда жететін болса, заттың сирек жететін мінсіз күйі болып табылады. Элементарлық ұяшықтар деп аталатын кристалдың құрылымдық бірліктері кеңістіктің үш өлшемінде біркелкі және шексіз қайталаынады. Элементарлық ұяшық a , b және c трансляция векторларымен және β , γ және δ бұрыштарымен анықталатын белгілі бір бағдарда және пішінде және, тиісінше, кристал түзу үшін қажетті атомдар мен молекулалар орналасатын белгілі бір V көлемде болады. Кристалдық жүйені алыс реттік симметрияның үш операторымен (трансляциялық, бағдарлық және конформациялық) анықтайды; әртүрлі мезофазалардың (сұйық кристалдар, кристалдар және иілімді кристалдар) алыс реттік симметрияның бір немесе екі операторы болады; ал мінсіз аморфты күй барлық үш оператордың болмауымен анықталады.

Әрбір кристал элементарлық ұяшықтардың a , b және c жеке мөлшерлері арасындағы, сондай-ақ β , γ және δ жеке бұрыштары арасындағы қатынастармен анықталатын жеті ықтимал кристалдық жүйелердің бірінің өкілі ретінде сыныпталуы мүмкін. Осы кристалдың құрылымы Браве 14 кеңістік торларының біріне сәйкес және 230 кеңістік топтарының біріне сәйкес жеті жүйенің біріне сәйкес сыныпталуы мүмкін. Барлық 230 ықтимал кеңістік топтары, олардың симметрияларының түрлері және олардың дифрактограммаларының симметриялары Халықаралық кристаллографиялық кестелерде (International Tables for Crystallography) жинақталған.

